Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Кокшетауский государственный университет имени Ш.Уалиханова

Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Sh. Ualikhanov Kokshetau State University



Белгілі тілтанушы ғалым, ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Бердібай Шалабайдың 70 жасқа толуына және ғылыми-педагогикалық қызметінің 45 жылдығына арналған «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

I том

3 қараша 2017 жыл.

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-методической конференции «Актуальные проблемы казахского языкознания», посвященной 70-летию известного языковеда, ученого, педагога, доктора филологических наук, профессора Бердибай Шалабая и 45-летию его педагогической деятельности

I том

3 ноября 2017 года.

MATERIALS

International scientific-methodical conference «Actual problems of Kazakh linguistics», dedicated to the 70th anniversary of the outstanding linguist, scientist, teacher, doctor of philology, professor Berdibay Shalabay and the 45th anniversary of his pedagogical activity

Volume I

3 November 2017 year.

Көкшетау, 2017

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Кокшетауский государственный университет имени Ш.Уалиханова

Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Kokshetau State University named after Sh. Ualikhanov



Белгілі тілтанушы ғалым, ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор
Бердібай Шалабайдың 70 жасқа толуына және ғылыми-педагогикалық
қызметінің 45 жылдығына арналған
«Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік
конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

1 том
3 қараша 2017 жыл

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-методической конференции «Актуальные проблемы
казахского языкознания», посвященной 70-летию известного языковеда,
ученого, педагога, доктора филологических наук, профессора
Бердибай Шалабая и 45-летию его педагогической деятельности

1 том
3 ноября 2017 года

MATERIALS

of the International scientific-methodical conference «Actual problems of Kazakh
linguistics», dedicated to the 70th anniversary of the outstanding linguist, scientist,
teacher, doctor of philology, professor Berdibay Shalabay and the 45th anniversary of
his pedagogical activity

Volume 1
3 November 2017 yeas

Көкшетау, 2017

ӘОЖ 809.434.2 (5қ)
КБЖ 81.632.4 (5қ)

Белгілі тілтанушы ғалым, ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Бердібай Шалабайдың 70 жасқа толуына және ғылыми-педагогикалық қызметінің 45 жылдығына арналған «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. 1 том. – Көкшетау, 2017. – 404 б.

Материалы Международной научно-методической конференции «Актуальные проблемы казахского языкознания», посвященной 70-летию известного языковеда, ученого, педагога, доктора филологических наук, профессора Бердибай Шалабая и 45-летию его педагогической деятельности. 1 том. – Кокшетау, 2017. – С. 404

Materials of the International scientific-methodical conference «Actual problems of Kazakh linguistics», dedicated to the 70th anniversary of the outstanding linguist, scientist, teacher, doctor of philology, professor Berdibay Shalabay and the 45th anniversary of his pedagogical activity. Volume 1. – Kokshetau, 2017. – p. 404

ISBN 978-601-261-350-6

Жинаққа белгілі тілтанушы ғалым, ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Бердібай Шалабайдың 70 жасқа толуына және ғылыми-педагогикалық қызметінің 45 жылдығына арналған «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары енген. Жинаққа енген материалдар ЖОО ұстаздары және ҒЗИ қызметкерлеріне, PhD докторанттар мен магистранттарға арналып, филологиялық ғылым бағытындағы өзекті мәселелерді қамтиды.

В сборник вошли материалы Международной научно-методической конференции «Актуальные проблемы казахского языкознания», посвященной 70-летию известного языковеда, ученого, педагога, доктора филологических наук, профессора Бердибай Шалабая и 45-летию его педагогической деятельности. В сборнике отражены актуальные проблемы филологической науки, которые представляют интерес для преподавателей ВУЗов, работников НИИ, докторантов PhD и магистрантов.

The collection includes materials of the International Scientific and Methodological Conference "Actual Problems of Kazakh Linguistics" dedicated to the 70th anniversary of the outstanding linguist, scientist, teacher, doctor of philology, professor Berdibay Shalabay and the 45th anniversary of his pedagogical activity. The materials of the collection reflect the problems of philological science, which will be interest to teachers of universities, research workers, doctoral candidates and undergraduates.

Секциялар:
Грамматика, стилистика және мәтін теориясы мәселелері
Қазақ тілін зерттеудің жаңа бағыттары
Көркем мәтін және әдебиеттану мәселелері
Филологиялық (гуманитарлық) білім берудің жаңа технологиялары
Түркітану және салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімінің мәселелері

Дөңгелек үстел:
Мемлекеттік тіл реформасы – латын әліпбиі

Бас редактор:
Әбжаппаров Ә.Ә. – Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің ректоры, т.ғ.д., профессор

Жауапты редакторлар:
Жумагулова О.А. – Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент
Смагулова Н.К – Қазақ филологиясы кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Редакция алқасы:
Жарқынбеков Т.Н. – Бірінші проректор, г-м.ғ.к., РЖА профессоры
Жакупова А.Д. – Оқу ісі жөніндегі проректор, ф.ғ.д., профессор
Шапауов Ә.Қ. – Ғылым және коммерцизациялау қызметінің жетекшісі, ф.ғ.к., профессор
Амренова Р.С. – Филология және педагогика факультетінің деканы, ф.ғ.к., доцент м.а.
Шалабай Б. – Қазақ филологиясы кафедрасының профессоры, ф.ғ.д.
Жахина Б.Б. – Қазақ филологиясы кафедрасының профессоры, п.ғ.д.
Кажыбаева Г.К. – Қазақ филологиясы кафедрасының доценті м.а, ф.ғ.к.
Каирбекова И.С. – Қазақ филологиясы кафедрасының оқытушысы, г.ғ.м.
Курманова А.А. – Қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м., ак.доцент
Мусин Л.К. – Қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, г.ғ.м.
Шағырбаева Б.Қ. – Қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м.
Жукенова С.К. – Қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы
Букаева А.А. – Қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, ф.м.

ISBN 978-601-261-350-6
ISBN 978-601-261-361-2 (1)
© Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, 2017



Филология ғылымдарының докторы, профессор

БЕРДІБАЙ ШАЛАБАЙ

АЛҒЫ СӨЗ

Есімі отандық және шетелдік жоғары білім беру жүйесіне, тіл білімі ғылымына кеңінен танымал ғалым, ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Бердібай Шалабайдың 70 жасқа толуына және ғылыми-педагогикалық қызметінің 45 жылдығына арналған «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияға қош келдіңіздер!

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының мазмұнында сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық тектен айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Бұл ұлтымыздың салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бүгінгі ғылыми шарамыз да осы игілікті істің аясынан көрінеді.

Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияға көршілес мемлекеттерден, атап айтқанда: Өзбекстан (Ташкент), Қырғызстан (Бішкек), Ресей (Пятигорск) және отанымыздың барлық өңірінен ғалымдар, докоранттар мен магистранттар тілек білдірген. Жалпы саны – 192. Аталмыш конференцияның пленарлық және секциялық мәжілістерінде қазақ тілі білімі мен түркітанудың өзекті мәселелері, филологиялық білім берудің жаңа технологияларына қатысты теориялық және әдістемелік мәселелер жан-жақты талқыланып, ғылыми ізденістер мен тұжырымдар сараланып, жарияланғалы отыр.

Профессор Бердібай Шалабай – қазақ тіл білімі ғылымын дамытуда, оның қыры мен сырын зерттеуде соны бағыттарға барып, ғылыми мектеп қалыптастырған үлкен ғалым. Еңбек жолының алғашқы жылдарынан бастап-ақ бар күш-қайратын, білімімен біліктілігін еліміздің филологиялық ғылымының дамуына, жас мамандарды тәрбиелеуге, олардың кәсіби деңгейін арттырып, ел азаматы етіп қалыптастыруға арнады.

Шынайы ғалым – үлкен зерденің, зор білімділіктің, терең парасат пен пайымның иесі болса керек. Қасиетті ана тілімізді зерттеп, жаңа қырынан зерделеп жүрген әдіскер-ұстаз, тіл жанашыры, көрнекті зерттеуші Бердібай Шалабайды мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық, шығармашылық табыс тілеймін!

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің ректоры, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының және Халықаралық Жоғары мектеп академиясының академигі, Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер, профессор **Ә. Әбжаппаров**

ТІЛТАНЫМ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР

Жұбанов А.Қ.
филология ғылымдарының докторы,профессор;
Жаңабекова А.Ә.
филология ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

ПРОФЕССОР Б.ШАЛАБАЙ – СИНТАКСИС, СТИЛИСТИКА, ФУНКЦИОНАЛДЫ ГРАММАТИКА САЛАЛАРЫН САБАҚТАС ЗЕРТТЕЙТІН ӘМБЕБАП ҒАЛЫМ

Қазақ тіл білімінің дамып, қалыптасуына елеулі үлес қосып жүрген ірі ғалымдарымыздың бірі филология ғылымдарының докторы, профессор Бердібай Шалабай өзінің ғалымдық жолын тіл ғылымының стилистика саласын зерттеумен бастады. Б.Шалабайдың «Көркем әдебиет стилистикасы» [1] атты еңбегі стилистика саласы бойынша М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манаспаев авторлығымен шыққан «Қазақ тілінің стилистикасы» [2] еңбегінен кейінгі жарық көрген маңызды еңбектердің бірі әрі бірегейі болып саналады. Көркемсөз шеберлерінің тілін зерттеу, өзіндік мәнерін, даралық ерекшелігін анықтау, қалам тарту машығын талдап-тарқату – стилистика ғылымы үшін қашан да қажетті тақырып десек, қазақ тіл білімінде Р.Сыздық ғылыми негізін қалаған стилистика саласын жаңа ұрпаққа саралап жеткізуде Б.Шалабайдың стилистика мәселелері бойынша жазған кітаптары мен оқу құралдарының маңызы зор болды. Б.Шалабай стилистика саласы бойынша сөз зергерлерінің тілін зерттеу бойынша көптеген ғылыми диссертацияларға жетекшіліп жасап, қорғатты. Бертін келе дәстүрлі стилистика саласын жаңа парадигмаға сай мәтін лингвистикасы тұрғысынан қарастырды. Дәстүрлі стилистикалық зерттеулер ақын жазушы шығармаларының тілін зерттеуде көркемдік ерекшелігі тұрғысынан әдеби зерттеулермен көбірек тоғысатын болса, енді мәтін лингвистикасында кейбір зерттеу әдістері бойынша ақын жазушылар тілі жаңа сипатта қарастырылды. Осы орайда да Б.Шалабай мәтін лингвистикасы бойынша ғылыми еңбектер жазып, осы саланың қазақ тіл білімінде қалыптасуына үлес қосты. Бұл орайда академик Р.Сыздықпен бірлесіп «Көркем текстi лингвистикалық талдау» атты монография жазды [3].

Б.Шалабай стилистика, мәтін лингвистикасы салалары бойынша жазған еңбектері мен ғылыми жетекшілік жасаған диссертацияларда автор бейнесі, парцелляция, сөйлемнің актуалды мүшеленуі т.б. жаңа мәселелерді қазақ тіл білімінде алғаш көтеріп, осы бағытта ғылыми зерттеулер жүргізуге ықпал етті.

Ғалым стилистика саласымен ғана шектелмей, көркем шығарманың тілін, мәтінді зерттеу барысында синтаксистік құрылымдарды да назардан тыс қалдырмады. Бұл орайда дәстүрлі синтаксис саласы бойынша ғылыми еңбектер жазып, әрі жоғары оқу орындарында осы пәннен дәріс беріп, синтаксис маманы ретінде қалыптасты. Б.Шалабай дәстүрлі синтаксисті тіл білімінің жаңа

бағыттары саналатын коммуникативтік грамматика (коммуникативтік синтаксис) теориясымен байытты. Синтаксема терминінің мазмұндық құрылымын ашып береді. Сонымен қатар сөйлемнің тема, ремалық мүшеленуі мәселесін қазақ тіл білімінде көтерген де, зерттеген де ғалым Б.Шалабай екенінде дау жоқ.

Б.Шалабайдың ғалымдық жолында елеулі еңбектерінің бір бағыты функционалды грамматика мәселелері болып табылады. Функционалды грамматика саласы қазақ тіл білімінде алғаш З.Ахметжанованың еңбегінде салғастырмалы тұрғыдан зерттелді десек, ал қазақ тілінде жазылған шақтық (темпоралдылық) қатынастарды мәтін лингвистикасы шеңберінде алғаш қарастырған ғалым Б.Шалабай болды. Ғалым коммуникативтік сөйлеу типтерін ұйымдастыруда етістіктің шақ мағыналарының қызметін қазақ тілінде жарық көрген функционалды грамматика еңбегінің жарық көруінен көп бұрын айтады. Сондықтан ғалымды қазақ функционалды грамматикасы мәселесін көтерген алғашқы ғалымдар қатарына жатқызамыз. Бұған ғалымның темпоралдылық қатынастар туралы айтқан мына талдаулары дәлел: «Мәтіндегі шақтық мағыналарды ажыратуда «есептеу мезгілі» деген ұғымның мәнін айқындаудың маңызы зор. Есептеу мезгілі жылжымалы болып келіп, көп ретте сөйлеу (жазу) кезімен сәйкес келе бермейді. Осы шақтық, өткен шақтық, келер шақтық мағыналар осы есептеу мезгіліне байланысты есептелінеді. Ал есептеу мезгілі дегеніміз сөйлеуде сөйлеушінің оқиғаларды солардың өздеріне қатысты түрде қабылдап, жаңғыртуын таңдаған мезгілі. Сөйлеуші не оқиғалардың ішінде орналасады да, оқиғаны қабылдап беру кезі (сөйлеу кезі) мен оқиға кезі сәйкеседі. Бұл жағдайда сол оқиғалардың болу кезін әңгімелеуші есептеу мезгілі ретінде алып сөйлейді. Немесе автор оқиғалардың бақылау мекенін оқиғалардың соңынан орналастырады да, оқиғаларды өткен шақпен береді. Сөйлеу кезі мен есептеу мезгілінің сәйкес келуі тұрмыстық ауызекі сөйлеулерде ғана кездеседі», – дегендегі оқиға мезгілін анықтаудың көрсеткіші ретіндегі есептеу нүктесі мен сөйлеу сәтінің арақатынасы – функционалды грамматикадағы абсолютті шақ, қатыстық шақ ұғымдарын ашатын мәселелер. А.В.Бондарко өз зерттеулерінде шығармадағы оқиғалардың сөйлеу сәтіне қатысты болып тұратын шақты абсолютті шақ деп атайды. Ал сөйлеу сәті көрінбейтін, оқиғалардың тізбегінің сөйлеу сәтіне қатысы болмайтын, екінші бір есептеу нүктесі арқылы көрінетін шақтық қатынастарды қатыстық шақ деп атайды [4,117]. Б.Шалабайдың жоғарыда мәтіндегі шақтық қатынастарға қатысты айтқан теориялық тұжырымдары А.В.Бондарконың абсолютті және қатыстық шақ ұғымдарымен сабақтасып жатыр.

Б.Шалабай қазақ функционалды грамматикасы жазылу кезінде да өзінің бұрынырақ қалам тартқан тақырыптарын қайта жаңғыртты. А.В.Бондарконың мектебінің ғылыми бағыты бойынша зерттеулер жүргізіп, функционалды грамматиканың теориялық мәселелері бойынша мақалалар жариялап, монография, оқу құралдарын дайындады. Жекелеген функционалы семантикалық өрістердің мазмұндық құрылымын ашатын тілдік талдаулар жасады. Атап айтқанда, Б.Шалабай функционалды грамматиканың негізгі

базалық ұғымдарынан бастап, жекелеген өрістер бойынша талдаулар жасап, тиянақты тұжырымдар шығарды. Функционалдылық терминінің мән-мазмұнын аша отырып, функционалды лингвистиканың зерттелуі мен ондағы зерттеу бағыттарын саралап көрсетті. Семантикалық қызмет, құрылымдық қызмет ұғымдарының айырым белгілерін сипаттап, ұғынықты тілмен қазақы танымға сәйкес түсіндіріп берді. Функционалды грамматика саласын зерттеуші ғалымдар, әдетте, жекелеген өрістерді ғана қарастырып кетсе, Б.Шалабай қазақ тілінде зерттелгені бар, зерттелмегені бар бірнеше өрісті қатар алып отырып талдайды. Ғалым қазақ тіліндегі субъектілік, персоналдылық, белгілілік/белгісіздік, предикаттық, посессивтілік, каузалдылық (себеп /салдарлық, шарттылық, мақсаттылық) т.б. мағыналық категориялардың барлығы бойынша шолу жасайды.

Б.Шалабайдың функционалды-семантикалық өрістерді зерттеген ғалымдардан ерекшелігі өріс құрылымын А.В.Бондарко негізін қалаған деңгейаралық тілдік құралдарды анықтаумен ғана қоймай, оны сөйлеу деңгейінде, мәтін деңгейінде алып қарастыруында жатыр. Бұл ғалымның синтаксис, стилистика, мәтін лингвистикасы сияқты салалардың маманы ретіндегі білімі мен тәжірибесінде болса керек.

Б.Шалабайдың басқа функционалды грамматика саласын зерттеушілерден тағы бір өзгешелігі, ол – функционалды-семантикалық өрістерге категориялық жағдаяттар бойынша талдаулар жүргізуі және синтакстік деңгейдегі тілдік бірліктерді анықтауында еді. Осымен байланысты ғалым бұл бағыттағы зерттеулерін функционалды синтаксис деп атайды.

Ғалымның тағы бір ерекшелігі – ғылыми монографиялық жұмыстары мен ғылыми мақалаларын студенттер мен магистранттарға, докторанттарға арналған оқу құралы ретінде дайынап отыруында және оқу құралында қарапайым тілмен ұғынықты етіп, жеткізе сипаттауында.

Қысқасы, бүгінгі мерейжасқа толып отырған қазақ тіл біліміндегі көрнекті ғалымдарымыздың бірі әрі бірегейі Шалабаев Бердібай ағайды мерейтойымен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасылық бақыт, творчестволық табыс тілейміз!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы.

2. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манаспаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Дәуір, 2005. -256 б.

3. Сыздық Р., Шалабай Б. Көркем тексті лингвистикалық талдау. – Алматы: Мектеп, 1989.

4. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілінің функционалды-коммуникативтік синтаксисі. – Алматы, 2015. -136 б.

Жақыпов Ж.А.
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

ТІЛТАНУДАҒЫ ТЫҢ ІЗДЕНІСТЕР

ХХ ғасырдың соңғы ширегі мен ХХІ ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ тіл ғылымын Бердібай Шалабай есімінсіз елестету қиын. Осы кезеңдегі тіл ғылымының небір өзекті мәселелерінде оның қолтаңбасы бар.

Оның ғылым жолына түсуінің өзінде өзгеше бір тектілік заңдылығы бар: әкесі Жұмағамбет пен анасы Рәзияның ұмырларын ұстаздыққа арнауы бала Бердібайдың болашағына жол салып қойғандай еді. Шоманайдағы орта мектепті алтын медальға бітірісімен болашағына балама жол іздемей-ақ Қарақалпақстаннан Қазақстанға бірақ тартты да, ҚазМУ-дың филология факультетінің студенті болды. Оны да үздік дипломға бітірді. Болашағынан көп үміт күттірген түлекті ұстаздары бір ауыздан аспирантураға қалдырды.

Қазақ тілтануының классигі Мәулен Балақаевтың жетекшілігімен қазақ тіл біліміндегі тыңға түрен салып үйренді. Кандидаттық диссертациясы ол кезде қазақ тілтанушылары бара қоймаған синтаксистік стилистика мәселесіне арналған еді. 1972 жылы аспирантураны бітіріп жолдамамен Орал пединститутына оқытушылыққа орналасты да, бір жылдың мұғдарында (1973 жыл) «Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романындағы синтаксистік құралдардың стилистикалық қызметі» деп аталатын тақырыппен диссертациясын қорғап шықты. Мүшел жылдан артық уақыт Ақ Жайық бойында ғылыми білім берумен, ғылыми ізденіспен өтті. Ғылыми дәреже ғана емес, ғылыми атақ та алды: доцент болды. Соған лайық ғылыми еңбектер де ұсынды, оқыту ісіне, әдістеріне де қалам тартты. Оралдағы кезеңінде парықты пайымдауларға толы ғылыми туындылар өмірге келді. Осы кезеңдегі оның ең бір тың туындысы деп мен 1975 жылы жарияланған «Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі синтаксистік тұтастық» деген мақаласын [1] атар едім. Бұл мақаланың қазақ тілтануы үшін құндылығы сонда, бұл – қазақ тілінің синтаксистік құрылысындағы сөйлемнен үлкен бірліктің нормативтерін алғаш жария еткен еңбек болатын. Кейін осындай бірлік осы мақаланың ықпалымен қазақ тіл білімінде «күрделі синтаксистік тұтастық» аталып кетті. Әрине, Б.Шалабайға дейін мұндай бірлік Т.Қордабаев пен Р.Сыздықованың еңбектерінде басқа бір тақырыптарды талдау барысында сол тақырыпқа орай ескерілді, бірақ қазақ тілінің синтаксисі үшін постулаттық жүлгелері салынбаған болатын. Оралдағы кезеңде үлкенді-кішілі 20-дан астам ғылыми туындыларының сүбелісі де, осы кезеңнің түйіндісі де 1982 жылы Алматыдағы «Мектеп» баспасынан шыққан монографиясы «Көркем әдебиет тілі және оны мектепте оқыту» еді. Бұған дейін ол осы кітаптың ізашары ретінде «Көркем шығарма тілі – даралық стиль құбылысы» («Қазақстан мектебі» журналы, 1973, № 3), «Әдеби тіл және көркем сөз табиғаты» (Қазақ ССР Ғылым Академиясының Хабарлары, тіл, әдебиет сериясы, 1988, №3) деген іргелі мақалаларын жазып тастаған. Көркем мәтіндегі,

атап айтқанда Ғ.Мүсіреповтей сөз зергерінің шығармаларындағы, синтаксистік құбылыстардың стильдік зертханасын зерделеу Б.Шалабай сынды ғалымның ғылым жолындағы ілкі қадамынан-ақ көркем әдебиет тілін зерттеудің тереңіне тартты. Көркем әдебиет тілінің өнер құбылысы ретіндегі өзіндік мәнін, ерекшелігін ашуға, сырын ұғынуға жетеледі. Ол жылдар көркем әдебиеттің сөз өнері екені ескертуден әріге бармай жүрген кез болатын. Әдебиеттанушылар көркем әдебиеттен идеология құралын іздеп тапса, тыншитын уақыт еді. Осы бір жаңсақтықты түзеу үшін доцент Бердібай Оралда «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау» ісін бастаған. Бұл істі елге ортақ болсын деп 1987 жылы «Қазақстан мектебі» журналында көркем текстi лингвистикалық талдауды үйретуге арналған мақаласын да ортаға салған [2].

Оралдағы ойлар оған тағат таптырмады. Мұндағы хал-жағдайы жақсы болғанмен, әлдене (тәрізі, ғылым болар) таласты ортаға, қайнаған ортаға тартты да тұрды. Сөйтіп, ғылым оны 1988 жылы астанамыз Алматыға алып келді. Әуелі Қазақ қыздар пединститутында доцент болып орналасты да, бір жылдан соң қара шаңырақ ҚазПИ-ге ауысты. Алматыдағы алғашқы жылы-ақ Оралдағы ойлардың бір парасы жүзеге асты: ұстазы «Тіл-ана» аталған академик Р.Сыздық авторластығымен көркем әдебиет тілін талдау саласына жол ашқан алғашқы оқу құралы «Көркем тексті лингвистикалық талдау» жарық көрді. Қазір Қазақстан жоғары оқу орындарының филология мамандықтарында дәстүрге енген осы бір ғылыми-әдістемелік пәннің алғашқы оқулығы да осы болатын. Кейін қарағандылық А.Әділованы авторлыққа қосып бұл еңбек оқулық түрінде онан сайын толыға түсті (Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. Оқулық. «Алматы»: «Ғылым», 2003). Мұнда ғалым көркем тіл басқа өнер құбылыстарымен бір қатардағы емес, олардан басқаша ендіктегіқұбылыс екеніне, қарым-қатынас құралы ретіндегі тілдің көркем шығарма құралына айналғанда өзгеше иірімге түсіп, жаңаша мәнге ие болатынына көңіл аударды. Көркем тілге деген осы ықылас зейінді зердеге ұласып ғалым мұны дендеп зерттеуге кірісті. Жеміссіз болған жоқ. «Көркем проза тілі» (Алматы, «Білім» баспасы, 1994) атты іргелі еңбекті жұртшылық назарына ұсынды. 1997 жылы осы мәселенің ғылыми түйіндерін шешетін «Қазақ көркем прозасының тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері» атты монография шығарды, осы аттас тақырыппен докторлық диссертация қорғады. Дыбыс музыка әлеміне енгенде қандай өнер құралы болатын болса, сөз әдебиет әлеміне енгенде сондай құрал болатынын теориялық тұрғыдан нақты тілдік айғақтарды талдап дәлелдеп берді. Мұны дәлелдеу үшін «автор бейнесі» ұғымына жүгіну қажеттігін негіздеді. Автор бейнесікөркем шығармадағы өзге бейнелермен бір қатардағы құбылыс емес, оларды жинақтап, бір жіпке тізіп көмкеріп тұратын, көркем шығарманың құрылымын біртұтас ететін ерекше құбылыс. Прозадағы автор баяндауы да құбылып тұрады: бірде автор өз атынан сөйлесе, бірде кейіпкер атынан сөйлейді, бірде онымен бірігіп кетеді, кейде тіпті ойдан құрастырылған басқа бір бейнеге енеді. Мұның бәрінде де шығарманың біртұтастығы, бір бүтін құрылымы жойылмайды. Соған орай баяндау бірде әңгімелеу, бірде суреттеу, бірде ойталқы, бірде диалог (полилог) түрінде беріліп, көркем шығарма

құрылымын күрделендіреді. Көркем шығарма құрылымындағы бұл баяндау түрлерін А.Байтұрсынұлы әуезелеу, әліптеу, пайымдау деп атап, оларға ең алғаш түсінік берген еді. Жоғарыдағы теориялық қағидаттардығалым қазақ көркем прозасының қалыптасу, даму тарихымен байланыстырып қарайды. Алғашқы проза үлгілері – ертегілерден бастап, кейінгі дамыған прозаға дейінгі (Б.Майлин, Ж.Аймауытов, Ғ.Мүсірепов) олардың ерекшелігін, даму үрдісін саралайды. Автор бейнесі дейтін санатты қазақ мәтінтануына енгізуге ықпал еткен орыс филология ғылымының ірі өкілі академик В.В.Виноградовтың ілімі екенін айта кету артық болмас. Көркем мәтіннің құрылымдық жүйесі бірөңкей болмайды, онда мәтіннің функционалдық сипаттары араласа, астаса келіп отырады. Осының нәтижесінде өзгеше бір иірімдер, әуездер туып отырады. Соған орай ғалым көркем прозадағы авторлық баяндаудың түрліше қабаттардан тұратынын (әңгімелеу, суреттеу, ойталқы, диалог), соларды талдау арқылы көркем тілдің ерекше құбылыс ретіндегі өзіндік мәнін ашуға болатынына көз жеткізді.

Осымен XX ғасыр, Бердібай Шалабайдың ғылыми жолындағы ширек ғасыр түйінделіп, қазақ тілтануы жаңа XXI ғасырға қадам басты.

Ғылым – ғылым үшін емес, білім үшін екенін профессор Б.Шалабай қағида етіп ұстанады. Қашан да зерттеулерінің нәтижелері дәрісханасын тауып жатады. Ол үшін, әрине, оқырман оқуына орайлы еңбек керек. Ғылымды білімге айналдыруға арналған ондай еңбектер Б.Шалабайда жетіп артылады. Жоғарыда көрсетілген оқу құралы, оқулықтардан басқа «Көркем әдебиет стилистикасы» (1999 жыл), «Стилистиканы дамыта оқыту технологиясы» (2004 жыл), «Қазақ тілінің стилистикасы» (2006 жыл) атты оқу құралдары да жоғары оқу орындарында кеңінен пайдаланылады. Стилистика, көркем мәтінді оқытуға арналған пәндердің Республика тұрғы ететін типтік оқу бағдарламаларының бәріне де Б.Шалабай автор болған немесе авторластықпен қатысқан. Ондай бағдарламалардың ұзын саны бесеу екен. Демек, ел ұстаздары мен шәкірттері бұл пәндерді оқытуда Б.Шалабай салған сара жолды ұстанады деген сөз.

Ғалым Бердібай Шалабай шұғылданған ірі сала – мәтінтану. Көркем мәтіндегі ой көркін келтіретін тілдік құбылыстардың құбылнамасын құрастырып алған соң ол мәтін лингвистикасы дейтін жаңа салаға ойысты.

Мәтін санатын қазақ тіл білімі үшін XXI ғасыр өлшемі десе болады. Өйткені өткен ғасырдың соңғы шеніне шейін қазақ тілімінде тілдік талдау сөйлем (жай я құрмалас) шегінен асқан жоқ. Содан да болар сөйлемнің аяқталған ойды білдіретініне сеніп жүрдік. Осы қасаң сенімді бұзған мәтін лингвистикасы еді.

Профессор Т.Р.Қордабаев 1965 жылы сөйлемнен үлкен бірлік бар екенін жарияласа [3], профессор Р.Ғ.Сыздықова Абай поэзиясының синтаксистік құрылысын зерттеу барысында «күрделі синтаксистік тұтастыққа» бөлек тарау [4] арнады. Ал Бердібай Шалабай жоғарыда көрсетілген мақаласында [1] қалыпты сөйлеудегі күрделі синтаксистік тұтастықтың негізгі белгілерін көрсетіп берген болатын. Олар үш таңаннан тұрады (үш таңанның орнықты болатыны белгілі): грамматикалық жағынан аяқталған дербес сөйлемдер ортақ

бір ойға ұйысады; күрделі синтаксистік тұтастықтың шегарасы болады; күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы сөйлемдер ізбе-із және жарыса байланысады. Геометриялық үш тағанның орнықты болатындығы белгілі, олай болса, Б.Шалабайды күрделі синтаксистік тұтастықты орнықтырған деп бағалауға болады. Күрделі синтаксистік тұтастық терминінің мәтін терминіне балама болып жүргені рас. Күрделі синтаксистік тұтастықтың мәтінмен теңесетін жайттары бар болғанмен, мұның мәтінге ұштастырушы сыңар ретінде жұмсалатыны дау туғызбайды. Осыны ізерлеген Б.Шалабай тұтас мәтін кеңістігіне шықты. Зерттеулерін одан әрі жалғастырып, мәтін тілтануының жалпы мәселелерін әдістанулық жағынан тұғырлады [5]; мәтіннің бірліктерін көрсетіп берді [6]; мәтіннің композициялық ұйысуын ұғындырды [7]; мәтіннің аспектілерін анықтады [8]; мәтінді ақпараттық тұрғыдан барлады [9].

Ғалымның қолтаңбасы айқын келесі бір сала – синтаксис саласы. Ол дәстүрлі құрылымдық синтаксис бағытында да баянды еңбек етті. Бірнеше мақала, оқу құралы, оқулықтар берді. 1982 жарияланған мақаласында [10] ғалым құрмалас сөйлемдерді классификациялауда жаңа принцип ұсынады. Ол құрмалас сөйлемдерді алдымен құрылымдық ерекшеліктеріне қарай екі топқа бөлуді ұсынады: жай екі құрмалас сөйлемдер және көп құрамды құрмалас сөйлемдер. Жай құрмаластар салалас, сабақтаса болып жіктелсе, көп құрамдылар көп компонентті салаласқа, көп бағыныңқылы сабақтасқа және аралас құрмалас сөйлемге жіктеледі. Сөйлеу жүйесінің құрылымдық әрі функционалдық сипаттарына қарай бөлінетін бұл жіктеліс кейін ғалымдар тарапынан (Қ.Есенов, Б.Қапалбеков, Т.Ермекова т.б.) қолдау тауып, оқу әдебиеттеріне енді.

Б.Шалабайдың синтаксистік зерттеулері, негізінен, жоғары оқу орындарындағы оқыту үдерісімен үндесе жүреді. Оқыту сенімдік (кредиттік) жүйеге көшумен бірге синтаксис пәнін оқыту да ықшамдалып, бұрынғы советтік кезеңдегіден гөрі сағаты көп қысқарғаны белгілі. Уақыт талабына сай оқу құралы қажеттігі қатты сезілген. Осы қажеттікті қанағаттандыруға да Б.Шалабайдың қазақ тілі синтаксисін түгелдей қамтыған оқулығы көмекке келген [11]. Бұл оқулықта көзге айрықша түсетін жаңалық – сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерінің қатарына түсіндірмелі сабақтасты тауып енгізуі.

Ғылыми жетекшінің аспирантқа бағдар беретінін, ойын жетелейтінін ескерсек, «синтаксистік модель» дейтін қалыпта да Б.Шалабай қолтаңбасы бар: шәкірті А.Қайыровқа жай сөйлем модельдерін алғаш қалыпқа салған кандидаттық диссертация қорғатқан.

Дәстүрлі синтаксис мәселесі осылай болса, сонаршыл зерттеуші бұл тұста да қиянға жол салды. Тілдің басты қызметі қарым-қатынас құралы болуы себепті, дәстүрлі синтаксиспен қанағаттана алмады. Қатысым синтаксисі, функционалдық-коммуникативтік синтаксис мәселелерін күн тәртібіне қойды. Байқауымызша, коммуникативтік синтаксисті ғалым ертеден көздеген. Бұл салада ғалымның тікелей қатысуымен (оппоненті ретінде) С.Аташевтің Қазақстанда бірінші болып сөйлемнің актуалды мүшеленуінен диссертация қорғағанын мамандар біледі. Алғашқы барлаулары өткен ғасырдың соңына

қарай жасалып, 1998 жылы қатысым синтаксисі туралы, 2000 жылы сөйлемді зерттеудің коммуникативтік аспектісі туралы ойлы мақалалар жазса, түйінді тұжырымдарын қатысым синтаксисіне арналған оқу құралымен бекітті [12]. Кейінгі жылдары бұл бағытта үздіксіз зерттеу жүргізіп келеді. Қомақты табысы – 2015 жылы жарияланған 8,5 баспа табақ көлеміндегі «Қазақ тілінің функционалды-коммуникативтік синтаксисі» атты оқу құралы. Сондай-ақ осы идеяларын «Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар» атты ұжымдық монографияда ортаға салды.

Сөйтіп, профессор Б.Шалабайдың қомақты зерттеулерін үш таған етіп бекітуге болатын сияқты: біріншісі – көркем мәтін тілін зерттеу болса, екіншісі – мәтін тілтануы, үшіншісі – синтаксис. Бірақ ғалымның қалам тартқан қиырлары сан тарау. Ол оқулығы бар, оқу құралы бар, монографиясы бар 17 кітап жазып жариялаған екен, ал мақалалары 200-ге тартады, оннан астам ресми оқу бағдарламаларын түзіпті. Бұл еңбектердің ішінде тілді зерттеу мен оқытудың небір өзекті мәселелері қозғалады: функционалды тіл білімі санаттары, лексикологиялық, танымдық мәселелер, өзгетілді дәрісханада қазақ тілін оқытудың әдістері, ресми стиль мәтіндерін түзу тәртіптері, мемлекеттік тілдің ахуалы т.б. Бір топ еңбектері есімнамалық сипатта. Академик В.Виноградовтың 500 беттей шамадағы, үлкен көлемді кітабы таңдамалы еңбектерінен теріліп алынған, соның дені орыс тілтанушыларының еңбектерін талқылап түсіндіруге арналғанын білеміз, сондықтан есімнамалық еңбектер де ғылымға қосылған үлес ретінде сараланып түсіндіріліп, таразыланатын болса, пайдасы зор болмақ. Профессор Б.Шалабайдың есімнамалық мақалалары да осы үддеден шығады. Біз де осы үддеден шықпақ болып осы мақаланы ұсынып отырмыз.

Профессор Бердібай Шалабайдың ҚазМУ, ҚазПИ сияқты іргелі оқу орындарында кафедраларды басқарған қайраткерлігіне, ғылыми кеңестерге мүше болғанына, шетелдерде дәріс оқығанына т.с.с. ұстаздық жолына тоқталуды мақсат етпедік. Әйтсе де оның 34 ғылым кандидаты, 2 ғылым докторы, 1 PhD докторы дайындағанын айрықша атап көрсету керек. Бұл деген – үлкен мектеп, профессор Бердібай Шалабайдың ғылыми мектебі.

Ғұмыр жалғасса, ғылым да жалғаса береді. Ғылыми ғұмыр ұзақ болғай!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шалабаев Б. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі синтаксистік тұтастық. Қазақ филологиясы //Жоғары оқу орындарының профессорлары мен оқытушыларының қазақ әдебиеті және тіл мәселелері бойынша ғылыми мақалалар жинағы. Екінші кітап, 1975. -7 б.

2. Шалабаев Б. "Көркем текстi лингвистикалық талдау" курсын оқыту // Қазақстан мектебі,1987, №2.– 4 б.

3. Қордабаев Т. Поэзиялық шығаармалардың синтаксистік құрылысы // Тарихи синтаксис мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1965

4. Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. – Алматы: Ғылым, 1971.

5. Шалабай Б. Мәтін лингвистикасының негізгі мәселелері. «Тілтаным», 2012, №1; Сонікі: Мәтінді зерттеудің ғылыми негіздері. «Қазақ тілі мен әдебиеті», 2007, №10; Сонікі: Мәтін лингвистикасының даму бағыттары. «Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет және аударма мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Сүлейман Демирел атындағы университет. 2009.

6. Шалабай Б. Мәтін және оның семантикалық– синтаксистік бірліктері. «Қазақ тілі тарихы мәселелері». Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы, 2004.

7. Шалабай Б. Мәтіннің композициялық ұйымдасуы //«Қазақстан мен Түркияның ортақ мәдени құндылықтары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2007. -24 - 27 бб.

8. Сонікі: Текст прагматикасы туралы. Жинақ: «Филология ғылымы және академик М.Қаратаев». Ғылыми– практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2002; Мәтін синтаксисі // "Қазақ тіл білімі: тарих, тәжірибе, болашақ" атты халықаралық ғылыми -теориялық конференция материалдары. Алматы, 2011ж.16-9- 171бб.; Мәтін стилистикасы // проф. М.Томановтың 80 жылдығына арналған «Филологияның қазіргі кезеңдегі басымдықтары: дәстүрі мен болашағы» атты халықаралық ғылыми– теориялық конференция материалдары. I том.–Алматы, 2010 . -100-102б. Мәтін прагматикасы // «Қазақ тіл білімі: жаңа ғылыми парадигмалар мен оқытудың инновациялық технологиялары» атты халықаралық ғылыми– теориялық конференция. – Алматы, 2012. -40-42 бб.; Мәтін және дискурс: байланыстары мен ерекшеліктері // «Язык и культура». Материалы XIМеждународный научной конференции по проблемам когнитивной лингвистики « Новые парадигмы и новые решения в когнитивной лингвистике». 6 июня 2013 год. –Алматы - Кемерово- Витебск -Донецк. -240-245 бб. (Г.Т.Әбікеновамен бірге); Мәтіннің ауызша түрі мен жазбаша түрін зерттеудегі ерекшеліктер жайлы (әдістемелік көзқарас) // Филологиялық білім берудегі қазіргі технологиялар» атты республикалық ғылыми– әдістемелік конференция. Алматы, 6 желтоқсан, 2013. -53 -55 бб.; Мәтінді стилистикалық талдаудың әдістемесі.// Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. №2, 2015. – 326-329 бб.; Көркем мәтінді талдаудың стилистикалық аспектісі //Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерекесіне орай ұйымдастырылған «Мәңгілік елдің мәңгілік тілі» атты халықаралық симпозиум. Назарбаев университеті, Астана. 24.11.2016.

9. Сонікі: Мәтіндегі ақпарат және оны берудің тәсілдері. «Қ.Есенов және қазақ грамматикасының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми – теориялық дөңгелек үстел материалдары. Алматы, 2012

10. Сонікі: Құрмалас сөйлем құрылымына бірер сөз. «Қазақстан мектебі», 1982, №87

11. Сонікі: Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. Оқу құралы. – Алматы, «Қазақ университеті» баспасы .2012.–185б.

12. Сонікі: Қатысым синтаксисі туралы //проф. Н.Оралбаева және қазақ тіл білімі мәселелері /профессор Н.Оралбаеваның 70 жылдығына арналған конференцияның материалдары / Абай атындағы АлМУ,– Алматы, 1998. - 3 б.;

Сөйлемді зерттеудің коммуникативтік аспектісі // Тіл деңгейлері және олардың өзара қатысы. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: «Ғылым». 2000. - 8б.; Қатысым синтаксисі. Оқу құралы // Абай атындағы АлМУ, Алматы, 1998. -5 б.

Оразбаева Ф. Ш.
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
педогогика ғылымдарыныңдокторы, профессор,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ТІЛІ – ҰЛТ МӘДЕНИЕТІНІҢ КӨРІНІСІ

Әр ұрпақтың өз жолы, өзгеге ұқсай бермейтін өзіндік қалыптасу ерекшелігі болады.

Біздің ұрпақ – соғыстан елі мен жерін сағынып оралған ермінезді әкелер мен күндіз-түні тынбай еңбектеніп, жұбайларын екі көзі төрт болып күткен аналардың қиын дақуанышты сәттерін көрген, бірімен-бірі селбесе жүріп, қатар жетіліп, қатар есейген ұрпақ. Жасынан өмірден өз орнын табудың кілті – оқу мен білім, еңбек пен жауапкершілік деп ұғынған жас ұрпақ ата-анасының қамқорлығы мен қоғамдық-әлеуметтік ортаның ықпалын да осы ұғымдар аясында қабылдап, жүректеріне түйіп өскен. Жақсы оқу мен тынымсыз еңбек қанатында жүріп жетілген ұрпақ көпшілікпен қойын-қолтық араласа жүріп, елін, жерін сүюге; ата– анасын, шыққан ортасын құрметтеуге қаршадайынан дағдыланған. Бұл кезеңде, яғни біздің бала кезімізде, бүкіл ел-жұрт қалың бұқараны білімге жұмылдыра білер мұғалімдер отбасы мен ұстаздар тұлғасын айырықша бағалайтын. Сондықтан болар біздің қатарымызда педагогтардың отбасынан шыққан қыздар мен жігіттер көп болды. Олар білімге деген құштарлығымен, ізденімпаздығымен, еңбекқор қасиеттерімен көзге түсті.

Ғалым-ұстаз Бердібай Шалабай хақындағы әңгімемізді осылай бастауымыздың себебі бар.

1964 жылы Алматыдағы С.М.Киров (қазіргі әл-Фараби) атындағы ҚазМУ-дің филология факультетіне оқуға түскен Бердібай Шалабай да осындай ел-жұртқа қадірлі мұғалімдер отбасында дүниеге келген, мектепті алтын медальмен бітірген, университетте үздік оқыған түлек.

Бердібай Шалабай университет қабырғасында **талабы зор**, ізденгіш шәкірт ретінде атақты ұстаздардың назарына бірден ілікті. Әрқайсысының өзі **жеке бір университет саналатын тілші-ұстаздар: Мәулен Балақаев, Смет Кеңесбаев, Ыбырайым Маманов, Кәкен Аханов, Орынбасар Төлегенов, Мархабат Томанов; әдебиетші-ұстаздар: Бейсенбай Кенжебаев, Мәлік Ғабдуллин, Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Какишев, Рымғали Нұрғалиев, Мырзатай Жолдасбеков т. б. сынды кемел ойлы, аса көрнекті тұлғалар Қазақ Мемлекеттік Университетінің ғана емес, бүкіл қазақ руханияты мен ғылымтану,** оқу-білім жүйесінің ірі өкілдері еді.

Осындай алаш жұртына аттары әйгілі, айтулы ұстаздардан білім алған Бердібай бірінші курстан-ақ нақты деректер мен ғылыми -методологиялық дәйектерге сүйенген концептуалды пікір айтуды, талмай еңбектенуді қажет ететін тіл біліміне айырықша ден қойды. «Шын беріле атқарған нәрсе ғана адамның жүрегінен берік орын алады» деп Шығыс жұртының данышпаны Әл-Фараби айтқандай, осы салада Бердібай Шалабай елу жылға жуық еңбек етіп, тіл білімінің өзекті мәселелерін зерделеген қатардағы жас маманнан есімі елге мәлім, білімі мен білігі жарасқан **ғалым** деңгейіне көтерілді.

Табанды ғалым, тағылымы мол ұстаз өмірі еңбек пен тиянақтылықтың, білік пен білімдарлықтың егіз үйлесіміндей жылдан - жылға жаңа белестерді алып келеді. Шынайы ғалымға тән қасиеттердің барлығын Бердібай Шалабайдың бойынан еркін табуға болады. Оның ғылымдағы, ұстаздық еңбегіндегі, жалпы өмірдегі жолының жеңіл болмағанын байқау қиын емес. Өйткені бұл жол – ғалым-ұстаздың өз жүрегімен таңдап алған өрісі бөлек өркенді жол.

Бердібай Шалабай 1973 жылы филология ғылымының докторы, **Қазақ ССР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, қазақ тіл ғылымының шоқтығы биік тұлғаларының бірі, профессор Мәулен Балақаевтың жетекшілігімен «Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романындағы синтаксистік құралдардың стилистикалық қызметі»** тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, ұлы суреткер, көркемсөз шебері Ғ.Мүсірепов шығармаларының тілі жас зерттеушіні жаңа қырынан қызықтырды. Ол "Оянған өлке" романының тілдік ерекшелігін синтаксистік құралдардың стильдік қызметін талдау арқылы тың бағытта қарастырды. Зерттеуші автордың тіл шеберлігін, жазушының өзіндік қолтаңбасын бүгінгі күнгі көкейтесті сала – функционалды ілімге қатысты сөз етті. Ол қазақ тіл білімінің синтаксисі мен стилистика саласын тоғыстыратын тілдік бірліктерді функционалды стиль тұрғысынан саралай отырып, синтаксистік құралдардың көркемдік-стильдік және комикалық тәсілді жасаудағы тілдің қызметін анықтады. Сөйтіп, **көркем шығарма тілінің өз алдына дара стильдік құбылыс екенін дәлелдеді.**

Ғалым Бердібай Шалабайдың **зерттеу нысанының басты ерекшелігі:оның қарастырып жүрген мәселелерінің барлығы** бір-**бірімен сабақтас, үндес тіл білімінің стилистика, синтаксис, функционалды грамматика, мәтінтаным салаларын бір арнаған тоғыстыратын, «Рухани жаңғыру» аясында тіл мәдениеті мен тіл эстетикасын, ұлттық сөз өнері мен сөз байлығын көркем** шығарма тілі арқылы ұрпақ санасына ұялатудыкөздейтін іргелі мәселелер. Тілшінің жарты ғасырға жуық көз майын тауысып зерттеп келе жатқан: **жазушының сөз өрнегі, көркем әдебиет тілі, көркемсөздің қаламгер табиғатында алатын орны, «автор бейнесі», көркемсөз – дара стильдік құбылыс** тәрізді зерттеу обьектілері – ғалымның тиянақты еңбегін, табандылығын, ізденімпаздығын, жауапкершілігін аңғарта отырып, ғылымдағы іргелес мәселелерді терең меңгеруге арналған.

Аталмыш проблемалардың ішінен Бекең **көркем шығарма тілін** зерттеуге ерекше көңіл аударды. Көркем шығарма тілін теориялық-практикалық жағынан меңгеру тілдің эстетикалық қызметін терең түсінуге, қоғамдық-әлеуметтік ортада ойынды әдемі жеткізе білуге, сөздік қорды жете игеруге көмектеседі. Қазақтың шұрайлы тілін, сөз байлығындұрыс қолдану, оны суреткердің шығармасы арқылы жаңарта-жаңғырта қабылдау адам танымын кеңейтіп, қаламгерді де, ұлтты да, ел мен жерді де жаңа қырынан зерделеуге мүмкіндік береді.

Көркем туынды жалпыхалықтық тіл мен әдеби тілдің арақатынасын айқындайтын маңызды факторға ие. Осы тұрғыдан келгенде, поэтикалық-прозалық тіл жүйесіне тән ерекшеліктер мен оның ғылыми-методологиялық негізін айқындау ғылым мен білімнің дамуын алға апаратын маңызды мәселелер екені айтпаса да түсінікті.

Ғылым жолындағы ізденістер тілшіні Ғабит Мүсіреповтың «Оянған өлке» шығармасынан кейін жалпы көркем туынды тілінің ғылыми аспектілеріне алып келді. Бердібай Шалабай ендігі кезекте қазақтың көркем прозасының тіл ерекшеліктерін зерттеуге бет бұрды. Сөйтіп, ол 1997 **жылы ұлттық көркем ой мен көркем сөздің жаратылысын тамырынан тартып таратар аса көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, академик Рәбиға Сыздықованың жетекшілігімен "Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері" тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Бұл жұмыс** тілшінің көп жылғы ізденісінің заңды нәтижесі болды.

Бердібай Шалабай ғылыми **жұмысында көркем шығарма тіліне** тән **мынадай белгілерді атап көрсетеді: біріншіден, ғалым көркем туынды тілдің дыбыстық, лексикалық, грамматикалық тұтастығын бейнелей келіп, шығармаға арқау** болған дәуірдегі әдеби тіл фактісіне сүйенетініне назар аударады. Зерттеуші әдеби тіл нормаларына, заңдылылықтарына бағынған тілдің өмір сүрген өз дәуірімен байланысын тілдік фактілер арқылы әйектеп, тереңдете зерттейді. **Екіншіден**, ғалым **еңбегінде көркем проза тілі-әдеби тілден «тыс», өз заңдылығы бар дүние деген ұстанымды негізге алады. Автор жалпы тілдің көркемдік-эстетикалық талапқа сай қолданылуы** негізінде одан (жалпы тілден) тікелей өсіп шыққан «үстеме» тілдің ерекшеліктеріне тоқталады. Көркем әдебиет тілінің спецификалық ерекшелігі, жалпы тілдің көркем тілге айналу жолдары мен тәсілдері дербес ілім ретінде арнайы қарастыруды қажет ететіндігін айтады. **Үшіншіден,** ғалым **«көркем әдебиет тілі» нақтылы бір көркем шығарманың тілі ретінде қабылданып, қаламгердің суреттеу өнеріне негізделгенде обьективті сипатқа ие болатынын баса айтады**. Сол себепті көркем әдебиет тілі «даралық стиль» категориясымен ұштаса қарастырылса, шығарманың тілі мен жазушының шеберлігі біртұтас процесс ретінде ғылымның дамуына игі ықпал ететініне мән береді [1,94].

Зерттеуші: «Жеке жазушының тіл өрнегінің толып жатқан бояу-бедері, өзіндік өсу, жетілу жолдары болады. Көркем әдебиет тілінің нәзіктігі көп жағдайда жазушының белгілі бір сөздерді «мағыналық топқа иіру», яғни

сөздерді өзара мағыналық байланысқа түсіру шеберлігімен байланысты» [1,88] - дейді. Тілшінің пікірі көркем шығарма тілі қолданыстың ерекше түрін құрайтын прагматикалық тіл білімінің дербес бағыты дегенге саяды. Ол сөздердің мағыналық реңкінің бейнелілік сипатына, әрі жұмсалу, қолданылу аясының реті мен өрісіне ерекше көңіл бөледі.

Жалпы көркем проза тілінің ғылыми-теориялық, қолданбалы сипатын **оның идеялық-бейнелі мазмұны мен тілмен өрнектелген ішкі формасының үйлесімінен іздеген орынды**. Мазмұн мен құрылымның бірлестігі, идея мен сөздің жүйелілігі жазушының тұлғасын, оның өзіне тән қолтаңбасын жете тануға ықпал етеді. Қаламгердің сөз саптау үлгісінен, мазмұн мен тілдік бірліктерді үйлесімді орайластыруынан суреткер бейнесі сомдалып шығады. Бердібай Шалабай көркем тілдің шығарма табиғатын ашатын, автордың суреткерлік болмысын айқындайтын басқалардан бөлек ерекше күрделі құбылысекенін ғылыми-теориялық жағынан дәйек келіп, **«авторлық бейне» ұғымына жаңа мән үстейді**, оларға талдау жасайды. Шығарманы безендіруші тілдік бірліктерді көркем шығармадағы автор бейнесімен тұтастықта қарастырған ғалым көркем проза тілін **а) таза тілдік қырынан; ә) стилистикалық қырынан; б) көркемдік-эстетикалық қырынан жүйелейді**[1].

Бердібай Шалабай «Көркем әдебиет стилистикасы» деп аталатын іргелі еңбегінде көркем прозаның композициялық-тілдік құрылымы мен «автор бейнесінің» құрылымдық-тілдік ерекшеліктерін көркемсөзбен байланыстыра зерделейді. Ол көркем проза тіліне тән баяндаудың түрлерін **әңгімелеу, суреттеу, ойталқы деп бөліп,** оларды бір-бірінен ажырата білудің қажеттігіне тоқталады.

Тілшінің: «Әңгімелеудің формалық, құрылымдық мазмұнын окиғалардың мезгілдік ізбе-ізділігі, құбылыстардың бірін-бірі ауыстыруы құрайды. Оқиғалар бірін-бірі толықтырып, дамытып, динамикалы баяндау үстемдік құрады. **Әңгімелеу** формасының ...мазмұны шексіз кеңістікті, шексіз мезгілдік мерзімді алып жатады. **...Суреттеу** аркылы әңгімелеудегідей ширыққан оқиға емес, біркалыпты, тұракты күй, болмыс бейнеленеді. Суреттеу кейіпкерлердің ішкі толғаныс, күй-қалпын, іс-әрекетін бейнелеу үшін де пайдаланылады. Суретгеудің мазмұнын шектеулі кеңістік құрайтындыктан, ол тұйыкталып келеді. **...Ойталқы –** әңгімелеу сияқты динамикалы форма, бірақ одан айырмашылығы бар. Онда окиғаның дамуы емес, ой, тақырып, мәселенің дамуы бейнеленеді. Сондықтан мұнда мезгілдік өрім болмайды. Сөйлемдер арасындағы байланыс іліктестік сипатқа құрылып, шарттастық, себеп-салдарлық, қарама-қарсылықты қатынастарды білдіреді» [2,126-129**]** деген пікірі сөйлеудің композициялық формаларын талдауға, шығарманың тіл шеберлігін айқындауға мүмкіндік береді.

Ғалымның іргелі зерттеулерінде көтерілген мәселелер бүгінгі күнгі **функционалды стилистиканың, прагмастилистиканың негізгі бағыттарын айқындайды. Тілшінің** көп жылғы ізденісінің нәтижесі әрі қарай жалғасын тауып, мәтін прагматикасын ғылыми негіздеуге жол ашады. Осы тұрғыдан

келгенде, ғалымның теориялық және функционалдық тұрғыдан тереңдете зерттеген саласы – **мәтін лингвистикасы.**

Тілші-ғалым: «Кез келген мәтіннің негізгі міндеті прагматикалық талап-мүддені қанағаттандыру, пікір алмасуды іске асыру арқылы коммуниканттардың жан-дүниесіне әсер етіп, оны «ояту», «реакция туғызу» [3,131], деп атап өте келіп, прагматика теориясы мен тілдік қарым-қатынас теориясының сабақтас параметрлерін белгілейді.

Мәтін лингвистикасы мен синтаксис саласын байланыстыратын тіл құралдарының өзіне тән ерекшеліктерін айқындауда ғалым еңбектерінің алатын орны ерекше. Контекст, күрделі синтаксистік тұтастық, қатысым синтаксисі мәселелерін бүгінгі тілдік қатынас, дискурс теориясымен ұштастыра отырып, тілші олардың әрқайсысына тән басты белгілерді көрсетеді. Ғалым: "Контекст– қарым-қатынас жасаудың қажетті шарты. Қарым-қатынас жасау тілден тысқары жағдайларды да қамтиды. Сондықтан тілдік контекспен қатар, тілден тысқары тұратын контекс (сөйлеу кезіндегі әртүрлі жағдайлар) те бар" [4, 177] – дей келіп, **қатысым процесінің мәтінмен тығыз байланыста жүзеге асатынын тілдік фактілермен**дәйектейді.

Ғалымның ғылыми еңбектерінен алынған тұжырымдардың қай-қайсысы болмасын мәтінмен, мән-мағынамен**, прагматикамен, коммуникациямен тығыз байланысты.** Бұл мәселелер бүгінгі күні ғылым мен білім саласында өте өзекті екені белгілі. Осы бағыттағы ғалымның зерделі зерттеулерінің бірі – **«Қазақ тілінің функционалды-коммуникативтік синтаксисі» атты еңбегі. Тілші оқу құралында функционалды лингвистиканың бағыттарын белгілей отырып, функционалды-семантикалық категориялардың** түрлерін, олардың мағыналық өрісін синтаксистік парадигмалармен терең байланыста қарастырады. Еңбекте ғылыми-практикалық тұрғыдан сөз болатын **коммуникативтік синтаксистің** бірліктері – сөйлем мен мәтін – қатысымдық мағынасына, құрылымына, прагматикасына, қызметінеқарай жан-жақты талданып, мысалдармен, сұрақтармен және арнайы тапсырмалармен бекітіледі.

Біздің объектімізді құрайтын**ғалымның екінші қыры – ұстаздық. Әрі-беріден соң Бердібай Шалабайдың қоғамда, зиялы ортада** кең танылуына себеп болған бұл қос саланы бірінен-бірін бөле-жара қарауға болмайды.

Ол республикамыздың беделді оқу орындарында шәкірт тәрбиелеп, талмай еңбектеніп келе білікті **жатқан белгілі ұстаз, білім беру саласының тәжірибелі маманы, жоғары** мектептің профессор-оқытушысы.

1972 жылы Орал педагогикалық институтына арнайы жолдамамен барған ол еңбек жолын оқытушылық жұмыстан бастайды. Өз мамандығы бойынша еліміздің іргелі оқу орындарында көп жыл тілші-ғалым болып қызмет істеп, мол тәжірибе жинақтайды. Бекең 1988 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында доцент, 1989-2009 жылдары Абай атындағы ҚазҰПУ-да кафедра меңгерушісі, кейіннен қолданбалы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының профессоры, 2009-2010 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, 2010-2015 жылдары осы кафедраның профессоры болып, жас буын, жеткіншек

ұрпақты тәрбиелеуге, студенттерді білім нәрімен сусындандыруға зор үлес қосып келеді.

Ол 2015 жылдан бастап Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік университетінің профессоры қызметін абыроймен атқаруда.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Шалабай – өзінің зерттеулерін тек ғылыми-теориялық тұрғыдан ғана емес, оқу-әдістемелік жағынан да тиянақты түрде іске асырған беделді **ғалым. Өз ісінің білгірі, беделді ұстаз**1980 жылдардан бері мектепте көркем шығарма тілін оқыту, студенттерді көркем текстi талдауға үйрету, қазақ тілін түрлі амал-тәсілдер арқылы игеру, көркем мәтінді лингвистикалық талдау мәселелері бойынша баспасөз беттерінде, ғылыми-теориялық конференцияларда мақалалар жариялап, қазақ тілін кәсіби тұрғыдан меңгертуге ерекше мән беріп келеді. Ұстаздың білім саласына қосқан үлесі **көркем проза тілі мен оны оқытуға, қазіргі қазақ тілінің синтаксис, стилистика салаларын меңгеруге; қазақ тілін практикалық тұрғыдан игеруге арналған оқу құралдары мен еңбектерінен көрінеді.**

Ғалым қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері бойынша шет елдерде: Украинада (Черкассы), Түркменстанда (Ашхабад), Қытайда (Пекин), Өзбекстанда (Нөкіс), Қырғызстанда (Бішкек) халықаралық конференциялар мен симпозиумдарға қатысып, баяндамалар жасап, дәрістер оқыған.

Профессор Бердібай Шалабай ғылымда ізбасар шәкірттер дайындауға да үзбей ат салысып келеді. Оның ғылыми жетекшілігімен 34 ғылым кандидаты, 2 ғылым докторы, 1 PhD докторы дайындалды. Олар қазір республиканың түкпір-түкпірінде жемісті еңбек етіп жүр.

Қорыта келгенде, филология ғылымдарының докторы, профессор Бердібай Шалабай – келелі де іргелі ғылыми-теориялық және ғылыми-методикалық еңбектерімен қазақ филологиясына айтулы үлес қосып келе жатқан есімі Республикаға **танымал ғалым, ұлағатты ұстаз, білікті азамат.**

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шалабай Б. Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері. Филол. ғыл. докт.дисс. – Алматы, 1997.– 346 б.

2. Көркем әдебиет стилистикасы. Оқу құралы //– Алматы, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999 ж.– 196 б.

3.Шалабай Б. Мәтін прагматикасы//ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №60.– Алматы, 2002.130-132 б.

4. Қазақ тілі. Энциклопедия. -Алматы,1998. -509 б.

Қосымова Г.С.
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

Б.ШАЛАБАЙ – ЖОҒАРЫ ФИЛОЛОГИЯ МЕКТЕБІНЕ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҒАЛЫМ

Б.Шалабайдың жоғары мектепке сіңірген еңбегін оның қазақ тіл білімі стилистикасына және көркем проза тіліне, мәтін теориясына қосқан үлесімен бағалауымыз керек. Лингвистика ғылымында қазақ тілі стилистикасының проблемалары толық шешілмей, жоғары оқу орындарына бағытталған стилистика теориясынан толыққанды талдау жасалған оқу құралдары болмай тұрған кезде Б.Шалабай өзінің еңбектерімен және шәкірттерінің диссертациялық жұмыстарымен қазақ тілі стилистикасының қордаланған біраз проблемаларын шешіп берді.

Б.Шалабай қазақ тілінің стилистикасынан ғылыми әрі практикалық тұрғыдан өте пайдалы еңбектер жазды. Ғалым кандидаттық және докторлық диссертайиясының тақырыбын таңдауда қазақ тілі стилистикасының мазмұны мен негізгі ұғым-түсініктері әлі де болса ашылмай жатқанын жақсы білді. Грамматика мен стилистика теориясының аражігін ашуға белсене кірісті. Тілдің грамматикалық құрылымына баса назар аударылып, грамматиканың қолданыста туындайтын стилистикалық нормасы әлі де болса тереңдеп зерттелмей жатқан тұста Б.Шалабайдың еңбектері функционалды грамматиканы стилистикалық тұрғыдан түсінуге көп көмегін тигізді. Ғалымның еңбектерінде қаланған стилистика теориясы грамматикалық құбылыстарды қолданыс аясында қарастырып, қалай дұрыс сөйлеуге және қалай дұрыс жазуға болатынын үйретті. Осы жерде Б.В.Томашевскийдің «...Когда там изучают, то изучают его не столько для того, чтобы объективно познать его законы, сколько для того, чтобы им овладеть, чтобы научиться во всем совершенстве владеть родным языком. Возникает вопрос: как лучше говорить и писать? Этот критерий – лучше или хуже писать – есть критерий стилистикий. Здесь начинается проблема стилистики» деген пікірін алға тартқым келіп отыр.

Б.Шалабайдың қай еңбегін алмасаңыз да, қазақ тілінің байлығын, ойды берудегі көркемдік тәсілдерін талдай отырып, оқырмандарының, тілді қолданушылардың тілдік сезімін қалыптастырды, әртүрлі жанрда сөздерді мағыналық реңктеріне қарай синонимдік құрылымдар түзіп, қолдану мүмкіндігін көрсетті. Б.Шалабайдың зерттеулері сөз мәдениеті теориясының дамуына бағалы ой-тұжырымдарымен үлес қосты, ғылыми көпшіліктің талғамынан шықты, сондықтан Б.Шалабайдың ғылыми көзқарастарына кейінгі зерттеулерде сілтеме жасалып, кеңінен пайдаланды.

Б.Шалабай – кейінгі кезде тіл білімінің жаңа бағыты саналып жүрген мәтін теориясы, соның ішінде мәтін лингвистикасы бағытында іргелі зерттеулер жүргізді. «Көркем проза тілі» атты еңбегінде мәтіннің негізгі белгілері саналатын тұтастық, аяқталғандық, байласым ұғымдарына тереңдеп түсінік

беріп, мәтін құрамындағы тілдік тұлғалардың тіркесу, байланысу тәсілдерін зерттеу текст стилистикасының басты міндеттерінің бірі екендігін айтты. Мәтін теориясындағы фазмұн мен форманың бірлігі мәселесі ғалым назарынан тыс қалмады. «Тексті стилистикалық зерттеудің методологиялық негізі – мазмұн мен форманың бірлігі. Мазмұн мен форманың бір-бірімен көрінісі әртүрлі сөйлеу типтерінде, текст түрлерінде бірдей емес, – дей келіп, форма мен мазмұның бір-бірімен байланысы, әсіресе, көркем шығарма текстерінде күрделі де ерекше болады», – деп мәтінді стилистикалық тұрғыдан зерттеудің методологиялық негізін анықтап берді.

Біз қазір жалпылама мәтін лингвистикасы деген терминмен атап, талдау нысаны етіп алып жүрген мазмұнның көріну формаларын ғалым тексті стилистикалық талдау деген дәлме-дәл атаумен нақтылап, талдаудың әдістемесін жасап берді. «Талдау жекелеген тілдік тұлғаларды табу, анықтау тұрғысынан емес, ал олардың байланыстарын, қарым-қатынастарын ашу тұрғысынан жүргізіледі. Сонда ғана стилистикалық талдау шығарманың негізгі идеясын, басты айтар ойын жан-жақты терең түсінуге алып келеді», -деп, мәтіннің тұтастығы оның құрылымдық-композициялық негізін құрайтындығын, тұтастық мәтінді ұйымдастыратын тәсілдердің жиынтығынан тұратындығын дәлелдеп берді. Мәтіннің басты белгілерінің бірі – осы тұтастық деп танысақ, екінші бір басты белгісі– мәтінді құрайтын тілдік бірліктердің тігінен және көлденеңінен байланысы. Ғалымның жоғарыдағы пікірі осыған саяды.

Мәтіннің тұтастығын құрайтын маңызды құбылыстардың тағы бірі – баяндаушы мен тыңдаушының арасындағы қарым-қатынас. Мұны да ғалым проза тілінің теориясында айтпай кеткен жоқ. «Мәтіннің формалы, стильдік жақтарын қарастыруда автордың бейнеленетін обьектіге қатынасынан өзге, оқырманға қатынасы да маңызды рөль атқарады. ... Әрбір адамның ой сезімі, ішкі дүниесі белгілі бір тұрақты әлеуметтік ортада қалыптасады», – дейді. Бұл пікір мәтінтанушы атақты ғалымдардың ой-тұжырымдарымен ұштасып жатыр. Мысалы: Бахтин «мәтін дегеніміз не?» деген сұраққа былай деп жауап береді: «Мәтін объективті дүниенің субъективті бейнесі». «Екі сананың көрінісі» деген пікір де Б.Шалабайдың сонау 1994 жылғы зерттеуінде орын алып отыр.

Б.Шалабайдың еңбектерінде орын алған өте маңызды көзқарастардың қатарына сөйлеу формалары жайындағы айтылған тұжырымы енеді. Ғалымның «Сөйлеу формаларын, яғни баяндау тәсілдерін талдау шығарманың көркем стилистикалық жүйесін түсінуге көмектеседі, себебі баяндау тәсілдері суреттелетін болмыстың кеңістік және мезгілдік байланыстары мен қатынастарын бейнелеп, мәтін композициясының негізін құрайды» деген пікірінде шығарманың тұтастығы және ойдың аяқталғандығы сөйлеу формаларына қатысты екендігі баяндалған. Сөйлеу формаларын ол суреттеу, әңгімелеу және ойталқы деп үшке бөледі де, әрқайсысының ерекшеліктерін кеңістік пен мезгілдік құрылымдарға қатыстыра анықтайды. Сөз етіліп отырған бұл мәселе қатынас теориясында өзекті болып табылады. Автор мен оқырманның, не болмаса сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы тілдік қатынас осы сөйлеу формаларының уақыт пен кеңістікке қатысты тиімді

таңдалуында болмақ. Бұл туралы Б.Шалабай: «Сонымен, суреттеу, әңгімелеу, ойталқы – монологтық сөйлеудің құрылымдық-стилистикалық типтерін құрайды. Суреттеу – бейнелеудің кеңістіктегі дамуы болса, әңгімелеу– мезгілдік дамуы, ал ойталқы– логикалық дамуы», –дейді. Сонда ғалымның түсіндіруінде «суреттеуде заттардың және олардың белгілерінің кеңістікте бір-біріне қатарласа орналасуы жүзеге асады. Грамматикалық жағынан мұндай құрылым мәтін компоненттерінің қатарлас байланыстарымен беріледі. Сөйлемдердің басталуы, аяқталуы бірдей тұлғада, сөздердің орналасу тәртібі де біртектес болып келеді. Ал әңгімелеуде оқиға, әрекеттер бірінен бірі туындап, толығып, әрі қарай дамып отырады да, уақыт жағынан кезектілік қатынаста болады. Сонда сөйлем арасындағы байланыс іліктестік сипатқа ие болады. Сөйлемдерді байланыстыруда олардың баяндауыштарының шақтық мағыналарының сәйкестігі, арнайы лексикалық-грамматикалық амал-тәсілдердің (шылау, есімдік, үстеу т.б.) қызметі ерекше мәнге ие. Ойталқыда заттық мазмұн белгілі бір мәселенің, яғни тақырыптың, ойлаудың логикалық дамуы, ізбе-ізділігі түрінде жүзеге асады». Осы тұжырымдар мәтін лингвистикасы бойынша жазылған кейінгі ғалымдардың еңбектерінде байланысу тәсілдері ретінде қаралған. Б.Шалабайдың зерттеулерін қайталап оқи отырып, көзіміз жеткен бір нәрсе мынау: ол – қазақ тіл білімінде мәтін теориясын түзуші алғашқы ғалым.

Б.Шалабайдың оқырмандары оның еңбектерінен көптеген ғылыми-теориялық жаңалықтарды тапты. Соның бірі – ортақ төл сөз, яғни қос үнді сөз. Мұнда автор сөзінің де, кейіпкер сөзінің де элементтері қатысатындығы. Яғни автор өз ойы мен сезімін, бағасын кейіпкердің ойы, көзқарасы тұрғысынан береді. Бұл мәселе мәтін теориясында, автор мен кейіпкер бейнесі мәселесінде аса жоғары мәнге ие. Соған қарамастан бұл мәселеге мәтінді зерттеген ғалымдар тарапынан әлі де болса жеткілікті назар аударылмай келеді. Ғалымның түсіндіруінде қос үнді сөз авторбболмыс – оқырман мәтін –тілдің өзара байланысында маңызды рөлге ие. Болмысты бейнелеуде бірнеше сананың түйісуі орын алады да, мәтін түрінде, көркем тілмен ақиқат шындыққа көз жеткізіледі. Мәтін теориясы мен стилистика теориясын ұштастырған, қазақ тілі стилистикасының дамуына орасан зор үлес қосқан ғалымның осы ой-тұжырымдары әлі де болса, кейінгі зерттеулерге серпіліс берері сөзсіз.

Момынова Б.Қ.
филология ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

Мәтінтану және мәтін талдаудағы стилистиканың алатын орны
(Проф.Б.Шалабаев зерттеулері негізінде)

Тілдің төрт деңгейі, атап айтқанда, фонетика, лексикология, морфология, синтаксис бары бұрыннан белгелі еді. Кейіннен осыған мәтін деңгейі қосылды. Ал қазір тіл білімінде мәтіннен жоғары мәдениет деңгейі айтылады. Қазіргі тілдік талдаулар осы деңгейлерге байланысты жүргізіледі. Тіл біліміндегі типтік қатынастың бірі – парадигматикалық қатынас бойынша төменгі деңгейдің бірліктері одан жоғары деңгей бірліктері құрамында жүреді, мәтіннің тілдік бірліктері мәдени деңгейдің құрамында қарастырылады, сөйтіп сабақтастық сақталады. Сондықтан мәтіндік талдауларда тілдік бірліктердің сематикасы мен мәдени сипаты да ашылады. Мәтіннің мәтінтанудағы, мәтінтүзіліміндегі, мәтінжасамдағы, мәтін құрылымын анықтаудағы, т.б. тілдік зерттеулердегі орны зор екені ертеден байқалған, өйткені мәтін, ең алдымен, лингвистикалық факт ретінде бағаланған және мәтіндік саралау барысында ғана тілдің барынша толық танылатындығы белгілі болған. Егер кез келген теориялық зерттеудің мәні, түйіні анықтамада десек, мәтінге берілген анықтамалардың саны бүгінде 300-ден асып жығылады екен. Оның ішінде, тарихи мәтіндерге және тарихи емес мәтіндерге берілген анықтамалар бар. Себебі мәтіндердің барлық ерекшеліктерін бір анықтамада толық қамту әлі күнге дейін мүмкін болмай отыр.

Мәтін теориясы, ең алдымен, екі ғылым саласын, тіл мен әдебиетті байланыстырып, филологиялық зерттеулердің дүниеге келтіреді. Мәтінтану әдебиеттанудың негізі екені бұрыннан ғылыми еңбектерде айтылып жүрсе, мәтінтанулық зерттеулер лингвистикалық еңбектердің де түпқазығы екені бүгінгі күні белгілі болып отыр, өйткені мәтінге талдау оның лингивистикалық мәтініне жүргізіледі. Екіншіден, мәтінге байланысты зерттеулер әдеби тіл категориясымен тығыз байланыста қарастырылады. Үшіншіден, мәтін мәселесі логика, психология, әлеуметтік лингвистика, тарихпен т.б. де сабақтасып жатыр. Төртіншіден, мәтіндік зерттеулер кітап басып шығару ісі мен кітап шығару мәдениетінің қалыптасып, дамуына ықпал етеді. Себебі мәтінтану библиография, палеография, археография сынды теориядан гөрі практикалық саналатын салалармен де тығыз байланысты.

Тіл білімінде мәтінге байланысты жүргізілетін зерттеулерді мәтінтану («текстология») бағытындағы және мәтін лингвистикасы бағытындағы, дискурстық зерттеулер бағытындағы деп аражігін ашып көрсеткен дұрыс. Зерттеу нысанына қарай жалпы тіл білімінде, әдебиеттануда антикалық әдебиет текстологиясы, жаңа әдебиет текстологиясы, медиевистикалық текстология, түпнұсқалық және аударма мәтіндер текстологиясы, дискурстық талдаулар т.б. бөлінеді.

Мәтінтану мәтін тарихын зерттеумен, көне мәтіндерді танумен байланысты ұғым. Қазақ мәтінтануы туралы айтар болсақ, оның тарихы да, қалыптасуы да бөлек. Қазақ мәтінтанушылары жүргізген зерттеулер көне, орта түркі ескерткіштеріне жасалған талдаулардан, жыр жолдарындағы, көркем шығармалардың мәтіндеріндегі ауытқуларды анықтауға арналған. Тарихи мәтіндердің сырын ашу фольклордан бастап көне және орта түркі жазба ескерткіштерін тануға бағытталады.

Қазақ мәтінтануы ауыз әдебиетін қағазға түсірген кезден басталды деуге бола ма? Мәтінтанушылық бағыттағы ең алғашқы еңбектердің бірі ретінде М.Мағауиннің Ноғайлы жырларына байланысты жазылған зерттеулерін, кешенді тілдік талдаулар берілген, сөздігі бар, түсініктемесі жүйеленген орта түркі жазба ескерткіштерінің зерттеушілері Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықұлы т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Ал аударма мәтіндердегі автор еркі мен автордың түпқазық ойлары сақталуын саралау, пайымдау жөнінде қазақ мәтін теориясында түрен салынбағанын мойындау керек. Аударма сапасын авторлардың өздері қадағалайтыны туралы мақалалардан, естеліктерден оқығанымызбен, салыстырып, талдаған еңбекті кездестіру қиын. Бұл пікір, әсіресе, көп тілдерге аударылған авторлардың шығармашылығына байланысты. Осы орайда үштілділіктің көмегі бір тиетін жер осы болар.

Мәтінтану түпнұсқаны немесе негізгі мәтінге енгізілген өзгертулерді қарастыра ма, техникалық қателіктерді анықтай ма, жаңа емлелік ережеге сай түзетіле ме, бәрібір, ұстанымы автордың шығармашылық еркін тану мен оны қалпына келтіруге, оны өмірге қайта әкелуге бағытталады. Баспа редакторы тарапынан енгізілетін «керемет әрі орынды түзетулер», редактордың көзқарасын мәтінге таңу, стиліне өзгерістер енгізу т.б.толып жатқан әрекеттер мәтінтану ұстанымына қайшы келеді. Мәтінтануда факсимиле, академиялық, сыни мәтіндер сияқты ұғымдар да бар. Бұлардың әрқайсысы ұзақ түсініктер беруге лайықты. Сыни тексеруден өткен мәтінді канондық мәтін деп тану және баспаға ұсыну кеңестік кезеңге тән. Мәтін тізімдері, түпнұсқаға ең жуық көшірмелердің өзі де белгілі бір тарихи кезеңдер үшін, автор үшін маңызды саналады. Авторды белгілеу немесе атрибуция, түсініктердің берілуі, даталардың дұрыстығын анықтау т.б. – бәрі де мәтінтануда маңызды.

Байқалып тұрғандай, мәтінтану – көпжақты, түрлі ғылымдардың салаларын қамтып жатқан, кең сфералы. Ол – бір ғана құжаттың, мәтіннің дәлдігі мен нақтылығын қалпына келтіру арқылы белгілі бір уақыт аралығындағы тілдің күй-қалпын, тұтас бір кезеңнің тілдік сипатын қалпына келтіреді, кейінгі ұрпаққа дәлдікті қалпына келтіруді үйретеді, елді, жерді, тұлғаларды, бір кездердегі сөз саптауды тануға, тілдік бірліктердің мәтін кеңістігіндегі мәні мен қызметін анықтауға мүмкіндік береді. Ол адамдардың ойлау деңгейімен, ойлау қабілетімен ұласатын, зерттеушіден де жан-жақтылықты талап ететін сала, өткен мен бүгіннің арасын жалғастырудың құралы, тілдің даму жолының нақты көрсеткіші.

Мәтіннің әр түрі болады. Атрибуциясына қарай тарихи мәтіндерге байланысты алғанда авторлы және авторсыз мәтіндер болады. Көптеген әндер

халық әні болып саналады. Демек авторсыз мәтіндерге жатады. Мұндай ерекшелік фольклорлық мәтіндерге тән.

Ал мәтін лингвистикасы ұғымын кез келген мәтіннің тілдік бірліктеріне, функционалдылығына, қолданысына, стилистикасына, автордың психологиясы мен логикасына байланысты қарастыруға болады. Мұндағы мақсат автор қаншалықты сол тілді меңгерді, мәтін жөнінде білім деңгейі қандай деген сауалдарға жауап ізделеді және грамматикалық байланыстың сақталуы назарда болады. Мәтіннің тілдік табиғатын ашу, яғни мәтін лингвистикасы жалпы тіл білімінде, сондай-ақ қазақ тіл білімінде жақсы зерттеліп келе жатқан сала деп айта аламыз. Мәтін лингвистикасына арналған еңбектердің алдыңғы легінде академик Р.Сыздық, Б.Шалабай сияқты ғалымдардың монографиялары аталады. Мәтін түрлеріне тоқталу, тілдік бірліктерге талдау жасау, мәтінтүзуші жайттарды анықтау, ондағы мазмұн межесіне тоқталу, оны тұтастай жүйе ретінде алып қарастыру, бөлшектерге, сегменттерге бөлу, бүтін мен бөлшек арасынан логикалық байланысты көре білу, таба алу, т.б. мәселелер мәтінді лингвистиканың зерттеу нысаны дәрежесіне көтерді. Осы авторлардың еңбегінің нәтижесінде мәтін талдау, мәтін лингвистикасына байланысты ұтымды терминдер жүйесі тілде қалыптасты.

Профессор Б.Шалабай: «Кез келген мәтінді зерттеу (ғылыми, публицистикалық, көркем) оны құраушы сөйлемдердің құрылымдық-стилистикалық ерекшеліктерін, элементтерінің байланыстары мен қатынастарының сипатын, контекст пен ситуацияға қатысты ерекшеліктерін ашуға негізделеді»,– дейді. Мәтінтану мен мәтінталдаудың бір-біріне ұқсайтын жақтары да бар, сондай-ақ айырмашылықтары да кездеседі. Мәтінтану шығарма мәтінінің тарихын, тілі туралы тарихи мәліметтерді қалпына келтіру арқылы алдымен автор мүддесін көздейді, көшіруші немесе айтушы, оқырман я болмаса тыңдарман мүддесін көздейді, олардың арасына байланыстырып, жалғастықты табатын ғылым.

Мәтін талдаудың стилистикамен сабақтастығын ғалым Б.Шалабаев өзінің оқу құралында былайша көрсетеді: «тілдік құралдарды басқаша қырынан – қызмет ету, қолданылуы тұрғысынан, сол арқылы олардың адамға әсер етуі жағынан зерттейді. Демек, стилистика тілдік құрылымның элементтерін фонетика, лексикология, грамматика сияқты құрылысы мен мағыналары жағынан зертеумен шектелмейді, сонымен бірге олардың қолданыс кезіндегі ерешеліктерін, мағыналық, эмоционалдық реңктерін анықтайды» [Қазақ тілінің стилистикасы.– Алматы: Республикалық оқулық баспа орталығы.– Алматы, 2006. 1, 5]. Себебі сөздің нақты мағынасы мен қызметі мәнмәтінде, мәтін ішінде ғана айқын көрінеді. «Қазіргі стилистика ғылымы тіл жүйесіндегі стилистикалық ресурстарды мәтіннен тыс түрде қарастырудан гөрі, тілдік қарым – қатынастың әртүрлі саласында қолдану кезінде туындайтын заңдылықтарды, соның нәтижесінде пайда болатын тілдік ерекше ұйымдасуларды зерттеуге көңіл бөлетінін» [1,15] айтып өтеді. Автордың стилистикаға берген анықтамасы, негізгі ұғымдарына тоқталуы, амал-тәсілдер жүйесін саралауы, стилистикалық қателер кетуінің себептерін көрсетуі, талғам

төмендігі, норманы білмеу немесе ескермеудің қателерді тудыратыны нанымды дәлелденген. Әр негізгі мәселені қозғаған тараулардан соң тапсырмалар, әдебиеттер тізімі, өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар, бақылау тапсырмалары тестердің студенттерге ұсынылып отыруы оқу құралының функционалды сипатын аша түскен.

Жалпы, ғалым Б.Шалабаев стилистиканы зерттей жүріп, мәтін мәселесіне бет бұрған. Стилистиканың бағыттарын, аспектісін дұрыс түсіну әрі қарайғы зерттеулерге жол ашқан сынды. Стилистиканың басқа ғылым салаларындай тілдік бірліктері жоқ, өзге ілім саласының жиынтығын зерттейді де, қызмет ету, қолданылуы тұрғысынан, адамға әсері тұрғысынан басымдықпен қарастырады. Стилистиканың маманы ретінде стилистикаға байланысты зерттеулерге шолу жасай келіп, Б.Шалабай құрылымдық және функционалды стилистика жөнінде көркем әдебиет стилистикасы, нормативті, құрылымдық стилистикалардың түрлеріне тоқталады.

Қорыта айтқанда, профессор Б.Шалабаев – өз еңбектері арқылы екі саланың басын түйістіріп, қажетті ғылыми еңбектерді жазған, өз саласының майталманы.

Пайдаланылған әдебиет

1 Қазақ тілінің стилистикасы. –Алматы: Республикалық оқулық баспа орталығы. -Алматы, 2006.

Балтабаева Ж.
филология ғылымдарының докторы, профессор;
Молдасанов Е.М.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

ПРОФЕССОР БЕРДІБАЙ ШАЛАБАЙДЫҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ТІЛІН ЗЕРТТЕУГЕ ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Академик Р.Сыздық «Сөз құдіреті» деген еңбегінің алғы сөзінде: «Осы кітаптың «Сөз құдіреті» деген әсем атауының екі құрамы да астарлы: бұл жердегі «сөз» дегеніміз «тілдің ең кішкентай кірпіші» = «жеке сөз» деген мағынада емес, «тілдің қолданысы» (орысша «речь»), яғни «көркем әдебиеттегі тілдің көрінісі» деген ұғымда жұмсалып тұр, ал «құдірет» сөзі «құпия, тылсым» деген танымда емес, адамға ететін әсер, «қолданыстағы тілдің көркемдік қуаты, күші» деген мәнде келіп тұр. Демек, сөз құдіретін таныту дегеніміз жазушы тілінің көркемдігін, сол көркемдікті жүзеге асырып тұрған тілдік құралдар мен тәсілдерді көрсету болып шығады»[1,3], – дей келіп, көркем әдебиет тілін зерттеудің негізгі мұраты – тілдің өзін емес, оның мүмкіншілігін көрсету екендігін ескерткен [1,5].

Олай болса, көркем әдебиеттегі тілдің көрінісін, оның адамға ететін әсерін, қолданыстағы тілдің көркемдік қуаты мен күшін анықтау оңай жұмыс емес.

Осындай үлкен ізденісті, сарабдал талдауды қажет ететін ғылыми салада профессор Б.Шалабайдың өзіндік орны бар.

Бердібай Шалабай көркем проза тілі және оның ғылыми-теориялық негіздерін анықтау арқылы қазақ тіл ғылымында көркем әдебиет стилистикасын жеке ғылым ретінде қалыптастырды десек, артық айтқандық емес. Оған ғалымның «Көркем әдебиет тілі және оны мектепте оқыту», «Көркем тексті лингвистикалық талдау» (авторлық бірлестікпен), «Көркем проза тілі», «Қазақ көркем прозасының тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері» т.б. еңбектері дәлел.

Көркем шығарма тілін талдау – әдебиеттануға да, тіл ғылымына да қатысты мәселе. Сондықтан да Л.В.Щерба көркем шығарманы түсіну үшін тар тілдік шеңберде қалуға да немесе тек интуицияға сүйеніп, шығарманың идеясы туралы жайдақ пікір айтуға да болмайтындығын ескерткен[2,98].

Көп жылдардан бері филолог мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындарында «Көркем тексті лингвистикалық талдау» атты пән жүргізіліп келеді. Пәннің мақсаты әдеби туындыда пайдаланылған тілдік элементтердің мағына-мазмұнын, эстетикалық қызметін ашып көрсету болып табылады. Осы ретте Б.Шалабайдың белгілі ғалым Р.Сыздықовамен авторлық бірлестікте шығарған «Көркем тексті лингвистикалық талдау» (1989) атты оқу құралының орны ерекше. Бұл құрал жарыққа шыққалы жоғары оқу орындарында аталмыш пән бойынша білім алушылардың негізгі оқу құралы ретінде пайдаланылуда.

Ғалымның көрсетуінше, көркем текстерді лингвистикалық тұрғыда талдауды бірнеше міндет тұрғысынан қарастырып, ұғыну қажет. Оны ғалым төмендегіше сараптаған:

1. Лингвистикалық және стилистикалық талдаулар көркем шығарманы түсініп оқудың жоғары мәдениетін қалыптастырады.Көркем туындыны ой мен сезім арқылы белсенді қабылдауға, оқырманды суреткермен бірге толғантып көркем образды бірге сомдауға баулиды. Сонымен қатар оқушының жалпы тілдік мәдениетін көтереді, тілдік құбылыстарға сергектігін арттырады. Көркем шығарманы өнер туындысы ретінде қабылдап, эстетикалық сезім-талғамының ұшталуына жәрдемдеседі.

2. Әдеби туындының идеялық-көркемдік болмысын шынайы терең түсінуге оның «бірінші элементін» = тілін талдау арқылы ғана қол жетеді. Бұл тұрғыдан тілдік талдау стилистикалық және әдеби талдауларға жәрдемші. Олай болатын себебі, тілдік тұлғалар мен категориялар (дыбыс, сөз т.б.) көркем тексте өздерінің тікелей мәндерінде ғана жұмсалып қоймайды. Көркем текст құрамында жүзеге асатын олардың мән-мағыналарының көлемі, беретін хабар-информациясының аумағы әдеттегіден әлдеқайда кең болады.

3.Көркем шығарма тілі әдеби тіл фактісі болғандықтан, әдеби тілде болып жатқан барлық өзгерістерді өз бойында қамтып отырады. Көркем текстегі сөздер, тіркестер, басқа да тілдік тұлғалар мен категориялар қазіргі әдеби тілде

жоқ, күні өткен ескі не әлі толық ене қоймаған жаңа құбылыс болуы мүмкін [3,8].

Ғалым айтып отырған көркем шығарманы жан-жақты талдай білу,түсіне білу – қай кезде де өзінің құндылығын жоймайтын, қажетті мәселе. Қазір бұл мәселеге мектеп қабырғасынан бастап көңіл бөлінуде. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы бұйрығымен бекітілген «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасында оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен, жұппен және жеке-дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешім қабылдай алу, алған білімін өмірде қолдана алу (өмірге бейімдей алу) сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады деп көрсетілген. Осыған орай бастауыш мектептен бастап «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты оқушылардың тілдік құзыреттіліктерін дамыту, сөздің құдіреті мен әсемдігін түсініп, тілдік құралдар арқылы қарым-қатынас жасау әрекеттерін меңгерту, жазбаша сауаттылығы мен ауызша сөйлеу дағдыларын сабақтастыра қалыптастыру болып табылады. Соған сай жаңартылған білім мазмұны бойынша оқу бағдарламасының мазмұны мәтін түрлері, көркем шығармалар арқылы оқушылардың сөздік қорын жаңа сөздермен байытуды, оқығаны бойынша пікір білдіруді және оны дәлелдеуді, белгілі бір тақырыпқа байланысты өз ойын толық, жүйелі, түсінікті етіп ауызша және жазбаша жеткізе білуге дағдыландыруды, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, мүмкін болатын жауаптарды болжап, өзін-өзі бағалауды, мәтін бөлімдері арасында мағыналық байланыс орнатуды, жоспар құруды, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды қамтиды[4]. Осы мақсаттарға сай бастауыш сыныптардан бастап, әңгімелеу, сипаттау, пайымдау мәтін түрлерін және құрылымдық бөліктерін анықтау, мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау, берілген тақырыпта әңгімелеу, сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрап жазу, стилистикалық қателерді мұғалімінің көмегімен анықтап түзету секілді талаптары қойылып отыр. Олай болса, ғалымдар сөз етіп отырған көркем текстерді лингвистикалық тұрғыда талдаудың тұжырымдары қазіргі мектеп бағдарламасымен де тығыз ұштасып жатқандығын байқауға болады.

Проза тілін зерттеуде Б.Шалабай көркем шығарма тілін өнер құбылысы (өнер тілі) ретінде келіп, көркем тілдің қалай жасалатынын, оның жай тілден нақтылы сараланған ерекшеліктерін, бейнелілігінің қыр-сырын ашуда нақты көркем шығармалар тіліндегі қолданыстарға сүйенген. Мәселен, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Б.Майлин, Ж.Аймауытов, Ғ.Мүсіреповтің прозалық шығармаларын талдай отырып, автор бейнесінің тілдік қалыптасуының көрінісін, баяндау құрылымының ерекшеліктерін айқындау арқылы автор бейнесін жасаудағы мәнін, қызметін дәйектеген.

Прозалық шығармаларды талдай отырып, көркем әдебиет стилистикасының теориялық мәселелерін ғылыми тұрғыда анықтаған.

Ғалымның пайымдауынша, көркем сөз стилистикасы қолданымдық (лингвистикалық) стилистиканың қарамағына жатса, көркем әдебиет стилистикасы өнертану, эстетика, поэтика сияқты ғылым салаларымен тығыз байланыста, қарым-қатынаста, бірлікте болады[5,16].

Одан әрі ғалым көркем шығарма тілін зерттеуге әр ғылым саласы өз ұғым-түсініктері арқылы, зерттеу міндеттерінің талаптары тұрғысынан келеді дей келіп, көркем шығарма тілін зерттеудің мынадай қырларын ұсынған:

1.Таза тілдік қыр. Қай шығарма болмасын, ол – өз тұсының тілдік бет-бейнесінің көрінісі. Сол сияқты көркем шығармада тілдің әр деңгейдегі құрал, амал-тәсілдерінің жүйесі таңбаланады. Онда тек қолданыс қана емес, тілдік норма (узус), жүйе көрініс табады. Бұл орайда нормативті тіл ғылымы әбден тұрақталған қағидаларын дәлелдеу үшін мысалдарды көркем шығармалардан алатыны да осыған байланысты.

2. Стилистикалық қыр. Бұл жағдайда көркем сөздің әдеби тілдің функционалды стилі ретіндегі өзіндік сипат-ерекшеліктері ашылады.

3. Көркем-эстетикалық қыр. Көркем шығарманың тілі сол шығарманың көркем бейнелі мазмұнын құрушы (ұйымдастырушы) эстетикалық категория ретінде анықталады. Бұл жағдайда тіл өзі жасайтын көркем бейнелермен бірлікте, көркем дүниені жасаушы бір (әрі негізгі) компонент ретінде қаралады[5,16].

Қандай да болмасын ғылыми мәселені жаң жақты зерттеудің өзіне тән зерттеу әдіс-тәсілдері болатындығы белгілі жайт. Сондықтан қаламгерлер шығармаларының тілін талдау, сол арқылы «көркем әдебиет тілін зерттеудің негізгі мұраты – тілдің өзін емес, оның мүмкіншілігін көрсету»,–екендігін терең түсінген ғалым көркем шығарма тілін зерттеудің жолдары мен әдіс-тәсілдерін де қарастырған. Зерттеуші бұған синтетикалық, құрылымдық және статистикалық әдістерді жатқызған. Әсіресе, көркем шығарма тілін талдауда синтетикалық әдісті негізгі әдіс ретінде қарастыра келіп, осы әдіс арқылы жанр тілінің ерекшелігін, жазушы стилінің өзгешелігін тілдік тұлға мен бейнелі-идеялық мазмұнның бірлігін қамтамасыз етіп ашуға болады деген тұжырым жасаған [5,21]. Ал құрылымдық және статистикалық әдістердің синтетикалық әдіске көмекшілік қызмет атқарады деп дәйектеп, оның себебін – көркем шығарманың идеялық мазмұны, жазушының көзқарас-танымы бұл әдістерді қолданғанда зерттеу аймағынан белгілі дәрежеде сырт қалып қоятындығымен, мұның көркем әдебиет стилистикасының мақсатына сай келмейтіндігімен дәлелдеген.

Ғылымда стилистиканың шеберлік туралы ғылым саласы екендігі, оған тілдің көріктеуіш құралдары, солардың көркем әдебиетте қолданылу жайы қарастырылатындығы белгілі. Осы ретте көркем әдебиет стилистикасында шығарманың композициялық-стилистикалық құрылымының тұлға-бірліктерінің рөлі ерекше. Ғалым Б.Шалабай өз зерттеуінде ондай тұлға-бірліктерге – әңгімелеу, суреттеу, ойталқы және диалогты жатқызып, олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталған. Ғалымның көрсетуінше, әңгімелеу = көркем прозаның негізгі баяндау формасы болады және әңгімелеудің тұлғалық,

құрылымдық мазмұнын оқиғалардың мезгілдік ізбе-ізділігі, құбылыстардың бірін-бірі ауыстыруы құрайды. Одан әрі ғалым суреттеу болмыстың белгілі бір қалпын, күй-жайын толықтай беру үшін қолданылатындығын, ойталқы түріндегі баяндауларда ой, тақырып не белгілі бір мәселенің дамуы бейнеленетіндігін көркем шығармалардан алынған нақты мысалдар арқылы дәлелдеген.

Ғалымның өз зерттеуінде – «автор бейнесі» ұғымының қазақ стилистикасындағы мазмұны мен құрылымы,түрлерін айқындауды да мақсат етіп қояды. Бұл мәселені де жан-жақты зерделейді. Алдымен көркем шығармалардағы автор бейнесінің тілдік көрінісін, яғни автор бейнесінің тілдік құрылымына, жасалу ерекшеліктеріне, түрлеріне тоқталады. Ғалымның көрсетуінше, автор бейнесі – «өмірбаяндық емес, құрылымдық-көркемдік, көркем тілдік категория». Оны мынадай екі ұғыммен байланыстырған:

1) шығарманың субьектісі, яғни шығарманың белгілі бір көркем-идеялық көзқарастармен ұласқан, өзіндік көркемдік әлемін туғызушы субьекті;

2) көркем шығарманың ұйымдастырушылық орталығы болып табылатын тілдік құрылымы [5,22].

Б.Шалабайдың пайымдауынша, автор бейнесі – дамып отыратын тарихи категория, нақты авторлық белгіге ие болған сайын, шығарманың көркемдік, идеялық құрылымы кеңейеді, күрделене түседі. Ғалым бұл тұжырымдарын белгілі прозалық шығармаларды талдау арқылы, атап айтқанда Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Б.Майлин, Ж.Аймауытов, Ғ.Мүсіреповтің прозасындағы автор бейнесінің көрінісіне, ерекшеліктеріне және автор бейнесін жасаудағы баяндау түрлерінің қызметіне кеңінен тоқталып, зерделеген.

Қорыта айтқанда, профессор Б.Шалабай көркем әдебиет стилистикасының ғылыми-теориялық негізін жасауда үлкен нәтижелерге жетті. Ол сондай-ақ бұл салада бірнеше шәкірттер тәрбиелеп, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды.

Сөз соңында, тіл атты киелі қазынаның, көркемсөз шеберлерінің тілін талдап-танытуда көп тер төккен ғалым ағамызға бүгінгі мерейтойында шығармашылық белестердің биігінен көріне беруін, денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сыздық Р. Сөз құдіреті.–Алматы: Санат,1997.– 224 б.

2. Щерба Л.В. Избранные работы по русскому языку.М.,1957.

3. Сыздықова Р., Шалабаев Б. Көркем тексті лингвистикалық талдау. – Алматы:Мектеп,1989.

4. «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім академиясы, 2017.

5. Шалабай Б. Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми - теориялық негіздері. Филол.ғыл.докт...дисс.автореф. - Алматы: Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті,1997.– 44 б.

Мұратова Г.Ә.
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ПРОФЕССОР Б.ШАЛАБАЙ – МӘТІНТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ БЕЛДІ ӨКІЛІ

Қазақ тіл білімінің әрі қарайғы дамуы жолында өзіндік үлес қосып келе жатқан ғалым-зерттеушілер қатарында филология ғылымдарының докторы, профессор Бердібай Шалабайдың орны айқын.

Қазақ тіл білімінің жекелеген салаларының толысып-толығуы және жеке пән ретінде жүйеленіп-қалыптасуы барысында тілге қызмет етіп, нақты ғылыми ой-тұжырымдарын арқау еткен зерттеулер авторы – ғалым Б.Шалабай еңбектерінің салмағы зор. Осы орайда, мәтін теориясы мәселесіне қатысты зерттеулері алдымен ойға оралады.

Ғылымдағы жаңа парадигмаға сай мәтін лингвистикасына бағдар түзуі – ғалым белсенділігінің дәлелі болса керек. Ал ғалымның ғылыми ізденістерінің динамикасы тіл біліміндегі жаңа бағыттардың өрістеуімен өрелес келіп, теориялық ой-түйіндер жасауға жетелейді.

Жаңа таным аясында *мәтінді талдау* мен *мәтінді тану* сияқты күрделі мәселені шешуді жолға қоя отырып, мәтін табиғатын саралау – профессор Б.Шалабай ізденісінің өзегіне айналған. Оның басты уәжінің бірі – бүгінгі таңдағы ғылым атаулыдағы интеграциялық үдерістерден тіл білімі саласы да сырт қала алмайтындығымен тығыз байланысты. Осы бағыттағы ізденістер қатарында Б.Шалабайдың қазақ көркем прозасы тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздерін анықтаған еңбегін; көркем әдебиет стилистикасын; көркем текстi лингвистикалық талдауға қатысты зерттеулері мен ғалымның жетекшілігімен қорғалған ғылыми диссертациялар нысанын атап көрсеткен жөн. Қазақ тіл білімінде мәтін лингвистикасының бастауындағы академик Р.Сыздықтың ізін ала мәтін теориясына қатысты ойларын ғылыми ортаға танытып жүргендердің бірі де бірегейі – профессор Б.Шалабай.

Ал мәтін лингвистикасын жаңа парадигма аясында зерделеуге бағдар сілтейтін еңбектер қажеттілігі дау туғызбайды. Ғалымның ғылыми интенциясы мәтінтану бағытын тілдегі соны (тың) ғылыми парадигмамен ұштастыруға тікелей бағытталған. (Мәтінге қатысты пікірлерді сараптағанда тілші-зерттеушілер Б.Шалабаев анықтамасына жиі жүгінеді.)

Мәтін талдау аспектілері аясында басталған жаңа филологиялық бағыттың арнасын қазақ тілтанымында соны ізденістерімен кеңейтіп келе жатқан бірқатар зерттеулер – ғалым Б.Шалабай үлесінде. Мына ой-тұжырымдары соның дәлеліндей: «Мәтін – тіл жүйесіндегі өзінің мәні мен болмысына сай, сөйлемдердің жай ғана тізбегі емес, мағыналық – күрделі тұлға», – дей келе, әрі қарай мәтіннің логикалық, грамматикалық, мағыналық байланыстарға негізделетініне және тиянақты мазмұны бар коммуникативтік бірлік болатынына байланысты талдаулар жүргізеді. Нәтижесінде, тілдік бірліктердің

мәнін ашу арқылы негізгі идеяға бағытталған көркемдік әлемді тануға мүмкіндік аламыз. Көркемдік әлем көркем шындықты танытса, көркем шындықтың бағдары – өмір, нысаны – адам және адамтану мәселесі деген ұстанымға сүйенеміз. Мәтінтанымға қатысты ойларын ғалым былайша тұжырымдайды: «Мәтін түзілу үшін тілдік құрылымдар белгілі бір жүйеде байланысады. Жүйелі байланыста ұжымдасып, сөйлеушінің ұстанымына сәйкес бағыт түзеген сөйлеу бірлігі – мәтін деп аталады» [1,29].

Мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық қызметін анықтау үшін жекелеген қолданыстардың семантика-синтаксистік құрылымын талдаумен шектелу, әрине, жеткіліксіз. Жалпы заңдылықтар контексінде ішкі логикалық-мағыналық және сыртқы формальдық-грамматикалық бірліктерді негізге ала отырып, мәтін категорияларын жүйелеу – ғалым зерттеуінің толымдылығын, тереңдігін, объективтілігін танытса керек.

Бүгінгі қазақ тіл білімінің зерттеу бағыты құрылымдық лингвистикадан когнитивтік, антропологиялық лингвистикаға ауысуына байланысты, зерттеу нысаны тереңдей түскені белгілі: лингвист ғалым Б.Шалабайдың талдаулары, яғни мәтінді талдауы тілді жеке адаммен, оның ұлттық ойлау болмысымен байланыстыра қарауға жетелейді, соған сілтеме береді. Сол себепті, ғалым зерттеуінің басты мақсаты – вербалды– коммуникативтік тұрғыда тілдегі адам факторының орнын айқындау. Ал, бұл өз кезегінде жаңа ұстанымдағы антропоөзекті сипат иеленген зерттеуді талап ететіні сөзсіз.

Ғалым шындықтың адам санасында сәулеленуінің мәтін арқылы көрінісін Б.Майлин, Ж.Аймауытов, Ғ.Мүсірепов сияқты сөз зергерлерінің көркемдік әлемі арқылы танытады. Бұнда автор бейнесіне – шығарманың жұлыны (өзегі) ретінде – баса мән бере отырып, көркем әдебиет тілі теориясындағы көкейкесті мәселенің бірін, (автор бейнесін) ғылыми тұрғыда сипаттайды. Атақты В.Виноградов, М.Бахтин зерттеулерінен бастау алып, отандық тіл білімінде М.Балақаев, Р.Сыздықова, Г.Әзімжанова, Б.Шалабай зерттеулерімен толыға түскен көркем мәтінді талдаудың ғылыми-теориялық бағыттары сан алуан. Жазушының өзіндік қолтаңбасын анықтауға мұрындық болатын сол – автор бейнесі. Бұл категория – көркем мәтін құрылымын байланыстырушы, (бүтіннің бөлшегін) тұтас жүйені «цементтеп» тұрған автор бейнесі – ғалым ұстанымдары арқылы теориялық тұрғыда өзектеліп, практикалық деңгейде көрініс тапқан.

Көркем шығарманың толымды *көркемдік* деңгейге жетуінің өзі сол шығарма авторының шеберлік деңгейіне, сондай-ақ, автордың сөз құдыретін таныта алар биік парасатына байланысты екенін теориялық тұрғыдан өзектендіреді. Ғалым автор бейнесін қазақ стилистикасындағы негізгі категория ретінде қарастырады, оның тілдік сипатын ғылыми негіздеп беруді де ғалым өз «міндетіне алады»: автор бейнесін, (категория мәртебесінде) белгілерін, ерекшеліктерін, тілдік құрылымын айқындайды.

Мәтін танудағы автор бейнесі категориясын тілдегі жаңа ғылыми парадигмамен ұштастыра алған ғалым – мәтін лингвистикасы сияқты күрделі саланың өзекті мәселелерін жаңаша анықтауды мақсат тұтып, көркем мәтін

талдаудың ғылыми-теориялық негізін тереңдетеді. «Автор бейнесі: шығарма тілінен, баяндау құрылымынан, баяндау типтерінен тұратын көркем тілдік категория» – деген анықтама береді. Сонымен сабақтастыра, көркем баяндау түрлерін анықтап, олардың әрқайсысының ерекшелігін, сипатын ашып көрсетеді [1,129].

Қазақ тіл білімінде көркем шығармадағы баяндау мен оның құрылымына қатысты алғаш ой түйген, ғылыми негізін қалаған – тұңғыш лингвист-ғалым А.Байтұрсынов болса, бұл мәселе одан әрі Р.Сыздық, А.Жұбанов, Б.Шалабай, Х.Кәрімов, Ж.Жақыпов т.б. ғалымдар тұжырымдарымен толыға түсті.

Мәтін категориясының күрделілігіне байланысты зерттеушінің зерделейтін тұсы әртараптылығымен айқындалып отырғанын бағамдадық. Мысалы, мәтін түзімі мен шығарма архитектоникасын жасауға қатысатын қайталамаларға (көркемдеуіш құрал ғана емес) қатысты да ой түйеді: Профессор Б.Шалабай қайталама құбылысын қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік тұтастық мәселесі аясында сараптайды. Ол қайталаманың көркем мәтіндегі қолданысын таразылай келіп, синтагмалық және сөйлем деңгейіндегі (бұрын қарастырылмаған! Г.М.) түрлерге жіктейді. Сөйлем ішіндегі қайталану жиілігіне қарай: қос қабатты, үш қабатты қайталаулар деп айқындайды да, стилистикалық әдіс деп белгілейді. Ал кейбір ғалымдар қайталауды грамматикалық категорияға жатқызып, «оның негізгі міндеті – жаңа мағына қалыптастыру»,– деп белгілеген болатын. Осы тұста да ғалым өз көзқарасын танытып, «қайталама грамматикалық мағына қалыптастырумен шектеліп қалмай, стильдік құбылыс та бола алатынын» дәлелдей алды және көркем мәтін тілін талдау барысында нақты мысалдар арқылы сол ойларын бекіте түсті. Мысалы, «Ғ.Мүсірепов стилінің даралық ерекшелігі сонда: автор өз шығармаларында таным дүниесін тілдік құралдар арқылы өзінше бейнелейді»,– дей келе, [1,81] көбінесе синтаксистік құралдар, оның ішінде, синтаксистік қайталаулар арқылы жүзеге асатынын баса көрсетеді ғалым.

Мәтінтанушы Б.Шалабай жетістігінің бірі: мәтіндердің вербалды құрылымындағы прагматикалық мақсатты көздей қолданылған тілдік бірліктердің әлеуетін бірден салмақтай алғандығында.

Ғалым Б.Шалабаев өз зерттеуінің бағыт-бағдарына орай Абайдың тілдік тұлғасын зерделеуді де мақсат тұтады. Соған орай, Абай Қарасөздерінің табиғатын мәтінтану аясында талдайды. Ал Абай Қарасөздерінің жанрын анықтауда бірізді көзқарастың қалыптаспағанын ескерсек, Қарасөздердің «негізгі баяндау формасы – ойталқы» деп анықтауы назар аударарлық.

Б.Шалабай: «Абай Қарасөздерінің негізгі баяндау формасы – ойталқы. Бұл форманың таңдалып алынуының негізгі екі себебі бар. Біріншіден, Абайдың өз болмысы, өз бейнесі осы баяндау формасын қажет етеді. Абай тұлғасы – ойланушы, толғанушы, сынаушы, мінеуші тұлға және ол жазғандарынан тікелей көрінеді. Ол өз халқын жаман қасиеттерден арылтып, озық елдердің қатарына қосуды арман етеді. Міне, осы жағдай оның Қарасөздерінің баяндау формасын, тілдік құрылысын белгілейді. Екіншіден, Абай сөздерін жанры жағынан бір түрге жатқызуға болмайды. Қарасөздерде кем дегенде үш түрлі

жанрдың басы біріккен, олар – ғылыми, көсемсөз және көркемөнер жанрлары. Бұл да қара сөздің баяндау формасын анықтауға қатысады.

Абай сөздерінің баяндау құрылымында жалпы ойталқыға тән баяндау элементтері толық қатысады. Олар: мәселенің қойылуы, дамытылуы және қорытынды шығарылуы» [1, 83], – деген тұжырымдары – Абай тілдік тұлғасын танытуда иек артар – ұстанымдар болмақ.

Біз Абай тілдік тұлғасына байланысты зерттеуімізде Қарасөздер жанрын эссе деп танып, айқындаған болатынбыз. Абайдың ой-толғамын эссе көздейтін құндылыққа балап, эссенің сипатын айқыдаушы факторлар қатарына қосқанбыз. «Эсседе автордың өзін толғандырған мәселеге қатысты ой-толғауы ең басты рөл атқарады. Ал автордың ой толғамы және ондағы ой қазығы – эссенің құндылығы болып табылады», – деген пікіріміз бен профессор Б.Шалабай пікірінің үндестік табуы – объективті ұстаным болғандығын дәлелдейді [3, 224].

Біз: «мәтін – коммуникативтік бағыттағы, нақты бір *ақпаратты* өз бойына жиған, әрі өзгеге жеткізе отырып, белгілі бір *уақыт пен кеңістіктен* мәлімет (дерек) беретін, *жеке тұлғаның рухани әлемін* ашуға ықпалы зор күрделі тілдік таңба», –деп анықтағанбыз. Курсивпен алынған бұл белгілердің бәріне Абай мәтіні жауап бере алады, яғни мазмұны, уақыт пен кеңістігі, тұлға әлемі дегендер Абай дискурсында қалай көрініс тапқаны ой-толғаулар арқылы өзектеле түскен. Осы тұста, зерттеуші Б.Шалабайдың Абай тілдік тұлғасына қатысты ұстанымдары өзінің теориялық негіздемесімен құнды деп есептейміз.

Қазақ лингвистикасында мәтінтануға байланысты жаңалығы мол көзқарасын уәжді түрде көрсете алған ғалым зерттеулері сол күрделі мәселенің көп сұрақтарына жауап болады деп есептейміз.

Ойымызды филолог-ғалым Б.Шалабай талдаған мәтін арқылы қорытындылауды жөн көріп отырмыз.

«Қуанған мен күлгенге қызыға қарар бір кезең әркімнің де алдында тұрмақ. Жан-жағына сабырмен, салмақпен қарап, сол белінде тұрған адамды шыққан күннің шұғыласы жаңа қуаныш жаңа күлкісімен, жаңа тілек, жаңа істерімен қызықтыра қаратады... Жаңарған дүниені көргендей белде тұрған адам өзі де қуанғандарға – мақұлдауын, күресе білгенге – мақтауын қосады. Ол артына қарап өкініш көруі мүмкін, бірақ алдына қарап үміт көреді». («Оянған өлкеден» үзінді). Бұл микромәтін ғалым Б.Шалабай анықтағандай, авторлық монолог пен ой толғаудың сипатын қоса иеленген деп белгілейміз, бірақ мәселе онда емес. Біздің айтпағымыз, тұтас бір абзац, күрделі синтаксистік тұтастықты қамтып тұрған автор бейнесін ашатын осы ойларды Ғ.Мүсіреповке де, Б.Шалабайға да тән *ортақ төл сөз* деп қабылдайық. Шалабай тілімен айтсақ, «Жазушы шебер қолданатын тәсіл – ортақ төл сөздер. Автор сол арқылы өз көкейіндегі жайларды айтады, өзінің көкейкесті ойларын білдіреді». Бұл ойларды жазушымен жарыса оның оқырманы ғалым ағамыз да айтып тұрғандай. Немесе көркем мәтін авторы мен ғылыми еңбек авторы ортақ ойды толғаған дейміз бе? Қалай болғанда да, мәтіннің прагматикалық әлеуетін сезінуге тура келеді. Олай болса, мәтінде айтылғандай, шыққан күннің

шұғыласы жаңа қуаныштар шашсын! Ғылымдағы ағамызға біз де, үкілі үміті желбірей берсін, жаңа биіктерге шығып, жаңа табыстарға жете беріңіз деген тілек білдіреміз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Шалабай Б. Қазақ көркем прозасының тілін зерттеудің ғылыми – теориялық негіздері. А., 1997.– 129 б.
2. Шалабаев Б. Көркем проза тілі. А., 1994.– 128 б.
3. Мұратова Г.Ә. Абайдың тілдік тұлғасы (монография). А., 2016.– 256 б.
4. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. А., 1999.– 197 б.

Оразбек М.С.
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ТІЛІН ЗЕРТТЕУДІҢ БІЛГІРІ

Бердібай Шалабай – тіл білімі саласын зерттеуге зор үлес қосқан елімізге танымал ғалым. Қазақ тілінің синтаксисі, стилистика, көркем шығарманың тілі мен мәтін лингвистикасын зерттеген еңбектері бүгінде қазақ тіл білімінің дамуындағы зор жетістік болып саналады.

Ғалым Бердібай Шалабайды А.Байтұрсыновтың ізін жалғастырушы десек қателеспейміз. А.Байтұрсыновты өзінің тіл теориясының негізін қалаған еңбегі арқылы тілші ғалым ретінде танимыз. Сондай-ақ, «Әдебиет танытқыш» еңбегінде «сарындаушы» [1,450], «әуезелеуші», «толғаушы» [1,407] деп автордың көркем шығармадағы баяндаушылық қызметі туралы ең алғаш сөз қозғап, автор мәселесін зерттеуге көңіл бөлген еді. «Қара сөз», «дарынды сөз» деп көркем шығарманың тілдік ерекшелігін де талдап түсіндірген болатын болатын. Ендеше ғалым Бердібай Шалабай зерттеген көркем әдебиет тілі мен шығармадағы баяндау типі, әңгімелеуші, автор образы мәселелері әдебиеттану ғылымының да зерттеу обьектісіне жатады. Сондықтан ғалым тіл және әдебиеттану ғылымында шығарманың көркемдік ерекшелігін зерттеуге айтарлықтай үлес қосты деп батыл айта аламыз. Бұл жағынан келгенде шындығында да А.Байтұрсынов қозғаған сөйлем құрылысы, сөз тіркесі және шығарманы баяндау амал-тәсілдерін тереңдете зерттеді. Сонымен қатар әлемдік филолог ғалымдардың еңбектеріндегі көркем әдебиет тілі туралы ғылыми тұжырымдарды қазақ әдебиеті шығармаларын зерттеу негізінде жетілдіріп, дамытты.

Орыс филологтары В.Виноградов, Г.О.Винокур, А.Потебня еңбектеріндегі поэтикалық тілдің ерекшелігі, стиль, баяндау формалары мен автор образы мәселелерін қазақ тілі материалдары бойынша қарастырып, Абай, Ыбырай Алтынсарин, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ж.Аймауытов, С.Көбеев, Б.Майлин т.б.

жазушылардың шығармаларын талдау арқылы қазақ көркем әдебиет тілінің тарихы мен дамуы, қалыптасу ерекшелігі туралы салмақты ғылыми тұжырым жасады.

Осы уақытқа дейін ғалымның қазақ тілінің синтаксисі, көркем әдебиет тілі мен стиль ерекшелігі, автор образын зерттеуге арналған бірқатар еңбектері жарыққа шыққаны баршаға белгілі.

«Көркем әдебиет тілі және оны мектепте оқыту» деп аталатын еңбегінде көркем әдебиет тілінің тарихын көне антикалық дәуірден бастап қарастыра отырып, дүниежүзілік даму тарихын жүйелеп береді. Сондай-ақ, көркем әдебиет тілін талдаудың төрт түрлі аспектісін ұсынды. Біріншісінде «...белгілі бір жазушының, немесе нақтылы бір шығарманың тілі негізінде жалпы халықтық тілдің белгілі бір құбылысы түсіндіріледі»[2] яғни, белгілі бір жазушының шығармасы халықтық тілдің құбылысы ретінде ұсынылса, екінші аспектісі «көркем әдебиет тілінің тарихын әдеби тілдің тарихы ретінде түсініп, сол тұрғыдан талдау», ал үшінші және төртінші аспектілері «жазушы тілін шығарманың көркемдік, эстетикалық қасиетін анықтайтын сапалардың бірі ретінде талдау» және «белгілі бір жазушының стильдік жүйесіне тән ерекшеліктерін, ішкі заңдылықтарын ашу міндеттері қойылады» [2]. Сондай-ақ аталған кітапта тілдің қатынас құралы бола тұра эстетикалық маңызына тоқталады. «Көркем әдебиеттің бейнелі тілі барлық сөздердің өзара қарым-қатынасы арқылы, олардың ырғақтық-әуендік және дыбыстық жағынан ұйымдасуы арқылы жасалады» [2] деген тұжырым жасайды. Тілдің көркем болуы сөйлемдердің өзара байланысуы арқылы және дыбыстық, әуендік жағынан да үйлесім табу керек деген ойға жетелейді.

Аталған еңбекте әлемдік әдебиетте сөз болып келе жатқан стиль мәселесін арнайы зерттейді. Қазақ әдебиетінде стиль мәселесін зерттеген ғалымдар санаулы ғана екені белгілі. Бердібай Шалабай жалпы «стиль» терминіне талдау жасай отырып, стиль даралығы деген мәселені қозғайды. Бұл ретте стильді зерттеген ғалымдарды екі топқа бөліп қарастырады. Олардың біріншісі жазушы стиліне оның дүниетанымын, шығарманың тақырыбы мен мазмұнын тұтас алып қарайтын көзқарасты жатқызады. Бұл топқа Д.С.Лихачев, Я.Э.Эльсберг, В.М.Жирмунский еңбектерін жатқызады. Екінші топқа стильдің ең маңызды ерекшелігі тіл деп қарастыратындарды жатқызады. Бұл ретте В.Виноградовтың «жазушының даралық стилі дегеніміз тілдік бейнелеудің көркем әдебиеттің белгілі бір даму кезеңіне тән құралдарын жекелік-эстетикалық тұрғыдан қолдану жүйесі»[3, 85] деген пікіріне сүйенеді. Ол туралы ғалымның өзі де «Көркем әдебиет тілі ғылымының зерттеу объектісі – стильдің тілдік жағы» дей отырып жазушы дүниетанымы мен тілі арасындағы қатынастың стиль мәселесінде әлі күнге дейін шешілмей келе жатқанына бас мән береді.

Жалпы филология ғылымында көркем шығарма тілін зерттеген еңбектер бірталай болғанымен, шығарма тілін оқытудың әдіс-тәсілдерін ұсынған еңбектер аз. Әсіресе қазақ әдебиеттануы мен тіл білімі саласында мұндай оқулықтар күні бүгінге дейін тапшы екенін жасырмаймыз. Өзінің саналы ғұмырын жас ұрпақты оқытуға арнаған ғалым көркем шығарма тілін

зерттеумен қатар, оны оқытудың, шығарма мәтініне әдеби және лингвистикалық талдау жасау жолдарын ұсынды. Аталған еңбегінде М.Әуезовтың «Абай жолы» роман эпопеясындағы халықтық сөздердің қолданылу ерекшелігі мен жазушының сөз мағынасын күшейте қолданған тұстарын атап көрсете отырып, негізінен Ғ.Мүсіреповтың «Оянған өлке» романының тілін талдау арқылы көркем шығарма тілі мен автор ойының үйлесімін анықтап берді. «Ғ.Мүсірепов стилінің өзіндік ерекшелігі сонда, автор өз шығармаларында тілдік құралдар арқылы өзінің дүниеге терең мәнді жеке, сонымен қатар жалпыға ортақ азаматтық көзқарасын өрнектейді. Авторлық «мен» романда жасырын, бүркеулі жатпайды. Ол жақсы көретінін ашық жақсы көреді, жек көретінін ашық жек көреді, ашық мысқылдайды» деп басқа жазушыларға ұқсамайтын қырларын айқындайды. Сондай-ақ, аталған бөлімде жазушы шығармасында сөйлем құрылысының нақты әрі бейнелі болуы синтаксистік тұтастыққа байланысты екеніне жете назар аударды. Ол үшін ортақ төл сөздер мен синтаксистік қатарладың да өзіндік орны бар екені анықталды. Әсіресе Ғ.Мүсірепов шығармасында баяндаудың экспрессивті-эмоцианалды жағын күшейту үшін синтаксистік параллельдерді, сөйлемнің бірыңғай мүшелерін орынды қолданғанын нақты мысалдармен дәлелдейді.

Ғалым Белгібай Шалабайдың «Көркем проза тілі» деп аталатын еңбегі екі бөлімнен тұрады. «Проза тілінің теориясы» деп аталатын бөлімде көркем шығарманы стилистикалық талдаудың негіздеріне тоқалу барысында шығарма мазмұнын баяндаудың монологтық тәсілінің екі формасы «суреттеу» мен «әңгімелеу» және одан тыс «ойталқы» деп аталатын формаларын талдап береді. «суреттеу, әңгімелеу, ойталқы – монологтық сөйлеудің құрылымдық-стилистикалық типтерін құрайды. Суреттеу – бейнелеудің кеңістіктегі дамуы болса, әңгімелеу – бейнелеудің мезгілдік дамуы, ал, ойталқы – оның логикалық дамуы» [4, 85] деген ғылыми тұжырым жасайды. Осы аталған еңбегінде «автор образы» мен баяндаушы мәселесіне тоқталады. ХХ ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап автор мәселесі орыс әдебиеттануында қарастырыла бастағанын білеміз. М.Бахтин, Эйхенбаум, В.Шкловский В.Виноградов еңбектерінде кеңінен сөз болды. В.Виноградов шығармаға автордың қатысын «автор образы» тұрғыснан қарастыруды ұсынған болатын. «Автор образы бұл ақынның шығармашылығында жасалынған образдың басты бір ерекшелігі. Ол өз биографиясының да көркем– бейнелілік элементтерін қамтып, жүзеге асырады... Лирикалық “мен” – бұл автордың образы ғана емес, сонымен қатар адамзаттық үлкен қоғамның өкілі” [5,113] деп автор образын оның шығармасында қамтитын қоғамның өкілі ретінде таныды. Автор образында көркем– бейнелілікке жоғары мән берді. Ғалым Белгібай Шалабай өз еңбегінде «автор бейнесі – шығармадағы барлық стилдік құралдарды біртұтас тілдік-көркем жүйеге біріктіруші орталық стилистикалық категория, шығарманың стилистикалық жүйесінің ішкі діңгегі. Ол – шығарманың ішкі бірлігі мен тұтастығының арқауы» [4, 85] деп бағалады. Ғалымның автор образына қатысты бұл ойы В.Виноградов ойларымен де М.Бахтин тұжырымымен де сабақтасады. Себебі автор образын белгілі кейіпкердің образы немесе нақты

автордың өзі деп қабылдамайды. Мұнда баяндаушыға зор маңыз береді. Бұл туралы М.М.Бахтин: «Әдеби шығарма авторы тек тұтас шығармада ғана қатыса алады [присутствует] және осы тұтас дүниеден бір сәтте бөлінбейді, бәрінен бұрын мазмұн тұтастығынан алшақ тұрған емес. Ол мазмұн мен форманың құйылысып, ажырамас күйге айналған тұсынан табылады» [6, 382]. «Шындығында, автор өзінің жеке бейнесін емес, көркем шығарманы жазу барысында әрқилы образдар жасай отырып, объективті өмірді, субъективті сананы суреттеуге ұмтылады» [7, 27].

Ғалым автор бейнесінің баяндаушының әңгілемеу формасынан танылатынына жете мән беріп, баяндаушының үш түрлі типін анықтайды: «Үшінші жақтан әңгімелеуші шығармада баяндалатын жайлардан тыс тұрады.... Әңгімелеу бейтарап мәнде, ірі тұрғыда алынып, зат, көріністер толықтай, ерекше дәлдікпен тәптіштей сипатталады. Ондай баяндаудың тілі – әдеби тілдің ең жоғарғы үлгісі. Бірінші жақтан әңгімелеу («мен») формасының ерекшелігі – баяндаудың субъективтілігімен, шындыққа ерекше жақын болып көрінуімен байланысты... Әңгімелеудің үшінші түрінде автордың орнын әңгімелеуші-кейіпкер басады» [4, 85]. Осындай әңгімелеу түрлері арқылы көркем шығарма мазмұнын әңгімелейтін баяндаушының көркем шығармадағы ролін жан-жақты талдайды. Әңгімелеу стилінен автордың тілі, сөз қолданысы, идеясы, кейіпкерлермен қарым-қатынасы анықталатынына көз жеткізеді. Әңгімелеуде эпикалық қашықтық мағынасын маңызды деп санайды. Орыс зерттеушісі В.Е.Хализев эпикалық шығармадағы баяндаушыға байланысты мынадай пікір айтады: «Эпикалық шығармаларда баяндаушының орын алуы өте маңызды. Бұл – адамның көркемдік қабылдауында айрықша мәнге ие түр. Баяндаушы кейде куәгер, кейде суреттелген бейнелер мен оқиғаларды түсіндіріп беруші ретінде көрінетін, бейнеленген дүние мен оқырманның арасындағы көпір саналады. [8, 314]. Бердібай Шалабай еңбегінде эпикалық «әңгімелеулер тарихи шығармалардың баяндау негізін құрайды. Оның тілі де таза автор сөзінен тұрады». Демек автор тарихи шығарманы өзі баяндай отырып, оқырманға өзі жеткізетінін байқаймыз. Ғалым бұл еңбегінде әлемдік филологтордың ғылыми пікірлеріне сүйене отырып, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымындағы баяндаушы мен автор образы қатысты еңбектерді жүйелеп, бір ізге түсірді. Баяндаушы мен автор образын зерттеуі осымен бітпейді. Басқа еңбектерінде жазушылардың шығармаларын жеке-жеке талдау барысында әр жазушының авторлық образына тоқталды.

«Көркем проза тілі» деп аталатын кітабының екінші тарауы «Халықтық проза тілінен көркем проза тіліне» деп аталады. Мұнда ауызекі тіл мен фольклорлық шығармалардағы шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, халық даналығы, нақыл сөздердің, ертегілер мен аңыздардағы, батырлар жырындағы түрлі сипаттаулар мен бейнелі сөздердің XIX ғасырдағы Абай, Ыбырай, XX ғасыр басындағы С.Көбеев, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, М.Әуезов шығармаларына еніп, халықтық сипаттан көркемдік құралға айналып, көркем проза тілінің қалыптасуына зор ықпал еткенін анықтап береді. Ы.Алтынсариннның «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінде Үсенннің

қармақпен балық аулау көрінісінде, от басында түнгі көрініс тамашалауында мақал-мәтелдер мен халықтық теңеудің ұтымды қолданылуы шығарманың көркемдік қуатын арттыра түскенін аңғартады. Әңгімеде екі баланы сөйлету арқылы олардың менталитетін, әлеуметтік теңсіздіктің бала психологиясына ықпалын, мінез ерекшеліктерін ашуға қызмет етіп тұрғанын ғылыми тұжырымдап береді. Кедей баласының «әкем айтушы еді», «әкемнен көріп едім» немесе *«Сонда Үсеннің ойына әкесінің сөзі түсті: «Далада жүріп адассаң, молалы жерде су болады, сулыжерде ел болады» – дейтін еді әкесі.* Балалардың қиындықтардан аман-есен шығып, мақсатына жетуі халықтың ақыл-ойы мен парасатының, еңбекке баулуының жемісі екеніне көз жетеді. [4, 85] деген ғалымның түйінді ойлары халықтық тілдің көркем әдебиет мазмұнына енгенде жаңғырып, мағынасы ұлғая түсетінін, жазушы шебер пайдаланса, көркем шығарма тілін байытып, ойын тереңдете түсетінің осындай нақты мысалдармен дәлелдейді. Ж.Аймауытовтың «Қартқожа» романының ерекшелігі ондағы сөйлем құрылысы өзара салаластық қатынасқа негізделуінде екенін нақтылайды. Ал, С.Көбеевтің «Қалың мал» романының ерекшелігі екі түрлі тілдік дәстірдің ізі сақталғанын, ол ауыз әдебиет тілі дәстүрі мен ауызекі сөйлеу дәстүріне мән бере талдайды. Осы тарауда теңеу, эпитет, омоним, антоним, синонимдік қатарлардың көркем шығарма тілін байыта түсудегі ролін М.Әуезовтің, Ш.Мұртазаның шығармаларындағы мен әр түрлі түстердің символдық астарына үңіліп, ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық дүниетанымды, наным-сенімді бейнелеуде атқаратын мән-маңызын мысалдар арқылы дәлелдеп көрсетеді. Ғалымның көркем шығарма тілін зерттеуді XIX ғасырдағы шығармалардың тілінен бастап тексеріп, Кеңес кезеңіндегі шығармалармен салыстыра отырып талдағанын көреміз. Осы арқылы Белгібай Шалабайдың ғылыми зерттеуіндегі қажырлы ізденістің нәтижесінде филология ғылымы саласында маңызды зерттеулер жазғанына көз жеткіземіз. Көркем әдебиет тілін зерттеген Қ.Жұмалиев, Қ.Өмірәлиев, Р.Сыздықова, Б.Әбілқасымовтардың еңбектерінен Б.Шалабай зерттеулері тіл мен әдебиет саласындағы күрделі синтаксис, ортақ сөздер, стилистика, халықтық тіл мен көркем әдебиет тілі, автор образы мен баяндаушы мәселесін тереңдей зерттеуімен ерекшеленеді. Әлемдік филология ғылымының дамуында баяндаушы мен әңгімелеуші мәселесі XX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап нарратология ғылымының зерттеу объектісі болып жеке зерттеле бастады. Мұнда тілдік және әдеби қырларын біріктіре зерттеу жүргізіле бастады. Ғалым Бердібай Шалабай да баяндаушы стилін әдебиеттік немесе тілдік деп бөле-жара қарастырмау керектігін еске салған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. – А.: Жалын, 1991. – 464 б.

2. Шалабай Б. Көркем әдебиет тілі және оны мектепте оқыту. – Алматы, 1982.

3. Виноградов В.В. О языке художественной литературы. –М., «Художественная литература», 1959. – 654 С.
4. Шалабай Б. Көркем проза тілі. – Алматы, 1994.
5. Виноградов В.В. О теории художественной речи. – М.: Высшая школа, 1971. – 240 с.
6. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. –М.: Искусство, 1986. – 444 с.
7. Оразбек М. Автор және шығармашылық процесс. –Алматы: Атамұра, 2006,– 488 б.
8. Хализев В.Е. Теория литературы: учебник для студентов вузов/– Москва: Высшая школа, 1999. – 397 с.

Әбікенова Г.Т.
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті

Б.ШАЛАБАЙДЫҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Ғалым Б.Шалабайдың стилистика, көркем әдебиет тілі ғылымына сіңірген еңбегі зор. Бұның дәлелі – ғалымның жарыққа шығарған ғылыми еңбектері. Атап айтқанда, «Қазақ тілінің стилистикасы», «Көркем проза тілі», «Көркем әдебиет тілі және оны мектепте оқыту» т.б. ғылыми монографияларының қазақ әдебиеті ғылымында да өзіндік орны бар.

Аталмыш еңбектерінде стилистика ғылымының ұғымдарына ауқымды түрде анықтама беріледі, талданып, тұжырымдалады. Ғалым қазақ әдебиет тілінің бұрын зерттелмеген тың тақырыптарын қарастырды. Б.Шалабай қазақ лирикасындағы стиль, көркемдік әдіс мәселелерін зерттей отырып, көркем әдебиет тілі ерекшеліктерін мол фактологиялық мысалдар арқылы талдап, ғылыми тұжырымдар жасайды. Қаламгерлер шеберлігін, дара стильдік сөз саптауын дәлелдеу үшін көне қазақ әдебиетінен бастап, бүгінгі қазақ лирикасына байланысты бай материалдарды саралайды. «Көркем әдебиет тілінің әдеби тілмен тығыз байланысты екендігін көпшілік ғалымдардың оны функционалды стильдер қатарына жатқызатындығынан да көруге болады. Жалпы, көркем әдебиет тілінің әдеби тілдің өзге функционалды стильдеріне қатысын айқындау көркем тілдің өзіндік ерекшелігін белгілеуде мәні зор мәселе» –, деп орынды көрсетеді. Ғалымның «Қазақ тілінің стилистикасы» және «Қазақ прозасының тілі» атты еңбектері – қазақ тілі ғылымына қосылған сүбелі еңбектер қатарында. Көркем проза тілін талдау барысында ғалым орыс, батыс ғалымдарының зерттеу тәжірибелеріне де сүйенеді. «Қазақ тілінің стилистикасы» атты зерттеуінде ғалым стилистикалық ұғымдар туралы зерттей келе, стильдік қателер түрлерін анықтап, жіберілу себептерін талдап береді. «Стилистикалық қателер: а) Қазақ тілінің

стилистикалық ресурсын толық меңгермеудің садарынан болатын қателер, ә) тілдің стилистикалық талғамының төмендігінен болатын қателер, б) функционалды стиль нормаларын ескермеуден жіберілетін қателер»[1], – дей келе, стилистикалық қате белгілі бір сөйлеу жағдайына сай келмейтін, стилистикалық нормадан ауытқудың салдарынан болатын қатенің түрі екендігін айтады. «Тілді жұмсауда күнделікті өмірде түрлі нормадан тыс ауытқулар болып жатады. Мысалы, лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық тұлға-бірліктерді өзінің негізгі мағынасына сәйкес өз орнымен қолданбаудан болатын қателіктер т.б. Бұлардың барлығы әдеби тілдің лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық нормаларының сақталмауынан болатын тілдік қатенің түрлері», – деп атайды[1]. Стилистикалық қате көп жағдайда тілдік талғамның төмендігінен болады. «Тілдік талғам – тілді, сөзді жұмсап үйрену, жаттығу арқылы қалыптасатын қасиет. Стилистикалық қатенің өзге қате түрлерінен басты ерекшелігі де осында – тілдік талғамсыздықтың көрінісі болуында. Сол себептен де стилистикалық қатенің болмауын қадағалайтын стилистикалық норма тілдің қатысымдық сапаларының қатарына жатады», – дейді ғалым. Стилистикалық қателер қатарын былай көрсетеді: «а) Қазақ тілінің стилистикалық ресурсын толық меңгермеудің садарынан болатын қателер:ә) тілдің стилистикалық талғамының төмендігінен болатын қателер: б) функционалды стиль нормаларын ескермеуден жіберілетін қателер: – ресмилік мәні басым сөздерді орынсыз қолдану т.б. [1]. Ғалым еңбектері тек стилистика ғылымының мәселелерін толықтырмайды, сонымен қатар әдебиеттану пәнінің теорияларымен ұштасып жатыр. Ұстазымыздың ұлттық айшық, ұлттық дәстүрге байланысты ғылыми тұжырымдары тіл білімінің когнитивтік лингвистика саласының зерттеу нысанымен өзектесіп жатыр. «Қазақ прозасының тілі» атты зерттеуінде ғалым сөйлеу формалары мен баяндау тәсілдері жайлы мағлұматтар береді. «Әңгімелеу – көркем прозаның негізгі баяндау формасы. Бұл форма арқылы объективті де, субъективті де мазмұн беріледі. Әңгімелеудің формалық, құрылымдық мазмұнын оқиғалардың мезгілдік ізбе-ізділігі, құбылыстардың бірін-бірі ауыстыруы құрайды. Осы мазмұн әңгімелеудің синтаксистік құрылысын ұйымдастырып, сөйлемдердің арасындағы байланыстардың белгілі бір түрін, атап айтқанда, іліктестік байланысты алдыңғы орынға шығарады. Оқиғалар бірін-бірі толықтырып, дамытып, динамикалы баяндау үстемдік құрады. Ондай баяндаудың негізгі тұлғасы – өткен шақ, ауыспалы шақ формалары, олар бірін бірі ауыстырып отырады [2,216]. «Суреттеу болмыстың белгілі бір қалпын, күй-жайын толықтай беру үшін қолданылады. Суреттеу арқылы әңгімелеудегідей ширыққан оқиға емес, бірқалыпты тұрақты күй, болмыс бейнеленеді» [2,217]. Жазушы стилінің ерекшелігін зерттегенде мәтінді, көркем баяндауды жазудың тәсілдері мен құралдарына назар аудару қажет. Тілдік құралдарды эстетикалық талғамға сай қолдану көркем шығарманың «композициялық дамуында» өзіндік көрініс табады: көркем шығарманың композициясында әсерлі дамитын әлем көрінісі «автордың бейнесі» және ол жасаған кейіпкерлердің сөйлеуінің түрлі формалары мен типтерінің, түрлі стильдердің ауысуы мен кезектесуі арқылы

ашылады. Көркем шығарманың құрылымдық тұтастығын, оның ауызша стильдік бірлігін «автордың бейнесі» анықтайды және бүкіл шығарманың эстетикалық маңызды құралдарының ауызша сөйлеу құрылымын көрсетеді: ««автор бейнесінде», оның сөйлеу құрылымында көркем шығарма стилінің барлық сапасы мен ерекшелігі біріктіріледі. Олар: айқын сөйлеу құралдарының көмегімен жарық пен көлеңкенің таралуы, баяндаудың бір стильден басқасына ауысуы, бейнелеу сөздердің тіркесі мен құбылтулар, сөздер мен фразаларды таңдау және ауыстыру тәсілдері арқылы байқалатын бағалау сипаты, синтаксистік қозғалыстың өзіндік ерекшелігі. «Көркем шығарманың стильдік даралығын ұйымдастырып белгілеуде тілдің құрылымдық, синтаксистік құралдарының қызметі ерекше. Жазушы үшін оның сөйлемдерінің құрылысы мен көлемі, байланысу тәсілдері мен бір-біріне орналасу реттері бәрібір емес. Сондай-ақ сөйлем ішіндегі сөздердің орын тәртібі, айтылу ырғағы, керек десеңіз, тыныс белгілеріне дейін белгілі бір жүк арқалап, стильдік көркемдік қызмет атқарып тұрады», – дейді[2].

Сондай-ақ, «Көркем проза тілі» атты зерттеуінде Ғалым Б.Шалабай автор бейнесін жасауға қатысатын құрылымдардың мынадай түрлерін көрсетеді: «1 баяншының белгілі бір типі (1-жақтағы, не 3-жақтағы, не арнайы баяншы);

2 баяндау перспективасы (оқиғаны кең ауқымда не шектелген ауқымда алу);

3 баяндау құрылымындағы кеңістікке, мезгілге қатысты жайлар;

4 баяндаудың тоны;

5 баяндаудың интонациясы (дауыс ырғағы)» [2].

Автор бейнесінің құрылымдық-ұйымдасуының үш түрлі жолы бар екендігін айтады: «Шығарманың өн бойында өзін бірқалыпты ұстайтын, бейнеленіп жатқан жайларға бірқалыпты, біртұтас көзқарас – қатынас иесі болып келетін «автор бейнесі».

2.Автор бейнесі шығарманың өн бойында біртұтас, бірақ әртүрлі қырынан көрінетін, құбылмалы «жүздерге» ие құрылым.

3.«Автор бейнесі» баяндалып жатқан жайларға әрқайсысы өз көзқарас – қатынасы тұрғысынан келе алатын, «бірнеше бейнелер» жүйесінен тұратын күрделі құрылым» [2,104].

Қазақ әдебиеті методикасына қосқан үлесі орасан зор. Қазақ әдебиетін мектепте оқыту сапасын жетілдіруде «Көркем әдебиет тілі және оны мектепте оқыту» еңбегінің маңыздылығын бірінші кезекте атап өткен орынды. Ғалым проза тілін талдаудың озық үлгісін ұсынады. «Әдебиет пәні оқушының дүние танымын, рухани әлемін, саналы ой-пікірін, эстетикалық биік талғамын тәрбиелеп, қалыптастырады. Сондықтан ол пәнді оқыту үлкен жауапкершілікті, ынта-жігер, ізденімпаздықты талап етеді. Бұл салада әр түрлі зерттеу еңбектер, көмекші құралдар, методикалық әдебиеттер жарық көрді. Дегенмен әлі де жетілдіруді керек ететін, жаңаша қарастыратын мәселелер де жоқ емес. Солардың бірі – көркем шығарма тілін, жазушы стилін оқыту мәселесі», – деп орынды көрсетеді[3]. Әдетте, мұғалім жалаң баяндаумен немесе троп түрлеріне ғана талдау жасауға көңіл

бөлетін, көркем суретті сөздер назардан тыс қалатын. Ал ғалым кейіпкердің психологиялық сезімі, көңіл-күйін ақындар қалай жеткізетіндігіне назар аудартады. «Нағыз көркем сөз шеберлері көркем шығарманы жазу процесінде халық тілінің бейнелеу құралдарын пайдалана отырып, ұлттық тілдің жасырын жатқан байлықтары мен мүмкіндіктерін ашады. Олар өз шеберліктері арқылы тіл дамуының ішкі заңдылықтарына сәйкес келетін, жалпы қолданысқа еніп, ұлттық тіл қорының төрінен орын алатын тілдік асыл құндылықтар жасайды», - дейді. Мектепте көркем шығарманы оқыту барысында асыл құндылықтарды талдаған маңызды болмақ.

Ол оқушының тіл байлығын дамытады, сөздік қорын молайтады. Ахмет Байтұрсынов: «Тіл дамыту мәселесі тек қана грамматика заңдарына үйретіп, не болмаса, сөздерді балаға үйретіп қана емес, сөзді тіршілігінде көрсету барысында ғана шешуге болады»[4]. Б.Шалабайдың аталмыш еңбегі көркем әдебиет тілін талдау әдісінің қазақ тілі пәнін оқытуда да маңызы бар.

Ал прозалық шығарманы талдау үлгісінде қазақтың сөз байлығын танытатын тәсілдерді қолдануды ұсынады. Көркем әдебиет тілінен мысал теруге басшылық жасау, мұғалімнің әдебиет пен тілді оқытуда үндестік тудыруы қажеттігі ескертіледі. Мысал терудің қазақ тілі байлығын меңгеру екендігін атап көрсетеді.

«Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да» деп Абай бабамыз айтқандай Б.Шалабайдың еңбектері қазақ тілі ғылымы тарихында елеулі орын алған.

Қорыта айтқанда, ғалымның пікірлері, тіл білімінде, әдебиеттануда өз құндылығымен ерекшеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шалабай Б. Қазақ тілінің стилистикасы
2. Шалабаев Б.Көркем проза тілі. – Алматы, 1994. – 122 б.
3. Шалабай Б. Көркем әдебиет тілі және оны мектепте оқыту. – Алматы, 1982. – 88 б
4. Байтұрсынов А. Шығармалары. –Алматы, 1989

ЕсмағұловА.Ы.,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

БІЛГІР ҒАЛЫМНЫҢ МЕРЕЙТОЙЫ АСҚАҚТАЛДЫ...

Оқу жылы бүкіл еліміздің игі ісі, көктемде Елбасы көтерген Рухани жаңғыру ісіне белсене қатысу жолындағы игі шаралармен басталды. Осы орайда еліміздің айқын бейнесі жер-жерде мектептерге, елді мекендерге айтулы алаш ұлдарының есімдерін беру шаралары жүргізіліп, қазіргі игі істердің бірі латын әліппесіне көшуді насихаттау жұмыстары қызу қолдау тауып, қауырт

жүргізілуде. Сол игі істің жуан ортасында филолог ғалым, биылғы жылдың 2 қарашасында жетпіске толатын Бердібай Шалабай бар. Ғалымның білімдарлығы, оқитын дәрістерінің терең танымалдылығы әріптестерімен шәкірттері арасында ғана емес, қала жұртшылығына да етене таныс. Ол ұжым атқарған барша игі шаралардың үнемі алдыңғы қатарында.

Университет ұжымы оқу жылы басындағы алғашқы айтулы шара – қарашаның үшінде өтетін халықаралық теориялық-әдістемелік конференцияны осы белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Белгібай Шалабайдың 70 жылдың мерейі күніне арнап өткізгелі отыр.

Ғалым Бердібай Шалабай 1947 жылдың 2 қарашасында Өзбекстанның Қарақалпақ Автономиялық Республикасы Шоманай ауданында ұстаздар отбасында дүниеге келді. Әкесі Жұмағамбет Шалабайұлы да, анасы Рәзия Сайтбергенқызы да ұзақ өмірін бастауыш мектеп мұғалімдері болып бүлдіршін балаларды білім нәрімен сусындырумен өткізді. Осындай зиялы ортада өскен Бердібай да жасынан зерек, білімпаз, талапшыл болды. Орта мектепті де алтын медальмен бітірген ол білім іздеп 1964 жылы Алматыға келеді. Осындағы ең таңдаулы Киров (қазіргі әл-Фараби) атындағы Қазақтың мемлекеттік университетінің филология факультетіне емтиханың түгелдей үздік тапсырып оқуға түсті. Сол кездегі білімнің жарық жұлдыздары айтулы ғалымдардан дәріс алған ол ізденімпаздылығымен көзге түсті. Студенттік шақтан ғылыми ортаға танымал талапкерді 1963 жылы оқуды үздік аяқтасымен аспирантурада қалдырды. Мұнда оқи жүріп заңғар жазушы, сөз зергері Ғабит Мүсірепов шығармаларындағы сөздік қолданыс ерекшелігіне көңіл аударды. Оның бұл талабына ғылыми жетекшісі, еліміздің ең таңдаулы тілші ғалымдарлың бірі Мәулен Балақаевтың асқан талап да қосылып, аспирантура бітіргеннен кейін, көп ұзамай бір жылдан соң 1973 жылы Ғ.Мүсіреповтың «Оянған өлке романдарындағы синтаксистік құралдардың стилистикалық қызметі» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты да, филология ғылымдарының кандидаты атағын алды.

Еңбек жолын аспирантураны бітіргеннен кейін 1972 жылы А.С.Пушкин атындағы (бүгінгі М.Өтемісұлы) Орал педагогикалық иснситутына арнайы жолдамамен жіберіліп, педагогика кафедрасының оқытушысы болып бастады. Мұнда жүргенде де қоғамдық жұмысқа белсене қатыса жүріп, ұстаздық қызметімен қатар ғылыми еңбегімен үзбей араласты.

Ғалым жұмыс ітеген орта өңірдегі зиялы қауымның назарында болатын. Бұл қалада орыс ұлтының зиялы қауымы жиі болып, Европамен Азия шекарасындағы қала екі континетті қосқан көпір дейтін. Сондықтан да екі жұрт зиялылары тоғысқан жерде Пушкин мен Абай рухы шығыстан ортада жұмыс істеу ізденгіш жас ғалымның білімін толықтыра түсті. Кезінде айтулы ғалым, жазушы Қажым Жұмалиев, ақындар Тайыр Жароков пен Қасым Аманжолов, Абдолла Жұмағалиевтар жүрген дулы орта оның зерделі тұлғасын өсіре түсті. Осындағы театр өміріне, «Орал өңірі» газеті тіршілігіне қызу араласқан ол зиялы ортаның сүйіктісіне айналды. Өңір тіршілігі туралы, мәдени орта тынысы туралы ондаған мақалалары газет бетіне үзбей көрініп тұрды.

Көп ұзамай өзіндік тарихы бар ғылым ордасының өрелі ұстаздарының санатына қосылаған ол 1975 жылы Алматыдағы педагогикалық қыздар институтына ауысқан 1989 жылға дейін зиялы ортаның құрметіне де бөленеді. Өрелі істердің басы қасында бола біліп, осында жүріп «Әлемге кеткен аты бар» (А.С.Пушкин туралы), «Өнер өзегі – өмір» (М.Әуезов атындағы қазақ драма театрының Оралдағы гастролі туралы – «Ана – Жер ана» спектакліне талдау), «Ана тілін жақсы білу парыз», «Көркем сөздің зергері» (Ғ.Мүсіреповтің 80 жылдығына) сияқты ондаған мақалаларын жазды. Сондай-ақ ғылыми ортадан да қол үзбей ғылыми-әдістемелік конференцияларға қатысты.

Аты белгілі ғалымды басқа да жоғарғы оқу орындарына қызметке шақырған болатын, 1988 жылы Алматыдағы іргелі институттардың бірі Қыздар педагогикалық институтына доцент болып шақырылған, келесі 1989 жылы қазақ жоғарғы білімнің қарашаңырағы Абай атындағы Қазақ педагогика институтына ауысты. Осында жүріп 1997 жылы филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Р.Сыздықтың ғылыми кеңесшілігімен «Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбында докторлық диссертация қорғады.

Ғылым жолындағы табыстары оның қызметіне де игі ықпал етіп, 1999 жылдан 2003 жылға дейін Абай атындағы Қазақтың Ұлттық педагогика университетінің практикалық қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі болды. 2000 жылы Қазақстан Республикасы жоғары аттестациялық комитетінің бекітуімен профессор атағын алды. Одан кейін де ол үлкен-үлкен беделді ұжымдарды басқарып, абыройлы еңбек етті. 2003-2007 оқу жылдары Абай атындағы ҚазҰПУ-дың жалпы тіл білімі және қазақ тілінің тарихы кафедра меңгерушісі, 2007-2009 жылдары қолданбалы тіл білім және аударма теориясы кафедрасының профессоры, 2009-2010 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті қазақ филология кафедрасының меңгерушісі, 2010-2015 жылдары осы кафедраның профессоры білгір ғалым біздің университетімізде 2015 жылдан қазақ филологиясы мамандығы бойынша доктарантура ашылуына байланысты қазақ филология кафедрасына профессорлық қызметке шақырылды. Содан бастап күні бүгінге дейін жемісті еңбек етуде.

Бүгінгі таңдағы қазақ тіл ғылыми саласындағы ең білімді де алғыр профессорлардың бірінен саналатын ғалым ғылым жолындағы ілкі қадамынан бастап көркем әдебиет тілін дендеп зерттейге кіріскен-ді. Оның алғашқы ғылыми мақалалары «Көркем шығарма тілі – даралық стиль құбылысы» («Қазақстан мектебі», 1973, №3), «Әдеби тіл және көркем сөз табиғаты» («Қазақ ССР Ғылым Академиясының Хабарлы тіл, әдеби сериясы, 1988, №3). Көркем әдебиет тілінің өнер құбылысы ретіндегі өзіндік мәнін, ерекшелігін ашуға, сырын ұғынуға бағытталды. Ең бастысы көпшілік ғалымдар зерттеуге жүрегі дауаламай, тартынып тұратын атағы Алатаудан заңғар әдебиет құдіреті саналатын сөз зергері кеңестік қазақ әдебиетіндегі жалғыз Социолистік Еңбек Ері Ғ.Мүсірепов шығармашылық зерттеуге барды және барғанда да әлем әдебиетінің классикасы саналатын «Оянған өлкеге» баруы ғалымның білгірлігі,

батылдылығы, өзіне деген сенімділігі дер едік. Бұл ізденістерді одан әрі «Көркем әдебиет тілі және оны мектепте оқыту» (Алматы, «Мектеп» баспасы, 1982ж.) «Көркем проза тілі» (Алматы, «Білім» баспасы, 1994 ж.) атты көлемді монографияларға жалғасты. Бұл еңбектерінде ғалым көркем әдебиет тілі басқа өнер құбыластарымен бір қатардағы емес, олардан басқаша жоғарырақ деңгейдегі ендіктегі құбылыс екеніне, қарым-қатынас құралы ретіндегі тілдің көркем шығарма құралына арналғанда өзгеше иірімге түсіп, жаңаша мәнге ие болатына көңіл аударады. Оны анықтау үшін «автор бейнесі» ұғымына жүгіну қажеттігін негіздейді және көркем прозадағы авторлық баяндаудың түрлеріне қабаттаудан тұратынын (әңгімелеу, суретеу, ой толқы, диалог) соларды талдау арқылы көркем тілдің ерекше құбылыс ретіндегі өзіндік мәнін ашуға болатынын түсіндіреді. Және бір баса айтарымыз – зерттей объектісіне заңғар жазушының ең басты шығармасын таңдап алып, ол туралы келелі де салмақты ойлар, тұжырымдар жасап, ғылымдағы Ғабиттану саласына белгілі әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор әрі қаламы жүйрік жазушы Нығмет Ғабдуллинмен қатар еңбек етіп, оны Абайтану, Мұхтартану, Сәкентану деңгейімен қатарластыруға талассыз еңбек етуін ғылыми ерлік дер едік.

Көркем әдебиет тілін зерттеуде ғалым оны мектепте оқыту ісімен ұштастыра жүргізді. Сол бағытта салиқалы құнды мақалалар жазып, көптеген семинар-кеңестерге, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, құнды баяндамалар жасады.

Ғалым Бердібай Шалабай айналысқан тіл білімінің тағы бір саласы – мәтін лингвистикасы. Ол қазақ тіл білімінде мәтінді теориялық тұрғыдан алғашқылардың бірі болып зерттеген ғалым. Оның 1975 жылы жарияланған «Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі синтаксистік тұтастық» атты мақаласы бағалы еңбек ретінде сол жылы бастырылған Абай атындағы ҚазПИ-дің «Қазақ филологиясы» жинағына енді. Бұл мәтінді арнайы зерттеген тұңғыш теориялық еңбекте ғалым қазақ тілі ғылымының алғашқы буын өкілдері профессорлар Р.Сыздықова мен Т.Қордабаевтан кейін осы ұғымды енгізіп, оны теориялық тұрғыдан жан-жақты талдап, кейінгі зерттеулерге бағыт-бағдар беріп, жолын ашты.

Сексенінші жылдардың соңына қарай Республикалық жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің оқу бағдарламаларына «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау» курсы жеке пән болып енгізе бастады да ғалым Б.Шалабай оның типтік оқу бағдарламасын жасап, оқу құралын шығарды. Көп жылғы зерттеулердің нәтижесінде ол 1997 жылы «Қазақ көркем прозасының тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері» атты монография шығарды.

Профессор Б.Шалабай қазақ тілі синтаксисін және стилистикасын зерттеуге де зор үлес қосуда. Бұл саладағы екі жүзге жуық мақалалары мен бірнеше оқу құралы соның айғағы.

Профессор Б.Шалабай ұзақ жылдар (45 жыл) Қазақстан Республикасы Жоғары мектептер саласында жемісті еңбек етіп келеді. Шәкірттеріне қазіргі қазақ тілінің стилистикасы, синтаксисі, сөз мәдениеті, көркем мәтінге

лингвистикалық талдау пәндерінен дәрістер оқып, практикалық сабақтар жүргізеді. Өзі өткізетін пәндерге республикалық оқу бағдарламаларын жасап, оқулықтар, оқу құралдарын жазды. Магистратура мен PhD докторантура бөлімдеріне дайындаған типтік және негізгі оқу бағдарламаларына «Функционалды грамматика», «Мәтін синтаксисі» және тағы да басқа бағдарламалар осының айғағы.

Ғалым еңбектерін елімізде ғана емес, шет елдерде де кеңінен таниды. Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері бойынша Украинада, Түркменстанда, Қытайда, Өзбекстанда, Қырғыстанда халықаралық конференцияларда жасаған баяндамалары жоғары бағалаған.

Сонымен қатар республикамызға ғалымдарды дайындап шығарды. 2000 – 2009 жылдары Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті және 2009-2010 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы қазақ тілі мамандығы бойынша диссертация қорғайтын мамандандырылған кеңестердің мүшесі болды.

Б.Шалабай – тіл ғылымында ғылыми мектебін қалыптастырған ғалымдарымыздың бірі. Оның жетекшілігімен 34 ғылым кандидаты, 2 ғылым докторы, 1 PhD докторы дайындалды. Қазірде 3 магистрант пен екі PhD докторларын дайындау үстінде.

Республикаға танымал, еңбегі сыйлы ғалымның есімі облысымызда жылы айтылады. Өзінің мемлекеттік тілді қорғау саласында жүргізген тындырымды істері мен бүгіндегі қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі халыққа түсіндіру жолында жасаған қыруар еңбегі әріптестері мен шәкірттері арасында, қаладағы зиялы қауым арасында қолдау табуда.

Өзінің ғылыми өрістеу үстіндегі дер шағында жетпіске толып отырған зерделі ғалымға талмай, шалдықпай жасай беріңіз, өмірдің өрінен көрейік дейміз.

Қапалбек Б.С.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Мемлекеттік тілді дамыту институты

БЕРДІБАЙ ШАЛАБАЙДЫҢ КҮРДЕЛІ ҚҰРЫЛЫМДАР ЖӨНІНДЕГІ ҰСТАНЫМДАРЫ

Құрамындағы сыңарларының саны қалыпты құрмаластағыдай екеу ғана емес, үш немесе одан да көп болып келетін құрылымдар тіл-тілде әртүрлі аталып жүр. Мәселен, иран тілдері жүйесіне енетін осетин тілінде бұл күрделі синтаксистік бірлік (К.Е.Гагкаев) деп аталса, моңғол тілдерінде құрмалас сөйлемнің күрделенген конструкциясы (Г.Ц.Пюрбев) деп, орыс тіл білімінде көп компонентті құрмалас сөйлемдер (Н.Н.Холодов, Г.Ф.Калашников), құрмалас сөйлемнің күрделенген типі (М.В.Симулин), полипредикативті

сөйлем (Г.П.Уханов)деп аталады. Молдова тілінде күрделі синтаксистік комплекс (Н.А.Корчинский) және румын тілінде де осылайша (Х.Тиктина) аталады.


Бүгінгі күні ірі-ірі сүбелі зерттеу еңбектерін беріп отырған ғалым мәтінтану, стилистика, көркем әдебиет тілі саласына келу үшін ең алдымен синтаксистің маманы ретінде қалыптасты. Ол 1973 жылы филология ғылымдарының докторы, Қазақ ССР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, профессор М.Балақаевтың жетекшілігімен «Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романындағы синтаксистік құралдардың стилистикалық қызметі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Ғалым өзінің 1982 жылғы «Қазақстан мектебі» журналында жарияланған «Құрмалас сөйлем құрылымына бірер сөз» деген мақаласында қазақ синтаксисінде құрмаластарды құрамына қарай жүйелеуге қатысты өте құнды пікір айтқан: «Құрмалас сөйлемнің құрылымдық типтерін анықтау жеңіл болу үшін алдымен, құрмаластарды компоненттерінің санына қарай: жай құрмалас сөйлем, күрделі құрмалас сөйлем деп бөлген тиімді болады. Екі компоненттен құралған құрмаластарды жай құрмалас десек, үш не одан артық компоненттерден құралғандарын күрделі құрмалас сөйлем қатарына жатқызамыз. Одан әрі жай құрмалас сөйлемдер салалас және сабақтас болып бөлінеді. Ал күрделі құрмалас сөйлемдер көп компонентті салалас, көп бағыныңқылы сабақтас және аралас құрмалас сөйлемдерге жіктеледі»[1]-дейді. Көп сыңарлы салалас сөйлемдер мен аралас құрмалас сөйлемдер қазақ тіл білімінде арнайы зерттелді. Бұларды кезінде профессор Есеновтің жетекшілігімен Күлзат Садирова мен Бекен Сағындықұлы деген шәкірттері зерттеп шықты. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының грамматика бөлімінде әзірленіп, 2002 жылы жарыққа шыққан академиялық грамматикада құрмаластардың құрылымдық типтерін анықтау жеңіл болуы үшін профессор Б.Шалабайдың сонау 1982 жылы айтқан пікірі негізге алынды.

Ғалым қазақ синтаксисінің қалыптасып дамуына үздіксіз атсалысып келеді. 2002 жылы жарық көрген академиялық грамматиканы жазуға отыздан аса автор қатысты. Солардың ішінде Бердібай Шалабай құрмалас сөйлемдердің грамматикалық табиғаты, түрлері және салалас құрмалас сөйлемдер деген бөлімдерді жазды, және онда да тың ойлар ұсынды: «Құрмалас сөйлем мен жай сөйлемнің білдіретін грамматикалық мағыналары бір емес. Жай сөйлемнің білдіретін грамматикалық мағынасы модальдық, жақтық, шақтық категориялар арқылы берілетін предикативтілік мағына болса (оның өзі болымдылық және болымсыздық тұрғыда көрінуі мүмкін), құрмалас сөйлем бөліктері арасынан нақты мағыналық қатынастар туындайды: мезгілдік (оқиғаның бір мезгілдігі, әр мезгілдігі), себеп-салдарлық, шарттылық, қарсылықты т.б. Осылар құрмалас сөйлемнің грамматикалық мағыналарын құрайды. Демек, құрмалас сөйлем оқиғалардың арасындағы қарым-қатынасты білдіруге қызмет етеді, сол үшін пайда болған»[2]-дейді ғалым.

Күрделі құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдер жеке тұрғанда дербес единица болғанмен, құрмалас сөйлем синтаксисі тұрғысынан

алғанда күрделі құрылым құраудың шоғырланған тұтас материалды бөлшегі болып табылады. Құрмаластың құрамына енген кезде жай сөйлемдердің кейбірі сол өзінің жеке тұрғандағы формасын сақтаса да, аяққы сөйлемнен өзгесінің предикативтілігі солғындайды. Ал баяндауыштары бағыныңқы формаларда (есімше, көсемше, шартты рай) тұратын сыңарларда бұл тіпті анық көрінеді. Қазақ тіл білімінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлының айтуында, бағыныңқы сөйлем –бітпеген шала сөйлем. Басыңқы сөйлем болмаса, толық мағына оның өзінен шықпайды. Бағыныңқы сөйлем –басыңқы сөйлемнің шылауындағы ғана қосымша есебіндегі сөйлем. Мұндай сөйлемдер екінші сөйлемге сүйеніп қана сөйлем дәрежесіне кіреді– дейді[3]. Бұл сөйлем ішіндегі жағдай. Алайда, бағыныңқы сөйлемдер сөйлеушінің қажетіне қарай тиянақты ойды білдіріп, жеке тұрып та қолданыла алады. Мысалы, *Аспанның қызылы ыдырап, төңірек бұлдырай бастағанда біз бір селенге келіп кірдік* (Ш.Мұртаза). Сөйлемді *аспанның қызылы ыдырады. Төңірек бұлдырай бастады. Сол кезде біз бір селенге келіп кірдік деп* үш жай сөйлем етіп құруға болады. Яғни құрмаласты құраушы бөліктер тиянақты ойды білдіретін өз алдына жеке-жеке сөйлем бола алады. Синтаксистегі сөйлем пікір алысуды, қарым-қатынас жасауды қамтамасыз ететін тілдік материалдардың біртұтас бөлшегі деген талапқа *Аспанның қызылы ыдырады* деген де, *Аспанның қызылы ыдырады, төңірек бұлдырай бастағанда біз бір селенге келіп кірдік* те сай. Бұндағы айырма ойдың жай, күрделілігіне байланысты. Ал бірдей лексикалық бірліктерден құралған бірінші жай сөйлем мен екінші құрмаластағы бағыныңқының арасына теңдік белгісін қоюға болмайды. Құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер, бағыныңқылар дербес бүтін емес, күрделі бір бүтінді құраушы бөлшектер болып табылады. Сөйлеуші қажетінше оларды формасын өзгертпей, сол жай сөйлем күйінде де немесе өзгертіп қырын келтіріп те қолданады. «Құрмалас сөйлем құрамындағы предикативтік компоненттер екі не одан көп жай сөйлемдердің жай ғана тіркесі ретінде қаралмайды, олар бір-бірімен тығыз қарым-қатынасқа түсіп, соның нәтижесінде бір компонентті мағыналық, құрылымдық, интонациялық тиянақтылықтан айырылып қалып, екіншісіне тәуелді болады. Сондықтан құрмалас сөйлем компоненттері өз бетінше дербес қарым-қатынас бірлігі ретінде қаралмайды. Олар тұтас бірлікте ғана қарым-қатынас құралы бола алады. Демек, құрмалас сөйлем компоненттері дербес жай сөйлемдермен бірдей емес, олар бүтіннің бөлшегі ғана»[2]-дейді профессор Бердібай Шалабай. Иә, күрделі ойдың құрамдас бөлшегі ретінде қалыпты құрмалас сөйлемдер де дайын күйінде құраушы компонент болып кіріп кетуі мүмкін. Бұл күрделі құрмаласта берілетін сыртқы ойды толықтыру, жан-жақты сипаттау мақсатының ыңғайына қарай болады. Бұдан біз күрделі құрылымды құраушы жай сөйлемдер мен күрделі ойды құраушы мағыналық сыңарлардың арасы тепе-тең еместігіне көз жеткіземіз, бұл ойды Бекең, Қазақ грамматикасына енген құрмаласқа қатысты тарауларда анық көрсеткен. Күрделі құрмаластардың қайсы түрінде болмасын сыңарлары арасындағы мағыналық қатынастар қалыпты құрмаластардағыдай бірізді болып келмейді. Олардың арасы бір сөйлемде түсіндірмелі-ыңғайластық

немесе талғаулықты, қарсылықты т.б. болып келуі мүмкін. Кестеге назар аударыңыз:



Қалыпты құрмаластарда көрсетілген мағыналық қатынастардың күрделі құрылымдарда біртекті немесе әртекті болып кезекпен қосарланып келуінде бір шектеулі заңдылық болмайды. Біздіңше, таза құрылымдық тұрғыдан алғанда құрмалас пен жай сөйлем, құрмалас пен құрмалас немесе жай сөйлем мен құрмалас деген мағыналық қатынастар болуы мүмкін. Күрделі құрмаластардағы әрбір жай сөйлемдер жеке-жеке тұрғанда өз алдына бір-бір дербес бірліктер. Бірақ құрмаластың құрамында үлкен хабардың, күрделі бір ойдың құраушы бөліктері, басыңқыдағы айтылатын негізгі сыртқы ойды толықтырушы, жан-жақты сипаттаушы элементтер болып табылады.

Қазақ тіл білімінде күрделі құрмалас сөйлемдер туралы алғашқы пікір айтқан Ахмет Байтұрсынұлы екендігі белгілі. Ақаң бұндай құрылымдағы сөйлемдерді өрнекті сөйлемдер деп атап, оған мынадай анықтама береді: «Өрнекті сөйлем деп құрмалас сөйлемдердің бастары қосылып, кестелі болып құрылуын айтамыз. Ондай сөйлемдер нақ текеметке, яки кілемге салынған түр сияқты болмағанмен өрнек өрнегімен айтылады. Өрнекті сөйлемді айтқанда дауыс көтеріліп, төмендеп әнше оралып, қайырылып отырады. Сондықтан өрнекті сөйлем оралым (яки шұбыртпа) деп аталады. Оралым екі мүшелі болады. Бір мүшесінде пікір тақырыбы болады да, екіншісінде пікір баяны болады. Сондықтан бастапқы тақырыпты мүше делініп, екіншісі баяншы мүше делініп айтылады.

Ақаңның бұл ойын Бердібай ағай былайша дамыта түсіндіреді: «Сонымен құрмалас сөйлем құрамындағы предикативтік компоненттер екі не одан көп жай сөйлемдердің жай ғана тіркесі ретінде қаралмайды, олар бір-бірімен тығыз қарым-қатынасқа түсіп, соның нәтижесінде бірі компонентті мағыналық, құрылымдық, интонациялық тиянақтылықтан айрылып қалып, екіншісіне тәуелді болады. Сондықтан құрмалас сөйлем компоненттері өз бетінше дербес қарым-қатынас бірлігі ретінде қаралмайды. Олар тұтас бірлікте ғана қарым-қатынас құралы бола алады. Демек, құрмалас сөйлем компоненттері дербес жай сөйлемдермен бірдей емес, олар-бүтіннің бөлшегі ғана»[2]. Мәселен, *Үміт пен қатер безбенге түсіп, кейде үміт, кейде қатер басып, Әшетер ауылына жеткенше жеңісе алмады. Шөп құрап, жапырақ сарғайып, мал-жан тоңазуға*

айналды (Ж.Айтмауытов) деген сөйлемдер қалыпты құрмаластар емес. Себебі, әрқайсысының құрамында үш-үш сөйлемнен бар.

Үміт пен қатер безбенге түсіп,
Кейде үміт, кейде қатер басып,
Әшетер ауылына жеткенше жеңісе алмады.

Бірақ мұнда, жоғарыда Ақаң айтқандай, құрмаластық сыңарлар бәрібір екеу-ақ. Соңғы үшінші сөйлем пікір тақырыбы да, қалған алдыңғы екеуі пікір баяны болады. Осыдан барып жоғарыда айтқандай құрмаластың құрамындағы *жай сөйлемдер* және құрмаластың *сыңарлары* (компонент) деген ұғымдар екі басқа екендігі аңғарылады. Махамбеттің «ереуіл атқа ер салмай» өлеңін талдау кезіндегі Мұхтар Әуезовтің күрделі құрылымдар турасында айтқан тұжырымы да Ақаңдікімен үндес. Мұқаңның айтуынша, бұл өлеңМахамбеттің барлық басқа өлеңдері сияқты ауызша айтылған, тыңдаушыға қолма-қол суырылып беріліп отырған өлең. Сол ретіне қарай сапылдатып бір-ақ желдіртіп өткен бір шумақ өлең. Мағына жағынан да барлық жыр бір-ақ ұзақ сөйлем есепті. Неше алуан қатар жарысқан жеке-жеке суреттердің байлауы ең аяққы жолда *Ерлердің ісі бітер ме?* Деген бір қайырмасымен аяқталады.[4] Мысалы:

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала
Сақалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық шөл көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп, түс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темірқазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай,
Ерлердің ісі бітер ме?! (Махамбет)

Байқасақ, өлең тек мағыналық жағынан ғана емес, формалық жағынан да бір-ақ сөйлем екен. Мұндағы *Ерлердің ісі бітер ме* деген басыңқыдан басқасы түгел көсемше арқылы бір-бірімен сабақтасқан бағыныңқы сөйлемдер. Қазақ синтаксисінде мұндай өлең бір күрделі құрмалас деп танылып, жарыспалы бағыныңқылы сабақтастарға жатқызылады. Жиырма шақты жай сөйлемдерден бір бүтін боп құралған бұл құрмалас та екі сыңардан тұрады. Басынан бастап *қу толағай бастанбай* дегенге шейін бір бағыныңқы сыңар да, *Ерлердің ісі бітер*

ме деген екінші басыңқы сыңар. Сыңарының арасындағы шарттылық қатынас анық көрінеді.

Күрделі құрмаластардың пайда болуына себепкер айтушы. Әсіресе, жазба тілде айтушы ойға қазық болатын бас пікірді жан-жақты толықтырып беру мақсатында үш-төрт сөйлемді қырларын келтіре отырып, үздіксіз созылмалы интонациямен береді. Қалыпты құрмаластар болмаса, күрделі құрмаластар ауызекі тілде көп ұшыраса бермейді.

Бердібай Шалабай 1997 жылы филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Р.Сыздықтың ғылыми кеңесшілігімен «Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбында докторлық диссертация қорғады, яғни кешегі құрылымдық синтаксистен мәтін теориясына, көркем проза тіліне жайдан күрделіге, кішкенеден іріге қарай бағыт алды, көтерілді.

2016 жылы ғылымды гранттық қаржыландыру аясында Мемлекеттік тілді дамыту институтының мұрындық болуымен «Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар»деген ұжымдық монография-оқулық шығарылды [5]. Ондағы «Мәтін–негізгі қатысымдық бірлік» деген тарауды түгел профессор Б.Шалабай жазып шықты. Ол енді бөлек әңгіме болсын деп әзірше сөзімді аяқтаймын. Рақмет!!!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Б.Шалабай. Құрмалас сөйлем құрылымына бірер сөз. Қазақстан мектебі, 1982 ж.

2. Қазақ грамматикасы. –Астана, 2002 ж.

3. А.Байтұрсынұлы. Қазақ тіл білімінің мәселелері, –Алматы, 2013 ж.

4. М.Әуезов Жиырма томдық шығармалар жинағы 15-т. –Алматы: Жазушы, 1984. –268 б.

5. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. –Алматы, 2016

Ахметова М.К.
филология ғылымдарының кандидаты, профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

МӘТІН КЕҢІСТІГІНДЕГІ Б. ШАЛАБАЙ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Қазақ тіл білімінде мәтін мәселесіне қатысты алғаш құнды пікір білдірген ғалымдар А. Байтұрсынұлы [1] мен Қ. Жұбанов [2] болды. Ғалымдардың еңбектерінде жалпы мәтін деген не (*шығарма сөз, сөз бұйымы*), мәтін түрлері (*ауызша, жазбаша*), мәтін тақырыбы, мәтіннің құрылымдық бөліктері, мәтіннің негіздік түрлері (*әуезе, әліптеу, пайымдау*) қандай деген мәселелер сөз етілді. С. Аманжолов мәтінді қатысымдық тұрғыдан сипаттап, оның жеке сөйлеммен салыстырғанда байласым, ұласым, тұтасым, аяқталу секілді ерекшеліктерімен

айқындалатынын атап көрсетті [3]. Ал Т. Қордабаев [4] пен Р. Сыздық [5] зерттеулерінде мәтіннің тұлға-бірлігі – синтаксистік күрделі бірліктің (күрделі синтаксистік тұтастықтың)негізгі белгілері мен осы бірлікті тұтасымға ұйымдастыратын тілдік амал-тәсілдердің түрлері мен қызметі қарастырылды. Аталған ғалымдардың пікірлері кейінгі зерттеулерде мәтін лингвостилистикасындағы өзекті мәселелерді айқындауға септігін тигізіп, қазақ тіл ғылымындағы мәтін теориясының қалыптасуына ықпал етті.

Қазіргі қазақ тіл білімінде мәтін лингвистикасы ғылымдағы ізденістердің заңды жалғастығы нәтижесінде, жалпы әлемдік тіл біліміндегі жаңа парадигмалардың дамуына сәйкес ілгері қадам басты. Қазақ тілтануында мәтін лингвостилистикасы саласы бойынша ғылыми зерттеулер жүргізіліп, монографиялық еңбектер, оқу-әдістемелік құралдар басылып шықты. Мәтіннің тұлға-бірлігі, мәтіннің категориялары, мәтін түрлері, олардың ерекшеліктері, мәтінтүзуші амал-тәсілдер, мәтіндегі темпоралды қатынастар, мәтіннің прагматикалық сипаты, интермәтін, контекст, автор бейнесі, мәтін статистикасы секілді т.б. мәселелерге қатысты Б.Шалабай, М.Серғалиев, Ж.Жакупов, С.Құнанбаева, А.Жұбанов, З.Ерназарова, Г.Смағұлова, Г.Айтжанова, Г.Әзімжанова, С.Әлісжан, А.Әділова, Қ.Есенова, Ғ.Әнес, Г.Абикенова, С.Мұстафина, Ж.Қайшығұлова, М.Маретбаева, Г.Журсиналина т.б. еңбектерінде ғылыми тұжырымдар жасалды.

Соның ішінде күрделі синтаксистік тұтастық, мәтін, мәтін лигвистикасы, мәтін прагматикасы, мәтін синтагматикасы, көркем мәтін, көркем мәтіндегі автор бейнесі, көркем мәтіннің баяндау қабаты, оның тілдік құрылымы, көркем мәтінді талдау ерекшеліктері, ресми-іскери мәтін үлгісі мен сипаттамасы Б. Шалабайдың еңбектерінде көрініс тауып, мәтін кеңістігіндегі негізгі бағыттарды айқындауға өзіндік үлесін қосты. Ғалымның мәтінге байланысты алғашқы мақаласы 1975 жылы «Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі синтаксистік тұтастық» тақырыбымен жарық көрді [6]. Мақалада мәтіннің осы бірлігіне қатысты айтқан пікірлері Т. Қордабаев, Р. Сыздықтың көзқарастарымен үндесіп, күрделі синтаксистік тұтастыққа қатысты ғылыми тұжырымдарды одан әрі жетілдіре түсті. Б. Шалабай: «Күрделі синтаксистік тұтастық туралы Т. Қордабаевтың халық эпостарының синтаксистік құрылысын зерттеген мақаласында *(«Поэзиялық шығармалардың синтаксистік құрылысы. Тарихи синтаксис мәселелері». – А., 1964.–М.А.)*, Р. Сыздықованың еңбегінде («*Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы». – А., 1970 – М.А.)* кейбір белгілері тұрғысынан алынып тексеріледі. Бірақ поэзия тілінде, проза тілінде, сөйлеу тілінде, жалпы, әдеби тілдің барлық стильдерін түгел өз ішіне қамтып, күрделі синтаксистік тұтастықты жалпы ортақ белгісі тұрғысынан зерттеген ғылыми еңбек қазақ филологиясында осы кезге дейін жоқ»,– деген пікірінің бүгінгі күні де маңызы бар [6,109]. Өйткені түрлі функционалды стильдерге жататын мәтіннің тұлға-бірліктеріне салыстырмалы талдау жасау, әрбір стиль түріндегі күрделі синтаксистік тұтастықтың ұйымдасуындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды тану мәтін теориясында әлі де атқарылатын жұмыстардың бар екенін көрсетеді. Қазақ тіл білімінде күрделі синтаксистік тұтастық көбіне

көркем мәтін аясында талданды.

Б.Шалабай күрделі синтаксистік тұтастыққа «сөйлемдердің тізбегінен жасалып, мағыналық және құрылымдық жағынан тұйықталған белгілі бір күрделі ойды білдіретін сөйлемнен ірі синтаксистік бірлікті айтамыз» деген анықтама беріп, оның біртұтас мағыналық, интонациялық бірлікке ие екендігін және ойдың аяқталуы сөйлеммен салыстырғанда басымырақ болатынын атап көрсетеді. Ғалым күрделі синтаксистік тұтастықтың өзі құрылымдық жағынан алғанда, жеке сөйлемдердің байланысу тәсілдерінен тұратынын ескере отырып, ондай тәсілдерге жалғаулықтар, есімдіктер, үстеу, модаль сөздер, сөздердің орын тәртібі, қайталанатын сөздер, етістік баяндауыштардың жақтық-шақтық формаларының біркелкілігін жатқызады [6, 110-111]. Аталған байласым тәсілдерінің түрлері, мәтінтүзімдік қызметтері өзге зерттеулерде талданып, айқындала түсті. Мәселен, қайталамалардың ерекшелігі, мәтінді тұтасымға ұйымдастырудағы сипаты жеке зерттеу нысаны ретінде О. Бүркіттің «Қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі» атты монографиясында жан-жақты сараланды. Бұл еңбекте мәтін байласымын жүзеге асыратын фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік қайталамалардың қызметі анықталды [7].

Сонымен бірге Б.Шалабай көркем шығарма құрылымындағы күрделі синтаксистік тұтастықтарды бір оқиғадан екінші оқиғаға, бір баяндау қабатынан басқасына өтуді ұйымдастырып отыратын стильдік амал есебінде таныды. Ғалымның пікірінше, күрделі синтаксистік тұтастық арқылы жазушының не кейіпкердің психологиялық жағдайы, көңіл күйі ашылады, белгілі бір оқиғаны суреттеу немесе кейіпкерлерді портреттік сипаттау жүзеге асады. Ондайда күрделі синтаксистік тұтастықтар оқиғаның, автор ойының жалпы ағымын ғана беріп қоймай, түрлі экспрессивтік-эмоциялық қырларын, модальдік реңктерін және сол арқылы туатын түрлі ассоциацияларды қоса білдіреді [6,114].

1998 жылы ұлттық тілге арналып, алғаш жарияланған «Қазақ тілі» энциклопедиялық басылымында «Мәтін», «Мәтін лингвистикасы», «Күрделі синтаксистік тұтастық» мақалаларының авторы Б. Шалабайдың болуы сол кезеңде мәтін мәселесімен арнайы айналысып жүрген тілші-ғалым екенін дәлелдейді. Осы мақалаларда қазақ тіл білімінде мәтін лингвистикасы аясында «мәтінді тілдік таңбалардың мағыналық және тұлғалық байланыстығы негізінде түзілген ізбе-ізділігі», «сөйлеу процесінің жемісі» ретінде анықтап [8, 270], осы құбылысты мәтін лингвистикасының зерттеу нысаны ретінде атап өтеді және мәтін лингвистикасының бірнеше зерттеу бағыттарын санамалап көрсетеді. Атап айтсақ, 1) мәтінді тіл жүйесіндегі өзіндік белгі, сапалары бар ең жоғарғы тұлға– бірлік (жүйе) ретінде алып тексеру; 2) мәтіннің түрлерін ажыратып, мәтін типологиясын жасау; 3) мәтін құрушы тұлға-бірліктерді және олардың қызмет ету ерекшеліктерін зерттеу; 4) мәтінге тән өзіндік категорияларын анықтау; 5) мәтін құрушы байланыстар мен қарым-қатынастарды зерттеу [9, 271]. Ғалымның: «Мәтін мәселесі қазақ тіл білімінде толық мәнінде әлі зерттеу объектісі болған жоқ», – деген пікірі мәтін лингвистикасының қазақ тіл

білімінде дербес сала ретінде кейінгі жылдары ғана қалыптаса бастағанын айғақтайды [8, 270]. Олай дейтін себебіміз, 1990 ж. аяғы мен 2000 ж. басында мәтін лингвистикасына қатысты жеке ғылыми ізденістердің қатары молая түсті (Қараңыз: *Мустафина С.С. Текстообразующие средства казахского языка:дис. ... канд. филол. наук. – А., 1989. Жакупов Ж.А. Сложные синтаксические единства в современном казахском языке:дисс. ... канд. филол. наук. –А., 1990. Кунанбаева С.С. Темпоральные отношения в казахском художественном тексте: дисс. ... док. филол. наук. – А., 1991. Жакупов Ж.А. Қазақ тілінің функционалдық синтаксисі (контекст проблемасы): филол. ғыл. док. ... дис. – А., 1999. Таусоғарова А.Қ. Өлең мәтінінің синтаксистік ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. ... дис. – А., 2000. Жақсыбаева Ф. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы: филол. ғыл. канд. ... дис. – А., 2000. Құрманова Н.Ж., Мухлис К. Текст теориясы және тексті талдау әдістемесі. Оқу құралы. – А., 2000. ЕрназароваЗ. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. Монография. – А., 2001. Қайшығұлова Ж. Қазақ мәтінінің күрделі фразалық тұтасым // абзац деңгейінде мүшеленуі: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2001. Жубанов А.К. Основные принципы формализации содержания казахского текста. Монография. – А., 2002. Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. Оқу құралы. – А., 2002. Ахметова М. Суреттеу мәтінінің құрылымы (қазақ көркем прозасының материалдары бойынша): филол. ғыл. канд. ... дис.. – А., 2002. т.б.*).

Профессор Б.Шалабайдың мәтінге қатысты көзқарас-пікірлері «Қатысым синтаксисі» (1998 ж.) атты еңбегінде коммуникативтік бағытта одан әрі жалғасын табады. Мұнда мәтіннің тема – ремаға бөлінуі, мәтінді ұйымдастырудағы және оның түрлерін ажыратудағы реманың рөлі айқындалады. «Актуалды мүшелену категориялары – тема мен рема (белгілі мен жаңа) сөйлемнен сөйлемге ауысатын ой байланысын, мәтінішілік байланысты ұйымдастырушы категориялардың бірі» ретінде анықталады [10, 28]. Сондай-ақ, мәтін сөзді сыртқа шығарудың, яғни тілді қолданудың жемісі деп қарастырылып, сөйлеу процесінің тіл жүйесімен тығыз байланысы сипатталады. Мәтін мен ауызша сөйлеуді бір-біріне қарама-қарсы құбылыстар ретінде танып, мынадай пікір білдіреді: «Текст алайда ауызша сөйлеудің қағазға түсірілген көшірмесі емес. Ауызша сөйлеу – игерілмеген, ұйымдаспаған, бір ізге түспеген құбылыс. ... Текст – әдеби тілдің жазбаша варианты негізінде пайда болған және өмір сүріп, одан әрі дамитын тілдік құрылым» [10, 41]. Мәтін лингвистикасында жазбашамен қатар ауызша мәтіндердің де қарастырылатынын ескерсек, Б.Шалабайдың бұл көзқарасы зерттеудің алдына қойған мақсат-міндеттеріне сәйкес туындаған деп есептейміз. Бұдан мәтіннің әр қырынан сараланатыны және табиғатының күрделілігі келіп шығады.

Б.Шалабай еңбектерінде жазбаша мәтін түрі, соның ішінде көркем мәтін басты назарға алынып, лингвостилистикалық тұрғыдан терең талданады. Оған «Көркем әдебиет стилистикасы» атты кітабы нақты дәлел бола алады. Бұл еңбекте көркем шығарма тілін зерттеудің тарихы мен оның теориялық

негіздері, көркем мәтіндегі автор бейнесінің тілдік көрінісі, оның қазақ әдебиетіндегі бастау арналары, Ы.Алтынсарин, С.Көбеев, Б.Майлин, Ж.Аймауытов, Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы автор бейнесінің тілдік сипаты, көркем мәтіннің баяндау қабаты жан-жақты сөз етіледі [11].

Баяндау құрылымындағы авторлық өрімнің берілу жолына орай «автор бейнесінің» үш түрі ажыратылады:

1. Автор – жазушы. Бұл өрімде баяндаушы объективті әңгімелеуші ретінде көрінеді, автор өз кейіпкерімен тек кейбір реттерде ғана бірге қуанып, бірге қайғырады. ... автор қашан да анық байқалып тұрады («Абай жолы»);

2. Автор – әңгімелеуші. Баяндау субъективтік ыңғайға құрылып, табиғилық, нақтылық, асыра боямалылық қасиеттерге ие болады. Автор–әңгімелеуші өз кейіпкерлерінің кейпіне еніп, олармен қосылып та кетеді («Ақбілек»).

3. Автор – бақылаушы. Оқиғаны тікелей бақылаушы көзқарасы тұрғысынан бейнелеу баяндаудың шындық негізін күшейтеді. ...Автордың баяндаған жайларын оқырман өз көзімен көріп отырғандай сезінеді. Оқиғаларға авторлық түсініктемелер де беріліп отырады («Көшпелі махаббат») [11, 55].

Мәтіннің баяндау қабаты әңгімелеу, суреттеу, ойталқы (пайымдау) арқылы түзіледі. Аталған еңбекте Б. Шалабай осы композициялық-сөйлеу формалары туралы былай дейді: «Шығарманың композициялық құрылымын жарақтандыруда тілдік қолданыста әлдеқашан қалыптасқан форма-қалыптар пайдаланылады. Ондай тілдік форма-қалыптарға хабарлау, суреттеу, пайымдау (ойталқы) және диалог жатады. Осы формалар арқылы ойлау процесі жүзеге асады әрі осылар арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынас іске асады. Олар ойлау процесінің құрылымын, жеке ойлар мен олардың ішкі элементтерінің бір-бірімен байланысу типін, әдісін бейнелейтін өте жалпылама формалар болып табылады» [11, 125]. Сондай-ақ ғалым әрқайсысының ерекшеліктеріне де тоқталады: “Әңгімелеудің формалық, құрылымдық мазмұнын оқиғалардың мезгілдік ізбе-ізділігі, құбылыстардың бірін-бірі ауыстыруы құрайды. Оқиғалар бірін-бірі толықтырып, дамытып, динамикалы баяндау үстемдік құрады. Әңгімелеу формасының мазмұны шексіз кеңістікті, шексіз мезгілдік мерзімді алып жатады. ...Суреттеу арқылы әңгімелеудегідей ширыққан оқиға емес, бірқалыпты, тұрақты күй, болмыс бейнеленеді. Суреттеу кейіпкерлердің ішкі толғаныс, күй-қалпын, іс-әрекетін бейнелеу үшін де пайдаланылады. Суреттеу формасының мазмұнын шектеулі кеңістік құрайтындықтан, ол тұйықталып келеді. ...Ойталқы – әңгімелеу сияқты динамикалы форма, бірақ одан айырмашылығы – оқиғаның дамуы емес, ой, тақырып, мәселенің дамуы бейнеленеді. Сондықтан мұнда мезгілдік өрім болмайды. Сөйлемдер арасындағы байланыс іліктестік сипатқа құрылып, шарттастық, себеп-салдарлық, қарама-қарсылықты қатынастарды білдіреді” [1,126-129]. Аталған сөйлеу формалары әрқайсысы өзіне ғана тән мазмұнымен, құрылымымен ерекшеленіп, мәтіндегі болмыстың жан-жақты бейнесін жасауға қатысады. Б. Шалабайдың композициялық-сөйлеу формасына қатысты айтылған көзқарастары жеке зерттеу нысанына айналып, ғалымның жетекшілігімен

орындалған кандидаттық диссертацияларда суреттеу (*Ахметова М. Суреттеу мәтінінің құрылымы (қазақ көркем прозасының материалдары бойынша). – А., 2002.*), әңгімелеу (*Маретбаева М.Ә. Әңгімелеу мәтінінің тілдік– стилистикалық сипаты. – А., 2008.*), ойталқылардың (*Журсиналина Г.К. Көркем проза тіліндегі ойталқының түрлері мен қызметі. – А., 2010.*) түрлері мен мәтін құрылымындағы сипаты айқындалды.

Прагматикалық бағытта мәтін белгілі мақсатты көздей отырып, оқырманға әсер ету үшін тілдік амал-тәсілдерді қолданатын күрделі сөйлеу әрекеті ретінде қарастырылады. Бұл ретте «Мәтін прагматикасы» мақаласынан Б. Шалабайдың төмендегі көзқарасын келтірген орынды: «Мәтін прагматикасы оның мағыналық-ақпараттық мазмұнымен, авторлық интенциясымен, мәтін құрудың мотивімен, мақсат-мүддесімен байланысты болуымен қатар, алдымен, қабылдаушыға әсер ету, оның реакциясын туғызу, автордың тілдік тұлға ретіндегі интеллектуалдық мүмкіншілігі, қарым-қатынас аумағы сияқты мәселелермен байланысты. Кез келген мәтіннің негізгі міндеті – прагматикалық талап-мүддені қанағаттандыру, пікір алмасуды іске асыру арқылы коммуниканттардың жан-дүниесіне әсер етіп, оны «ояту», реакция туғызу» [12,131].

Б.Шалабай ресми-іскери мәтіндердің құрылуына, олардың жанрлық - стильдік ерекшеліктеріне мән беріп, іскағаздарын жүргізу туралы оқу құралын да көпшілік оқырманға ұсынды [13]. Құрылтай және ұйымдық құжаттардан бастап, күнделікті басқару жұмыстарына қажетті құжат түрлерін қамтитын бұл еңбегінің практикалық маңызы зор.

Қорыта айтқанда, ғалымның мәтін кеңістігіндегі ғылыми ой-тұжырымдары:

1) Мәтін, мәтін лингвистикасы, мәтін прагматикасы, мәтін синтагматикасы туралы жалпы түсінік қалыптастыруда;

2) Мәтіннің тұлға-бірлігі – күрделі синтаксистік тұтастыққа қатысты пікірді одан әрі саралауда;

3) Мәтін типологиясын (көркем мәтін, ресми мәтін) дамытуда;

4) Автор бейнесі мен композициялық– сөйлеу формаларына байланысты теорияны жетілдіруде;

5) Көркем мәтінді лингвистикалық талдауға қатысты мәселелерде қазақ лингвостилистика саласына өзіндік үлесін қосты.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 463 б.

2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.

3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы (Өңделіп және толықтырылып 2-басылуы). – Алматы: Санат, 1994. – 320 б.

4. Қордабаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі. – Алматы, 1995. – 176 б.

5. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: «Арыс»

баспасы, 2004. – 616 б.

6. Шалабай Б.Ш. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі синтаксистік тұтастық // Қазақ филологиясы. II кітап. Ред. алқасы: Қирабаев С. – Алматы, 1975. – 109-115 б.

7. Бүркіт О. Қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі. Алматы: Ғылым, 2001. – 274 б.

8. Шалабай Б.Ш. Мәтін // Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. – 270 б.

9. Шалабай Б.Ш. Мәтін лингвистикасы // Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. – 270-271 б.

10. Шалабай Б. Қатысым синтаксисі. – Алматы, – 1998. – 56 б.

11. Шалабай Б.Ш. Көркем әдебиет стилистикасы. Оқу құралы. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 197 б.

12. Шалабай Б. Мәтін прагматикасы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №60. – Алматы, 2002. – 130-132 б.

13. Салагаев В., Шалабай Б. Іс қағаздарын жүргізу. Составление деловых бумаг. – Алматы: «Раритет», 2006. – 208 с.

Саткенова Ж.Б.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

КӨРКЕМ МӘТІН ТІЛІН ТАНУДАҒЫ ПРОФЕССОР Б.ШАЛАБАЙ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Қазіргі қазақ тіл білімінде көркем мәтінді концептуалдық жүйеде талдау зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттарының біріне айналған. Өйткені көркем туынды ұлт тілінің құдіретін танытып қана қоймай, оның сыр-сипатын, бүкіл болмысын жан-жақты ашуға, тануға негізделген. Тілдің образдылық мүмкіншілігі, эстетикалық қызметі көркем туындыда, көркем мәтінде кеңінен ашыла түседі.

Әдебиетші ғалым М.Әуезов: «Әдебиет – тіл мен әдебиет» деп айтқанындай, көркем әдебиетті танудың негізгі өзегі – тіл. Оның көрінісі жазушы шеберлігінен көрінеді. Сөзді кез келген қаламгер қалам тезіне түсіріп әуелгі болмысын өзгертеді, құбылтады, өзге сипатқа ие етеді. Аталған сөз, яғни автор қолданысындағы сөз негізгі сөздікте берілген мағынасынан басқа мәндерге ие болып өзге мағынада қолданысқа түседі. Бұл көркем туынды тілі үшін заңды құбылыс. Көркем мәтіннің тілдік ерекшеліктерін қарастырып жүрген ғалымдар Р.Сыздық, **Б.Шалабай** пікірлеріне сүйенсек: «Көркем сөз сыртқы тұлғасы жағынан да, ішкі мазмұны жағынан да ерекше ұйымдасқан

эстетикалық құрылымға ие. Өзінің поэтикалық деңгейінде тіл белгілі бір мазмұнды сырттай бейнелеуші ғана болып қалмайды, ол барлық мән-мағынасымен, ішкі-сыртқы болмысымен образды мазмұнның өзіне, оның құрамды элементіне айналады. Басқаша айтқанда, тілдік таңба көркем әдебиетте мазмұнды формаға ауысады» [1,180] екен. Осыған байланысты Е.Жанпейісов былай дейді: «Жазушы тілдегі бейнелеу құралдарын әр алуан көркемдік бояу бере пайдаланады. Бұл орайда ауызекі сөйлеу тіліндегі қарапайым сөздер де, мақал мен мәтелдер де, эпитет пен теңеулер де, тілдің басқа да барлық бейнелеу құралдары шығарманың жалпы идеялық, тақырыптық арқауына лайық жаңа бір мағыналық астар алып, стильдік функциясы арта түседі. Ауызекі сөйлеу стилінде, әдеби тілде де әдетте жиі айтылатын тіл құралдарының үйреншікті номинативтік мағынасы ақын-жазушылардың тілінде әр түрлі дамып отырады». Бұдан әуелгі сөздің алғашқы қолданысымен қатар, белгілі бір жазушы туындысында да өзге кейіпте көрінетін, пайда болатын сөз қолданысын көруге болады. Аталған сөздің қолданыс аясы жазушының суреткерлік шеберлігін терең танытумен қатар танымдық ерекшелігін айқындай түседі. Сөз қолданысының танымдық сипаты шығарма тақырыбы, идеясымен алмасып, соның жүгін арқалап, образдылығын арттыру негізінде толығымен ашыла түседі. Сондықтан да көркем мәтінді біртұтас күрделі құрылым ретінде қарағанда ғана, когнитивтік деңгейі айқындала түседі.

Профессор Б.Шалабай көркем мәтінді біртұтас құрылым ретінде қарауға байланысты құнды тұжырымдар ұсынады. Ғалымның бұл көзқарасы мәтінтану саласына қатысты еңбектерінен де айқын көрініп отырады. Ғалымның көркем мәтін тілі туралы жазған зерттеулері бүгінгі таңдағы ғылымдар түйісі мен тоғысындағы іргелі мәселелерді шешуге бағытталады. Мәтін табиғатына терең үңіле отырып, ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін қалай айқындауға болатындығын нақтылайды. Мәтін арқылы тілдің өмір сүру формасын, оның даму заңдылықтарын айқындауға болатындығын айтады. Себебі тілдік тұлғалардың тек сөйлемде ғана емес, одан да ірі бөлшектердің құрамында қызмет ететіндігін, сол арқылы тілдің күрделі табиғатын тануға болатындығын дәлелдейді. Ғалым тұжырымдары арқылы көркем мәтіннің «мәдени феномен» екендігін, мәтін, шын мәнісінде, концептуалдық кеңістік пен концептілік құрылымдар арқылы толыға түсетіндігін аңғаруға болады.

Көркем мәтін тілін зерттеуде ғалым бірнеше терминдерді ұсынған. Соның бірі – ***«баяншы»*** термині. Тілші-ғалым Р.Сыздықова «Сөз құдіреті» атты еңбегінде прозалық шығармалардағы баяндау стилінің 4 түрін атап көрсетеді:

- баяндау автордың атынан жүргізіледі. Көркем прозаның көптеген туындылары, әсіресе роман, повесть сияқты ірі үлгілері баяндаудың осы түрімен жазылады.
- баяндау әңгімелеуші кейіпкердің атынан (бірақ стильдік бояусыз) жүргізіледі.
- әңгімелеуші кейіпкер аталмайды, бірақ баяндау стилі сол кейіпкердің көзқарасымен (бағалауымен, тануымен, т.б.) беріледі.

♦ әңгімелеуші аталады, шығарма сол кейіпкердің аузымен баяндалады. Баяндаудың стильдік бояуы әңгімелеуші кейіпкердің сөз саптауына бағындырылады [2, 180].

Ғалым Б.Шалабай бірінші жақтағы «мен» тұлғасындағы баяндауды:

– *объективті баяншы*

– *субъективті баяншы* деп екі түрге бөледі.

«Субъективті баяншының ерекшелігі шығарма тілі тұтас алғанда төл сөзден (кейіпкер сөзінен) құралады. Осыған байланысты ауызекі тілге жақын келеді. Әрі жанды, әсерлі, экспрессивті болады.

Объективті І-жақтағы баяншының көріністері де әр алуан болуы мүмкін. Алайда ол тұтас үшінші жақтағы баяншыға жақын. Бұл баяншы оқиғаларға тікелей қатыспай, оқиғалардың өзі куәсі болған жайларды баян етеді.

Ал суъективті І-жақтағы баяншының көп ерекшелігі бар. Ол көбірек дараланған, эмоциялық бояуы да ашық, әсерлі. Оның себебі – ол оқиғалардың ішінде жүреді, оған қатысушы болады. Үшінші жақтағы баяншыда баяндалатын жайлармен арадағы эпикалық арақашықтық сақталса, мұнда ол жойылып кетеді.

Субъективті «мен» тұлғасындағы баяншы өзіне екі қызмет жүктейді: әрі ол оқиғаға қатысушы, оқиғаның кейіпкері, әрі баяншы (оқиғаны жеткізуші)» [1, 52 -53].

Жалпы І-жақтағы баяндау типінің артықшылығын профессор Б.Шалабай: «оқиға ІІІ-жақтағы баяндаудағыдай сырт жағынан сипатталмайды, ішкі жағынан ашылады, кемшілігі – үшінші жақтағы баяндаудан оқиғаларды тұтастай, кең қамтып бере алмауында» [1, 53], – дейді. Бұл пікірге толықтай қосылуға болады. І-жақтан жазуды қалаған қаламгерлер шығармаларындағы оқиғаға тікелей қатысты болады. Осының бәрін автор ІІІ-жақтан баяндаса, ситуацияның ішкі жағына көп үңіле алмас еді. Сондықтан автордың баяншы кейіпкерлері оқиғаға тікелей қатысады, әрі сол оқиғаны баяндап береді. Осының бәрін ашуда І-жақтан баяндаудың атқарар рөлі өте зор. Мұндай баяндау түрі шығарманы қызықты, тартымды етудің бірден-бір ұтымды, ұтқыр амалы. Әсіресе, балаларға арналған шығармаларда осы шарттың сақталуы міндетті. Ғалымның осындай тұжырымдары көркем мәтін тілін тануда аса өзектілігімен көзге түседі. Әлі де алар асуларыңыз бен бағындырар белестеріңіз көп болсын деген тілек білдіреміз! Мерейтойыңыз құтты болсын!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. –Алматы, 1999.
2. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. –Алматы: Санат, 1997.

Қияқова Р.Ж.,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент;
Искакова Г.Ж.
педагогика және психология магистрі,
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

ҒАЛЫМ Б.ШАЛАБАЙДЫҢ МӘТІНДЕРІНЕ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ

Қазақстан жоғары оқу орындарының альмаматері – әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің аузы дуалы, сөзі уәлі доктор, профессорлары ғалым Б.Шалабайдың ғылымға қосқан сүбелі үлесі, жаңалықтары туралы бүге-шігесіне дейін айтқан, әлі айтып та, жазып та жатыр. Тіпті ғылыми еңбектерін зерттеп, зерделеп, саралап, мәтін теориясы, синтаксис, стилистика мәселелерін ғылыми айналымға енгізгені қашан. Бізге айтар ештеңені қалдырмағандай, сол себепті жуырда ғана ортамызға келген ғалым туралы не жазсақ, қай қырынан келсек деген ой бізді толғандырды. Десе де қалыс қалмай:

« Бір ауыз сөз әлемге әйгі еткізсе,
Бір ауыз сөз жан тетегін табады...» деп бір ауыз сөз айтуды жөн көрдік.

Сөйтіп, «ұлы суреткер», «әдебиетіміздің классигі», «дарабоз сөз зергері» Ғ.Мүсірепов «Адамға адам, сөзге сөз жарығын да, көлеңкесін де түсіріп тұрады...» десе, «Сөз мәйегі – мақал = мәтелдің» бірінде «Гүл өседі, күннің жылы лебінен, ал адамдар жылы-жылы лебізден» деп, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы КМУ-дің қазақ филологиясы кафедрасының ф.ғ.д., профессор Бердібай Шалабайдың өзімен үзеңгілес әріптестерінің ғылымдағы жаңалықтары, еңбектері туралы жазған материалдарына, ғұмырнамалық естеліктеріне интерпретация жасағанды жөн көрдік. Интерпретация деген терминнің берер мағынасы мәтін ішіндегі мазмұнды ашу.

«Мәтінді интерпретациялау қандай да бір дәрежеде терең, қандай да бір дәрежеде толық болуы мүмкін. Зерттеу қызметі, немесе оқу практикасы ретіндегі мәтінді интерпретациялаудың міндеті мәтіннен барынша мол ақпарат алып, автордың мәтінге жүктеген мазмұнын, сонымен қатар автордың еркінен тыс жүктелген мазмұнын, мағынасын өзі үшін ғана емес, өзгелерге де барынша ұғындыру болып табылады» [1, 7].

«Халқымыздың ғұлама қызы, абыздарының бірі Рабиға Сыздық – сексен жаста» деп аталған мерейтой иесіне арнаған «Сөз құдіретін зерделеу үлгісі» мақаласында: «Р.Сыздық Абайдың сөз өрнегін талдаған соңғы еңбегінде көркем әдебиет тілін өнер тілі тұрғысынан зерттеудің жалпы теориялық мәселелеріне де, нақты іс-тәжірибелік ізденістеріне де жаңа пікірлер қосады. Абай тілін танудың қырларын сөз ете отырып, көркем шығарма тілін талдаудың бірнеше бағыт-бағдарын ұсынады». Бұдан басқа да проф. Б.Шалабай Р.Сыздықтың стилистика мен сөз мәдениеті тоғысуы туралы былай дейді:

«...Функционалды стильдер мәселелерін сөз ететін ғылым саласы – стилистика ұлттық тіл мәдениетінің негізін қалайды». Ғалымның бұл темірқазық тезис-тұжырымы тіл қолданысының негізгі теориялық базасын құрайды. Стилистика тұрғысынан тіл элементтерінің қызметін бағалау, тіл мәдениеті тұрғысынан олардың нормаға сай не сай емес қолданысын анықтау– бір мәселенің екі жағы, сондықтан «стилистика мен сөз мәдениеті мүдделері тоғысып жатады [2, 6].

Сол сияқты «Синтаксистік жүйені тұтастыра зерттеуші тұлға» атты мақаланың авторы ғалым Т.Н.Ермекова профессор Т.Сайрамбаевқа арналған мақаласында ф.ғ.д. Б.Шалабайдың «... соңғы кездері синтаксисті дәстүрлі-құрылымдық зерттеуден өзге фукционалдық тұрғыдан зерттеуге, тілдік тұлғаларды мәнмәтіндік аяда қарастыруға да көңіл бөле бастаған еді. Сол тұрғыда бірнеше мақалалар жазумен қатар «Тіркесімділіктің дистрибудциясы» (2004), «Жақ категориясының функционалдық көрінісі» (2005) атты көлемді еңбектерін де қалдырып кетті. Студенттер мен магистранттарға оқыған дәрістерінде синтаксистік бірліктердегі жаңа құбылыстарға ден қойып, зерттеу жүргізген»,–деген пікірін дәлел етеді.Ғалым Б.Шалабай қатар жүрген замандастарының адами келбеті туралы: «Тәкеңнің ұстаздық еткен жылдары, сол жолдағы жасаған еңбегі, төккен тері өз алдына жеке әңгіме боларлық. Ол бірнеше жылдар қатарынан өмірінің соңына дейін ҚазҰУ-дың қазақ және түркі тілдері мамандығы бойынша докторлық кеңестің төрағасы болды. Университет қабырғасынан сан мыңдаған шәкірт тәрбиелеп ұшырды. Тәкеңнің ұстаздық еңбегіндегі, ғылымдағы жолы сайрап жатыр, ол өшпейді», – деп жүрек жарды пікірін білдіріп, уақытында замандасын бағалай білген [3, 5].

Ия, «Адамға адам, сөзге сөз жарығын...» түсіргенге не жетсін.

Мерейтой иесінің келесі бір қалам тербеген мақаласы «Тілтанудағы шырайлы ғұмыр» деп аталады. Осы мақалада: «Гүлдархан әріптесіміздің ұшталған тілі, өз ойын майын тамыза жеткізе білуі, жазылған ғылыми дүниелерге сындарлы көзбен қарап, саралау жасайтыны қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдеріне арнаған «Тіл білімінің тарландары» атты еңбегінен байқалады. Бұл еңбекте қазақ тіл білімінің өркендеуіне ғұмырларын арнаған белгілі тілші-ғалымдардың еңбектері талданып, бағаланған.

Адамның көз майын тауысатын, салмағы зіл батпан, қара жұмысы бастан асатын азабы мен азары мол жұмыстың бірі – сөздік құрастыру. Г.Смағұлованың фразеологизмдердің варианттылығын түзіп, сөздік шығаруы – осындай жанқиярлық еңбектің арқасы, төгілген тердің айғағы. Варианттылық пен синонимді айыру қиындығы өз алдына, олардың лексика-семантикалық топтарын бөліп көрсету, сөздіктің канондық сипатына сай етіп жинақтап құрастыру, әр сөзін бекіту үшін мысал келтіру – оңай орындалатын шаруа емес», – деп профессор Б.Момынова, Б.Шалабай Г.Смағұлованың ғылымдағы өлшеусіз, ерен еңбегіне тоқталады. Сол сияқты оның ғалымдығымен қоса әлемдегі аналарға тән «бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербейтін» аналық, әжелік болмысы туралы: «Әр адамның Құдай берген мінезі бар, сол мінезі де оның ғұмырлық жолын айқындары сөзсіз. Турашылдығы мен

тайсалмайтындығы, қиыннан қиыстырып жол тауып кететін ұтқырлығы Гүлдарханды талай тығырықтан алып шыққанын көріп жүрміз. Бүгінгі «әже» атанып отырған толысқан шағында бұрынғы өрлігінен гөрі мінезінің кеңдігі, жұмсақтығы басым көріне бастағандай»,–деген ойын ақтарып-ақ тастайды[4,6].

Келесі бір ғалымның интертексіне жүгінсек, – сөйлесім әрекеті туралы ғылымда берілген анықтама, түсініктемелер көп екені белгілі, – және олардың түрлері де нақтыланған. Алайда, Фаузия Оразбаева өзі жүргізген теориялық ізденістер мен тәжірибелерге сүйене келіп, сөйлесім әрекетін бес түрге бөліп қарастырады. ...Қазақ тілінде бұрын айтылмаған тың терминдік атау береді. Олар: оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім п.ғ.д. Ф.Ш.Оразбаева тілдік қатысым теориясын жасап, қазақ тіл білімінде оны әдіснамалық, әдістемелік тұрғыдан негіздеген ғалым деп, – профессор Б.Шалабай ойын осы мәтінмен рәсімдейді [5, 34].

Біз проф. Б.Шалабайдың Р.Сыздық, Т.Сайрамбаев, Г.Смағұлова, Ф.Ш.Оразбаева туралы жазған мақалаларынан алынған мәтіндерді интертекст деп айтуымызға болады. Интертекст дегеніміз – бір шығармадағы мәтіннің өзге шығармадағы мәтінге негіз болуы. Сол сияқты интертекстің бағалауыштық қызметі де болады. Интертекстің бағалауыштық қызметін автор интенциясы деп түсіну керек деген ойдамыз. Осы ретте ғалым Б.Шалабайдан келтірген үзінді-мәтіндерден интертекстік бағалауын байқаймыз, әрине, автор тарапынан бағалау – оң.

«Қазіргі лингвистикада мәтін формалды-құрылымдық жасалым ретінде көрініс табады. Соған байланысты интертекстуалдылылық мәселесі өзекті болып отыр. Интертекстуалдылық – бұл дайын мәтіндер негізінде жасалатын шығарманың сапасы.

... интертекстуалдылықты мәтін тудыру қызметін атқаратын, оқырманға қосымша мағыналық ассоциация беретін, мәтінге басқа мәтіннің не оның мағыналық бөлшегінің таңбаланып немесе таңбаланбай, өзгертілген немесе өзгертілмеген цитата, аллюзия, реминисценцияның енгізілуін айтамыз. Интертекст ұғымы әртүрлі түсіндіріледі. Интертекст немесе мәтіндегі мәтін деп те атауға болады» [6,141].

Ал А.Б.Абдыхановаңың пікірінше, «интертекст», «мәтіндер жиынтығы», «мәтіндер жүйесі», «көркем шығарма», «коммуникативтік бірлік», «ой гибриттері» деген әртүрлі атаулар қолданылып жүргенмен, М.Риффатер ұсынып отырған үштағаннан алшақтамаған тәрізді [7].

«М.Әуезов шығармалары және мәтінаралақ байланыстар» деген А.С.Әділованың мақаласында: «Қысты күтем, пәктікке құмар байғұс, Аязды аңсап, алқынып, тына алмайды іш. Үш-ақ мезгіл мен үшін мына тірлік. Қамқа – көктем, Қодар – күз. Құнанбай – қыс» деген жолдары арқылы ақын С.Сағынтайдың тілдік құзреті жаңа, соны метафоралар жасауға мүмкіндік бергені байқалады. Претексті еске алатын бұл есімдер арқылы оқырман олардың әрқайсысына тән ерекшеліктермен ассоциация жасау негізінде жыл мезгілдерінің тосын, жаңа сипатын көз алдына әкеледі», – дейді [8].

Ендеше интертекст, прецедентті мәтін, интерпретация тек қана лингвистика әлемінде ғана емес әдебиеттану әлемінде де өзіндік орны бар терминдер, қолданыстар деп түйіндеуге болады.

Я.А.Коменский: «Ұстаз – мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол барлық ой мен қиял әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын, тынымсыз лаулаған жалын иесі. Оларға тамаша қызмет тапсырылған, күн астында одан жоғары еш нәрсе болмақ емес», – дейді [9, 11].

Олай болса, ой мен қиял әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұрын құйған ұстаз, ғалым Б.Шалабай 2 ғылым докторы, 34 ғылым кандидаты, 1 PhD докторларға жетекшілік жасаған. Ғылым әлеміне келген жастарға жол сілтеп, кеңес беріп, әрқашан да қолдап, ғылым жолында қанатын еркін сермеуге баулыған. «Болар баланың белін бу» демекші, жас ғалымдардың еңбектерін бірлесе отырып ақылдасып, талдап, мұқият саралаған. Демек, профессор Б.Шалабайдың ғылымға жанашырлығын, парасаттылығын, еңбекқорлығын, мәдениеттілігін, жазушы, әдебиеттанушы Ж.Қабдештің қасиеттерімен салыстыруға болады.

«Қазақ әдебиеті» газетінде «Қабдештің қалжыңдары» тақырыбымен бірнеше әзіл әңгіме жарияланғаны белгілі. Олар тапқырлығымен, ұтқырлығымен, астарлы юморымен жазушының дос-жолдастарымен газет оқырмандарын езу тарқызғаны сөзсіз. Бұл әзіл-шыны аралас әңгімелерінде қаламгерлердің жеке өмірі мен қоғамдық-әлеуметтік қызметіне қатысты деректер бар. Жазушы кейбір нашар жазылған көркем шығармадағы сөйлемдер туралы: «Бейнелеп айтсақ, кейбір қолжазбалардың тілі, сөз-сөйлемі ескі тақтайдан суырып алған бір дорба қисық шегені еске салар еді. Баспаның жоспарын орындау үшін, лаж жоқ, сол «қисық шегелердің» талайын төске салып, бір-бірлеп түзетуге тура келуші еді», – деп ренжитін.

Бір күні әлгіндей ауыр қолжазбалардың бірін қарап, сіркем су көтермей, шаршаңқырап отырғам. Бір мезетте, сайтан түрткендей, автордың өзі телефон соқты. Әжептәуір мансабы бар кісі еді:

– Жұмысты тым созып жібердіңіз-ау! Қашан қарап боласыз? – деді даусына сәл қырыл қосып. Мен шыдай алмай кеттім:

– Жұмыстың неге жүрмей жатқанын білесіз бе? – дедім әлгіге. – Сіздің жазғаныңыз – көркем шығарма емес... ескі тақтайдың суырылған бір дорба қисық шеге тәрізді. Оны оқушы кәдесіне жарату үшін, әр сөйлеміңізді төске салып түзету керек. Тот басқан шегелерді түзету оңай шаруа деп ойлайсыз ба? – деп салған жерден тізгінді қолға алып, бастырмалатып жібердім. Бірақ кедергі болмай, бар мүмкіндікті жасап-ақ бақтым, – деп жымиятын.

Ғалым А.С.Әділованың монографиясында «Қабдештің қалжыңдары» деген тақырыппен берілген мәтіндерді дәлме-дәл, өзгеріссіз алуымыздың мақсаты – автор дәйектемені ұтымды іріктеген.

Демек, екеуінің де жұмыс істеу үрдісі Қадыр Мырза Әли айтқандай: «Жебе тілден жібек тіл көп өтімді» деген ұстанымға сай.

Мәтін теориясында автоинтертекстуалдылық немесе автоцитация, автореминисценция деген мәтінаралық байланысты көрсететін маркерлер бар.

Яғни автор өзінің бұрын жазған шығармасын кейінгі мәтінге претекс ретінде кіргізе алады. Ғалым А.С.Әділованың пікірінше, бұлар – прецедентті автомәтіндер. Оған мысал – Қ.Жұмаділовтің «тіл қазынасынан өзінің ойын жеткізетін басқа теңеу таппаған жоқ, өз жадынан, өз танымдық кеңістігінен сәтті табылған дайын коммуникативтік құрылымды, сол арқылы сол мәтін семантикасына өң беріп, өзі түзеп отырған жаңа мәтінге саналы түрде енгізуі»[10,136].

«Қазіргі таңда мәтінтанымдық зерттеулердің қатары біршама толығып, мәтіннің күрделі табиғаты біртіндеп ашыла түсуде. Осы мәселемен айналысып жүрген Б.Шалабай, Ж.Жакупов, О.Бүркіт, А.Жұбанов, З.Ерназарова, С.Мұстафина, Н.Құрманова, К.Мухлис, Г.Әзімжанова, Ж.Қайшығұлова, А.Таусоғарова, Б.Райымбекова, Ф.Жақсыбаева, М.Ахметова т.б. атауға болады.

Кез келген мәтіннің негізгі міндеті – прагматикалық талап-мүддені қанағаттандыру, пікір алмасуды іске асыру арқылы коммуниканттардың жан-дүниесіне әсер етіп, оны «ояту», «реакция туғызу». Ф.ғ.д. Б.Шалабайдың мақалаларынан алынған интертекстерді интерпретациялау арқылы біз де жастарға «ғылым жолы – даңғыл жол емес», толассыз еңбек, тынымсыз ізденіс, асқан төзімділік, білімді қажет ететінін айтып, Абай Құнанбаевтың:

«Бір ғалымды көрсеңіз,
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз,
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз», – деген жолдарын келтіріп, ойды ой қозғасын, ойға тамызық болсын деп ниеттендік. Мәтін ішіндегі мәтініміз интертекст лексикалық деңгейдегі цитация немесе цитата сөз арқылы маркерленген. Біз мәтін ішіндегі мәтінді интерпретациялау арқылығалым Б.Шалабайдың тілдік-мәдени құзіреттілігін танытуды мақсат еттік. Демек, интертексті ф.ғ.д., проф. Бердібай Шалабай туралы жазған мақаламызда қолдануға тырыстық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Есембеков Т. «Мәтінді аудару және интерпретация курсы»// Аударматану мен әдеби компаративистиканың өзекті мәселелері: республикалық ғылыми– теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2007.

2. Б.Шалабай Халқымыздың ғұлама қызы:[Ана тілінің абыздарының бірі – Рәбиға Сыздық 80 жаста] //Ана тілі.– 2004.– 4 қараша (№45) – 6– 7 б.

3. Шалабай Б. Ғылымдағы сара жол// Ана тілі .– 2010.– №52. – 5 б.

4. Б.Момынова, Б.Шалабай Тілтанудағы шырайлы ғұмыр// Ана тілі. – 2010. – 6б.

5. Шалабай, Б. Қазақ тілі білімінде тілдік қатынасымның теориясы мен әдістемесін негіздеуші: [пед. ғыл. докторы, профессор Ф. Оразбаева туралы] //Парасат айдыны.– Алматы: Ан Арыс, 2009.– 248 б.

6. «Вестник ВКГТУ», Гуманитарные науки. 2012.– №4,

7. ПМУ Хабаршысы №3 (2016);

8. *https://articlekz.com › Мақалалар › Филология*
9. Педагогикалық технология ұғымының мәні мен әдіснамалық сипаттамасы. //Бастауыш мектеп. 1999.– №8.– 11б.
10. Адилова А. С. Қазіргі қазақ көркем мәтіндеріндегі цитация құбылысы. Монография. – 252 б. – Алматы, Эверо, 2015.

Карипжанова Г.Т.
филология ғылымдарының кандидаты, профессор,
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТІЛІ ЖӘНЕ Б.ШАЛАБАЙ

Өткен ғасырдың 50 – жылдарынан М. Балақаев, М.Әуезов, Қ. Өміралиев еңбектерінен бастау алатын көркем әдебиет тілін зерттеудің бүгінгі таңда теориялық негізі қаланып, оның мазмұны, яғни зерттеу нысаны мен мақсат міндеттері, ұстанымдары мен зерттеудің әдіс-тәсілдері айқындалған. Бұл орайда жекелеген ақын – жазушылардың әдеби тілге қосқан үлесін, сөз қолданудағы көркемдік, шеберлік қырларын, көркем шығарма тілін зерттеудің мәселелерін қарастырған Е.Жанпейісов, Р.Сыздықова, Х.Кәрімов, Т.Қоңыров, Б.Хасанов, М.Серғалиев, Б.Шалабай, Х.Нұрмаханов, С.Хасанова және т.б. зерттеулері қазақ көркем әдебиет тіліне лингвистикалық талдау жүргізу, мәтінге филологиялық талдау жасаудың ғылым саласы ретінде қалыптасуына өзіндік үлес қосқан еңбектер болып табылады. Көркем әдебиет тілін зерттеу тіл білімі мен әдебиеттану аумағынан шығып, жалпы филологиялық көлемде қарауды қажет етеді. Қазақ ақын-жырауларының шығармаларына мағыналық талдау жүргізу, мәтіннің тілдік элементтерін жалпы халықтық нұсқалармен салыстыру және автордың өзіндік қолданыстарын, әлеуметтік-диалектілік шектеулі тарихи сөздерді, окказионал қолданыстарды тауып, мағыналарын ашу арқылы көркем мәтінді толық түсінеміз. Ғалым Б.Шалабай «Көркем әдебиет тілі және оны мектепте оқыту» атты еңбегінде: «Көркем әдебиет тілін зерттеу мынадай бірнеше міндеттерді жүктейді. Біріншіден, әдеби шығарманың эстетикалық табиғатын, көркемдік қасиетін түсінуге, көркемдікті ұйымдастырушы жағдайларды ашуға көмектеседі. Екіншіден, жалпы халықтық тіл мен әдеби тілдің толығып баю процестерін пайымдап, әдеби тілдің әрі қарай даму тенденцияларын анықтауға мүмкіндік туғызады. Үшіншіден, ол тіл білімінің жаңа саласы – стилистиканың көптеген мәселелерін шешуге де өз үлесін қосады», –деп анықтап береді[1,2]. Көркем мәтінге тілдік-лингвистикалық талдау жасау, яғни дыбыстық қабаттан мәтінге дейінгі аралықтағы тілдік бірліктердің қызметін талдау, сол арқылы көркем шығарма тілінің өзіндік ерекшеліктерін, олардың жасалу жолдарын, көркем құралдардың лингвопоэтикалық қызметін анықтау маңызды. Кез келген тілдік құрал көркем мәтін тілінде орынсыз қолданылмайды. Ондағы

күрделі синтаксистік құрылымдар, лексемалар, жеке дыбыстар, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер – бәрі де жазушы талғамымен көркемдік идеяға қызмет ететін тілдік құралдар болып табылады. Тілдік құралдардың қолданысы, олардың мағынасы, автор бейнесі мен кейіпкер бейнесінің берілу жолдары т.б. лингвостилистикалық талдау жүргізудің нәтижесінде анықталады.

«Көркем әдебиет тілінің өзіндік сипатын түсіндіруде көркем әдебиеттің өзін, жалпы өнердің бір түрі ретіндегі ерекшелігін анықтаудың мәні зор» [2, 22–26],– дей келе ғалым Б.Шалабай көркем шығарма тілін өнер тілі ретінде зерттеудің мақсат-міндеттерін, әдіс-тәсілдерін көрсетіп берді. «Көркем әдебиет тілің талдаудың бірінші аспектісі – оны өз тұсындағы жалпы халықтық тіл немесе әдеби тіл көріністерінің бірі ретінде алып, сол дәуірдің тілін зерттеуге қажетті материал ретінде пайдалануға болады. Бұл жағдайда белгілі бір жазушының, немесе нақтылы бір шығарманың тілі негізінде жалпы халықтық тілдің белгілі бір құбылысы түсіндіріледі.

Көркем әдебиет тілін талдаудың екінші аспектісі – көркем әдебиет тілінің тарихын әдеби тілдің тарихы ретінде түсініп, сол тұрғыдан талдау. Бұл жағдайда көркем шығарманың тілі белгілі бір дәуір әдеби тілінің дамуындағы тенденциялардың заңды көрінісі ретінде алынады, оны зерттеу сол дамудың нақтылы ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі. Бұл тұста әр жазушының әдеби тілді дамытуға, байытуға қосқан үлесі анықталады.

Көркем әдебиет тілін зерттеудің үшінші аспектісі – жазушы тілін шығарманың көркемдік, эстетикалық қасиетін анықтайтын сапалардың бірі ретінде талдау. Бұл – лингвостилистикалық талдау,ол әдебиеттану ғылымымен ұштасып жатады. Бұлардан басқа, біздіңше, көркем әдебиет тілінің тағы бір ұғым-түсінігі және соған сай талдау аспектісі бар. Бұл түсінік бойынша, көркем шығарманың тілі сол бір шығарманың не жазушының тұтас дара стилін айқындайтын категориялардыц бірі болып табылады»[1]. Көркем әдебиет тілін талдаудың маңыздылығы әдеби шығармалардың эстетикалық табиғатын ашып, көркемділік қасиетін түсінуге жағдай жасайды, стилистиканың көптеген мәселелерін шешуге септігін тигізеді. Көркемдік қызмет атқарған әрбір бірліктің қызметін, қыр-сырын тану арқылы өзінің эстетикалық сезім талғамын ұштап, тілдік қорын молайтып, тілдік мәдениетін көтереді. Көркем мәтінді талдаудың бірнеше аспектілері бар. Көркем мәтінді әдеби тіл нормаларына қатысы тұрғысынан алып талдау, мағыналық талдау, көркем бейне жасауға қатысы жағынан алып талдау, жазушының дара стилін таныту мақсатында талдау. Ғалымдар мәтін талдаудың бірізді болмайтындығы туралы «…бұл мына жайларға байланысты: біріншіден, қандай мәтінді қалай талдау зерттеушінің алдына қойған мақсат-міндеттерінен туындайды, екіншіден әр мәтіннің өзіндік ерекшеліктері ескеріледі» [3, 3], – деп атап көрсетеді.

Көркем шығарма тілі – көркем композицияның элементі. Көркем шығарманы лингвостилистикалық тұрғыдан талдауда негізінен екі нәрсе басты нысанға ілінеді: біріншісі – әдеби тілдің дамуы барысындағы көркем

туындының орнын; екіншісі – жеке ақын-жазушылардың сөз мәнерін зерттеу. Бұл пәннің негізгі міндеті көркем мәтінді зерттеу арқылы оның идеялық және эстетикалық болмысын ашу болып табылады.

«Көркем мәтінді өнер туындысы ретінде зерттегенде таза лингвистикалық әдіс-тәсілдермен шектеліп қалу жеткіліксіз. Себебі көркем туынды, даралық көркем стиль жазушы шығармаларының сөйлем құрылысы ғана емес, әр жазушының шығармаларына тән мазмұн мен түр ерекшеліктері. Көркем әдебиет стилистикасында шығарманың тілін оның идеялық мазмұнынан бөліп алып қарауға болмайды. Бұдан талдаудың лингвистикалық принциптерімен әдіс-тәсілдерін әдебиеттану тұрғысынан талдаумен, соның ұғымдары, категорияларымен, принциптері және әдіс-тәсілдерімен ұштастыру қажеттілігі туады» [1, 17], – ғалым Б.Шалабай.

Демек, көркем мәтінді лингвистикалық тұрғыдан талдау – әрбір тілдік құралдың қызметін талдау арқылы олардың мәтіндегі мағынасын ашу, қолданылу мақсатын айқындау. Ақын-жазушы шығармаларының қыр-сырын, көркемдік ізденістерін, тақырыптық-идеялық жақтарын т.б. жан-жақты қарастыратын әдеби талдауларын бүтін «дүниенің» екі жағы десек, олардың әрқайсысын терең зерттеу арқылы ғана бүтіннің табиғатын толық тани аламыз. Көркемәдебиетқоғамдық өмір қалыптастырған әлеуметтік топтардың қоғамдағы алатын орнын, өзара қарым-қатынастар мен өзіндік ерекшеліктерін көрсетуде бірінші кезекте сол топтардың тіліне тән тілдік элементтерге ие картады. Мұндай тілдік ерекшеліктер көркем шығармада ортақ кәсібі мен тұрған жері, өскен ортасы т.б. жағдайлар біріктірген адамдар тобының әлеуметтік ерекшелігінен хабар беретін стильдік көрсеткіштер болып табылады. Көркем образ жасауға апаратын жолдағы көптеген амал-тәсілдер қатарында адамға тән түрлі мінез ерекшеліктерімен оның қалтарыстарын көрсетуде жазушы үшін үлкен маңызға ие нәрсе – кейіпкер тілін «өзгермеген» қалпында пайдалану. Қоғамдағы өзі кіретін әлеуметтік топпен ортасы атынан сөйлейтін кейіпкер ешқандай әсірелеу, боямасыз-ақ келбеті мен бітім болмысынан, білімімен қабілетінен хабар беріп, тіл арқылы орнын айқындайды. Бұдан кейіпкер бейнесін сомдауда тілдік құралдардың қаншалықты маңызды екендігін, сондай-ақ тіл мен әдебиет арасындағы байланысты айқын аңғарамыз. Тілдік ерекшеліктерді туғызудағы негізгі факторлардың бірі шығарма кейіпкерінің қоршаған орта қалыптастырған дүниетанымымен өмірге деген өзіндік көзқарасы, көрген-білгені мен оқып-түйгенінен туған адами позициясы образ жасаудағы жазушы ескеретін бірден-бір жайт болып табылады. «Жалпы, көркем әдебиет тілін зерттеу қазақ филологиясында екі ыңғайда жүзеге асып келеді. Зерттеушілердің бір тобы белгілі бір жазушы тілін өз кезінің әдеби тілдік фактісі ретінде алып, сол кезең әдеби тілін (немесе жалпы халықтық тілді) сипаттайтын нақтылы материал тұрғысынан қарайды. Ондайда әдебиеттің ірі өкілдерінің тілі жалпы тілдік дамудағы белгілі бір кезеңді лингвистикалық сипаттауға құнды дерек болады. Зерттеулердің екінші тобында жазушы тілін әдеби тілдің көрінісі емес, көркем тілдік

ұғым ретінде, жазушының сөз қолдану ерекшеліктерінің көрінісі ретінде қарастырылғандығы байқалады», – дейді зерттеуші ғалым[1,4].

Тіршілік иірімдеріндегі адамдар тағдырын бейнелеп, образдар галереясындағы олардың қайталанбас портреттерін жасау үшін жазушы кейіпкердің жеке басына тән барлық белгіні пайдалануға тырысады. Ол белгілердің қатарына тілдік құралдар да кіреді. Яғни ана сүті, әке өсиетімен даритын ұлттық ерекшеліктерінен бастап, мекен еткен жері мен кәсібіне байланысты тілдік қолданыстар, сондай-ақ, жас ерекшелігі мен әлеуметтік сипатын танытатын білім деңгейі, осы айтылғандарға қатысты сөз саптауындағы тілдік ерекшеліктер назардан тыс қалмайды. Оның сыртында әр адамның сөйлеу мәнеріндегі индивидуалдық ерекшеліктер образ сомдаудағы ең қажетті құралдардың бірі болып табылады.

Мағынасы айқын аңғарылатын, стильдік бояуы бірден көзге түсетін сөз бен сөз тіркесі, сөйлем бірліктері кез келген мәтіндегі қолданыс аясын анықтап, стильдік фон жасауға қатысатын белсенді тілдік құралдар екендігін тану үшін филологиялық талдау жасау қажет. Әр функционалды стильдің өзіндік мағынасы мен бояуы жағынан ажыратылмайтын стильдік қабаты болады. Дыбыстық қабаттан мәтінге дейінгі аралықтағы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметін талдау көркем шығарма тілінің өзіндік ұйысу ерекшеліктерін, олардың жасалу жолдарын, көркемдік құралдардың лингвопоэтикалық қызметін анықтауға жағдай туғызады. Көркем шығармада фонетикалық құбылыстарда түрлі стильдік мақсатта жұмсалады. Мысалы, сонар дауыссыздарының түсіріліп айтылуы іс жылдамдығын, қимылдың бірден жүзеге асқандығын білдірсе (боп-болып, со кезде-сол кезде), дыбыс созылыңқылығы кейіпкердің эмоциялық-психологиялық күйін білдіреді. Е.Жанпейісов сөйлеу тіліндегі сөз тіркесінің әдеби тіл аясындағыдан өзгешелеу, әр түрлі фонетикалық қысқартулар, синтаксистік ауытқуларға ұшырасып отыратындығын авторлық баяндамадан сырт кейіпкерлер тілі, яғни кейіпкерлердің әрқайсысының өзіне тән сөйлеу машығын сақтау қажеттілігімен түсіндіреді [4, 24]. «Көркем шығарма тілінің өзіндік табиғатын, өзіндік сөз қиюын айқындай түсетін екінші бір нәрсе, ол сөйлеу тілі. Басқы функционалдық стильдерге қарағанда көркем шығарма тілінде сөйлеу тілі элементтері де ретіне қарай қолданылып отырады. Өйткені, қандай да бір көркем еңбек болса да, онда авторлық баяндамадан сырт кейіпкерлер тілі, яғни кейіпкерлердің әрқайсысының өзіне тән сөйлеу машығы сақталатындығы белгілі.

Бұл арада сөйлеу тіліндегі сөз тіркесінің әдеби тіл аясындағыдан өзгешелеу болып келетіндігін ескерген жөн. Әдетте адамдар өзара сөйлескенде әр түрлі фонетикалық қысқартулар, синтаксистік ауытқулар ұшырасып отырады» [1, 24]. Сонымен, жазушының тіл байлығы жеке сөздердің көптігімен өлшенбейді, керісінше оларды ұтымды қолдану шеберлігімен айқындалады. Нәрсіз сөздер мен орынсыз тіркестер тіл жұтаңдығы мен ой жұтаңдығын туғызады. Әлемдегі қандай халықтың болса да белгілі дәрежеде дамыған сөз өнері бар. Біздің халқымыздың сөз өнері бірнеше ғасырлар бойы

дамып жетіле келе, алдымен, жалпыхалықтық тілді байытты. Әр қаламгер тілдік бірліктерді халық тіліндегі қалпында жұмсаумен қатар, жаңғыртып, өзгерте қолдану арқылы қосымша рең, мағына туғызып, айтар ойды шешендікпен жеткізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шалабай Б. Көркем әдебиет тілі және оны мектепте оқыту. Алматы, 1982. 88 б

2.Шалабай Б. Көркем проза тілі. – Алматы, 1994. – 121 б.

3. Сыздық Р., Шалабай Б., Әділова А. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. – Алматы, 2002. – 179 б.

4. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. – Алматы, 1968.

Өтелбай Г.Т.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент;
Найманбай А.Р.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ПРОФЕССОР Б.ШАЛАБАЙ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ТІЛІ ТУРАЛЫ

Тіл ғылымын талдап, саралауда көркем мәтіннің алар орны ерекше. Көркем мәтін тілінің дамуы ауқымды, күрделі құбылыс. Белгілі тұлға, филология ғылымдарының докторы, профессор Бердібай Шалабай есімі көркем мәтін, әдеби шығарма тілін зерттеуші көрнекті ғалым, осы саланы дамытып, алға жетелеушілердің бірегейі ретінде жақсы таныс. Ғалымның көркем проза тілі мен қазақ стилистикасы туралы жазылған еңбектері ұшан-теңіз.

Көркем мәтінді талдау шығармашылық жұмыстарды талап етеді. Қазақ тіл білімінде М.Балақаев, Р.Сыздық, Ә.Дайырова, Т.Ақшолақов, Б.Шалабай сынды ғалымдарымыз негізін қалаған көркем мәтінді талдау жүйесі бүгінгі бірнеше бағыттарды қамтиды. Бұл ретте көптеген жұмыстар жазылып, ізденістер жалғасын табуда.

Жазушылардың кез келгені ұлт тілінің әдеби үлгісіне әрдайым өз шығармаларының шұрайлы тілі арқылы «қолтаңбасын» қалдырады. Көркем дүние тілін танудың басты міндеті – шығарма тілі автордың айтар ойына сай келе ме деген сияқты сұрақтарға жауап алып, жазушы өрнегін, қолтаңбасын айқындау. Көрікті ойдың келісті суретін салуға жұмсалатын амал-әрекеттің әр түрлі бояуы, көркемдік кескіні, эстетикалық әсері болады. Қандай да қатынас-хабарлар мәтін арқылы жүзеге асырылып, сөйлеудің мазмұны мен оның бағыт-өрістері әр түрлі болатындықтан, мәтін құрамындағы тілдік тұлғалардың тіркесу, байланысу сипаттары да түрліше жазылады.

Жазушының сөз өрнегі – қаламгердің даралық стилі мен тіл ерекшелігін, шеберлікті танытады. Көркем тіл стилі оқырманға эмоционалды, бейнелі, яғни эстетикалық әсер ету қызметін атқарады. Жалпы жекелеген ақын-жазушылардың еңбектеріне лингвистикалық талдау жасау, ондағы тіл ерекшеліктері мен сөз оралымдарына кеңінен тоқталып өту қашан да тіл білімі ғылымының басты мәселелерінің бірі болмақ.

Ғалым Б.Шалабай көп жылғы ізденіс негізінде Б.Майлин, С.Торайғыров, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов сынды қаламгерлеріміздің шығармаларын, ондағы автор бейнесі мен көркемдік амалдар, сөйлемдердің құрылымдық-интонациялық ерекшеліктерін зерттеп, ғылыми анықтама береді. Жеке жазушылардың тілдік ерекшеліктері зерттелген кейбір еңбектерден ғалым екі ыңғайды көрсетеді: «Олардың бір тобында жазушы тілі сол тұстағы әдеби тіл фактісі ретінде алынып, сол кезең әдеби тілін (немесе жалпы халықтық тілді) сипаттайтын нақтылы дерек ретінде қаралады. Зерттеулердің екінші тобында: жазушы тілін әдеби тілдің белгілі бір кезеңдегі көрінісі тұрғысынан емес, сол жазушының даралық стиль, тіл қолданыстарының ерекшеліктері тұрғысынан қарауға талаптанушылық байқалады» [1, 3-4]. Осы пікірге ұштас ойды қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуетін зерттеуші ғалым Г.М.Әзімжанова былай деп тұжырымдайды: «Көркем мәтін – тілден тыс жағдаятың күрделі белгісі, ол – коммуникация бірлігі, сондықтан да оны семантикалық, синтаксистік және прагматикалық ерекшеліктерін ескере отырып зерттеу қажет» [2, 28].

Шеберлік деген ұғымның ауқымы кең. Ол талмай талаптану, шығармашылық ізденіс тәжірибесінде жетіліп, қалыптасады да, үлкен іске жол ашады. Тегінде – шеберліктің қолданылу аясы да мол. Зергер қолынан шыққан асыл заттар да, әр алуан бояу, өрнектерімен әшекейленіп, өмір қажеттігіне асып жатқан тұрмыстық бұйымдар да өз шеберлерін тапқан заттар. Небір сұлу қалалар, сәулетті ғимараттар шын мәнінде іскер қолдың жемісі болса, көркем сөз шеберлерінің де көтерер жүгі мен атқарар ісі мол болып келмек. Сөз зергерлері – шеберлікті жан-жақты жетілдіріп, шыңдай түсуі қажет.

Жазушының тіл шеберлігі ғалым А. Байтұрсыновтың пікірі бойынша адам санасының үш негізіне сүйену барысында жүзеге асады: ақыл, қиял, көңіл. «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңдеу, яғни ойдағы нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау» [3,141].

Осы үшеуіне сүйену негізінде ақын зерттеп отырған затты не құбылысты жеткізеді. Сонымен қатар ақынның жаңа қолданыстарының пайда болуына негіз болатын осы үш нәрсе.

Ендеше, басты бағыт шеберлікте. Қай жанрда қалам тартса да, алдымен шеберлік қажет. Жазушы стилі – өзіндік сөз мәнері мен суреткердің өзіне ғана тән қалам ізі. Жазушының стилін анықтау дегеніміз – оның басты шеберлік қасиеттерін тап басып, тілдік қыр- сырын ашу. Сондықтан көркем шығарманы жасаушы қаламгер табиғаты стиль, шеберлік арқылы танылатыны белгілі жағдай.

Шеберліктің негізгі сыры – жазушы талғампаздығы, оның өзіндік сөз қолдану ерекшелігі мен сөз саптау шеберлігінде. Қолына қалам алып, қалың жұртшылық қауымға рухани мәнді эстетикалық тәрбие беруді мұрат еткен адам өз заманының айтулы мәдениет иесі болумен қатар, өзіндік талап-талғамымен сол мәдениет биігінен көрінуге тиіс.

Көркем туындының құрылысы әртарапты көптеген құрылымдардың бірлігінен тұрады. Олар көркем шығарма тілінің заңдылығына бағынады және тілдік жүйе түзеді. Осы жүйені жасайтын жазушының өзі. Осыдан «автор бейнесі» туындайды. «Автор бейнесін» зерделеу қазақ тіл білімінде 1990 жылдардан басталып, ғалым Б.Шалабай еңбектерінде қарастырыла бастады. Автордың «Қазақ көркем прозасының тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері» атты еңбегі осы мәселенің теориясына арналған. «Автор бейнесі» – көркем әдебиет тілінің ішкі сапалық қасиеттері мен заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін категориялардың бірі әрі негізгісі болып табылады. Автор өзі жазып отырған шығарманың өн бойында ойы мен идеясын, көзқарасын, психологиясын танытып отырады, яғни әрбір көркем шығарманы оқығанда автор бейнесін де байқауға болады. Көркем мәтінде жазушы өз идеясын, көзқарасын жеткізуде оқырман қажетіне жарайтындай, түсініп оқитындай тілдік бірліктерді қолданады.

Осы ретте, ғалым Б.Шалабай көркем мәтін тірегін былайша саралайды: «Мәтін – тіл жүйесіндегі өзінің мәні мен болмысына сай, сөйлемдердің жай ғана тізбегі емес, мағыналық – күрделі тұлға» [4].

Көркем шығарма – эстетикалық категория. Ол ең алдымен оқырман сезіміне, оның ой-санасына әсер етуі тиіс. Көркем әдебиет тілі – әдеби тілдің негізгі көрсеткіші. Шығарма тілінде көріктеуіш тілдік құралдардың көп кездесуі, алдымен, жазушы тілінің шеберлігін, орынды сөз оралымдарының ұтымды, қисынды жұмсалу жайын көрсетсе, екіншіден, сол үйлесімді сөйлем үлгілері мейлінше мол аспектіде лингвистикалық талдау жүргізуді қажет ететіндігін байқатады. Көркем шығармадағы кейіпкерлердің орны мен ой-мақсатын оның сөйлесу тілі арқылы айқындауға болады.

Әдеби тілдің жүйелік сипат алып, тұрақты нормаланып қалыптасуында, сұрыпталып, икемделіп, жетіле түсуінде, жанрлық- стильдік тармақтарының қалыптасып, дамуында жазба әдебиеттің алатын орны ерекше. Бұл тұрғыда зерттеушілер кейінгі фольклор тілі үлгілерін ежелгі Орхон-Енисей мұрасының тілімен сабақтастырады. Бұл пікірді ғалым Б.Шалабай да қуаттайды: «Көне түркі тілінен үзілмей келе жатқан жалғастықты кейбір бейнелі тіркестердің қолдануынан көруге болады. Кейде көне түркі ескерткіштерінің сипаты қазақтың шешендік сөздерімен, билердің сөз саптау қисынымен үндес, ұқсас келіп, астасып жатады. Бұдан ауызша әдеби тілдің көне түркі тілінен басталып, қазақтың жазбаша әдеби тіліне толассыз тартылғанын көруге болады» [1, 25].

Көркем әдебиет тілінің арнасы ауыз әдебиетінен бастау алса, ертегілер тілі – алғашқы прозалар тілінің бір үлгісі бола алады: «Ертегілердің тіліне тән басты ерекшелік – олардың басталуы мен аяқталуының ерекше қалыптасқан үлгілерінің болуында. Мысалы, басталуында: « Есте жоқ ескі заманда, Баяғы

өткен заманда» сияқты қалыптасқан сөз орамдары, сөйлем құрылымдары орын алса, соңы: «Барша мұрат басына жетіп, сақалы сирағына жетіп, бір жан өтіпті» деген сияқты сөйлемдермен аяқталады. Ертегінің орта тұстарында да белгілі бір кезеңдерде айнымай айтылып отыратын сөз айшықтары болады. Әңгіменің ортасында құбыжық пішінді жат жандар: «Абалақтай анам-ай, қайтадан келдің, балам-ай!» – деп оқиғаға араласады. «Адамзат исі шығады» деп сөйлей бастайды. Ертегілердің оқшау мекенге кездескен жердегі сөз қолданыс үлгілері де ерекше сипатты болып келеді: «Айдалада ақ отау» немесе «Жұлындай жерден жіптіктей түтін шығады». Бұл секілді детальдар ауыз әдебиетінің ежелгі дәстүрі бойынша көркемдіктің өте әріден келе жатқан шарты ретінде қызмет атқарады. Кәсіби көркем проза тілі бірден қалыптаса қойған жоқ. Оның алғашқы кезеңінде фольклор тілі мен ауызекі сөйлеу тілінің элементтері жиі кездеседі. Олар көркем прозаға тән көркемдік элементтермен араласа жұмсалып отырады» [1, 25-27].

Әдеби шығарманы талдау үшін, көркемдік қасиет-белгілерін нақтылы сипаттап беру үшін калай да онын өзгешелік-ерекшеліктерін түгелдей де, жекелеп те ашып қарау керек. Академик М.Серғалиев көркем мәтін табиғатын зерттей келе мынадай тұжырым айтқан болатын: «Қалың көпшілік дұрыс бағалап жүргендей, кез -келген көркем шығарма өзінше бір өмір деп қабылданатын болса, өмірде тіл арқылы қарым-қатынастың болмағы – табиғи құбылыс» [5, 5].

Тіл стилистикасы жалпы ұғым болғанымен, көркем әдебиет стилінің өзіндік белгілері болады. Мұны зерттеуші-ғалым былай түйіндейді: «Әлемдік тәжірибеде көркем әдебиет тілі үш қырынан немесе үш түрлі бағытта алынып зерттеліп келеді: тілдік, стилистикалық, көркем-эстетикалық. Алғашқы қырынан алғанда, көркем әдебиет тілі таза тілдік тұрғыдан зерттеледі, яғни жалпыхалықтық не әдеби тілдің белгілі бір кезеңінің тілдік сипатын анықтауға қажетті материал ретінде қарастырылады. Екінші қырынан алғанда, әдеби тілдің функционалды стильдерінің ішіндегі ең бір күрделісі – көркем әдебиет стилінің қыр-сырын ашу көзделеді. Үшіншіден, көркем әдебиет тілі көркем шығарманың көркем-бейнелі болмысын ұйымдастырушы маңызды компоненттерінің бірі ретінде қарастырылады». Ғалым бұл талдауы арқылы көркем мәтіннің лингвистикалық жүйесін қарастырады.

Алғашқы қазақ романының бірі «Қартқожа» десек, ғалым бұл көркем дүниенің тілін жан-жақты зерделеп, лексикасынан «бейуаз», «қазан бұзар», «азбеніш» сияқты байырғы сөздерді анықтайды. Сондай-ақ зерттеуші роман тілінің синтаксистік құрылымын да қарастырып, талдаулар жасайды. Әр шығармадағы адам тағдыры жеке кейіпкерлер арқылы пайымдалып, іс-қимылы, мінезі, қылығы, әрекеті айқындала түседі. Кейіпкерді айқындап танытатын тетіктері: портрет, іс-қимыл әрекеті, тілдік көрінісі, кейіпкерлер диалогы, жанама сипаттамалар, кейіпкердің өзара қарым-қатынасы болса, бұл талдаулардың барлығы да ғалым Б.Шалабай зерттеулерінде көрініс табады.

Ұстаздық ғұмырын білім мен ізденіске арнап, еліміздің даму жолына мол мұра қалдырып, шәкірт тәрбиелеп, тәжірибелі білігіменен жастарға рухани

азық беріп келе жатқан көрнекті ғалым, әдіскер Б. Шалабай ұстазды мерейтойымен құттықтап, ұзақ ғұмыр, еңбегіне табыстар тілейміз. Ғалымның тәлім-тәрбиесімен сусындаған қаншама зерттеушілеріміздің еліміз бен сыртқары аймақтарда да еңбек етіп келе жатқандығын мақтанышпен айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шалабаев Б. Көркем проза тілі. – Алматы: Білім, 1994. – 128 б.

2. Әзімжанова Г.М. Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті. Алматы, 2006. – 324 б.

3. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы, 1991. – 463 б.

4. Шалабай Б. Қазақ көркем прозасының тілін зерттеудің ғылыми теориялық негіздері. А., 1997. – 129 б.

5. Серғалиев М.С. Көркем әдебиет тілі: Монографиялар. Мақалалар. баяндамалар. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 369 б.

Тілешова Қ.Е.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ҚАЗАҚ СТИЛИСТИКАСЫНЫҢ БІЛІКТІ ЗЕРТТЕУШІСІ

Қазақ стилистикасын зерттеу, оның грамматикасын зерттеуге қарағанда кештеу дамыған сала. Стиль жөнінде қазақ тіл білімінде ең алғаш Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде жазғанын білеміз. «Әдебиет танытқыш» еңбегінің «Сөз өнері» тараушасында айтылған бұл әдеби категория жалпы қазақ филологиясында стиль жөнінде айтылған алғашқы пікір болды. Автор бұл еңбегінде «стиль» терминін қолданбаған. Бірақ еңбекте А.Байтұрсынұлы стильді «лұғат» деген атаумен де береді. Оны түсіндіру үшін «сөз өнерпаздарының» әр қайсысына тән тілдік, лұғаттық ерекшелігі болатынын айтып, соған орай әрбір қаламгердің өзіндік ерекшелігін тани алатындығымызды баяндайды [1,10-11].

Стиль мәселесіне өзінің 1990 жылғы еңбектерінде профессор Бердібай Шалабай бірқатар зерттеулер жүргізді. Оның 1997 жылы аса көрнекті ғалым Рәбиға Сыздықтың ғылыми кеңесшілігімен қорғаған «Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбында қорғаған диссертациясы жалпы көркем әдебиет, оның ішінде, көркем проза тілін зерттеудегі жаңа ғылыми сөз болғанын баршамыз жақсы білеміз. Осы еңбегінде ол қазақ прозасының алыптары Жүсіпбек Аймауытовтың повестері мен романдарын, Бейімбет Майлиннің әңгіме, повесть, романдарын және Ғабит Мүсіреповтың романдарын арқау етіп олардағы эпикалық баяндау типтерін ең алғаш рет толымды түрде ғылыми талдауға түсірді. Осы аталған прозалық

шығармалардағы авторлық баяндаудың суреттеу, әңгімелеу ракурстарын және кейіпкер монологтары мен диалогтарының тілдік-стилдік, көркемдік қабаттарын зерделеді. Бұл өз кезегінде аталған қаламгерлердің шығармашылық ерекшеліктерін тереңірек зерттеуге, қазақ прозасының мәтіндік типтерін тануға, көркемсөздің стильдік қабаттарына барынша бойлауға мүмкіндіктер ашты. Ұстазының осы ғылыми тұжырымдарын оның шәкірттері де өз еңбектеріне әдіснамалық жағынан арқау етті. Осы тақырыпқа барған өзгелер де профессор Бердібай Шалабай еңбектеріне сүйенді. Ғалымның жетекшілігімен қорғалған «Бернияз Күлеев шығармаларының стилі мен тілі» атты кандидаттық диссертация жұмысында да мен оның ғылыми тұжырымдарына арқа сүйедім.

Стиль мәселесіне келгенде шығарманың жанрлық ерекшелігінің өзіндік ықпалын байқаймыз. Лирикадағы субъективті мазмұнның басымдығы оны эпос пен драмаға қарағанда стиль тұрғысынан өзгеше сараптауға мүмкіндік береді. Ондай субъективті мазмұн басымдығын тудыратын және қалыптастыратын басты ұйымдастырушы фактор – өзі бейнелеп отырған белгілі өмір шындығына автордың көзқарасын айқын білдіріп отыруында. Авторлық позицияның айқындығы көркем әдебиет стилистикасындағы негізгі категориялардың бірі – автор образының ерекше көрінуіне әкеледі.

Лирикалық өлеңдерде субъективті көңіл-күй, таным, суреттеп отырған объектісіне бейтарап қарамау – бұл шығармалардың тілдік-стильдік қабаттарына шешуші түрде әсер еткен. Ақын лирикасында автор баяндаушы ғана емес, сонымен қатар шғармада көрінетін негізгі бейнелердің бірі. Сол себепті осындай ерекшеліктен шығарма тілінің бірқатар сапалық қырлары қалыптасады.

Автор образы профессор Б.Шалабай өзінің еңбектерінде ғылыми дәйектегендей тек лирикалық көркем туындыларда ғана емес, сонымен бірге прозалық шығармаларда да айқынырақ байқалады. Мұндай прозалық шығармалардағы автор образы, оның стиль түзуші қызметі авторлық баяндаудан мейлінше анық және толымды көрінеді.

Шығармадағы құбылысты немесе оқиғалық желіні өз атынан баяндау, оларға қатысып отыру автор образының белсенділігін арттырды. Бұл туралы Б.Шалабай: «Субъективті «мен» тұлғасындағы баяншы өзіне екі қызмет жүктейді: ол әрі оқиғаға қатысушы, оқиғаның кейіпкері, әрі баяншы (оқиғаны жеткізуші). Осыған байланысты ол –бейнелеуші субьект қана емес, әрі бейнеленетін объект. Сондықтан оның тілі бейнелеудің құралы ғана емес, бейнелеудің заты (предметі) да бола алады» – дейді [2,31]. Автор бейнесінің осындай белсенді көрінуі және шығарманы бірінші жақтан баяндауы соған сәйкес лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тілдік ерекшеліктерді қалыптастырып отырады.

Көркем шығарма стилі тек оның лексикалық, морфологиялық, синтаксистік қолданыстары мен құрылымында ғана көрінбейді. Шығарманың немесе бір автор шығармашылығының стильдік жүйесін құрылуда және бір негізгі, қарастырылуға тиіс мәселе бар. Ол – әдеби шығарманың көркемдік-стильдік қабаттарынан кең орын алатын автор образы. Жоғарыда айтылған

шығарманың лексикалық, грамматикалық, тілдік бірліктері өзінен-өзі жүйелі айтыла қоймайды. Сол себепті оларды бір арнаға тоғыстырушы, ортақ стилистикалық жүйеге келтіруші категорияның болуы заңды. Міне, осындай жинақтаушы, реттеуші факторды академик В.В.Виноградов «автор образы» деп таниды. Оның бірқатар зерттеулерінде көрінген мұндай концепция стилистика мәселелерімен шұғылданып жүрген ғалымдар тарапынан күні бүгінге дейін қолдану тауып отыр. Бұл туралы, мәселен, академик Д.С.Лихачев: «Орыс әдебиеті автор образының тұтас күйіндегі тарихи-әдеби концепциясын жасау қарсаңында болды. Бізге қалдырған В.В.Виноградовтың ойлары мен бақылауларының өзі төтенше үлкен маңызға ие» деп жазған еді [3, 224]. Қазақ ғалымы Бердібай Шалабай өз еңбектерінде сол кездегі одақ ғалымдарының ғылыми тұжырымдамалары мен теориялық қисындарына сүйенді және өзі ұлттық прозамыздағы стиль қалыптастырушы тілдік және көркемдік құбылыстар жөнінде қазақ тіл білімінде көптеген ғылыми жаңалықты мәселелерді дәйектеп берді. Оның Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Рәбиға Сыздықпен бірлестікте жазылған «Көркем тексті лингвистикалық талдау (Алматы, «Мектеп» баспасы, 1988) атты оқу құралы көптеген жылдар бойы жоғары оқу орындарындағы негізгі оқу құралдарының біріне айналды. Сонымен бірге көркем әдебиет тіліне арналған еңбектері әлі күнге дейін ғылыми құндылығын жойған емес. Өйткені профессор Бердібай Шалабай оқу құралдарының өміршеңдігі оның ғылыми тәжірибесінің күнделікті оқу үдерісімен тікелей сабақтастығында. Сондықтан ғалымның ғылыми еңбектерінің басым көпшілігі қолданбалы сипатқа ие деп әділеттілік үшін батыл айтуға боларлық.

Қазақ тіл білімінде автор образының стилистикасы туралы Б.Шалабай еңбектерінде ғылыми тұжырымдардың дәйектілігі, біздің ойымызша, ғалымның мәтін лингвистикасына батыл баруында. Ғалымның Б.Майлиннің, Ж.Аймауытовтың, Ғ.Мүсіреповтің прозалық шығармаларындағы автор бейнесінің тілдік көріністерін ғылыми талдауға түсіруі қазақ тіл біліміндегі соңғы жылдардағы тың ғылыми ізденістер болып табылады. Сонымен бірге профессор Бердібай Шалабайдың автор образы және оның стилистикасы жөнінде айтқан ғылыми қорытындылары тек прозалық жанрға ғана емес лирикалық жанрға да қатысы бар. Оны Бернияз Күлеев лирикасында стильді қалыптастырушы автор образын зерделеу барысында анық аңғардық. Ақын өлеңдеріндегі субъективті көңіл-күй, таным, суреттеп отырған объектісіне бейтарап қарамау – бұл шығармалардың тілдік-стильдік қабаттарына шешуші түрде әсер еткен. Ақын лирикасында автор – баяндаушы ғана емес, сонымен қатар шығармада көрінетін негізгі бейнелердің бірі. Сол себепті осындай ерекшеліктен шығарма тілінің бірқатар сапалық қырлары қалыптасады. Жалпы көркем мәтін стилистикасын зерттеуде автор образының бағыттаушы және қалыптастырушы рөлі ерекше екені алғаш рет қазақ тіл білімінде профессор Бердібай Шалабай еңбектерінде көрініс тапты. Сондықтан біз ғалымды қазақ стилистикасындағы жаңаша бағыт қалыптастырған ғалымдардың қатарынан көреміз.

Қазіргі жалпы қазақ филологиясында, таратыңқырап айтсақ, қазақ тіл білімі мен қазақ әдебиеттану ғылымында мәтін стилистикасына барып жүрген ғалымдар көп емес. Ал кез келген көркем шығарманы болсын, өзге мәтіндерді болсын тану мен бағалау осы мәтін стилистикасынан бастау алатыны баршаға айдай анық аксиома.

Профессор Бердібай Шалабайдың мәтін стилистикасымен бірге барған үлкен бір саласы – қазақ тілінің синтаксисі саласы. Оның дәл осы саладағы «Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис» (2012), «Қазақ тілінің функционалды – коммуникативтік синтаксисі» (2015) атты еңбектері – жоғары оқу орындарында оқу үдерісінде кеңінен қолданылып жүрген еңбектер. Ол жөнінде осы сала мамандары оң пікір айтқандарына да жақсы білеміз.

Жарты ғасырға жуық тіл білімі саласында жүрген ғалымның жұмыстарын ғылыми орта өте жақсы біледі. Ең бастысы оның қай еңбегі болсын қолданыста жүрген дүниелер. Ендеше біз профессор Бердібай Шалабайды тәуелсіз еліміздің жоғары оқу орындарында еліміздің келешегін қалыптастыратын мамандар дайындауға зор үлес қосып жүрген ғалым-ұстаздың жұмысы баянды, еңбектері өміршең деп ұғынамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеулер мен өлеңдер. –Алматы: Атамұра, 2003

2. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. –Алматы:Республикалық баспа кабинеті, 1999

3. Лихачев Д.С. Послесловие к книге: Виноградов В.В. О теории художественной речи. – Москва: Наука, 1971

Қайыров А.Б.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

ПРОФЕССОР Б.ШАЛАБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әр адамның тағдыры әрқилы қалыптасады. Қазақтар «адам айдаса бармайсың, дәм айдаса қалмайсың» дейді. Сонау жылдары қазір шет ел, кезінде бір ел болған Өзбекстанда дүние есігін ашып, мектепті алтын медальмен бітірген, сосын Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін (қазіргі әл Фараби атындағы ҚазМҰУ) үздік аяқтаған Б.Ж.Шалабайды тағдыр Қазақстанның батысынан, А.С.Пушкин ат. Орал педагогикалық институтынан бір-ақ шығарды (қазір М.Өтемісов ат. БҚМУ).

Бұл 1972 жыл еді. Қазақ ССР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, профессор М.Балақаевтың ғылыми жетекшілігімен ҚазМУ-дің

аспирантурасын ойдағыдай бітірген жас маман астанамыз Алматыдан облыс орталығы, кеңестік кезеңдегі шет жақтағы шағын Орал қаласына мемлекеттік жолдамамен жіберілді. Қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің тарихын терең білетін Бердібай Жұмағамбетұлы тарихта Қазтуған, Шалкиіз, Жиембет жыраулардың ізі қалған Батыс Қазақстан өлкесіне, қасиетті мекен Ақжайыққа әрдайым зор құрметпен қарайды. Өйткені тағдыр оған осы бір бостандықсүйгіш өлкенің рухын, Исатай мен Махамбеттің рухын сезінуге, талай революциялар мен ұлы өзгерістердің куәгері болған тарихи қаланың көшелерін, мұражайларын аралауға, сырлы да мұңды Жайық өзенінің жағасында демалуға мүмкіндік берген еді. Сондай-ақ территориялық жағынан Ресейдің бес облысымен шектесетіндіктен, сол кездегі Орал педагогикалық институты Еділ бойы мен Москваның ғылыми орталықтарымен тығыз байланысты республикадағы алдыңғы қатарлы жоғары оқу орны болды. Сондықтан жас маман институттан жақсы да пайдалы нәрселерді үйренуге, ғалымдармен араласуға, үнемі өзін-өзі рухани жағынан кемелдендіруге ұмтылды. Ғылым жолындағы еткен еңбек, төккен тер зая кетпеді, көп ұзамай-ақ нәтижесін берді. 1973 жылы профессор М.Балақаевтың ғылыми жетекшілігімен «Ғ.Мүсіреповтың «Оянған өлке» романындағы синтаксистік құралдардың стилистикалық қызметі» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Бұдан былай, ғылымдағы алғашқы табысына қол жеткізген сол кезеңнен бастап, Алматыға ауысқан 1988 жылға дейін Бердібай Жұмағамбетұлы Орал педагогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында он бес жылдан астам уақыт бойы табан аудармастан ұстаздық етті, талай шәкіртті білім нәрімен сусындатты. Жас ғалым аудиторияда дәріс оқи жүріп, ғылыммен мақсатты да жүйелі шұғылдануды әсте естен шығармады, яғни ғылыми-зерттеу жұмыстарын педагогикалық қызметімен қатар алып жүрді. Оның қаламынан көркем әдебиет тілі, қазақ тілінің стилистика, синтаксис мәселелері бойынша ондаған ғылыми мақалалар, оқу құралдары жарыққа шықты. Адам баласы адам баласынан ғылым, білім, өнер арқылы ғана озатынын білген ұстаз жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеуден ешқашан жалыққан емес.

1988 жылға дейін проф. Б.Ж.Шалабайдың барлық саналы ғұмыры Орал педагогика институтымен тығыз байланыста өрбіді. Біз институтқа оқуға түскен дәл сол жылы ғалым Алматыға – Абай ат. Қазақ педагогикалық институтына ауысып кеткен еді. Алайда дәл сегіз жылдан кейін бізге аталған институттың аспирантурасында оқу бақыты бұйырды. Ол кезде Абай ат. Алматы мемлекеттік университетінде республикаға ғана емес, шетелдерге де танымал Н.Оралбаева. З.К.Ахметжанова, Ф.Ш.Оразбаева, Ғ.Қалиев т.б. көптеген белгілі ғалымдар шоғырланған еді. Аталған ғалымдар арасында, әрине, біздің Бердібай ағайға айтар алғысымыз шексіз. Өйткені ол бізге жай ғана ғылыми жетекші болып қойған жоқ, сондай-ақ үлкен ағалық қамқорлықпен пайдалы кеңес беріп, өнегелі де жауапты түрде үнемі көмек қолын созып отырды.

Жалпы, тоқсаныншы жылдардың басында Кеңес Одағының ыдырауымен байланысты еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени өмірінде түбірлі

өзгерістер жүріп жатты. Қазақстан егеменді мемлекет ретінде танылды. Өз алдына тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу барлық салада, соның ішінде, білім беру саласында да сан алуан қиындықтар туғызды. Тоқсаныншы жылдардың ортасында Қазақстанның жоғары мектептер жүйесі күрделі кезеңге тура келіп, реформалар жағдайында өтті. Мемлекеттік университеттермен қатар мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының құрылуы, ғылыми дәрежесі бар кәсіби мамандарға сұраныстың өсуі, оларды мемлекеттік бюджет негізінде дайындаудың қысқаруы жағдайды қиындатып жіберді. Бұндай жағдай бірқатар жоғары кәсіби деңгейдегі оқытушылардан айырылу қаупін туғызды. Дей тұрғанмен, тәуелсіздіктің қиын да күрделі кезеңінде республиканың жоғары білім беру жүйесі үшін ғылыми кадрларды дайындауға профессор Б.Ж.Шалабай да өлшеусіз өз үлесін қосты. Білікті ғалым республиканың әр түкпірінен жиналған талапты жастардан ұлттық ғылыми кадрларды қалыптастыруға ерекше мән берді. Сондықтан бүгінгі таңда профессор Б.Ж.Шалабай республика бойынша 34 ғылым кандидатын, 2 ғылым докторын, 1 PhD докторын дайындап, талай ғалымның қанатын қатайтып ұшырды.

Бердібай Жұмағамбетұлының ғылымдағы үлкен белесі 1997 жылы «Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғап шығуы. Ғалым докторлық диссертациясы негізінде «Қазақ көркем прозасының тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері» атты монографиясын жариялады. Аталған еңбегінде ғалым көркем проза тілін зерттеу туралы сан алуан ой-пікірлер мен тұжырымдарды қорыта келіп, бұл мәселені жаңаша ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеп берді.

Талантты ғалымның ғылыми жұмыстарының келесі кезеңінде зерттеу тақырыбы әлдеқайда кеңейе түсті. Ғалым көркем әдебиет тілін зерттеумен қатар мәтін лингвистикасы, қазақ тілі стилистикасы мен синтаксисінің теориялық және практикалық мәселелерін жаңаша ғылыми көзқарас тұрғысынан зерделеді. Бұл аталған салалар бойынша осы кезеңде жарық көрген ондаған мақалалары мен екі оқу құралы (Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 2006 ж; Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. Алматы, 2012 ж.) қазақ тіл біліміне қосылған қомақты үлес. Сондай-ақ «Қазіргі қазақ тілі бойынша лабораториялық жұмыстар», «Практикалық қазақ тілі», «Қазіргі қазақ тілінің жаттығулар жинағы», «Кестелі грамматика» атты еңбектері ғалымның мақалалары мен оқу құралдарында баяндалатын теориялық мәселелер мен тұжырымдардың практикалық тұрғыдан сипатталатын дәлелдемесі іспетті.

Профессор Б.Шалабаев жалпы тіл білімі дамуының жаңа бағыттары бойынша зерттеулерден де тыс қалған емес. Нақтырақ айтсақ, ол қазақ тіл білімі ғылымының функционалды грамматика саласын алғаш зерттеушілерінің бірі болды. Оның бұл бағыттағы бірнеше мақалалары, «Қатысым синтаксисі», «Қазақ тілінің функционалды-коммуникативтік синтаксисі» оқу құралдары мен «Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар» атты оқулығы тілді функциональді аспектіде зерттеу мәселелерін тың тұжырымдармен, жаңа деректермен толықтырған айқын жетістіктер болып саналады.

Бүгінгі жаһандану жағдайында білім берудің формасы мен мазмұны да өзгерді. Білім беруді интеграциялау мен оқыту сапасын әлемдік талаптарға бейімдеу мақсатында республиканың жоғары оқу орындары кредиттік оқыту технологиясына негізделген үш деңгейлі (бакалавриат, магистратура, PhD) оқыту жүйесіне көшті. Осыған орай, қазіргі қоғамның сұранысына сәйкес жоғары білікті мамандар даярлау үшін оқылатын пәндердің жаңа типтік оқу бағдарламаларын жасау міндеті тұрды. Профессор Б.Ж.Шалабаев бұл іске де белсене араласып, қазақ тілі мен әдебиеті, филология мамандықтары үшін бакалавриат, магистратура, PhD докторантура бөлімдеріне арналған қазіргі қазақ тілінің синтаксисі (2011), қазақ тілінің стилистикасы (2005), көркем мәтінге лингвистикалық талдау (2003), функционалды грамматика (2001), текст синтаксисі (2001), қатысым синтаксисі (2001), лингвистикалық зерттеудің методологиясы (2005), инновациялық технологиялар және қазақ филологиясы (2010), қазіргі қазақ тілінің функционалды-коммуникативтік синтаксисі (2013), қазақ тіл білімінің жаңа бағыттары (2014), қазақ тілінің коммуникативтік синтаксисі (2014) пәндері бойынша типтік және негізгі оқу бағдарламаларын жазып, оқулықтары мен оқу құралдарын дайындады.

Сөзімізді қорыта келе айтарымыз, ғалымның қаламынан туған 200-ден астам ғылыми мақалалар, 15 оқу құралы, 3 оқулық, 2 монография, 11 типтік және негізгі оқу бағдарламалары отандық тіл білімінің қоржынына қосылған зор олжа болып саналады.

Құрметті Бердібай Жұмағамбетұлы! Маған берілген осы бір мүмкіндікті пайдалана отырып, Сізді 70 жас мерейтойыңызбен өз атымнан және ғылымға жолдама алған барша шәкірттеріңіз атынан шын жүректен құттықтаймын. Сізге ұзақ ғұмыр, сарқылмас шығармашылық шабыт тілей отырып, жақын туыстарыңыз бен ұрпағыңыз үшін сүйікті жар, қадірлі әке, жастар үшін өнегелі тәлімгер, қазақ елінің құрметті ақсақалы болуыңызға тілектеспін.

Қадірлі жиналған қауым! Қазақта зиялы деген зерделі сөз бар. Осы сөзді бұрын оқыған азаматтарға қаратып айтатын едік. Бүгінде оқығаны көп, оқымағаны жоқ заманда кімге қаратып айтамыз, бүгінгі оқығандардың бәрі бірдей зиялы ма? деген сұрақ туады. Біздің ойымызша, зиялылық ұлтқа қызмет етумен, сіңірген еңбекпен өлшенуі керек. «Ұлтына, жұртына қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген екен алаш көсемі Ә.Бөкейханов. Сондықтан барлық саналы ғұмырын ұлтына қызмет етумен өткізіп келе жатқан ұстаз–ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Бердібай Жұмағамбетұлы Шалабай бүгінде жетпіс деген дер шағына келіп отыр. Тамыры тереңге тартқан, жапырағы жайылған ел ағасына абыз ақсақалдық та жарасады. Лайым ұзағынан болсын!

Қадырова Б.М.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ БЕРДІБАЙ ШАЛАБАЙДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ

Қазақ тіл білімінің белгілі маманы, белгілі ғалым Бердібай Шалабайдың есімі көпшілік қауымға жақсы таныс. Бердібай Шалабай – қазақ тілі синтаксисі мен стилистикасының ғылым саласы ретінде дамуында өзіндік орны бар ғалымдарымыздың бірі. Сондықтан да ғалым Б.Шалабайдың ғылыми мұрасын зерттеу –қазақ тілі синтаксисі мен стилистикасы ғылымының тарихын зерттеу десек те болады. Кез келген ғалымның ғылыми мұрасын зерттеудің сол ғалым зерттеген ғылым тарихы үшін маңызы зор. Ғалым мұрасын зерттеу арқылы ғалым еңбек еткен ғылым саласының даму деңгейін көруге болады. Бұл ғылым саласының даму тарихын анықтау үшін де қажет. Қазақ тілі синтаксисі мен стилистикасының ғылым саласы ретінде қалыптасып, дамуына өзіндік үлес қосқан ғалымдарымыздың бірі ретінде Б.Шалабай еңбектерін қарастырмақпыз. Себебі, филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Шалабайдың есімі осы салалармен байланысты жиі айтылады. Ғалымның екі жүзден аса жазылған ғылыми мақалаларының мол бөлігі қазіргі қазақ тілінің синтаксисі мен стилистикасы мәселелеріне арналған. Ғалымның 1973 жылы қорғаған кандидаттық, 1997 жылы қорғаған докторлық диссертациясының тақырыбы да осымен байланысты.

Адам өмірінің қымбат уақыты мен қажырлы еңбегін талап ететін, әрине, ғылым. Ғылымның заман талабына сай дамып, жетілуіне кең жол ашатын ғалым-ұстаздар. Сол қатарды толықтыра түсетін Бердібай ағай ғалымдық пен ұстаздықты шебер ұштастырып, теориялық ізденістері мен зерттеу ісінің нәтижелерін үнемі қазақ тіл мамандарының білімін жетілдіру ісіне, тәжірибелік жұмыстарға бағыттап келеді. Бұған дәлел ретінде жылдар бойғы ізденіс пен тәжірибенің негізінде оқулықтар мен оқу құралдарын, ғылыми мақалалар мен монографияларын жариялағанын айтуымызға болады. Олар еліміздің жоғары және арнаулы оқу орындарында оқу үрдісінде кеңінен қолданылуда. Ғалым-ұстаздың «Практикалық қазақ тілі», «Кестелі грамматика», «Қазіргі қазақ тілі» (синтаксис бөлімдерін жазған), «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», «Іс қағаздарын жүргізу», «Көркем әдебиет стилистикасы» атты оқу құралдары – студенттер мен магистранттардың, оқытушылар мен осы салалар бойынша ізденіспен шұғылданып жүрген жас ғалымдардың қолына жиі алынатын еңбектер.

1999 жылы Алматы қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы қазақ білім академиясының республикалық баспа кабинетінен көркем әдебиет стилистикасының теориялық және практикалық мәселелерін қамтитын «Көркем әдебиет стилистикасы» жарық көрді. Онда көркем әдебиет

стилистикасының негізгі теориялық ұғымдарына түсінік беріліп, нақты көркем сөз шеберлерінің тілін талдау арқылы ғылыми тұжырымдар жасалды.

Алғашқы тарауда көркем әдебиет стилистикасының ғылыми– теориялық негіздері қарастырылса, екінші тарау қазақ көркем прозасындағы автор бейнесіне арналған. Бұл тарауда автор бейнесінің тілдік көрінісі, автор бейнесінің қазақ әдебиетіндегі бастау көздерімен қатар Б.Майлин, Ж.Аймауытов, Ғ.Мүсірепов сияқты сөз зергерлерінің шығармалары стилистикалық тұрғыдан зерттеліп, көркем әдебиет тілінің ішкі сапалық қасиеттері мен заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін категориялардың бірі әрі негізгісі ретінде – «Автор бейнесі» нысанға алынады. Үшінші тарауда көркем прозаның композициялық-тілдік құрылым жүйесін және «автор бейнесінің» құрылымдық-тілдік жасалу ерекшеліктерін ашуда маңызды болып табылатын баяндау түрлерінің тілдік құрылымы қарастырылған.

Бердібай Шалабай синтаксис саласындағы бұрыннан негізделген көзқарастар мен жаңа пікірлерді негізге ала отырып, 2012 жылы «Қазақ университеті» баспасынан «Қазіргі қазақ тілі синтаксисі» оқу құралын шығарды. Бұл еңбекте 1992, 1997 жылдары жарық көрген оқу құралдарында жоқ мәтін синтаксисі жеке тақырып ретінде берілген. Синтаксистің қарастыратын мәселелері үш салаға: сөз тіркесі, сөйлем және мәтін синтаксисіне топтастырылған. Әр салаға қатысты теориялық түсініктерді іс-тәжірибемен бекітеді. Оқу құралы соңғы жылдары қазақстандық жоғары оқу орындары үдере көшкен кредиттік оқыту жүйесінде жазылған. Бұл әдіс бойынша білім дайын күйінде берілмей, студенттердің өздігінен ізденіп, меңгеруіне ерекше мән беріледі. Сондықтан аталмыш оқу құралында синтаксистің негізгі ұғым, категориялары теориялық жағынан тұжырымдалумен қатар өздік жұмыс тапсырмалары, бекіту сұрақтары мен тәжірибелік тапсырмалар, жаттығу жұмыстары қамтылған. Білімді меңгеру жолында көмектесетін ғылыми әдебиеттер көрсетілген. Тапсырмалар білім алушылардың оқытушы жетекшілігімен орындайтын өздік жұмыс мақсатына сай берілген. Кредиттік оқыту жүйесіндегі білім алушылардың оқытушы жетекшілігімен өздік жұмысы (СОӨЖ) әлемдік тәжірибеде қабылданған Office Hours терминінің аналогы екендігі белгілі. Оның мақсаты – студентке аудиториялық сабақтар материалы бойынша, СӨЖ қосымша тақырыптары бойынша жеке кеңес алуға, бақылау жұмыстарын орындауға мүмкіндік береді.

Ғалымның 2006 жылы баспадан шыққан «Қазақ тілінің стилистикасы» да осы жүйемен жазылған. Оқу құралының теориялық бөлімінде стилистика ғылымының негізгі мәселелері қарастырылып, оның басты ұғым, категориялары мен функционалды стиль түрлеріне сипаттама беріледі. Кітаптың екінші бөлімі теориялық мәліметтерді тәжірибе жүзінде меңгеруге арналған тапсырмалар мен жаттығулардан тұрады. Білімін жетілдіруге арналған және бақылау тапсырмалары, өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар тақырыптар бойынша қамтылған. Тілдің стилистикалық ресурстары мен қазақ әдеби тілінің функционалды стильдері бойынша берілген тапсырмалар курсты барынша терең меңгеруге бағытталған.

Ұстаздықтың тағы бір асыл қасиеті шәкірт тәрбиелеу екендігі баршаға аян. Ғалым-ұстаз жоғары оқу орындарының қара шаңырағында шәкірттерге білім, тәрбие берумен қатар өзінің тікелей жетекшілігімен ғылым кадрларын, атап айтқанда, тіл ғылымы бойынша отыздан астам ғылым кандидаты мен екі ғылым докторын даярлап шығарды. Ғалымның талантты да талапты шәкірттері еліміздің түпкір- түпкірінде еңбек етіп, ғылым баспалдақтарымен өрлеуде.

Осы айтылғандардың барлығы ғалым-ұстаздың ғылым мен білім беру саласында жемісті еңбек атқарғанын және атқарып келе жатқанын дәлелдейді.

Кажибаева Д.К.,
филология магистрі,
Б.Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжі

ПРОФЕССОР Б.ШАЛАБАЙДЫҢ «КӨРКЕМ ПРОЗА ТІЛІ» ЕҢБЕГІ ТУРАЛЫ

Көркем әдебиет тілін әдеби тұрғыдан зерттеу 1960-70 жылдардан бастау алады. Көркем шығарма тілі туралы зерттеулерден Қ.Жұмалиев «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» (1960), Қ.Өмірәлиев «XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі» (1976), Е.Жанпейісов «Қазақ прозасының тілі» (1968), С.Хасанова «Ы.Алтынсарин шығармаларының тілі» (1972), Р.Сыздықова «Абайдың сөз өрнегі» 1995), «Сөз құдіреті»(1994) атты еңбектерін атауға болады. Бұл еңбектер әдеби тіл мен көркем әдебиет тілі, проза тілінің алғашқы даму дәрежесі, 1920-30 жылдардағы проза тілінің қалыптасу дәрежесін көрсетуге (Е.Жанпейісов «Қазақ прозасының тілі»), Ы.Алтынсариннің қазақ жазба әдеби тілінің негізін салудағы ролі, шығармаларының тілдік, стильдік ерекшеліктері, текстологиясын қарастыруға (С.Хасанова «Ы.Алтынсарин шығармаларының тілі»), Абай шығармаларындағы образдың эстетикалық өрісін, сөз таңдау, сөз құбылту, сөз үндестіру қырларын танытуға (Р.Сыздықова «Абайдың сөз өрнегі»), жазушы тілі және оның көркемдік әлемі, тарихи романдардың тілі, функционалдық стильдер мен көркем әебиет стилін айқындауға (Р.Сыздықова « Сөз құдіреті») арналған.

Қазақ филологиясында көркем әдебиет тілін жан-жақты талдап, қарастыратын зерттеулер қатарына филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Шалабайдың «Көркем проза тілі» еңбегін де жатқызуға болады. Бұл еңбекте ең алдымен көркем проза тілінің теориясы ұсынылған. Сонымен бірге халықтық проза тілі мен көркем проза тілінің ерекшеліктері қоса берілген. Көркем шығарма мәтінін стилистикалық тұрғыдан талдау кезінде ұстанатын басты қағидалар, автор бейнесі, автор мен оқырман арақатысының барлығы егжей-тегжейлі баяндалған.

Шығармадағы монологтік сөйлеудің суреттеу мен әңгімелеуден тұратыны, олардың өзара байланысы мен айырмашылығы, сондай-ақ бұлардан тыс ойталқы формасының да шығарма құрылымына қатысатыны көрсетілген. Шығарманың композициялық құрылымы осындай сөйлеу формаларының қиысқан түрліше өрнегінен тұратындығы айқындалады.

Көркем шығарма тілінің стилін анықтауда автор бейнесінің тілдік құрылымын ашу өте маңызды. Осы орайда зерттеуші-ғалым Б.Шалабай «автор бейнесі» деген тіркестің мағынасына үңіліп, оның нақты түсінігін береді. Мәселен, « ...автор бейнесі – шығармадағы барлық стилдік құралдарды біртұтас тілдік-көркем жүйеге біріктіруші орталық стилистикалық категория, шығарманың стилистикалық жүйесінің ішкі діңгегі. Ол – шығарманың ішкі бірлігі мен тұтастығының арқауы»,– дей келіп, «автор бейнесінің» жазушы бейнесінен айырмашылығын, шығармадағы мәні мен маңызын, көріну деңгейін қарастырады. Атап айтсақ, «... шығармадағы баяндаушы бейнесі – «автор образы» әр уақытта әр шығармада бар образ. Оның мәнін нақтылай түсетін болсақ, ол –суреттеліп отырған жайға қатысты белгілі көзқарас, принцип, идея. Ол – шығармадағы оқиғадан оқиғаға жетелейтін, кейіпкерлерге сөз беретін, «сөз билігін ұстаушы» сөз иесі»,– деген тұжырым жасайды. Зерттеуші автор бейнесін «баяндаушы адам» мәселесімен байланыстырады да, прозалық шығармадағы баяндаушының композициялық үш типін белгілейді. «Олар: үшінші жақ («ол») формасында әңгімелеуші автор, «арнайы» әігімелеуші (бұл не шығарманың кейіпкері, не белгілі бір атқа ие әңгімелеуші адам болуы мүмкін) және бірінші жақтағы («мен») әңгімелеуші». Автор бейнесінің оқиғаны әңгімелеу кезінде танылатынына назар аудартады. Әңгімелеушінің стиліне мезгілдік қатынастардың әсері болатындығы да көрсетіледі. Оның үш формасы, яғни, ірі, орта және жалпы тұрғыда алынса, оқиғаны әңгімелеу түрлене беретінін байқатады.

«Көркем проза тілі» еңбегінің екінші бөлімі «Халықтық проза тілінен көркем проза тіліне» деп аталады. Мұнда қазіргі қазақ прозасы мен фольклор арасындағы байланыс сөз етіледі. Бұл байланысты зерттеуші М.Әуезов, Е.Жанпейісов, С.Қасқабасов, Р.Сыздықова сияқты ғалымдардың еңбектеріне тоқталып, бұларда профессионал әдебиет пен фольклор тілі арасындағы байланыстың әдеби тілдің тарихына қатысты қарастырылатынын ескертеді.

Көркем әдебиет тлінің тарихы әдеби тілдің тарихымен тығыз байланысты екенін, алайда екеуі бір нәрсе еместігін ажыратып көрсетеді. «Көркем әдебиет тілінің бастау бұлағының бір анасы ауыз әдебиеті тілі екен. Ауыз әдебиетінің тілі, оның ішінде ертегілердің тілі алғашқы прозалар тіліне бірден-бір үлгі болады»,–дей келіп, олардың басталуының, аяқталуының, оқиғаны баяндап жеткізуде қалыптасқан үлгілерінің болатындығын айқындайды.

Кәсіби көркем проза мен оның тілінің қалыптасуына Ы.Алтынсариннің новеллалары мен Абайдың қара сөздерінің, М.Дулатов, Т.Жомартбаев, Б.Майлин, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Көбеев, С.Торайғыров сияқты ақын-жазушыларымыздың шығармалары әсер еткенін баса көрсетеді. Прозаның алғашқы қарлығаштары болып есептелетін олардың шығармаларында фольклор

тілі мен ауызекі сөйлеу тілінің элементтері жиі кездесетінін дәлелдейді. Баяндау тәсілдерінен үнемі әңгімелеу қолданылатынына тоқталады.

Көркем әдебиет тіліне тән белгілердің С.Көбеевтің «Қалың мал», Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі», Ж.Аймауытовтың «Қартқожа», С.Сейфуллиннің «Жер қазғандар», С.Мұқановтың «Ботагөз» романдарынан көріне бастайтынын, көркем әдебиет тіліне тән көркемдік сапа, эстетикалық қасиеттің барған сайын молая түсетінін зерделейді. «Көркем тіл жүйесіне қатысты ерекше белгі-сөздер өздерінің негізгі мағыналарында жұмсала отырып, жаңа байланыстарға түседі, қосымша ассосациялар тудырады, сөйтіп, шығарма идеясының арқау қазығына айналады. Олардың байланысынан қосымша информация туып, олар жаңа ойларға жетелейді»,–дей отырып, прозалық шығармалардағы сөйлем құрылыстары да назардан тыс қалмауы керектігін ескертеді.

Көркем проза әдеби тіл дамуының көрсеткіші және көркем-поэтикалық тіл дамуының да деңгейін көрсетеді. Тілдің даму күйі дегенде оның синтаксистік құрылысына назар аудару қажеттігі байқалады. «Синтаксистік құрылыс дегенде, алдымен сөйлемдердің құрылым ерекшелігі, белгілі бір күрделі синтаксистік тұтастық (текст) құрамында олардың бір-бірімен байланысу тәсілдері ескерілетіні сөзсіз. Текстің синтаксисі, сонымен қатар, жазушының айтқысы келетіні, қандай ойы бар екенін, басқаша айтқанда, шығарманың идеясын білдіруге, соны ашуға да көмектеседі. Сөйлем құрылыстары, оның неше алуан түрлері, сөйлем ішіндегі сөздердің орналасуы, интонация – бәрі соған қызмет етеді»,– дейді зерттеуші-ғалым Б.Шалабай. Осы орайда автор Ж.Аймауытовтың «Қартқожа», «Ақбілек», С.Мұқановтың «Ботагөз», Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романдары тілінің синтаксистік құрылымына талдау жасайды.

Сонымен бірге, тілдің көркем шығарманы әрлендіріп-нәрлендіретін көркемдегіш тәсілдері әр түрлі екенін, соның ішінде синонимдер мен антонимдер сықты лексикалық құралдар да болатынын ескертеді. Жазушылар синонимдерді бірнеше мақсатта қолданады. Шығарма тіліндегі экспрессивтік пен баяндау дәлдігі, өмірлік көріністерді толыққанды етіп суреттеу, кейіпкерлерінің ой-сезімдерін жеріне жеткізе дәл беруде синонимдердің атқаратын қызметі маңызды екенін байқаймыз. Мәселен, Ғ.Мүсіреповтің тілінде синонимдердің қайталанып қолданылатындығы, синоним сөздер өзара қосарланып, не бірыңғай қатынастарда айтылатыны, күшейтпелі синонимдердің табылатындығы, кейіпкер сөзінде келген синонимдердің оның мінезін даралап, айқындаушы қызмет атқаруға септігін тигізетіні баса көрсетіледі. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында сөзді, сөйлемді шешен құру тәсілдері көптеп кездесетіні, диалог, монолог, ортақ төл сөз құру шеберлігі, синонимдер мен антонимдерді ұтымды қолдана білу әдістері жете қарастырылған.

«Халықтық проза тілінен көркем проза тіліне» деген бұл бөлімде зерттеуші көркем әдебиет тілінің дамуына үлес қосқан жазушылар мен олардың шығармаларының тіліне талдау жүргізеді. Көркем әдебиет тілінің эстетикалық

сипатының, көркемдік сапа мен қасиетінің қалыптасуына сөйлемдердің синтаксистік құрылымы, автор сөзі, төл сөз, ортақ төл сөз, синонимдер мен антонимдер сияқты лексикалық құралдар, диалог пен монологты шебер қолданудың әсері мол болатындығы ажыратылып көрсетіледі. Жазушылардың халықтық проза тілі үлгілерін басшылыққа ала отырып, қазіргі қазақ әдебиетінің көркем проза тілінің қалыптасуына жағдай тудырғандары егжей-тегжейлі баяндалады.

Бұл еңбекте қазақтың қазіргі көркем әдебиет тілінің дамудың жоғары сатысына жеткендігі және оған жету жолдары жан-жақты қарастырылған. Зерттеуші, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Шалабайдың «Көркем проза тілі» еңбегі көркем әдебиет тілін зерттеуге қосылған құнды еңбек екендігі сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Б.Шалабай. «Көркем әдебиет тілі және оны мектепте оқыту». Алматы, «Мектеп»баспасы, 1982

2. Б.Шалабай. Көркем проза тілі. Алматы, «Білім» баспасы, 1994.

Букаева А.А.
филология ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

ПРОФЕССОР БЕРДІБАЙ ШАЛАБАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КЕЛТІРІНДІ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ (ДӘЙЕКСӨЗДЕРДІҢ) ҚОЛДАНЫЛУЫ

Қазақ тіл білімінде және әдебиеттану ғылымында кеңінен пайдаланылып жүрген төл сөздің бір түрі – дәйектеме (цитата) терминін XIX ғасырдың 20-30 жылдарында-ақ Алаштың көрнекті қайраткері, ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсынов ***келтірінді сөйлемдер*** деп атаған [1, 309]. Ал қазақ тіліндегі ғылыми әдебиеттерде «Дәйектеме» сөзі осы уақытқа дейін бөгде сөздің бір түрі ретінде беріледі. Мысалы, 2002 жылы шыққан «Лингвистикалық түсіндірме сөздікте»: «Дәйексөз (цитата) – төл сөздің бір түрі. Дәйексөз. басқа біреудің айтқан пікірінен үзінді алынып, өзгертілмей беріледі. Дәйексөздің алыну тәртібі фунционалдық стильдердің түрлеріне байланысты әр түрлі болады. Ғылыми стильде автордың есімі, еңбегі, аты, шыққан қаласы мен баспасы айқын көрсетіледі. Публицистикалық стильде мұндай деректердің түзілуі шарт емес, со пікірді айтқан адамның аты-жөні дұрыс аталса жеткілікті» [2, 65]. Ал «Қазақ грамматикасында»: «Адам сөйлегенде, я жазғанда сол өзі баяндап отырған мәселеге байланысты немесе соған қатысы бар басқа біреулердің сөзін, пікірін келтіретіні болады. Ондай келтірінді сөздер автор үшін басқа біреудің сөзі, яғни бөгде сөз болып табылады» деп цитата бөгде сөздердің қатарында қарастырылады[3,732]. 2012 жылы Ғ. Қалиевтің авторлығымен шыққан «Тіл білімі терминдерінің түсіндірмелі сөздігінде»: «Дәйексөз, цитата – басқа бір

автордың шығармасынан алынып, өзгертілмей берілген үзінді. Дәйексөз ықшам түрде беріледі, мәтін ішінде тырнақшаға алынып жазылады. Ғылыми еңбектерде дәйексөздің авторы, еңбектің аты, шыққан баспасы, жылы, беті көрсетіледі. Публицистикалық баяндауда бұл деректер толық сақтала бермейді» [4,74].

Қазақ филологиясында цитата термині әртүрлі аталып жүр. Мысалы, тілші ғалымдар академик Р.Сыздық, профессор Б.Шалабай, профессор А.Салқынбай, профессор Қ.Күдеринова ***дәйексөз*** деп атаса, әдебиетшілер З.Ахметов, Т.Бекниязов ***дәйектеме*** деп атаса, ал әдебиетші Т.Есембеков, тілші Ш.Жалмаханов ***цитата*** деп қолданады [5,78].

Ал орыс тіл біліміндегі ғалымдар Н.Д.Арутюнова, Н.В.Семенова, З.Г.Минц еңбектеріне сүйенетін болсақ, олар цитата деген терминге әртүрлі анықтамалар беріп, оның негізгі үш белгісіне тоқталады:

Бірінші белгісі – қандай да бір мәтіннен алынған үзінді немесе басқа біреудің сөзі;

Екінші белгісі – оның сөзбе-сөз дәлдігі;

Үшінші белгісі – түпнұсқаға сілтеме [6, 237; 7,50; 8,330].

Әлемдік әдебиеттану мен тіл білімі ғылымдарында цитата, цитирование, цитатная речь, цитация, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануда дәйектеме, дәйексөз деп аталып жүрген терминді біз әдебиет зерттеуші ғалым А.Байтұрсыновтың берген анықтамасы – келтірінді сөйлемдер деп атауды жөн көрдік.

Қаламгер өз шығармасында келтірінді сөйлемдер (цитатаны) қолдану арқылы сөйлеу субъектісін өзгертіп, өз ойы мен кейіпкердің ойы және қосалқы персонаждың көзқарасындағы айырмашылықты, қайшылықты, үндестікті және ортақтықты даралап көрсетеді. Ойды нақтылау қорыту мақсатында қолданылған цитата мәтін түрінде болғандықтан, оның лексикалық құрамы күрделі мағынаға ие болып, байланысқа түскен контексімен қосылып, ұштасып, басқа контексте қолданылып, оқушының ойында басқа ассоциация тудырады. Бұл туралы А.Адилова өз монографиясында мынандай пікір айтады: «Цитатаның мәтін ретінде өз бойында сақталған ақпараттардың бәрі жаңғырып, жанданып, өзектеніп, жаңа мәтінді түзуге, өзгертуге ықпал етеді, бірақ осы жаңа контекссіз цитатаның келтірінді құрылым екені білінбейді. Бұл, керісінше, цитата мен ол түскен жаңа контекстің бір-бірінен ажырағысыз байланыспен кірігіп кететінінің дәлелі болып табылады»[9, 24].

Кез келген жазушы, кез келген қаламгер өз сөзін айшықтау үшін, ойын дәлелдеу үшін, ойын жалғастыру үшін, пікірін қорыту үшін, ойдың түрлі бөліктерін бір-бірімен біріктіру үшін немесе белгілі бір пікірге өзінің қолдауын, қарсылығын, жоққа шығаруын, бағалауын білдіру үшін келтірінді сөйлемдерді қолданады. Осындай қолданыстарды біз филология ғылымдарының докторы, профессор Бердібай Шалабай мақалаларынан байқадық. Профессор келтірінді сөйлемдерді публицистикалық мақалаларында да ғылыми еңбектерінде де ұтымды пайдаланған. Мысалы, 1994 жылы Алматы «Білім» баспасынан шыққан «Көркем проза тілі» атты оқу құралында автор бейнесінің шығармадағы барлық стильдік құралдарды біртұтас тілдік-көркем жүйеге

біріктіруші категория екендігі туралы айта келіп, В.В.Виноградовтың «Көркем шығарма стилін анықтауда шешуші рөл атқаратын міндеттерінің бірі – автор бейнесінің тілдік құралдармен берілу жолдарын ашу, оның тілдік құрылымын айқындау», – деген сөзін келтірінді сөйлем ретінде алып, өз ойын нақтылап, дәлелдеп тұр және В.В. Виноградов еңбегінің атын, шыққан жылын, бетін көрсетеді[10,13].

Дәл осындай қолданыс профессордың 2015 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілінің функционалды-коммуникативтік синтаксисі» атты оқу құралында да көптеп кездеседі. Мысалы, грамматикалық категориялар сөйленіс кезінде көрініс табады. Мысалы, жақ категориясы (персоналдылық) сөйлеуге қатысушылардың бір-біріне қатысы, өзара ілтипаты, сыйластығы, қарым-қатынас ерекшеліктері байқалатынын айта келе, О.С.Жұбаеваның «Қазақ тіліндегі жақ категориясының анайы, сыпайы түрге жіктелуі менталдылықтың көрсеткіші бола алады» деген сөзін сөзін келтірінді сөйлем ретінде алып, өз ойын нақтылай түседі де, О.С.Жұбаеваның еңбегінің атын, шыққан жылын, бетін көрсетеді. Профессор ғылыми еңбектерінде келтірінді сөйлемдерді өз ойын нақтылап, дәлелдеу мақсатында жалпыға ортақ ереже бойынша қолданса, ғалымдардың мерейтойларына арнап жазған мақалаларында ғалымның жетістіктері жайлы айта келе, сол ғалымның пікірін келтірінді сөйлем ретінде ұтымды қолданған[11, 32].

Профессор Б.Шалабай «А.Жұбанов – қазақ тілі білімінің жаңа саласының бастаушысы» атты мақаласында, ғалымның тіл қызметінің формалды моделін құруға қатысты зерттеулері жайлы айта келіп, ғалым А.Жұбановтың пікіріне сүйенеді:

«1. Тілді зерттеу мен сипаттауда адресант (айтушы) пен адресат (тыңдаушы, қабылдаушы) факторы есепке алынбайды;

2. тілді зерттеуде тек адресат (тыңдаушы, қабылдаушы) факторы ғана есепке есепке алынады;

3. тілді зерттеуде тек оның құрылымдық жағы, яғни адресант (айтушы) факторы ғана ескеріледі»

Ғалымның осы пікірін келтірінді сөйлемдер ретінде алып, профессор Б.Шалабай «Тілді таза теориялық қырынан зерттеу барысында аталған жайлар бірдей дәрежеде орын алу керек»,– деп өз ойын нақтылап, қорытындылайды.

Сол сияқты, «Р.Сыздық зерттеулеріндегі көркем әдебиет стилистикасының мәселелері» деген мақаласында да қазақ филология ғылымында көркем әдебиет тілі атты саланы жеке, өз алдына кең арналы ғылым саласы ретінде дамытуға ерекше үлес қосқан ғалымдарымыздың бірі, бірі емес бірегейі – академик Рабиға Ғалиқызы Сыздық екеніне айырықша тоқталады. Ғалымның жазушы тілінің көркемдігі мен шеберлігі туралы мәселені оның мәнері (стилі) деген ұғыммен байланыстыра қарайтынын атап, ғылыми ізденістерінің даму үрдісіне тоқталады да, «Жазушы тілі дегенге келсек, ол – қаламгердің жалпыға ортақ тіл қазынасынан алып, көпшілікке қолданған, көптеген жазушыға тән сөздік байлықпен грамматикалық тұлға-тәсілдер, орысша айтқанда, первоэлемент,

яғни жазушы тілінің сүйегі» деген ғалым Рабиға Сыздықтың өз сөзін профессор Б.Шалабай ойын нақтырақ жеткізу мақсатында дәлел ретінде алады.

Профессор Г.Смағұлованың мерейтойына арнап жазған «Тілтанудағы шырайлы ғұмыр» атты мақаласында да осындай қолданысты кездестіруге болады. Мысалы, «Бүгінгі таңда бір кездерде тек әдебиеттанудың зерттеу нысаны саналып келген мәтіннің әртүрлі тілдік сипатын ашып, әрқилы қырлары болатынын белгілеу қажеттігі туындап отырғаны сөзсіз. Дегенмен ғалым қыздың өзі айтқандай, мәтінді зерттегенде «Мұнда «тіл» мен «әдебиет» бөлінбейді. Көркем шығарма мәтіні әдебиеттің «денесі» болса, сөз – сол «дененің» өн бойындағы тамыры, қаны». Міне, ғалымға мәтін талдауға жол сілтеген бағыт, бағдар осылай құралған деуге болады»,–деп өз ойын қорытындылайды.

Жоғарыда келтірілген келтірінді сөйлемдерде жаңа ақпарат берілмейді. Тек ой-пікірді қорыту мақсатында, дәлелдеу мақсатында, нақтылау мақсатында, дәйектеу мақсатында, жалғастыру мақсатында қолданылып, профессор Б.Шалабайдың пікірін айшықтап, дәлелдеп, қорытындылап тұр. Негізінде ғалымның мерейтойларға арнап жазған мақалаларында қолданылған келтірінді сөйлемдері мен ғылыми стильде жазылған еңбектерде кездесетін келтірінді сөйлемдердің арасында айырмашылық байқалады. Профессор мерейтой иелерінің (А.Жұбанов, Р.Сыздықова, Г.Смағұлова т.б.) өз сөздерін еш өзгеріссіз қолданып, тырнақша арқылы оның келтірінді сөйлем екенін көрсеткен.

Осы мысалдардан байқағанымыздай, келтірінді сөйлем автордың ойын нақтылап, көзқарасын білдіру мақсатында мерейтой иелерінің еңбектерінен үзінді түрінде алынады да, авторы көрсетілмейтіндігін байқадық. Осындай мақсатта қолданылған келтірінді сөйлемдер графикалық тұрғыдан ерекшеленіп, тырнақшамен немесе курсивпен, қара әріптермен ажыратылады. Келтірінді сөйлемді қолдану арқылы автор оқырманға ғалымның бұрын жазған ғылыми мақаласы туралы ақпарат бере отырып, сол еңбекті есіне түсіріп, оқырманға екі мақала арасында байланыс жасау мүмкіндігін береді.

Ойымызды қорыта келе, филология ғылымдарының докторы, профессор Бердібай Шалабай поляк ғалымы А. Вежбицкаяның цитата (келтірінді сөйлем) келтіру көбінесе бағалау мақсатын көздейді деген пікірі бойынша қазақ тіл білімінің майталман ғалымдары туралы жазған мақалаларында сол ғалымдардың өз сөздерінен келтірінді сөйлем келтіріп, олардың еңбектеріне оң баға береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш //Ақ жол. –Алматы: Жалын, 1991. - 462 б.

2. Лингвистикалық түсіндірме сөздік/Құрастырушылар: Салқынбай А., Абақан Е. –Алматы, 2002. – Б. 65.

3. Қазақ грамматикасы. –Астана, 2002. –784 б.

4. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы, 2012. – 74б.

5. Есембеков Т. Әдеби талдауға кіріспе. – Қарағанды, 1991. – 78 б.

6. Вежбицкая А. Дескрипция или цитация // Новое в зарубежной лингвистике. Выпуск XIII: Лингвистика и логика (Проблемы референции). – М.: Прогресс, 1982. – С.237-262.

7. Арутюнова Н.Д. Диалогическая цитация: (К проблеме чужой речи) // Вопросы языкознания. – 1986. – №1. – С. 50.

8. Семенова Н.В. Цитата в художественной прозе: дисс. ... д-ра филол. наук. – М., 2004. – 330 с.

9. Адилова А. Көркем мәтіндегі цитация құбылысы. – Алматы, 215. – 24 б.

10. Шалабай Б.. Көркем проза тілі. – Алматы, 1994. – 13 б.

11. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілінің функционалды – коммуникативтік синтаксисі. – Алматы, 2015. – 31 б.

ГРАММАТИКА, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ МӘТІН ТЕОРИЯСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Адилова А.С.
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

«АВТОР БЕЙНЕСІ» ЖӘНЕ КӨРКЕМ МӘТІН МОДАЛЬДІЛІГІ

Қазақ көркем сөзін таныту ісін бастаған ұлт зиялыларының (А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Қ.Жұбанов) пікірлеріндегі лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың бірлігі туралы ойларын және ғалымдар Қ.Өмірәлиев, Р.Сыздық тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, көркем проза тілін антропоөзектік зерттеумен айналысып жүрген, өзіндік пікірлерімен танымал Бердібай Шалабай ағамыз бүгінде 70-ке келіп отыр. Ғылыми ізденістеріне синтаксис, стилистика, көркем әдебиет тілі мәселелерін нысан еткен ғалымның ой-пікірі қазіргі кезде кеңінен белгілі.

Қашан да рухани құндылықтарды жоғары қойып, жалпыадамзаттық мәселелерді ұлттық таным-түсінікпен қабыстыра, астастыра отырып, оқырманын ойландыруға, иландыруға бағытталған қазақ әдебиетінің елдікті, ұлттық кодты, діл-болмысты сақтап қалу, халықтың этномәдени қорын байыту жолындағы қызметі айрықша екені даусыз. Сол себептен көркем шығарманың тілін лингвоөзектік, антропоөзектік, танымдық тұрғыдан зерттеу де ерекше маңызды болды. Осы орайда функционалдық, лингвистикалық стилистика мәселелерін зерделеу аса қарқынды жүрген өткен ғасырдың 80-90 жылдары академик Р.Ғ.Сыздық көркем проза тіліне қатысты қарастырылатын негізгі нысандарды («автор образы» дегеннің көрінісі, баяндаудыңтүрлері, кейіпкер сөзін беру (кейіпкерлерді сөйлету), принциптері, кейіпкерлер тілі мен автордың өз тілінің көрінісі) нақтылап атап, олардың қазақ тіл білімінде әлі толыққанды зерттеуге арқау болмағанын көрсеткен еді [1]. Б.Шалабайдың «Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбындағы диссертациясы [2] осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған еңбек болды.

Қазақ лингвистикасында «мәтін сөзіне» алғашқылардың бірі болып анықтама берген Б.Шалабай өз зерттеулерінде бұл ұғымды «көркем шығарма», «көркем әдебиет» терминдерімен атап, көркем шығарма тілін зерттеудің таза тілдік, стилистикалық, көркем-эстетикалық қырларын нақтылай келіп, көркем әдебиеттің басты ұғымы ретінде бейнелілікті, оның өзіне тән белгілерін ажыратып көрсетеді және «автор бейнесі» санатын негіздейді.

Зерттеушінің: «Автор бейнесі» - көркем әдебиет тілінің ішкі сапалық қасиеттері мен заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін категориялардың бірі әрі негізгісі»[2] деген сөзі көркем мәтін тілін талдау үшін өте маңызды,себебіол «көркем шығарманың барлық элементтерін бір қазыққа байлап қояды»[2], яғни халық тілінің, ұлттық, әлемдік мәдениеттің бар

қазынасы негізінде өз ойын жеткізуге қажетті тілдік құралдарды таңдап, іріктеп алады.

Ғалымның «...шығармадағы баяндаушы бейнесі – «автор бейнесі» әр уақытта әр шығармада бар бейне. Оның мәнін нақтылай түсетін болсақ, ол – суреттеліп отырған жайға қатысты белгілі бір көзқарас, принцип, идея. Ол – шығармадағы оқиғадан оқиғаға жетелейтін, кейіпкерлерге сөз беретін, «сөз билігін ұстаушы» сөз иесі. Сондықтан ол жазушының бүкіл қоғамдық-мәдени, интеллектуальдық, эмоциялық сапа-қасиеттерінің жиынтық бейнесін құрап тұрады» [2] деген пікірі тілдік тұлға теориясымен ұштасып жатқаны да байқалады.

Қазақ көркем мәтіндерінің лексика-фразеологиялық қабатын ұйымдастыру автордан кең танымдық кеңістікті, ұлттық дүниетанымның жан-жақтылығын, үлкен шеберлікті, сөз қолдану мәдениетін талап етеді. Ұлт тілінің сөздік қорындағы әр алуан мағыналық топтарға жататын бірліктердің қай-қайсысы болса да көркем мәтінде ерекше мәнге ие болып, эмоционалды-экспрессивті қызмет атқарады. Көркем шығарманың мазмұндық-нақты ақпаратында, яғни вербалды қабатында қолданылған халық тілі бірліктерінің ассоциативті байланыстары оның мазмұндық-астарлы және мазмұндық-концептуалды ақпаратын әсерлі қабылдауға, ашуға ықпал етеді, себебі қаламгер өз шығармасында болмысты тікелей сол қалпында емес, түрлі құбылыстармен теңестіре, салыстыра, астастыра суреттейді.

«Автор бейнесі – болмыспен оқырманды байланыстырушы категория. Автор ондай аралық байланыстырушы қызметті атқару үшін, өмірдегі оқиғаларды белгілі бір көзқарас тұрғысынан, яғни белгілі бір «нүктеден» баяндауы керек. Ол белгілі бір «нүктеден» кейіпкерлердің іс-қимылынбейнелей отырып, өзінің баяндауларына оқырманның қатысын (қабылдауын) және өзінің қатысын белгілейді». Зерттеушінің бұл пікірі мәтін теориясындағы модальділік санатымен тікелей байланысты, себебі модальділік қаламгердің өзі суреттеп отырған жайға субъективті көзқарасын, қатысын, бағалауын көрсетеді.

Осы субъективті көзқарасты көрсететін тілдік құралдары жөнінде мәтін теоретиктерінің бірі И.Р.Гальперин: «Фразалық модальділік грамматикалық немесе лексикалық құралдармен берілсе, мәтін модальділігін ерекше тәсілмен жұмсалған осы құралдармен қатар кейіпкерлер мінездемесі, айтылымдардың предикат және релятив бөліктерінің өзінше орналасуы, сентенциялар, нақыл сөздер, мәтіннің жекелеген бөліктерінің өзектенуі және т.б. көрсетеді» [3,115] десе, Б.Шалабай: «Автор бейнесін тілдік-стилистикалық тұрғыдан зерттеуде автордың дауыс ырғағына (интонациясына), үн сазына көңіл бөлудің де ерекше мәні бар. Баяндаудың тоны, ырғағы автордың баяндалып отырған жайға эмоциялық қатысын (астын сызған – біз, А.Ә.) білдіреді. Автордың өзіне қандай «рөлді» таңдап алуына байланысты баяндаудың тоны өзгеріп отырады. Баяндаудың тонын сөйлемнің синтаксистік-интонациялық құрылымы, сөздердің орналасу тәртібі, тағы басқа тілдік құралдар анықтайды» деген тұжырым жасайды.

Лингвистикада «модальділік – субъектінің ақпаратты қабылдаудағы өзіндік көзқарасын, бағалауын даралап, субъектаралық қатынастың астарын нұсқап, сөйлемаралық қатынастан, тілдік бірліктердің функциялық бірігуінен дараланатын күрделі семантикалық санат» [4,10] деп түсініледі. Көркем мәтінде автор тікелей бағалаушы болса, оқырман жанама бағалаушы ретінде қабылданады. Мәселен, М.Жұмабаевтың «Қазақ тілі» өлеңінде модальділік концептуалды орталық өзгерген сайын ауысып отырады, яғни автор тарапынан алғашқы екі шумақта өткенді сағыну, аңсау, жоғалған құндылықтарды ойлап күйзелу көрінсе, үшінші шумақтың үшінші, төртінші тармақтарында шүкіршілік ету сезімі байқалады, ал соңғы шумақта үміт, болашаққа сенім аңғарылады. Оның бәрі лексикалық, грамматикалық құралдар арқылы көрінеді және оқырман да аталған жай-күйді автормен бірдей қабылдап, бағалап, сезініп, басынан өткеріп отырады. Ал Е. Жақыпбеков «Біздің жақта» өлеңінде өзінің негативті пікірін, бағалауын *сыйлы ағалар, милы ағалар*деген сарказммен көрсетіп, ол субъективті көзқарасын *шекпен, шапан ел-жұрттан жинағандар, Елбасына күн туса – сайдағылар, Жер бетінің жемтігін пайда қылар*деп нақтылай отырып, *Бір дауылдан қалмайтын «шатырларым», Бір от түссе лаулайтын қуыс құрай*деген соңғы жолдардағы *шатыр* жаргон сөзімен жалпылайды, яғни бұқара халықтың қабылдауында қазіргі қоғамдағы билік пен қылмыс әлемінің бір-бірімен кірігіп кеткенін қынжыла суреттейді.

Т. Әбдіковтің «Тұғыр мен ғұмыр» повесіндегі модальділік те әр қилы: *Бұдан кейін таң атты. Күн нұры күндегідей поселкені алтын шұғылаға бөледі. Жыл сайынғы әдетімен мереке күнгі қарбалас ерте басталды. Мектеп жақтан горнның, барабанның үндері естіледі. Үйқыдан тұрған тіршілік перроннан қозғалған ауыр составтай баяу жылжып бара жатты (қалыпты).*

Әлдебір жолаушы Сәлімгерейдің үйіне құдайы қонақ боп келгенде жүректен қайтыс болыпты деген сыбыс төңірекке сыздықтай тарағанмен, алып-қашпа дабырға ұласқан жоқ. Дүниеге кім келіп, кім кетпей жатыр?..(өкініш)

Бұл өңірде бәрі бұрынғыша, бәрі қаз қалпында. Тіпті ештеңе де болмаған секілді (таңғалу).

Зерттеушінің көрсетуінше: «Көркем бейнеде құбылыстың көптеген белгілері автордың бейнеленіп жатқан жайға қатынасын көрсету мақсатымен өзгертіліп алынады, астарлап көрсетіледі. Басқаша айтқанда, шындық құбылыстардың дәл, сәйкесті бейнесі берілмейді, автордың қатынасын білдіретін белгілер саналы түрде таңдалып алынып беріледі»[2]. О. Бөкейдің повестерінен осындай астарлы бағалауды көре аламыз, яғни ол өз кейіпкерлерінің әрқайсысын тек жалпы есіммен атау арқылы олардың мінез-құлқы, іс-әрекеті жайлы оқырман көңілінде де кереғар пікір қалыптастырады: екінші қыз, үшінші қыз (Құм мінезі), Қойшы, Әйел, Зоотехник (Өліара). Ол соңғы повестегі өз кейіпкерін бірде аяйды, бірде оған ыза болады, бірде оған таңдана қарайды, бұл кейде лексикалық элементтер арқылы байқатса, енді бірде сол Әйелдің ішкі сөзі арқылы аңдатады: «*Бірақ бұл сөзді абыр болғанда күйеуі естіген жоқ-ты; Бірақ әнеукүнгі оқиға болмаса...әнеукүнгі оқиға...*

Қойшының денесі тітіркенгендей болды. Астында қалғып тұрған торы шолақты бауырға бір салып қалғанда, оқыс атып кетіп, ерден әрең-әрең ауып түспей қалды. Бұдан соң торыны шықпыртты-ай, шықпыртты-ай, төпеледі-ай... Ат аң-таң...».

Көркем мәтін авторының бейнесі баяндауды субъективтендіру арқылы көрінеді, сол себептен авторлық баяндауда автордың, арнайы әңгімелеушінің және кейіпкердің әрқайсысына тән сөз типін, сөз саптау мәнерін нақтылауға болады, яғни баяндауды субъективтендіру дәрежесі түрліше болады.

«Автор баяндаудың бір ізділігін, бейтараптығын бұзу арқылы оның айшық-мәнерін арттырады. Айшық-мәнерлілікті күшейтудің белгілі тәсіл, құралдарын пайдаланып, баяндауды күрделендіреді. Бұл оқиға, құбылыстардың өту барысын өзгерту арқылы, басқаша айтқанда, баяндау барысында (суреттеуде не әңгімелеуде) олардың мезгілдік, кеңістік ізбе-ізділіктерін өзгерту арқылы жүзеге асады» деген ғалымның пікірі көркем мәтінді қабылдаушы үшін де маңызды, өйткені ол өзі оқып отырған шығарманың семантикасын толық түсіну үшін аталған өзгертулерді әрқашан есте ұстап отыруға тиіс.

Д.Исабековтің «Қарғын» романындағы Жасынның купеде қалдырып кеткен қағазындағы ойлары баяндауды субъективтендіріп, күрделендірудің бір түрі деп санауға болады. Ретроспекция арқылы Бағиланың есіне түсірткізіп, оның таным-түсінігінің басқа арнаға бұрылуына себеп болған бір парақтағы пікірді мәтінаралық байланыстар теориясында ішкі интертекстуалдылыққа жатқызады, себебі бұл мәтін ішіндегі мәтінді жазған автордың өзі. Бұл фрагментті кейіпкердің ішкі сөзі дегенмен, онда философиялық, ғылыми тұжырымдар негізінде туған ойдың күрделілігі, сөз саптауы автордың өзіне де, кейіпкер-жазушыға да тән ерекшелікті байқатады: *«Таңдану мен табыну ешқашан абстракциялы ұғым болып көрген емес, өйткені бұл екеуі тек жеке адамның ой-өрісі мен парасат деңгейіне тікелей байланысты. Ал жеке адамның өзі де, ой-парасаты да әрқашан нақтылы...».* Күрделі синтаксистік тұтастық аяқталмағанмен, Жасынның ойы арқылы әлемдік көркем ойға өз бағалауын берген автор бейнесі көзге көрінбей қатысып отырғанын оқырман да сезіп отырады.

Көркем мәтінде авторлық баяндауда ерекше қызмет атқаратын сөз типі - ортақ төл сөз.

«Ортақ төл сөз – қос үнді сөз, мұнда автор сөзінің де, кейіпкер сөзінің де элементтері қатысады. Автор сөзіне ұқсас болатын себебі, одан тыныс белгілері арқылы бөлектеніп тұрмай, соның ішінде (құрамында) болады. Кейіпкер сөзіне ұқсас жері – мазмұны, интонациясы, эмоциялық бояуы жағынан кейіпкердің ойлау, сөйлеу мәнеріне жақын келеді. Автор өз ойын, сезім-бағасын кейіпкердің ойы, көзқарасы тұрғысынан береді»[2]. Д. Исабековтің «Сүйекші» повесінде автор мен кейіпкердің өзара әсерлесуі былайша көрінеді: *«Диуана болармын деген ой бұрын оның үш ұйықтаса да түсіне кірмесе, енді оған еті үйреніп, әбден бауыр басып, өзге кәсіпті ұмытқан шағында «мұны қоярмын» деп әсте ойлаған жоқты. Есігінің алдына келген диуананы ешкім қумайды, еш*

мұсылман оның маңдайынан шертпейді. Бай бол, кедей бол, жарлы бол, жесір бол – диуанаға барыңды бересің, қуыс үйден ол құр шықпауы керек, қайыршыдан да бетер отқа қараған сорлы болсаң, бір жапырақ таза шүберек беріп құдай деген пендеге қол сілте, батасын ал, еш көптік қылмайды. Бірақ диуаналардың жазылмаған бұл заңын әманда орындай беретін жұмыр басты пенде ме?..» Байқалып отырғандай, бұл ортақ төл сөздің лексикалық қабаты алдында келтірілген үзіндіден мүлде басқаша, себебі автор өз кейіпкерінің тұрғысынан сөз саптайды және арасында өзі кірігіп те кетеді, ал бұның өзі адам жанының, ішкі әлемінің қай кезде де болсын күрделі екендігін, кереғар сезімдерден тұратынын көрсетеді, яғни баяндау ортақ төл сөз арқылы субъективтенген.

Д.Исабековтің келесі бір повесі «Тіршілікте» ортақ төл сөз кейіпкердің іс-әрекетін түсіндірер баспалдақ іспеттес. Дала заңына бағынып, өз келіні мен қызына қиянат жасаған Дәулетбайдың ойы мен автордың ойы ортақ төл сөзбен берілген: *«Өліге иман, тіріге мал керек. Өлі мен тірінің арасында бес батпан топырақ. Сол топырақ көзге құйылмай тұрғанда өлім дегенге ешкім сенбейді. Бұ дүниеден кәрі де кетіп жатыр, жас та кетіп жатыр, бүгінгі тірінің марқұм боп, аласұрған әрекетінің бәрі әдіре қалғанын жұрт көріп жүр, біліп жүр, сонда да барға қанағат тұтып, атақ пен байлыққа, жалған намысқа көзі тойған емес».*

Жалпы, мәтін модальділігі зерттеуші Б.Шалабай көрсеткен «автор бейнесінің» тілдік құрылымын танытатын санаттардың бірі, өйткені қандай да болсын көркем шығарма қаламгердің қоғамдағы, адам өміріндегі, жалпы тіршіліктегі сан алуан жағдай, оқиға, құбылыс, дерек, қарым-қатынас туралы өзіндік ой-пікірін, толқыныс-толғамын, түйген тұжырымын, бағалауын оқырманға жеткізуді, оның сана-сезіміне әсер етуді, оны иландыруды немесе жерітуді көздейді. Ал мұның өзі көркем мәтіннің тілдік қабатын ұйымдастырушы автордың шеберлігіне тікелей байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сыздық Р.Ғ. Көркем әдебиет тілін зерттеу аспектілері//Қазақ ССР ҒА Хабаршысы. –1990. – №7. – 40-45 бб.

2. Шалабаев Б. Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері:филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 1997.

3.Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: Наука, 1981. – 137 с.

4. Кухаренко В.А. Интерпретация текста. – М.: Наука, 1988. – 218 с

Ажарбекова Э.Н.
филология ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

СӨЗЖАСАМДЫҚ МАҒЫНАНЫҢ НЕГІЗДІЛІГІ ТУРАСЫНДА

Ұлттық өмірдің айнасы іспетті болып табылатын халықтың болмыс-тіршілігінің, мәдениетінің көп құпия қырлары мен сырлары тіл арқылы ашылатыны белгілі. Тіл әрбір адамның өмір бойы қолданатын ең маңызды құралы. Тіл – ғылым. Әрбір ғылымның туу, қалыптасу, даму, өркендеу кезеңдері бар. Тіл ғылымы да бүгінгі күнге дейін осы кезеңдерді басынан өткізді. Тіл ғылымының дамуы тілге қатысты сан алуан сұрақтардың туындап, олардың заңды жауаптарының табылуымен байланысты. Тіл білімінің дамуы барысында тілге қатысты мәселелер түрлі деңгейде, түрлі тәсілдермен қарастырылып бүгінгі таңда сан алуан заңдылықтар қалыптасты.

Басқа да ғылым салаларындағы сияқты тіл білімінде әлі де толық шешімін таппаған кейбір мәселелер және олар жайында әртүрлі пайымдаулар бар. Қазақ тіл білімінде бүгінгі күнге дейін түпкілікті шешімін таппаған сондай мәселелер сөзжасам саласына қатысты. Қазіргі таңда сөзжасам саласына қатысты мәселелер бір жүйеге келтіріліп, зерттелген жоқ.

«Сөзжасам тілдің атау (номинация) жасау қызметін жүзеге асырады. Сөзжасам тіл білімінің басқа салаларының ешқайсысы атқара алмайтын қызметті жүзеге асырады. Ол – сөзжасамның туынды сөз, жаңа сөз жасау қызметі. Сондықтан сөзжасам жаңа сөз жасаудың барлық мәселелерін түгел қамтиды. Оған сөзжасамдық бірліктерден бастап, сөзжасамдық ұя сияқты ірі, күрделі сөзжасамдық бірліктерге дейін кіреді. Сөзжасамдық нұсқалардың сөзжасамда атқаратын қызметі, жаңа сөздердің жасалу үлгілері мен тәсілдері, сөзжасамдық нұсқалардың түрлері, қолданылу ерекшеліктері, сөзжасамдық ірі бірліктер болып саналатын сөзжасамдық ұялар, олардың құрылысы, оның мүшелері, сөзжасамдық ұяның құрамындағы мүшелердің қызметі, ерекшелігі сияқты т.б. тек сөзжасамға қатысты заңдылықтар сөзжасамды тілдің басқа салаларынан ерекшелендіреді. Бұл мәселелер тек сөзжасамға ғана қатысты. Олар тілдің басқа ешбір саласында шешілмейді, өйткені ол мәселелер тілдің басқа салаларында қойылмайды да. Өйткені олар тек сөзжасам саласының зерттеу нысанасына жатады». Ендеше сөзжасам тілдегі сөз жасау процесімен байланысты барлық құбылыстар мен заңдылықтарды зерттейді.

Ғылыми зерттеулерде сөзжасам саласы бойынша туынды сөздердің мағыналық құрылымы зерттеу нысанына алынған. Сөзжасамдық мағына – сөзжасамдық тұлғалардың қатысынан туған туынды мағына. Сөзжасамдық мағына сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналарынан ерекшеленеді.

Ғалым Н.Оралбаева сөзжасамдық мағынаның сөзжасам саласындағы негізгі мәселе екендігін айтып, оның лексикалық деривация және синтаксистік деривация болып бөлінетіндігін айтады [1,59]. Ғалым А.Салқынбай: «Сөзжасамдық мағына – ең алдымен, туынды мағына. Ол екі сөз тудырушы

тұлғалардың бірігуі не қосарлануы немесе негізге сөз тудырушы жұрнақтың жалғануы арқылы пайда болатын екіншілік мағына. Жаңадан пайда болған екіншілік мағына оны жасаушы сыңарлар мағынасының негізінде жасалып, денотаттық мағына бірлігін белгілейді де, номинативті атауды анықтайды. Демек, екіншілік мағына – сөзжасамдық мағына» [2,320] деген пікір білдіріп, сөзжасамдық мағынаның лексикалық, грамматикалық мағыналардан айырмашылығын талдап, сөзжасамдық мағына туғызудағы сөзжасамдық тұлғалардың қызметіне сипаттама берген.

А.Салқынбай: «Сөзжасамдық мағына – күрделі әрі ерекше сема. Оның күрделілігі құрамында тұлғалардың семалық құрамымен байланысты. Денотаттық және сигнификаттық мағынанаң қалыптасуында сөзжасамдық тұлғаның барлық семалары қатысуы шарт емес. Белгіленетін зат не құбылыстың ерекше номинативтік белгілеріне байланысты түбір не негіз өздерінің ерекше семалары арқылы жаңа екіншілік арнайы сема қалыптастырады. Бұл қалыптасқан арнайы сема туынды сөздің жаңа сөзжасамдық мағынасын құрайды» [2, 322] дей келе, сөзжасамдық мағынаның сөзжасамдық тұлғалардың негізгі және ауыспалы семалары арқылы, сөзжасамдық тұлғалардың метафоралануы арқылы жасалатындығын айтады.

Сөзжасам саласында сөзжасамдық мағына түрлері турасында пікірталас тудыратын жайттар кездеседі. «Қазақ грамматикасында» сөзжасамдық мағынаның негізділігі, түрлендірілуі, көшірілуі, теңбе-теңдігі мәселесі сөз етілген. Мұнда сұрақ туындататын мәселе – мағынаның негізділігі.

«Қазақ грамматикасында» туынды сөздің сөзжасамдық мағынасының негізділігі жөнінде: «Негіз сөз жасалатын туынды сөздің лексикалық мағынасына өзек болады. Осымен байланысты туынды мағына негіз сөздің мағынасымен байланысты болып шығады. Мысалы, *балтала, қарала,жақсыла, тазала* деген туынды етістіктер балта, қара, жақсы, таза деген есім сөздердің туынды сөзге негіз болуы арқылы жасалған. Осы туынды сөздердің бәрінің мағынасы негіз сөздердің мағынасымен байланысты: балтала – балта арқылы жасалатын қимылдың аты, қарала – қараға айналдыру қимылының аты, жақсыла – жақсыға айналдыру қимылының аты, тазала – тазаға айналдыру қимылының аты. Бұлар – бір сөзжасамдық тип арқылы жасалған туынды сөздер. Сондықтан мұндағы жұрнақ*ла* есім сөздерге қимыл мағынасын қосып, есім сөздерден етістік жасаған, яғни, туынды сөздер негіз сөздерден басқа сөз табының сөзіне айналған, олардың сөз табы категориясы өзгерген» [3, 210] деген тұжырым берілген. Яғни, мұнда туынды қимыл атаулары заттық, сындық, етістік мағыналы сөздердің негізіннен жасалған. Туынды сөздің лексикалық мағынасына негіз сөздің лексикалық мағынасының себеп болуы олардың мағыналық байланысын көрсететіні анық. Ал мағынаның түрлендірілуі жөнінде: «Негіз сөз бен туынды сөз арасындағы қарым – қатынасты салыстырғанда, сөзжасамда туынды сөздің лексикалық мағынасында негіз сөздің лексикалық мағынасы толық сақталып, оған тек үстеме мағына қосылады да, туынды сөз негізгі мағынаның түрленуінен жасалады» [3, 211] деген түсінік берілген. Мұны мысалдар негізінде қарастырып көрейік. Мәселен,

көлшік, қалақша, ағай, ботақан туынды сөздеріндегі – *шік, –ша, –й, –қан* жұрнақтары *көл, қалақ, аға, бота* деген негіздерге кішірейту, еркелету, сыйлау мағыналарын қосқан. Дегенмен, бұл туынды сөздердің мағыналарының түрленуіне негіздердің лексикалық мағынасы негіз болып тұр.

Ал мағынаның көшірілуіне: «...туынды сөздің мағынасы негіз сөздің мағынасын басқа сөз табына көшіру арқылы жасалады. Мұнда негіз сөздің де туынды сөздің де беретін лексикалық мағынасы бір ұғымды білдіреді. Мысалы, *гүрсгүрсіл, тарс тарсыл, қаңғырма* (етістік)– *қаңғырма* (сын есім), *қанық* (етістік)*қанық* (сын есім), *қатар* (зат есім) – *қатар* (үстеу)» деп тұжырым жасалып, мұндағы негізгі сөздердің лексикалық мағыналарының сақталып, туынды сөздердің сөз табы ауысқандығы талданған. Келтірілген *гүрсіл, тарсыл* туынды сөздерінің сөз табы ауысқаны рас, бірақ бұл туынды сөздердің жасалуына *гүрс, тарс* дыбыстық еліктеу мағыналы сөздері негіз болып тұр. Мағынаның көшірілуінде де туынды сөздердің мағынасына негіздер арқау болып тұр.

Бұдан шығатын қорытында, сөзжасамдық мағынаның түрленуінде де, көшірілуінде де негіз сөздердің лексикалық мағыналары туынды сөзді жасауға өзек болады. Сондықтан біздің ойымызша, мағынаның негізділігін сөзжасамдық мағынаның түрі ретінде емес, туынды сөздердің тұрақты белгілерінің бірі ретінде қараған жөн.

Ғалым Н.Оралбаева: «Сөзжасамның мағына негізділігі – басқа тілдік құбылыстарда жоқ қасиет. Мысалға сөзформаларды алып қарайық. Сөзформалар да түбірге қосымша жалғану арқылы жасалады, бірақ онда түбір сөздің лексикалық мағынасы өзгермейді, сол лексикалық мағынаның үстіне грамматикалық мағына ғана қосылады. Мысалы: *үйге, үйді, үйде,үйден* сияқты сөзформалардағы қосымшалар *үй* деген түбірдің лексикалық мағынасының үстіне грамматикалық мағына қосып тұр. Түбірдің лексикалық мағынасы өзгермеген, басқа лексикалық мағына тумаған, сондықтан сөзформаларында сөзжасамдағыдай мағына негізділігі жоқ. Сөйтіп, сөзжасамның мағына негізділігі оның тұрақты белгілерінің бірі деп қаралу керек» [1,46] деп туынды сөздердің сөзжасамдық мағынасын сөзформаларының мағынасымен салыстырмалы тұрғыда қарап, аражігін көрсеткен. Бұл пікірге толық қосыламыз. Мысалы, *балалық, сұлулық, көркемдік, әдемілік, кербездік, достық, сандық* деген сөздерді алып қарасақ, олардың әрқайсысы екі морфемадан тұрады. Ол морфемалардың алғашқыларының лексикалық мағыналары бар: *бала, сұлу, көркем, әдемі, кербез, дос, сан*. Бұлар туынды сөздердің мағыналы бөлігі болғандықтан, олардың негіздері болып есептеледі. Енді осы негіздерге *–лық, – лік, – дық, – дік, – тық* сөзжасам жұрнақтарын жалғағанда олардың лексикалық мағыналары өзгеріп, жаңа мағыналы туынды сөз жасалады. Бұл негізді сөздер *бала, сұлу, көркем, әдемі, кербез, дос, сан* деген негіздердің лексикалық мағыналарының қатысы арқылы жасалған. Егер бұл негіздерді тәуелдік формада қолдансақ (*баласы, сұлуы, көркемі, әдемісі, кербезі, досы, саны*), негіздердің лексикалық мағынасына тек грамматикалық мағына ғана

үстеліп тұр. Демек, сөзжасамдық мағынаның негізділігінде туынды сөздің мағынасы негіз сөздің мағынасынан туындайды, сөздің негізі тірек болады.

Сөзжасамдық мағынаның негізділігі тек синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздерге қатысты деп шек қоя алмаймыз. Лексика – семантикалық, аналитикалық тәсілдер арқылы жасалған туынды сөздерде де мағынаның негізділігі үлкен рөл атқарады. Мәселен, *Жетіқарақшы, қарақұрт, еңбекақы, Көкшетау, тілтаным, бал қаймақ, жиырма екі, екі мың он төрт, ізет ет, сәлем бер, ауыз әдебиеті, сары ала,қызыл күрең, ақ құба* деген сөздерді қарастырып көрейік. Мұнда *Жетіқарақшы, қарақұрт, еңбекақы, Көкшетау, тілтаным* деген туынды сөздер екі негіздің бірігуі негізінде жасалған. Әр туынды сөздің жасалуына толық мағыналы екі сөз қатысқан: *Жеті+қарақшы, қара+құрт, еңбек+ақы, Көкше+тау, тіл+таным.* Біріккен туынды сөздің әр сыңары жаңа мағыналы туынды сөзге негіз болып тұр. Ал *бал қаймақ, жиырма екі, екі мың он төрт, ізет ет, сәлем бер, ауыз әдебиеті,сары ала,қызыл күрең, ақ құба* деген туынды сөздер толық мағыналы сөздердің тіркесуі арқылы жасалған. Күрделі туынды сөздердің әр сыңары (*бал* және *қаймақ, жиырма* және *екі, екі,мың, он* және *төрт, ізет* және *ету, сәлем* және *беру, ауыз* және *әдебиет,сары* және *ала,қызыл* және *күрең, ақ* және *құба*) негіз болып, негізді сөз жасауға тірек болып тұр. Бұл – аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің сөзжасамдық мағыналарының негізділігі.

Сондай-ақ, тіліміздегі *көк* деген сөз түсті білдіретін сын есім екені белгілі. Осы *көк* сөзінің тілде қалыптасқан басқа да мағыналары бар: 1) *Көк* – түпсіз тұңғиық аспан әлемі. 2) *Көк* – көгеріп шыққан өсімдік, өскен шөп. 3) *Көк* – жеміс-жидек, көкөніс. Мұнда түс мағынасындағы *көк* сөзі негізгі мағынасы, осы мағынаның негізі басқа мағыналардың тууына себеп болып тұр.

Тағы бір мысал: *қоңыр* сөзі тілімізде қара мен қызыл аралығындағы қою күрең түс мағынасында жұмсалады. Енді осы мағынаның негізінде туындаған *қоңыр* сөзінің, біріншіден, жұтаң жадау, екіншіден, ықылассыз, көңілсіз, салқын деген мағыналары бар. Бұл мағыналар *қоңыр* сөзінің түстік мағынасы негізінде қалыптасқан. Яғни, бұл мысалдардан байқайтынымыз, лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздерде де сөздің негізі мағынасы туынды мағынаға себеп болады.

Сондықтан, туынды сөз лексика-семантикалық тәсіл, синтетикалық тәсіл, аналитикалық тәсіл арқылы жасалса да, онда мағына негізділігі сақталады. Сөзжасамдық мағынаның көшірілуінде де, мағынаның түрлендірілуінде де мағынаның негізділігі айқын көрінеді.

Қорыта келгенде, сөзжасамдық мағынаның негізділігі тіліміздегі туынды атаулардың барлығына тән. Сөзжасамдық мағынаның ішкі құрылымы түпкілікті зерттеліп бітпеген. Тілде сөзжасамдық мағынаның қанша түрі бары белгісіз. Сондықтан бұл мәселе әлі де зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. –Алматы: Ғылым, 1989.– 368 б.

2. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы: Қазақ университеті, 2008. 340 б.

3. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. –784 б.

Ажгалиев М.Қ.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

СИНТАКСИСТІК ПАРАЛЛЕЛИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

«Әдеби тіл – жалпыхалықтық тілдің дамыған, жетілген стильдік жағынан сараланған ең жоғарғы формасы» деп берілетін анықтаманың астарында күрделі міндеттердің жатқаны сөзсіз. Осы жетілген, дамыған әдеби тіліміздің өзі жыл сайын, ай сайын дамып отыратыны даусыз. Бірақ тіліміздегі ең жетілген, ең көрнекті әдіс-тәсілдердің барлығы ең алдымен әдеби тілде пайда болып, дамып отырады.

Әдеби тіл – жалпыхалықтық тілдің жетілген, дифференцияланған түрі. Әдеби тіл – сұлулықтың феномені. Әдеби тіл – көркемдегіш, бейнелегіш әдіс-тәсілдер мен құралдардың пайда болып, дамитын, стильдік жағынан қырланатын, сұлулық өлшемдерінің құтханасы [1, 3].

Қазіргі қазақ лингвостилистикасының негізгі міндеттерінің бірі тілдегі түрлі стилистикалық әдіс-тәсілдердің тілдік табиғаты мен қолданылу ерекшеліктерін зерттеу болып саналады. Стилистикалық әдіс-тәсілдердің парадигмалық және синтагмалық табиғатын тану, олардың ортақ белгілері мен негізгі ерекшеліктерін анықтау тілдің стилистикалық жүйесінің қалыптасуына негіз болады.

Қазіргі қазақ лингвистикасының дамуы барысында лингвистиканың, соның ішінде стилистиканың өз ішінде қалыптасқан жаңа категорияның бірі ретінде танылатын қайталама категориясы соңғы жылдардағы негізгі нысандарының біріне айналуда /А.Байтұрсынов, Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов, М.Серғалиев, Г.М.Әзімжанова, О.Б.Бүркіт, А.Қ.Таусоғарова, Р.Досжан, Ы.Балқыбекова және т.б/.

Қайталама категориясының құрамында қарастырылатын, синтаксистік қайталамалардың бір түрі, табиғаты күрделі стилистикалық айшық бар. Ол синтаксистік параллелизм болып табылады. Әзірше бұл айшық туралы қазақ тіл білімінде жарық көрген зерттеулер жоқтың қасы.

Синтаксистік қайталамаларды қайталама категориясының бір түрі ретінде бөлек қарастырған кездегі негізгі мақсаттардың бірі осы кезге дейін тілдік және стилистикалық табиғаты тіл білімі ғылымында толық танылмай келген синтаксистік параллелизмнің негізгі белгілері мен ерекшеліктерін анықтау болып табылады. Параллелизм осы кезге дейін көркем мәтінде стильдік қызмет

атқаратын айшық ретінде кейбір ғана әдебиеттерде қамтылды. Ал қазақ тіл білімінде параллель құрылымдар туралы ат үсті айтылғаны болмаса, синтаксистік параллелизм әдебиеттану ғылымының еншісінде болып келді.

Қайталаманы стилистикалық деңгейінде алып қарастыру оның барлық түрлерін қамтуға толық мүмкіншілік береді. Тілдің басқа да категориялары сияқты қайталама категориясы парадигмалдық және синтагмалық қызметтер атқарып, өзіндік жүйе мен құрылымға ие болып, өз ішінен бірнеше түрлерге бөліне алады. Соның бірі – синтаксистік параллелизм.

Көркем шығарманы өте әсерлі көріктеу, ажарландыру құралдарының бірі – қайталамалар. Қайталамалар тілімізде көне дәуірден келе жатқан көркемдеу құралдарының бірі болып саналады. Ал синтаксистік қайталамалардың құрамында қарастырылатын табиғаты күрделі айшық – синтаксистік параллелизм. Ол дүниежүзі тілдерінің барлығында дерлік кездесетін күрделі тілдік құбылыс. Алайда айшықтың бұл түрі қазақ тіл білімінде өте аз зерттелгені белгілі. Параллелизм туралы қазақ тіл білімінде әзірше жазылған еңбек жоқ деуге болады. Мұның өзі қайталаманың осы түрінің әлі күнге толыққанды зерттелмегендігін білдіреді. Бұл айшық туралы берілген бірен-саран анықтамалар әдебиеттану ғылымының үлесіне жатады.

Жалпы тіл біліміндегі параллелизмнің тілдік табиғатын дұрыс таныған орыс лингвистері болды. Үнді-европа тіл білімінде де параллелизмге ұзақ уақыт назар аударылмай, оларда да параллелизм құбылысы дәл біздердегідей әдебиеттану ғылымының аясында ғана қарастырылып келді. Бұл фигураның тілдік құбылыс екендігін және оның синтаксистік сипатқа ие болатындығын алғаш болып танығандардың бірі белгілі лингвист И.Р.Гальперин болды. Ол параллелизмді сөйлем құрылымының қайталануы деп түсіндіре отырып, *«синтаксистік параллелизм»* терминін қолданады [2,5-6]. И.Г.Гальперин синтаксистік параллелизмді қайталаманың түрі ретінде алмаса да, оның құрамында міндетті түрде қайталану процесі жүзеге асып отыратындығын, яғни синтаксистік параллелизм бар жерде қайталану бар екендігін айтады.

«Параллелизм создается путем использования слов одного и того же лексико-грамматического класса (части речи), в одинаковой синтаксической позиции», — деп түсіндіреді В.В.Мальцев [2,8-9]. Сонымен, параллелизм құбылысында, ең алдымен, синтаксистік құрылымның қайталанып келуі шарт екен. Олардың бұл пікіріне қарсылар да болды.

Үнді-европа тіл білімінің тағы бір өкілдері синтаксистік параллелизмнің құрамындағы қайталану процесін жүйелі құбылыс деп есептемей, оларды *«кездейсоқ қайталау»* деп түсіндіргісі келді. М.К.Морен мен Н.Н.Тетеревниковаңың оқулығында бұл туралы былай деп беріледі: «Параллельно организованные структуры представляют собой отрезок речи, состоящий из синтаксически однотипных, то есть параллельных конструкций, обьединенных общей мыслью» [2, 21]. Демек, синтаксистік параллелизмнің қайталама категориясының аясына кірмей, оның осы кезге дейін одан тыс қарастырылып келе жатқанының себебін де жоғарыдағыдай пікірлердің нәтижесі деп түсінген дұрыс.

Синтаксистік параллелизмнің стилистикалық қызметін Б.В.Томашевский: «если мы обратимся к другим синтаксическим формам, довольно типичным для языка художественных произведений, то здесь следует отметить, кроме инверсий, еще одно явление, а именно – стремление к некоейй симметрии и параллелизму, особенно в речи лирически взволнованной, т.е. преимущественно в речи стихотворной (хотя это же явление бывает и в прозе). Именно из симметрии и параллелизма торжественной речи, которые когда– то привели к необходимости рифмы, подчеркивающей параллель, а затем и ритма, который более или менее параллельно организует разные члены предложения» немесе «параллелизмы не только повторяют, но и производят некое движение. Иногда это движение совпадает с тематическим нагнетанием»— деп бағалайды [3, 277-279].

Ал орыс тіл біліміндегі мына бір сөздікте параллелизмге мынандай анықтама беріледі: «Параллелизм / от. греч. parallelos – идущий рядом / – сопостовление. Параллелизм широко используется в устном народном творчестве и литературе. Параллелизм бывает прямой, отрицательный [4, 119].

Немесе мына бір еңбекте: «К фигурам перемещения слов относится по существу все виды *параллелизма* / с греч. идущий рядом/. Он представляет собой однородное синтаксическое построение предложений или их частей это одно из характерных черт поэтической речи. Параллелизм имеет самые разно образные формы *синтаксистический параллелизм* наиболее распростр, он заключается в том, что в смежных стиках соблюдается одинаковая структура предложений.

В синем море волны плещут
В синем море звезды блещут

Строфический параллелизм – состойт в том что в смежных строфах стихтворения повторяется одинаковое синтаксическое, а иногда и лексическое построение.

Горе несешь – думаешь
Как бы с плеч сбросить
Куда бы его покинуть
Где бы его оставить [5, 56].

Синтаксистік параллелизм қайталаманың бір түрі болып есептеледі. Себебі оның жасалуы құрылымның, оның құрамындағы сөздердің және басқа да тілдік элементтердің қайталануымен тығыз байланысты. Синтаксистік параллелизмнің қайталамамен тығыз бірлікте келетіндігі академик В.М.Жирмунскийдің еңбектерінде де айтылады. Ол: «Синтаксический параллелизм, маркированный словесными повторами, становится важнейшим средством соотношенния структурных элементов стихотворного целого, внутри которого происходит свободное и изменчивое движение ритмического потока. Таким оброзом развитие современного стиха как бы возвращает нас на новый ступени. К параллелизму и повторениям как исходным элементам становления стихотворного языка» деп айта отырып, синтаксистік параллелизмнің өлең өріміндегі көне тәсіл екендігін мойындайды [6, 24]. Автор синтаксистік

параллелизмнің түркі халықтары поэзиясында да берік қалыптасқан тәсіл екендігін, оның өлең ырғағын келтіруде ерекше рөл атқаратындығын, оның осы қызметі тілдік құрылымдардың қайталануымен тығыз байланысты екендігін баса көрсетеді.

Синтаксистік параллелизмнің негізгі ерекшеліктері олардың компоненттерінің бір-біріне қатысы арқылы да ажыратылады. Бұл туралы Г.Я.Солганик былай дейді: «При параллельной связи предложения не цепляются одно с другим, а сопоставляются, при этом благодаря параллелизму конструкций, в зависимости от лексического «наполнения», возможно сопоставление или противопоставление» [7, 132].

Орыс тіл білімінің көрнекті өкілі Н.М.Разинкина: «Синтаксистік параллелизмді үлкен көлемде алып қарасақ, белгілі бір композициялық құрылымның бөлшегі деп айтуымызға болады. Ол кейде бөлек сөйлем мүшесі, әлде бірдей құрылымдағы сөйлем қатарлары» деп анықтама береді [8, 3].

Қазақ тіл білімінің көрнекті академигі Қ.Жұмалиев өзінің «Әдебиет теориясы» атты оқулығында синтаксистік параллелизмге мынандай анықтама береді: «Синтаксистік параллелизм – өлең не қара сөздерде бірінші сөйлем құрылысы екінші сөйлем құрылысында бірен-саран ғана сөзі өзгеріп, басқа сөз тіркестерінің сол қалпында қайталануы» [9, 146-146].

Қазақ тіл білімінде параллелизм туралы алғаш түсінік беріп, осы фигураның стильдік қызметін анықтаған академик З.Қабдолов болды. Ғалым өзінің «Сөз өнері» еңбегінде параллелизмге былай деп анықтама береді: «Фигураның тағы бір түрі – *егіздеу*, яки параллелизм (грекше – қатар жүру, қанаттасу) – *екі ұдай нәрсені, құбылысты, ұғымды, сезімді қатар қойып, жұптап суреттеу*» [10, 237].

Сондай-ақ, параллелизм ұғымы 1998 жылы З.Ахметов пен Т.Шаңбаевтың авторлығымен жарық көрген «Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде» де қамтылды.. Осы сөздікте параллелизмнің қазақ поэзиясындағы көне тәсіл екендігі, оның эпостық жырларда актив қолданатындығы туралы айтылады. «Параллелизм (*грек. Parallolos – қатарлас, қапталдас деген мағынада*) – екі нәрсені қатарластыра, жанастыра алып бейнелеу тәсілі. Екі түрлі ұғымды білдіретін тіл элементтері бір-біріне әсер етіп, тұтас бір поэтикалық бейне туғызады [11, 384].

Ал 1998 жылы жарық көрген «Қазақ тілі» энциклопедиясында былай деп анықтама беріледі: «Параллелизм – /қатар жүруші/ грекше – сөз әсерін күшейту, мәнерлеу, әшекелеу және ойды нақышты жеткізу үшін қолданылатын сөйлеу айшығы. Параллелизм – құрылымдары бірдей оралымдар немесе сөйлемдерді, бір типті сөздерді симметрия арқылы қайталанудан тұрған ерекше бір синтаксистік құрылым [12, 317].

Профессор О.Б.Бүркіттің «Қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі» атты көлемді еңбегінде: «Синтаксистік параллелизм дегеніміз – бөлшектері бір – бірімен симметриялы принцип бойынша гармониялық тұтастықта қайталанып беріліп отыратын стилистикалық айшық» деген анықтама беріледі [1, 167].

Жоғарыда келтірілген әр түрлі анықтамалар мен тіл білімінің көрнекті өкілдерінің алуан пікірлерін келтіре отырып, біз жалпы тіл білімінде, соның ішінде қазақ тіл білімінде синтаксистік параллелизмнің анықтамасы жоқ деп айтуға болмағанымен, толыққанды, бірізді пікірдің қалыптаспағандығын көреміз.

Негізінен осы пікірлерге сүйене отырып байқағанымыз, синтаксистік параллелизмді құруда негізгі күш бірдей құрылымдағы сөздермен қатар, ырғаққа да түседі. Ал «ырғақ, яки ритм / грек. шамалас, мөлшерлес, сайма– сай/ – қимылдың құбылыстың, үннің жүйесі, мерзімді, мөлшерлі қайталануы» деген анықтама әдебиеттану терминдерінің сөздігінде беріледі [11].

Поэзиядағы ұлы қасиет – үндестік – гармония. Ал сөз бен дыбысты үндестікке әкелетін күш – ырғақ. В.Маяковскийдің сөзімен айтсақ, «Өлеңдегі негізгі күш, негізгі қуат – ырғақ». Өлеңнің түрін белгілейтін де, негізінен ырғақ. Әр бунақты біз тағы да ырғақ арқылы ғана ажыратамыз. Біз мұнымен қазақ тіліндегі синтаксистік параллелизмді қалыптастыруда ырғақ пен бунақтың атқаратын қызметінің ерекшелігін байқаймыз.

Пайдалынған әдебиеттер

1. О.Б.Бүркіт. Қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі. –Алматы, 2001. – 3 б.
2. Р.В.Скляренко. Лингвостилистические особенности синтаксического параллелизма. – Москва: АКД, 1987. – 5-6, 8-9, 21 б.
3. Томашевский Б. Стилистика. –Ленинград, 1983. – 277-279 б.
4. Справочные материалы литература.– Москв, 1989. – 119 б.
5. Д.Э.Розенталь., М.А.Теленкова. Словарь справочник лингвистических терминов. Пособие для учителей.Издание 2- е. – Москва, 1976. – 56 б.
6. В.Жирмунсктй. Ритмико-ситаксический параллелизм как основа древнетюркского народного стиха // Вопросы языкознания. – 1964, №4, 24 б.
7. Г.Я.Солганик. – Синтаксическая стилистика (сложное синтаксическое целое). – Москва, 1991. – 132.
8. Н.М.Разинкина. Об одном из способов синтаксической организации научной прозы (стилистической прием параллелизма). //Лингвистика и методика преподавания иностранных языков. – Москва, 1976. –3 б.
9. Қ.Жұмалиев. Әдебиет теориясы. – Алматы, 1969. –145-146 б.
10. З. Қабдолов. Сөз өнері. – Алматы, 1992. – 237б.
11. З.Ахметов, Т.Шаңбаев. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. 2-басылуы. – Алматы, 1998. – 384б.
12. Қазақ тілі. Энциклопедия.– Алматы, 1998.- 317б.

Әлісжан С.Қ.
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Назарбаев Университеті

ҒЫЛЫМИ МӘТІННІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Мәтіннің өзге де түрлері тәрізді ғылыми мәтінге де зерттеушілер тарапынан қызығушылық уақыт озған сайын артуда. Жалпы мәтінге тән тұтастық пен байланыстылық [Қараңыз: 1, 270] ғылыми мәтіндерге де ортақ екендігін ескере отырып, сол белгілердің ғылыми мәтіндердегі көрінісі, мағыналық құрылымы, мазмұндық ұйымдасуы т.т. мәселелер ғылыми дискурсты зерттеу барысында күн тәртібінен түспек емес.

Сөз жоқ, ғылыми мәтін – бұл ғылыми білімді жеткізудің тілдік қалыптанған формасы. Басқаша айтқанда, ғылыми мәтіннің мазмұнын ғылыми білім құрайды. Осыған сәйкес, ғылыми тілде жазылған мәтіннің туу үдерістері ғылыми-танымдық үдерістердің заңдылықтарын бейнелеу қажеттілігімен тікелей байланысты.

Ғылыми білім – мамандардың ғылыми-танымдық іс-әрекетінің нәтижесі десек болады. Ғылыми білім қандай логикалық түрде кездеспесін – ұғым, пікір, ой қорытындысы, теория, тұжырым т.т. – барлық кезде даму үстінде, үнемі қозғалыста болады. Кез келген ғылыми білім, бір жағынан, зерттеу мен байқаудың нәтижесі ретінде көрінсе, екінші жағынан, танымдық қызметтің бір сәтін көрсетеді.

Тілдік жағынан келсек, нақтырақ айтқанда, функционалды стилистика тұрғысынан, ғылыми білім – автор баяндайтын мәтіннің мазмұны. Басқа мәтін түрлері тәрізді ғылыми мәтін де белгілі бір бірліктерден тұрады, сол бірліктердің басын қосатын – ғылыми білім. Егер көркем мәтін оқиғалар желісі – сюжеттен тұрса, ғылыми мәтіннің мағыналық құрылымы сол «оқиғалар желісінің» орнындағы ғылыми біліммен алмасады.

Мына екі мәтінге назар аударайық:

1. *Көптеген тәжірибелердің қорытындысы берілген дененің массасы неғұрлым үлкен болса, ол денеге белгілі бір үдеу беру үшін күшпен әсер ету керек екендігін дәлелдеді. Екінші сөзбен айтқанда, дененің массасы неғұрлым үлкен болса, ол соғұрлым инертті деп есептеліп, оның қозғалыс күйін өзгерту үшін көбірек күш қажет болатындығы байқалды. Сонымен, масса дененің инерттік мөлшері болып және оның динамикалық сипатын білдіреді. Енді Ньютонның екінші заңын айтылған пікірлерді ескере отырып, былай тұжырымдауға болады: дененің алған үдеуі әсер етуші күшке тура пропорционал, дене массасына кері пропорционал және әсер етуші күштің бағыты бойынша өзгереді* (Ж. Абдулаев. Жалпы физика).

2. *Фразеологизмдердің семантикалық жүйесі жайында мынаны айтуға болады. Тіл иесі – халықтың басынан өткен, өмір шындығына сай туған сан-салалы фразеологиялық тіркестер әлеуметтік, шаруашылық, діни, т.б. факторлар ауанымен пайда болған. Олардың құрылымы жағынан*

қалыптасуында, компоненттерінің тіркесу амалдарында нақтылы бір заңдылығы болатын тәрізді. Фразеологиялық единицалардың мағына тұрғысынан сараланuында да тиянақты тәртіп, жүйе бар. Бұлай болуының себептері өзінен-өзі түсінікті, өйткені олар әлеуметтік жағдайға жанасып, өз заманының талабына лайық туып жатады. Бұл тақылеттес талай дәуірден елес беретін фразеологизмдер тіл қорынан мықтап орын теуіп, әрдайым жұртшылық кәдесін өтеп отырады. Сөздікте сол фразеологизмдер мүмкін қадырынша мол қамтылған. Екінші сөзбен айтқанда, әр қилы экстралингвистикалық, яғни сыртқы факторларға (тарихи-әлеуметтік, экономикалық, діни т.б.) сәйкес туған фразеологизмдермен барабар жынысқа, мекен-мезгілге, өлшемге, көңіл-күйіне, адамдардың өзара қарым-қатынасына, жас ерекшелігіне, мінез-құлыққа, салт-санаға т.б. байланысты топтастырылатын да фразеологизмдер бар. Тозығы жеткен заманның талай нышаны байқалатын тіл фактілері аз емес... (І. Кеңесбаев).

Екі мәтінде де ғылыми-танымдық үдерістердің басын қосып, бір мәтіннің төңірегіне біріктіріп тұрған – ғылыми білім бар, біріншісінде, ғылыми білім – физикалық құбылыс («дененің қозғалыс күйі») болса, екіншісінде – тілдік бірліктер («фразеологизмдер») арқылы көрініс тапқан. Осы ғылыми білім әртүрлі логикалық операциялардың қатысуымен бірізді тілдік мәтінге айналған, мысалы, байқау: *Көптеген тәжірибелердің қорытындысы ... дәлелдеді; ... мынаны айтуға болады*; нақтылау, салыстыру: *екінші сөзбен айтқанда..;* сөйлем құрамындағы шартты рай тұлғаларымен бірге *неғұрлым, соғұрлым* сөздерінің болуы; қорытындылау, жинақтау: *сонымен, бұлай болуының себептері..*; ескі білімге сілтеме: *Ньютонның екінші заңын айтылған пікірлерді ескере отырып..*; логикалық тұрғыдан саралау, бөлу: *әр қилы экстралингвистикалық, яғни сыртқы факторларға (тарихи-әлеуметтік, экономикалық, діни т.б.) сәйкес туған фразеологизмдермен барабар жынысқа, мекен-мезгілге, өлшемге, көңіл-күйіне, адамдардың өзара қарым-қатынасына, жас ерекшелігіне, мінез-құлыққа, салт-санаға т.б. байланысты топтастырылатын да фразеологизмдер бар* т.б.

Ф. Оразбаева мәтінді қатысымдық тұлғалар (коммуникативтік) қатарына жатқыза отырып, оны «қатысымды тұлғалардың ішіндегі мазмұнды тұтастығымен ерекшеленетін бүтін жүйе» [2, 25] – деп атап көрсетеді. Ол – ойлау, хабарлау, баяндау, қабылдау, пайымдау құбылыстарымен байланысты адамдар арасындағы тілдік қатынастың іске асуына негіз болатын қатысымдық жүйелі тұлға [2, 26].

Ғылыми мәтіндерді ғылым саласындағы қарым-қатынас құралы ретінде қарастырсақ, оның «бүтін жүйе» болып қалыптасуының негізін табуымызға тура келеді, демек, ғылыми мәтіннің мазмұны болып табылатын ғылыми білімнің өзара байланысқан қандай да бір бірліктердің жиынтығы екендігін анықтауымыз керек және бұл өз кезегінде ғылыми мәтіндердің мағыналық құрылымын нақты айқындауға мүмкіндік береді.

Осы орайда ғылыми мәтінді зерттеудегі ресейлік Пермь мектебінің өкілі М.П.Котюрованың көзқарастары функционалды-стилистикалық зерттеулерде

басшылыққа алынып жүр [3]. М.П.Котюрова ғылыми тілді зерттеу теориясына *эпистемиялық жағдаяттар* (білім қоры) ұғымын ғылыми тілдің басты экстралингвистикалық факторы ретінде енгізеді. Эпистемиялық (грек. episteme – білім, яғни ғылыми-танымдық) жағдаяттар мәтін субъектісінің (ғылыми мәтін авторының) танымдық қызметтің үш негізгі аспектісін, яғни *онтологиялық* (ғылыми білімнің пәндік мазмұнына байланысты), *әдіснамалық* (білімді алудың процедурасы), *аксиологиялық* (ғылым субъектісінің бағалауыштық бағдары) аспектілерін санада қорытудың нәтижесі ретінде анықталады [3].

Бұл тұжырым кейіннен Е.А.Баженованың зерттеулерінде толықтырылды, онда эпистемиялық жағдаяттарды құрайтын аталған үш аспектіге (*онтологиялық, әдіснамалық, аксиологиялық*) *рефлексивтік* және *коммуникативті-прагматикалық* аспектілерді қосады, демек, эпистемиялық жағдаяттар көрсетілген аспектілердің өзара байланыстағы бірлігінің жиынтығы деп түсіндіріледі, бұлар ғылыми тілдің қалыптасуына, ғылыми мәтіннің композициялық– мағыналық және стилистикалық– тілдік құрылымына жүйелі түрде ықпал етіп отырады [4, 58].

Ғылыми мәтіннің мағыналық құрылымын анықтаудағы осы қағида М.П.Котюрова мен Е.А.Баженованың соңғы кездегі еңбектерінде де нақтылана түседі [5].

Ғылыми мәтіннің құрылымындағы «эпистемиялық жағдаяттың» маңыздылығы және оның ғылыми танымның метамоделі, композициялық–мағыналық, тілдік құрылымын анықтайтын әмбебап экстралингвистикалық негізі болып табылатындығы ғылыми мәтінді зерттеген басқа да зерттеушілер тарапынан атап көрсетіледі [Қараңыз: 6].

Аталған зерттеулерге сүйене отырып, эпистемиялық жағдаяттар мен оны құрайтын бірліктердің әрқайсысына тоқтала кетеміз.

Сөйтіп, эпистемиялық жағдаяттар ғылыми мәтіннің әмбебап экстралингвистикалық моделі ретінде мынадай анықтамаға ие болып жүр: *Эпистемиялық жағдаяттар – танымдық қызметтің өзара байланысты белгілерінің, оны құрастырушы онтологиялық, әдіснамалық, аксиологиялық, рефлексивтік және коммуникативті-прагматикалық компоненттерінің ғылыми мәтіннің қалыптасуы мен стильдік ерекшелігіне ықпал ететін жиынтығы* [5, 47-48].

Онтологиялық компонент білімнің пәндік мазмұнымен байланысты, яғни шындық болмыс (табиғат, қоғам мен адам) құбылыстарының ғылыми түсінілімі болса, *әдіснамалық* компонент танымдық қызметтегі ғылыми білімді алу жолдарын, әдістерін сипаттайды.

Аксиологиялық компонент таным табиғатының бағалауыштығына орай қолданылады, субъект (ғалым) ойлау арқылы ғана емес, бағалау негізінде де әрекет жасайды. Бағалауға бұрынғы (ескі), сондай-ақ жаңа білім де (автор арқылы алынатын) ұшырап отырады. Білімнің неғұрлым маңызды тұстары оның шынайылығы, жаңалығы мен өзектілігі болып табылады, бұлар ғылыми ақпаратты бағалаудың әмбебап формалары.

Рефлексивті компонент танымдық қызметтің жекелік сипатына байланысты, зерттеушінің өзіне тән жекелік ойлау стилі, белгілі бір ғылыми құбылысқа қатысты реакциясының көрінісі, сондай – ақ ғылымдағы өзіндік ұстанымы қарастырылады. Басқа сөзбен айтқанда, рефлексия зерттеушінің ғылыми іс – әрекетіндегі жеке сапалық ерекшеліктерін айқындайды, өйткені таным қызметі үшін орталық тұлға әрқашан шығармашылық жеке тұлға (индивид) болып табылады, жеке тұлғаның өзіндік психикалық ерекшеліктері болатындығы сөзсіз.

Коммуникативті – прагматикалық компонент танымдық қызметтегі барлық экстралингвистикалық факторлардың лингвистикалық құбылысқа, нақтырақ айтқанда, мәтінге айналуына орай кездесетін күрделі және көпқырлы үдеріске байланысты мәселелерді қарастырады, бұл аспект таным мен қарым–қатынас нәтижесін бір жерге жинақтайтын желі ретінде көрінеді.

Демек, бұл компонент бойынша орталық бірлік – мәтін болып табылса, дәл осы мәтінде ғана эпистемиялық жағдаяттардың барлық компоненттерінің тілдік амал -тәсілдер арқылы объективтенетін мағыналық құрылымға айналуы жүзеге асады. Мәтін ғана қарым-қатынастың басты құралы ретінде – бір ғалымды екінші бір ғалыммен, яғни маманаралық, салалық білімнің дамуындағы белгілі бір кезеңді басқаларымен байланыстырады, сөйтіп, ғылымның күрделі айналымын қамтамасыз етеді.

Ғылыми мәтінге эпистемиялық жағдаяттар тұрғысынан қарау мәтіннің мәнін тұтастай білім ретінде көруге мүмкіндік туғызады. Ғылыми білімнің қалыптасу барысы әдетте мынадай негізгі кезеңдерден тұратыны белгілі: проблемалық мәселелер – мәселе (зерттеудің әрі қарайғы бағдарламасын түзетін негізгі сауалдар) – идея (теориялық элемент, зерттеушілердің барлығында бірдей кездесе бермейді) – болжам (мәселенің қойылысына берілген жауап) – болжамды дәлелдеу (зерттеу барысындағы сауалдарға логикалық негіздеме беру, теория құру) – шешім (қорытынды, жаңа білім ретінде ұсынылатын мәселенің түпкі шешімі).

Ғылыми білімнің қалыптасу үдерісіндегі мұндай сабақтастық ғылыми мәтіннің метамоделін жасауда аса маңызды болып табылады, өйткені бұл жүйе ғылыми мәтіннің танымдық аспектісінің өзара ықпалдастығын көруге мүмкіндік береді.

Ғылыми мәтіннің прагматикасы оның ұйымдасуындағы түрлі деңгейлерде – композициялық– мағыналық құрылымнан бастап, тілдік деңгейге дейінгі аралықта көрініс табады, ескі білім мен жаңа білімнің алмасуында, ғылыми ақпаратты бөлшектеп ұсыну барысында, танымдық кезеңдердің жекелеген тұстарында (айталық, мәселе қою, идея ұсыну, дәлелдеу тәрізді) нақты көрінеді. Танымдық әрекеттің осындай тұстары жақсы сақталса, ғылыми мәтінді оқырмандардың (мамандардың) тез қабылдауы, оңай түсінуі, жеңіл оқылуы жүзеге асады және әрбір ғылыми мәтін авторы осы мақсатты көздейді (өкінішке орай, көп жағдайда бұл талаптың орындалмай жатуы да кездеседі). Әрбір эталондық, яғни үлгі боларлық ғылыми мәтін мағыналық құрылымы жағынан жүйелілікке, байланыстылыққа ұмтылады, бұл өз кезегінде автор мен оқырман

арасындағы ғылыми сұхбаттың тиімділігі үшін ең бір қажет фактор болып табылады.

Тұтастай алғанда, эпистемиялық жағдаяттардың әр компонентінің өзара үйлесімділігі, бірлігі ғылыми мәтінді түсінудің басты кілті десе болады. Әрәдік мамандар арасында түсініспеушілік, ұсынылған ғылыми мәтінді үлкен қиындықпен оқу кездесіп жатса, осындай үйлесімділіктің болмауынан немесе жоқтығынан деп түсінген жөн. Қарастырылып отырған метамодель мәтінді «бір қарағаннан» түсінуді, мәтін мазмұнына «іштен» үңілуді қамтиды, экстралингвистикалық факторлардың тілдік қалыпқа үйлесімді айналуының мүмкіндігін тудырады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шалабай Б. Мәтін // Қазақ тілі. Энциклопедия. –Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998.

2. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. –Алматы:

Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың Білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000.

3. Котюрова М.П. Об экстралингвистических основаниях смысловой структуры научного текста (функционально – стилистический аспект). Красноярск: Изд-во Красноярского университета, 1988.

4. Баженова Е.А. Научный текст в аспекте политекстуальности. –Пермь: ПГУ, 2001.

5. Котюрова М.П., Баженова Е.А. Культура научной речи: текст и его редактирование. –М., Флинта:Наука, 2008.

6. Хомутова Т.Н. Научный текст: теоретические основы интегрального подхода. Автореферат дис. ... докт. филол. наук. –М., 2010.

4. Кухаренко В.А. Интерпретация текста. – М.: Наука, 1988.

Бекбосынова А.Х.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент;
Қанапина С.Ғ.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ АВТОР БЕЙНЕСІН БЕРУДЕГІ ТІЛДІК-СТИЛЬДІК КӨРІНІСІ(Ғ.МҰСТАФИН ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Сөйлеу формалары көркем прозаның композициялық-тілдік қабатының ішкі құрылымын құраса, оның сыртқы қабатын автор сөзі, төл сөз, ортақ төл сөздің әртүрлі типтері құрайды.

Автор сөзі өзі білдіретін затқа тура бағытталған, ол өзі бейнелейтін нәрсені тікелей түсіндіруге арналған.

Төл сөз– кейіпкер сөзі бұл да өзі бейнелейтін затқа тура бағытталған, сонымен бір мезгілде оның өзі де автордың бейнелеу объектісін құрайды. Автор сөзі кейіпкер сөзінің ешнәрсесін өзгертпейді, оны тек өзінің мақсатына ғана бағындырады.

Кейіпкер автор атынан сөйлеп, шығармада негізгі әңгімелеуші болған күнде де, ол кейіпкер сөзінен гөрі автор сөзіне жақын. Өйткені бұл жағдайда кейіпкердің жеке ойлау, сезіну ерекшелігінен гөрі авторға оның көру, бейнелеу мәнері мәндірек. Бұл жағдайда автор кейіпкерге өз міндетін орындатады.

Төл сөз сыртқа шыққан (айтылған) сөз және ішкі сөз (монолог) формаларында келеді.

Автор сөзі мен төл сөз-бір үнді, бір дауысты сөздер.

Ортақ төл сөз- қос үнді сөз, мұнда автор сөзінің де, кейіпкер сөзінің де элементтері қатысады. Автор сөзіне ұқсас болатын себебі-одан тыныс белгілері арқылы бөлектеніп тұрмай, соның ішінде (құрамында) болады. Кейіпкер сөзіне ұқсас жері– мазмұны, интонациясы жағынан кейіпкердің ойлау, сөйлеу мәнеріне жақын келеді. Автор өз ойын, сезім-бағасын кейіпкердің ойы, көзқарасы тұрғысынан береді. Ортақ төл сөз әдетте монолог түрінде ғана болады.

Көркем шығарма құрылымындағы баяндау типтері шынайы өмірдегі бейнеленетін объектілерден өзгешеліктерге ие. Шынайы өмірге тән табиғи кеңістік- мезгілдік, себеп-салдарлық қатынастар көркем шығармада күрделеніп, өзгеріске түседі (трансформацияланады).

Көркем трансформациялануның сипатын анықтауда автор баяндауының субъективтілік мәнін ашудың маңызы зор. Ол үшін «автор образы» дәрежесінің сырына үңілу көп нәрсенің сырын ашады.

Көркем шығарма стилін анықтауда шешуші рөл атқаратын міндеттердің бірі–автор бейнесінің тілдік құралдармен берілу жолдарын ашу, оның тілдік құрылымын айқындау. Өйткені автор бейнесі –шығармадағы барлық стильдік құралдарды біртұтас тілдік-көркем жүйеге біріктіруші орталық стилистикалық категория, шығарманың стилистикалық жүйесінің ішкі діңгегі. Ол – шығарманың ішкі бірлігі мен тұтастығының арқауы.

Автор образының, әсіресе, прозалық шығармалардағы мәні ерекше. Егер лирикалық шығармада лирикалық субъектінің көңіл-күйі сол субъектінің өзі арқылы берілсе, драмалық шығармада да іс-әрекет қатысушы кейіпкерлердің өздері арқылы беріледі. Ал, прозалық шығармада жоғарыда айтылғандардың бәрін біреу баяндауы керек. Кейіпкерлерді сөйлетіп, оларды әртүрлі оқиғаларға қатыстырып отыратын автор сөзінен оқырман санасында автордың өз бейнесі туралы түсінік қалыптасады.

Шығармадағы «автор бейнесі» дегенде жазушының жеке басын түсінбейміз. Әрине, көркем шығарманы оны тудырушыдан бөліп алып тастауға болмайды. Өйткені жазушының жеке басының ерекшеліктері: өмірі, дүниеге көзқарасы, оқиға, құбылыстарға шығармашылық қатынасы т.б. оның

шығармаларында ізін қалдырады. Алайда, көркем туындыда жазушының жеке басы тасаланып, оның орнына алдыңғы қатарға шығармадағы «автор бейнесі» шығады. Өмірдегі жазушының орнына әңгімелеуші автордың бейнесі қалыптасады. Рас, шығарманың кейбір тұстарында (мысалы, құжаттық негізде баяндалатын жерлерде, лирикалық немесе публицистикалық шегіністерде) жеке адам-автор қатысады. Алайда, жалпы алғанда, шығармадағы автор бейнесі мен өмірдегі автор–екеуі екі бөлек дүние. Автор бейнесі тілдік тәжірибенің нәтижесі ғана емес, ол- әдеби-көркем мәдениет жемісі. Сондықтан ол тілдік-стилистикалық құбылыс-дәреже ретінде ерекше зерттеудің объектісі бола алады.

Автор бейнесі туралы белгілі ғалым Б.Шалабай былай дейді: «Шығармадағы «автор бейнесінің» көріну дәрежесі әдетте әртүрлі. Кейде ол шығармада барынша «анық көрінеді», яғни шығармадағы болып жатқан оқиға құбылыстарға автордың көзқарасы, қатынасы ашық бейнеленеді. Ал енді ол бірде «жасырынып», кейіпкер бейнесінің «тасасында қалады». Бірақ, бәрібір олардың қай-қайсысы да «автор бейнесін» сипаттайды» [1,14].

Кей шығармаларда автор шығарманың басқа кейіпкерлерімен бір қатарда тұрады, оқиға, құбылыстарға қатардағы кейіпкер ретінде қатысады. Бұл жағдайдағы оның мәні, қызметі, рөлі басқаша. Мұнда ол шығарманың көптеген компоненттерінің бірі ретінде қаралады.

Автор бейнесі– болмыс пен оқырманды байланыстырушы дәреже. Автор ондай аралық байланыстырушы қызметті атқаруы үшін, өмірдегі оқиғаларды белгілі бір көзқарас тұрғысынан, яғни белгілі бір «нүктеден» баяндауы керек. Ол белгілі бір «нүктеден» кейіпкердің іс-қимылын бейнелей отырып, өзінің баяндауларына оқырманның қатысын (қабылдауын) және өзінің қатысын белгілейді.

Кез келген шығармада автор «көзге көрінбей қатысып» отырады. Оның демі, тынысы, нені қалайтыны, нені қаламайтыны, т.б.– сезіліп отырады. Бірақ оның «сезілу» дәрежесі барлық шығармаларда бірдей болмайды. Ол жазушының баяндалып отырған жағдайларға қандай «арақашықтықты» ұстайтынына байланысты.

Сөйтіп, шығармадағы баяндаушы бейнесі – «автор образы» әр уақытта әр шығармада бар образ. Оның мәнін нақтылай түсетін болсақ, ол– суреттеліп отырған жайға қатысты белгілі бір көзқарас, принцип, идея. Ол шығармадағы оқиғадан оқиғаға жетелейтін, кейіпкерлерге сөз беретін, «сөз билігін ұстаушы» сөз иесі.

Ол–жазушының бүкіл қоғамдық-мәдени, интеллектуалдық, эмоционалдық сапа-қасиеттерінің жиынтық бейнесі. Шығармаға өзек болатын өмір құбылыстарын сұрыптап алып, оған идеялық бағыт, бейнелі күш дарытатын, бір сөзбен айтқанда, шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын қалыптастыратын жазушының өз бейнесі-автор бейнесі деп аталады. Сондықтан ол-жалпыланғанбейне.

Автор бейнесі автор сөзінде көрінеді. Автор сөзі, иесі жоқ, оның сыртында жазушы не айтушы субъект тұрады. Осы тұрғыдан көркем шығармадағы «баяндаушы адам» мәселесі туындайды.

«Прозалық шығармадағы баяндаушының композициялық негізгі үш типі бар. Олар: үшінші жақ («ол») формасында әңгімелеуші автор, «арнайы» әңгімелеуші (бұл не шығарманың кейіпкері, не белгілі бір атқа ие әңгімелеуші адам болуы мүмкін) және бірінші жақтағы («мен») әңгімелеуші» [1,15].

Үшінші жақтан әңгімелеуші шығармада баяндалатын жайлардан тыс тұрады. Бірақ оның өзіндік дүниетанымы, көзқарасы жоқ деуге болмайды. «Ол» формасындағы әңгімелеуші әңгімені объективті түрде жүргізеді, арасында тек түсініктер ғана беріліп отыруы мүмкін. Сондай-ақ әңгімеге қандайда бір жолмен еніп, қатысып отыруы мүмкін. Мұндайда, әсіресе, авторлық шегіністердің мәні зор. Авторлық шегіністерде автордың рухани әлемі, оның қоғамдық, саяси т.б. мәселелерге көзқарас-қатынасы ашылады.

Үшінші жақтағы автор-әңгімелеуші өзі туралы ешқандай мәлімет білдірмесе де, оның бар екені ешуақытта жоққа шығарылмайды. Әңгімелеу бейтарап мәнде, ірі тұрғыда алынып, зат, көріністер толықтай, ерекше дәлдікпен тәптіштей сипатталады. Ондай баяндау тілі-әдеби тілдің ең жоғары үлгісі. Автор бейнелеуші адам болғандықтан, оның тілі де бейнелеу құралы.

Бірінші жақтан әңгімелеу («мен») формасының ерекшелігі –баяндаудың субъективтілігімен, шындыққа ерекше жақын болып көрінуімен байланысты. Мұнда жеке адам ерекше сезіледі. Әңгімелеушінің өзі бейнелеуші болмыстың бір тетігі ретінде алынады. Әрі оқиғаға қатысушы ретінде, әрі әңгімелеуші ретінде өзінің басынан өткендерін, көргендерін ғана баяндайды.

Автор бейнесі Ғ.Мұстафиннің шығармаларындағы композициясын, тілін ұйымдастырушы, барлық кейіпкерлерді, сюжет тарамдарын орайлап әкеліп бір қазыққа байлаушы орталық тұлға. Шығармалардың өнбойында қатысып отырады, яғни автор өз ой-пікірін ашық жариялайды. Бірақ көп сөзді емес, негізгі мәселелерді ғана айтушы ролін атқарады. Мысалы:

«–Тыныштық іздеп барамыз,–деді әлден уақытта Олжабек, ақырын ғана күрсініп қойып. Әңгімені тыныштықтан бастағанымен, айтайын дегені әуелі тынышсыздық жайында еді, сөзі үзіліп қалды. Жамал күліп жіберді.

- Ол қайда бар екен?

- Дүние кең ғой, соның бір жерінде бар шығар әйтеуір.

- **«Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас»,**– деген қайда?

- Колхозға еріп солар-ақ қарық болсын,– деді Олжабек. Оның даусы сөзінің ақырында қатулана шықты. Өйткені, осы ұзақ сапарға аттанар алдында өзінің немере інісі Кәмеш үш-төрт кісімен келіп, бірқатар әурелеген болатын. Жалынған, ақылын айтқан. Әбден болмаған соң: «Мен сенен бездім, бірақ ұмытпа, **«азды аяған көптен құр қалады»,**-деп тұра жөнелген-ді.

- Безсең безе бер. Маған **«Ортақ өгізден, оңаша бұзау артық».** Аспан асты кең, - деп безере түскен еді Олжабек» («Шығанақ» 26 б).

Автор оқиға өтетін ортаны суреттеуден бастайды да, диалог арқылы өрбітеді. Мұның бәрінде автор сырттан бақылаушы. Оның сөзі көп емес,

көбінесе кейіпкерлерді сөйлетеді, өзі кей тұста ғана түсініктеме береді, және де барлық мақал-мәтелдер кейіпкер тілінде ұшырасады.

Келесі оқиғаларды бейнелеуде кейіпкерлердің ойларын беру, ішкі сөз формалары негізгі құралға айналады. Автор бірде кейіпкерлеріне жақындап, іштей үндесіп жатса, бірде олардан алыстап, белгілі арақашықтық сақтап отырады.

Мысалы:

« (Жамал) – Олжеке, бір жерің ауырып келе ме?

- Жоқ, әлгі антұрғанды айтамын-ау, әншейін.

- Әлі де Молдажанмен болып келемісің? Комунес болған соң айтады да.

- Мен үшін болған ғой, сасық неме! ***«Құтырған ит иесін қабады»,*** *– деп маған тап бергені несі екен!..»* («Шығанақ» 28б).

Автор, көбінесе, кейіпкерлерінен бөлінбейді, олармен бірге болады. Тіпті өз атынан баяндаулары да солармен тілегі бір екендігін көрсетіп тұрады.

Мысалы: *« Жақып сылбыр, Баймақан ұшқыр. Бірін теже, бірін сүйре деген Жанатқа Жомарт кейіп қалды.*

- Тартыншақ пен ұрыншақтың әуресінде күн өте ме? – деп еді. Жанат сөзін ауырлата түсті:

- ***«Мінін көріп безгенше, мінін алып түзе».*** *Басшылықтың басты міндеті осы болар. Тым өрсің, Жомарт. «Өзім білемін» көбірек. Азайту керек.*

Жомарт басын шайқап, жымиып қана күлді:

- Мінезің маған түсініксіз, Жанат. Біресе қарсыласасың. ***«Көңіл шіркінді жат түгіл, жақынның да көбі көре бермейді».*** *Жаңағының бәрі жақын адамдар. Жан-жаққа тартпады ма? Екеуміз ала болсақ, не береке қалады?*

«Көңіл бірлігі келісіммен болмайды», Жомарт, - деп Жанат та күліп қойды»(«Миллионер» 289 б). *«Ойлап тұрсам ескіден тек біз сияқты қаусаған шалдар қалыпты. Өзгенің бәрі жаңа…*

- Шалдар да жаңа, деді Жанат. – ***«Жаңалықты танудың өзі жаңарғанның белгісі»*** («Миллионер» 329б).

Мұнда автор өзі көп көрініс бермейді, көбінесе кейіпкерді сөйлетеді, ойлатады, өзі көрінбеуге болмайтын жағдайда ғана «бой көрсетеді». Кейіпкердің бірді-екілі сырт келбетіндегі, не киіміндегі ерекше белгіні көрсету арқылы да автор өз қатынасын білдіреді:

«Жомарт шықшытты, қалың ерінді, етектілеу ұзын мұрынды, кішкене көзді, бидай өңді жігіт еді. Суықта жүріп, тотыққан соң негрге бірсыпыра келіп қалған екен. Шашы да бұйра болатын.

Сатанға жаңа риза болдым! – деп күліп жіберді Жомарт. Үлкен ерні барынша созылып, кіршіксіз қой тістері қызыл етіне дейін ашылды.- Япырай, танымай жүр екем, ***«Үлкен адам үлкен істе көрінеді екен ғой».*** *Келсін жұмысшылар»* («Миллионер» 248, 333 бб).

«*Бұнда Шәкен мырзаның ауылы отырады. Мырза қазір құдық басында, қара қалпағын көзіне түсіре киген, екі қолын артына ұстап, үлкен апан құдықтың мол, мөлдір суынан көз алмай тұр.*

Аршыған соң, молая түсіпті, - деді бір кезде басын көтеріп. Бурыл тартқан тығыз, қаба сақалын тұжыра қырқып, дәл иектің үстіне ғана қалдырыпты. Қысқа, жуан мойынын, салыңқы тығыз бұғағын ұстарамен тақырласа да, кеңірдегіне дейін қарауытып көрінеді. Орта бойлы, текше, жуантық, жүріс-тұрысы шапшаң кісі. Енді құдық ернеуінен былай кетіп, ботинкасын көк шөпке бірер сүйкеді де, мұрнын осқырта сіңбірді. Үлкен көздері әлі жасты, толық қоңырқай жүзі жылып, бірақ «Мырза» деген жай сөз, қайырымы сатулы, есепқой адам. Жаңа үңіліп тұрғанда құдықтың суын да есептеп қойған екен, айтып тұр:

Әр науаға елу шелектен су сыйды. Бұл жиылған судың сегізден бірі ғана. Сонда үш жүз жылқы суарсаң, лайланбайды бұл құдық.

Көл ғой, жарықтық!

Тәйірі, құдықтың мұздай суының қасында көлдің жылымшы суы су ма!

Басқа құдықтар неге осылай емес.

- Құдық суы да несібеңе қарайтын көрінеді ғой.

- Мырзаны қоршағандардың ішінде қисық мұрын Тәуке мен жылпос Жақып осындай арзан қошеметтерін аямай тұр. Жаңа заманның кінәмшіл байы кірлі көпшіліктерді неғылсын:

- Оттамашы, Жақып! – деп, зекіп тастады.

- «Құдық несібе таңдамайды, қазу таңдайды. Құр шұқи салсаң, суға да жарымайсың».

- Рас, рас! Тауып айтасың, тура айтасың, мырзам, - деді де, Жақып басын шұлғи берді. Тәуке оған күңірене қосылып қояды:

- «Бақ, дәулет тегін басқа бітпейді» («Дауылдан кейін» 10б).

(Шығанақтың Олжабекке батыр адай қызы туралы айтқан әңгімесінен)

- Кіші жүзді білген ел, алдымен Адайды біледі. ***«Танысаң адайыңмын, танымасаң құдайыңмын»*** *- дейтін адайлар.*

(Қыз) – Ояу ма едің, қара жау! – депті анадай тұрып. – Көтібардай күшім жоқ, Махамбеттей жүрекпен келдім. Ер олжаға сыйған ба, мә, керек болса мені ал. Мақпал қара шашым бар, әрбір талы бір-бір мал. Қарақаттай көзім бар, қарашығынан от лаулар. Сөзім шекер, тілім бал, лебізімнен алған нәр. Жүзімді айтсам, жаңа атқан таңдай. Сымбатымда мін жоқ, бір туған нардай. Мінезім керек болса, түнергенде түнмін, күлгенде күнмін. Ел намысына, ер намысына бәрін бердім. Жалғыз ғана жүрегімді алып қалам.

Жеңген жау асыл сөзді, ару қызды ұқпай, ожар күшпен тап береді. Қыз мінген көк бесті Мұзбүйрек деген жүйрік екен, ұзақты күн шапқанда бір ғана бүйрегі жібіпті деседі. Біріне шалдырмай шығып кетіпті. Жете алмай жау қайтқан соң, таң ата қайта оралып, қыз тағы да сөйлеседі:

- «Айтқаным-айтқан, есің болса – ел болмайтын ерді алма. Жат үшін жаралған қызды ал!» *– дейді. Сұлудың жүзін жаңа ғана көрген жау осыған көне қалыпты. Жігітті байлаудан босатады»* («Шығанақ» 60-61б).

Бұл бейнелеу тәсілінің ұтымдылығы – оқиға, құбылысты автор сырттай баяндамайды, ішкі жағынан ашып, ұлттық танымmен береді.

Автор кейіпкерінің қиын-қыстау кездегі жан дүниесін ашу үшін, сол кездегі халқының ауыр, қиын тұрмысын көрсету үшін, кейіпкердің жеке басында туған қайғылы оқиғаларды көрсету үшін де мақал-мәтелдерді орынды қолданады.

Мысалы: *«Құдай-ай, құдай, не жазып едік, құдай! Менен аяғаның бар ма? Жөргекте шешемді алдың, төсекте өндірдей ерімді алдың. Ол аз болғандай, былтыр екі сиырдың бірін алдың. Бүгін одан қалған жалғыз қашарды тағы алдың? Шиеттей төрт баланы қалай асыраймын енді! Төрт емшекке бес жан қарап қалдық-ау! Қызыл қашарды алғанша мені алсаң еді, не төрт баланың бірін алсаң еді! Құдай, қу құдай, тас бауыр құдай. Аясаң еді бір!..*

Жел жақтан сампылдаған Ырысжанның бұл сөздері Аманның төбе құйқасын шымырлатты. «Не боп қалды?» - деп, жүгіре басып келсе, қашып кеткен қызыл қашар құдыққа жығылып өліпті. Сүтті сиырдың тұқымы екен.

- Тым құрыса адал өлмеді-ау! – деп күйінеді Ырысжан.

Төрт бала үрпе-түрпе бір жерде. Аман аяп кетті:

- Сабыр етіңіз, жеңеше, сабыр, - десе:

- Сабыр құрғыр сүт бола ма балаларға! – деп, Ырысжан өршелене түседі. Болмасын білген соң Аман жылыстап кетті. ***«Жаны күйген тәңірісінқарғайды»*** *деген осы екен-ау! – деп келеді ішінен»* («Дауылдан кейін» 28б).

Кейде жазушы кейіпкер болып ойланып отырып, сол арқылы өз көкейіндегі жайларды айтады. Оларды кейіпкердің көзқарасы етіп береді, шындығында, ол-өз көзқарасы, өзінің көкейтесті ойлары.

Мысалы:*«Үшеуі Аманды Сыртынан жіліктей бұзып жатқанда, Жандос өзімен-өзі болып отырып:*

- Қайран ел, қайран ел, не боп барады! – деді де, кейістерін күңірене айтты. – Алыста жүргенде бұл елді көруге аңсадым. Көрген соң кетуге асықтым. Азаматтар-ау сендерге не болған? Бірауыз ба десем, алауызсыңдар. ***«Жауырды жаба тоқы», «Қол сынса, жең ішінде, бас жарылса, бөрік ішінде»*** *деген еліңнің абзал қағидасы қайда?! Ұғынысудың орнына айтысып, кешірім орнына кек сақтап, біріңді бірің жағадан ала түсуге дайын тұрсыңдар. Сап, Ермекбай, сап! Сап, Сайлаубек, сен де сап! Екі орамға келетін оқулы қазақ көп емес. Жаңағы жігіттің үш орамға да келетін түрі бар. Сендер шырт-шырт сынғанда, ол шіміркенбеді де. Баулыңдар, шыдаңдар. Шым-шымдап бері тарта беріңдер! «Көктей солсын» деуге менің аузым бармайды».* («Дауылдан кейін» 277 б).

Осы мысалда автор қатынасын берудің бір жолы: автор бір жайды объективті баяндап келеді де, арасына өзінің пікірін, көзқарасын эмоциялық тұрғыда қыстырып жібереді. Бұл сырттай қарағанда ортақ төл сөзге ұқсас, бірақ ол-автордың өз ойы, өз пікірі. Мұның өзі автордың адамзаттық, адамдық мәселелерге жай, селсоқ қарай алмай, қызуқанды үн қатуының тағы бір көрінісі болып табылады.

Сонымен, Ғ.Мұстафин шығармаларында әрдайым автор, оның жеке басы қатысып отырады. Автор бейнесі анық, бірақ ол нақтылы емес, жалпыланған

бейне. Нақтылық кей жерде ғана бой көрсетеді. Шығармаларда автор-сыншыл, қоғам, жеке адамдар бойындағы кемшіліктерді сынап, мінеуші автор. Түзелмес кемшіліктерді жарға итеріп жіберетіндей өлтіре сынаса, түзеуге болатын кемшіліктерді жеңіл түрде, ішке тарта отырып сынайды.

Ғ.Мұстафин өз идея, көзқарастарын авторлық баяндауларда беруімен қатар, бұл мақсатта ашық түрде, тікелей афоризмдер, мақал-мәтелдер арқылы кейіпкерлерін де өте ұтымды пайдаланады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шалабай Б. Көркем проза тілі. –Алматы: Білім, 1994.-128 б.

2. Мұстафин Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы. –Алматы:Жазушы, 1981.-1,3 том.

Бибеков Қ.Т.
филология ғылымдарының кандидаты,
«Педагогикалық өлшеулер орталығы» оқытушысы,
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалы

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ШАҚ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ АСПЕКТУАЛЬДЫҚ МАҒЫНАЛАРЫ

Қазақ тілінде етістік қимыл-әрекетті жалаң білдіріп қоймай, оның жасалуындағы жай-күйлерді, субъекті мен объектіге қатысын, модальдік мағыналарды, мезгілін де көрсете алады. Осыған байланысты етістіктің семантикасы күрделі, лексика-грамматикалық категорияларға аса бай болып келеді. Етістіктің грамматикалық категорияларының бірі шақ категориясы болып табылады. Қазақ тіл білімінде шақ категориясы жан-жақты зерттеліп, грамматикалық сипаты, көрсеткіштері анықталған. Дей тұрғанмен де, қазіргі тіл білімінің даму деңгейіне сай ғылыми-теориялық тұрғыдан қайта қарап, саралай түсетін мәселелер шоғыры бар екенін жоққа шығара алмасақ керек. Сондай мәселелер қатарына шақ көрсеткіштерінің аспектуальды-модальдық мағыналарын саралауды жатқызуға болады. Қазақ тілінде шақ мағынасын білдіртін арнайы қосымшалармен бірге есімше, көсемше жұрнақтары, көмекші етістіктер, аналитикалық форманттар сияқты сан-алуан тілдік тұлғалар қатысады. Олардың қызметінен туындайтын мағыналық реңктер шақ категориясының жалпы инвариант мағынасы аясына сыя бермейді. Бір ғана өткен шақтың: ауыспалы өткен шақ, жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, анық өткен шақ, танық өткен шақ сияқты т.б. түрлерге бөлінуі бұл категорияның грамматикалық мазмұнының күрделі екенін көрсетеді. Шақ категориясы мағыналық құрылымын күрделі болуы оның көрсеткішерінің шақтық мағынаны жалаң білдіріп қоймай, аспектуальды-модальдық мағыналарды қоса білдіріп отыратынымен байланысты екені аңғарылады. Қазақ тіл білімінде аспектуальдық мағыналар қимылдың өту сипаты

категориясының аясында қаралады. Қимылдың өту сипаты категориясы амал-әрекеттің жүзеге асуындағы сан түрлі ерекшеліктерді, оның басталудан аяқталуға дейінгі кезеңдері сипатын қамтиды. Қимылдың өту кезеңінің мағыналық ерекшеліктерін тілдің түрлі деңгейіне жататын көрсеткіштер қызметі арқылы анықтап, қазіргі тіл білімінің даму деңгейіне сай ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу маңызды мәселе болып табылады.

Қазақ тіліндегі қимылдың жасалуындағы түрлі ерекшеліктерді білдіру жайлы профессор Қ.Жұбанов айтқан пікірлер қазірге дейін өз құндылығын жойған жоқ. Ғалым "Заметки о вспомогательных и сложных глаголах" атты еңбегінде: "Сколько особенности тех уточнений хода и условия действия которые напоминают виды славянских языков но не тождественны им"[1, 456]– деген еді.. Профессор Қ.Жұбанов аталған еңбегінде *келе жатыр*– күрделі көмекші етістігінің қимылдың басталуын көрсету үшін, ал *бара жатыр*– күрделі көмекші етістігі жалғасуын, үдеуін білдіру үшін қолданылатынын көрсетеді. Қазақ тілінде *отыр, тұр, жатыр, жүр* көмекші етістіктері баяндауыш құрамында жіктеліп келгенде нақ осы шақты білдіруге қатыстатыны белгілі.

Шындық өмірде болып жатқан біртұтас қимыл белгілі бір уақытта басталады, белгілі бір уақытта жасалу үстінде болады, белгілі бір уақыт өткен соң аяқталады. Қимыл-қозғалыстың уақыт бойында жіктелісі санада сәулеленіп, тілдік көрсеткіштер арқылы тілден көрініс табады. Мысалы, *1.Арамен тілгендей тегіс бір жеріне Кавказға арналған ескерткішімізді жаза бастадық. 2.Әрине тоғыз айдан бері бір хат жазбағанына ұялып, Гуляға хат жазып жатыр. 3.Мен жазарымды бұрынырақ жазып болып, Володияға келсем о да соңғы ноқаттарын қойып жатыр екен (Ғ.Мүсірепов)*. Осы мысалдарда жазу амал – әрекетінің басталғаны бірінші сөйлемде *– а баста,* екінші сөйлемде жасалу үстінде екені– *п жатыр,* үшінші сөйлемде аяқталғаны – *п бол* аналитикалық форманттары арқылы берілген. Бақылаушы жазу қимылын шындық өмірде басталу, жасалу үстінде және аяқталу сатысында кездестіріп, тілдік көрсеткіштердің көмегімен хабарлаған.

Тек қимылдың даму сатысы ғана емес, дүниедегі заттар мен құбылыстардың барлығы да уақыт ұғымымен тығыз байланысты. Бұл байланысты философияда мына тұрғыда түсіндіреді: "Қозғалыстағы материя бір қалыпта тұрмайды, үнемі өзгеріп, дамып, бір күйден екінші күйге, бір жағдайдан екінші жағдайға ауысып жататынын білеміз. Осы процесті уақыт ұғымы сипаттайды. Басқаша айтқанда, уақыт материалдық объектілердің өмір сүруінің ұзақтығын, олардың күй-жағдайларының өзгеру ретін білдіреді"[2, 112]. Демек, қимылдың өз дамуының бір сатысынан кейін екінші сатысына, одан кейін үшінші сатысына өту ретін де уақыт ұғымы белгілейді екен. Сондықтан да қимылдың даму сатысын уақыт бойында өткен қимыл-әрекеттің кезеңдері деп түсіну керек. Профессор А.Ысқақов та: "Амалдың өту процесі әрқашан белгілі бір мезет-мерзімге және сатылы қалыпқа байланысты болады. Демек, амал белгілі тұста басталады, белгілі бір мезетте жүріп жатады, белгілі бір кезде аяқталады"[3,298], – деп қимылдың даму сатысын уақытпен мезгіл-

мезетпен байланыстырады. Тіл білімінде қимылдың даму сатысы (фазовость) мәселесімен айналысқан ғалымдардың көпшілігі оны уақыт ұғымына қатысты алып түсіндіруге ұмтылады. Мысалы, Р.Н.Ахметжанова “Выражения понятий начала и конца действия” атты кандидаттық диссертациясында: “Қимылдың даму сатысы (фазовость) қимылдың басталуын, жалғасуын немесе аяқталуын көрсете отырып, бірінші кезекте оның уақыт бойында жіктелісіне түсініктеме беруге ұмтылады”[4, 7] – деген пікір айтады. Сондай-ақ А.В.Бондарко, Ю.С.Маслов, Д.М.Насилов, В.С.Храковский, Ю.Г.Коновалов, Б.Х.Ризаев, Т.В.Котик сияқты т.б. ғалымдардың пікірлері де қимылдың даму сатысының мағынасына (фазисное значение), жалпы алғанда, қимылдың уақыттық сипаттамасы деген түсініктемені негізінен қуаттайды.

Ал қимылдың уақыттық сипаттамасы деген ұғым мына бір жайды анықтай түсуді қажетсінеді. Профессор Н.Оралбаева: “Қимылдың фазасы– қимылдың мезгілінен, қимылдың шағынан басқа ұғым. Қимылдың қай этапының болмасын объективті дүниедегі жасалған я жасалатын мезгілін, шағын көрсетуге болады” [5,196] – деп, шақ категориясы мен қимылдың даму сатысының басқа-басқа құбылыстар екенін анықтап берген болатын. Шаққа қатысты айтар болсақ: “Іс-қимыл, жай-күйдің орындалу мезгілі мен сөйлеп тұрған уақыт арасындағы қарым-қатынасты шақ категориясы білдіретіні” [6, 198] белгілі. Мысалы, *1.Жалма-жан тұра сала далаға шықсам, сәске түс болып күн ыси бастаған екен. 2. Артыма жалт қарасам, екі жігіт түсіп аттарын байлап жатыр екен (Б.Майлин). 3. Ертең командировкаға жүретін шығармын. Керектінің бәрін әзірлеп қоярсың(Қ.Найманбаев). 4.Желе жортып келе жатырмыз (Б.Майлин). 5. Сіріңке жақпақ болып, барлық қалтамды тінтіп шықтым (Д.Исабеков).* Жоғарыда берілген сөйлемдерде қимылдың түрлі даму сатысында және әр түрлі шақта қолданылғанын көреміз. Бірінші сөйлемде *– а баста* – аналитикалық форманты қимылдың басталуын,– *ған* екен форманты өткен шақта болғанын білдіреді. Екінші сөйлемде– *п жатыр* – форманты қимылдың жасалу үстіндегі кезеңін, екен өткен шақта болғанын көрсетеді. Үшінші сөйлемде– *п қой*– форманты қимылдың аяқталуын,– *ар*– есімшесі болжалды келер шақты білдіріп тұр. Төртінші сөйлемде – *е жатыр* – аналитикалық форманты қимылдың жасалу үстіндегі кезеңін де, нақ осы шақты да білдірген. Бесінші сөйлемде– *п шық* – форманты қимылдың аяқталуын,– *ты* жұрнағы жедел өткен шақты білдіреді. Етістіктің шақ категориясы мен қимылдың даму сатыларына тән грамматикалық мағыналары да, көрсеткіштері де өз алдына жеке екені туралы айтылған ойларды жалғастыра беруге болады. Қимылдың даму сатысы – қимыл-қозғалыстың уақыт бойындағы жіктелісіне сипаттама береді. Қимылдың болып жатқан мезгілін, шағын сөйлеп тұрған уақытпен байланысты көрсетпейді. “Грамматикалық шақ категориясында осы шақ, өткен шақ және келер шақ бір-бірінен қимыл, іс-әрекеттің сөйлеу кезіне қатысы жағынан ажыратылады” [7, 352]. Қазақ тіл білімінде етістіктің шақ категориясын арнайы зерттеген Т.Қордабаев: “Егер іс-әрекет сөйлеп тұрған уақыттан бұрын болса, өткен шаққа, сөйлеп тұрған уақытпен мезгілдес болып жатса я болып жүрсе, осы шаққа, сөйлеп тұрған уақытта басталмаған, кейін

басталатын болса, келер шаққа жатқызылады. Осы жағынан қарағанда, сөйлеу уақыты етістік шақтарын ажыратуға, оны тануға негіз, меже, көрсеткіш болатын сияқты" [8, 96] – дейді. Академик Н.Сауранбаев: "… қимылдың басталуы (начало) және аяқталуы (конец) туралы олардың уақытқа қатысынсыз сөз қозғауға болмайды. Бұл қатынасты қимылдың басталуы мен аяқталуы деп түсіну керек, сондықтан ол (уақыттық қатынас) ашық райдың шағынан өзгеше" [9, 47] деген пікір айтады. Қимылдың даму сатысы мен шақ категориясының екі басқа тілдік категория екенін орыс тіл білімінде де ғалымдар көрсеткен. Қимылдың даму сатысы (фазовость) орыс тіл білімінде "аспектуальность" функционалды – семантикалық категориясының аясында қарастырылады. "Аспектуальность – қимылдың өту сипатын білдіретін функционалды – семантикалық категория" [40, 12]. Профессор А.В.Бондарко аспектуальность пен шақ категориясының уақытқа қатысы жайлы былай дейді: "Если аспектуальность представляет собой "внутреннее время" действия (имеется в виду действие в широком смысле, охватывающей все разновидностей предикатов), т.е. внутреннюю характеристику протекания и распределения действия во времени, то темпоральность – это "внешнее время" с явной дейктической характеристикой" [10, 5]. Ғалым аспектуальность яғни қимылдың өту сипаты қимылдың "ішкі уақытын", қимылдың өтуі мен таралуының ішкі сипаттамасын білдіру үшін қызмет етеді деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген ғалымдардың пікірлері де қимылдың даму сатысы мен шақ категориясы әрқайсысы жеке-жеке тілдік құбылыс дегенге саяды. Дегенмен шақ категориясы мен қимылдың өту сипаты өзара байланысты болып келеді. Қимылдың өту сипатына тән аспектуальды мағыналарды білдіруде шақ көрсеткіштерінің де қатысатынын көреміз.

Грамматикалық мағынаның тілде берілу жолдарын қарастыра келіп, профессор А.В.Бондарко: "Итак, существует определенный "запас", потенциал тех значений которые в принципе (в том или ином языке) могут быть выражены грамматически. Но ни один язык не использует всех возможностей именно грамматической реализации этих "потенциально грамматических" значений. Их выражение распределяется (в разных языках по – разному) между грамматическими, лексико-грамматическими, словообразовательными, лексическими средствами" [11.28] – деген пікір айтады. Ғалым ешбір тілде грамматикалық мағына тек грамматикалық жолмен берілмейді, грамматикалық мағынаны беруге грамматикалық, лексика-грамматикалық, сөзжасамдық, лексикалық көрсеткіштер де қатысады дейді.

Профессор Т. Әбдіғалиева дәстүрлі грамматикадан қолданылымдық грамматиканың ерекшелігін былайша ашып көрсетеді: "Қазіргі заманда грамматика кең ұғымда және тар ұғымда қолданылады. Грамматика тар ұғымда қолданылғанда, тілдің грамматикалық құрылысындағы категорияның мағынасы грамматикалық нұсқалар арқылы берілуі танылады да, ол мағына мен тұлғаның бірлігі деп ұғылып, зерттеліп келеді. Грамматика кең көлемде қолданылғанда, назар грамматикалық мағыналарға аударылады. Мұнда ол мағынаның қандай тәсілмен берілуіне шек қойылмайды, ол грамматикалық, лексикалық, аралас,

тіпті жасырын тәсіл болуы да мүмкін. Бұл қазіргі қолданбалы (функциональная) грамматика талабына сай келеді" [12, 79-80]. Ғалым қолданылымдық грамматика мен дәстүрлі грамматиканың байланысты екенін де ашып көрсетеді. Қолданымдық грамматика тұрғысынан қарап, шақ көрсеткіштерінің басқа категорияларға тән грамматикалық мағына білдіру мүмкіндіктерін қарастыра аламыз.

Профессор О.М.Соколов морфемалардың көп мағыналығы жайлы айта келіп: "Морфемы не только полисемантичны но в их семантической структуре различается своеобразная семная многокомпонентность. Они обладают также и свойством полифункциональности. При этом одна и та же морфема, входящая в разные отношения, может выполнять разные функции и в этом плане оказывается синкретичной" [13, 27] – деген пікір білдіреді. Ғалым көп мағыналы морфемалардың мағыналық құрылымы көп семалы болып келетінін айтқан. Тілдегі сөздер ғана емес көмекші морфемалар да көп мағыналы болып келеді. Сол арқылы тілдік қолданыста бірнеше қызмет те атқарып тұра алады. Шақ көрсеткіштері қатарының көптігін олардың мағыналық құрылымының көп қырлылығымен түсіндіруге болады.

Өткен шақтың грамматикалық тұлғаларының мағыналарын саралау да осы жайға көзімізді жеткізеді. Жедел өткен шақ жұрнағы *–ды/ –ді* қимыл-әрекеттің өткен шақта болуымен бірге айғақтылығын, нақтылығын да көрсетеді. Қазақ тіл білімінде *–ды/–ді* жұрнағының бұл ерекшелігін осы мәселемен айналысқан ғалымдар айтқан болатын. Т.Қордабаев "Қазіргі қазақ тіліндегі шақ категориясы" деген еңбегінде*ды, – ді* жедел өткен шақ жұрнағының ерекшелігі жайлы айта келіп, арттыра түсті, ойната бастады, тарта жөнелді дегенде біткен, тиянақталған іс-әрекеттерді білдірмейді, алайда айғақтылық мән олардың қай-қайсысынан да байқалады деген еді [8, 59]. Қазақ және орыс тіліндегі өткен шақты салыстыра зерттеген Н.Г.Шаймерденова *–ды* жедел өткен шақ тұлғасына тоқталып: "Аспектуальным проявлением формы на *–ды* является манифестация значения конкретности," [14.70] –деп көрсетеді. Мысалы, *Қаладан шыққалы жүз алпыс шақырым жол жүрдік. Шөбі Даниярдан артылып, басқа үйлердің малдарына да жетті.* Осы мысалдарда *–ды* жедел өткен шақ жұрнағы *жүр, жет* етістіктеріне тіркескенде іс-әрекеттің айғақтылығын, нақтылығын білдірген. Қазақ тіліндегі *– а, – е, – й* көсемшесі жіктеліп келіп, ауыспалы осы шақ, ауыспалы келер шақты білдіреді. Бұл көсемше тұлғасының шақтық мағынасы негізгі етістіктің лексикалық мағынасына және сөйлемге байланысты анықталады. Оқулықтарда ауыспалы осы шақ қимыл, іс– әрекеттің қалыпта, үнемі тұрақты өтіп жататынын білдіреді деп көрсетілген. Көсемшенің *–а, – е, – й* тұлғасы ауыспалы осы шақ мағынасында келгенде қимылдың дағдылы өтіп тұратынын немесе қайталанып дүркінді өтетінін білдіреді. Мысалы, *Данияр жазы-қысы аттан түспейді. Жексенбіде келіп амандықтарын біліп тұрамын. Беловтың бір өзі екі-үш мыңнан әлденеше жерде мал баққызады.*Осы сөйлемдердегі *түспейді, баққызады* қимыл-әрекеттерінің дағдылы болып тұратынын көреміз. Демек қимылдың өту сипатына тән мағына екендігі аңғарылады. Мысалы, *Етін қыстай тасып әскерге жөнелтеді. Жөнелту*

етістігі *–е* көсемше тұлғасымен келгенде тек осы шақ мағынасын ғана емес, қимылдың дүркінді әрі тұрақты жүзеге асып тұрғаны анық танылып тұрады. Өткен шақ мағынасын білдіретін *–атын, – етін* тұлғалы және *–ған, – ген* тұлғалары есімшелер де қимылдың өту сипатына тән мағыналарды беруге қатысады. *Мектепке автобуспен баратын – мектепке автобуспен барған* деп алатын болсақ есімше тұлғаларының мағынасындағы айырмашылық анық байқалып тұрады. *Баратын* дегенде *–атын* есімшесі қимыл-әрекеттің өткен шақта дүркінді қайталанып отырғанын көрсетеді. Ал *барған* дегенде *–ған* есімшесі қимыл-әрекетің өткен шақта бір дүркін ғана жүзеге асқанын аңғартады.

Қазақ тіліндегі шақ көрсеткіштерінің мұндай қызметі арнайы зерттеуді қажет етеді. Қимыл-әрекеттің жасалу барысындағы сантүрлі ерекшеліктерді білдіру үшін тек аналитикалық форманттар ғана емес, етістіктің басқа грамматикалық категорияларының көрсеткіштері де, сөз тудырушы жұрнақтар да қатысады. Бұл мәселені дұрыс шешу үшін грамматикалық тұлғалардың полисемантикалығын, полифункциялылығын назардан тыс қалдырмау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қ.Қ.Жұбанов Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы, 1999. –581б.
2. Маслов Ю.С. Очерки по аспектологии. –Л., 1984. –284с.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі.– Алматы, 1991.– 384б.
4. Ахметжанова Р.Н. Выражение понятий начало и конца действия: Автореф.дисс.канд.филол.наук.– Л., 1984.– 18 стр.
5. Оралбаева Н.О. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формалары: Док.дисс.– Алматы, 1971. –494б.
6. Қазақ тілінің грамматикасы.– Алматы, 1967.– 264б.
7. Аханов К. Тіл білімінің негіздері.– Алматы, 1993.– 496б.
8. Қордабаев Т.Р. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясы. – Алматы, 1953. –118б.
9. Сауранбаев Н.Т. Семантика и функции деепричастий в казахском языке. – Алма– Ата, 1944.– 70с.
10. Бондарко А.В. Теория функциональной грамматики. – Л., 1990.– 262с.
11. Бондарко А.В. Грамматическая категория и контекст. – Л., 1971.– 115с.
12. Абдығалиева Т. Қазіргі қазақ тіліндегі болымдылық– болымсыздық категория: Док.дисс.– Алматы, 1998.– 387б.
13. Соколов О.М. Имплицитная морфология русского глагола. Морфемика. – М, 1991. 77с.
14. Шаймерденова Н.Г. Средства выражения времени в русском и казахском языках. –Астана, 2002. –139с.

Данияр Ә. А.
магистрант
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

МӘТІН ТЕОРИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ

Жазу – ол белгілі бір мәтін. Бұл түрлі мәтіндер (газет-журнал, кітаптардағы материалдар, ғылыми мәтіндер т.б.) әр түрлі жай-күйді, белгілі бір оқиғаны, іс-әрекеттерді хабарлайды. Мәтіндегі тілдік бірліктерді қолдану зандылықтары айтылатын ойдың мазмұнына байланысты болады. Ал ойлау жұмысының нәтижелерін тіл сөйлесім (речь) арқылы жеткізеді. Демек, сөйлесім арқылы жеткізілетін ой мен оның мазмұнының арасында тығыз байланыстылық болады. Бұл ойдан мәтін – тілдік бірліктерді пайдалану арқылы жазбаша түрде қағаз бетіне түскен сөздің бір түрі, яғни ол сөйлеудің хатқа түскен бейнесі ретінде танылады. Ал біздің зерттеу нысанамыздағы креолды мәтін сол сөйлеудің және ойдың хатқа түскен түріне бейвербалды амалдардың қосылып берілуі, яғни визуалды компоненттердің (сурет, коллаж, графика, анимация, символдық белгілер, түс т.б.) мәтінге кірістірілуі арқылы сипатталады.

Мәтін туралы алғашқы зерттеулер діни кітаптарды қарастырудан бастау алды. Ал оның ғылым ретінде танылуы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр екені белгілі. XX ғасырдан бастап мәтін лингвистикасы нақты ғылым саласы ретінде жаңа қырынан зерттеліне бастады. 1960 жылдары Прага лингвистикалық мектебінің ықпалымен мәтіннің лингвистикалық теориясы қалыптаса бастады. Кейінгі жылдардағы зерттеулер нәтижесінде мәтін лингвистикасы саласы біршама қарқынды дамып, мәтін ұғымына қатысты зерттеулер нәтижесінде мәтіннің ерекше құрылымға ие екендігі анықталды.

Жалпы мәтіннің құрылымдық сипаты мен ерекшеліктері тұрғысынан А.А. Потебня, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, И.Р.Гальперин, О.И.Москальская, З.Я.Тураева сияқты ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

Мәтін лингвистикасы – қазақ тіл білімінде өз алдына дамып келе жатқан жеке сала. Оның нысаны ретінде әр түрлі стильдік ерекшелігімен сипатталатын мәтіндер алынып, қарастырылады. Функционалдық стиль түрлерінің коммуникативтік өнімін – мәтінді қарастыру арқылы өзіне тән мәні мен болмысын, ерекшелігін, шындық болмыстың мәтінде бейнеленуін, мәтіннің тұтасымға түзілу ерекшелігін, оны қабылдаудың сипатын т.б. айқындауға мүмкіндік туады.

Мәтін лингвистикасы мәтіннің өзіне тән мәні мен болмысы, басқалардан (мысалы, ауыз екі сөйлеуден) ерекшелігі, объективті болмыстың мәтінде бейнеленуі (көрінуі), мәтіннің тілдік түзілу ерекшелігі, оны қабылдаудың сипаты, мәтіндегі автор мәселесі т.б. мәселелерді қарастырады. Мәтінді зерттеп-тануға деген қызығушылықтың артуына көптеген факторлар өз ықпалын тигізді. Оны зерттеу тілді әлемдік ауқымдағы кең құбылыс ретінде тану үшін де, өзара қарым-қатынас жасаудың бірден-бір тұтас құралы ретінде ұғыну үшін де, тілдің адамзат іс-әрекеттерінің әр түрлі жақтарымен

байланысын терең түсініп-білу үшін де қажет болды. Соған қоса, мәтіннің көмегімен тілдің өмір сүруі мен оның зандылықтарын тануға болады. Себебі бұлар тілдік тұлғалардың тек сөйлем жүзінде ғана емес, одан да ірі бөлшектердің құрамында қызмет етуін зерттегенде ғана ашылатын еді.

Мәтін – тіл жүйесіндегі өзінің мәні мен болмысына сай, сөйлемдердің жай ғана тізбегі емес, мағыналық-құрылымдық күрделі тұлға. Ол – өз алдына логикалық, грамматикалық, мағыналық байланыстарға негізделген, тиянақты мазмұнға ие біртұтас қарым-қатынас бірлігі. Сондықтан мәтіннің құрылысына, оның түрлі қыртыс-қабаттарына үңіліп, мәнді де сипатты ерекшеліктерін ашу, белгілі кеңістік пен уақыт шеңберінде өмір сүру заңдылықтарын айқындау, соған сәйкес мәтіннің ішкі бірлігінің сыр-сипатын анықтау бүгінгі мәтін лингвистикасының басты міндеті.

Мәтін лингвистикасы ілімімен мәтін теориясы тығыз байланысты, екеуінің объектілері бір-бірімен ұштасып жатады. Мәтін теориясы мәтінді құрылымдық және қызметтік жақтарынан алып қарастырады. Құрылымдық жағынан зерттегенде мәтіннің байланыстылығы мен тұтастығы сияқты негізгі категорияларына көңіл бөлінеді. Байланыстылығы – бұл мәтіннің дұрыс құрылуы-дұрыс құрылмауы деген мәселелермен байланысады. Мұнда мәтін элементтерінің нелерден тұратыны және олардың арасындағы байланыстың сипаты қандай, оны нелер құрайды деген сұрақтарға жауап алынады. Мәтін құрудың жалпы да ортақ принциптері, олардың мәтіннің мазмұндық, жанрлық т.б. ерекшеліктеріне байланысты болатыны талдаудың негізгі объектісіне айналады. Мәтін тұтастығын зерттеу оның элементтерінің қызмет ауқымын айқындау тұрғысынан жүзеге асады. Мәтіннің мазмұнын ашу мәтіндегі қандай да болмасын зерттеулердің түпкі мақсаты болады. Сондықтан тіл тұлғаларының мазмұны ашық та, ашық-жасырын да келетін мәтін түрлерін зерттеуде бұл, әсіресе үлкен мәнге ие. Мәтіннің жасырын түрдегі мағыналарын ашуда тіл таңбаларының екі жақты болмысына ден қойылады: тілдік тұлғалар (таңбалар) сол мәтіндегі не өзге мәтіндердегі өзі сияқты тұлғалармен мағыналары және сыртқы тұлғалары бойынша үндесе отырып, мәтіннің басқа да компоненттерімен өзара байланысқа түседі. Сол себептен мәтін теориясының жетістіктері көркем мәтіндегі талдауда кең пайдаланылады.

И.Р.Гальперин: «Мәтін – сөйлеу шығармашылығының туындысы. Аяқталған, объективтелген жазба құжаты ретінде, құжаттың түріне қарай әдеби тұрғыдан өңделген, бірқатар ерекше бірліктері (фразадан тыс бірліктер) мен атауы бар, түрлі лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық байланыстармен біріктірілген, белгілі бір мақсат пен прагматикалық бағыты бар сөйлеу шығармашылығының туындысы», деп көрсетеді [1,31]. Ал мәтіннің тілдік тұрғыда зерттелуіне зор үлес қосқан О.И.Москальская: ««Мәтін» деп, бір жағынан, бір немесе бірнеше сөйлемдерден тұратын, сөйлеушінің ойы аяқталған, кез келген айтылған пікірді түсінсек, екінші жағынан, повесть, роман, газет немесе журнал мақалалары, ғылыми мақалалар, түрлі құжаттар тағы басқа осы сияқты тілдесім туындылары», - деп сипаттады [2,32]. Л.М.Лосева мәтінге «құрылымдық және мағыналық жағынан аяқталған және

хабарламаға автордың белгілі көзқарасы берілген, жазба түріндегі хабарлама ретінде»–деп өз пікірін білдіреді [3, 30].

Байқағанымыздай, И.Р.Гальперин, О.И.Москальская, Л.М.Лосеваның бұл ғылыми тұжырымдары мәтіннің жалпы бір тақырып төңірегіндегі біріккен, сабақтасқан, ақпаратты жеткізетін мазмұнды және мәнді сөйлемдер тізбегі екендігін көрсеткендей. Сонымен қатар лингвистикалық тұрғыда тек қана синтаксистік тұтастықтардан тұрмайды, сол кезеңдегі экстралингвистикалық факторлармен де байланысатыны белгілі болды.

Мәтіннің өзіндік категориялары мәтінді зерттеуде елеулі орын алады. Мәтін катеогориялары туралы бірнеше ғалымның пікірліріне тоқталып өтейік. И.Р.Гальперин мағыналық және формальды құрылымдық деген екі үлкен топқа жіктесе, орыс ғалымы Н.С.Болотнова мәтіннің категориялық белгілеріне: «коммуникативтілік, концептуалдылық, прагматикалылық, ақпараттылық, құрылымдық, интегративтілік, регулятивтілік, мағыналық аяқталғандық, бөлшектік, тұтастық, мүшелену, когезия, модальдылық, экспрессивтілік, эмотивтілік, проспективтілік пен ретроспективтілікті» жатқызады [4, 31].


Әрбір мәтін коммуникативтік мақсатқа құрылады. Себебі жалпы мәтінге берілген анықтамалардан мәтіннің негізгі қызметі ретінде оның коммуникативтілігі екені белгілі. Мысалға ғалым Ю.Н.Земскаяның тұжырымдауынша, «с одной стороны, текст является продуктом деятельности адресанта, с другой стороны – объектом деятельности адресата» [5, 48]. Автор бұл тұрғыдан мәтіндегі екі коммуникативтік процестің, яғни конструкция мен реконструкцияның бірігуі жайлы сөз етеді. Мәтінді ғалымдар әр қырынан танып, әр қалай түсінеді. Соның ішінде мәтінді коммуникцияның тәсілі ретінде қараған М.М.Бахтиннің төменгідей пікірін келтіре аламыз: «Текст – сотворчество, способ коммуникации двух сознаний: коммуникатора и реципиента в широком понимании этих терминов» [6, 123].

Коммуникативтік мақсат құруда мәтіннің прагматикасын ескермеу мүмкін емес. Себебі кез келген мәтін адресантынан реципиентіне бағытталғанда белгілі бір прагматика туғызады. Мәтіннің прагматикасы дегеніміз – қарапайым тілмен айтқанда, мәтіннің реципиент тарапынан туғызатын реакциясы. Демек, адресат пен адресантты диалог субъектілері ретінде алатын болсақ, адресат дайын мәтінді қабылдаса, адресант сол мәтінге қатысты өзінің көзқарасын ұсынады.

Мәтін қазіргі таңда жаңа қырынан зерттелініп келеді. Әсіресе, мәтін мен дискурс ұғымдарының байланыстығы мен қызметі ерекше назарға алынған. Соның негізінде мәтін және дискурс түсінігі көптеген ғалымдарың зерттеу еңбектерінде жан-жақты талдану үстінде. Бұл тақырыптар XXI ғасырдың басында жаңаша қырынан танылып, өз өзектіліктерін көрсетуде. Нақтырақ айтқанда, А.М.Жұмағұлова «Шешендік сөздердің дискурсы»(2008); Қ.К. Кенжеқанова «Саяси дискурс мәселелері: саяси коммуникация және саяси дискурс»; Ә. С.Мұханбетқалиев «Шешендік сөз дискурсының кейбір стильдік ерекшеліктері»(2013); Ғ.Әнес «Мәтіндік семантикалық этимологиялық кеңістіктің теориялық мәселелері»(2010), «Мәтін және дискурс: қолданысы, мағыналық және тілдік ерекшеліктері»(2014);Қ.К.Кенжеқанова «Саяси


дискурстың прагмалингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша)» (2015); А.М.Жалалова «Интонацияның дискурстық сипаты (қазақ және ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде)»(2016).

Мәтін арқылы біздің қоршаған ортамыз және ондағы түрлі қарым-қатынастар, құбылыстар, алуан түрлі жағдайлар т.б. туралы хабар беріліп, оны өзге адамдардың да оқуы, естуі арқылы түсініп ұғынуына жағдай жасалады. Бұл күрделі қатысым әрекеті бір– бірімен тығыз байланыста болатын интра және экстралингвистикалық факторлар арқылы жүзеге асырылады. Оған мәтін, мәтінді тудырушы – автор (адресант), мәтінді қабылдаушы – оқырман, қабылдаушы – тыңдарман (адресат), бейнеленетін болмыс және өзінің ойын жүзеге асыру үшін автордың талғап, сұрыптауы нәтижесінде қолданған тілдік жүйесі жатады [7, 15]. Оны ғалым Л.Г.Бабенконың ұсынған сызбасы арқылы 1–сызба түрінде түсіндіруге болады.



Сызба 1 Мәтіннің күрделі қатысым әрекеті

Көріп отырғанымыздай, мәтін әрекеті – күрделі қызмет атқаратын, көп қырлы, көп компонентті психологиялық әрі интеллектуалдық коммуникация [8, 11].Тілдік және бейтілдік бірліктердің қолданысынан туындайтын мәтіндегі коммуникацияны 2-сызба арқылы көрсетуге болады.



Сызба 2 Гетерогенді мәтін құрылымдық сипаты

Жалпы адамдардың қарым-қатынасына негізделген әрекеттер екі үлкен тармақтан тұрады. Оның бірі – тілдік қатынас, екіншісі – тілсіз қатынас. Бұл екі қатынастың ұқсастықтары да, айырмашылықтары да бар. Біріншіден, сәйкес жақтары мыналар: олардың екеуі де, ең алдымен, адамдардың бір– бірімен байланысын қамтамасыз етеді. Екіншіден, тілдік қатынаста да, тілсіз қатынаста да белгілі бір дерек, ой, мағлұмат хабарланады, бірақ тілсіз қатынаста хабар шартты түрде де болуы мүмкін. Үшіншіден, тілдік пен тілсіз қатынас адамдардың өзара түсінісуіне жол ашады.

Бүгінгі таңда мәтін тек тілдік бірліктердің өзара ұйымдасуынан тұратын коммуникативтік бірлік емес, сонымен бірге мәтін құрылымында түрлі бейне, сурет, графика, қаріптердің түрлері т.с.с. жұмсалуы арқылы, әр текті бөліктерден тұратын күрделі қатысым бірлігі ретінде мәтін лингвистикасы зерттеушілерінің назарына ілігуде.

Қазақ тіл білімінде алғаш рет А. Байтұрсынұлы жалқылаулық жалпылау әдісін қарастырып, оның ішінде сурет (сүгірет) арқылы балаларға сөз мағынасын түсіндіру туралы сөз қозғауы – суреттің өзін мағыналық бірлік ретінде қарастыруға болатындығын аңғартады [9, 339].

1930 жылдары орыс тіл білімінің негізгі өкілі А.А. Реформатскийдің: «Лингвистика призвана исследовать взаимодействия внешнего (полиграфического) и внутреннего (литературного и языкового) оформления текста, их органичного врастания одного в другой в целях максимального воздействия издания на читателя» деген пікірін қазіргі таңдағы елеулі зерттеулердің бастауы деп айта аламыз. Соған қоса, ғалым мәтінге анализ жасаудың әдістерін білетін және полиграфикалық техниканың білімін игерген жаңа бір лингвограф мамандарын дайындау керек екені жөнінде сүбелі ойларын айтқан [10, 214].

Креолды немесе *семиотикалық күрделенген, видеовербалды, поликодты мәтіндерді* ғылыми тұрғыдан зерттеу семиотика бойынша жүргізілген еңбектерден басталды. Бұл ретте, суреттер таңбалық жүйенің ерекше бір түрі ретінде және мүмкін болатын контекст пен оның қолдану жүйесі ретінде қарастырылды. Француз ғалымы Р. Барттың ойынша: «Тілдік емес объектілер шын мәнінде тілдік құралдардың көмегі арқылы көшіретіндіктен немесе ретрансляцияланатындықтан шын маңыздылық сипатқа ие» [11, 114].

Шындығында, кинода, жарнамада, комикстер мен газет-журналдарда бейнеленетін және көрінетін суреттердің мәні, негізінен, тілдік бірліктер арқылы жүзеге асады. Бейвербалды амалдар-түрлі семиотикалық жүйелердің таңбалары болып табылады және олар сөйленімді (высказывание) ұйымдастыруға, яғни құрастыруға қатысады. Бейвербалды амалдар физиогномика, психология, әлеуметтану ғылымдарының зерттеу нысаны болып табылатындығына қарамастан, соңғы жылдары бейвербалдарды амалдарды лингвистикалық тұрғыдан зерттеу кең өріс алып келеді. Қазіргі таңда осы бағытта зерттеулер жүргізіліп, түрлі паралингвистикалық амалдардың қатысуымен құрылған мәтіндердің мазмұны, ақпарат беру мен әсер ету қызметі және жалпы паралингвистикалық құралдардың қызметі жан-жақты айқындалу үстінде. Нақтырақ айтқанда, қазіргі уақытта Б. Момынова, Қ. Есенова, Ж. Нұрсұлтанқызы, С. Бейсембаева, Т. Мырзахметова, Ш. Зекенова, С. Мағжан т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылып жүр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: Наука, 1981. – 183 с.

2. Москальская И.О. Грамматика текста. – М.: Высшая школа, 1981. -215 с.

3. Лосева Л.М. Как строится текст. – М.: Просвещение, 1980. – 94 с.
4. Болотнова Н.С. Основы теории текста. – Томск: Издательство Томского университета, 1999. – 205 с.
5. Земская Ю.Н., Панченко Н.В., Качесова И.Ю., Комиссарова Л.М., Чувакин А.А. Теория текста: учебное пособие. − М.: Флинта, 2010. – 132 с.
6. Бахтин М.М. Литературно– критические статьи. – М.: Художественная литература, 1986. – 543 с.
7. Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы: Оқу– әдістемелік құрал. – Орал: Ағартушы, 2008. – 148 б.
8. Бабенко Л.Г. Филологический анализ текста. Основы теории, принципы и аспекты анализа: Учебник для вузов. – М.: Деловая книга, 2004. – 464 с.
9. Сахыбекқызы И.Р. Ахмет Байтұрсынұлы шығармалары.Алты томдық шығармалар жинағы. 3 томдық. – т. 3. – Алматы: Ел шежіре, 2013. – 384 б. (Электронды ресурс: http://doc.nlrk.kz/result/ebook_403/index.htMl)
10. Реформатский А.А. О перекодировании и трансформации коммуникативных систем. – М.: Наука, 1963. – 214 с.
11. Barthes R. EleMents de seMiologie. – CoMMunications, 1964. – № 4. – p. 130. (русск. перевод: Барт Р. Основы семиологии: "Структурализм "за" и "против"). – М.: "Прогресс", 1975. – 157 с. (Электронды ресурс: http://www.biM–bad.ru/docs/bart_izbrannoje.pdf)

Досова А.Т.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент;
Найманбаева Ж.Б.
«Филология» мамандығының 2-курс магистранты,
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАЛЛЕЛИЗМ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ

«Егіздеу, яки параллелизм (грекше parallelos – қатар жүру, қатынасу) – екі ұдайы нәрсені, құбылысты, ұғымды, сезімді қатар қойып, жұптап суреттеу» [1, 241].

Т.Ахтанов сияқты тамыры тереңге кеткен шебер сөз зергерінің романдарында психологиялық параллельдер жиі қолданылған. Параллельдер құрамына қарай екі құрамды, үш құрамды, кейде одан да көп құрамды болуы мүмкін. Параллельдер салыстырудан туындайды да, екі не үш құбылыс қатар алынып салыстырыла баяндалады. Т.Ахтанов романдарындағы психологиялық параллельдерді салыстырылу сипатына қарай төмендегіше топтарға бөліп қарастыруға болады:

1) Адам мен табиғат арасындағы параллель;
2) Адам мен адам арасындағы параллель;

3) Табиғат және өмір (соғыс) арасындағы параллель;

4) Үй жануарларын салыстыру.

1) **Адам мен табиғат.** Адам мен табиғат арасындағы психологиялық параллельдер жазушылар тілінде жиі қолданылатын әдіс. Т.Ахтанов романдарында бұл баяндау тәсілі адамның әр түрлі психологиялық халімен байланысты түрліше көрініс тапқан. Мысалы, *«Ержан даланы жапқан қараңғы түндей түнеріп, есіктің алдында тұр. Вагон ішіндегі дауыстар да су сепкендей басылып қалды. Жаңа ғана жайнап тұрған дүние, әсем түн – бар көркінен айырылып түсі суып барады. Анау алыста бір шоғыр от жылтырайды. Ол жерде өздерінің жылы үйлерінде майданға кетіп бара жатқан Ержанмен ісі жоқ, бұл танымайтын адамдар тұрады»* [2,20]. Жоғарыдағы мәтінде «Қаһарлы күндер» романының кейіпкері – соғысқа аттанып бара жатқан Ержанның көңіл-күйі берілген. Ержанның психологиялық халі «Даланы жапқан қараңғы түнге» теңеледі. Ержанның түнеріп, тұнжырауымен байланысты автор табиғат көрінісін де сәйкестендіріп суреттейді. «Жаңа ғана жайнап тұрған дүние, әсем түннің бар көркінен айрылып, түсінің суып бара жатуы» Ержанның көңіл-күйімен байланысты алынған.

Жоғарыда табиғат құбылысының адамның көңіл-күйіне қарай бейімделіп берілуі көрініс тапса, енді бірде табиғаттың адамның көңіл-күйіне әсері тұрғысынан баяндалған. «*Қар жауды. Тікенекті қарағайлардың қатқыл реңі жұмсарып, баяу түскен тұңғыш ұлпа қарға бұтақтарын жұмсақ төсейді. Төңірек түгел жасарып, алғашқы қардың саф исі – табиғаттың қоңыр салқын жаңа лебі кеудені ашып жіберді.Түнеріп үнсіз келе жатқан солдаттар да сергіп қалды*» [2, 219]. «Қарағайдың қатқыл реңінің жұмсаруы», «қардың баяу түсуі» «қарағай бұтақтарының қар үстіне жұмсақ төселуі», «төңіректің түгел жасаруы», «табиғаттың қоңыр салқын жаңа лебі»– барлығы бір-бірімен үйлесіп, түнеріп үнсіз келе жатқан солдаттардың көңіл-күйіне әсер етіп, сергітті. Табиғаттың адамның психологиялық халіне әсер ете алу мүмкіншілігін автор ерекше сипаттайды. Егер автор табиғаттың осынша әсем қалпын айта отырып, кейіпкерлердің көңіл-күйін тұнжыратып көрсетсе, шығарманың көркемдік сипаты, оқиғалар үйлесімділігі сәтті шықпас еді. Демек, автор табиғат пен адамның психологиялық халін сәйкестендіріп алу мақсатын көздеген, яғни стильдік қажеттіліктен туған деуге болады.

Жазушы романдарында адамның бақытты өмірі мен бақытсыз кезеңдері де табиғат құбылысымен астастырылып беріледі. Мысалы, «*Сызды жел бетін қарып өткенде Мұрат тіксініп, ойынан сергіді. Күздің шұғыласы аз, солғын күні аспан кеудесіне өрмелеп шығуға дәрмені жетпей, енді төмендеп барады. Мұрат батальон орналасқан шепке қарай аяңдады. Сеңдей қозғалып кеткен ауыр ойлар ағыны әлі тоқтай қойған жоқ. Иә, мынау күздің солғын күніндей нұрсыз, жылусыз болды Мұрат өмірі. Сондай бір жүдеу шақта көңілін көктемнің шапағатты мол шұғыласына бөлеп, оның өміріне Айша еніп еді*» [2, 178]. Автор Мұраттың бақытсыз өмірін «күздің солғын күніндей нұрсыз, жылусыз жүдеу шақ» деп суреттесе, сүйген әйелі – Айшаның оның өміріне

енуін «көңілін көктемнің шапағатты мол шұғыласына бөлеген» өмір деп көрсетеді. Мұраттың бақытсыздығы күз мезгілімен, ал бақытты сәті көктемммен байланыстырылған.

2) **Адам және адам.** Т.Ахтанов кейіпкерлерін мінездеуде екі адамның мінезін қатар алып суреттеуді көп қолданған. Мұндайда екі адамның мінез-құлқы қарама-қарсы алынып, бір-біріне ұқсамайтын екі түрлі адам болып баяндалады. Мысалы,«***Бондаренко мен Добрушкин екі түрлі адам. Бондаренко*** *қылтың-сылтыңды білмейтін, жібі түзу, өмір жолы айқын, ұстамды адам, ал Добрушкин болса алаяқтың өзі, онысынан әскерде де арыла алмай келеді.*

Иван Бондаренко ата жолын қуып келе жатқан нағыз момын да, мығым шаруа. *Оның әкесі ол тумай тұрғанда көшіп келіп Жетісуды мекен еткен.*

...Ертерек келіп еркін жерді мол қарпып алған қазақ байларына жалшы болды. Кішкентай Иван жөнді мектеп көре алмай ертерек жұмысқа араласты, әкесіне көмекші болды. Сөйтіп ол жасынан-ақ қылтың-сылтыңы жоқ ауыр, адал еңбекке тәрбиеленді. Онша ақылды болмағанмен шексіз адал, діншіл, үй ішіне қатал әкесі өзі білген өмір сүрудің адал жолын бұған мықтап ұғындырды. Иван әкесінің ізімен өзіне негізгі берік, мығым өмір жасап алды».

«***Ал Добрушкиннің отыз бес жылдық өмірі Иван өміріне қарама-қарсы,*** *бірде көтеріліп, бірде төмендеп иретіліп, бұлғаңдап келеді. Ол ата-ана дегенді көрген емес, олардың қандай болатынын да білмейді. Өзі де әке болып көрген жоқ. Добрушкин жасынан Копилкин дейтін ұсақ бакалейші саудагер жамағайынының қолында болды. Копилкин оны оқуға берген жоқ, қолбала есебінде ұстап өз саудасына көмекші етті. Максим Копилкин дүкенінің пасханың алдында түскен үш күндік мол қаржысын қойнына тығып алды да өзін мезі еткен жексұрын үйден тайып тұрды. Талай қалаларды шарласа да бір жерде қайтып оралатын тұрақты мекені болмай, неше түрлі адаммен таныс болса да жанашыр жақын досы болмай, ауыр еңбек істеп азапқа түспей, тұрлаусыз жеңіл кәсіппен рақат таппай Добрушкин өмірдің өгей баласы боп бұралқы тұрмыс кешті*» [2, 61].

Жоғырыда «Қаһарлы күндер» романының кейіпкерлері – қатардағы солдаттар Бондаренко мен Добрушкин мінезі қарама-қарсы қойылып сипатталса, мына мәтінде екі генералдың тағдырлары бір ғана сөйлеммен қысқаша берілген:

«*Бұл екі генерал тұлғасы болсын бір– біріне ұқсамайтын адамдар еді. Екеуінің тағдыры да екі бөлек. Бірі жұлдызы жанып, азғана жылда әскер даңқының аспанына жарқырап шықпақ болса, бірін аз уақытта елу жылдық қарапайым, адал, еңбекші өмірін өзіне лайық абыроймен аяқтауға жазған еді*» [2,153]. Бұл екі генералдың бірі даңқұмар Купицанов пен қырағы генерал Панферов. Автор екі генералдың бітім-тұлғасы мен мінез-құлқын, тағдырларын қарама-қарсы суреттейді. Қарама-қарсы, бір-біріне ұқсамайтын адамдар дене пішіні, бет-әлпеті, дауыстарына дейін салыстырылады. Мысалы, *«Сейілхан ағам жарқын, әзіл-қалжыңға да бай. Оның әсіресе көп ойнайтыны өзінің*

құрдасы Әлмұқан. Әлмұқан да Сейілхан сияқты ірі денелі кісі, бірақ бір-біріне ұқсамайтын екі адам болса осы екеуіндей-ақ болар. Сейілханның жүзі қара торы, сүйегі кең бет-бедері қоладан құйғандай шымыр да, Әлмұқан ақсары, екі беті семіз малдың қоң етінен кесіп алып жапсыра салғандай бедерсіз, салпы ұрт. Сейілханның үні ашық, даусы кейде шаңқылдап шығады, ал Әлмұқанның үні күңгірт, май басып кеткен ұртынан мес ішінде шайқалған қойыртпақтай балпылдап шыққан сөзіне әрең түсінесің» [3, 62]. Бұл мәтінде екі құрдас Әлмұқан мен Сейілхан портреттері салыстырылып берілген.

Жазушы романдарында екі адамның салыстырылуы кейіпкерлер ойымен де беріледі. Мысалы, «*Ашық мойындамаса да Купцианов Мұраттың күшті адам екенін түпкі бір сезімімен аңғарды. Түбі жұлдыздары жараспайтыны айқын. Бұл оған жол бере алмайды. Күні бойы қалт еткенде – ол болашақ дұшпанымен өзін салыстырып көрді. Мұрат қайратты, өжет жігіт, оның үстіне нахалдау. Бірақ сол өр мінезінен, қызбалығынан әлі талай сүрінеді. Ал Купциновтың артықшылығы — өзін шынықтырып жасап алған өз мінезі. Мұрат қызып кеткенде өзін тежей білмесе, бұл қашан да байсалды қалыптан аумайды. Әр қимылын, сөзін өлшеп– пішіп қойған, ең аяғы күлкісіне дейін өлшеулі. Осының бәрі оны сыртқы ыстық, суықты қорғайтын қабыршақ»* [2,101]. Жоғарыда Купциановтың өзін Мұратпен салыстыруы баяндалады. Купцианов байсалды мінезді, Мұрат қызба, қайратты, өжет, өр мінезді болып көрсетіледі.

Жазушы романдарында екі әйелдің ұқсас қасиеттерінің салыстырыла баяндалуы да кездеседі. Салыстыру «Қаһарлы күндер» романының кейіпкері Мұрат ойымен берілген. Мысалы, Мұрат батальон құрамындағы санитарка қыз Раушанды көргенде өзінің бейбіт өмірінде ұнатқан әйелі Айшаны көргендей болады. Бірақ бұл екі әйелдің арасындағы ұқсастық тұлға, пішін ұқсастығы емес, көзқарас, мінез ұқсастығы еді дегенді айтады. Ол– «жас мөлтілдеген көзқарас» пен «ұяң тұлғасы». Мысалы: *«Мұрат түн жамылып штабқа қарай желе-жортып келеді. Азапты ауыр істің арасындағы жаңағы бір сауық көппен бірге мұны қатты тебірентіп еді. Раушанды көргенде Айша есіне түсті. Оның Айшаға бір ұқсастығы бар сияқты. Бірақ қандай ұқсастығы барын Мұрат біле алмады. Айша дөңгелек жүзді. Раушан ат жақтылау келген. Раушанның тұлғасы да талдырмаш, нәзік. Айша одан толығырық, ірілеу болатын. Екеуінің арасында ешбір ұқсастық жоқ сияқты. Бірақ Мұрат бір сәтке Раушанның бейнесінен Айшаны көріп қалғандай болды ғой. Көзге көрінбес көңілмен танитын бір ұқсастық бар. Иә, иә... Алғашқы әнді бітірердегі жас мөлтілдеген көзқарасы... Сол кездегі бүкіл ұяң тұлғасы»*[2, 329].

3) **Табиғат және өмір (соғыс).** Т.Ахтанов романдарының негізінен соғыс тақырыбына арналғанын ескерсек, соғыс тіршілігі мен табиғат арасындағы салыстырулардың мол болуы заңды да. Жазушы салыстырудың осы түрін ерекше ұтымды қолданған. Соғыс өмірі, қан майдан, ажал, бір сәттік тыныштық – барлығы табиғат құбылысымен астастырылып баяндалған. Мысалы, *«Дұшпан әзірге дыбыс берген жоқ. Жауынгерлер еңкейе түсіп, алаңдап келеді. Таң*

сәрідегі тәтті ұйқы құшағына енген табиғат тыныштығын бұзуға адамның дәті жетпейтін сияқты да көрінеді. Кенет бірмылтық, оған ілесе тағы бірі тарс ете қалды. Тарсыл таңғы ауамен жұмсарып, айбарсыз естілді. Бірақ лезде - ақ тұнып тұрған тыныштықты пытырлай атылған мылтық, тарыдай шашыраған автомат даусы, пулеметтің зілді дүрсілі астан - кестен сапырып әкетті. Ертеңгі күңгірт сәулеге ажал реңі енгендей төңірек сұстана түсті» [2,130]. Таңғы табиғат тыныштығында атылған бірлі -жарым оқтың тарсылы таңғы ауамен жұмсарып, айбарсыз естіледі. Табиғаттың тылсым тыныштығы бірлі - жарым дыбысқа елең етпегендей. Бұл табиғаттың соғыс өміріне әсері болса, «астан - кестен еткен пулеметтің зілді дүрсілі, тарыдай шашыраған автомат даусы» таңғы ауамен демалған тыныштықты күрт бұзып, төңіректі сұстандырып жіберуі соғыс өмірінің табиғатқа, тылсым тыныштыққа әсері. Автор соғыс пен табиғат құбылысын біріне бірінің әсері тұрғысынан екі жақты баяндаған.

Соғыс тіршілігінің табиғатқа әсерін автор ерекше суреттеген: *«Ажал ызғарын шашып азынаған суық төңірек. Жыраның ернеуіне тақай өскен жас қайың да ажал демімен тітіркеніп қалшылдай теңселеді»* [2,107]. Қырғын соғыс, қанмайдан, қауіп -қатер, алқымнан алған ажал айнала төңірекке де ажал ызғарын шашып, тіпті өсіп тұрған жас қайыңдарға да жан бітіреді. Олардың желмен теңселуі - жай теңселу емес, тітіркеніп, қалшылдап теңселу. Олар да ажал сұсынан қорқып тұрған тәрізді. Автордың «теңселу» сөзін қолдануында да стильдік мақсат жатыр. Әдетте, шөп, тал, өсімдік бастары «жайқалу», «тербелу» етістігімен тіркестіріледі. «Теңселу» етістігі негізінен шаршау, аяғын зорға басу, не істерін білмей сасу сияқты мағыналарды білдіруде қолданылады. Осымен байланысты автор жас қайыңдарды әдейі теңселтіп қойған сияқты.

Т.Ахтанов соғыс тіршілігі, соғыс өмірінің табиғатқа әсерін, соғыс өміріндегі табиғат құбылыстарының бейнесін ерекше суреттеген. Мысалы, «Таусылған күздің ала бұлтты, дымқыл ауасына сыз ене бастаған; ылғалды сұрқай жер бусанып тұр, ауада солған шөп, жібіген қу шөпшек, балшық исі аралас; кейде жел кермек татыған қарағай исін әкеледі. Жақындап келе жатқан қыс қаһарын тосқан табиғат бір түрлі көңілсіз де, көріксіз де. Төңіректің бәрі сұр. Суыққа тоңып ұйлыққан қоңсыз малдың жотасындай бүкірейіп қырқа тасасынан, орман іргесінен шаруа үйлерінің шатырлары қылтияды. Қабына ісініп, қанталап, бұлт астынан шыға келген кешкі күн оған бастарын, қыраттарды сұйқылтым қан түстес қызыл жалынға малды» [4, 26].

Жазушы табиғаттың сұрықсыз көрінісін соғыс тіршілігімен байланыстырады. Қыс қаһары, қу көпшек, кермек татыған қарағай исі, табиғат көңілсіздігі, көріксіздігі – барлығы ажал нышанынан хабар беріп тұрғандай. Бұлт астынан шыға келген кешкі күннің өзі қанталап, қабына ісінуі, ағаш бастары мен қыраттардың қан түстес қызыл жалынға малынуы да соғыс тіршілігіне сәйкес берілген пейзаждар. «Қанталау», «қан түстес» сөздерінің символдық мәні «өлім», «ажал» сөздерінің мағыналарымен астасып жатыр.

4) **Үй жануарларын салыстыру.** Адамның іс- әрекетімен қатар үй жануарларын да осы тәсілмен мінездейді. Мысалы, *«Қоспанның екі итінің*

мінезі екі түрлі. Мына Майлыаяқ барып тұрған жарамсақ. Көбіне қазан - ошақты сағалап, өзіне пайда түсетін жағын көздеп жүреді. Монтайы кескінмен мүләйімси қарап, я болмаса көзі жылтырап, құйрығын бұлғаңдатып жәркелештене майпаңдап кісіні жібітпей қоймайды. Өзі адамға керемет үйірсек. Бейтаныс адамның алдынан қанша шабаланған үріп шықса да, лезде татуласып, аяғына оратылып, қонышына сүйкеніп келе жатады. Құдай атқыр өзі және зирек -ақ. Иесінің көңіл -күйін айнытпай таниды. Қоспан бір нәрсеге реніште болса – бұ да бұйығып, үн -түнсіз жүреді. Тек реті келгенде ғана «мен қасыңдамын» дегендей жаутаңдап қарап қояды. Қожасы жылы шырай берсе -ақ тайралаңдап мәз болады.

Ал, Құтпанның мінезі бұған қарама - қарсы. Ол ешнәрсемен ісі жоқ, тоңмойын, томырық. Қазан - ошақты маңайламай шеттеу жерде маңқиып жатады. Шақырып алмаса өз бетімен тіміскіленіп келуді білмейді. Жалын күдірейтіп, тәкаппар кескінмен оқшау жүреді. Орынсыз жерге үріп шабаланбайды да. Алдына сүйек тастағанда да сол самарқау кескіннен таймай асықпай дәмдеп кеміреді. Тамаққа тоймай қалса да көзін сүзіп, қылымсып сыр білдірмейді. Осы тәккапар мінезін Майлыаяққа да көрсетеді». [4,75].

Жоғарыда «Боран» романының кейіпкері Қоспанның екі итінің мінез-құлқы қарама-қарсы. Бірінің мінезі ашық, жеңілтек, екіншісінікі, тұйық, салмақты. Автор мұндай қарама-қарсылықты адамдар арасында ғана емес, ит екеш итке қатысты да алады. Мұндай қарама-қарсы салыстыру жазушы қаламына тән бірден-бір стильдік ерекшелік болса керек және автор дүниетанымының кеңдігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2012.

2. Ахтанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.1. Роман және әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1983.

3. Ахтанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы Т.4. Шырағың сөнбесін. – Алматы: Жазушы, 1984.

4. Ахтанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.2 Роман және повестер. – Алматы: Жазушы, 1983

Есенғазина Б.Б.
филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы;
Абдрашева А.Қ.
аға оқытушы, магистр,
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

ДИАЛОГ ПЕН МОНОЛОГТЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Көркем проза тілін лингвистика тұрғысынан зерттеуде басты нысанаға алынатын мәселелердің бірі – кейіпкерлерді сөйлету принциптері. Кейіпкер сөзі диалог пен монолог арқылы беріледі. Олардың көркем шығармадағы қызметі туралы В.В.Виноградов "Речь художественных произведений складывается из разных типов монолога и диалога, из смешения многообразных форм устной и письменной речи", – дейді [1,33].

Диалог пен монологтың маңыздылығы жөнінде зерттеуші Б.Шалабай: "Тіл көркемдігінің бір байқалар тұсы диалог пен монолог құруда. Мұнда шеберлік керек-ақ. Өйткені диалог адам мінездерін, қимыл-әрекеттерін ашуға бірден-бір қолайлы форма ғой. Монологқа келсек, бұл талап одан да арта түседі" [2,63] десе, Х.Кәрімов те диалогтың адам образын жасаудағы қызметін оның басты қызметі ретінде бағалайды. "... диалог адамдар арасында, өмірде кездесетін сан-қилы қарым-қатынасты бейнелеп, кейіпкерлер репликалары арқылы бір-біріне әсер етіп, адам мінезінің нақты түрде, нанымды түрде ашылуына көмектеседі. Соның тілдік амалына айналады», –дегенді айтады [3,89].

Көркем шығармадағы диалогтің зерттелуі оның табиғатына сәйкес таңдап алынған, атап айтқанда көркем шығарма тілінде алуан түрлі болып көріне отырып, драмалық ауызекі сөйлеу тілін жазба тілде сипаттайды. Көркем шығармада кездесетін диалогте сөйлеу тілі қалай бейнеленеді және қарапайым сөйлеу тілінен айырмашылық неде деген сұрақ туындайды. Әдеттегі сөйлеу тілі жазба әдеби тілден ауызекілігімен, өзіндік қарым-қатынас түрімен, диалогтілігімен, бейресмилігімен т.б. паралингвистикалық ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Сөйлеу тілі бірқатар экстралингвистикалық факторлық өзгерістерге ұшырайды, атап айтқанда: ауызша айтылған сөз жазба түрде беріледі, паралингвистикалық бірліктердің үлес салмағы өзгереді, қарапайым сөйлеу тілінің орнына автордың мұқият құрған мәтінді сөйлеу тілі қолданылады.

Тілдік қатынаста диалогтық қарым-қатынас екі деңгейде өтеді: оқиғалы (ақпараттық) және іскерлік (конвенционалды). Алғашқысы қарым-қатынастың барлық және кез-келген саласында бола береді: тұрмыстық, ресми, кәсіби т.б. Оған тән басты ерекшелк: қарым-қатынас пәні белгілі, қарсыластардың бірін-бірі қабылдауына қарай сөйлеу тактикасы қолданылады.; қарым-қатынаста ынтымақтастық пен серіктестік бар; тұлғаның өзін-өзі танытуы жүзеге асады. Іскерлік деңгейдегі диалогтық қатынаста қатысушылардың әлеуметтік ролі ерекше қызмет атқарады. Оған тән ерекшеліктер: қарым-қатынас пәнінің болуы әрдайым талап етілмейді; қарсыластардың бірін-бірі қабылдауына қарай сөйлеу

тактикасы қолданылады; ынтымақтастық пен серіктестік қатынас олардың әлеуметтік рөлдеріне қарай өзін-өзі танытады. Диалогтың мақсаты мен міндетіне қарай диалогтық қатынастың тұрмыстық, іскерлік әңгіме, сұхбаттасу, сұхбат, келіссөздер деген түрлері анықталады.

Зерттеуші Б.Қадырова «Жазушы кейіпкерлерін өмір сүрген кезеңіне, өскен ортасына, өзі беріп тұрған образға сай сөйлетеді.Олардың мінезін, алған тәрбиесін, жасын, әлеуметтік ортасын тіл қақтығыстары арқылы ұтымды көрсетеді. Көркем шығармада кейіпкер сөзі ауызекі сөйлеу тіліне жақын келеді. Бірақ көркем әдебиеттегі диалогтің өзіндік ерекшеліктері бар» дей келіп, «Күнделікті ауызекі сөйлесуде белгілі бір тілдік жүйе сақталмауы да мүмкін. Ол диалогқа қатысушының ой-өрісі, білім дәрежесіне т.б. байланысты. Ал көркем әдебиетте жазушы шығарманың таұырыбы мен идеясына, кейіпкердің әлеуметтік дәрежесі, білімі, өскен ортасы т.б. қасиет белгілеріне сай кейіпкердің тіліне мұқият қарайды»– деген пікір айтады[7,38].

Тілдік қатынаста диалогтық қарым-қатынас екі деңгейде өтеді: оқиғалы (ақпараттық) және іскерлік (конвенционалды). Алғашқысы қарым-қатынастың барлық және кез-келген саласында бола береді: тұрмыстық, ресми, кәсіби т.б. Оған тән басты ерекшелік: қарым-қатынас пәні белгілі, қарсыластардың бірін-бірі қабылдауына қарай сөйлеу тактикасы қолданылады; қарым-қатынаста ынтымақтастық пен серіктестік бар; тұлғаның өзін-өзі танытуы жүзеге асады. Іскерлік деңгейіндегі диалогтық қатынаста қатысушылардың әлеуметтік рөлі ерекше қызмет атқарады. Оған тән ерекшеліктер: қарым-қатынас пәнінің болуы әрдайым талап етілмейді; қарсыластардың бірін-бірі қабылдауына қарай сөйлеу тактикасы қолданылады; ынтымақтастық пен серіктестік қатынас олардың әлеуметтік рөлдеріне қарай жүзеге асады; қатысушылар әлеуметтік рөлдеріне қарай өзін-өзі танытады. Диалогтың мақсаты мен міндеттеріне қарай диалогтық қатынастың тұрмыстық, іскерлік әңгіме, сұхбаттасу, сұхбат, келіссөздер деген түрлері анықталады.

Ғалымдардың зерттеулерінде диалогтың типологиясына және оның жіктелуіне қатысты нақты орныққан пікір жоқ. Орыс тіл біліміндегі бұл мәселені зерттеген А.В.Чичерин, А.К.Соловьева, Е.М.Галкин – Федорук, К.Мегаева т.б. ғалымдар диалогтың диалог – қайшылық, диалог – жинақтау, диалог – айтыс, диалог – дау, диалог – түсінісу, диалог – үндестік немесе қоштау, диалог – тергеу, сыршыл диалог, ғашықтық диалогы, жекпе-жек диалог, аралас диалог деген көптеген түрлерін көрсетеді. [8,138б]. Диалогтың бұл түрлерін анықтауда ғалымдар мәтіннің формалық емес, мазмұндық ұйымдасуын негізге алады. Г.С.Иманғалиева аталған диалог түрлерін жинақтай келе, негізгі деп таныған 15 түрін - диалог-сәлемдесу, диалог-қоштасу, диалог-ойтүрткі, диалог-ұсыныс, диалог-өтініш, диалог-ойталқы, хабарлама диалог деген түрлерді қосады және оларды ақпараттық, прагматикалық, модальдық диалог деген үш топқа жіктейді [9,38].

Орыс тіл білімі ғалымдарының типологиясы негізінде жас ғалым Г. С. Иманғалиева «Типология диалога» (На материале казахского и рус.яз.) атты кандидаттық зерттеу жұмысында төмендегідей көптеген диалог түрлерін атап

көрсеткен: диалог-сұхбат, диалог-тергеу, хабарлама-диалог, диалог-түсінісу, диалог-тартыс, диалог-дау, диалог-қайшылық, диалог-ой-талқы, диалог-өтініш, диалог-ұсыныс, диалог-ойтүрткі, диалог-үндестік, диалог-жинақтау, диалог-сәлемдесу, диалог-қоштасу .

Аталған диалог үлгілерін ғалым жинақтап үлкен үш топқа бөліп қарастырады:

а) ақпараттық диалог. Бұған: диалог-сұхбат, диалог-тергеу, хабарлама-диалог және диалог-түсінісуді жатқызады.

ә) прагматикалық диалог. Бұл топқа: диалог-тартыс, диалог-дау, диалог-ойталқы, диалог-өтініш, диалог-ұсыныс, диалог-ойтүрткіні топтастырады.

б) модальдық диалогқа: диалог-үндестік, диалог-жинақтау, диалог-сәлемдесу, диалог-қоштасу сынды түрлерін топтастырады.

Хабарламалық диалогта көбіне коммуникацияның басталғанына дейін әңгімелесушілердің біріне белгісіз жаңа мәлімет болады. Сондықтан олар жайбарақат күйде, орта темпте өтеді. Бұл диалог түрінің мақсаты коммуникативті акт процесінде жаңа мәлімет алу болмаса мәлімет беру болып табылады. Зерттеуші хабарламалық диалогтың сипатына қарай мұнда әңгімелесу, хабарласу, сұрасу және түсінісу сияқты диалогтың түрлерін жатқызады [9,56].

Диалогтың әр түрлі болуы оның күрделілігімен сипатталады. Мұны диалогтың ұзақтылығымен, жағдаят пен контекстің әсерімен, әңгімелесушілердің санымен түсіндіруге болады. Дегенмен, диалог өз құрамындағы әртүрлі бағыттағы репликалардың сипатымен күрделенеді. Ал, диалогтың прагматикалық түрінде әртүрлі сөйлеу интенциясы бар сөйлесімдердің бір ізділігі байқалады. Мұндай диалогтың мақсаты тыңдаушыға анық әсер ету. Бұл дегеніміз, пікірталас, ұрыс, талқылау, өтініш, түрткі жасау, хабарлама жасау. Модальдік диалогта объективті шындықтың саналы көрінісі беріледі. Бұл диалог-мақұлдасу, диалог-қорытындылау, диалог-сәлемдесу, диалог-қоштасу.

Реплика диалогтың, сонымен бірге, диалог тұтастықтың компоненті ретінде екі жақты сипатқа ие, яғни стимул және реакция сипаты. Диалогқа қатысушылардың бірінің сөзі екіншісінің репликасының тууына түрткі болады. Жауап реплика мазмұны жағынан сұраққа жауап, айтылған пікірді қостау, не оған қарсы болу, айтылған ойды түсіндіру, оны толықтыру, не өзін қоршаған орта, адам, уақиға жөніндегі ойы, көзқарасы т.б. болып келеді.

Бұл айтылған жайлар орыс тіл ғылымы мен әдебиетіндегі диалогтың зерттелу жайынан хабардар етсе, өзге тіл білімі мен әдебиеттану ғылымында да диалогтың зерттелу жайы назардан тыс қалмаған. Айталық: неміс филологиясында диалогтың екі түрі берілген:

1) поэтикалық диалог (образдылық қызметі басым);

2) прозалық диалог, ол өз ішінен;

а) теориялық-танымдық (ғылыми, «сократтық»);

ә) философиялық (ауызекі сөйлеу және характерологиялық).

«Тіл білімі сөздігінде»: «Диалог (грек, dialogos – әңгіме, сұхбат). Диалогтық сөйлеу өзара тілдесу негізінде ауызша, ауызекі тілде сөйлеу формасы. Диалогтық сөйлеу ауызша, ауызекі сөйлеу сипаты сөйлеуші мен тыңдаушының тікелей байланысынан туады. Осыған байланысты диалог сөйлеуге құрылымдық жағынан толықсыздық репликалар байланысы тән (сұрақ, /жауап, қарсыласу/, келісу, тіл мәдениеті, толықтыру, қайталау т.б.)», – деп жазады[10,60].

«Тілдесім» терминіне ғалым Ф.Оразбаева былай деп сипаттама береді, «Тілдесім – адамдардың қоғамдық- әлеуметтік өмірде бір бірімен тіл арқылы қарым-қатынасқа түсіп, өзара пікірлесуінің нәтижесінде бірінің ойын бірі ауызша да, жазбаша да түсінуі және оған жауап қайтаруы» [11,83].

Бұл тілдесім құбылысының сан қырлы, алуан жүйелі, сан тарау құбылыс екенінен болса керек. Диалог тілдесім ұғымына екі адам сөйлесетін диалог, үш адам сөйлесетін трилог та, үштен көп адам тілдесетін полилог та кіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Виноградов В. О художественной прозе. –Москва, 1990.
2. Шалабай Б. Көркем проза тілі. –Алматы, 1994.
3. КәрімовХ. Қанатты тіл. –Алматы, 1996.
4. М.М.Бахтин Проблемы поэтики Достоевского. –М, 1949,227-22 б.
5. Саяси түсіндірме сөздік. –Алматы, 2007.
6. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік.
7. Б.Қадырова 1960-80 жылдардағы қазақ әңгімелерінің тілі. Фил.ғыл.канд. дисс. –Астана, 2004.
8. М.Галкин Диалогическая речь в романе «Бесы».
9. Имангалиева Г.С.Типология диалога (на материале казахского и русского языков. –Алматы, 1999.с. 17б.
10. Тіл білімі терминінің түсіндірме сөздігі. –Алматы,2005.
11. Оразбаева Ф.Ш .Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. –Алматы: РБК, 2000

Журсиналина Г. Қ.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

ОЙТАЛҚЫНЫҢ МӘТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ОРНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МӘТІН ЖАСАУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Ойталқының имперсинтетикалық позициясы абзацтың түсінік беруші бөлігі, жанама, өзге төл сөз және өзге авторлық сөз болып табылады деген пікір бар [1, 4].

Жанама, өзге төл сөз және өзге – авторлық сөз – бұл- ойталқының, позициясы емес, адресанттық иелігінің маркерлері. Абзацтың соңы ойталқының бірден – бір позициясы болып табылмайтынын, позициялық қолданылуы осымен ғана көрсетілмейтінін мысалдар көрсетіп отыр.

Мәтін түзудегі ойталқының рөлін анықтау үшін мынадай мәселелердің басын ашып алу керек.

*Біріншіден,*мәтіннің жалпы құрылымындағы ойталқының орны мен шегі;

Екіншіден, оның мәтіндегі қызметін мәтіндегі орналасу шегі мен кімнің атынан берілуі яғни (автор, кейіпкер) және созылыңқылық мөлшерімен байланысты ашу;

Үшіншіден, ойталқы түрлерінің прагматикалық қызметін анықтау болып отыр.

Әдетте ойталқынның мәтіндегі орны оның түсіндіруші бөлігі яғни соңғы жағы болып келеді деген көзқарас басым. Алайда, ойталқының орны мәтіннің соңғы жағымен ғана шектелмейді, ол барлық шепте де келе береді.

Ойталқының ***алғышепте*** келуіне Ж.Аймауытовтың «Қартқожа» романындағы туған жер туралы тебіренісін алуға болады. Мысалы:

*«Туған жердің қадірін туғалы түзге шықпаған адам қайдан білсін?Туған жердің қадірін алыс жерге ұзатқан, ұзатқанына әлде талай жыл өткен қыз білмесе, кім білсін? Туған жердің қымбатын ғылым іздеп, шет жайлап кітап қарап сарылып, көзінің майын тауысқан, көшенің шаңын көп жұтқан шәкірт білмесе, кім білсін? Туған жердің артығын, жазатайым іс етіп, күштілерге күш етіп, еріксіз елден айырған, шеттен дәмі бұйырған, жаттан сыйлау көрмеген ер білмесе, кім білсін?..» (*Ж.А)


Ж.Аймауытовтың шығармасында бірнеше кішкене тақырыпшаларға бөлінген. «Туған жер» атты тақырыпшада басынан аяғына дейін түгелдей ойталқыға құрылған . Арасында кейіпкерлік ойталқы суреттеуге ұласып содан соң баяндалып, авторлық ойталқымен ұштаса алынған жерлер де бар.

Ойталқының ***орта шепте*** келуін кез- келген шығармалардан кездестіруге болады *«..Қартқожаның ойына әлденелер келеді. Қазақтың қан жылап жатқаны мынау. Құзғындардың, «жақсылардың», «адамдардың»түрі анау.Мыңдаған, миллиондаған азамат ажалға кетіп жатады. Олардың жауыз баласы үшін біз жанымызды құрбан қыламыз. Не өтесі, не жақсылығы үшін? Әділет, теңдік, адамшылық қайда?Олар бос сөз бе? Оларды кім шығарды? Осының бәрін істетіп отырған адам ба?Құдай ма? Егер құдай болса.... деген ойға тіреледі де, Қартқожа күпір болдым ба деп тәубе келтіреді (Ж.А).*

Ойталқының ***артқы шепте*** келуіне келсек, *«... Бұл күнде ондай қыз қайда ... Ажары тәуірірек біреу болса, соны көтере алмайды ма, білмейсің, ешкіге ұқсап шошаңдап жүргені. Заман бұзылған ғой..., иә....*

Осы күнгілердің бір тапқаны, қызды оқыту керек дейді. Сол Шұғалар хатты зорға танушы еді. Сонда да осы күнгінің оқыған он қызына бергісіз еді. Айнала айтқанда құдай сана берсін десейші.....»(Б. Майлин)

Ойталқының орналасуы тұтас шығарманың немесе оның белгілі бір композициялық-архитектоникалық бөлігінің*:* **тарау, тараушаабзацтың** белгілі бір шебінде келуімен анықталады. Ойталқы шығарманың не оның белгілі бір бөлігінің алдыңғы жағында орналасса — ***алғышеп,*** ортасында орналасса — ***орташеп***, соңында орналасса — ***артқышеп*** деп аталады. ***Алғы шеп пен артқы шеп*** ойталқының өте күшті орналасу шептері болып табылады. Ойталқы алғышепте келсе шығарманың атауы не эпиграфы, не басы болып келеді. Мысалы:



Алғы шепте ойталқы –кіріспелік қызмет атқарады.Шығарманың аты не эпиграф-шығарманың макро тақырыбын белгілеп, мәтіннің одан арғы бөлігінің өзіндік қысқа жоспары, жинақталған мазмұны іспеттес болады, оқырманды көркем мазмұнды қабылдауға бағыттайды. Ал тараудың басы сол бөліктің микро тақырыбын белгілейді. Алғы шептегі ойталқы мәтін бөліктерінің мағыналық байланысын қамтамасыз етіп тұрады және тақырыбымен сабақтасып тығыз бірлікте, байланыста болады.

Алғы шептегі ойталқының өзінен кейінгі баяндау (әңгімелесу, суреттеу) бөліктерімен байланысы – салыстыру немесе қарама-қарсы қою логикалық-мағыналық қарым-қатынастарына негізделеді. Басында келген ойталқыдағы ақпарат соңғы баяндауларда расталады немесе жоққа шығарылады. Мысалы: *«...Бәкен шақырғанда бармай қалды. Бармағандағы ойы не? Раушаннан мүлде айырылу ма?.. Атай көрмеңдер! Бұрын ашумен ойлап жатса да да Раушанның жылап келгенін көрген соң, Раушанға аяғын жұмсап, өзінің ренжітіп жібергені есіне түскен соң, ол ойынан қайтып еді. Орынсыз ашу шақырып, Раушанды осынша қынжылдырғанына өкіне де бастап еді. Сонда кім үшін ашуланысып отыр!.. Демесін үшін ашуланысып отыр!... Демесін кім? Демесін осы елдің байы, атқамінері, бір кездегі төсіне патшаның знагін таққан би! Ол жағын қойшы, Демесін бұрын Бәкенді теңеп пе еді? Теңеу былай тұрсын, Демесін Бәкеннің басынан таяқ айырып па еді, десейші!... Не көрмеген Бәкен,Демесіннің есігінде он жылға жақын*

малайлықта жүрген Бәкен осы. Демесіннің сондағы ұрған таңбасы, мына елтірі бөрікті алып қарасаң, Бәкеннің басында әлі күнге дейін бар...Ендеше.... Демесін үшін бүлінісу деген не?.....

Бәкен өзіне кейи бастады.Әсіресе ,Раушанды мына Күлзипаға таба қылып , соның көзінше адамға лайық емес жұмыс істегеніне өкінді.

–Қалқам! Мен қателескен екенмін. Бүгін барайын, жұбатайын ,– деп ойлады» (Б.Майлин).

Алғышептегі ойталқының жоғарғы шекарасы айқын болса,төменгі шегі айқын да, айқын болмауы да мүмкін. Ойталқы жеке абзацтан құралғанда шекаралары айқын болады. Шекаралары сөйлем аралықтарында немесе бір сөйлем ішінде болатын жағдайларда болады, ондайда әртүрлі ақпараттық белгіге ие бөліктері нүкте, үтір, сызықша, нүктелі үтір тыныс белгілерімен ажыратылады. Олардың бөлінуі логикалық-мағыналық мазмұны мен қатысымдық-қызметтік мәні жағынан да жүзеге асады. Алғышептік ойталқылар әрқашан жалпылаушы сипатқа ие болып келеді.

Алғы шепте көбінесе авторлық ойталқылар кездеседі,ал кейіпкерге тән немесе көпүнді ойталқы сиректеу болады,олар бірнеше абзацты қамтып созылыңқы сипатта келеді. Мысалы:

«Алба -жұлба қараша үйдің сырт жағынан қарасаң, іші өртеніп жатыр ма дейтінсің, түтіні бұрқырап шығып жатыр. Үйдің ортасында үлкен қара қазан. Астында заулап жанған от;қазанның ішінде бір үйіріліп, бір бұзылып қайнап жатқан сабын. Төменгі жаулықпен басын тұмшалап орап алып маңдай терісі тыржиып терлеп - тепшіп, Айнабайдың Зейнебі сапты қалақпен сабын бұлғап жатыр» (Б. Майлин.).

Сөйтіп, алғы шептік ойталқылар мәтіннің,мейлі ол үлкен болсын, кіші болсын бас жағында келіп, кіріспелік, байланыстырушылық, біріктіруші-ажыратушы қызметтерін атқарады.

Артқы шептік ойталқыда шығарманың не оның бөліктерінің соңында шығармада не оның бөліктерінде айтылған ақпаратты қорытып,түйіндейтін сияқты болып келеді.Оның да шектері айқын немесе алдыңғы жағынан айқын болмай болуы келуі мүмкін. Мысалы: *«..Ұлжан бықсыған отты түртікілеп жандыра отырып, Күлзипаның сөзіне өзінше қорытынды істеді.*

–Оның не жақсылығы бар дейсің. Жас адамның қасарып,ата- анасының батасын алмауы жақсы ырым емес қой. Сол қыз барған жерінде де оңбады-барғаннан науқасқа айналып,ақырында қор болып өлді..... Аруақты сілкіндірген соң жай қойсын ба... Онда, бірақ жұрттың аузында дуа бар еді.Қарғаса тегін жібермейтін еді. Осы күні соның бәрі де жоқ. Екі күннің бірінде әке-шешесін жылатып қашып кеткен қызды көресің...Соның бәрі де барған жерінде әп- әдемі болып бала сүйіп отыр....

– Шеше-ау,онысы несі екен?Қарғыстың шынымен-ақ дарымағаны ма?

– Ақырзаман болғанда мұсылманнан дуа көтеріледі дейді ғой,сол рас.Қазірде қанша қарғасаң да ешбір қара қыла алмайсың....» (Б Майлин.)

Абзац соңындағы ойталқылар түсініктеме беру, бағалау сияқты қосалқы қызметтерді де атқарады. Мысалы: «Раушан-коммунист» повестінің 2-

тараушасы түгелдей соған мысал бола алады.Онда әңгімелеумен басталып, ойталқы (қосүнді) мәселе қояды, ол Бәкеннің көңіліндегі күптілік, оның шешілуі тараушаның соғы жағында жүзеге асады.

Қорытушы қызмет атқаратын артқы шептік ойталқылар барлық ойталқы түрлерінде кездеседі.Авторлық ойталқылар көбінесе шығарманың мазмұнын қорытып тұрады. Мысалы:

«...Алтыбақанға жақындадық. Сөйлеген сөз, ойнаған ойын, қараңдаған адам– бәрі анық көріне бастады. Нақ біздің келуімізді күткендей екі қыз арқанға асылып, ырғалып ән салды.

– Шұға құдашаларың әнді бастады, – деді Маржанбике.

Нақ сол минутта шыққан ән шынында да Шұғадан басқаға лайықты емес еді. Сондағы айтқан өлеңі әлі құлағымда:

.Не мұңдық, бұл дүниеде қыздар мұңлық,

Атадан болып мұңдық неге тудық?

Атадан болып мұңдық болып тумас едік

Бұрынғы ата – баба жолын құдық... » (Б.Майлин.).

Сөйтіп, артқы шептегі ойталқы қорыту, түйіндеу қызметін атқарады,қосымша түсіндіру, бағалау қызметін де атқаруы мүмкін. Кейіпкер және көп үнді ойталқылар созылыңқы сипатта келіп эмоционалды - экспрессивті мәні байкалады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кострова О.А. Семантико-коммуникативная типология текста (на материале сложного предложения). –Куйбышев, 1986. – 80

2. Ханина В.И. Каузальность и комплекс категории обусловленности (критерии для их разграничения) // Семантико-синтаксическая организация предложения: Сб.науч.тр. МГПИИЯ им. М.Тореза. – М., 1985. – С. 64-81.

3. Чернухина И.Я. Элементы организации художественного прозаического текста. – Воронеж, 1984. – 114 с.

4. Қирабаев С. «Абай және қазіргі заман». – А., 1987, 17 б.

5. Шалабай Б. Көркем әдебиет тілін зерттеудің теориясы мен тәжірибесі. – Алматы, 2007.

Жұмабай А. А.
2- курс магистранты,
Ғылыми жетекшісі: п. ғ.д., профессор **Сәтбекова А. А.,**
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

САЯСИ МӘТІНДЕГІ МЕТАФОРАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАР

Тілдік бірлік болып табылатын метафора ойлаудың және әлемді танудың әмбебап құралы. Ғылыми кеңістікте метафоралар поэзия тіліне тән поэтикалық элемент болса, концептуалды ғылымда белгілі бір ұғымға атау беруге қатысатын номинативтік категория болып табылады. Метафоралардың бұл қасиеттері олардың күрделі тілдік құбылыс, логикалық бірлік, когнитивтік категория, лингвофилософиялық элемент екендігін көрсетеді.

Метафоралар әлеуметтік және саяси өмірде де, негізінен, танымдық қызмет атқарады. Саяси метафора – ойлау жемісі, сананың нақты танымы. Саяси метафоралар арқылы белгілі бір қоғам мен оның мүшелерінің тілдік бейнесін, болмысын, дүниетанымын тануға болады. Метафораларға тән мұндай қасиеттерді танымдық тұрғыда зерттеу шетелдерде XX ғасырдың 70 жылдарынан Дж.Лакофф, Эрл МакКормак, Р.Лангакер, Л.Талми, Ж.Фоконь, орыс тіл білімінде А.Н.Баранов, Е.Г.Казакевич, Е.О.Опарин, И.М.Кобозева, В.З.Демьянков, Е.С.Кубрякова, Ю.Г.Панкрац, Л.Г.Лузина, Е.В.Рахилина қазақ тіл білімінде антропоөзектік бағытта зерттеу жүргізіп жүрген Ж.Манкеева, Б.Момынова, Э.Оразалиева, Қ.Жаманбаева, С.Жиренов, С.Қоянбекова, Б.Қасым, И.С.Мұратбаева, Ғ.Қ.Резуанова, Ж.О.Мазибаева, А.Сыбанбаева, Г.Зайсанбаева т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты. Когнитивтік бағытта Г.Гиздатов, Э.Сүлейменова, Б.Хасанов, Қ.Жаманбаева, А.Ислам, С.Жапақов, М.Күштаева, Н.Аитова– зерттеу жүргізіп жүрген ғалымдар[1].

Адам баласы метафора арқылы өз ойын жеткізіп қана қоймайды, метафоралы бейнемен ойлайды, метафора арқылы өз әлемін жасайды. Көркем туындыда ғана емес, саяси метафоралардан да эмоция мен экспрессияның берілу жайын аңғару қиын емес: оларда тілдік тәсілдер еркін пайдаланылады. Бұл мәтіннің функционалдық стилінің заңдылықтарына орай, тілдік нормалар берік сақталуын қамтамасыз етеді, эмоция мен экспрессивтілікті жеткізу мүмкіндігі шектеулі. Дегенмен, шебер саясаткер, талдаушы (аналитик), саяси шолушы тілдік құралдарды ұтымды пайдалана отырып, ой ұстанымдарын (позициясын), қоғамдық-әлеуметтік, саяси өмір шындығын және, ең бастысы, өзінің көңіл-күйін нақты суреттей алады. Демек, саяси метафорада да шынайы көркем образ жасау мүмкіндігі бар. Бұл тұрғыда стилист-ғалым Р.Сыздықова: «көркемдік пен образдылық (бейнелілік) тек көркем әдебиетке ғана тән емес, публицистикадан да, тіпті ғылыми әдебиеттен де табылады», деген [2, 173 б.].

«Метафора (грек. metaphora – ауысу) ағыл. metaphor, фр. metaphore, нем. metapher (мағынаның ауысуы) – сөздер мен сөз орамдарының ұқсастығы, сәйкестігі және т.б. негізінде олардың ауыспалы мағынада пайдалануынан

тұратын троп тәсілі» [3, 220 б.]. Яғни, сыртқы, не ішкі бір ұқсастығына қарап, бір нәрсені екінші нәрсеге балау. Мысалы:

1. *Көп сөз – көмір,*
   Аз сөз – алтын.

2. Арыстан еді Исатай (Махамбет).

Әдебиеттегі метафораның қолданылу сипаты көбіне-көп ойдың бейнелілігі мен оқырман эмоциясына қатысты болатыны белгілі. Екінші бір ерекшелік – әдеби метафоралар көбіне– көп тұрақты. Қазақ әдебиетіндегі 18– 20 ғ.ғ. басындағы әдебиеттердегі метафоралардың көбі тотемдік мән мен символдық белгілерге қатысты.

Саяси метафоралардың әдеби метафоралардан бірнеше ерекшеліктері бар:

– саяси метафоралар сөзді бейнелі де кестелі етуге жұмсала бермейді;

– саяси метафоралардың ауызекі тілдік және жазбаша үлгілері болады;

- жазбаша тілдегі саяси метафоралар қолданысы неғұрлым ойдың нақтылығы мен жүйелілігіне қызмет етсе, ауызекі тілдегі метафоралар аудиторияны ойдың мазмұнынан гөрі айтылу формасына, берілу ыңғайына назар аударуға қызмет етеді;

– саяси метафоралар функционалдық, стильдік, когнитивтік, семантикалық жағынан қарастыруды қажет етеді.

Саяси метафора – қоғамдағы саяси бірліктерге қатысты (саясат, партия, бағдарлама, іс-шараларға) немесе басқа нысандағы жағымды, жағымсыз ой мен пікірді қалыптастыратын тілдік қатынас [4].

Бүгінгі таңда, саяси технологиялардың интенсивті дамуы жүріп жатқан кезеңде, бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі артуда, ал саяси іс-әрекеттердің танымалдығы одан сайын арта түсуде, қоғамның назары саяси лингвистика, саяси коммуникация және саяси дискурсқа ауғандығы байқалуда. Елде орын алған саяси маңызы бар оқиғаларда, БАҚ-да, қоғам қайраткерлерінің тілінде саяси метафоралар көп кездеседі. Мысалы: *Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық.* (Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы) [5]. Ұлттық кодты сақтау дегеніміз – ұлттық болмысымызды нығайтып, оны ұрпақтан-ұрпаққа мұра ету деген сөз. Яғни, біздің салт– дәстүрлерімізді, мәдениетімізді, рухани құндылықтарымызды заманға сай дамытып, жаңа ғасырдың жаңа ұрпағын қалыптастыру.

Бірінші кезең XXI ғасырдағы «мүмкіндіктер көзін» пайдалана отырып, жаңғыру серпілісін жасау қажет болатын 2030 жылға дейінгі кезеңді қамтиды.(Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы) [6]. Сөйлемдегі «мүмкіндіктер көзі» – жаңа метафоралық қолданыс. Қазақ тілінде бұған дейін бұлақ көзі, көкірек көзі, жақсының көзі кейіннен қалыптасқан білім көзі, ғылым көзі метафоралық тіркестеріне енді мүмкіндіктер көзі қосылып отыр.

Метафоралық қолданыс адамның ойлау жүйесін кеңейтеді. Қоғам өзгерген сайын, таным мен түсінік өзгерген сайын жаңа метафоралық қолданыстар пайда болады. Бұлақ көзі, жақсының көзі қазақ тілінде қашан пайда болғаны белгісіз. Ал көкірек көзі – Абай шығармаларынан бастау алады. «Көкірегінде болсын көз» жолдары арқылы ақын жаңа таным мен жаңа адам бейнесін жасады. Жаңа ұғым қалыптасты. Ал бүгінгі жаһандық заман жаңа «мүмкіндіктер көзін» іздестіруде [7].

«Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы.Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды ету. Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы» (Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы) [6].

Бұл – Елбасының 2014 жылғы «Бір мақсат, бір мүдде, бір ел» деп аталатын жолдауының түйіні. Бұндағы барлық ойды жинақтап тұрған – «Мәңгілік ел» атауының – өзі метафора. Кең аудиторияға арналған, кең пафосты, мол тыныстысаяси метафора жан-жақтан құйылған ой түйіндерін бір шешімге жинақтайды. Тек сөз тыңдаушыларын ғана ұйытып, бір мақсатқа жұмылдырып қоймайды. Бүкіл бір елді ортақ мүддеге біріктіреді.

Қорыта келгенде, саяси метафоралардың сипатын анықтай отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады:

– тілдік түсінік, әдеби көркемдеу құралы ретінде метафора дегеніміз ауыстыру, алмастыру мағынасын ашады;

– метафора – сөздер мен сөз орамдарының ұқсастығы, сәйкестігі және т.б. негізінде олардың ауыспалы мағынада пайдалануынан тұратын троп тәсілі;

– ауызекі тілдегі метафоралар аудиторияны ойдың мазмұнынан гөрі айтылу формасына, берілу ыңғайына назар аударуға жұмсалады;

– саяси метафоралар функционалдық, стильдік, когнитивтік, семантикалық жағынан қарастыруды қажет етеді;

– саяси метафора – қоғамдағы саяси бірліктерге қатысты немесе басқа нысандағы жағымды, жағымсыз ой мен пікірді қалыптастыратын тілдік қатынас;

– саяси метафоралар ел өзгерістерінің ішкі қалпы мен сыртқы әсерлерін анықтай отырып, тілдегі жаңа дискурстардың қалыптасуына жағдай жасайды;

– адам баласы метафора арқылы өз ойын жеткізіп қана қоймайды, метафоралы бейнемен ойлайды, метафора арқылы өз әлемін жасайды;

– көркем туындыда ғана емес, саяси метафоралардан да эмоция мен экспрессияның берілу жайын аңғару қиын емес: оларда тілдік тәсілдер еркін пайдаланылады;

– шебер саясаткер, талдаушы, саяси шолушы тілдік құралдарды ұтымды пайдалана отырып, ой ұстанымдарын, қоғамдық-әлеуметтік, саяси өмір шындығын және, ең бастысы, өзінің көңіл– күйін нақты суреттей алады;

– қазіргі тілдегі саяси метафоралар лингвомәдени сипатқа ие бола отырып, елдің саяси– экономикалық жағдайларымен бірге қарастыруды талап етеді;

Қоғамдағы саяси метафоралар арқылы қоғам сипаты ашылатындықтан да, аталған тілдік бірліктердің сипаттары жан-жақты талданады. Қашанда астарлы оймен, әдептен озбаған қазақ қоғамының билік пен саясатқа көзқарасы ұлттық шеңберде өрбуінің өзі де тілдегі саяси метафораларды жасауда өз жолын, өз тәсіл– амалдарын таңдайды.Саяси мәтін – қоғамдағы басты саяси және әлеуметтік, мәдени, рухани түсініктер астарлау (метафоралану) арқылы жүзеге асырылатын ақпараттық– коммуникативтік үрдістің маңызды элементі. Саяси метафоралар – бүгінгі қоғамдағы билік көзқарасын, ұстаным, бағыттарын ашатын тілдік құралдар. Сонысымен де саяси метафоралар әдеби көркем метафораларға қарағанда зерттеуге зәру ғана емес, қажеттілігін анықтап отырған сала.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Бекназаров Б.А. Саяси метафоралардың когнитивтік, дискурстық, әлеуметтік сипаты.,Тараз қ.

2. Сыздықова Р. Бүгінгі көркем проза тілі және әдеби норма (сәйкестік пен алшақтықтар) // Өнер алды – қызыл тіл. Мақалалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 242 б.

3. Сулейменова Э. Актуальные проблемы казахстанской лингвистики – Алматы: Арыс, 2001. – 385 б.

4. Чудинов А. П., Россия в метафорическим зеркале: когнитивное исследование политической метафоры (1991– 2000).– Екатеринбург, 2001.-259 б.

5. Н.Ә. Назарбаев., «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»

6. Назарбаев Н. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Егемен Қазақстан. – 2014. – 18 қаңтар.

7. Қарамбаев Ж.П., Саяси метафоралардың лингвомәдени ерекшеліктері. Гум.ғыл.маг.дис.: Павлодар, 2014.

Ибраймова Л.Е.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

МӘТІН ЛИНГВИСТИКАСЫ – ДЕРБЕС ТІЛ БІЛІМІНІҢ БІР САЛАСЫ

Мәтін лингвистикасының қалыптасу кезеңін ғылымда XX ғасырдың 50-70 жылдарына жатқызады. Алайда мәтінді зерттеу көне заманнан басталатын риторика және филология салаларына тән.

XX ғасырдың 60 жылдарының соңына қарай мәтінге 300 түрлі анықтама берілген. Мұншалықты анықтамалардың әр түрлі болуына бірнеше себеп әсер етті:

- Мәтінді әр түрлі бағытта зерттеді (грамматикалық, прагматикалық, семантикалық, қатысымдық, когнитивтік т.б.).

- Мәтінді зерттеуде тіл ғылымының даму қажеттілігіне орай түрлі міндеттердің болуы. Зерттеудің қай кезеңінде болмасын, мәтіннің өзіне тән сипатын қарастыруда оны басқа бірліктермен салыстыру басым болды.

Зерттеу парадигмалары өзгерген сайын зерттеу пәні де өзгеріп отырды. Мәтін лингвистикасын зерттеудің алғашқы кезеңдерінде үлкен бірліктердің фразадан жоғары бірлік, күрделі синтаксистік тұтастық, абзац т.т. ішіндесөйлем/сөйленімдердің байланысу тізбектерінің ережелері қарастырылды. Мәтін лингвистикасы «мәтін грамматикасы», «мәтін синтаксисі» атауларымен дамыды.

Мәтін лингвистикасының екінші кезеңінде оның қатысымдық-прагматикалық қызметтері зерттеу нысаны болды. Мәтінді қатысымдық біртұтастықта қарастыру сапалы жетістіктерге жеткізді (біртұтастық, байланыстылық).

Үшінші кезеңде мәтіннің туындауы мен қабылдау үдерістері зерттеу жұмыстарына нысан болып және адамзат білімінің менталды қырлары назарға алынды. Қарапайым мәтіннің туындау үдерістері былай болады: Мәтіннің ішкітілдік құрылымы – шындықтың психикалық (менталды) көрінуінің динамикалық үдерістері және білімнің мәтінде қайта өңделуі.

60-70 жылдары мәтінді зерттеу қоры көбейді. Ондай жұмыстар көркем мәтіндер ғана емес, ауызша және ауызекі, монологтық, диалогтық, публицистикалық, іскери т.б. мәтіндердің негізінде жүзеге асты. Осыған байланысты мәтіннің өзіндік белгілері мен бірліктері, түрлерін анықтау қиынға соға бастады.

70 жылдары мәтін тілдік жүйедегі ең жоғары деңгей және сөйлеу қарым-қатынасына тән бірлік ретінде танылды. Мәтінді осылай екі бағытта қарастыру ғылым ретінде лингвистикалық және пәнаралық зерттеу қажеттілігін арттырды.

Мәтінді зерттеудің алғашқы жылдарында мәтін туралы арнайы пәндер пайда болып, олар әр түрлі ұлттардың филологиялық дәстүріне сай мәтін лингвистикасы, мәтін грамматикасы, мәтін стилистикасы, мәтін герменевтикасы,мәтін теориясыдеп әр қалай аталды.

Қазақ тіл білімінде көркем мәтінді стилистикалық тұрғыдан талдаудың негізгі жолдары мен бағыттары Р.Сыздық пен Б.Шалабайдың «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау» атты еңбектерінде жан-жақты зерттелді. Осы еңбекте көркем мәтінді талдаудың жолдары, тілдік талдау мен грамматикалық талдаудың өзгешеліктері туралы айтылады. Ғалымдардың пікірі бойынша көркем шығарманы тілдік талдау мәнерлеп оқудан басталады. Ал тілдік талдаудың негізгі нысаны – шығарманың сөздік құрамы. Яғни сөздің экспрессивтік-эмоционалдық бояуы, сөз оралымдардың мағынасы, интонациясы, автордың сөз қолдану ерекшелігі айқындалады [1, 185]. Ғалым

Б.Шалабай «Көркем әдебиет стилистикасы» еңбегінде автор бейнесін терең талдап береді. Ол «автор бейнесін жазушының дүниетанымдық, әлеуметтік, мінез-құлықтық т.б. ерекшеліктерінен тұратын жеке басының қасиеттерінің жиынтығы деп түсінбейміз», ол «біріншіден, шығарманың субьектісі яғни шығарманың белгілі бір көркем-идеялық көзқарастарымен ұласқан, өзіндік көркемдік әлемін туғызушы субьект; екіншіден, көркем шығарманың ұйымдастырушылық орталығы болып табылатын тілдік құрылым» дейді. Аталған еңбекте автор бейнесі көркем тілдік категория ретінде қарастырылған [1, 48].

Мәтін лингвистикасын зерттеуде қазіргі антропоцентризм, жаңа риторика, лингвопрагматика, лингвомәдениеттану, когнитологияның идеялары мен тұжырымдары қатты әсер етуде. Мәтінді зерттеуде үстем тұрған, функционализмнің екі бұтағы – қатысымдық және когнитивтік бағыттар бар.

Мәтін лингвистикасын зерттеудің XXI ғасырдағы өзгешелігі қоғам мүшелерінің қатысымдық белсенділігі, бұқаралық ақпарат құралдарының күшті әсері, мәдени қатынастардың дамуымен т.т. байланысты.

Қазіргі тіл білімінің назарында тек қана жазба мәтіндер ғана емес, ауызша, жазбаша, баспа, компьютерлік мәтіндердің түр-түрі тұр.

Мәтін өзінің жанрына қарай әр түрлі болатындығы жаңалық емес. Мысалы, роман, эссе, құжаттар, тұрмыстық ауызекі тіл мәтіндері, іскери тіл мәтіндері, саяси мәтіндер т. т. Осылардың бәрінің өзіндік мазмұндық желісі ғана емес, құрылымдық өзгешеліктері бар.

Мәтін – бірнеше мағыналы бөлшектерден, олардың байланысынан жасалып, белгілі бір мағыналық және құрылымдық тұтастыққа ие болатын сөйлесім бірлігі. Ол өз ішінде мынадай семантикалық-синтаксистік бірліктерге бөлінеді: Сөйлем – Фразадан жоғары деңгей – Үзінді – Тарау – Бөлім. Оның ең кішкене бөлшегі – бір сөйлем болса, ең жоғары бөлшегі – көптеген сөйлемдердің жиынтығы [2, 102]. Мәтін бүтіндей қатысымдық бірлік ретіндегі жалпы тұжырыммен немесе түпкі оймен (қатысымдық ниетпен) біртұтас тұйықталған, семантикалық-мазмұндық бағынысты құрылымға функционалды біріккен қатысымдық элементтердің жүйесі [3].

Профессор Б.Шалабай мәтіннің құрылымын стилистикалық талдау арқылы анықтап, сол арқылы шығарманың негізгі ойын, басты идеясын толық әрі терең түсінуге мүмкіндік туатындығын айтады [4,82]. Мәтіннің негізгі категорияларына мазмұн мен пішім жатқызылып, олардың да өз ұғым-категорияларын төмендегідей анықтайды:

Мазмұнның ұғымдары:

- мазмұнның өзі;
- тақырып.

Пішімнің ұғымдары:

- композиция;
- тіл.

Ғалымның өз сөзін алсақ, «тақырып пен мазмұнның қарым-қатынасынан идея, тақырып пен композицияның қарым-қатынасынан сюжет пайда болса,

композиция мен тілдің қарым-қатынасынан тәсіл пайда болады. Осылардың барлығының қарым-қатынасы мәтін құрылымын жасайды»[4, 82].

Мәтіннің бірліктерін әртүрлі атайды – фразадан жоғары бірлік, күрделі синтакистік тұтастық, шығарма үзіндісі т.б. Мәтін ретінде біртұтас сөйлесім туындысының бөліктері – бөлім, параграф, абзац та қарастырылады. Мәтін өте күрделі тілдік құрылым. Сөйленім, фразадан жоғары бірлік, период, блок, мәтін – қатысымдық белгіге ие, сол себепті «қатысымдық бірліктерге» грамматикалық бірліктердің қатарынан сөйлемнен төмені алынбайтыны сөзсіз. Себебі әрбір қатысымдық қажеттілікті толыққанды жүзеге асыру қабілетіне тілдің кез келген бірлігі ие бола алмайды, ондай мәртебеге тек сөз-сөйленімнен жоғары бірліктер ғана жатуы мүмкін.Мәтіннің құрылымында тілдік бірліктер өз болмысын көрсете алады.

Л.А.Черняховская мәтіндегі мағыналық бірліктердің жиынтығын екіге бөледі: күрделенген мағыналық бірліктер және қарапайым мағыналық бірліктер. Соның ішіндегі күрделенген мағыналық бірлігі бар мәтіннің үзіндісін сөйленім деп атайды [5, 117]. Қаншалықты оның мәтінде бөлінуінің шамасы таза мағыналық болса да, сөйленім жеке синтаксистік формаға ие болмайды. Ол өзін жай сөйлем, салалас, сабақтас сөйлем, фразадан жоғары бірлік болып көрсете алады, сөйлемнің бір бөлігі де (бағыныңқы) бола алады.

Қарапайым мағыналық бірліктер (ҚМБ) мен күрделенген мағыналық бірліктер (КМБ) бір-біріне қосылып, шындықты бейнелеудің үлкен сегменттерін тудырады. Олар ақырына келгенде бүкіл мәтінді құрайтын – гипертема мен гиперрема деп аталатын екі мағыналық құрамға айналады. Екі құрамның да мәтін үзіндісінің бүкіл желісінде болуы міндетті емес (керісінше мәтінді екіге бөліп, бірі – гипертеманы, екіншісі – гиперреманы құруы сирек болуы мүмкін). Екеуі де біртұтас желіні құрамаса да, логикалық байланыспен біріккен бірнеше мәтін үзінділерінен болуы мүмкін. Бұл байланыс тіл бірліктері арқылы беріліп немесе жай ғана осы үзінділерде болатын ҚМБ-дің мазмұнынан шығуы мүмкін.

А.А.Мецлер мәтінге деген негізгі екі көзқарасты ажыратады. Мәтін – бұл ішкі құрылымдық ұйымдасу заңдылықтарына ие, ең аз дегенде, екі сөйлемнің бірізділігі. Бұл көзқарасты кейде *пропозиционалдық немесе грамматикалық* деп атайды; мәтін ретінде оның ішкі құрылымының ерекшеліктеріне қатыссыз кез келген қатысымдық ұйымдастыру бола алатын – *қатысымдық немесе функционалды көзқарас.*

Пропозиционалды көзқарас сөйлемді мәтіннен шектеуге келіспейді. Себебі сөйлемнен мәтінге өту үшін қызмет ететін гиперсинтаксистік сипаттағы синтактико-семантикалық қатынас сөйлемдердің арасында ғана емес, күрделі сөйлемдердің арасында болатындығы белгілі болды.

Пропозиционалды көзқарас бойынша мәтін уақыттық шамамен анықталынбайтын құбылыс ретінде болған кезде, қатысымдықта ол сөйлесім әрекеттерінің бірізділігі ретінде талданады [6, 12]. Ғалым Б.Шалабай мәтінде белгілі ақпараттың басы мен аяғының жүйелі берілуі, яғни қолданылған тілдік құралдар тақырыппен бірізділікте болуы тиіс деп санайды [7, 17].

Синтаксистік бірліктер санада грамматикалық ережелер бойынша өз алдына құрала бермейді. Ол көз алдымызға жағдаятты қалай елестеткендей біртұтас қалыпта болады. Осы тұрғыдан алғанда сөйленім мәтінмен байланыстырылады.

Н.И.Жинкиннің«адам жеке ойластырылған сөйлемдермен емес, бүтін мәтінмен сөйлейді» – деген тұжырымы дұрыс пікір [8, 108-110]. Ол мәтінді тұтас ойдың көрінісі ретінде алып отыр. Мұнда жеке сөйленімдер сол тұтас ойды жарыққа шығарушылар ғана болып тұр. Мәтін мен сөйленімнің осындай ішкі байланысын автор жақсы көрсете алған. Жағдаятқа байланысты сөйлеуші жекелеген сөз-сөйленімдермен де, сөйленімдермен де, мәтінмен де қарым-қатынасқа түседі. Ал ішкі мәтін мәселесіне келгенде, онда санада сақталған дайын тілдік құрылымдар негізге алынады. Дайын тілдік құрылымдарға сөзді, сөйленімді, мәтінді жатқызамыз. Сөйлеуші қарым-қатынаста кез келгенін қажетінше іске асырады. Мысалы, кішкентай бала жастайынан естіп өскен ертегіні кез келген уақытта бұлжытпай айтып бере алады. Сол сияқты үлкен адамның да аңыз-әңгімені, жырларды өзгеріссіз айтып бере алатын қабілеті бары белгілі.

Сөйленімнің жағдаятқа қатыстылығы оның жұмсалымдағы мақсатын анықтайтын болса, мәтіннің жағдаятқа қатыстылығы осы жекелеген сөйленімдердің жағдаятқа қатысты мазмұнының біртұтасталуымен анықталады. Мәтіннің қандай түрі болмасын, көлеміне қатыссыз мағыналық-тақырыптық ұйымдасуында әрбір ой қатысымның мақсат-мүддесі белгілі бір аяқталғандыққа ие болады. Тілімізде мәтіннің мына сияқты түрлері бар:ғылыми мәтін, көркем мәтін, газет мәтіні, диалогтық мәтін т.б. Осы сияқты көлемді мәтіндер мидың оң жақ жарты шарында ұзақ мерзімді немесе өте ұзақ мерзімді жадысында сақталуы мүмкін. Ал сөйленімдер тікелей ауызекі сөйлесімде актуалданып отыратындықтан оның синтаксистік құрылуы сол жақ жартышарда жүзеге асып отырады.

Мәтінді көркем шығарма үзіндісі т.б. деп түсіну оның нақтылы мәнін шектеп қалады. Шындығында, оны белгілі бір тақырыптағы жадыда бар ақпараттардың жиынтығы деп дүсінген дұрыс болар. Ондай болғанда оның көлемі де, стилі де, аяқталғандығы мен біртұтастығы да бірқалыпты болмайды. Мәтін өзінің микро және макросемантикасы мен макроқұрылымына ие. Мәтін семантикасы оның бүкіл өн бойына ақпараттардың таралуы қатысымдық талаптың нәтижесінде қалыптасады. Мәтіннің құрылымдық архитектоникасы мәтін бірліктерінің ішкі ұйымдасуы ерекшеліктерімен және бүкіл сөйлесім массиві ауқымында осы бірліктердің күрделі өзара байланыстары заңдылықтарымен анықталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. –Алматы: Ғылым, 1999. – 352 б.

2. Шалабай Б., Бектұрғанова Ж. Мәтін және оның семантикалық-синтаксистік бірліктері // Қазақ тілі тарихы мәселелері: ғылыми жинақ. - Алматы, 2004. – 175 б.

3. Москальская О.И. Грамматика текста. – М.,1981. – 320 с.

4. Шалабай Б. Мәтінді зерттеудің ғылыми негіздері // Қазақ тілі мен әдебиеті. № 10 2007.

5. Черняховская Л.А. Смысловая структура текста и ее единицы // Вопросы языкознания. 1983. – № 6.

6. МецлерА.А. Структурные связи в тексте. – Кишинев: Штиница, 1987. –141 с.

7. Шалабай Б. Мәтін прагматикасы туралы // ҚазҰҰ хабаршысы. Филология сериясы. Алматы, 2002. – № 9 (60).

8. ЖинкинН.И. Речь как проводник информации. – М.: Наука, 1982. –160

Искакова Ш.К.
филология ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

ГОВОРЛАРДАҒЫ СЫҢАРЛАРЫ КОМПЛЕТИВТІК ҚАТЫНАСТАҒЫ КҮРДЕЛІ СӨЗДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ҮЛГІЛЕРІ

Қазақ говорларында сыңарлары бір-біріне бағынышты сабақтас қатынастағы күрделі сөздер кең тараған. Мұндай қатынастағы күрделі сөздердің сыңарлары бірыңғай сипатта емес. Мәселен, күрделі *кеусандық* (Шалқ.) *«үлкен сандық»* сөзінің сыңарлары атрибутивтік қатынаста, себебі, бірінші сыңары *кеу* екінші *сандық* сыңарының қандай екенін анықтап тұр,*ешкіемер* (Қарақ.) *«кесірткенің бір түрі»* сөзінің екінші сыңары бірінші сыңардың объектісі болып тұр. Түркітануда күрделі сөз сыңарларының мұндай бір-біріне бағынышты сипаты атрибутивтік қатынас түрінде танылады [1, 112]. Ал *орам болу* (Қарм.) *«бағыну»* деген құрамды етістікті алсақ, оның құрамы зат есім *орам* сөзі мен көмекші етістік қызметіндегі дербес мағыналы *болу* сөзінің тіркесуінен жасалып тұр. Мұндай құрамды күрделі сөздердің өзара байланысы толықтауыштық, пысықтауыштық қатынасты білдіреді де, комплетивтік қатынастағы күрделі сөздер деп жіктеліп жүр [2, 20-21].

Қазақ тіліндегі күрделі сөздер жайындағы еңбектерде сабақтастық қатынастағы күрделі сөздерді атрибутивтік, комплетивтік түрде жіктеуді кездестіре алмадық. Бұл терминдер жалпы тіл білімінде синтаксистік байланыс түрлеріне байланысты қалыптасқан қолданыстағы терминдер. Атрибутивті байланыс – зат, процесс мағынасындағы сөз бен оның әртүрлі белгілерін (сапасын) көрсететін сөздің тікелей бірігуін, тіркесуін білдіретін неғұрлым тығыз синтаксистік байланыс түрі. Комплетивті байланыс – сөйлемде толықтауыш пен пысықтауыштың дербес синтаксистік бірліктер ретінде

қызмет етуін білдіретін синтаксистік байланыстың неғұрлым еркін түрі [3, 398]. Оның үстіне бұл терминдер сабақтастық қатынас түрлерін талауда қолайлы көрінді.

Мақаламызда говорлардағы сабақтастық қатынастағы күрделі сөздердің бір түрі – сыңарлары комплетивтік қатынастағы күрделі сөздерге тоқталмақпыз.

Говорлардағы комплетивтік күрделі сөздерге негізінен сыңарлары толықтауыштық, пысықтауыштық қатынасты білдіретін күрделі етістіктер және күрделі етістіктер тобына жатқызылып жүрген есім сөздер мен етістіктерден (көмекші етістік қызметіндегі) жасалған құранды етістіктер жатады.

Говорлардағы күрделі етістіктердің жасалуы

Сөзжасамдық құбылыс ретінде күрделі сөздердің жасалуындағы жалпы заңдылық күрделі етістіктерге де тән. Күрделі сөздерге ортақ заңдылықтар негізінде күрделі етістіктердің өзіндік белгілері, нақты жасалу үлгілері қалыптасқан. «Қазақ грамматикасында» күрделі етістіктердің мынадай өзіндік белгілері атап көрсетіледі:

1) Күрделі етістік біртұтас лексикалық мағынаға ие. Күрделі етістік білдіретін күрделі қимыл ұғымы оның құрамындағы сыңарларының жеке мағыналарына тең емес, солардың мағыналық қосындысынан туады.

2) Күрделі етістіктер тек мағыналы етістіктерден жасалады, құрамындағы сыңарлары мағына жағынан тең болады.

3) Күрделі етістік күрделі бір қимыл ретінде танылуы керек.

4) Күрделі етістіктер сөйлемнің бір мүшесінің қызметін атқарады.

5) Күрделі етістік сыңарларының арасына басқа сөз кіре алмайды.

6) Күрделі етістіктің құрамы тұрақты, қашанда бір құрамда қолданылады, себебі сыңардың орнын ауыстыруға болмайды.

7) Күрделі етістік бір-ақ екпінге ие болады [4, 394-397].

Күрделі етістіктің осындай белгілерін татар тілі деректері негізінде Ф.А.Ганиев те көрсетеді. Ол тек да – та (де – те) демеулік шылауы күшейту мәнінде, гына– гена (кына – кена) демеулігі шек қою мәнінде күрделі етістік арасында қолданылуы мүмкіндігін айтады: Наташа сахнәге менеп та житте (Наташа сахнаға мініп те жетті». Китапны укып кына чыктым «Кітапты оқып қана шықтым» [2, 99-101].

Ф.А.Ганиевтің пікірінше, бұл айтылған белгілердің бірде-бірін абсолюттік (даусыз, сөзсіз) деуге болмайды, тілдік деректер көрсеткендей, олардың бәрінің жиынтығы ғана күрделі етістікті, яғни лексикалық бірлікті жасап алады. Ф.А.Ганиев күрделі етістіктің ерекшелігін көрсету үшін, еркін тіркесті етістіктердің төмендегідей белгілерін атап өтеді: 1) еркін тіркесті етістіктердің құрамы дербес лексикалық бірліктерден тұрады да, сөйлемде дербес синтаксистік қызмет атқарады, 2) еркін тіркесті етістіктердің сыңарлары арасына дербес мағыналы үшінші сөз енуі мүмкін, 3) еркін тіркесті етістіктің алғашқы сыңары сөйлемде түсіп қалуы мүмкін, одан сөйлемнің тұтастығы бұзылмайды, себебі еркін тіркестің сыңарлары арасында өзара шарттық, өзара сіңісу жоқ [2, 101].

Қазақ тіліндегі күрделі етістікті жасауға тірек болатын отыз шақты, солардың ішінде өнімді жиырма шақты етістік анықталған. Олар: кет, кел, ал, бер, әкет, әкел, қайт, шық, таста, жібер, өт, қой, қал, көр, кір, жөнел, қара, біт, түс т.б. [4, 398]. Қазақ тіліндегі күрделі етістік жасаудың негізгі үлгісі (типі) – «көсемшелі етістік + етістік» (көмекші етістік қызметінде): алып кел, барып кел, көріп кел, алып шық, барып шық, тартып ал, жарып таста, айтып бер, айта бар, ала бар т.б. Осы үлгі бойынша туған күрделі етістіктер жалпыхалықтық тілге де, говорларға да ортақ. Және бұлар күрделі етістіктердің басым көпшілігін құрайды. Біз мақаламызда бұл сияқты белгілі күрделі етістіктерге тоқтамаймыз. Күрделі етістіктерге байланысты зерттейтін нысанымыз – говорлардағы тұрақты түрде қалыптасқан, жасалуында, мағынасында, қолданылуында ерекшелігі бар күрделі етістік тұлғалар. Бірақ бұлардың қай-қайсысын болсын жаппай, жиі айтылатын өнімді тіл бірліктері деуге болмайды. Олар жекелеген аудандарда қолданылады.

«Көсемше+етістік жүру» үлгісінен күрделі етістік жасалған: ерісіп жүру «еріп жүру». Олар бізге ерісіп жүрді (Қарм.), қасынысып жүру «тату жүру». Біз айтыс -тартысты қойып, қасынысып жүрейік (Шұб.). Бұл мысалдарда негізгі етістік –ыс/ – іс жұрнағын қабылдап, сырттай ортақ етіс тұлғасында көрінеді, бірақ онда ортақ етіс мағынасы жоқ, тек көсемшенің –ып/– іп жұрнағын қабылдаған түбір етістік қимылдың мөлшерін білдіріп тұр.

«Көсемше+етістік жіберу» үлгісімен күрделі етістік жасалған: күсіп жіберу «құйып (салып) жіберу». ұнды ауызға күсіп жібергені қалай? (Больш.), жымпитып жіберу «ұрлап қою». Әлгі адам егеуімді жымпитып жіберді-ау (Моңғ.). Бұл мысалдарда күсіп, жымпитып сөздері ауыс мағынада қолданылып, қимылдың кенет, шапшаң болғанын білдіреді.

«Көсемше+етістік қалу» үлгісімен жасалған күрделі етістіктер: сыймай қалу «жетпей қалу». Олардың біреуіне таңба сыймай қалыпты (Қош.), ауалап қалу «күңсіп қалу». Күн ұзаққа қой соңында жүріп, ауалап қалдым (Маң.). Бұл мысалдарда сыймай, ауалап сөздері ауыс мағынада қолданылып, олар қатысқан күрделі етістіктер қимылдың нәтижесін, аяқталғанын білдіреді.

«Көсемше (– іп) + етістік келу» үлгісімен жасалған күрделі етістіктер: айылдап келу «қыдырып, ауылшылап келу» (Қош.), тіркестің бірінші сыңары жергілікті халық тіліне алтай тілінен енген, алтай тілінде айыл, моңғол тілінде айл «ауыл», тіркес қимылдың нәтижесін білдіреді. «Көсемше (– а) + етістік келу» үлгісімен: жинала келді «жиналды».

«Көсемше + етістік болмау» үлгісімен жасалған күрделі етістіктер: күліп болмау «күлкісін тыя алмау». Ол әңгімені естігенде, сен күліп болмайсың (Шұб.) .

«Көсемше + етістік қою» үлгісімен жасалған күрделі етістіктер: үйтіп қою «талан– таражға салу». Басы кірсе болды, үйдің мүлкін үйтіп қояды (Түрікм.), келіп қою «келу, келіп қалу». Олар күтпеген кезде келіп қойды (Қош.). Бұл мысалдар бір мәрте қимылдың кенеттен іске асуын білдіреді.

«Көсемше + етістік тұру» үлгісімен жасалған күрделі етістіктер: тоқталып тұру «әзір, дайын тұру». Қазір мәшине келеді, балам, тоқталып тұр

(Жал.), болып тұру «болды». 1993 жыл болып тұр. Қызылтас аудан болып тұр (Аяг.). Бұл мысалдарда күрделі етістіктер заттың қалыпты, үйреншікті жайын білдіріп тұр.

«Көсемше + етістік білмеу» үлгісімен жасалған күрделі етістіктер: оқып білмеу «оқи алмау». 5 класты оқысаң да, кітапты дұрыстап оқып білмейсің (Түрікм.) Мысал қимылдың болымсыз нәтижесін білдіреді.

Говорлардағы құранды етістіктердің жасалуы

Түркітануда құранды етістік терминін күрделі етістік терминімен байланыстырып қолдану жиі кездеседі. Күрделі етістік дегенге құрамы екі етістіктен тұратын тіркестермен бірге «есім + көмекші етістіктен » тұратын тіркестердің бәрі де жатқызылып келеді. Бірақ «Қазақ грамматикасында» күрделі етістіктің, әсіресе құранды етістіктердің сөзжасам тұрғысынан зерттелуіне байланысты әлі де болса анықтайтын мәселелері бары көрсетілген. Шешуді қажет ететін мәселелердің бірі құранды етістіктердің бірде күрделі етістік, бірде тұрақты сөз тіркестері құрамында жүргеніне байланысты [4, 400]. Тұрақты сөз тіркестерінің құранды етістіктерге ұқсас келетін түрлері негізінен фразалық тіркестер (*аузы бармады, , жолы болды, жолы түсті , жол тапты , қанына тартты т.б*.) болса , олардың қалыптасуының өзіндік белгілері бар. Оның ең бастысы – фразалық тіркестердің бейнелік сипатта болуы. Мысалы, *қолға алдым* тіркесі «кірістім , бастадым » мәнінде тұрақты тіркес, ал *кітапты қолға алдым* дегенде құранды етістік екені байқалады. Сол сияқты құранды етістіктерді күрделі етістіктерге жақындататын белгілер бар: құранды етістік күрделі етістіктер сияқты дербес мағыналы нақты сөздерден (есім сөз + етістік) тұрады. Құранды етістік құрамындағы етістік көмекші етістік қызметінде есім сөзге тіркесіп есімнен етістік жасайтын морфеманың қызметін атқарады. Мысалы , *көмек ет – көмектес, табыс ет – тапсыр* [4, 260].

Күрделі құранды етістіктердің жасалуында алғашқы тірек сыңары ретінде негізінен зат есімдер мен сын есімдер, ал екінші сыңары ретінде көмекші етістіктер қызмет етеді. Есім сөздермен тіркесуде өнімділік танытатын көмекші етістіктер: болу, қылу, алу, ету, салу, шығу, жасау, ашу , жүру , түсу, келу, кету т.б. Ф.А. Ганиев бұларды күрделі құранды етістіктерді жасауда көмекшілік қызмет атқаратынын ескеріп , оларды функционалды көмекші етістіктер деп атайды [2, 88].

Говорларда құранды күрделі етістік төмендегідей үлгілермен жасалған:

«Зат есім + етістік болу» үлгісімен алғашқы сыңарға қатысты әрекеттің аяқталуын білдіретін өнімді құранды етістіктер жасалады: *парт болу* (Арыс) «ісіп– кеуіп кету, *тата болу* (Жанг.) « басы қату», т.б.

«Зат есім + етістік қылу » үлгісімен алғашқы сыңарға байланысты іс–қимылдың орындалуын білдіретін өнімді құранды етістіктер жасалады: *мәтел қылу* (Маң.) « кесел жасау, кедергі келтіру », *жауыт қылу* **(**Қ. ту) « айтып қою, айту». *Қанжығалы Райымбек Нұралы мен Баймағамбеттің сөйлескенін Сақұлаққа жауыт қылыпты* (Қ. ту) т.б.

«Зат есім + етістік алу » үлгісімен бірінші сыңарға қатысты іс– қимыл, процестің іске асуын білдіретін өнімді құранды етістіктер жасалады: *күн алу* (Қош.) «демалысқа шығу, *наршаны алу* (Аман.) «мазалау, мазасын алу» т.б.

«Зат есім+ етістік салу» үлгісімен алғашқы сыңарға қатысты әрекеттің жасалуын білдіретін құранды етістіктер жасалады: *сәуір салу* (Маң.) «түнделетіп жүру», түн қату; *зиян салу* (Арал) «зиян келтіру», *үн салу* (Абай) «дауыстау». *Суық хабарды естігенде , атай үн салып жылады* (Абай) т.б.

«Зат есім + етістік жасау » үлгісімен бірінші сыңарға қатысты әрекетті аяқтауды білдіретін құранды етістіктер жасалады: *жұмыс жасау* (Ақт.,Орал, Түрікм.) «жұмыс істеу , қызмет істеу», *машурат жасау* (Аман.) «ұйғару».

«Зат есім + етістік қою » үлгісімен бірінші сыңарға қатысты әрекеттің орындалуын білдіретін құранды етістіктер жасалады: *бәс қою* «салып қалу». *Мына ауру аяғыңа бәс қоямын да ойбайлатамын* (Ойыл) , *шөл қою* (Түрікм.) «суармау», *жала қою* (Больш.) «жала салу».

«Зат есім + етістік түсу » үлгісімен алдыңғы сыңарға қатысты әрекеттің іске асуын білдіретін құранды етістіктер жасалады: *мойына түсу* (Маң.) «мойындату», *тойға түсу* (Түрікм.) «тойға бару», т.б.

«Зат есім + етістік қалу » үлгісімен бірінші сыңарға қатысты қимыл-әрекеттің іске асуын білдіретін күрделі етістіктер жасалады: *көзінде қалу* (Арал) «көзге түсу», *әнтенде қалу* (Көкп.) «құр қалу».

«Зат есім + етістік шығу » үлгісімен алғашқы сыңарға қатысты әрекеттің іске асуын, орындалуын білдіретін құранды етістіктер жасалады: *үдесінен шығу* (Арыс) «аяқтап бітіру, орындау», *чықарға чығу* (Ақс., Көкп.) «тысқа шығу» т.б.

«Зат есім + етістік ашу » үлгісімен алғашқы сыңарға қатысты іс-қимылдың орындалуын білдіретін құранды етістіктер жасалады: *көзалақ ашу* (Көкп.) «көзі алақтау», *үстін ашу* (Түрікм.) «әшкерелеу, бетін ашу», *күлмәнін ашу* (Торғ.) «сырын ашу т.б.

«Зат есім + етістік келу /келмеу » үлгісімен бірінші сыңарға қатысты әрекеттің орындалуын білдіретін құранды етістіктер жасалады: *сасы келмеу* (Қарм.) «шамасы келмеу», *асқардан келу* (Об.) «күтпеген жерден келу», *түйдек келу* (Еңб.) «топтанып келу».

«Сын есім + етістік болу » үлгісімен бірінші сыңарға қатысты сын–сипатты білдіретін құранды етістік жасалады: *айық болу* (Қош.) «ашылу , ашық болу», *сипыл болу* (Қош.) «түк қалмау, жоқ болу».

«үстеу + көмекші етістік» үлгісімен жасалған құранды етістіктер кездеседі: *селкеу қарау* (Абай) «немқұрайды қарау», *мұқым болу* (ЫІрғ.) «мұқият болу», *пақас отыру* (Жанг.) «берік , орнықты отыру»**,** *салқа жорту* (Маң) «бірқалыпты бүлкілдеп жүру», *аяқ үстінде жүру* (Чап.) «бос жүру», (Маң.) «кепілде болу», *тақа біту* (Абай) «түк қалмау» т.б.

Еліктеу , одағай сөздер мен көмекші етістіктердің тіркесуінен бірен– саран құранды етістік жасалады*: сәлп ету* (Арал) «жалп ету», *тәйт демеу* (Арал) «үндемеу , үн шығармау».

Қорыта келгенде, мақаламызда говорлардағы сыңарлары комплективтік қатынастағы объективтік, пысықтауыштық, байланысты білдіретін күрделі етістіктер мен олардың тобына жататын құранды етістіктердің өзіндік сипаты, бір– бірінен айырма-ерекшеліктері көрсетілді. Олардың қай-қайсысы болсын дербес мағыналы сөздерден жасалып, күрделі қимыл атауын білдіретіні, сөйлемде бір мүшенің қызметін атқаратыны сияқты ортақ белгілері талданды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Нұрмағамбетов Ә. Қос сөздердің құпиясы.–Алматы:Жалын ,1991.– 95 б.

2. Ганиев Ф.А. Образование сложных слов в татарском языке. –Москва: Наука , 1982,– 150 с.

3 Ряшенцев К.Л. Сложные слова и их компоненты в современном русском языке: Учеб. пособие. – Орджоникидзе, 1976. – 285 с

4. Қазақ грамматикасы. –Астана, 2002.– 783 б.

5. Аманжолов С. Қазақ тілі диалектологиясы мен мәселелері (орысшадан аударған Ғ. Қалиев). –Алматы: Сөздік , 2004. –535 б.

6. ҚТДС– Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. –Алматы: Ғылым, 1969. – 426 б.; 1 кітап , –Алматы: Ғылым, 1996.– 196 б.,2 кітап , –Алматы: Ғылым , 1999.– 237 б.

7. ҚТАС– Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. –Алматы: Арыс, 2005.– 821 б.

Қанапина Б.Т.
педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы;
Искакова Ш.К.
магистр, аға оқытушы,
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты;
Раисова Ж.Ж.
«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі
ММ– нің №1 мектеп-лицейі» мұғалімі

АҚЫН Т.АЙБЕРГЕНОВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМДЫ БІЛДІРЕТІН СӨЗДЕРДІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

Адамзатты тілінен тыс сипаттау мүмкін емес. Тілдің мәні мен өзіндік ерекшеліктері адам және оның әлемге құралы ретінде қызмет етеді. Адам баласы тілді меңгермей тұрып, өз деңгейінде ғаламмен танысады, сезім мүшелері арқылы болмыстағы құбылыстардың сырын түсінеді, ғалам туралы ақпараттарды санасына жинақтайды, құбылыстардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды, ойша таразылайды. Уақыт өткен сайын алдыңғы мәліметтер жаңа ақпараттар жүйесімен толығып, санада ғаламдық бейненің қалыптасуына түрткі болады.

Адам дүниетанымының басты элементі – ғалам бейнесі. Онда адамның дүниені тануының негізгі көріністері жинақталған. «Ғаламның тілдік бейнесі» күрделі ұғымдық құрылым болғандықтан, оның болмысына әр зерттеуші өзіндік баға береді. Бұл жерде «Дүниенің суреті» адам санасында эволюциялық жолмен дамып, шыңдалып келе жатқан тілдік категория екенін ескереміз. «Ғаламның тілдік бейнесінің» шығу тарихы ежелгі философтар еңбектерінен бастау алады. Тіл және ойлаудың өзара қатынасы қарастырылған кезде сөздер, олардың мағыналары адам тілінде бөлек түсінік, өзіндік танымдық әлем құрайды. Дерексіз, деректі ұғымдар бірлесіп келіп, индивид тіліндегі қоршаған ортаға, өз ұлтына деген көзқарасын білдіреді. Сигналдық жүйе адамға әсер еткенде қоршаған ортаның, оның заттары және құбылыстарының ең елеулі белгілері сақталып, дерексізденіп мағына құрылымының ерекше бөлігіне айналып бекиді. Мағыналар ірілі-ұсақты жүйекшелерден тұратын өзіндік қойма іспетті әлем түзеді, бұның шығар бастауы – қоршаған әлем. Бұл ой турасында тілші А. Ислам: «Адам қоршаған ортаны ойлау арқылы танып біледі және ол адам санасында көрініс табады. Адамның шындықты танып білуі, ой арқылы жүзеге асса, тіл – ойдың бейнелеу қызметінің нәтижесін бекітудің құралы ретінде қызмет етеді. Бұл – жалпыға ортақ таным, өйткені табиғаты жағынан адамзат бірдей болса, таным қызметі де, оның механизмдері де ортақ құбылыс екені де мәлім. Қандай да тіл өзіндік тілдік құрылымы және тілдік үлгілері жағынан әртүрлі болғанымен, тілдік болмысты түсінуге келген ортақ танымдық дүниелерден тұрады», деп көрсеткен [1,13].

Әлемдік өркениет кеңістігіндегі жаһандану үрдісіне сай тіл біліміндегі зерттеулер бағытының кешенді де интеграциялық сипаты тіл мен мәдениет сабақтастығының мәнін кешенді түрде анықтап отыр. Оның нақты көрінісін – «ғаламның тілдік бейнесінен» танимыз. Әр тілдегі ғалам бейнесі адамның әлемге көзқарасымен байланыста қалыптасса, екіншіден, мәдениеті орныққан әр тілдегі әлем моделіне қоғамдағы ұлттық «әлем бейнесі» жалғасады деуге болады.

Кез келген ұлт өзінің әлемге деген көзқарасын, дүниетанымын, өзіндік «әлем бейнесін» тілдің қызметі арқылы қалыптастырып, өз әлемін өмір сүру дағдысы, дүниетанымы, мінез-құлқына сай өз ерекшелігімен «әлем картинасын» өзгеше қалыптастырады. Осы ретте қазақтың кең даласы – мәдениет пен тіл бірлігі, әдет-ғұрып, салт-сана тұтастығының негізі десек, соның бір белесі – қазақтың көшпелі мәдениетінен көрінеді.

Тіл – ойды жеткізудің негізгі құралы болуымен қатар, рухани құндылықтарды танып білудің, ұлт мәдениетінің ажырамас бөлігі. «Ұлттық өзіндік сана басқалардан бөлектенетін, өз өмірі көріністерінің бейнеленуі; өзіндік сала этнонимі (өз атауы) діл, ұлттық мінез-құлық, дүниетанымдық т.б. рухани жүйелер тарихы, халықтың білім бастаулары т.б. тығыз байланысты болып келеді [2, 91].

Әдетте ұлт – тіл – мәдениет ұғымдары ажырамас бірлікте қарастырылады. Себебі ұлтсыз тіл – тілсіз ұлт болмайды. Негізінен алғанда ұлт – ортақ төл мәдениетті қалыптастыратын әлеуметтік бірлестік деп анықталса,

ұлттық тіл – халықтың ауызекі және жазба түрде ұлттық қарым-қатынас құралы қызметін атқаратын әлеуметтік тарихи категория [3,22]. Олай болса, тіліміздегі сөздер мен қолданыстағы ұғымдардың экспрессивтік– стилистикалық сипаты бүкіл ұлттық дүниетанымның ауқымды көрсеткіші бола алады. Себебі тіліміздегі көптеген сөздер белгілі бір стильдік қабатты құрайды. Бұл тұжырымды белгілі ғалым І.Кеңесбаевтың «Стиль өлгенді тірілтіп, өшкенді жандыратын дүние десе де болады» деген пікірі нақтылай түседі [4,73].

Экспрессивті стилистика тұрғысынан қазақ халқының ұлттық-мәдени ерекшеліктерін танытудың мәні мен маңызы зор. Таным теориясында оның негізгі құраушы элементі – танымдық факторды жан-жақты игерту мәселесі көзделген. Ұлттық рухани мәдениеттің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрінің әлемдік өркениеттер диалогында танылуы тілге тікелей қатысты. Қазақ халқының төл мәдениетінің қай түрін алсақ та, оның мазмұны тіл, сөз арқылы ұрпақтан-ұрпаққа тарап, жеткізіліп, экспрессивтілік қызметі айқындалады.

Елтанымдық зерттеудің басты мақсаты – мәдени ұлттық-танымдық сипаттағы ерекшеліктерді тарихпен, әлеуметтік, мәдени сабақтастық негізінде тек тілі арқылы таныту болады.

Тілдік экспрессия жасауда діл, менталитет ұғымы белгілі бір ұлттың бойында ғасырлар бойы қалыптасып, әлемді қабылдауын көрсететін ұлттық дүниетанымдылық құндылықтарының жүйесі.

«Діл – мәдени бірегейленумен және тұлғаның өзін-өзі белгілі бір мәдени ортада сезіну деңгейімен байланысты. Діл әртүрлі адамдардың дүниедегі заттар мен құбылыстардың біркелкі таңбалар мен рәміздер арқылы бейнелей алу қабілетімен ерекшеленді [5,321]. Аталған құндылықтар қатарында әр ұлттың өзіне тән қастерлейтін ұғымдары болады, олар ортақ табиғи ортада қалыптасу негізінде мәдени-ұлттық танымдармен тікелей байланыста қарастырылып тіл арқылы көрініс тауып отырады.

Қазақ ұлты діліндегі ерекшелік «сөз өнерін» айрықша бағалап, оны күнделікті тұрмыста жүйелі қолдана білген. Сөз қоғам өмірімен ажырамас бірлікте қарастырылып, ағайын туыс, үлкенді құрметтеу, қонақ күту т.б. қатар «ер адам», «әйел адам», «бала, мал шаруашылығы» сияқты толып жатқан сөзді экспрессивті тұрғыдан қолданудың биік үлгісі қамтылып отырған. Мысалы: қазақ халқы өмірін мал шаруашылығымен етене байланыстырып, төрт түлік малдың байлықтың басы санап, берекенің белгісі ретінде ұсталған. Осыған байланысты Т.Айбергенов тілінде ұлттық дүниетанымды танытатын тіркестер қолданылғанын байқаймыз. Олардың басым көпшілігі жағымды мәнді білдіреді. Оларға:

Ботакөз қарындастар, нар ағайлар,
Алдымнан қаптап шыққан қарағайлар[6,108]
Ол да сендей қаз омырау, сұңғақ бой,
Ол да сендей кей кездері ұялшақ[6,55]
Қырық жылында қырық ру жұрттың арманы,
Қыран көзінде қыруар сыр мен характер [6,118].
Алыстан келген нарлар-ай,

Арыстан кеуде жандар-ай [6,6]

Қаз омырау, қыран көз, арыстан кеуде – сұлулық, батырлық символын білдірсе, ата-ана баласын еркелеткенде,

Сен менің ойнақтаған ақ ботам ең[6,87].

жағымды мәндегі бейнелі тіркестерін, жағымсыз мәнде «*иттің баласы*» сияқты реңктердегі тіркестерді жатқызуға болады. Мұнда қолданылатын сөздер ерекше, олардың экспрессивтік стилистикалық бояуы кең, бай және әртүрлі болып келеді. Олардың тілдегі көрінісінде көп айшықты сөздермен өрнектелетін тіркесімдер өте мол.

Қазақ этносының ғаламның тілдік бейнесіндегі әсемдікке ұмтылған танымдық болмысын халық өміріндегі бірқатар салт-дәстүрлерден тануға болады. Т.Айбергенов шығармаларында қазақ халқының таным-түсінігіне, салт-санасына тән тілдік қолданыстар көптеп кездеседі. Көптеген тұрмыс-салтпен, дәстүрлермен тығыз бірлікте ұштастырылатын қазақ халқына тән адам өмірінің әртүрлі кезеңін қамтитын шілдехана, ұзату тойы, өлім-жітім т.б. сияқты қатынастар жүйесінің қоғамда әбден орныққан түрлерінің барлығы дерлік ерекше әсер беретін, эмоционалды бояуы жағынан көтеріңкі салтанаттылықты немесе қайғыны білдіретін реңкке ие болып келеді.

Өтті анам – үш баламның пайғамбары,
Үш сәби жүрегінің сайран бағы.
Жыр қылып жатты біздің қара шаңырақ
Менің сор маңдайымның тайған бағын[6,120].

Бұл өлең жолдарында ақын қайғылы халін «маңдайдан бағы тая»», «сор маңдай» деген ұлттық таным тұрғысынан береді.

Қазақ халқына тән мәдени-ұлттық құндылықтарды, ұлттық мінез-құлықты бейнелейтін мысалдар ақын өлеңдерінде сансыз көп. Солардың кейбіреулеріне тоқтала кетер болсақ:

Азамат болып есігіме енсең арқалап арман мұратты,
Белдеуден шеш те, мініп кет мына пырақты.
Мен сенен, бауырым,
бір тайдың басын қайтарып сұрар деймісің,
Шевченкоға да мінгізген қазақ бір атты [6,107].

Немесе

Бұл қазақта жігіттер бар қонаққа
Маңдайындағы бір атын
Жайратып салып, жарқылдап күліп тұратын,
Көгірегінен күн сөнбей, осы бір шақтан білсең ғой
Тұратын тауып мұратын [6,124].

Азамат болсаң сөзіңді салма бұлтаңға,
Шаба алам мен де бір жігіт шапқан тұлпарға,
Тарта алам мен де бір мерекенің көкпарын,
Бере алам мен де қонақасыны бір таңға [6,145].

Ақынның осы өлеңдерінде қазақ ұлтына ғана тән мәрттік, жомарттық қасиеттер шебер бейнеленген. Қазақ халқына тән жомарттық, дархандық,

көңілдерінің қазақ даласындай кеңдігі суреттелген. Қазақ халқының ең маңызды мәдени ұлттық ерекшеліктерінің бірі жан-жақты дамыған дәстүрлі мәдениет үлгілеріндегі дағдылы ұлттық рәсімдерінде ұлттық менталитет тұтастай қамтылады.

Т.Айбергеновтің тілдік тұлғасындағы ерекше орын алар «ұлтжандылық», «атамекен», «туған жер» концептілері де осы бірліктердің аясынан көрінеді. Қазақ танымындағы қасиетті ұғымдардың бірі–туған жер, туған ел. Ақын поэзиясында осы бір ұлттық танымды, қазақы қасиетті білдіретін қолданыстар аз емес.

Көл-дария көкірегімнен бір тұнба ашып,
Мен тұрмын ата-баба жұртын басып[6,92]
О, менің кіндік кескен топырағым,
Шыңдарға арманымды ала қашқан [6,154]

Экспрессивтік стилистиканы қалыптастырудағы ауыз әдебиеті үлгілерінің мән-маңызы ерекше. Мәдени-ұлттық шығармашылықтың өзекті саласы болып табылатын ауыз әдебиеті ауызша шығарылып, ауызша тараған көркем әдеби туындылардың жиынтығы ретінде айрықша экспрессивті қызмет атқарады.

Халқымыз мал шаруашылығына тәуелді болғандықтан Т.Айбергенов мал атауларын ұлттық мәдениет бірліктері ретінде алып, көркемдік құрал негізінде де жиі қолданады:

Бұл бақты бізге құдай да, хан да бермеген
Ғасырым менің ***тұлпарлар*** *аққан кермеден* [7,97]
Дала жатыр күйсеп күртік малтасын,
Тау да жатыр аяз жалап арқасын.
Дірілдейді ***қырықтық тиген қозыдай***
Көгілдір тас,көк еркесі, ***марқа шың***[6,92]
Гүл көмкеріп жиегін
Сайдан көлге су ақты.
Арқандаулы биенің
Ақ шылбыры сияқты [6,54]
Желекті қырда желбіреп өскен тұлымым
Мен сол аймақтың ***аруана – боздақ*** *ұлымын* [6,107]

Келтірілген мысалдарда ақын төрттүлік атауларын қолдана отырып ойды оралымды ойлармен, ауыс мағынада көрікті етіп берген. Қазақы түсінікке орай қолданыс тапқан тілдік бірліктер өлеңге ерекше стильдік реңк дарытып тұрғандығы аңғарылады.

Ақ, қара, көгілдір, қызыл түстері қазақ халқының танымындағы мағыналық реңктермен, стильдік тұрғыдан өлең мағынасына қарай ұтымды қолданыс тапқан. Бұл – ақын дүниетанымындағы қазақы философиялық ой мен сөз қолданудағы шеберлігінің жемісі»

Ғаламның тілдік бейнесі – әмбебап бірлік ретінде, тілдік тұлғаға тән барлық қасиеттердің айқын суреті ретінде, тілдік тұлға ретінде өмір сүретін категория. Бұған субъектінің қоршаған ортаға деген бағалаушылық позициясы да енеді, ол өз кезегінде қоршаған орта, ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар

т.т. тілдік тұлғада бағаланған түрге еніп бейнеленеді. Ол адам тіліндегі ойлаудың, танымның, рухани болмыс–бітімінің, мәдениеттік құндылықтары барлық деңгей мен дәрежесін көрсетеді.

Т.Айбергенов шығармаларынан ұлтымыздың рухани дүниесінде, бітім-болмысында, менталитетінде бар құнды дүниелерді таба аламыз. Ақын тіліндегі лингвомәдени бірліктердің молдығы оның тілдік тұлғасының ұлттық мәдени сипатта құрылғанын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті «салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама). Филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2004. – 226 б.

2. Құл-Мұхамед Рақымғали Абраруұлы. Қазақ мәдениеті құндылықтарының қалыптасуы мен дамуы: Философ. ғыл. канд. дис. –Алматы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2000.– 156б.

3. Ерасов Б. Рухани құндылықтар әлемі: Әлеуметтік философиялық жолдау.– Алматы: ҚРБҒМ.ФСИ, 2000.– 180б.

4. Кеңесбаев С.К. К вопросу об эксперессивно-стилистических системах литературных языков народов СССР.– Ашхабад: Наука, 1968.– 303с.

5. Алтаев Ж., Ғабитов Т., Қасабеков А. Философия және мәдениетттану.– Алматы: Ғылым, 1988.– 95– б.

6. Айбергенов Т. Мен саған ғашық едім. – Алматы: «Раритет», 2005.– 192 б.

7. Айбергенов Т. Аруана – бауыр дүние. – Алматы: «Атамұра», 2003.– 208 б.

Мақұлова Л.Т.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ӘҢГІМЕЛЕУДІҢ ТІЛДІК–СТИЛИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Әңгімелеу – көркем прозаның негізгі баяндау түрі. Әңгімелеуді А.Байтұрсынұлы әуезе деп атаған. Автордың пайымдауынша, “болған уақиғадан бастан -аяқ болған түрінде, ретінше мезгілін, мекенін көрсете мазмұндап, мағлұмат беру әуезе болады” [1, 397]. Әуезені ғалым еңбегінде үш тақтаға бөліп көрсетеді: 1) мәлімдеу; 2) мазмұндау; 3) қорыту. Мәлімдеуде иә уақиғаның алдында не болғаны айтылады, иә айтушының уақиғадан қанша хабардар екендігі айтылады. Мазмұндауда уақиға қалай болып, қалай өткені айтылады. Қорытуда иә уақиғаның шыққан нәтижесі (ақтығы) айтылады, иә айтушының қарары айтылады.

Романда негізінен екі мезгілдік өріс пайдаланылады: өткен шақ және осы шақ, осы шақтың нақ осы шақ тұлғасы да, ауыспалы осы шақ тұлғасы да қажетіне қарай қолданылады.

Автор– әңгімелеуші рөлінде басқа жазушылармен салыстырғанда көп кездесе бермейді, көбінесе автор-жазушы, автор-бақылаушы болып отырады. Автордың әңгімелеуі кейіпкерді таныстыру үшін негізгі әңгімешіні сахнаға шығару үшін қажет деп саналады. Негізгі әңгімелеуші сахнаға шығып, әңгімеге араласқаннан соң, автор-әңгімеші бірте-бірте ығысады. Әңгімелеу романдағы негізгі баяндау формаларының бірі ретінде бағаланады. Мысалы: *"Лениннің кабинетінен шыға бере Рысқұлов қабылдау бөлмесінде жиылып қалған кісілерді көріп: "Біз, сірә, Ильичтің уақытын көп алып, мына кісілерді күттіріп қойыппыз– ау" деп бір сәт өзін кінәлі адамдай сезінді.Әуелі бұрыннан таныс, қызметтес әрі айтыскер әріптестері Элиава мен Рудзутак орындарынан түрегеліп Рысқұлов пен Ходжаевтың қолын алып амандасты"* (Ш.М., Қыл көпір, 278). Осы әңгімелеуде алдымен автордың өзі оқиғаның болған сәті мен кейіпкерді әрекетке кіргізеді де, одан әрі әңгімеге кейіпкерлерді енгізеді. Бұдан соң диалог арқылы кейіпкерлердің әңгімесі жалғасып кете береді. Оқиғаның өту сәті қазіргі уақытта болып жатқандықтан, сөйлемнің баяндауыштары нақ осы шақ пен жедел өткен шақ тұлғаларында беріледі. Сондай-ақ автор осы әңгімелеуде "айтыскер" сөзін қолданған. Бұл сөздің контекстік мағынасы әдеттегі мағынасынан өзгешелеу. *Айтыскер* сөзінің контекстегі мағынасы жиі кездесіп, әр алуан тақырыпта пікір бөлісіп, пікір таластырып жүрген деген мағынаны беріп тұр. Әңгіме арқауынан оқушы оның қандай *айтыскер* екенін жаңылыспай біле алады. Яғни авторлық окказионалдық қолданыста *айтыскер* сөзі жаңа мағынаға ие болып, пікір таластырушы, пікір бөлісуші деген мәнде жұмсалып тұр.

Шерхан шығармаларын толық оқығанда, оның баяндау үрдісіндегі мынадай ерекшелікті аңғарамыз. Ол ерекшелік Тұрар Рысқұловтың есімімен байланысты. Авторжазушының ерекше ойланып жасаған көркемдік әрі логикалық, философиялық тоқтам -тұжырымының көрінісіндей сезіледі. Автор жазушы Тұрардың жастық шағы мен жігіттік кездерін, махаббатқа толы бал-дәурен шағының кей елесін әңгімелегенде оны Тұрар деп қана атап отырады. Бұл барлық баяндау түрлерінде, әсіресе әңгімелеуде толықтай сақталады. Ал әңгіме Тұрардың саяси істері мен елге жасаған еңбегіне, азаматтық істеріне ауысқанда Ш.Мұртаза үшін Тұрар Тұрар емес, Рысқұлов. Автор-жазушы үшін бала, жігіт Тұрар бар да, ойлы, ақылды, елі үшін еңіреп өткен, елі үшін жанын қиған азамат ер – Рысқұлов бар. Екеуі бір кейіпкер болғанмен, автор-жазушы қолданысында Рысқұлов образының маңызы мен мәні ерекше. Рысқұлов – саяси қайраткер, азамат -ер.

Мәтін алдымен суреттеу арқылы басталады. Кейіпкерлердің көңіл-күйлеріндегі жағымды өзгерістерді табиғат та танып-біліп тұрғандай. *Мамыр айының маужыраған бір сәті. Жай жаңбыр емес, кәусар жаңбыр.* Автор қазақ сөзінің майын осылайша тамызады. Гүлге ілінген тамшының суретін де әдемі көркемдейді. *Ол күн сәулесімен жақұттай жалтырайды. Кәусар жаңбыр, маужыраған күн, жақұттай жалтыраған тамшы, көздің жауын алу* сияқты көл– көсір теңеу мен эпитетті автор аямайды. Сұлу табиғат пен Тұрар көңілі психологиялық параллелизм арқылы жымдасып, салаласып, іліктесіп жатады.

Романның ара-арасында автор-жазушы өзінің жеке әңгімелеу жүйесін де енгізеді. Мұндай жүйе әсіресе романның төртінші, бесінші кітаптарында орын алады. Айталық, “Қыл көпір” атты төртінші кітабында “автордан” деген жеке бөлім жазылған. Мұнда тек баяндаушы– әңгімелеуші автордың өзі. Оқиғаға да автордың өзі ғана қатысады. Әрі оқиға негізі басты кейіпкер Рысқұлов өмір сүрген уақытта емес, кейінгі кезде, Ш.Мұртаза уақытында болады. Автор-жазушы осылайша әңгімелеу формасын тиімді және ұтымды пайдалану арқылы оқырманға біраз ақпарат беріп өтеді. “*Бухгалтердің киіз кітабындай осы бір дәу дәптердің бірінші парағын ашып қойып, екі күн отырдым. Ештеңе жаза алмадым. Ой деген ойқастап, оқыранып олай да, бұлай да өтеді. Бірақ қағазға түсіретін құдірет көпке дейін келмеді. Ол Рысқұлов бейнесі еді. Қарсы алдыма суретін қойып қойдым. Бұл сурет 1923жылы Рысқұлов Түркістан республикасының Совнаркомы болып тұрған кезде түсірілген. Түрі жап-жас, бармақ мұртының табы ғана білінед…*” ары қарай суреттеу жалғасып кетеді (Ш.М., Қыл көпір, 279). Бұл әңгімелеу автордың өзінікі, өз атынан айтылып жатыр. Портретпен жымдасып, бірін-бірі толықтырады. *Киіз кітап* сөзі біраз ақын жазушылардың қаламынан кездесе береді, ал Шерхан Мұртазада ол жай ғана киіз кітап емес, *бухгалтердің киіз кітабындай.* Теңеу жұртшылыққа жай ғана ұсынылмаған. Қазіргі қауым үшін баяғының киіз кітаптары ұмытыла бастаған. Көз көрмеген соң, көңілден де кеткен еді. Қазіргі оқырмандар үшін бәріне танысы *бухгалтердің киіз кітабы.* Автор-жазушы ойды ойқастаған жылқыға теңестіреді. Бұл да тапқырлықпен жасалған. Әдетте қазақ халқы «көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе» деген мақалды айтып, көңілді көк дөненге теңейді. Ал Шерхан оны *ойқастап, оқыранып олай да өтетін, бұлай да өтетін жылқыға* теңейді.

Автор әңгімелеуінде лексикалық бірліктердің қайталануы да жиі кездеседі. Мысалы: “*Бірақ өзен біткеннің бастауы бар, құрдымы бар. Бірақ бұл асыққаны, өзінің ақырына асыққаны ғой. Шексіз дала. Қазақ даласы сияқты мұнда да боз жусан… Сол дауылдан таймай өткен Рысқұлов енді мына Монғолстанда жаңа дүние, жаңа заман бастауға қол ұшын бермек. Азияның қақ ортасында мешеулеп жатқан жалпақ елді жаңа жолға салу оңай емес*” (Ш.М., Тұрар, 379). Мұндай қайталамалар Ш.Мұртаза шығармаларында өте көп кездеседі. Романда сөз таптарының ішінде әсіресе зат есім мен етістіктің, есімдіктің қайталанып келетін тұстары жиі ұшырасады. Зат есімдер көбінесе анафоралық қайталама мен есімдіктердің қайталануына тән ерекшеліктер екенін зерттеуші О.Бүркіт жазған болатын. “Қызыл Жебеде” жалқы есімдердің қайталануы да біршама мол кездесетін қайталаманың бір түрі деп бағалауға болады. Жазушы жалқы есімдерді қайталап қолданған кезде кейіпкер бейнесін жаңа көркемдік деңгейге көтеріп, оның стильдік қызметін қалыңдата түседі. Айталық, “*Кейбір жазушы, сыншы сымақтар Голошекиннің сойыл соғары болып кеткенде, Ғабит сол Голошекинге тайсалмай қарсы шықты*” (Ш.М., Тамұқ, 672)деген сөйлемде Голошекин сөзі екі рет қайталанып келіп, ойды нақтылай, дәлдей айту үшін жұмсалып тұр. *Ендеше Глебовтың несі артық? Глебов жендет* –деген сөйлемде Глебов сөзі бір шағын контексте екі рет қайталанып тұр. Сондай-ақ Рысқұлов аты шығармада инверсия ретінде бірнеше рет қайталанып келіп отырады. Демек, автор жалқы есімдерді қайталап беру арқылы өзінің негізгі айтайын деген ойына сәйкес кісі атына салмақ

түсіре отырып жазуға шеберленген. Адам аттарын қайталау арқылы айтайын деген ойының кімге қатысты екенін дәлелді түрде, нықтай, нығырлай түседі.

Зат есімдерден кейін қайталанып келуге біршама жақын тұратын сөз табы етістік деп пайымдауға болады. Қайталама етістіктің ерекше стильдік бояуы бар. Зерттеушілердің көрсетуінше, етістік – эмоциялық-экспрессивтік бояуды жақсы белгілейтін сөз табы. Сөйлемде негізгі ойды білдіру, қимыл-әрекетті белгілеу етістікпен байланысты. Етістік арқылы көбінесе жазушының стильдік шеберлігі танылады. Шерхан Мұртаза әңгімелеу барысында мұндай қайталамаларды да өте шебер пайдаланады. Мысалы: *"Қазан вокзалы кабинетіне кіріп барғанда алба-жұлба бір топ баланың ортасында отырған Түйметайды танымай да қалды. Түйметай екенін анық білмесе, танымас та еді*" (Ш.М., Қыл көпір, 461). Осы сөйлемде *танымау* етістігі екі рет қайталанып келіп тұр. Өйткені бұл жердегі негізгі автор ойы тану-танымауға байланысты. Демек, сөйлемнің өзгеріссіз қайталануын тек ауызекі сөйлеу тілінде ғана ұшырасатын қолданыс деп есептеуге болмайды. Қайталама сөйлемдердің стильдік бояуына қызмет етеді. Шерхан Мұртаза романында халық тілінде жиі кездесетін перифраздық тұлғалар да, автордың өзі туғызған перифраздық тұлғалар да жиі кездеседі. Мысалы: *"Бірақ Түркістанға келе салысымен сүзектен жаңа тұрғанына қарамастан шеті-шегі жоқ жұмыс деген түпсіз теңізге түсті де кетті*" (Ш.М., Тұрар, 304). Мұндағы *түпсіз теңіз* тіркесі – мол жұмысқа, көп іске, қызметке деген сөз тіркесінің орнына стильдік мәнді көрсету үшін жұмсалған. *"Оу, Тұрар, құсың құтты болсын! Немене тағы да орыстан алғансың ба?"* (Ш.М., Жұлдыз көпір, 213) – деген сөйлемдегі құс сөзі де жарың, келіншегің, жолдасың деген мағынада перифраздық сипатта жұмсалған.

Автор шығармасында әңгімелеу мен суреттеу алмасып келіп, ішкі композициялық бірлікті жүйелеп отырады. Сондай-ақ романның сюжеттік желісіндегі оқиғалардың өрбуін де жүйелі түрде түсіндіреді. Айталық, Рысқұлов пен Ходжаевтың Лениннің қабылдауынан шығып келе жатқан сәтін одан әрі автор– әңгімелеуші былайша өрбітеді:

"Рысқұлов пен Ходжаев Кремль сарайынан шыққанда мамыр айының күні маужырап-ақ тұр еді. Әлгінде ғана көктемнің кәусар жаңбыры жауып өткен екен, сирень гүлдеріне тамшы ілініп, ашылған күн сәулесімен жақұттай жарқырап, мың құбыла ойнап тұр. Айнала – биік соборлар. Жауын шайып өткен күмбездері ерекше жалт-жұлт етіп, көздің жауын алғандай. Ходжаев соборларға кезек-кезек қарап, таңдайын қағып:

– Жүдә, ғажайып екен ә, Тұрар,– деді.

Рысқұловтың басқа бір ойдың, Ленинмен кездесудің әсерінен әлі арыла алмай келе жатып, Ходжаевтың сөзі санасында кешеуілдеп жетіп:

А? – деді. – А, Соборлар ма? Бұл да жатқан тарих қой, Низам– ака. Орыс елінің тұтас тарихы осы соборлармен байланысты…" (Ш.М.,Қыл көпір,278).

Байқап отырсақ, осы шағын үзіндіде әңгімелеу де, суреттеу де, кейіпкер сөзі мен автор сөзі де қатар жымдасып жатыр. Бұл романның өн бойында болатын, композициялық бірлікті сақтаушы қалыптасқан жүйе. Б.Шалабай өзінің еңбегінде "Қалың мал" романындағы баяндауды талдай келе мынадай ой

айтады: “Әңгімелеу, суреттеу, диалогтар сырттай жалпылама тұрғыдан беріліп, бір-бірімен қиюласып жатады” [2, 145].

Жоғарыда келтірілген үзіндіде де осындай, бір-бірімен іштей қиюласқан баяндау формаларын байқаймыз.

Шағын мәтіндегі кездесетін “Жүдә” сөзі Рысқұловтың әңгімесінде кездеспейді. Автор-жазушы мұндай диалектіні Рысқұлов аузына салмайды. Ал Ходжаев үшін ол әдеби сөз ретінде танылады. Сондықтан бұл жерде ешқандай қолайсыздық тумайды, сәтімен пайдаланып тұр деп бағалаймыз. Мұның өзі Ходжаев образын талдауда мәні бар деталь.

Мәтін алдымен суреттеу арқылы басталады. Кейіпкерлердің көңіл-күйлеріндегі жағымды өзгерістерді табиғат та танып-біліп тұрғандай. Мамыр айының маужыраған бір сәті. Жай жаңбыр емес, кәусар жаңбыр. Автор қазақ сөзінің майын осылайша тамызады. Гүлге ілінген тамшының суретін де әдемі көркемдейді. Ол күн сәулесімен жақұттай жалтырайды. Кәусар жаңбыр, маужыраған күн, жақұттай жалтыраған тамшы, көздің жауын алу сияқты көл-көсір теңеу мен эпитетті автор аямайды. Сұлу табиғат пен Тұрар көңілі психологиялық параллелизм арқылы жымдасып, салаласып, іліктесіп жатады.

Шерхан романда әңгімелеу барысында өткен тарихқа да шолу жасап отырады. Әңгімелеуде жазушының пікірі, лирикалық тебіренісі, кейіпкер үшін қиналуы т.б. көрініс тауып отырады. Әңгімелеудегі лирикалық тебіреністі жасайтын сөздердің мағыналық жақтарымен қатар, сөйлем құрылымдарының теңдестігі, қатарластығы, әсіресе, баяндауыш тұлғаларының біркелкілігі болады. Яғни әңгімелеудің барысында ойды тарқата айтуда, жеткізуде қарымы кең, құлашы мол.

“Бұл әнге Дәу-Бабадан аса соққан Алатаудың кешкі самалы қосылды. Әркім– ақ Қазанаттың кім екенін жобалап отыр. Ол кешегі өткен Әлімбек батыр. Жағасын жауға жырттырмаған, қанша сұрапыл соқса да басы жерге иілмеген зау бәйтерек. Бірақ сонда аяғына жем түскен кім? Не деп отыр мына Ахат?” (Ш.М.,Рысқұл,157).

Осы шағын мәтіндегі оқиға бір жағынан алып қарағанда осы шақта болып жатыр. Ән осы қазір айтылып жатыр, Дәу-Баба жақтан самал жел де осы сәтте соғып тұр. Дегенмен болып жатқан әңгіме төркіні басқаша. Бұрын өткен Әлімбек батыр жөнінде болып отыр. Яғни әңгімелеу барысында кез келген автор өз ойын сан тарапқа шырқата алады. “Әңгімелеудегі мазмұнның берілуі әңгімелеушінің композициялық – тілдік деңгейде белгілі бір “эпикалық қашықтықты” сақтауы арқылы жүзеге асады” – деп жазады бұл туралы зерттеуші ғалым Б.Шалабай [2, 126].

Сонымен, қорыта айтқанда, романда баяндаудың барлық түрі де жоғары шеберлікпен құрылған. Ойдың айтылу жүйесіне қарай әңгімелеу, суреттеу, пайымдау бір-бірімен алмасып, біте қайнасып жатады. Олардың аражігін жай көзбен ажырату да оңай бола бермейді. Баяндау түрлері бір-бірімен тығыз байланыста, қарым-қатынаста көрсетілген. Романда жанды кейіпкерлердің мол галереясы бар. Олардың мінез-құлқының, дүниетанымының даму динамикасы сәтті көркемделген.

Әсіресе Рысқұлов образының көркем тілмен кестеленуі ерекше. Сондықтан да тілдік жағынан Ш.Мұртаза романы XX ғасырдағы ең көрнекті көркем дүние ретінде бағалана алады. Шерхан Мұртаза шығармашылығының өзіндік мәтіндік-стилистикалық ерекшелігі бар деп танылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991.– 463 б.

2. Шалабай Б. Қазақ көркем прозасының тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы: Қазмемагру, 1997.– 186 б.

Маретбаева М.А.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қарағанды мемлекеттік медицина университеті

КӨРКЕМ МӘТІННІҢ СТИЛИСТИКАЛЫҚ– ЭМОЦИОНАЛЫҚ СИПАТЫ

Кезкелген мәтіннің өзіне тән баяндалу ырғағы мен интонациясы болады және ол өз кезегінде көркем мәтіннің эмоционалды-экспрессивтік ұйымдасуына ықпал етеді. Осылайша мәтін интонациясы мен ырғағы оның эмоционалдық-экспрессивтік қасиет-сапасын жасауға қатысады. Олардың көркем мәтінде түрліше қолданысы оның жанрлық ерекшелігіне де байланысты.

Әңгімелеу мәтіндерінде суреттеуге қарағанда эпикалық баяндау тәсілі басым болса, суреттеу мәтіндерінде драмалық және лирикалық баяндау тәсілі басымырақ болып келеді. Осының барлығы мәтіннің стилистикалық тонына айрықша ықпал етеді. Шығарманың стилистикалық тоны дегенде туындының жалпы эмоционалды ауаны, шығарманың көңіл-күйі айтылады. Адамның көңіл-күйі сияқты шығарманың да адамға сыйлайтын көңіл – күйі болатыны белгілі. Шығарманың стилистикалық тоны оның интонациясынан, сол арқылы танылатын ырғақтан анық көрінеді. «Интонация – сөйлемге тән белгілердің бірі. Интонация– сөйлемнің органикалық элементі. Сөйлем жеке сөзден де, сөз тіркесінен де құрылымдық үлгісі жағынан ажыратылады. Жеке сөздер немесе сөз тіркестері кейде сөйлем түрінде жұмсалуы үшін міндетті түрде сөйлемге тән интонациямен айтылуы шарт. Сонда ғана олар сөйлем ретінде ұғынылады. Мысалы: Түн. Вокзал. Қаптаған жүргіншілер» [1, 31].

Жалпы ғылымда көркем прозаға тән ырғақ туралы түрлі көзқарастар бар [2].

А.М.Пешковский өленге тән ырғақты дауысты, дауыссыз дыбыстарға байланыстырып қарап, өлендегі ырғақ тың буынға негізделетініне назар аударады. В.В.Виноградов прозаға тән ырғақтың жасалуына оның логикасы мен мазмұны әсер етеді дегенді айтады [3]. Келесі бір көзқарас прозаға тән

ырғақтың болуын жоққа шығарады. Дегенмен бұл соңғы көзқараспен келісу қиын, себебі не нәрсенің де ырғақсыз қабылдануы мүмкін емес. Ырғақ – бұл объективті құбылыс, сондықтан дүниедегі құбылыстардың өзіне тән өмір сүру ырғағы бар (мидың жұмыс істеу ырғағы, жүрек соғу ырғағы, адамның жұмыс істеу ырғағы, адамның ойлау жүйесіне де белгілі бір ырғақ тән т.б.).

Көркем прозаға тән ырғақ өлеңге ұқсамайды, бірақ ол да мәтіннің көркемдік тұтастығын жасауға, эмоционалды-экспрессивті бояуын жеткізуге үлес қосады. Әрбір композициялықсөйлеу формасының өзіне тән стильдік интонациясы, ырғағы бар. Суреттеуде ырғақ ***кеңістікті***бейнелесе, әңгімелеу ***уақыт***ырғағын, ал ойталқы ***логикалық құрылымдардың*** ырғағын бейнелейді. Ырғақ мәтіннің мазмұнына, ондағы автордың ойына қарай ***тез*** немесе ***баяу,орташа*** болады. Жоғарыда келтірілген үзінді– мәтіндердің ырғағы орташа. Бұл мәтіннің ырғағына қарама-қарсы Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романының алғашқы бастамасының ырғағы айқын мысал бола алады. «Сөйлеушінің эмоциясын білдіру және сөзге белгілі бір тон үстеу сияқты қызметтердің» мәтін мазмұнына тән құбылыс болып табылатындығын И.Р.Гальпериннің зерттеулерінде айтылған болатын [4, 87].

Сол сияқты көркем мәтін мазмұны оның эмоционалдық-экспрессивтік сипатына қарай «салтанатты», «байсалдылық», «риторикалық көтеріңкілік», «метафоралық бояулы», «қатаңдық», «көтеріңкілік» т.б. ырғақты, интонациялық болып келеді. Жалпы шығарма мазмұнының интонациясы мен ырғағы осындай түрлі көңіл-күй тудыратын ырғақ пен интонациялардың жиынтығынан тұрады. Көркем мәтін мазмұнының әрбір мүшесіне тән өзінің интонациясы мен ырғағы болатынын жоғарыда айтқан болатынбыз.

Мысалы:

1) Осының сәл алдында өз ісінің аңғарын байқамақ боп, бір таныс тілмаш арқылы жаңа келген Лосовскийге сәлем айтқан-ды. «Маған сәл уақытқа жолығып кетсе екен!» деп өтініш білдірген. Сонда Лосовский өзі түскен үйден жылмаң етіп шығып, салқын қабақ түйген бетте Абайдың алдына келіп, аса тұрпайы, жат мінез көрсетті. Корпус кеңесінің бұл күндегі тайный советнигі – бұрынғы Лосовский емес. Абайдың үстінен түскен көп арызды оязға қосылып, Абайға қарсы қатал түрде жұмсамақ ниеті бардай. Тек жандаралдың қандай байлау жасайтыны мәлім емес болғандықтан, Лосовский өз сырын тұпа-тура аша алмады. Бірақ сонда да Абайдың сұраған сөзіне жауап бермей, айтайын дегенін тыңдамай, бір-ақ қана қатал сөз тастаған… (М.Әуезов).

2) Жаңа аңғарды, ресторан іші кісіге тола бастапты. Гитара тартқан топқа қарап еді, масайыңқырап қалған екен. Бағанағы арық сары бала, басын столға салып ұйықтап отырғанға ұқсайды. Гу-гу, бірін-бірі тыңдаудан қалған бос ерегес дау. Шалбар киген толық қыз, ауыр денесін теңселте көтеріп тұра беріп еді, қасында отырған жігіт қолынан тартып, отырғызбақ боп әуреге түсті. Қыз да тәлтіректеп барып, жығылардың аз-ақ алдында бойын түзеп,

шығар есікке бет алды. Айнала отырған адамдар жығылып жатқан жігітке, есікке беттеген масаң қызға, ортадағы столда айғайласып, езу тартып күлісіп, иә қабақ шытып тыжырынып алысты да жаңа ғана үзіліп қалған жақсы ниет әңгімелерінің жібін там-тұмдап жалғауға кірісіп кетті. Гитара тартқан сары бала шуға басын көтеріп алып, жан-жағына селсоқ қарады да, орнынан енді тұрып жатқан жігітке саусағын ерніне жапсырып «тш» деген күйі қайта столға басын қойып қалғи жөнелді (Р.Сейсенбаев).

3) Кездесер сәтті аңсадым. Басқа арман, бөтен тілек қалған жоқ. Қысқы демалысты аңсадым.

Демалыс күніне жеттім. Әлияға жете алмадым. Міне, осында, дәл осы аэропортта ауа райын тосып бес күн кешсем керек. Көгілдір тұман ішінде жүрген сияқтымын. Атақ-даңққа, абыройға толы бүкіл болашақ өмірді көзге елестетем. Және үнемі Әлиямен біргемін. Әлпештеймін. Аялаймын. Жебеуші тәңірім де, жан жадыратар періштем де – бір өзі. Жер әлемде бізден бақытты адам болмақ емес (М.Мағауин).

4) Өзін өзі құрбандыққа шалған адам, өзін өзі биік жардан тастаған адам іспетті емес пе – қас-қағым шаққа ғана жүрегі дауаласа болғаны, бір – ақ сәттен, секіру сәтінен қаймықпаса болғаның, ар жағында өкін-өкінбе, жыла-жылама, – ешбір қайыр жоқ, қайту жоқ, Ленинградтың ақ түндерін қидым деген мезеттен бастап өз тағдырының біржола шешілгенін жеті жыл өткенде барып біржола түсінді, енді оған бәрібір екен, бірақ ол ендігі жерде Бергенді кәналаған емес, ендігі жерде ол тек өзін ғана кіналады, сондықтан да Бергеннің көңілін жықпауға тырысатын, оқыс жағдайда мүгедек болып қалуына бұл – Мәрзия – кінәлі сияқты, өзге біреуге қосылса, теңін тапса, шын бақытты болар ма еді, жолына мен тосқауыл болдым-ау деген үкім- күдік бұның еңсесін езе беретін (Ә.Тарази).

Берілген 4 әңгімелеу мәтінінің төртеуіндегі эмоционалдық-экспрессивтік мағына бір емес. Төрт мәтінді оқығанда көз алдымызға төрт түрлі баяндаушы, сөйлеушінің бейнесі келеді. Осыған байланысты мәтін арқылы оқырман ойында ұялайтын сезімдер мен көңіл-күйлер де әртүрлі, яғни әр мәтіндегі жазушы– автордың көңіл-күйі де әртүрлі.

Алғашқы мәтін «мінезі» – «байсалды», орташа ырғақты. Екінші мәтін «мінезі» – «тұйық» (меланхолия тән), баяу ырғақ. Үшінші мәтін «мінезі» – «көтеріңкі», тез ырғақты. Төртінші мәтіннің «мінезі» – «салмақты», ырғағы тез. Әр мәтіннің өзіне тән мінезінің жасалуына оларға тән ырғақ пен интонация әсер еткен. Өлең мәтінінде ырғақ буын формасында көрінеді, ал прозалық мәтіндердегі ырғақ пен интонацияға ондағы мазмұн негіз болады.

Бірінші мәтін мазмұнның баяндалуынан автордың байсалды, ұстамдылығын көруге болады. Автор өзінің кейіпкеріне жаны ашып тұрғанмен ол қатаң әрі әділ, «объективті» бақылаушы кейпінде көрінеді. Мәтін бойында

табылып отыратын осындай ұстамдылық пен байсалдылық оны қабылдаушы мінезіне де, көңіл- күйіне де осындай сезім сыйлайды. Мәтінді оқу барысында автордың көңіл – күйіне қарай түйдектеліп, күрделі орамдармен келетін фразалық екпін нәтижесінде пайда болатын ырғақ та күрделі ұйымдасқан:

Осының сәл алдында өз ісінің аңғарын байқамақ боп,// бір таныс тілмаш арқылы жаңа келген Лосовскийге сәлем айтқан-ды. «Маған сәл уақытқа жолығып кетсе екен!» деп // өтініш білдірген. Сонда Лосовский өзі түскен үйден жылмаң етіп шығып,// салқын қабақ түйген бетте Абайдың алдына келіп,// аса тұрпайы, жат мінез көрсетті. Корпус кеңесінің бұл күндегі тайный советнигі – бұрынғы Лосовский емес. Абайдың үстінен түскен көп арызды оязға қосылып,// Абайға қарсы қатал түрде жұмсамақ ниеті бардай. Тек жандаралдың қандай байлау жасайтыны мәлім емес болғандықтан,// Лосовский өз сырын тұпа-тура аша алмады. Бірақ сонда да Абайдың сұраған сөзіне жауап бермей, айтайын дегенін тыңдамай,// бір-ақ қана қатал сөз тастаған… (М.Әуезов).

Екінші мәтіннің баяндалуына «тұйықтық» тән болу себебі ондағы мазмұн бір қарағанда хабарлауға (констатация) ұқсайды. Кейіпкер үшін «тоқтап қалған сұр өмір» қоршаған ортадағы болып жатқан кейіпкер үшін мәні жоқ, қатыссыз, күнделікті қайталанатын оқиғаларды хабарлап қана жеткізіледі. Кейіпкердің көңіл- күйі, сезіміне қатысты етістіктер қолданылмаған деуге болады. Қоршаған ортадағы өмірдің бір жағынан «қызық», бір жағынан «қызықсыз» қозғалысы, ағымы суреттелген сайын кейіпкердің пассив әрекеті, қамыққан, күйзелген ішкі жан дүниесі ашыла түседі. Бұл шығармада жасырын, қайшылықта жүріп отыратын антитезалық баяндау тәсілі байқалады. Жалпы Р.Сейсенбаевтың «Үкім» шығармасы мәтіндерінің мазмұнына тән ерекшелік те осында – күнделікті өмірге қатысты етістіктердің молынан, ал кейіпкердің көңіл-күй, сезімдеріне қатысты етістіктердің аз қолданысы болып табылады. Кейіпкер көркем шығармадағы өмірге қатыспайды. Сөйлемдердің интонациясы мен ырғағы мәнсіз, күнделікті қайталанып отыратын өмір ырғағы сияқты – қысқа әрі бірқалыпты. Мәтінде бейнелеуіш, көркемдегіш құралдардың қолданылмауы, шын өмірді қарапайым сөздер арқылы суреттеуі мәтіннің бояуына да сондай «қарапайым», «сұр» стилистикалық реңк беріп тұр. Алдыңғы мәтіндегідей күрделі орамдардың аз қолданысы мәтін мазмұнына баяу ырғақ беріп тұр. Берілген мәтінде өмір туралы еш ақпарат берілмесе де, сөз айтылмаса да ақиқат өмірдің шынайы көрінісі шебер берілген.

Үшінші әңгімелеу мәтінінің «көтеріңкі» көңілде мазмұндалуында кейіпкер алдыңғыға қарағанда белсенді (етістіктер, субъективтік уақытқа қатысты динамикалы болып келуі). Сөйлемдердің қысқа қайырылып отыруы, параллельдік байланысқа құрылуы, біріншіден, кейіпкердің алыпұшқан асыққан көңіл-күй ырғағымен бірге өрілген. Ынтыққан, асыққан көңіл – тез әрі қысқа ырғақ оқырманға да осындай көңіл-күй сыйлайды. М.Мағауин шығармаларында аса шеберлікпен қолданылатын мұндай сөйлем конструкциялары кейіпкер көңілі, шығарма мазмұны арқылы жасалатын

мәтіннің тұтас «мінезі» мен стилистикалық бояуын жасауға ерекше үлес қосып отырады.

Төртінші мәтіндегі бір абзац көлемінде берілген бір сөйлем түрлі ырғақты бірнеше жай сөлемдерден жасалған. Бірнеше жай сөйлемнің бір құрмалас сөйлем құрамында берілуі шығарма мазмұнына динамикалық сипат беріп, суреттеу, ойталқы мәтіндерімен, диалогпен араласып келіп, шығарманың стилистикалық композициясын түрлендіріп отырады. Мұндай күрделі құрылымды абзацты шығарма бойында үзбей қолдана беру әрдайым сәтті шыға бермейді. Шығарма авторы да оны үнемдеп, керекті жерінде жұмсай алған. Автор мұндай құрылымды әңгімелеу мәтіндерін оқиға (бұл жерде көркем уақыт) желісінің тездігін, өмір ағысының ырғағын таныту үшін қолданған. Екіншіден, кейіпкердің әрі-сәріге түскен, қалың ойдың арасында әуре-сәрсеңге түскен бейнесін қоюлатып көрсетіп тұр.

Мәтінге тән көңіл–күй мен ырғаққа ондағы дыбыстардың қатар келіп, үйлесімді ұйымдасуы да ықпал етеді. 1 – сөйлемде с– с – с, б–б–б, т– т, а– а, к–к – к, қ– қ, 2 – сөйлемде а– а і–і , т – т, б– б– б, с– с, ұ–, т– т–т, ж–ж–ж, ж–ж– ж– ж– ж,.. 3 – сөйлемде б– б, к–к–к, а–а, б–б, ә– ә, ж– ж, б–б– б.., 4 сөйлемде ө– ө, с–с– с, қ– қ, ж–ж, б– б–б–б, е– е... дыбыстарының сөйлем ішінде қатар келген сөздердің бастапқы бөліктерінде қайталанып келуі мәтіннің жағымды қабылданып, белгілі бір көңіл-күй жасауына қатысып тұр. 3–сөйлемдегі сөйлем соңындағы етістікті қайталаулар, морфологиялық қайталаулар, шылау сөздің қайталанып келуі де мәтіннің экспрессивтік, стилистикалық тонын жасауға қатысып, қосымша экспрессоид қызметінде жұмсалынған. Дыбыстардың мұндай ерекше қызметі белгілі бір орындарда қайталана келу арқылы көрінеді. Е.Н.Винарская мәтіннің дыбыстық ерекшелігін оның көркемдік қасиет сапаға ие болуының маңызды шарттарының бірі ретінде атауы осыған байланысты [5].

Дыбыстарды ойнату ассоциациялы ой туғызып, эмоционалды күшті әсер қалдыруға жұмсалса, дыбыстарды қайталау параллелизмдік құбылысты аңғартуда, мәндес ұғымды нұсқауда қызмет атқарады. Мәтін деңгейіндегі шығармаларда кездесетін қайталауларға сөз тіркесі, фразалық оралымдар, қос тағанды фразеологизмдердегі дыбыстық қайталаулар негіз болады. Ұқсас дыбыс, дыбыстық топ арқылы қайталана келетін сөз тіркесі өзінен кейін де әлгі дыбыстардың жаңғырығы іспеттес қайта-қайта қолданыла келіп, абзацта немесе мәтінде дыбыстық фонқұрайды. Белгілі бір көңіл-күй тудыру немесе ой жетегін нұсқауға қызмет ететін фонетикалық құралдар шығарманың идеялық мазмұнын ашуға септігін тигізеді [6].

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. – 49 б.
2. Пешковский А.М. Стихи и проза с лингвистической точки зрения. – М.: Высшая школа, 1925. – 207 с.
3. Виноградов В.В. Вопросы синтаксиса современного литературного языка. – М.: Высшая школа, 1950. – 239 с.

4. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: Наука, 1981. – 139 с.
5. Винарская Е.Н. Выразительные свойства текста. – М.: Высшая школа, 1989. – 134 с.
6. 101 Москвин В.П. Стилистика русского языка. – РостовнаДону: Дрофа, 2006. – 630 с.

Мейірманова Г.С.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.,
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

ДИСКУРСТЫҚ СӨЗ ҚОЛДАНЫСТАРЫ

Функциональды грамматика аясында белгілі бір семантикалық қызметті атқару, яғни сілтеу қызметін (жақтық, темпоральды қатынастарды белгілеу қызметін) іске асыру үшін жіктеу және сілтеу есімдіктерінің өз антецеденттерімен өзара әрекет жасауы анықталады. Функциональды грамматика қызметтен құралға деген бағытпен жүреді десек, сілтеу қызметін көрсететін құралдар ретінде біз жіктеу және сілтеу есімдіктерін қарастыруды жөн көрдік.

Сілтеудің түрлі бірліктері қазіргі лингвистикада дейксис пен эгоцентризм, анафора теорияларының негізінде қарастырылуда. Ал осы сілтеу ұғымы есімдіктердің ішінде, әсіресе, жіктеу және сілтеу есімдіктеріне тән болып келеді. Лингвистикада теориялық лингвистика мен типологиялық зерттеулердің негізгі объектісі ретінде көбіне есімдіктер қарастырылады. Бұл кездейсоқтық емес. Есімдіктер атқаратын сілтеу, орынбасу коммуникативтік актіні іске асыруда, мәтін құрауда, тілдің когнитивтік жүйесінде маңызды қызмет атқарады, яғни бұл олардың дискурстық қолданысын негіздейді. Есімдіктер субъектімен байланыста анықталады және субъектінің субстанцияларға, құбылыстарға және олардың сапалары мен қасиеттеріне қатынасын көрсетеді. Мұның бәрі есімдіктерді дискурс аясында қараудың қажеттілігін белгілейді.

Дейксистік есімдіктері сөйлемдердегі сілтеу қызметін іске асыра отыра, коммуникативтік актінің жүзеге асуы барысындағы дейксистік, эгоцентристік, анафоралық байланыс құралының қызметін атқарып, сөз үнемдеуге септігін тигізуі тұрғысынан зерттеу қажеттігі туындап отыр. Синтаксистік жүйедегі анафоралық (айтылғанды сілтеу) байланыс пен дейксистік (тура сілтеу) сілтеуді қарастырудағы негізгі тәсілдердің бірі – сілтеу есімдіктері.

Сілтеу есімдіктері өздерінің семантикасы жағынан теңестіруші көрсеткіш болып табылады, саралаушы, даралаушы қызметінде де жұмсала алады. Тілдік ситуацияның міндетті компоненттерінің құрамына сөйлеуші мен тыңдаушы, сөйлеу орны мен уақыты және де сөйлеу актісінің басқа сөйлеу актісімен

сәйкес немесе сәйкес еместігі енеді. Тілдік ситуацияның бұл ерекшеліктеріне есімдіктің негізгі екі қызметі негізделген: дейксис және анафора.

Дейксис ретінде, әдетте, ситуацияның сөйлеуші, пікірлесуші, уақыт пен орын, сөйлеу актісіне тікелей қатысы бар тұлғалар мен заттар сияқты элементтеріне сілтеу түсініледі, ал анафора ретінде контекстің элементтеріне сілтеу, яғни бір сөйлеу актісінің элементтерінің екінші бір сөйлеу актісінің элементтерімен сәйкестігіне сілтеу түсініледі. Дискурс туралы сөз еткенде біз көбіне сілтеу есімдіктерінің анафоралық қызметіне тоқталамыз.

Дейксистік есімдіктері дискурсивті анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданыста кеңінен жұмсалып, мәтін, сөйлем элементтерін байланыстырады және де мәтіндегі керексіз қайталауларды ауыстырады. Бұл қызметінде олар өзіндік анафоралық (айтылғанды сілтеу) та, катафоралық (алдын алушы) та қолданыстарда жұмсалады. Есімдіктердің бұл қызметі мәтін синтаксисінде кеңінен орын алады. Мысалы, *Бұл кітап қызық.* ***Осыны*** *тауысып тастасақ қайтеді (Ә. Нұршайықов); (анафора). Сен* ***мынаны*** *ұқ: біз бұл жерден қалайда көшуіміз керек* (Д. Исабеков) *(катафора).*

Бүгінгі күнде мәтін кең мағынасында дискурс құбылысы болып, ал пән ретінде дискурсивті талдау болып қарастырылуда. Дискурс термині мәтін, диалог, стиль салаларында қолданылуда. Дискурс коммуникативті ситуацияға негізделген сөйлеу дегенге де саяды. Сонымен бірге ол диалог пен реплика түрінде де танылатын кездері бар.

Сөйлеу актілерінің күнделікті қолданысында анафора мен оның антецеденті дискурспен енгізіліп отырады, сондықтан да анафора дискурстағы екі белгінің – анафоралық (айтылғанды сілтеу) көрініс пен антецеденттің арасындағы байланыстарды көрсетеді, сондай-ақ сілтеу есімдіктері лексикалық бірліктер арасындағы семантикалық қатынас жеткіліксіз болған кезде дискурстағы ішкі байланысты іске асыру үшін қолданылады. Мысалы, *Біздің пір тұтатын ағамызбен жүздесуімізге ол тиым салды. Біз* ***соның*** *өлеңдерін оқып, шапағаты мол әңгімелерін тыңдап өмірге құлшынамыз.* ***Осы*** *мейірімді жанның рухани көмегі болмағанда, біздің киномыз не болары да белгісіз еді.* «Осы мейірімді жан» мен «ағамыз» деген сөздердің бір тұлғаға қатысты екенін «соның» есімдігі білдіріп тұр.

Дейксистік есімдіктері анафоралық (айтылғанды сілтеу) көрсеткіш ретінде жұмсалғанда, контекстік байланысқа сүйене отырып, дискурстағы референтті теңестіреді. Олар алдыңғы мәтіннің бір элементін сілтей отыра, барлық үзіндіні қамтып алады.

Мысалы, Ә. Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романында Сәлиманың шешесінің майдандағы Ерболға жолдаған хатында мынадай үзінді бар:*«Қымбатты Ербол балам! Дүние тыныштық болса, сені шын балам болар деп ойлаушы едім. Сұм соғыс килікті де, бәріңді көгендеген қозыдай алысқа алып кетті. Сәлимам сені сарғайып көп күтті. Оның енді отыруының орны жоқ. Ерге шығуы керек... Егер сенің оны шын жақсы көргенің рас болса, бағын байламай, рұқсатыңды бер. Оған кінә қойма, өз күнін көрсін, обалдарың сұм*

Гитлерге болсын. Ал, қарағым Ербол! ***Осыны*** *сенен аналық тілек етемін»* (Ә. Нұршайықов).

Бұл үзіндінің соңғы сөйлеміндегі «осыны» деген анафоралық (айтылғанды сілтеу) сілтеу есімдігі бүкіл бір үзіндінің бәріне қатысты ойды сілтеп, дискурстық қолданыста жұмсалып тұр.

Дейксистік есімдіктерден жасалатын қайталаулар екіжақты мағынада болады. Өйткені номинативтілік пен коммуникацияның қосылуы көптеген сөйлесімдерге тән. Бірақ коммуникация актісімен тікелей байланысты есімдіктік қайталаулар да бар. Бұл көбіне біреудің сөзінен «цитата» алу жағдайларында кездеседі. Сілтеу есімдіктері цитаталарды қолдану кезінде, контекстегі бірдей атауларды қайталауда ерекше роль атқарады. Мысалы, *Абай ақын айтқан ғой «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан»,– деп.* ***Бұл*** *арқылы көп жасқа ой тастаған ғой (Ә. Кекілбаев).*

Анафоралық (айтылғанды сілтеу) дискурстың прагматикалық аспектісіне қатысты түрлерін көрсетуде сілтеу есімдіктері кеңінен қолданылады. Сөйлеушілердің өздерін белгілейтін предикаттарды сілтеуді де осы анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданыстағы сілтеу есімдіктері іске асырады. Мысалы, *Мен өзім сақ емес, сенгішпін.* ***Осыным*** *жаман-ау, тегі, – деді өзіне-өзі ұрысқандай; Аюдың табанындай ауыр алақанымен Сәлиманы беттен салып қалғанда, орнымнан атып тұрдым:*

*–****Мұныңыз*** *дұрыс емес, қой, ақсақал,– дедім мен бұл сәтте бар қолымнан келгені осы болып* (Ә. Нұршайықов).Бұл мысалдардағы алғашқы «осыным» деген анафоралық (айтылғанды сілтеу) есімдік сөйлеушінің өз әрекетін көрсетсе, екінші «мұныңыз» деген сілтеу есімдігі келесі бір тұлғаның іс-әрекетін сілтейді.

Дейксистік есімдіктері анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданыста дискурспен тығыз байланыста болады. Олар анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданыстарында тек сөйлемнің жалпы мағынасымен байланыста ғана ерекшеленіп, түсіндіріледі. Дискурстағы есімдіктердің рөлін оның өзі құрамына енетін құрылымдардағы қызметімен, өзіндік ерекшеліктерімен байланыста қарау керек.

Дейксистік есімдіктердің барлығы дерлік анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданыста жұмсала алады. Анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданыстан сілтеу есімдіктерінің ерекшеліктерін, олардың сол қолданыстарының, қажеттіліктерінің шама-шарқын байқау үшін оларды дискурстық қолданудан бас тартып көру қажет. Егер біз мәтінді сілтеу есімдіктерінің қайталауларынсыз жазып көрсек, олардың қаншалықты қажет екенін, олардың анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданысынсыз оқиға, жағдайларды сөз ету мүмкін еместігін байқаймыз.

Дейксистік есімдіктері мен жасырын есімді топтың мәтін құрылымында пайдаланылуына әсер ететін факторлардың бірі – құрамында антецеденті мен анафорасы бар – сөйлемдер арасындағы тоғысу сипаты. Бұл тоғысу екі түрлі болып келеді:

1) Қатаң тоғысу, мұнда есімді топты пайдалануға болады, онда бір мезгілде немесе бірінен кейін бірі болған қимылдар көрсетіледі, не болмаса бір объектінің жай-күйін көрсететін сөйлемдер қолданылады. Мысалы, *Өзеннің ар жағында жайылым бар. Жайылымда сиырлар жайылып жатыр.*

2) Еркін тоғысу, мұнда сілтеу есімдіктерінің қолданылуы талап етіледі және де баяндауды өткен, келер шаққа ауыстыру үзіп жібереді де, олар міндетті түрде анафоралы сілтеу есімдіктерінің қолданасын қажет етеді. Мысалы, *Өзеннің ар жағында жайылым бар. **Сол** жайылымда өткен жылы сиырлар жайылушы еді, келесі жылы **бұл** жер шабындыққа берілмек.*

Мұнда «бұл» есімдігі болмаса, «оқушыларым Пифагор теоремасын білмейді деген ой» деген үзінді мен «сұмдық» деген сөздің арасында сәйкестік те болмас еді, бұл байланыс анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданыстағы есімдікті қолданыс арқылы ғана беріледі.

Міне, осылайша сілтеу есімдіктері антецеденттердің тепе-теңдіктерін сілтей отыра, контекстке қосымша сәйкестікті енгізеді. Анафорадағы сілтеу есімдіктерін қолдану қайталау құралымының сәйкестігіне байланысты, өйткені реті әртүрлі бір референтке сілтеу ретіндегі белгінің мағынасы әртүрлі болып келеді.

Дейксистік есімдіктердің анафоралық қолданыстығы контескпен байланысы өзара байланысты көптеген факторлармен, яғни қайталау енетін үзіндінің дискурстық құрылымында да, антецеденті бар үзіндіге де байланысты болады, солармен анықталады. Дейксистік есімдіктердің қолданысына антецедент пен қайталаудың қатынастары әсер етеді, сондай-ақ сілтеу есімдіктері бар анафоралық сөйлемдер дискурстан тыс айтыла алмайды.

Дискурстық қолданыста өзара байланысқа түскен тілдік элементтердің арасында кейде мағыналық байланыс жеткіліксіздеу болып жатады. Осындай жағдайларда сілтеу есімдіктері байланыс құралының қызметін атқара отыра, семантикалық алмастырушы ретінде синтаксистік байланысты ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, *Бұның бәріне қосымша – қаладағы достарды сағындым. Қаланы көргім келеді. **Сонымен** кеп қалдым (М. Әуезов); Қыз сорлылардың шалға телініп жат босағаны жастанғанымен өздерінің сол жігіттеріне деген сүйіспеншіліктерін жүректерінің түпкіріне түйіп өмір бойы жадында сақтап қалғанын білсін. Қаншама бармын, бақыттымын десе де, сол алғаш сүйген жігіттерінің төбесін көргенде шексіз қуанатындарын, оңашада соларды ойлап өксіп алатындарын, **осылардың бәрін** білсін (Ә. Нұршайықов).*

Мұндағы *сонымен, осылардың бәрі* есімдіктері семантикалық алмастырушы ретінде ұзыннан ұзақ дискурстық байланысты ұйымдастыруға мүмкіндік береді, бұл сілтеу есімдіктерінің анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданысының көпқырлылығын дәлелдей алады.

Дейксистік есімдіктердің анафоралық қолданыстарына көз жүгіртіп қарап отырсақ, анафоралық сілтеу есімдіктері бар тұтастық мынадай құрылымнан тұрады: есімдіктермен берілген референт, оны ауыстыратын сілтеу есімдіктері

немесе онымен мағыналық байланыстағы жағдай немесе дискурста алдын ала айтылған үзінді.

Дейксистік есімдіктер дискурс элементерінің байланысын көрсетеді. Дейксистік есімдіктер үшін сөйлесіп отырған кезде сөйлеушілерге белгілі, бірақ дискурста көрінбеген объектіні көрсету тән емес. Дейксистік есімдіктердің сілтейтін атауы дискурста болуы керек. Мынадай жағдайларда сілтеу есімдіктерінің анафоралық қолданыстары міндетті болмақ:

1. Бір референтке қатысты мәтіннің үзінделерін сәйкестендіру арқылы өздігінен тығыз байланысқа түспейтін тілдік элементтер арасындағы байланысты көрсету қажет болғанда. Мысалы, *Ұялшақтық – ұлтымызға тән қасиет қой. Әсіресе, ауыл балалары ұяң келетін әдеті емес пе? Жасында мен де* ***сондай*** *болдым (Ә. Нұршайықов).*

2. Семантикалық байланыстардың әлсізденуі синтаксистік факторларға байланысты болғанда сілтеу есімдіктерінің анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданыстары міндетті болады. Мысалы, *Кімнің сатушы, кімнің алушы екенін де ажырату қиын.* ***Мұнда*** *бәрі де сатылады: байдың ары да, жарлының малы да (І. Есенберлин);*

3. Сөйлесім жалпы пікір ретінде түсініліп оны жекелеген сөз ретінде қолдану қажеттілігі туындағанда анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданыстағы сілтеу есімдіктерінің жұмсалуы міндетті. Бұл ретте предикаттың да, есімнің белгілі– белгісіздігінің де семантикалық маңызы зор. Мысалы, *Кімнің құсы бұрын борып дуадақ ілсе, Еңлік-Кебек жыры* ***сонікі*** *болсын (М. Әуезов).*

Жалпы дейксистік есімдіктердің дискурстағы қолданыс аясы кеңінен сөз болатын мәселе, біз оның тек бір қырын ғана әңгіме еттік.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ибатов А. Қазақ тіліндегі есімдіктер тарихынан. – Алматы: Ғылым, 1966. – 22 – 37 бб.
2. Ибатов А. Қазақ тіліндегі есімдіктер. – Алматы: ҚМПИ, 1961. – 3– 27 бб.
3. Жұбанов А. Основные принципы формализации содержания казахского текста. – Алматы, 2001.
4. Смағұлова Г. Мәтін және дискурс. Мәдениетаралық қатысым мен қазақ, орыс филологиясының өзекті мәселелері / Халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 1 том. Алматы, 2004
5. Ашнин Ф.Д. Принципы дифференциации турецких указательных местоимений //Вопросы языкознания. – 1958. – № 2. – С. 101– 108.
6. Левицкий Ю., Шамова Г.А. Указатели ситуации. – Пермь: Пермьский университет, 1985. – С. 15– 37.
7. Салқынбай А. Функциональды грамматика очерктері. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 17 бб.

Оразгалиева Л.М.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
«КазГЮУ» Университеті

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТІЛІ ЖӘНЕ КӨРКЕМ МӘТІН ТҮЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Көркем әдебиет тілі де әдеби тілдің материалында жасалып, жалпы тілдік заңдылықтарға бағынатыны бесенеден белгілі. Көркем әдебиет тілінде тілдік элементтер көркемдік-эстетикалық мақсаттан туындаған поэтикалық тіл заңдылықтарына негізделеді. Суреткер шеберлігінің өзі ол тудырған көркем шығарма тілінің шұрайымен бағаланады. Көркем әдебиет тілінің поэтикалық шарттары шығарманың композициялық-стилистикалық құрылымынан, тілдік фактілерді ұйымдастыру тәсілдерінен көрініс береді. Көркем образ жеке сөзден тұрса да, сөз тіркесі, сөйлемнен тұрса да, шумақтан, тұтас бөлімнен тұрса да көркем шығарма тілінің эстетикалық құрылымға ие бөлшегі ретінде көрініс береді. Көркем шығарма тілінде сөздің қызметі түбегейлі өзгереді. Жаңа стилистикалық ортада экспрессивті-бейнелеуіштік қасиеттері барынша артады.

Көркем шығармадағы сөзге тек лексикология, грамматика тұрғысынан қарауға болмайды. Бұл мәселені М.О.Әуезов жеріне жеткізе айтып кеткен: «Сол түрдегі зерттеуші ғалым ғана тілде, әсіресе көркем әдебиет тілінде, грамматикалық шарттарға қосымша, поэзиялық өзгеше үстем шарт талаптар барын таныр еді. Оның ұғымынша көркем шығарманың бір сөйлемінде тұрған сөз бір-ақ қана ұғым, түсінік бермейді. Соны берудің үстіне ол әр алуан қосымша ассоциация тудырып, оқушыға қосымша елес-емеурін танытып тұрады. Бұндай қатарда, жеке сөз өзінің орны мен сәтін тапқан шақта жаңаша жанданып кетеді. Сондай шағына жетіп жанданған сөздің демі, лебі біліниіп, тың тірлік етіп, бал-бұл жанып тұрады.

Көп қолданудан өлі сөз боп кеткен сөз емес, қызықты, ыстық лепті қайнар сөз болады. Міне, осындай боп табыса түйіскен, қатар тұрған сөздер ақындық айғағы болады. Шеберлік кестесіне жүреді» [1,283]. М.Әуезов пікірінен түйгеніміз көркем шығарма тілі поэтикалық шарттарға, заңдылықтарға негізделіп құрылады. Ол шарттардың үддесінен шығу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Шынайы шебер ғана «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» жарыққа әкеле алады.

Көркем әдебиет тілінің маңызды бір мәселесі мәтін түзу болып табылады. Қазақ филологиясында мәтін түзудің теориялық мәселелеріне «Абайдың сөз өрнегі» атты монографиясында профессор Р.Сыздықова арнайы тарау бөліп, мынадай пікір айтады: «Текст түзілісінің өзіне тән шарттары болады. Кез келген көркем шығармада немесе оның кез келген тұсында текст түзіле бермейді. Қазақ көркем сөзінде текст түзудің айқын көрінісі Абай өлеңдерінен басталады деуге болады. Текст түзілісінің бір белгісі – шығарманың бір

бөлігінде немесе бір өлеңнің өн бойында мағыналары бірін– бірі айқындайтын, модальдық реңкі біртектес сөздерді шоғырлап беру. Модальдық реңк дегеніміз сөйлеушінің(жазушының, ақынның) айтылған ойға жағымды, жағымсыз көзқарасын білдіретін мағыналық реңк…»[2, 74]. Ғалым мәтін ішіндегі сөздер, тілдік тұлғалар қалай болса, солай алына салмай бір стильдік мақсатқа қызмет ететіндей таңдалып алынатынына назар аударып тұр.

Көркем мәтіннің түзілісі, тілдік ерекшелігі жөніндегі түйінді мәселелердің шешімін табуында профессор Б. Шалабайдың мына бір пікірінің мәні зор деп білеміз: «Көркем шығарманың тексі ондағы барлық элементтердің органикалық байланысты болуы себепті, көпқырлы қасиетімен, әртүрлі ендіктегі көптеген мағыналық қабаттасу, ұштасулармен ерекшеленеді. Сондықтан бір сөз не бір құрылым бір мезгілде әрі кейіпкердің(немесе бірнеше кейіпкердің), әрі оқырманның, әрі автордың көзқарасын білдіре алады.

Сөйтіп, көркем сөз зат, құбылыс, қимылды бір мезгілде әрі атайды, әрі көрсетеді, әрі бағалайды. Бұл оның ерекше, бейнелі түрде жалпылай алушылық қабілетіне байланысты. Көркем шығарманың тілі оқиға, құбылысты жалпылап беру арқылы біздің санамызда ондағы қатысқан сөздердің санынан анағұрлым көп түсінік туғызады. Көркем шығармадағы тілдің эстетикалық міндеті де осында.

Тілдік элементтер осылайша көркем мазмұнның компонентіне айналады, олар көркем мазмұнның сыртқы формасы болып қана қоймайды, оның құрамына табиғи түрде еніп құрамдас бөлшегіне айналады. Ондай сөзді басқа сөзбен ауыстыру не көркем бейнені бұзуға алып келеді, не басқа бір бейне жасайды. Сөз бен бейненің тығыз байланысы осыдан көрінеді»[3, 37-38]. Ғалым көркем шығарманы ерекше заңдылықтары бар өзіндік жеке эстетикалық құрылымға ие деп санайды. Эстетикалық құрылымға ие көркем мәтінде басы артық шашау шыққан бірде-бір сөз, бірді-бір тұлға болмауы тиіс. Тілдік тұлғалар бір-бірімен тығыз астаса келіп көркемдік мақсатқа қызмет етіп тұруы керек. Әрине бұл айтылғандар суреткердің шеберлігіне, өресіне байланысты болады.

Қазақ поэзиясыда Абай мәтін түзуде осындай биік талап үддесінен шыға білген. Ақынның қай өлеңін алсақ та, ондағы тілдік құралдар ортақ көркемдік мақсатқа қызмет етіп тұрады. Айтқанымыз дәлелді болу үшін мына бір шағын үзіндіге талдау жасап көрейік:

Мал мен бақтың дұшпаны,
Кеселді пысық көбейді,
Күшік иттей үріп жүр,
Кісіден кеммін демейді.
Қу тілмененқұтыртып,
Кетер бір күн *отыртып,*
Қызмет қылған кісісін
Құртуға таяйды.
Қылып жүрген өнері:
Харекеті– әрекет.

Өзі *оңбаған антұрған*

Кімге ойлайды берекет?

Осы өлең жолдарында *дұшпан, кеселді, күшік иттей үру, қу, құтырту, құрту, оңбаған, антұрған* сөздері әр түрлі сөз таптарына жататындығына қарамастан, бірыңғай жағымсыз экспрессивті-эмоционалды мағынаға ие екенін көреміз. Сол арқылы ақынның өзі айтып отырған мәселеге теріс көзқарасын танимыз. Әрине ол сөздер оқшау-оқшау қалмайды, өзара селбесе келіп, мәтіндегі өзге сөздерге де әсер етіп, сөйлеуші бағасын білдіруде ғана емес, тыңдаушы пікірін қалыптастыруда да біртұтас эстетикалық құрылым ретінде көрінеді. Сондай-ақ әрбір сөз мәтін талап етіп тұрған мағыналық-стильдік жүкті арқалайтын болады. Соның нәтижесінде сөз «деформацияланып», мағыналық құрылымында бірқатар қайта құрулар жүріп өткен. Сөздің лексикалық мағынасының негізін құрайтын заттық мағына екінші қатарға жылжып, сигнификаттық, коннотативтік бөліктері маңызды орынға шығуы мүмкін. *Дұшпан* сөзі заттық мағынада **қас, жау**сөздерімен синоним болады. Өлең жолдарында «*Мал мен бақтың дұшпаны»* деп қолданылғанда *дұшпан* сөзінің заттық мағынасы көмескіленіп, керісінше, жағымсыз экспрессия барынша айқындала түскен. Тура мағынасында адамдар бір-біріне дұшпан болады, малға, баққа дұшпан болмайды. Бір жағынан, *дұшпан* сөзінің лексикалық мағынасының өзегі **құртушы, жоюшы** деген сияқты ұғымдарға жылысқанын көреміз. Бұл ұғым, негізгі болмағанымен, *дұшпан* сөзінің лексикалық мағына құрылымында бар. Екінші жағынан, *мал, бақ* сөздерінің мағынасы метонимия жолымен ауысқан. Толықтырып айтқанда, *малы мен бағы бар адамның дұшпаны*. Бірақ ақын осылайша толықтырып айтса, сөздер бейнелілік қасиетінен айырылып қалар еді. Осы өлеңде сипатталушы субъектіні *пысық* сөзі білдірген. Ол тура мағынасында ширақ, еті тірі ұғымында жұмсалады. Өлеңде *пысық* сөзі басқа сөздермен тіркесу арқылы қосымша мағыналық реңктерге ие болады. *Мал мен бақтың дұшпаны* тіркесі *пысық* сөзінің күрделі эпитеті болса, *кеселді* сын есімі де эпитет ретінде жағымсыз экспессия үстеуге өз үлестерін қосқан.*Кеселді* сөзінің мағынасы кесапатты, залалды екені мәлім. Сондай-ақ *Күшік иттей үріп жүр* теңеулік құрылымының да сипатталушы мүшесі – *пысық*.Теңеудің образы – *күшік ит*, теңеудің негізі – *үріп жүр* сипатталушы мүшеге қатысты алғанда ауыспалы мағынада келгендіктен метафоралық теңеу болады. Осы теңеу арқылы пысықтың *берекесіз, шамасын білмейтін, еш нерсенің байыбына бармайтын, шатаққор* деген сияқты тағы бір қыры ашылады. *Қу тілменен құтырту* дегенде *құтырту* желіктіру, есірту, елірту ұғымын береді. Сол арқылы пысықтың айлакер, қу, сұм екендігі аян болады. *Отырту* өзгелік етіс тұлғалы етістігіне келер болсақ, жалпыхалықтық тілдік қолданыста *отырғызу* түрінде келеді. Отырту деп жұмсалуы тек ұйқас жасау қажеттігінен тумаған сияқты. *Қу тілменен құтыртып, Кетер бір күн отыртып* деп келгенде, *отырту* сөзінің мағынасы алдап кету екені белгілі болып тұрады. Бұл *отырту* сөзінің тура мағынасы емес, *Тақырға отырғызып кету* деген тұрақты сөз тіркесіндегі фразеологиялық байлаулы мағынасы. Мәтіндегі сөздердің әсерінен осы мағынасы жанданып,

отырту сөзі ерекше экспрессоидқа айналған. Сол сияқты *Харекеті-әрекет* қолданысы да көңіл аудартады. Бұлар арап-парсы тілінен енген бір ғана кірме сөздің дыбыстық варианттары бола тұра, мәтіндегі басқа сөздермен ықпалына түсіп, мағыналық дифференцацияға ұшырағанын көреміз. *Харекет*-кәсіп, шаруа, *әрекет* айла-шарғы, қулық ұғымдарын білдірген. Сонымен қатар *Харекеті – әрекет* деп қосарланып келуі арқылы тынышсыздық, мазасыздық сияқты ұғым қоса бой көрсетіп, жағымсыз көзқарас та аңғарылып қалады. Өленде тілдік құралдар қатаң өлшемге құрылып барынша сығымдалған сайын, көркемдік қуаты еселеніп, мазмұн жағынан ұлғая түсетіндей. Ақынның шығармашылық ойы логика-семантикалық байланыстарды ширата отырып, тосын тіркестер арқылы сөзді ойната, құбылта қолданып, көп қырлы, сан салалы байланыстар нәтижесінде мағыналық құрылымы ұлғаяды. Мәтіндегі сөздер бір-біріне арқа сүйей отырып мағыналық сыйымдылығы артады.

Абайға дейінгі қазақ поэзиясында мәтіндегі тілдік құралдардың бәрінің тегіс бір көркемдік-стильдік мақсатқа жұмылдырылып, эстетикалық бүтіннің ажырамас бөлшегіне айналуы кездесе қоймайды. Абайға дейінгі қазақ поэзиясын шолып қарағанда, көрнекті ақын Дулат Бабатайұлының басқалардан ерекшеленіп тұратыны бірден байқалады. Дулат пен Абай әлеуметтік тақырыптарды жырлауда көп ретте үндестік тауып жатады. Профессор Р.Сыздық: "Қазақтың жазба поэзиясының алғашқы нышандары Дулат өленderінен көрінеді. Іргетасты қалаған Абай болса, соны қалау кезеңі туғандығын, қалайша қалаудың алғашқы үлгісін көрсеткен Дулат деп айтуға әбден болады"[4,582] – деп әділ бағасын берген болатын. Тілі көркем, мазмұны терең түйдектер Дулатта да бар. Мысалы,

Саудагер сарттай қайтты өмір
Құмар ойнап ұтылған.
Мөңіреп жұртқа ой қайтты,
Бұзауы өлген сиырдай.
Ләпсі – төбет қабаған
Жемтік көрсе тұра ма
Ырылдап танау жиырмай?
Өзімнен-өзім қызғанып,
Азын-аулақ жиғаным
Өзіме де бұйырмай.

Өленdегі образдар сонылығымен бірден көңіл аударады. *Өмірдің құмар ойнап ұтылған саудагер сартқа* теңелуі, «*Мөңіреп жұртқа ой қайтты, Бұзауы өлген сиырдай»* дерексіз нәрсені жанды бейнеге айналдырып, көз алдымызға келтіреді. Дегенмен үңіле түссек, өлең жолдары біртұтас құрылымға айналып кетпей, образдар өз алдына оқшауланып қалатындай әсер қалдыратынын аңғару қиын емес. Өзара ұласып, бүтін көрініс жасаудың орнына жеке-жеке фрагменттер түрінде елес беріп өтеді. Яғни мәтін элементтері сыртқы форма жағынан өлшемге құрылғанмен, ішкі мағыналық арқауы босаң. Өз шығармаларын ауызша жырлағандықтан Дулат ақынға жазба әдебиеттің қатаң талаптарын қоя алмаймыз. Мысалы,

Құрт жегендей қуарып,
Дәнің тандыр суалып.
Елдігің кетіп ыдырап,
Алтын жағаң сөгіліп,
Абыройың төгіліп,
Барыңнан да жақсы еді
Жоқ болғаның мұнан да –деген жолдардан жыраулар поэзиясының дәстүрін көреміз. Ақын тыңдаушысымен тікелей қарым-қатынаста болатындықтан, олардың қабылдау қабілетін, ойды түсіну мүмкіндіктерін ескермей тұра алмайды. Соған байланысты Дулат шығармашылығында да ауыз әдебиетінің белгілері молынан көрінеді.

Мәтіндегі әрбір тілдік элемент эстетикалық құрылымға енгенде мағыналық жағынан да, стильдік жағынан да белгілі бір өзгерістерге ұшырайды, сөйтіп көркем мазмұнның компонентіне айналады. Абай айтқан «Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» деп қойған талабы көркем шығарманың сыртқы түріне ғана емес, ішкі мазмұнның да бірлігіне, бүтіндігіне меңзеп тұрғандай. Мұндай эстетикалық мазмұн мен құрылымдық бүтіндікке тек жазба әдебиетте ғана қол жеткізуге болады.

Абай мақал компонентін болсын, жеке сөздерді болсын өлеңнің идеялық-композициялық мазмұнына сай келгендіктен алады да, жаңа мағына бітіріп, көркем мәтіннің бірлігіне, стилистикалық бірлікке айналдырып жібереді. Ол жалпыхалықтық тілдегі әдеттегі лексика-грамматикалық сөз немесе тұрақты сөз тіркесі болып қала бермей, ақын қолданысында жаңа маңызға ие болып жарқырай түседі. Өлең мәтіні де қатып қалған өлі шындықты емес, жанды өмір шындығын барлық бояуымен, ыстық лебімен, ащы запыранымен алға тартып, ой-қиялымызда өрнектеп өтеді. Көркем шығарма тілінің идеялық – композициялық құрылымы біртұтас болуы маңызды. Тілдік құралдар автордың ойын, идеясын, жан сезімін беруде көркемдік-эстетикалық талғамына сай шебер үйлесім тапқан жүйелі құрылым түзеді. Көркем шығармада мазмұн мен форма ажырамас бірлік ретінде көрінеді. Қандай суреткер болса да халықтық тілден басқа тіл жасай алмасы даусыз. Көркем әдебиет тілі дегенде адамның ой-сезіміне, ақыл-санасына, жан-дүниесіне бірдей әсер ететіндей экспрессивті-бейнелілігін айтамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы: – Т.19. Зерттеулер, мақалалар. –Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.

2. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы, 1995. – 208 б.

3. Б.Шалабай Көркем әдебиет стилистикасы. –Алматы, 1999. –197 б.

4. СыздықР. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. –Алматы, 2004.–616 б.

Саттарова А.
ҚТӘ – 41 тобының студенті;
Ерғалиев Қ.С.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты

СОТ ДИСКУРСЫНЫҢ МӘНІ МЕН ҚЫЗМЕТТІК БЕЛГІЛЕРІ

Қазіргі заманда қоғамдық қатынастарды реттеудің басты түрі құқықтық жүйе болып табылады. Бұл жүйе коммуникативтік тәжірибеде көптеген вариативтік мағынаға ие болып, заңгерлік дискурстың лингвистикалық релевантты сипаты мен сот саласының бір бөлімі болып есептеледі. Сот нормаларындағы тілдік жүйе сот ісіндегі прецеденттік, қалыпты заңгерлік тәжірибеде кең қолданыстағы мамандар тіліндегі маңызын жойып, әртүрлі коммуникативтік жағдайларда өзгертіліп тарайды. Нәтижесінде оның сот дискурсындағы мазмұндық презентациялық маңызы жойылады. Тіл ғылымында сот дискурсы сипаттамасының динамикасы әлі де зерделеуді талап етеді.

Сот дискурсының нарративтікмодельдеуі қызметтік, құрылымдық, себеп-салдар және аксиологиялық сипаттамаларын толық ашуға мүмкіндік береді. Сот дискурсының мәні оның ерекше қызметтік белгілерімен анықталып, перформативтік белгі ретінде арнайы дискурсивтік тәжірибеде көрініс табады. Аталған дискурс түрінің құрылымдық сипаттамалары заңгерлік оқиға мен арнайы жанрлық ұйымдарда қарастырылатын коммуникативтік қарым-қатынастың бір түрі ретінде жұмсалады. Сот дискурсының нарративтік моделі қатысушылар арасындағы арнайы қатынастарды анықтау, оның аксиологиялық табиғатын сипаттау, презентациялық ерекшеліктері мен заңгерлік дискурстың түрлерін ерекшелеу үшін қолданылады.

Сот дискурсының негізгі құрылымдық бірлігіне оның орындаушысының заңды мүдделерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заңгерлік-релевантты коммуникативтік әрекеттер кешені жатады:

I. 1) сот дискурсының заңдық белгілерін анықтау (регулятивтік, перформативтік және сюжет– фабула);

2) модельдеу құрылымы және оның сипаттамасы (референттік, модельдік және нарративтік компоненттер);

3) сот нарративі жанрлық форматының мінездемесі заң оқиғасының проекциясы ретінде ситуативтік, нормативтік және интенционалдық құрылымы болып табылады;

4) сот дискурсы қатысушыларының мәртебелік белгілерін сипаттауда олардың институционалдық көзқарастарын, коммуникативті әрекеттердің жанрлық модальдігі, сот нарративінің қызметінде жұмсалады;

5) сот дискурсының аксиологиялық негіздерін түсіндіру (құқық қағидалары, заңгерлік концептілер, скриптер);

6) сот дискурсын нарративтік ұйымдастыру деңгейін анықтау құқықтық сюжет – сот фабуласы – мәтін);

7) сот нарративінің түрлері (мимодраматикалық және хабарлама);

II. Сот дискурсы келесі компоненттерден құралатын сызбалар арқылы сипатталады:

а) референттік (шынайы ашылған оқиға);

б) модельді (нақты қайталанатын жағдайларды қорыту);

в) нарративті (қатысушылардың бірінің көзқарасының баяндалуы);

III. Сот дискурсы қатысушыларының мәртебелік сипаттамалары келесі белгілер арқылы анықталады:

а) институционалды позиция (судья, сотталушы, мемлекеттік айыптаушы, куә, т.б.);

б) коммуникативтік әрекеттік жанрлық модальдігі (айыптаушы, қорғаушының қолдаухаты, бас тарту өтініштерін түсіреді, куәлардан жауап алады; судья шешім қабылдайды; куә айғақ береді, сарапшы қорытынды шығарады);

в) сот нарративінің нысандық ұйымдастырылуы (осы лингвомәдениетте қабылданып, белігілі заңгерлік тәртіп нормаларын көрсететін стереотиптік құрылымдар);

IY. Сот дискурсының аксиологиялық негіздері мынадай жүйеден тұрады:

а) белгілі социумға тән құқық қағидалары;

б) регулятивтік концептілерін түсіндіретін легитим әрекеттер таңдауы;

в) коммуникативтік оқиғаның дамуын болжайтын скриптер.

Y. Сот дискурсының нарративтік ұйымдастыруы келесі үш деңгейден тұрады: құқықтық сюжет, сот фабуласы (екі жақ тараптардың оқиғаны баяндау материалы), сот отырысы қатысушылардың мәтіні (хаттама, үкім, шағым, қолдаухат, ұсынылым).

YI. Заңгерлік нарративінің презентация түрлері миметикалық (диалог формасында) және сұратылған (дискурсқа қатысатын тұлғалардың түрлі позициясынан хабарлама түрінде рәсімделген).

Сот нарративінің агональды табиғаты оның түрлі типтік қатысушыларының коммуникативтік тәрібінде көрініс табады. Оқиғаның ішкі қатысушылары заңгерлік пропозиция актанты ретінде көрсетілуі мүмкін. Сыртқы қатысушылары пропозицияның модальдік шеңберін қалыптастырады және сыншы немесе эмпатик позицияларының бірін алады.

Қазақстандық заманауи заңнама тілін заң актілерінде қолдануда мемлекеттік тілдің мәртебесі жоғары. Заңнамалық мәтін – бұл заң шығарушының еркін тілдік нормасы. Заңнамалық қызметте композициялық және тақырыптық дәстүрлер көп қолданылады. Заң тілінің лексикалық, грамматикалық, фонетикалық және стилистикалық нормалары бірқалыпты жүйеде сақталады.

Заң мазмұнын нақты қабылдауына ықпал ететін факторлар: заңдардың тілдік сараптамасы, заңнамалық стильді жетілдіру мәселелері, тұрғылықты халықтың тіліне заңдарды және құқықтық актілерді аудару мәселесі жатады.

Заң шығару үрдісінде заң техникасының лингвистикалық әдістері негізгі бөлік болып табылады. Нормативтік құжаттар құрылымының қатаң тәртіпте жұмсалу реті сақталады. Құқықтық түсініктерді лингвистикалық тұрғыдан қарастыратын болсақ, заң шығарушы қызметтің белгілі кезеңінде алған нәтижелерін бекіту, заң шығарушының еркіндігі, құқықтық түсініктерді нақты жеткізілу дәрежесі толық қалыптастырылады. Заңның лингвистикалық сапасы оның тілдік нормаларын дұрыс қолдануда анықталады.

Әдеби тіл нормаларын бұзуда жіберілетін кемшіліктер:

– заң жобаларын шығаруда;
– қаржылық-экономикалық негіздемелерде;
– түсініктеме жазбаларында;
– салалық комитеті және басқалардың шешімдерінде;
– заң шығару процесінің құқықтық бағыттағы мәтіндерінде.

Сот төрелігін асыру саласында қолданылатын мәтіндер құрылымы:

– Сот ісін жүргізу және оның тілі.
– Қолданыстағы құқықтық реттеуде сот ісін жүргізу тілін толыққанды түсіну.
– Сот ісін жүргізу тілінің ерекшеліктері сот құзыреттілігіне байланысты (конститутциялық сот ісін жүргізу, азаматтық сот ісін жүргізу, қылмыстық сот ісін жүргізу);
– Сот процесі барысын бекітетін процессуалдық құжат – хаттама.

Сот отырысының хаттамасы негізгі іс жүргізу құжаттарының бірі болып табылады. Мұнда сот талқылау барысында жасалған барлық іс жүргізу әрекеттері көрсетіледі.

Хаттаманың маңызды дәлелдемелік мәні бар, сондықтан оның мазмұны, құрастыру тәртібі мен нысаны заң талаптарына сәйкес болу керек. Хаттамадағы деректер сотпен іс бойынша шығарылған сот қаулыларын негіздеуге пайдаланады, ал іс бойынша қатысатын тұлғаларға арыз талаптары негізіне салынған, талап арызға қарсылық, олардың процесуалдық құқықтарын бұзу, сот және процестің басқа қатысушылары тарапынан процесуалдық міндеттерін орындамау туралы өз уәждерін растау және кері дау тудыратын әрекеттердің заңдылығы мен негізділігі.

– Жазба мәтінді ауызшаға аударып, сот отырысы хаттамасында ауызша мәтінге құқықтық мәртебе беру.
– Сот актісінің стилі және тілдің спецификасы.
– Сот актісі түсінігі және оның маңызды белгілері.
– Сот актісінің формасы мен мазмұнының өзара байланысы.
– Сот актісінің кіріспе бөлімінде баяндау ережесі.
– Сот актісінің сипаттау және негіздеу бөліктерін баяндау. Сот актісінің қарар бөлігін баяндау.
– Сот актісін құрастыруда жіберілетін типтік қателер жігі.
– Заң құжаттарының басқа түрлері.
– Азаматтық істер бойынша сотқа өтініштерді құрастыру техникасының ерекшеліктері.

– Талап арыз. Қарсылық. Өтініш (қолдаухат). Шағым [1, 157].

Сот талқылауы тікелей және ауызша жүргізіледі:

1. Сот істі қарау кезінде іс бойынша дәлелдемелерді тікелей зерттеуге: жеңілдетілген іс жүргізу тәртібімен қаралатын істерді қоспағанда, тараптардың және іске қатысатын басқа да адамдардың түсініктемелерін, куәлардың айғақтарын, сарапшылардың қорытындыларын, мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін – өзі басқару органдарының қорытындыларын тыңдауға, құжаттармен танысуға, заттай дәлелдемелерді қарап-тексеруге, дыбыс жазбаларды тыңдауға және бейнежазбаларды, кино, фотоматериалдарды көруге, өзге де ақпарат өзгерту құралдарының материалдарымен танысуға міндетті. Қажет болған жағдайларда іс бойынша дәлелдемелерді зерттеген кезде сот маманның кеңесі мен түсіндірмелерін тыңдайды.

Тараптардың және іске қатысатын басқа да адамдардың түсініктемелерін, куәлардың айғақтарын, сарапшылардың қорытындыларын, мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қорытындыларын тыңдауды сот нақты уақыт режимінде бейнебайланыс арқылы жүзеге асыра алады.

2. Істі талқылау ауызша жүргізіледі. Істі қарау процесінде судья алмастырылған жағдайда істі талқылау басынан бастап жүргізілуге тиіс.

Сот жарыссөздері:

1. Сот жарыссөздері іске қатысушы адамдар мен өкілдердің сөздерінен тұрады.

2. Алдымен талап қоюшы және оның өкілі, ал содан соң жауапкер мен оның өкілі сөз сөйлейді. Басталып кеткен процесте даудың нысаны бойынша дербес талаптар қойған үшінші тұлға мен оның өкілі тараптар мен олардың өкілдерінен кейін сөз сөйлейді. Даудың нысанасы бойынша өз бетінше талаптар қоймаған үшінші тұлға мен оның өкілі талап қоюшыдан немесе үшінші тұлға іске өзі қатысатын жақтағы жауапкерден кейін сөз сөйлейді.

3. Прокурор, мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың өкілдері және басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінген азаматтар сот жарыссөздерінде соңынан сөз сөйлейді.

Репликалар:

Жарыссөзге қатысушылардың барлығы сөз сөйлеп болған соң олар сөздерінде айтылғандарға байланысты екінші рет сөз сөйлей алады. Соңғы реплика құқығын үнемі жауапкер мен оның өкілі иеленеді.

Прокурордың қорытындысы:

Іс бойынша тарап болып табылмайтын және осы Кодекстің 55-бабының екінші бөлігінде көзделген тәртіппен процеске қатысушы прокурор сот жарыссөздерінен кейін жалпы істің мәні бойынша қорытынды береді.

Шешімді түсіндіру:

1. Шешім түсініксіз болған жағдайда істі қараған сот іске қатысушы адамдардың өтініші бойынша, сондай-ақ сот орындаушысының өтініші бойынша шешімді оның мазмұнын өзгертпей түсіндіруге құқылы. Шешімді

түсіндіруге ол әлі орындалмаған және шешім мәжбүрлі түрде орындалуы мүмкін мерзім өткенге дейін жол беріледі. Сот шешімді түсіндіру туралы өтінішті, өтінішті өтініш қабылданған күннен бастап он күн мерзімде қарауға міндетті.

2. Шешімді түсіндіру туралы мәселе сот отырысында шешіледі. Іске қатысушы адамдарға, сондай-ақ қарау нысанасы оның түсіндіру туралы өтініші болған жағдайларда сот орындаушысына сот отырысының уақыты мен орны хабарланады, алайда олардың келмеуі шешімді түсіндіру туралы мәселені қарауға кедергі болмайды.

3. Соттың шешімін түсіндіру туралы ұйғарымына жеке шағым, наразылық берілуі мүмкін [2, 104].

Сот дискурсына қатысты ғалым В.И. Карасик өз пікірін былай білдірген: «Мы полагаем, что судебный дискурс является ярко выраженным типом институтциального дискурса, представляющего собой общение в заданных рамках статусно-ролевых отношений» [3, 9].

Қорыта айтсақ, жоғарыда сот дискурсына қатысты аталған талдау заң дискурсының әр алуан түрі ретінде сот отырысы залының функционалдық қызметінде жұмсалады. И.В Карасиктің пікіріне сүйенсек, жүйе құрайтын белгілердің болуы институционалдық типінен анықталады. Сот дискурсы жанрының негіздемесі әлі де даулы мәселердің бірі болып табылады және толыққанды зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Палашевская, И.В. Судебный дискурс: функции, структура, нарративность. –Волгоград: Парадигма, 2012. –346 с.

2. Статьи из гражданского процессуального кодекса РК. –Алматы: «Издательство «Норма– К», 2016. –224 с. Реплика – 218 бап, 104 б., сот жарыссөздері – 217 бап 104 б., прокурордың қорытындысы, шешімді түсіндіру – 219 бап 104 бет.

3. Карасик В.И. О типах дискурса //Языковая личность: институциональный и персональный дискурс. –Волгоград: Перемена, 2000. – 520 с.

Сәдуақасұлы Ж.,
филология ғылымдарының докторы, ак. профессор,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік унивеситеті

ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ МӘТІН ҚҰРАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Қазақ тіл ғылымында мәтін синтаксисі – кенжелеу қолға алынған, шешімін әлі де толық таба қоймаған қыры мен сыры көп саланың бірі. Соңғы ширек ғасыр көлемінде ең өзекті мәселе ретінде мәтін мәселесі еліміздің белгілі

ғалымдарының (Б.Шалабай, Ж.Жақыпов, С.Мұстафина т.б.) зерттеу еңбектерінен орын алды. Расында, мәтін мәселесінің сахнаға кейінірек шығу мәнісін Б.Шалабай былайша түсіндіреді: «Мәтіннің зерттелуіне алып келген жай сөйлемдегі көптеген құбылыстардың (мыс., сөздердің орын тәртібі, шақ құбылысы т.б.) мазмұны, қызметі жағынан толық сипатталып түсіндірілмеуі болды. Сөйлем шеңберінде түсіндіруге келмейтін грамматикалық құбылысты түсіндіру үшін сөйлемнен тыс кеңістікке – мәтін кеңістігіне шығуға тура келді.

Екіншіден, тілді зерттеуге коммуникативтік-функционалдық тұрғыдан келу де мәтінді зерттеуге алып келді» [1, 421].

Әрине, мәтінге бет бұру біздің ғылымда ғайыптан пайда болған жоқ, оған өткен ғасырдың орта тұсында орыс ғалымдарының еңбектерінде көрініс бере бастаған «күрделі синтаксистік тұтастық» жайындағы еңбектер себеп еді. Сондай тілдік құрылымдардың қазақ тілінде де бар екені жайындағы пікірлерді біздің ғалымдарымыз да айта бастады (Т.Қордабаев, М.Серғалиев т.б.). Алайда, ондай конструкциялардың мәтінге тән белгілері мен ерекшеліктері, әсіресе коммуникативтік синтаксис тұрғысынан сипаты ашылмаған күйінде қала берді.

Тіл білімі сөздіктерінде мәтінге мынадай анықтама беріліп жүр: «Мәтін – тілдік таңбалардың мағыналық және тұлғалық байланысы негізінде түзілген жүйелі тізбесі» [2, 208]. Мәтіннің басты белгілері ретінде зерттеушілер оның *тұтастық, біріктірушілік, аяқталғандық* сипаттарының болуын тілге тиек етеді. Ал Б.Шалабай мәтінді қарым– қатынастың құралы ретінде тани отырып, оған тән белгілерді былайша нақтылайды: «Сонымен, мәтіннің басты белгілері – *жайылыңқылық, ізбе-ізділік, байланыстылық және аяқталғандық»* [1,424]. Осындай белгілер сөйлемде де, сөйлемдердің тіркесінен тұратын күрделі синтаксистік тұтастықта да немесе бірнеше синтаксистік тұтастықтан тұратын абзацта да, бірнеше абзацтан тұратын тұтас шығармада да болғанда ғана ол мәтінге барабар болады.

Осы тілдік бірліктердің ішінде мәтін құрылымын түсіндіруде көбінесе **күрделі синтаксистік тұтастық** ауызға алынып жүр. Соңғы шыққан «Қазақ грамматикасында» (осы бөлімді жазған М.Серғалиев): «Күрделі синтаксистік тұтастық деп бірнеше сөйлемдердің тізбегінен жасалып, мағыналық және құрылымдық жағынан тұйықталған, белгілі бір күрделі ойды білдіретін синтаксистік бірлікті айтамыз», – деген анықтама берілген [3,735].

Жалпы, осы мәселені сөз еткен ғалымдардың пікірінше, күрделі синтаксистік тұтастыққа мынадай белгілер тән: ең алдымен, ол бірнеше сөйлемнің мағыналық жағынан өзара жақын келіп тіркесуінен құралады, екіншіден, бұл сөйлемдер тобы толық аяқталған, тұйықталған ойды немесе ой бөлшегін білдіреді. Сондай-ақ, синтаксистік тұтастық құрайтын сөйлемдердің өзара тіркесуінің тәсілдері мен интонациялық бірлігі болады, әр сөйлемнің және оны құрайтын мүшелердің тұтастық ішіндегі негізгі бір қызметі болады, сол арқылы тұқтастықтың құрылымы түзіледі. Нақтырақ айтқанда, бір сөйлем (негізінен, алғашқы сөйлем) бүкіл ойды жинақтап, соған бастау болып тұрса, ал бір сөйлем (әсіресе, соңғы сөйлем) сол ойды тиянақтап, қорытып, тұжырымдап тұрады. Яғни, бірінші сөйлемді тұтас ойдың темасы деп, ал соңғы сөйлемді

ойдың ремасы деуге болады. Ал, осы екеуінің арасында ойдың жалпы дамуына, оның көлемі жағынан өзгеруіне септігін тигізетін сөйлемдер болады. Тұтастықтың осындай құрылымын шартты түрде жай сөйлемнің предикаттық қатынастағы бастауыш– баяндауыштық және тұрлаусыз мүшелер қатысатын құрылымымен салыстыруға болады.

Мәтін мәселесін өзінің зерттеу жұмысына арқау еткен Ж.Жақыпов «күрделі синтаксистік тұтастық» терминін қазақ тілінің төл тума сөзі «шумақ» терминімен ауыстыруды қалайды және оны ғылыми тұрғыда дәлелдейді де, қорытындысында мынадай анықтама береді: «Шумақ деп мәтін құрамында бір тақырыпшаға шоғырланған, грамматикалық жағынан аяқталған (бас әріптен нүктеге дейін), бір-бірімен белгілі бір тәсілдер арқылы байланысып тұратын дербес сөйлемдердің тиянақты ойды білдіретін бірлігін айтамыз» [1, 286].

Қалай болғанда да, мәтінді зерттеуде ең ыңғайлы құрылым оның шағын көрінісі болып табылатын *шумақ* (күрделі синтаксистік тұтастық) ыңғайлы болатыны даусыз.

Мәтін құрау үшін оның ойда пайда болатын мазмұнына сай белгілі бір тілдік құралдардың ұйымдасқан бірлігі қажет. Яғни, осы тілдік құралдар бір–бірімен мағыналық байланыста болса, мәтін ішіндегі бөліктер де өзара байланысқа түсіп тұтас, аяқталған мағыналы мәтін құрауға алып келеді.

Бұл ойымызды Ы.Алтынсариннның «Аурудан аяған күштірек» деп аталатын шағын әңгімесін талдау арқылы дәлелдеп көрейік.

Аурудан аяған күштірек

Сейіт жол үстінде жүгіріп бара жатып, бір арбаға келіп, аңғарусыз соғып кетіп, аяғын сындырып алыпты. Ойбайлап жылап жатқан баласын көріп, шошынғаннан шешесі есінен танып қалыпты. Мұны көрген соң, Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып, таңып жатқанда да дыбысын шығармапты, қабағын да шытпапты. Сонда сыныққшы кісі:

– Аяғың ауырмай ма, қабағыңды шытпайсың, – деп сұрапты. Сейіт шешесі шығып кеткен соң, демін алып, сыныққшыға сыбырлап:

– Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп жатыр, бірақ менің жанымның қиналатынын көрсе, әжемнің жаны онан жаман қинала ма деп сабырлық қылып шыдап жатырмын, – депті.

Мәтін тақырыбына зер салсақ, адам сезімінің екі түрлі күйі (ауру және аяу) беріледі де, соның екіншісі (аяу) біріншіге қарағанда басым, күшті болатыны ұғынылады. Енді неге бұлай болатыны мәтін ішіндегі сөйлемдер мен сөйлем мүшелерінің өзара мағыналық қарым– қатынасы арқылы шешімін табуға тиіс.

Алғашқы сөйлем мазмұнында Сейіттің «аяғын сындырып алуы» баяндалады. Сынған аяқтың ауыратыны белгілі. Аяғы ауыратын баланың «ойбайлап жылайтыны» да шындық. Осы сөйлемнің баяндауышы арқылы берілген «аяқтың сынып қалу» әрекетінің себебін білдіретін тілдік бірлік – «аңғарусыз» сөзі. Аңғарымсыздық – балаға тән қасиет. Екінші сөйлемнің басындағы «жылау» әрекеті – баланың жан күйзелісінің көрінісі. Бұл да балаға тән қасиет. Ал бауыр еті баласының мұндай жан күйзелісі қай анаға әсер етпейді дейсің. Мұны көріп, «шошынған шешесі есінен танып қалады».

Нақтырақ айтқанда, «жылау» «шошынудың», «шошыну» «естен танудың» себепшісі болып түсініледі. Яғни, бір сөйлемдегі ой мазмұны екінші сөйлемдегі ойдың тууына себепші – негіз болып, тығыз мағыналық байланыста тұр. Бұл мағыналық байланыстарды туғызуға себеп болатын екі сөйлемде де жеке сөздер – баяндауыштар (предикаттар) – бар екені белгілі болды.

Енді осы екінші сөйлем мазмұнына байланысты келесі бір жаңа тың мазмұн пайда болады, ол – «баланың жылағанын қоя қойып, дыбыс шығармауы». Бұл әрекетке себепші болып тұрған баланың анасының талып қалғанын көруі. Бұл үшінші сөйлем арқылы берілген. Төртінші сөйлем мазмұны да осы үшінші сөйлем мазмұнымен байланысты туындайды. Сынықшы баладан «жылағанын қойып, дыбыс шығармауының» себебін сұрайды. Бесінші, соңғы сөйлем (баланың жауабы) – бүкіл мәтіннің қорытындысы, «аяғы ауырса да, шешесіне аяушылық білдіріп, дыбыс шығармауы» – әңгіме тақырыбын ашатын кілт.

Бес сөйлемнен тұратын күрделі синтаксистік тұтастық бір ғана абзацты құрайтын, «дене ауруын анаға деген аяушылық сезім – жүрек сезімі жеңуге тиіс» деген мағынаны білдіретін ойға құрылған тәрбиелік мәні бар тұтас мәтін болып шыққан. Бұл – мәтіннің мағыналық тұтастығын айғақтайтын мысал.

Енді осы мағыналық тұтастықтың болуы үшін мәтін ішіндегі негізгі сөйлемдердің өзара қандай тәсілмен байланысқанын байқап көрейік.

Уақиғаға бастау болған алғашқы сөйлемдегі аурудың шыққан көзі, негізі «сындырып алу» етістігінің мағынасымен – сөйлемнің баяндауыш мүшесімен тығыз байланысты. Ал «аяғын» сөзі (толықтауыш мүше) сынған қай мүше екенін дәл көрсету үшін қажет. Сонда сөйлемдегі негізгі ой «Сейіт аяғын сындырып алыпты» деген құрылымнан тұрар еді. Бұл жағдайда, *Сейіт* – тема, *аяғын сындырып алыпты* – рема болады.

Екінші сөйлемнің мазмұны уақиғаға екінші кейіпкердің қатысқанын, соның әрекетін баяндайды. Яғни, шешесі бұл уақиғаны көзімен көргеннен кейін оның бойында балаға деген сүйіспеншіліктен туған сезім әрекеті пайда болады. Бұл мағына «шешесі есінен танып қалыпты» деген предикаттық қатынас (сөйлем) арқылы беріледі. Сонда осы екі сөйлемді негізгі мағыналарын білдіретін құрылымы ыңғайында тіркестіріп көрсек, былай болып шығады: *Сейіт аяғын сындырып алыпты. Шешесі есінен танып қалыпты.*

Осы екі жай сөйлем белгілі бір жеке ойды білдіретін тиянақты құрылымдағы сөйлемдер болғанымен, осы екі ойды тұтас бір үлкен ойдың бөлшектері етіп көрсететін және оларды жалғастыратын бір тетік, дәнекер керек екені байқалады. Ол – екінші сөйлемдегі күрделенген сөйлемнің бағыныңқы сыңары – «Ойбайлап жылап жатқан баласын көріп» деген көсемшелі оралым болады. Егер осы оралым болмаса, шешесінің есінен тану әрекетінің жүзеге асуы да неғайбыл болар еді. Сөйтіп, екі сөйлемдегі ойдың мағыналық байланысына екінші сөйлемнің құрамына енетін тұтас оралым (немесе аяқталмаған сөйлем) дәнекер болып тұр деуге әбден болады.

Ал екінші сөйлем мен үшінші сөйлемдегі негізгі ойларды (*Сейіт дыбысын шығармапты, қабағын шытпапты*) дәнекерлеуші тұлға үшінші күрделенген

сөйлемнің бірінші сыңары болып табылатын «мұны көрген соң» оралымы болады. Егер осы оралым (немесе сөйлем) болмаса, Сейіт жылауын жалғастыра берер еді.

Төртінші сөйлем (сыныққшының сұрағы) үшінші сөйлем мен бесінші сөйлемді мағыналық байланысқа түсіру үшін тұтастай қызмет етіп тұр. Егер осы сөйлем болмаса, баланың жылауын тоқтату себебі анықталмас еді, әңгіме тақырыбы да ашылмай қалған болар еді. Соңғы сөйлемнің негізгі ойды білдіретін құрылымы – *Сейіт (**бастауышнемесе тема):** – Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп жатыр, бірақ менің жанымның қиналатынын көрсе, әжемнің жаны онан жаман қинала ма деп, сабырлық қылып шыдап жатырмын, – депті (**баяндауышнемесе рема)*** сөйлемі болып табылады. Енді осы әңгіменің тұтас құрылымын мынадай үлгіде көрсетуге болар еді:

1.Сейіт… аяғын сындырып алыпты.

Ойбайлап жылап жатқан баласын көріп,

2. …шешесі есінен танып қалыпты.

Мұны көрген соң,

3. Сейіт …дыбысын шығармапты, қабағын шытпапты.

Сонда сыныққшы кісі: – Аяғың ауырмай ма,
қабағыңды шытпайсың, – деп сұрапты.

4. Сейіт…: – Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп жатыр, бірақ менің жанымның қиналатынын көрсе, әжемнің жаны онан жаман қинала ма деп сабырлық қылып шыдап жатырмын, – депті.

Сонда бұл мәтіннің тақырыбына сай тұтас ойды білдіруге негіз болатын сөйлемдер (алғашқы және соңғы) өзара жалпы ойды толықтыруға қатысы бар басқа бір сөйлемдердің мағыналары арқылы байланысқан болып шығады. Бұл – мәтін ішіндегі сөйлемдерді байланыстырудың бір ғана тәсілі.

Сонымен, мәтін талдау оны құрайтын сөйлемдердегі мағыналық байланыстарды дұрыс табумен, ол мағыналарды беретін сөйлемдердің құрылымдық элементтері мен оларды байланыстырушы тілдік бірліктерді дұрыс анықтаумен тығыз байланысты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар (монография-оқулық). – Алматы: «МТДИ», 2016. – 464 б.

2. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 440 б.

3. Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

Таласпаева Ж.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

ГАЗЕТ ТІЛІНІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ТАНЫТУДАҒЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Бүгінгі қоғамның әлеуметтік, рухани-мәдени өмірінде қазақ баспасөзі көркемдік-мазмұндық өзгерістерге ұшырағаны анық. Қазақ баспасөзі – қазіргі қоғамдағы шешуі қиын күрделі мәселелерді көтеріп, белгілі бір мәселе аясында жұртшылық пікірін қалыптастырудың маңызды әрі қажетті идеологиялық құралы.

Басылым беттерінде тілдік бірліктерді адам ойын жеткізуде қолдануы, өзін, тұлғалық сипатын, пікірлесушіге қатынасын көрсету үшін қандай тілдік жүйені қолданатындығы туралы сұрақтарды зерттеудің мәні зор.Өйткені адресантқа жүктелген маңызды прагматикалық міндет – адресаттың көңіліне әсер ете отырып, оны белгілі бір эмоционалдық күйге түсіру. Осы мақсатқа қол жеткізілуі үшін тілдік құралдарды пайдаланудың маңызы зор. Әсіресе, оқырманға әсер етіп, соңынан ерту мақсатында бір сөзді не сөз тіркесі мен сөйлемді бірнеше рет қолдану немесе қайталамалық құрылымға негізделген дайын тілдік бірліктерді қолдану жиі көрініс табуда. Қазақ баспасөз тіліндегі қайталамалардың қолданысы – баспасөздің прагматикалық әлеуетін арттыруда қолданылатын тәсілдердің бірі. Сондықтан берілген мақалада қайталамалар қазақ қоғамының санасын қалыптастырушы, қоғамның тыныс-тіршілігін айшықтайтын «Солтүстік Қазақстан», «Қызылжар нұры» сияқты аймақтық басылымдардың тілдік материалдары негізінде айқындалды. Жергілікті басылым беттеріндегі қайталамалар поэзия, көркем әдебиет тіліндегі қайталамалардан прагматикалық мақсатта жұмсалуымен ерекшеленеді.

Қайталама мәселесі профессор Б.Шалабайдың еңбектерінде терең зерттелген. Ғалым қайталамалардың бұрын-соңды зерттеу еңбектерінде қарастырылмаған түрлеріне баса назар аударады. Ол «Көркем проза тілі» еңбегінде қайталаманың стилистикалық қолданылысына талдау жасай отыра, оның синтагмалық және сөйлем деңгейіндегі түрлерге бөледі. Қайталаманы сөйлем ішінде қайталану жиілігіне орай қос қабатты қайталама және үш қабатты қайталама болады деп екіге бөледі [1,121].

Кез келген мәтіннің дыбыстық жағынан үйлесімді болуы қайталауға тікелей байланысты. Дыбыстар бір-бірімен үйлесімді келгенде ерекше бояуға ие болып, белгілі бір көркемдік сипатта жұмсалады.Қазақ тіл біліміндегі дыбыстар артикуляциялық белгісіне қарай бірыңғай айтылуымен ерекшеленеді.

Олар бүгінге дейін зерттелген өлең өрімдерінен, көркем шығармалардан, мақал-мәтелдер мен жұмбақтардан, жаңылтпаштардан айқын байқалады. Яғни бұдан біз өлеңнің не болмаса жаңылтпаш-жұмбақтың жеңіл айтылуына, әуезділігіне қарай құлаққа жағымды естілуіне, адам санасында оңай жатталуына себеп болып тұрғандығын байқаймыз. Біз мұны дыбыстық қайталамалардың мақсатты қолданылуының бір қыры деп білеміз.

Көркем прозадағы **дыбыстық қайталамалар** көбіне кейіпкер табиғатын, қасиетін, жан-дүниесін аша түсетін стилистикалық тәсіл болады. Баспасөздегі дыбыстардың мақсатты қайталанып қолданылуынан оның оқырманға ықпал ету, бағалауыштық, күшті экспрессия тудыру қызметі көрінеді. Демек, мәтіннің оқырманға түсінікті, қабылдауға жеңіл болуы оның фонетикалық құрылымына да тікелей байланысты. Мәтіннің фонетикалық жүйесі неғұрлым жетік болса, оның қабылданылу деңгейі де солғұрлым жоғары болмақ. Бұл баспасөз тілі үшін аса қажет. Себебі адресант көлемі шектеулі мақаланың өзін әсерлі, түсінікті етіп жеткізіп, оған маңызды жайтты сыйғызуы тиіс.

Дыбыстық қайталаманы мақсатты түрде қолдана отырып, адресат қауымына ой тастауға не болмаса соңына ертуге, мақала тақырыпатын дыбыстық қайталама арқылы беріп оқырманды қызықтыруға, өзіне қаратуға, адресанттың өзіндік ерекшелігін танытуға болады.Мысалы, ***Ж**анаттың **ж**арқын **ж**еңісі* (Орынбасар Төлепбергенқызы. ҚН, №7, 17 ақпан 2017 жыл), ***Қ**ұрылыс **қ**арқыны **қ**ажет* (Қанат Атаманов. СҚ, №19, 16 ақпан 2017 жыл), ***Б**ірлігіміз – **б**ерекеміз* (Наиль Салимов. СҚ, №171, 31 желтоқсан 2016 жыл), ***Т**оғысқан **т**ағдырлар* (Балзия Қылышбаева. СҚ, №24, 28 ақпан 2017 жыл) т.б.

Жергілікті басылым беттерінде дыбыстық қайталаманың аллитерация мен ассонанс түрлері өнімді қолданылатын әдіске айналған. Олар баспасөз материалында берілетін мәліметтердің тиісті деңгейде қабылдануы үшін біршама ұйымдастырушылық қызметтер атқарып, жаңа прагматикалық қырынан белсене танылуда. Мысалы: ***Е**рліктері **е**л **е**сінде* (Орынбасар Төлепбергенқызы. ҚН, №7, 17 ақпан 2017 жыл), ***О**мбыдан **о**лжалы **о**ралды* (Динара Сағындықова. СҚ, №19, 16 ақпан 2017 жыл), ***Б**асты **б**ағдар – **т**ұтынушы **т**алабы* (Гүлгүл Қуатқызы. СҚ, №138, 26 қараша 2016 жыл). «**Т**әуелсіздік **т**олғауы» тақырыпатымен берілген мақала тақырыбының өзінде дыбыстық қайталаманың аллитерациялық түрі оңтайлы қолданыс тапқан. Ал мәтінге зер салып қарасақ, морфологиялық қайталамадан тұратындығын көреміз. Мысалы: *Қазақ қоғамы бергі дәуірдің өзінде Жоңғар шапқында**ған**, Қоқан қоқаңда**ған**, Ресейге бодан бол**ған**, сөйтіп, қоғам аз**ған**, дәурені ози**ған**, замана тозы**ған**, сана күйре**ген**, жүйе арпалыс**қан**; елдің басынан бағы, астынан тағы тайы**ған**; аспанды бұлт торла**ған**, жақсыларды қорла**ған**; ер еңіре**ген**, ел күңірен**ген**; тексізден туып зор бол**ған**, тектілері қор бол**ған**, еңсені бас**қан**, қайшылығы мол аса ауыр, күрделі кезеңдерді басынан кешті. Қазақ бәрібір сонда да елдігін сақтап қалды.*(Мырзатай Жолдасбеков. СҚ, №138, 26 қараша 2016 жыл).Келтірілген мысалдан есімшенің **-ған** жұрнағы мақсатты түрде қолданылғанын көреміз. Мәселен, адресант өткен шақ тұлғасындағы есімшенің жұрнағын пайдалана отырып, оқырман санасына тәуелсіздік жолында еліміз

қаншама қиын да қыстау кезеңдерден өткенін тарих тұрғысынан санамалап беру арқылы сол кезеңдерді еске түсіруге еріксіз итермелейді және оған экспрессиялық реңк береді.

Қайталама түрлерінің ішіндегі толымдысы, атқаратын қызмет көлемінің кең болып келетіні, әдеби тілдің функционалды стиль түрлерінің бәрінде дерлік пайдаланылатыны – лексикалық қайталамалар. Бір сөздің немесе сөз тіркесінің қайталану үрдісін **лексикалық қайталама** деп алып, оны қайталамалардың қалған түрлерінен ажыратып жүрміз. Лексикалық қайталамалар қайталама категориясының басқа да түрлері секілді өзіндік ерекшеліктерге ие болып, өз ішінен бірнеше түрлерге тармақталады. Кейбір ғалымдар лексикалық қайталамалардың бастау алуын қос сөздермен байланыстырады. Дегенмен түптөркіні бір болу мүмкіндігі болғанымен, қазіргі қайталамалар алғашқы кейіптерін мүлде жоғалтқан. Лексикалық қайталаманың шешендік сөздер мәтінінде қолданылуы оның көнеден қолданыста болғандығын дәлелдейді. Ол автордың ойын жинақтайды, сөзінің әсерлі жетуіне жағдай жасайды. Қайталамалардың мақал-мәтелдерде де көп ұшырасуы да осының айғағы. «Сондай-ақ лексикалық қайталамалар жазушының дара стилінің шеберлік шыңын көрсететін сентенция құбылысында да ұтымды пайдаланылады» [2, 14].

Басылым беттерінде «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы жиі көрініс тапқан. Мысалы: *Ал енді өзім қазір ойлап қарасам, бұл **Мәңгілік Ел деген** өте көкейкесті мәселе екен. Біз қайткенде де озық елдердің қатарына қосылуымыз керек. Ол үлкен идея. Бірақ сол 30 елдің қатарына жету идеясы бұл біздің **Мәңгілік Ел деген** – тұрақты ел, ол көрінген бізге көзін алартпас үшін керек. **Мәңгілік Ел деге**н – ол біздің мемлекетіміз.*(Жарасбай Сүлейменов. СҚ, №49, 28 сәуір 2016 жыл).

Тілдік және сөзсаптамдық қызметіне қарай лексикалық қайталамалар грамматикалық қызмет атқаратын және стильдік қызмет атқаратын қайталамалар деп бөліне алады. Стильдік қызмет атқаратын қайталамалардың өзі құрылымдық және стильдік болып жіктеледі. Осы аталғандардың соңғысы еспе қайталама, сақина қайталама, анафора, эпифора деп өз ішінде түрленеді.

Еспе қайталамалар – қазақ әдеби тілінде кеңінен қолданылатын қайталаманың бір түрі. Еспе қайталама дегеніміз – сөздің немесе сөз тіркесінің қатарлас орналасқан сөйлемдер жігінде алдыңғы сөйлемнің соңында және соңғы сөйлемнің басында қайталануы. Лексикалық қайталаманың бұл түрін алғаш ұсынған ғалым – А. Байтұрсынұлы. Еспе қайталама туралы З.Қабдолов «Сөз өнері» еңбегінде: «... ой мен сыр шынында да бір түрлі есіле түйдектеліп, еселеніп келеді де, алдыңғы ұғымның аяғы, соңғы ұғымның басына қайталана көшіп, өлеңге әсем әуез, әдемі әсер дарытқандай болады», – дейді [3, 240]. Еспе қайталамалар көркем шығарма көлемінде ғана емес, басылым беттерінде де қолданылады. Мұнда прагматикалық қызмет атқарады. Мысалы:

*Тұғырымыз да, ғұмырымыз да – **Тәуелсіздік! Тәуелсіздік** – менің Қазақстаным, сіздің Қазақстаныңыз, бәріміздің Қазақстанымыз. Бізді қазір жүз ойландырып, мың толғандыратын бір кесел бар. Ол – **сыбайлас***

жемқорлық. Сыбайлас жемқорлық *– жегі құрт* (Мырзатай Жолдасбеков. СҚ, №138, 26 қараша 2016 жыл). Келтірілген мысалда лексикалық қайталаманың еспе түрі адресанттың ойын, өзіндік ұстанымын бастырмалата жеткізу, ойды сабақтау мақсатында жұмсалып тұр.

«Сақина қайталама дегеніміз – өлең тармақтарының, шағын микромәтіндердің, кейде сөйлемнің бір сөзбен басталып дәл сол сөзге аяқталуы. Олар сөйлем мен шағын микромәтіндерде айтылған сөзге түсінік беру, анықтау немесе дәлелдеу қызметтерін атқара алады» [2,18]. Сақина қайталамалар – бір сөйлем көлемінде жиі ұшыраспайды. Көбіне мақаланың тақырыпатында келеді де, содан соң мақаланың соңғы сөйлемі болып келуі көп кездесетін құбылыс.

«Отан – олардың жан-жүрегі» тақырыпатымен берілген мақалада: *Оларға Отан ерекше ыстық, ерекше ардақты.* ***Отан – олардың жан-жүрегі*** *десем, артық емес* (Елемес Қалиев. СҚ, №171, 31 желтоқсан 2016 жыл). **«Еліміздің ертеңі жарқын»** тақырыпатымен берілген мақалада: *Сондықтан әрқайсысымыз өзіміздің атқарып отырған жұмысымызды жауапкершілікпен атқарып, үлесімізді қоссақ,* ***еліміздің ертеңі жарқын*** *болары сөзсіз* (Ботагөз Исинеева. СҚ, №171, 31 желтоқсан 2016 жыл). **«Туған жерім – «Мәңгілік ел»** тақырыпатымен берілген мақалада: *«Менің бар тілегім кіндік қаным* ***туған жерім «Мәңгілік Елге»*** *айналсын!»* (Мижгона Нуралиева. СҚ, №24, 28 ақпан 2017 жыл). **«Ақиқатқа айналатын арман»** тақырыпатымен берілген мақалада: Тәуелсіздігіміз – Мәңгілік Еліміздің мызғымас тірегі, ұлт жоспары – ***ақиқатқа айналатын арман***! (Ғазез Шаяхметов. СҚ, №2, 9 қаңтар 2016 жыл)

Газеттің мақаласы көлемінде лексикалық қайталамалардың көп жағдайда анафора және эпифора түрлері ұшырасады.

Анафора: ***Алматы*** *– Тәуелсіздіктің тал бесігі, ұлттық сананы қалыптастырудың рухани ордасы, ұлағаттың төрі.* ***Алматы*** *– біздің балдәуреніміз, студенттік жалындаған жастық шағымыз, еңбек жолын бастаған кең ордамыз, жан-жақтан келіп жайғасқан құт қонысымыз; самал соққан, гүлге оранған жан рахаты; ғажайып қала, аңыз қала, абыз қала.* (Мырзатай Жолдасбеков. СҚ, №138, 26 қараша 2016 жыл). Бұл жерде «Алматы – Тәуелсіздік тал бесігі, ұлттық сананы қалыптастырудың рухани ордасы, ұлағаттың төрі, біздің балдәуреніміз, студенттік жалындаған жастық шағымыз, еңбек жолын бастаған кең ордамыз» десе де болар еді, дегенмен арнайы бөлініп, қайталану арқылы ерекше әсерлілік, әуезділік туындатып отыр.

Ендігі жерде бәріміз де ***ана тілін*** *ардақтайық, аялайық, қолдан келгеннің бәрін жасайық. Өйткені, ол – сенің* ***анаңның тілі****, ата– бабаңның* ***тілі****, туған халқыңның* ***тілі****, азат Қазақстанның* ***тілі****, ұлтыңның жаны, ұйытқысы, сондықтан, сен оны білуге, оған қызмет етуге тиістісің* (Мырзатай Жолдасбеков. СҚ, №138, 26 қараша 2016 жыл). Бұл мысалда **ана тілі** сөзін дистантты қайталама түрінде мәтіннің ортасы мен соңында орналасқан. Адресант лексикалық қайталама арқылы адресатты ана сүтімен дарыған ана тілді қадірлеуге, қастерлеуге, аялауға шақырады.

Жергілікті басылымда кездесетін қайталаманың келесі түрі – **синтаксистік қайталама**. Бұл қайталаманың түрі тіл білімінде тек сөйлем мүшелері қызметін атқарумен ғана шектелмей, одан да кең синтаксистік ауқымда қарастырылады. Олар стилистикалық қызметтен гөрі мәтін түзімі және мәтін құрылымы қызметтерін атқарады.

Синтаксистік құрылымда сөйлем және сөйлем мүшелері толық қайталанбайды. Олай бола тұра, сөйлем қайталамаға жатады. Мұны сөйлем үлгілерінің қайталануы деп те атайды. Қайталаманың мұндай түрінде бір ғана сөйлем мүшесі қайталануы мүмкін. 2017 жылы «Солтүстік Қазақстан» газетінің № 49-санында Нұрсайын Шәріптің **«Қашан «жеті өлшеп, бір кесеміз?»** деген мақаласы жарияланды. Бұл мақалада адресанттың өкпесін ашық білдіруі көрініс табады. Мақаладанүзінді келтірелік:*Әрбір елді мекенге ерекше еңбек сіңірген, қазір кейінгі ұрпақ түгілі орта буынның жадынан өшіп бара жатқан тұлғалар аз деп кім кесіп айтты? Сонымен бірге қазір көшелерге беріліп жүрген Болашақ, Шұғыла, Шаттық сияқты атаулар қонымды деп **айта аламыз ба**? Олар көбіне алаңдарға, гүлзарларға лайықты **атаулар емес пе**? Бір кездері облыс орталығындағы екі көшеге «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» атаулары берілді. Онда олар «Егемен Қазақстан» газеті, «Казахстанская правда» газеті көшесі **болуға тиіс емес пе?** Осының өзі жарасым **тауып тұр ма**? Сіз қалай ойлайсыз?* (Нұрсайын Шәріп. СҚ, №49, 4 мамыр 2017 жыл).

Бұл мысал – синтаксистік құрылымның қайталануы, нақтырақ айтар болсақ, сөйлем үлгілерінің қайталануы. Мақаладағы сұраулық шылау мен сұрау есімдіктеріне негізделген қайталама адресанттың ренжулі кейпін танытады. Бұл үзіндінің прагматикалық қызметі мықты әрі тереңде жатыр. Мақала көлемінде автор «*Сіз қалай ойлайсыз?»* деп оқырманға сұрақ қою арқылы ой тастайды. Профессор Б.Шалабай қайталамалардың көңіл-күйді берудегі қызметін аша келіп: “Синтаксистік қайталаулар лексикалық қайталаулармен, лексикалық қайталаулар дыбыстық қайталаулармен ұштасып, шығарманың қайталанбас өзіндік ырғақ-әуенін, құрылым-жүйесін жасайды. Бұл, әсіресе, ерекше сезімдік тебіреніспен баяндалатын тұстарда, кейіпкердің ішкі жан-дүниесін ашатын баяндауда айрықша рөл атқарып тұрады”, деп тұжырымдауы берілген мысалдың прагматикалық мақсатын айқындай түседі [4,121]. Синтаксистік параллелизм де қайталаманың басқа түрлері сияқты әдеби тілімізге халықтық тілден, ауыз әдебиеті үлгілерінен жетті. Бұл құрылым мақал-мәтелдерде көп кездеседі. Мысалы*, Сөзден сөз туады, ойдан ой туады, Мен не деймін, скрипка не дейді?* (Сәбит Шәкенов. ҚН, №7, 17 ақпан 2017 жыл). Мұндай құрылымдар, көбінесе, антитеза мен аналогия ретінде алынған екі түрлі субьектінің іс-әрекеттерін, қасиеттерін, жай-күйін салыстыра баяндайтын салыстырмалы салалас құрмалас сөйлемдерде жиі кездеседі. Сонымен, синтаксистік параллелизм қайталаманың бір түрі болып есептеледі. Себебі, оның жасалуы құрылымның, оның құрамындағы сөздердің және басқа да тілдік элементтердің қайталануымен тығыз байланысты. Симметрия жергілікті басылым беттерінде синтаксистік параллелизмді құруда ерекше қызмет

атқарады. Мысалы: *Орыс пен қазақ орысша сөйлессе, мұрынға сұққандай екен, ал екі қазақ орысша сөйлессе, екі көзің шыққандай екен* (Нұргүл Оқашева. ҚН, №50, 9 желтоқсан 2016 жыл).

Жергілікті басылым беттеріндегі қайталамалар стильдік тұрғыда көркемдеу, оқиғаны бір-бірімен байланыстыру, оқиғаның даму қарқынын үдету, сөйлемдердің әуезділігін арттыру, жай ғана хабар тарату мақсатында жұмсалса, ал прагматикалық мақсатта адресатқа адресант ұстанымын жеткізу тәсілі ретінде қызмет етіп, қуатты тілдік құрал, сенімді стратегия болуымен ерекшеленеді. Жергілікті баспасөз тіліндегі қайталамалар адресанттың мынандай прагматикалық ұстанымдарын ойдағыдай жүзеге асыратынын аңғардық. Олар: шенеу, жирендіру, сүйсіну мен дәріптеу, мақтан тұту, мақтану, әрекетке шақыру, ескерту, болжау, ойтүрті болу, ұрсу, наразылық білдіру, сенім арту, сендіру, нақтылау, талап ету. Бұдан қайталаманың прагматикалық қызметі көрінеді.

Бүгінгі жергілікті басылымдардағы қайталамалардың прагматикалық әлеуетін сөз еткенде тілді қолданушының жазу мәнері ерекше көзге түседі. Атап айтқанда, тілшінің стильдік айшықты прагматикалық мақсатта «ойната» білуі, адресаттың психологиялық-әлеуметтік ахуалын ескеруі, түрлі сала бойынша әмбебаптық білім, қор жинақтауы, интеллектуалық дәрежесі т.б. Демек, қайталамалар адресанттың тілдік тұлғасын танытатын «тілдік құбылыс».

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шалабай Б. Көркем проза тілі. – Алматы, 1994. – 56 б.
2. Бүркіт О. Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі: филолог. ғыл. док. автореф. – Алматы, 2002. – 50 б.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 2003. – 528 б.
4. Шалабай Б. Қазақ Көркем прозасының тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы: Қаз мемагру,1997. – 129 б.

Тұрдалиева Р.С.
филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы;
Ырсымбетова Н.А.
аға оқытушы,
М.Әуезов ат. ОҚМУ

КӨРІКТЕУ ТӘСІЛДЕРІНІҢ КӨРКЕМ МӘТІНДЕ ГЕНДЕРЛІК СИПАТА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Көркем мәтіннің антропологиясы кейіпкердің болмысын, жай-күйін, әлеуметтік ортасын, жынысаралық ерекшелігін танытады. Осы ерекшеліктер көркем мәтінде қолданылатын көріктеу тәсілдері арқылы тілдік сипатқа ие

болады. Соның бірі – теңеу. Қазақ тіл ғылымында теңеудің тілдік ерекшелігіне байланысты ең алғаш пікір айтқан ғалым А.Байтұрсынов: « Теңеу дегеніміз ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші бір затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалдық-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы»,– деген еді [1,7]. Теңеу адам сезімдерін, көңіл-күйлерін, психологиялық әсерлері мен ойларын нақты жеткізу мақсатында қолданылатын тілдік құрал ретінде жұмсалады. Ғалым Т.Қоңыров: «Сезім мүшелерімен қарым-қатынасына қарай қазақ теңеулерін сезім-күй теңеулері» деп бөледі. Оларды өз ішінді көру теңеулері, есту теңеулері, дәм сезу теңеулері, тері сезімі теңеулері, иіс сезімі теңеулері т.б деп топтастырады [2,42].

Ғалым З.Қабдолов теңеудің де эпитет, метафора сияқты ұлғайған, күрделі түрі болатынын атап өтеді [3,157].

Көріктеу тәсілдерін құбылтып қолданудан кейіпкерге тән гендерлік ерекшеліктерді анықтауға болады. Ақан серінің *«Айтамын замандасқа біраз кеңес*» атты өлеңінде синтаксистік құрылымдағы теңеулер, метафоралық теңеулер, эпитеттік теңеулер, метонимиялық теңеулер қолданыс тауып, сол арқылы ер жігіттің он үш түрлі мінез-құлқы суреттеледі.

Бірінші, *Бір мінезді, әрі дана, дархан лебіз, Айнымас темір қазық уәдесі* деген жолдарда *Бір мінезді, әрі дана, дархан лебіз тұрақты теңеулер* батырлық, ақылдылық, аққөңілділік, уәдеге беріктік сияқты ер жігітке тән психологиялық қасиеттерді анықтайды. Бұл сын есім ассоциациясының парадигма синтамалық байланысу жолдары арқылы көріктеу тәсіліне айналған.

Екінші, «*Екінші бір жігіт бар баулы құстай, Бауынан босанбайды жазы, қыстай. Ерігіп, құсқа салса, ілмей түспес, Босатар тегеуріні мықтап қыспай. Зауыттан жаңа шыққан екі жүзді, Алмастай, майысатын емес мыстай*» – дегенде, дене тәрбиесінде шыныққан жігіттің мінезі, ерік жігері баулы құсқа, алмасқа теңеу арқылы суреттелген.

Үшінші, *«Ауызбен нағыз асыл жігітпін» деп, Кеудесін көтеретін таудай зоры. Құлашын жас кезінде сермей қалмас, Жетсе де неше апатқа созған қолы* –деп, жігіттің мінезін мақтаншақтықпен, жалқаулықпен байланыстыра отырып, өркөкіректігін тауға теңейді.

Төртінші, «*Білемін бір жігіттің білсе дағы, не керек зайығы кеткен білген молы...*» деген жолдарда көп білімі бола тұра, оны пайдаға асыра алмайтын жігіттер суреттеледі.

Бесінші, «*Құйқылжып ақ бүркіттей төңкеріліп, Сөйлейді әр мәжіліске әрбір түрлі. Жігіттің оңды солды құлқын танып, Әркімнің өзіне сай табар тілді» – д*ей отырып, жылпос, пысық мінезді жігітті ақ бүркіттің қимылына теңейді.

Алтыншы, «*Тасандап шана тартқан өгіздей боп, Шығармас сырын сыртқа сондай берік»* – деп, жігітке тән сабырлы, ауыр мінезді шана тарқан өгіздің болмысымен теңейді.

Жетінші, «*Кісіден алса, алып, өзі бермей, Айла мен ақылына болған серік*»– деген жолдарда айла мен ақылдың серігін, жігіттің сараңдығы мен қулығына теңеп отыр.

Сегізінші, «*Онынышы бір жігіт бар қатын жанды, Киеді қатынынан артылғанды. Аяғын қия жерге бір баспайды, Алдынан құраулы арқан тартылғанды*» – деген жолдарда өз мінезін өзі меңгере алмаған, жасқаншақ, жалқау жігіттің мінезін *киеді қатынынан артылғанды* деп метонимиялық теңеу арқылы суреттеледі.

Тоғызыншы, «*Бұл жігіт он бірінші өсек айтар, Ауызбен көп адамды ол байытар. Кішкене торсығына су құйып ап, Апарып әр ауылға барып жайқар*»– деген жолдарда *Кішкене торсығына су құйып ап, Апарып әр ауылға барып жайқар* метонимиялық теңеуі арқылы әр ауылға өсек таситын жүгенсіз жігіттің мінезін суреттейді.

Онынышы, «*Бір жігіт бар он екінші кербез салды, Бойына адамдықты жиып алды. Өзіне өз жұмысы мақұл болып, Өзіне кеңес айтар емес жанды*» — деп, синекдохалық образ тудыру арқылы мақсатқа талпынуға, дербестілікке ұмтылуға, тоқтамға келуге бейім жігіттердің мінезін суреттейді.

Он бірінші, «*Сіресіп, сықырлаған тәкаппар боп, Ойланып, өзгелерден білмес халді*» – деген жолдарда жігіттің менмендігі, өзімшілдік мінезі суреттеледі.

Он екінші, «*Майданда кейбір жігіт жалғыз тұрар, Ойға алмай санамастан дүние малды*» – деген жолдарда өмірді майданға теңеп, рухани дүниесі бай, қажеттілігі мен қызығулары, талғамы мен ой өрісі кең жігіттің өмірдегі орының ерекше екенін суреттейді.

Он үшінші, «*Жігіттің тағы бірі түссін еске, семірген ол бір сабаз қара күшке. Базары жігіттіктің ойында жоқ,. Ойланып білмек түгіл кірмес түске»семірген ол бір сабаз қара күшке»* деген синтаксистік құрылымдағы теңеу арқылы тек қара күшіне ғана сенетін, таяз ойлайтын жігіттің мінезін суреттейді.

Көріктеу амалдардың ішінде теңеулер әйелдің сұлулығын бейнелейтін актив тәсіл болып табылады. Сұлулық, әс*іресе,* әйел сұлулығын суреттеуден қазақ халқының дүниетанымын, оның өмірге көзқарасын анықтауға болады. Әйелдің сұлулығы дүниедегі ең қасиетті, қадірлі, сүйкімді заттар мен құбылыстарға теңестіріледі. Көркем мәтінде олар әр түрлі тәсілмен қолданылады. Теңеудің параллелизм тәсілінің классик үлгісі болып саналатын «Ер Тарғын» жырындағы Ақжүністің:

Бұқар барсаң, қолаң бар, ***Қолаңды көр де шашым көр****. Зергер барсаң қасында Алтыннан соққан түйме бар,* ***Түймені көр де басым көр****. Молдаға барсаң қасында Қиюлы жатқан қалам бар,* ***Қаламды көр де қасым көр****. Әр шаһарға қарасаң, Құрулы тұрған күзгі бар,* ***Күзгіні көр де көзім көр.*** *Самарқанд барсаң, сандал бар,* ***Сандалды көр де тісім көр****. Ұстаға барсаң қасында Тартулы жатқан сымдар бар,* ***Сымды көр де, қолым көр.*** *Тоғай барсаң, тоғайда домаланған қоян бар,* ***Қоянды көр де жоным көр****. Қара жерге қар жауар,* ***қарды көр де етім көр****. Қар үстіне қан тамар,* ***Қанды көр де бетім***

көр – деген монологында сұлу әйелдің көрікті суреті ғана емес, соны жеткізіп тұрған қыздың ақыл парасаты, дүниетанымы көрініс табады.

Тіл ғылымында теңеу көркем ойлаудың ұлттық ерекшелігін танытанын бейнелі конструкция болып табылады. Гендерлік ерекшеліктерді айқындауда теңеулер ерлер мен әйел затының образын ашуға нақты көмектеседі. Ерлердің образын суреттеуде теңеулер негізінен, жігіттердің батырлығын, дене бітімін т.б негіз етіп алады да, оны соған ұқсас екінші затқа ұқсату, салыстыру арқылы ерлерге тән ерекше белгілердің сапасын арттырады. Мәселен, *««Бәлен балуан кепті, түген балуан кепті!» – деген күңкілдердің ішінде ауызға ерекше түскені «Қара қыпшақ Қобланды батырдың ұрпағы-мыс деген «Түйе балуан» атанған біреу. Көріп қайтқандары ол туралы шошына сөйледі:*

*– Білектері адамның санындай, саусақтары білектей, саны кеудедей, кеудесі киіз үйдей, құлағы тебінгідей, басы қазандай, аузы жырта қарыс, екі ерні – екі кесек ет, түксиген қабағына біткен қалың қас желкілдеп кішкене көзін жауып тұр, тұла бойы түксиген жүн, қылдары жылқының ту құйрығынан қатты» бойының тұрқы нар түйедей, екі иығына екі кісі мінгендей, сөйлеген сөзі арыстанның күрілдегені сияқты (*С.М.*)*

Үзіндіде балуанның білектері, саусақтары, саны, кеудесі, құлағы, басы, аузы, екі ерні, бойы, екі иығы, сөйлеген сөзі (даусы) оның ерекше қасиетін танытатын белгілері болса, сол ерекшеліктерді екінші бір затқа теңеу, салыстырудың гендерлік тұрғыдан ерекшелігі танылады. Қарапайым адамдарды ерлер мен әйелдер тұрғысында салыстырсақ, олардың әрқайсысына табиғат сыйлаған өзіне тән анотомия-физиологиялық ерекшелігі бар. Ерлердің дене бітімі ірі, күші басым екені белгілі. Сондықтан ер балуанның білегін адамның санына, саусағын білекке т.б теңеу предмет пен образдың арасына үйлесім береді. Егер балуан әйел адам болса, оған дәл сондай салыстыру, ұқсату берілмес еді. Себебі, адамның жыныстық ерекшелігіне байланысты предмет пен образдың арасында үйлесім болмайды. Сондықтан да көркем мәтінде әйел затына байланысты теңеулер көбінесе олардың сұлулығын, парасатын, дене бітімінің нәзіктігін т.б суреттейді. Мәселен, *Қасында отырған қызға қараса: аршыған жұмыртқадай аппақ жүзді, мөлдір көзді, мінезі ойнақы біреу екен (С.М.)*

Тілдік қолданыста ертеден келе жатқан көріктеу тәсілдерінің бірі – қайталама. Қайталамалар көне дәуір ескерткіштері мен ауыз әдебиетінен бастап, бүгінгі ақын-жазушыларымыздың еңбектерінде ең тиімді тәсіл ретінде құнын жойған жоқ. Қайталаманы қазақ ғалымдарының ішінде алғаш таныған

А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде: «Бір сөзді яки лебізді қайта-қайта айту қайталақтау деп аталады. Ондай қайта-қайта айту нәрсенің өзін яки ғамалына көбірек назар салғызу үшін істеледі», – дейді [4,169].

Қайталаманы ерлер мен әйелдердің ішкі жан сырын танытуда басты қызмет атқаратын тәсіл ретінде тануға да болады. Ол лексикалық қайталамаларда басымырақ кездеседі. Лексикалық қайталама туралы Л.Н.Квиквидзе: «К лексическим повторам мы относим повтор слова без какого либо изменеия его грамматических форм, а так же повтор основы слова, т.е.

повторение слова с изменением его флексии, поскольку основа – это значимая часть слова, выражающая его главный смысл. Кроме того, элементами лексического повтора могут быть словасочетания и целые фразы, фигурирующие в тексте без изменения и являющиеся или определением– формулировки какого-либо понятия или образном фразеологизмом», – дейді [5,11].

Лексикалық қайталама ер кейіпкерлердің де, әйел кейіпкерлердің әр түрлі сезім-күйін жеткізу мақсатында қолданылады. Ол авторлық баяндау арқылы беріледі. Мәселен, *Ол орнынан қалай тұрып, кабинет ішінде екі қолын артына ұстап, қалай сенделіп кеткенін өзі де сезбей қалды. Телефон трубкасынан шыққан бір күш оны орнынан жеп-жеңіл көтеріп алды да, оп-оңай сенделдіп жібере қойды. Ол кабинет ішінде сенделіп жүрген кезінде оның не себепті сенделуге мәжбүр болғанын айта кетейік (Д.И.)* Авторлық баяндауда берілген *сенделу* сөзінің төрт рет қайталануы кейіпкердің жан-дүниесін іс-әрекетпен байланыстырып, оның ішкі психологиялық жай-күйін суреттейді.

Әйел кейіпкерлердің ерекше толқуы да бір сөзді бірнеше рет қайталау арқылы беріледі.

–Қарағым... қарағым... сенің бақытың алдында ғой... Сені ешкім де зорлап күйеуге бере алмайды.Қорықпа, қорықпа деп қызды арқасынан қаға берді. – Жүр, қазір менімен бірге. Тек осыдан саған тиісіп көрсін!.. Жүр кәне...(С.М). Қайталамалар әйел кейіпкерлердің ерекше риза болу, қатты қуану сезімін білдіруге де қолданылады.

– Міне, сен қандайсың, міне, сен қандайсың ақымақ! – дей берді ол қуанғанынан (Д.И).

– Зеркүл, көкем келді, көкем! – деп айқайлап жіберді де әкесін құшақтай алды (Д.И.).

Әйел кейіпкерлердің ішкі күйзелісі де лексикалық қайтамалардан көрінеді.

– Қайтейін... қайтейін енді қарағым, – деді ол кемсеңдеп (Д.И.).

– Мақұл, күнім, мақұл (Д.И.).

– Шынымен бе, япырмау, шынымен бе? (Д.И.)

Ер кейіпкерлердің тілінде қайталама тәсілін қолдану оның мінезін анықтауды мақсат етеді.

Үй иесінің оң жамбасында отырған бір жылтыр қара « біздің Білекең, біздің Білекең» деп қайта-қайта қақсап отыр еді. Мұрат оны Білекеңнен басқа білерің барма, соныңызды айтыңызшы деп тыйып тастады (Т.А.) Қайталама тәсілін қолдану арқылы автор кейіпкерлердің ішкі психологиясымен ортақтасып, оларға өзінің көзқарасын да аңғартады.

Ер кейіпкерлерге тән монологта қайталамалар жиі кездеседі.

«Не жетпейді, опырау, не жетпейді екен бұларға. Ел тыныш, қой үстіне бозторғай жұмыртқалап, ақ түйенің қарны ақтарылып жатысы мынау. Жұмыс істеп белі сырқырап жатқан жоқ қой, жүдә. Енді не жетпейді бұларға? «осылар жесін, осылар кисін» деп, жар құлағың жастыққа тимей, жарасқылықты өмірлеріңе жаның сүйсініп, «е, құдай, балаларымды бақытты қыла көр» деп жүргенде, бұл ақымақтардың сүттей ұйыған тұрмыстары

нілдей бұзылып, қарқыратып кетті-ау қабырғаны! Ақымақтар-ай, тентектер-ай, түге!» (Д.И.) Монологтағы қайталамалар компоненттердің өзара орналасуына қарай дистантты қайталамалар тобына жатады. «Дистантты қайталамаларда компоненттер сөз, сөз тіркесі арқылы бөлініп, бір-бірінен алшақ түрде келеді» [6,75].

Сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің қайталануы авторлық баяндау арқылы ер кейіпкерлердің психологиялық жайын суреттейді.

Ол ішек-қарны ақтарыла, қатты... аса қысастықпен еңкілдеп жылап жіберді. Жылап тұр.Сыңғыр аяғына ғана сүйеніп жылап тұр. Сонсоң дауыл қопарған бәйтеректей гүрс етіп сұлап түсті. Бұл не деген ит өлім. Не деген бұл ит өлім.

Ер адамдар ішкі күйзелісін іштей сақтайтындықтан, оның уайымы, қайғысы авторлық баяндаудан көрініс табады.

Көркем мәтінде лексикалық қайталамалар дистантты және контактілі болып келіп, кейіпкер тілінде және авторлық баяндауда көрініс табады. Ер кейіпкерлер мен әйел кейіпкерлердің ішкі сезімін айқындауда кейіпкер тіліндегі қайталамалар әйел кейіпкерлерге тән болса, авторлық баяндаудағы қайталамалар ер кейіпкерлердің ішкі сезімін танытады. Мұндай қызметті грамматикалық қайталамалар да атқара алады. Қайталаманың бұл түрі турасында: «Среди средств связывания компонентов сверхфазового единства значительное места занимают повторы. Они могут быть лексическими и грамматическими (морфологическими) – повторами одной и тоже формы синтаксическими – повторами одинаковых структур»,– дейді Е.Реферовская [7,214].Көркем мәтінде комикалық тәсілдер – кейпкерлердің жыныстық ерекшелігі мен ішкі психологиясын, әлеуметтік жағдайын ашуда қолданылатын тиімді тәсілдің бірі. Мәселен, Б.Майлин шығармаларындағы Қырықбол, Қарынбай атты кейіпкерлері байлықтың иесін танытатын ер адамдар ретінде қолданылса, Бұқабай, Түйебай, Бұзаубақ, Ұлтарақ есімдері кедей бұқараларды сипаттайтын әлеуметтік топ ретінде көрінеді. Кейіпкердің әлеуметтік жағдайы мен психологиясына сай ат беру оқырманға әрі күлкі тудырса, әрі тілдің әлеуметтік психологиялық, жыныстық сипатын танытады.

Күлкі тудыратын авторлық теңеулер ер кейіпкерлердің портретін жасауда тиімді тәсіл болып табылады.

Жүнін жұлған құстың денесіндей, бүршік-бүршік бетіне үсіген картоптай емін-еркін мұрын жайғасыпты. О баста *оны әлдекім лақтырып жібере салғандай*, бір жағына қисайып жабысқан екен. Бір көрген адам оны әні-міне құлап кетеді екен деп минут сайын күткендей еді (Д.И.). *Ұстындай ұзын, тұтқыштай қара, апиыншыдай арық, үстінен солярка мен сүрлем иісі аңқыған баяғы жылқы тіс* Ботбай (Д.И.). Кабинетке көздері *шөлдің құдығындай шұңірейген, сақалдарының ар жағында не нәрсе жатқаны белгісіз, бірі шашын өріп тастаған, екіншісінің шашы иығын жапқан* екі жігіт кіріп келгенде Жанайдаров селк ете қалды (Д.И.). Ұзын бойлы, аяқ қолдары *теректен кескендей сидиған,* өзі сопақбас, үлкен мұрны *қисық ағаштан жонғандай* белінен опырылып, дөңденіп біткен (С.М.).

– Ассалаумағалейкүм! – деп күркіреген үн естілді де, үйге үш бүктетіліп *сырықтай сіріңке қара жігіт* кірді.

– Е, үйде қонақтар бар екен ғой деп, менің сол жағыма жамбастай жантайып еді, *ащы ішектей шуатылған* аяғы табалдырықтағы легенге тиіп жатты (О.Б.).

Жүнін жұлған құстың денесіндей, бүршік-бүршік (бет) үсіген картоптай (мұрын) әлдекім лақтырып жібере салғандай (мұрын), Ұстындай ұзын, тұтқыштай қара, апиыншыдай арық (дене): шөлдің құдығындай шүңірейген (көз) теректен кескендей сидиған (аяқ қолдар) қисық ағаштан жонғандай (мұрын) сырықтай (дене), ащы ішектей шуатылған (аяқ) деген теңеулер ер кейіпкерлердің портретін берумен бірге олардың мінез-құлықтарының да кейбір ерекшеліктерін аңғартады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989.

2 Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы, 1978.

3 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы,1983.

4 Байтұрсынов А.. Шығармалары. – Алматы, 1989.

5 Квиквидзе Л.Н. Повторы и их стилистическая функция в публичных вступлениях В.И.Ленина (1917– 1919гг) . – Тбилиси, 1972.

6 Досжанова Р. Ж.Аймауытов прозасындағы лексика – синтакситік қайталамалар. Филол. ғыл... кан... дисс. Алматы, 1996.

7 Реферовская Е. Лингвистические исследования структуры текста. Ленинград, 1983.

Anessova U. G.
Al-Farabi Kazakh National University

KAZAKH MYTHOLOGY AS A PART OF NATIONAL CODE AND ITS SYMBOLIC PERCEPTION

Abstract: Symbol is a very ancient phenomenon as a constitute part of mythology. This paper highlights the issues of contemporary symbols connected with the national culture. The overview of different scholars' researches allows to identify the connection between mythology and symbols in other words and the symbolic perception of the world. The nature of the symbol is stable and kernel idea of symbols is transferred from generation to generation. Most of mythological heroes are described as symbols and nowadays they can have an influence on people's mentality and feelings as a national code.

Key words: symbol, mythology, representation, language, cognition, culture, sign, cultural value, the symbolic manifestation, national code.

The main importance of the article is to show the connection of symbol and myth and the influence of them to people's perception of the world. How do they conduct, make people to do something and promote creation of the model of their life. Because we act according to our thoughts, which in turn are formed in consciousness in images and symbols. There are a great range of mythological symbols still living with us and become part of our imagination. In article such methods of research as supervision, the theoretical analysis and a deductive method are used.

One of the main means of communication and the tool, which help us to conduct our social life islanguage. When it is used within the context of communication, it bounds up with culture in a multiple and complex way, sowe should consider the languageas the way of expressing the language portraitof the world through the language and the culture of the nation,thewayof thinking and expressing people'sdisposition.

First of all, the words people utter and think about refer to common experience. They express facts, idea so revents that are communicable because they referto the knowledge about the world that other people share. Language also shows people's attitudes, beliefs, and view point supont he world. In both cases language expresses cultural reality.

But members of common speech community do not only express the experience; they also create experience through language.

According to following statement professor Uali N. claims that «self-influence of communicating people and communicative competence skills play an important role in speech act. Said words of adressee and the intention of speaker depends on adressees communicative competence» (Uali N., 2007).

Language is a system of signs that is seen as having itselfaculturalvalue.Being them embersof common speech community, p e o p l e identify them selves through their use of language. That is why we can say that language symbolizes cultural reality.

According to Karasik V.I. symbol can be described as following: "... the polysemy of a symbol represents not only possibility of its variable interpretation, but also consecutive plurality of interpretations. Generalizing the various characteristics of an art symbol manufactured in various works, devoted to its judgment, it is possible to give it the following definition: it is a perceptual image, characterized in the semantic depth, designating idea which possesses the high value, generating the new meanings, allowing the multiple interpretation, sending to supersensual experience" (Karasik, V.I.,2012).

Cirlot J.E. and J.Sage has more different opinion concerning symbol: "In the same way, the symbolic is true and active on one plane of reality, but it is almost unthinkable to apply it systematically and consistently on the plane of existence. The consequent skepticism concerning this plane of reality – the magnetic life-source of symbols and their concomitants – explains the whidespread reluctance to admit symbolical values; but such an attitude is lacking in any scientific justification" (Cirlot J.E. and J.Sage, 1962).

"Comparing with new researches, the langyage of symbolic actions functions according to history of a world, the life of a one person, it appears before the speech, but use it as a base in comprehension of symbols" (Ivanov V., 1985).

In her research, Aybarsha Islam considering symbols in the context of culture identifies them as means of conveying cultural information in a compact way (Islam A., 2003).

From the ancient time man tried to overcome difficulties, chaos, disorder and other things by means of experience, learning something. "…Now it is our contention that in order to build up a truly human universe, that is, a world that is known rather than merely reacted to, man requires a new tool – an instrumentality that is suited for, and enables the realization of, those operations constituting the activity of knowing. This instrumentality is the *symbol*" (Werner, H., and B. Kaplan,1963). Also Heinz Werner and Bernard Kaplan see the representative mark as the main function or feature of symbols. Also they disagree with B. Russel's opinion that symbol can be one of species of a "sign". According to them symbol is rather cognitive oriented than pragmatically.Edwyn Bevan claims: "So far as something seems to represent or stand for some reality other than itself, it may be considered as a symbol" (Bevan, E., 1950).

According to Shelestyuk symbol is a multi-notion conventional sign which represents, apart from its inherent and immediate designatum, an essentially different, usually more abstract designatum, connected with the former by a logical link.In semantic terms, in symbols we deal with a hierarchy of meanings, where the direct meaning constitutes the first layer of sense and serves as a basis for the indirect (secondary) meaning - the second layer of sense, both of them united under the same designator (a name, a visual image, a significant object or person, etc.) (Shelestiuk, Helen V. 2003).

Thus, the symbol is differently understood and defined in various fields of activity. A symbol, in turn, being reflected in a certain sign, an image, essential things and other forms can be a model of human activity,can define and influence on ways of ability to live which have infinite sense, the maintenance and figurativeness. If it embodies certain idea in philosophy, the great attention is given to its abstract sense in culture. There is no full and complete definitionof symbol in Linguistics, whereas wide definition of it is given in semiotics. The symbols formed in period of mythology and rituals, influence the private world of a person till now. They have arised as a result of action of the various social phenomena, cases, literature and poetry, etc., thereby without losing the initial maintenance, but staying in other forms.

Symbol is very connected to mythology. Kondibai S. claims that mythology is a system of symbols (Kondibai S., 2008). Mythology is a part of people's life. Practically all people in the world have myths or mythological prints in period of its development, the same as the symbols.

Mythology can be described as an abstract understanding of reality by human being. Karasik V. differs imaginative and conceptual means of verbal fixing of experience and claims that this is fundamental opposition of the concrete sensually perceived experience and abstract rational analitical-synthetic comprehension of reality (Karasik V. 2010). This reality is forming during the time as said Vernadski V.I. “time gives the settled cultural information on itself in its language, without making anything empty and unworthy” (Vernadski V.I., 1965).

The word "myth" usually is understood in two, opposite to each other values. In mass media this word is used as a synonym of an invention, the imagination and illusion, i.e. lie. Actually correct meaning of the word "myth" is opposite to it.

Akberdieva B. claims that myth is the result of ancient people’s life and experience, tradition, inner feelings and the way of thinking (Akberdieva B., 2009).

The myth is a set of ideas and beliefs of a certain human collective of the environment of a living (time and space), about the world and its emergence, about the person, about the internal and external forces influencing the person, about a place of the society in space, etc. Thus, the Myth is not lie, artificially created thing, but the Truth of the concrete people about itself and the world.

Results. In the article we decided to combine concepts *mythology* and *symbol* and to show their interrelation. Various images taking place in myths of the different nations often become a standard; "batyrs" (‘brave heroes’) become idols, animals and different beings find sense and outflowing of time are perceived as symbols in human consciousness. If to consider that myth is the result of human representations and beliefs, it is possible to claim that a symbol in some degree, is the result of the myth. For example, the image of "aydakhar" (‘dragon’) symbolizes the following: "In mythology of Kazakhs – the angry demon is depicted as *a dragon* (often many-headed). The dragon in world mythology is an image of water elements, but its nature is often represented with fire, as it also fire-spitting". Kondybai S. represents three images of an *aydakhar*: "1. In myths "aidakhar" is often perceived as a world dragon. In general the concept of snakes/ aydakhar/a dragon is interchanged. "Aydakhar" in itself is an animalistic symbol of three-level vertical model of the world: his snake

body is symbolized by the terrestrial, water or underground world, his head and feet of a predator – the average, land world, and wings of a bird – the top, heavenly world. A combination of properties of three beings – the dragon, a predatory animal and a bird – allows to define an "aydakhar" as a monster, a htonichal being or a chimera. It is a mediator, i.e. it connects among themselves all three worlds.

2. Fantastic "*aidakhar*". In fairy tales "aidakhar" – the evil monster, its image completely corresponds to an image of the fantastic dragon existing in all fairy tales of the world ….

3. Epic "aidakhar". Prototurkic "aidakhar" – other mythical being which image is reconstructed on the basis of the Kazakh eposes..." (Kondibai S. 2013).

Thus we see that "aidakhar" has a negative image in the Kazakh culture and symbolizes the angry demon, but at the same time we can claim that it is a symbol of power and force as he has the power of three beings.

In the Kazakh mythology there are a lot of images of animals. For example:

"A *wolf* (bori, kaskyr, boltirik) one of totemic animals in Turkic, in particular, the Kazakh myth. The image of a wolf was mainly connected with a cult of the leader of a fighting team or the god of war and ancestors of a tribe.

The *dog* is also has mythological image in Kazakh tradition.

It. Dog - the animal who received a special place in the Kazakh all-Turkic mythology... The phrase *it zhandy* (the literal translation - with dog soul or having soul of dog), represents not a curse or the characteristic of the mean person, but "the firm and strong person who doesn't show the pain or despair". Presence of such phrase at language shows existence of idea of an embodiment of human soul in shape of a dog in the Kazakh myth (Kondybai S. 2008).

Snake (zhylan baba khan). According to the Kazakh beliefs, the dragon possesses sacred properties and acts as the assistant to the person in many spheres of life. The dragon symbolizes mystery, sacrality;

This is very interesting fact as not only Kazakh people can imagine snake together with huma. We can see it in "A Dictionary of symbolism": "Serpent are as different from all animals species as the human race, but at the opposite end of the scale. If mankind may be regarded as standing at the end of a long evolutionary struggle we must set this cold-blooded, armless, hailess, featherless creature at its very beginning. In this sense mankind and serpents are opposites, complementary and rivals the one to the other. In this sense too, there is something of the serpent in all human beings, and strangely enough in that portion of them over which they have the least control" (Chevalier J., Gheerbant A. 1996).

The *horse* (at, zhylky) is attribute or image of a number of mythical characters. Mythical characters on a horse move on the sky, from one elements or the world in another. In mythology of Turkic peoples the horse possesses the special place which is explained by its role in economy and resettlements of ancient Turkic peoples" (Kondibai S. 2013).

Swan (akkhu). One of the main national symbols of the Kazakh people considering itself (according to national etymology of an ethnonym "kazakh" - "and akh khaz" - "a white swan") the descendant of a white swan. It is widespread almost

at all Turkic people as the mythological character . The image of swan is sacred for the Kazakh people and symbolizes purity and beauty.

There are a lot of mythical and epic heroes who became a symbol in present time. One of them can consider Aldar Kose, who acts as a symbol of deception, cunnings, resourcefulness and mind. "E.D. Tursunov investigated this image of fairy tales and proved that it has a mythological origin. Aldar and the shaitan (or other opponent Aldara) – only the cover hiding homogeneous ancient images on which during the different periods new lines" accumulated. Alpamys, allocated with magic invulnerability, became a symbol of force, courage and power.

In Kazakh mythology quite often plants come to life and become symbols. For example, **Bayterek** – the World tree. Turkic version of the name of the World tree which is an element of mythological model of the world.

Bayterek (literally an initial poplar, mother poplar) as a world tree connects all three levels of the universe: top (numbering nine or seven layers of the sky), average – terrestrial, lower (the underground, numbering nine or seven layers of the sky). Its separate parts represent parts of the certain worlds: roots belong to the underground world, krone – branches and leaves to the top world.

… The image of the World tree symbolizes the family relations, a continuity of generations and a family tree. Turkic peoplebelieve that people take babies from under trees (cf. option of a genealogical legend of Adaye), or that souls of ancestors live on a tree branches and leaves were widespread. … The word *bayterek* is also used in clans' sign system of Kazakhs. For example, a patrimonial call and one of mythical ancestors of a tribe of a Qangly – bayterek".

There are also space symbols in mythology, it is possible to consider the Road of birds (Khus zholy). "… In modern astronomy the name the Milky Way is accepted. Modern Kazakhs call its Road of birds – "Khus zholy". … In most cases substance of the Milky Way is considered as a certain liquid, moisture (water, milk, etc.) that is certainly connected with image of the Milky Way as the Rivers (Kondibai S. 2013).

Symbol inherited its social and communicative functions from myth. Symbol unlike allegory which can decode "stranger", in consciousness is warmth of the rallying secret. During the eras, similar to classical antiquity and the Middle Ages, people were devoted more widely tocultural and confessional communities; on the contrary, during a bourgeois era the consciousness functions within the elite environment, giving opportunity to the adherents to identify each other among "indifferent crowd". But also in this case the consciousness keeps the unity, rallying nature: "interfacing" a subject and sense, it at the same time "interfaces" people, who fell in love and understood this sense. The artist's will to overcoming of an abyss between an essence and visibility, between "whole" and "special" by the nature symbolically resists to public alienation, though doesn't win against it really (Averintsev S. 2001).

As it is known symbols also act as representation and belief of the person. Temirgazina Z. claims that: "The symbol is the thing awarded by sense. For example, the tree in detail, object, tangible and shown, has a form and color. In the Russian

national consciousness the *birch* acts as a symbol of the homeland, Russia" (Temirgazina Z. 2002).

Though a symbol is so ancient as human consciousness in general, its philosophical and esthetic understanding is rather late result of cultural development. The mythological stage of outlook assumes just not dismembered identity of a symbolical form and its sense excluding any reflection over a symbol. The new situation arises in ancient art after Platon's experiments on designing of philosophical mythology of the second order, not before reflective, but postreflective, i.e. symbolical in strict sense of this word. And it was important to Platon to delimit a symbol not from discourse-rationalistic allegory, and from the before philosophical myth. The Hellenistic thinking also constantly mixes a symbol with allegory. (Averintsev S. 2001)

Conclusion. Symbol is a very ancient phenomenon being a part of the mythology. Till today we have mythological figures which can be considered as symbols or mythological symbols. The structure of symbols consists of at least two equally important parts. The direct sense is an image of a symbol, its root which provides a basis for emergence of abstract value. The figurative sense is an idea of a symbol. It differs from a direct sense on quality and can be a historical, cultural stereotype, individual and subjective. The mythology also bears in itself abstract value and has a historical link to the present myths and the main images in them, in our opinion, are defined in consciousness of the person as symbols, as result of vision of the world of our ancestors which reached us from generation to generation.

References:

1. Akberdieva B. (2009). *Cognitive linguistics. Education guidance*. Almaty: Arys.
2. Averintsev S. (2001). *Sofia-Logos. Dictionary*. 2nd ed. - K.: Spirit and Dictionary.
3. Bevan, E. (1950). *Symbolism and Belief*. Boston: Beacon Press. Beacon Hill.
4. Chevalier J. and Gheerbant A. (1996). *A Dictionary of Symbols*. London: Penguin Books.
5. Cirlot J.E. and Sage J. (1962). *Philosophical Library*. New York.
6. Ivanov V. (1985). *Structural anthropology*. Moscow.
7. Islam A. (2003). *Language in the Context of National Culture*. Almaty-Astana.
8. Karasik, V.(2010). *Language crystallization of sense*. Volgograd: Paradigm.
9. Karasik, V.I.(2012).*Language Matrix of Culture.* Volgograd: Paradigm.
10. Kondibai S. (2008). *Kazakh Mythology. Short Dictionary. Esthetics of landscapes of Mangistau. Prospect for development of tourism (monograph).* Almaty: Arys.
11. Kondibai S. (2008). *Ancient-Kazakh Mythology*. 1st ed. Almaty: Arys.
12. Kondibai S. (2013). *Dictionary of the Kazakh Mythology*. Almaty: Arys.
13. Shelestiuk, Helen V. (2003). Semantics of Symbol // Semiotica. *Journal of the International Association for Semiotic Studies*. Vol. 144-1/4.

14. Temirgazina Z.(2002). *Modern Theories in Domestic and Foreign Linguistics*. Pavlodar.
15. Uali N. (2007).*The theoretical bases of the Kazakh word*. Almaty.
16. Vernadski V. (1965). *Some words about a noosphere (text).* Moscow.

Zhunissova M.A.
candidate of philological sciences, associate professor,
Abai Kazakh national pedagogical university

THE PROBLEM OF LINGUISTIC PERSONALITY IN ANTHROPOMORPHIC LINGUISTICS

Аңдатпа. Мақалада антропоөзекті парадигмадағы тілдік тұлға мәселесі қозғалып, қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық ой-пікірлер мен ғалымдардың еңбектері антропоөзекті тіл білімінің даму үдерісін белгілей алатыны дәлелденген.

Кілт сөздер: адамөзекті бағыттар, тілдік тұлға, когнитивтік деңгей, прагматикалық деңгей, вербалды-семантикалық деңгей, тіл тұтынушы.

The problem of linguistic identity, which has been studied in succession with new trends in modern linguistics, has been shaped as one of the fundamental concepts of human-oriented humanity. The intensive development of humanistic research has had a profound impact on the formation of the theory of personality, the deeper recognition of the «linguistic consumers», and in the use of linguistic units, lingvo-cultural, pragmatics. Many of these studies have been published in this topic and are aimed at scientists. Certainly, in such a way as to conclude that the theory of linguistic identity in the precursor of conclusions and the theory of evolution is an integral part of our science-related narrative. The structure of the genuine linguistic person is a complex phenomenon. According to V.A.Maslova, it includes the following components:

1) a component of value, worldview, educational content, ie the system of values and values of life;

2) the component of cultural science, ie the level of culture development as an effective means of interest to the language;

3) an individual component, ie deep personality traits that are available to everyone.

The discourse has a structure, a system, a thought, called the «lingua francais or the language image of the world». The form of the language formed by the linguist, according to his personality, becomes a reference point and becomes the basis for the study of his language. Y.N.Karaulov believes that the language person consists of three structural levels:

1. Verbal-semantic level;

2.Cognitive level;

3.Prathmatic level: The verbal-semantic level determines the level of linguistic perception of everyday language.

This level includes the author's own speeches, the degree of use of different images, the end of the language, the novelty, the features of the circles. Because it is a level that identifies the original identity of a linguistic person, it is sometimes called a zero level, and the peculiarity of the linguistic use of the tongue is emphasized. The main feature of the problem of «linguistic personality» lies in the fact that the person (person) exits from the territory of an ordinary person (Homo sapiens) through his linguistic peculiarity. While any individual is recognized by other non-linguistic features, he can not be a language person. Its main reason lies in the fact that the individual is not armed with linguistic weapons.

Famous scientist Zh. Mankeyeva discovers that the process of formation of the linguistic identity begins with the general intellectual level of the human being, the discovery of the features that characterize the personality of the speaker, the basis of which is the spirituality of the person, such as «national identity, national-spiritual value, national accent, he had a clear idea of the scientific and informational foundations of the definition of the nature of the language person» [1: 46].

In contrast to the anthropogenic paradigm, the subject of the study of creative activity moves to the «linguistic consumer», ie the language problem in the person of the person who speaks in the language and the human speech. He contributed greatly to the development of anthropocentric linguistics. One of the views of Karaulov reflects our view: «It is impossible to understand the language before it can go beyond the boundaries of the language and its focus on the language maker and the consumer, that is, a particular linguistic person-a person ... without understanding the language of the person or can not be self – sufficient» [2: 7].

The level of self - interest of the subject, ie human identity, the existence of the world, the recognition of the world as well as the language system has become the core of new oriented research, increased. Every linguistic person is formed by the ability to master all the linguistic wealth left by his predecessors. The language of each linguistic person is largely based on the common folk literary language and, to some extent, a kind of individual language specificity. Therefore, the study of the linguistic person is carried out by means of complex analysis of the historical and cultural sources, ethno-national features and social character of the language, the philosophical outlook and psychological character of the people, and the phenomenon of the language person as a linguistic category leading to understanding and studying the linguistic identity of a person, determining the content of modern scientific paradigm has become an important scientific concept. A linguist can be a manifestation of the cultural-historical knowledge of the whole society as a result of the active expression of speech and behavior of the social psychology of the population, which corresponds to the standard and norm of ethno-culture. Every linguistic person is a person of a public sphere. His social status opens through the linguistic nature. The relevance of the problem of «Language Personality», which is the subject of research for the first time in the knowledge of linguistics, is studied and

systematically studied in the Kazakh linguistics as well as the scientific and informational basis of the process of studying. A number of valuable ideas on the subject have been studied in the researches of the leading scientists of the Kazakh language A. Baitursynov, K.Zhubanov, scientists who presented the scientific concept of the theory of artistic thought and theory of R.Syztyk, M.Sergaliev, B.Shalabay, E.Zhanpeisov, opinions and scientific conclusions are made. For example, the words of the academician R.Syzdyk «The Abai works of language», «The word of Abai», the famous scientist E.Zhanpeisov «M.Auezov's» The way of Abai», etc. In his fundamental researches, the personality of a particular artist and his creative handwriting, the power of speech, the linguistic picture of the use of visual effects, and the peculiarity of styles are described on the basis of the compositional language of the composition. These issues were taken into consideration in the context of the humanistic aspect of modern linguistics, and the particular attention was given to the writer's personality and creativity. From this point of view, the scientist Zh. Mankeyeva's works, research articles and supervised research, F.Terekova's «language personal K.K.Zhubanov», F. Kozhakhmetova's «Discourse character of the language person of Turmaganbet Iztyleuov», I.Aybarsha's «Language picture of the world in the context of national culture»,«Language lexicon of national culture in artistic text» (G.Musrepov's novel «The soldier of the Kazakh soldier»), Sh.Niyatova «Makhambet language person», G.Muratova's «Abai's language identity: discourse analysis and conceptual system», Aim «The peculiarities of verbalization in the poetic text of the conceptual structures» (M.Makatayev's poetry), G.Imasheva's «The linguistic image of the Universe» in the works of Mirzhakyp Dulatov, Zh.Ermekova's «Language of Magzhan Zhumabayev» is of great value and importance. If we briefly describe the scientific views in these researches, it is clear that, first of all, linguistic features are works that are related to their national identity and spiritual culture. The scientist, who conducted the research on national identity, analyzed national culture with a linguistic video, studied the language related language culture of artistic text, and studied linguistic and psycholinguistic related linguistic distinctions [3].

Considering the discursive nature of the poet T.Iztileuov, F. Kozhakhmetova explains the concept of «linguistic identity» with the definition of a linguistic identity, with the definition of «linguistic identity», which possesses a level of knowledge of the national language and national culture [4: 20].

Anthropocentrism (gr.anthropos - "human", lat.centrum-center) is a scientific direction that links the human phenomenon to other phenomena of the universe, linking the human being with the human factor to the processes that occur in the world, as the center of the universe. Many studies in general linguistics have an advantage of anthropogenic paradigm. The reason for this is that anthropocentricism in linguistics first puts the nation first and foremost a human being, the true owner of the language – national language.

Scientist E.V.Erofeeva in her article titled ««Anthropocentric Approach to Research» describes the following two language functions:

1. in essence, something really objective,

2. Informatics or just about the whole world and it's about humanity» [5: 28].

Social linguistics: «speech material; interpretation of the text as a specific speaker's work with certain social value; language lan- guage, style, specific grammar, lexical unit, speech genre, sex, and general state of the speaker's language can be determined by speaking language» [5, 29].

In gender education is shown: speech situation; theme of story; age; knowledge.

Anthropogenic paradigm of contemporary Kazakh linguistics has opened new fields in the context of its cumulative activity through language and culture, such as ethno linguistics, linguistics, linguistics and language education, psycholinguistics, cognitive linguistics and social linguistics.

Anthropocentric research focuses primarily on such issues as human cognitive structure: perception, thinking, language, memorization, and action.

E. Sepir and B.Oorf believe that when the image of the world is perceived by the individual dependent on the language of a certain ethnos, the true world takes the language «by the tongue». This is called language determinism.

O.Yu.Kushchev Anthropocentric paradigm in modern linguistics states in his article, ««Anthropogenic paradigm in linguistic education, in the twentieth century, is made up of four interconnected but individual traits: The first one sees «the tongue as a mirror»; The second direction, interdisciplinary linguistics is considered here as it relates to the process of interpersonal communication. The third direction considers language as a worldview with the organization of human cognition that is, applying to other sciences. The fourth direction, in anthropo-interactive language knowledge, is to examine the language from the point of view of the individual. The subject of Linguocultural Cognition is regarded as a linguistic person and concept [6: 34]. On the basis of the anthropological linguistic teaching, there are a number of mutually-constrained, interconnected scientific fields, which suggests the following drawings to the problems of the routes:

Anthropological linguistics					
Lang uage	S ocial	Social linguistics	Psycholingui stics	Psyc hology	Lan guage
	N ation	Ethno linguistics	Gender linguistics	Physi ology	
	C ulture	Linguocultur e	Cognitive linguistics	Gnos iology	

Gulnar Muratova, a well-versed researcher of the great Abai's language, noted that the classical example of the linguistic person in the Kazakh language can be clearly seen in the Kazakh literary language by the great Abai, by defining the problem of linguistic identity, «speaking as a language user, as a language maker, how to contribute to the development of language history (synchronous, diarrhean), language development - Whether or not it promotes the status of a language person

one aspect, that is to say, that there should be a principal position which opens up a full-fledged linguistic identity». [7, 11]. The scientist G.Imasheva, studying the language of Mirzhakyp Dulatuly, the main character of the problem of «linguistic personality» lies in the fact that the person (personhood) is expelled from the territory of the country through its linguistic peculiarities. The way to a person's level of individualism to become a «linguistic personality» is a complex and interesting issue for linguistics, emphasizing the spiritual outlook of the Kazakh nation in its language [8: 7]. The scientist J. Yermekova, who made the study of the language person of Magzhan Zhumabayev, believes that it is necessary to define the basic systems of personality formation, which is a linguistic person in interpreting the language, the linguistic and extalinguistic factors that form the language person of Magzhan Zhumabayev and the socio-social situation In his turn, his own vision of language personality is summarized as follows: «A linguistic identity is a language that has been accumulated by consumers of culture, language, values, knowledge and tradition the shadow of a beam» [9, 132].

The scientifically-theoretical approach of the «language consumer» in anthropo-economic direction allows to deepen the creative ability of the linguistic person, the author's image, and to explore the artistic world widely.

Modern linguistics has different views on the term «linguistic identity», meaning its meaning is interpreted differently. For example, a subject (world-renowned and world-renowned), an individual, author of text, language tutorial, active, passive informant, speaker / listener, vocabulary portrait, idiom, author image, intellectual, author image, poet's own image etc. . These names mean that researchers have come from their own cognitive-interpretation, from a variety of perspectives, to the understanding of human consciousness, language organization. In the scientific literature on the subject of the linguistic identity, differentiated terms and types of terminology are used to distinguish «linguistic persons»: «elite language person», «national language person», «artistic linguistic person», «language person», «Kazakh language personality», «cultural linguistic person» etc. From this point of view, the well-known scientist N.Uali considers the issue of linguistic identity in the context of speech culture and implies the influence of the linguistic influence on the formation of cultural and linguistic tradition in the linguistic environment, in the language environment: «Ethno-ethnology is used in the minds of cultural norms, mastered and used the word. M.Auezov, G.Musrepov, and others, are literary people who are ideal for the public. They are members of the literary elite group». The author also notes that linguistic persons are divided into four types depending on the level of development and use of literary language:

1) literary language that consumes creative levels. These are elite language persons;

2) a medium-sized cultural-linguistic type that preserves oral and written norms of the literary language, which can not be clearly expressed in the language of speech and language elements

3) a linguistic-cultural type, commonly used in the literary language, including the elements common to simple speech; communicative with simple speaking

language, using simple elements and dialectics. This is a cultural and linguistic portrait of a linguist. There is also a socio-psychological «portrait» of linguistic persons [10, 132].

In the study of humanistic trends, it is important to define the content of the theory of language personality in the new scientific paradigm, the scientifically-theoretical foundations of its formation in the level structures, and the importance of such research in determining the process of development of modern Kazakh language.

References:

1. Mankeyeva Zh. Linguistic basis of recognition of H. Dosmukhameduly // language, 2013, № 1, p. 43-48 p.

2. Karaulov Y.N.Russian and language personal. - M., 2004.

3. Islam A. The language picture of the world in the context of national culture: philological. the science doctrine ... diss. - Almaty, 2005; Elemesova Sh.M. Linguistic relevance of national culture in artistic text (according to G.Musrepov's novel «The soldier of the Kazakh soldier»): philolog. the science kand ... diss. - Almaty, 2003.

4. Kozhakhmetova F.B. The discourse character of Turmagambet Izleuov's linguist: philologist. the science kand ... diss. - Almaty, 2004.

5. Erofeeva E.V., Erofeeva T.I. Man and text: Anthropocentric approach to research. // Bulletin of Perm University. 2005. C29-34 320 p.

6. Kushcheva O.Yu. Anthropocentric paradigm in modern linguistics. // // Vestnik of Perm University. 2005. 34 with. 320 p.

7. Muratova G.A. Abay's linguistic identity: discourse analysis and conceptual system: philologist. the science doctrine ... the author. - Almaty, 2009.

8. Imasheva G.E.«The language image of the universe» in the works of Mirzhakyp Dulatov: philologist. the science kand ... diss. - Almaty, 2007. - 119 p.

9. Yermekova Zh.B. Language person of Magzhan Zhumabayev: philologist. the science kand ... diss. - Almaty, 2010.

10. Uali N. Theoretical bases of the Kazakh word culture: philolog. the science doctrine ... the author. - Almaty, 2007.

Абдыханова Ғ.Т.
педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы;
Мырзабаева Б.Ж.
аға оқытушы,
М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТ ТІЛІ МӘСЕЛЕСІ

ХХ ғасырдың басындағы алдынғы қатарлы қазақ зиялылары өздерінің саяси қызметінде ұлттық, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды қорғауды басхи мақсат деп білді. Олар өз халқына тәуелсіздік және отаршылдық құлдықтан азаттық алу жолындағы күресінде көмектесуге ұмтылды, әрбір адамның және әрбір халықтың жеке өз бостандығына құқығы мен бүкіл адамзат мәдениетінің жетістіктері мен табыстарына еркін қол жеткізуі сияқты жалпы адамзаттық қазыналар үшін күресті. Қазақ зиялылары 1905 жылдан бастап осы мақсатта дала өнірінде қызу қызмет жүргізді. Қазақ зиялыларының көшбасшылары халықтың саяси жағынан көзін ашу үшін оның бойында білімге деген құлшынысты ояту, сауатсыздықты жою қажет екенін түсінді. Қазақ зиялыларының бүкіл қызметі осы мақсатқа арналды деуге болады. Ұлттық «Қазақ», «Қазақстан» газеттерінің, «Айқап», «Сарыарқа», «Абай» журналдары мен басқа да мерзімді басылымдар беттерінде олар тек білім ғана өркениетті дүниеге жол ашады, қазақтардың ұлт ретінде сақталуына көмектеседі деп, қазақ халқын білім алуға шақырды. Тіл мен әдебиетті дамыту ерекше бөліп көрсетілді. Қазақ тілі мен әдебиетінін дамыту проблемалары жөнінде араб графикасы негізіндегі қазақ әліпбиінің тұңғыш талантты реформаторы, «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), «Жаңа әліпби» (1928) атты қазақтың тіл ғылымында ғана емес, бүкіл ғылыми түркітану әлемінде де жаңашылдық деп саналатын еңбектердің авторы А. Байтұрсынов көптеген мақалалар жазды. «Қазақ» беттеріндегі еңбектерінде А. Байтұрсынов балаларды мектептер мен медреселерде оқытудың маңыздылығын атап көрсетті. Ол өзінің қазақ және орыс мектептеріндегі оқыту проблемалары туралы ой-пікірлерін баяндай келіп, балаларды міндетгі түрде екі жыл қазақ тілінде оқытуды талап етеді, «бастауыш мектептер миссионерлік саясаттан тыс болуға тиіс, яғни әрбір халықтың өз тіліне, жазуына және дініне құқығы болуға тиіс» деп санайды. Сонымен бірге ол орысша сауаттылықты да үйрену қажет екенін атап өтеді.

Алаш қайраткерлерінің тіл саласындағы тағылымы қазіргі ана тіліміздің сол замандағы биік бір асуы болды. Сол асудың төңірегінде Алаш зиялыларының қазақ тілін дамытудағы еңбектерін ерекше бөле-жара айтуға болады. Олардың дербес мемлекеттілікке ұмтылыстарында қазақ тілінің мәртебесі туралы ойлары мен мұндалап тұрды. Оны олардың сол тұста жазған мақалаларынан және А.Байтұрсынұлының, С.СәдуақасұлыныңОқу комиссариатында басшылық еткен кезіндегі іс-қимылдарынан аңғаруға болады. Тіл – ұлт руханиятының негізгі өзегі екендігі де Алаш зиялыларының қоғамдық

ойларынан және көркем шығармашылығынан көрініп жатты. Тілдің қоғамдағы орны мен рөлі жөніндегі қисынды пікірлер А.Байтұрсынов бастаған алашшылдардың мақалаларынан тайға таңба басқандай анық аңғарылып тұрды. Сондай-ақ, туған тіл тақырыбы ұлтты ұйыстырушы, халықтың төл болмысын айқындаушы фактор ретінде қазақ поэзиясында, әсіресе, М.Жұмабаев, С.Торайғыров өлеңдерінде ерекше леппен жырлана бастады.

ХХ ғасырдағы қазақ рухани мәдениетіндегі көшбасшыларының бірі болған Ахмет Байтұрсынұлы – өмірі аңызға, шығармашылығы үлкен маңызға ие болған көрнекті тұлға. Ол – қараңғылық тұңғиығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы. Жастайынан тағдыр талқысын көріп өскен Ахметті өсірген де, ғылым мен мәдениеттегі көсегесін көгерткен де халық үшін еткен еңбегі, елі үшін еңсере жасаған қызметі. Ұлт маңдайына біткен тұлғаның туған тіліне деген құрметі жоғары болды. Оны бәрінен биік қойды.

А.Байтұрсынұлының жасаған әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды. Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген. Б. қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйретететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық

қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл граммат. терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ.

Міржақып Дулатов – қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, жалын көсемсөз шебері. Ол: «Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты, Өткізбей қараңғыда бекер жасты», - деп, өз жырымен халқын білімге, ел үшін пайдалы іс-әрекетке шақырды. Бүкіл халықтың еркіндікке жетуінің басты шарты – түнек болып торлаған қараңғылық ұйқысынан ояну, дүр сілкініп, надандықтан арылу деп білген ол: «Қазақ тілі – бай, таза іргелі жұрт тілі деп бәріміз де айтамыз… Бірақ құр бай, таза деумен тіліміз өздігінен сақталып, әдебиетіміз өрбіп кете ала ма? Қай жұрттың тілі болса да ту басында біздікі секілді таза да, бай болған. Бірақ олар көрші жұрттардың сөзі қосыла-қосыла, жүре бұзылған. Біздің қазақ тілі бұрын ылғалсыз таза болса да, бұл кезде басқа жұрттармен араласа бастадық, басқа жұрттардың оқуын оқыдық… Бір жағы Бұхар, бір жағы Мекке, Медине, Стамбұлдардан да оқып қайтқандарымыз бар. Солардың бәрі елге ноғайшылап, арабшылап, сартшылап қайтып жүр. Бұлардың сөйлеген сөзінде, жазған хатында шет жұрттардың тілі аңқып тұр… Қазақ тілін сақтаймыз, балаларымызды қазақша болсын дегенде бұлардың бәрінің негізі «Тіл – құралы» екенін ұмытпасқа керек», – дейді.

Алаш көсемі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан – ормантанушы, публицист, экономист, аудармашы, заңгер, ғалым болумен қатар қазақ тілінің дамуына да елеулі үлес қосқан ірі саяси тұлға. Алаш көсемі туралы сөз қозғалғанда ірі саяси қайраткер болғандықтан оның саясаткерлік қыры мен күреске толы ғұмыры туралы көбірек айтылуы да орынды. Әлихан Нұрмұхамедұлы өз замандасы, ұлт ісінде қанаттасып қатар еңбек еткен сенімді серігі тіл ғылымының ғұламасы Ахмет Байтұрсынұлы сынды қазақ тілін арнайы зерттеп көлемді ғылыми еңбектер жазбағанымен, өзінің мақалаларында, рецензияларында тілдің түрлі мәселелерін көтеріп, құнды ғылыми пікірлер білдіріп, маңызды тұжырымдар жасаған қарымды қалам иесі. Әсіресе, оның тіл саясаты мен қазақ тілінің қоғам өмірінің түрлі салаларындағы қолданылуын қамтамасыз етуге арналған еңбектері мен жасаған қызметі үлкен тарихи мәнге ие. Әлихан Бөкейханның қазақ тілінің дамуы жолындағы сіңірген еңбегі мен қызметін бірнеше қырынан қарауға болады. Ең алдымен, ғалым өзінің бүкіл саяси және шығармашылық ғұмырында қазақтың баспасөз тілінің,

ғылым тілінің, жалпы жазба әдеби тілінің қалыптасуы мен дамуына мақсатты, саналы түрде қызмет етіп, елеулі үлес қосты. 1923 жылы Дінше Әділұлына жолдаған хатында ол: «Не балаларға сабақ беріп, не жорналға, газетке мақала жазып, Алашқа қызмет қылмасақ, не қазақ тілінде кітап жазбасақ, өзге жол бізге бөгеулі ғой» деп жазады. Ол өмірінің соңына дейін осы ұстанымынан айныған емес. Ғалым көптеген ғылыми, ғылыми-танымдық, оқу-әдістемелік, публицистикалық еңбектер жазды. Әлем әдебиетінің классиктері Г.Мопассан, О.Уайльд, Л.Толстой, И.С.Тургенев, А.П.Чехов және В.Г.Короленко, Д.М.Мамин-Сибиряк сынды көрнекті қаламгерлердің көркем шығармаларын, бірқатар ғылыми еңбектер мен оқулықтарды қазақ тіліне ұлт танымына сәйкестендіріп аударды. Редактор болып газеттер шығарды, журналист болып жүздеген мақалалар жазды. Соңында қыруар мұра қалдырды. Ұлт болашағы мен оның мәдениеті үшін аса маңызды бұл іспен тек өзі ғана айналысып қоймай, Алаш көсемі, ХХ ғасыр басындағы ұлт көшбасшысы ретінде өзінің төңірегіне топтасқан бүкіл қазақ оқығандарын қазақтың жазба әдеби тілін қалыптастыруға жұмылдырды. Оларды қазақша кітап, мақала жазуға, газет шығаруға тартты. Жақсы, сауатты жазылғандарын өзгелерге үлгі етіп, нашар, сауатсыз жазылғандарын сынға алды. Баспа бетін көрген қазақша кітаптардың көпшілігіне рецензия, әдеби сын жазып, пікір білдірді. Олардың мазмұнына, тіліне, сөз қолданысына, қазақ ұғымына сай аударылуына да үлкен мән беріп отырды.

Оның жан-жақты білімі қазақ тілін баспасөз тілі, ғылым тілі, көркем әдебиет пен ресми іс қағаздар тілі ретінде орнықтыру жолындағы қайраткерлік қажырлы еңбегі мен тіл тұтынушысы, шығармашыл тұлға ретінде қолынан қаламын тастамай көрсеткен жеке үлгісі ақын-жыраулардан, Махамбет, Ыбырай, Абай, Шоқандардан басталған ұлттық әдеби тіл іргетасының берік қалануына қосылған өлшеусіз үлес болды.

Ә.Бөкейханұлы өзінің саяси күреспен өткен саналы ғұмырында қазақ тілінің қоғам өмірінің барлық саласында, ел аумағында кеңінен қолданылуына қол жеткізу үшін бар күш-жігері мен жан-жақты білімін жұмсады. Қазақ ұлтына адал қызмет етуді өмірінің мәні санаған саяси қайраткер тіл саясатымен тікелей айналысты. Ол - қазақ тілінің ел ішіндегі қолданысын заң жүзінде бекітуге ірі саясаткер әрі кәсіби заңгер ретінде атсалысқан және ХХ ғасыр басындағы ұлт көшбасшысы ретінде бұл іске басшылық жасаған аса көрнекті ұлт зиялысы. Сол себепті бүгінгі қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қалыптасып, дамуының тарихы, бұл жолдағы күрестің бастаулары туралы сөз болғанда Ә.Бөкейханұлына соқпай өтуге болмайды.

Қорыта айтқанда, А.Байтұрсынұлы айтқандай, «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағандай тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек. Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры,

жұмсайтын қаруының бірі» болғандықтан, біз ана сүті арқылы бойымызға дарыған ана тілімізді сақтауымыз қажет. Өйткені, қазақ тілі – мәңгілік елдің мәңгілік тілі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» туралы Қазақстан халқына Жолдауы
2. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»//Егемен Қазақстан газеті. №70, 12 сәуір, 2017
3. Хасанова С. Қазақ жазуы мен оқуының бастаулары (көне түркі және араб, латын жазбалары). – Алматы: 2007
4. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы.
5. Мырзахметұлы М. Түркістан тараз арасы.-Астана, 2002
6. «Қазақ» газеті. Қазақ энциклопедия баспасы, 1998
7. «Айқап» газеті. Қазақ энциклопедия баспасы, 1998
8. «Дала уәлаяты газеті».- Алматы: Ғылым, 1992

Ақмағамбетова Б.Е.
филология ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ЗАТТЫҚ ЛИНГВОКУЛЬТУРЕМАЛАРДЫҢ МӘНІ

Әдетте зерттеушілер тіл мен мәдениетті ерекше семиотикалық жүйе деп таниды.Олардың бір-бірімен байланысының қалай жүзеге асатындығы аса күрделі мәселе болып табылады. «Тілдік таңбаның мазмұны мәдени таңбаның формасы болып саналады, яғни заттық мәдениет атауы тілдік таңбаның формасы, ал мазмұны сол атаудың мағынасы болады» деген пікірді негізсіз деуге болмайды.

Тілдік таңбаның мазмұны мәдениет семиотикасында мәдени таңбаның формасы болып табылады. Философтардың айтуы бойынша, тіл — мәдениеттің әмбебап формасы.

Қоғамдағы материалдық құндылықтар (киім-кешек, құрал-жабдықтар т.б.) мәдениетке жатады. Ал олардың атауы тілге де, мәдениетке де ортақ. Шығармаларда кездесетін заттық мәдениет атауларының көбі жалпы адамзатқа тән. Бірақ оларға көзқарас білдіріп, баға беруде ұлттық ерекшеліктерді байқаймыз.

Заттық мәдениет лексикасы О.Нақысбеков, А.Айғабылов, Р.Т.Ахметьянов, Ж.Манкеева т.б. ғалымдардың еңбектерінде арнайы зерттелген.

Заттық мәдениет лексикасы ұлт тарихы мен өркениетінен мағлұмат беретін ерекше қабат болып саналады, яғни заттық мәдениет өнімдері рухани мәдениеттің де көрінісі бола алады.

Р.Т.Ахметьянов бұл жайлы: «материалдық мәдениет атаулары адам қызметінің басты материалды игілікті өндіру жағын белгілейді, яғни тамақ, киім, баспана т.б. оларды талдау халықтың тарихын оқу үшін аса маңызды көңіл аударарлық жай болып саналады»,-деген пікір айтса , Ж.Манкеева: «Заттық мәдениет лексикасы- ұлттық рух пен талғам негізінде, ұлттық тұрмыс пен шаруашылық ерекшеліктеріне сай технологиялық процесс нәтижесінде, өз мәні мен атқаратын қызметіне сай сөз тудырушы модельдер арқылы жасалатын лексика– семантикалық катетория ретінде, кумулятивтік қызметі негізінде саналған материалдық өндіріс пен мәдени туындылардың атаулары», -деп ой түйіндейді [, 13].

Көркем туындылар заттық мәдениет лексикасының барлық түрлерін қамтыған.

Ұлт өкілдерінің киіну үрдісін сипаттайтын киім -кешек атаулары: *қос етек көйлек; тымақ; шекпен; «қосай қалош»; жеңді қамзау; зелен; кестелі мәс; жаулық; оқалаған сәукеле; жеңсіз қамзол; кестелі етік; шәлі; ішік; түйме; шапан; күпі; шалбар; тон; дамбал, кебіс; шұлғау; беторамал* т.б. түрінде кездесіп, көбіне олардың тігілтен заттың атымен және тігу технологиясымен байланыстырылғанын байқауға болады. Мысалы: *барқыт шалбар; күрең барқытпен тыстаған қара елтірі бөрік; күрең барқытпен тыстаған жеңіл пұшпақ ішік; күрең барқыт шалбар; күміс жапқан қаптырмалы бұлғары белдік; биік өкшелі шоңқайма етік; түйе жүн шекпен; алтындатқан зерен шапан; қос қабат барқыт қамзол; көк жібек тысты пұшпақ ішік; ақжібек шаршы орамал; бұлғын ішік; қына сары жібек көйлек; қызыл жібектен бүрме жаға; қара көк барқыт қамзол, зерен шапан; қайыс етік; алтын жіптері барқытқа араластыра тоқылған зерен шапан; жатардағы бүрмелі кең көйлек; үкілі құндыз бөрік* т.б. Мысалы:

–Жапармысың, әлі тоймай отырған? Өзіңдей Оразалы жүр ғой таң сәріден бері отын тасып!– деп, теріс айналды. Жапардың алдында тұрған айранның бетін қыл-қыбыр, жүн-жұрқа, шаң-тозаңға толтыра кеткенін байқамаған да сияқты. Кебіс табанынан ұшып келіп, айран бетіне шаншыла түскен тезек сынығы құйрығын шошайтып, Жәніш бәйбішені нұсқағандай болады [2,82]. *Бұл – бір түлкі тымақ киген, белінде наганы бар, сұлуша жігіт еді. Күн батып бара жатқан кез, түлкі тымағы мен қара саннан келетін саптама етігінен басқа киімін мен түстей алмадым* [2,141]. *Кітабымды арқалап, мектептен келемін. Тоңып келем. Жамбастап қалған көн етігім бар. Доғарылған ұлтаны қайырылып қалмасын деп аяғымды көтеріп басамын. Жер лайсаң. Етіктің іші одан да өткін. Пеш қасында бір әйел отыр. Басында қызыл шәлі. Үстінде батсайы қамзол* [3, 15]. *Бірі – кірпішешеннің инесіндей тікірейтіп шаш қойған, қалқан құлақ, қара жігіт, ал екіншісі – тым жүдеу, жақ еті суалған, сонысына қарамастан осы Арқа әйелдерінің салтын сақтап көк жаулық, оның үстінен қақырайтып шаршы тартқан қарт адам* [3,5].

Сонымен қатар, *бір киер; барын кию* тәрізді тіркестер де ұлт мәдениетіне тән ерекше лингвомәдени бірліктер ретінде саналады.

Әсемдік бұйымдары *сақина; жүзік; тана-моншақтың* да заттық мәдениет лексикасында өзіндік орны бар. Мысалы: *–Қалқажанның екі құлағындағы екі алтын сырғасы – сенің берген екі құлынды биеңнен екі есе қымбат екенін де білетін шығарсың?* [2,154]. *Темір аспан түсті көк жібектен киінген. Үсті–басы от шашып, жалын жалап тұрған інжу тастар... Бұл тастар оның үстінде бес-ақ мыңдай екен! Қаһарынан қар төккен аппақ басында ақ бөрік. Бөркінің шошақ төбесінде жұдырықтай қып-қызыл жақұт* [2,59].

Қазақтардың сонау ерте заманнан өз жерін түрлі басқыншылардан қорғап келген жауынгер халық екенін төмендегі линтвокультуремлар айқындайды: *садақ оғы; сойыл-шоқпар; найза; қылыш; мылтық; садақ; қорамса; қынап; айбалта; селебе пышақ* т.б. Олардың көбісі қазіргі қолданыстан шығып қалған, бұрын айқастар мен жорықтарда пайдаланылған қару-жарақ атаулары екені түсінікті.

Заттық мәдениет катеториясына жататын лингвокультуремаларға тұрмыстық тұтыну заттары мен шаруашылыққа қажетті керек-жарақтың кіретіні белгілі. Солардың бірі *ыдыс-аяқ, үй жиһаздары* мен *көрпе-төсек* атаулары.

Шығармада *ыдыс-аяққа* байланысты: *саба; тайқазан; қазан; теген; оюлы ожау; самауыр; құман; леген; астау; табақ; басында шот -аяғы бар темір көсеу; дастарқан; шелек; шыны аяқ; шай қасық; қант сауыт; қасық; қымыз аяқтар; жер -ошақ; пышақ; тас тиірмен; орамал; тостаған; шара* т.б. қолданылса, *қоржын; жүк; киіз; түкті кілем; қасқыр көрпе; жастық; оюлы ақ киізбен қапталған сандық; бестік шам; қапшық$_{у}$ қол сандық; бөгіребас; кебеже; оюлы текемет; оюланған киіз-қаптар; төсеніш; күміс жақтаулы үш жарма айна, бесік; жаялық; шымылдық; жер төсек* т.б. үй *жиһаздары* мен *көрпе -төсек* атауларын білдіреді. Мысалы: *Табақтың шетінде жалтыра жатқан сар кездікке көзім түсе қалды. Пышақты өзіне ала оқтанғанымда:*

– Ойба... ойба... – деп екі қолын ербелендете берді. Поштабайдың табағы қолынан жалп етіп жерге түскенін, тістері ақсиып бастың домалап кеткенін бір көріп қалдым [2,80]. *Оң жақ босағада аласа жүкаяқтың үстінде темірмен белдеуленген аруақты бір ескі сандық, бетінде екі -үш жерде ғана сүйектелген өрнектің ізі қалған ескі кебеже... Көрпе -жастық дегеннің ізі байқалмайды. Екі басы қайықтай қақырайған ағаш төсектің үстінде сырмақ сияқты, құрамыс көрпе сияқты бірдемелер қоқып жатыр. Төр алдында тай, тайынша, ешкі, лақ терілері шикі күйінде төселген. Бір кезде көк сауырлатқан, күмістеткен үйрек бас ер осы үйдің төріне мың жыл бұрын ілінген күйі қала бергендей, қаусап тұр. Таралғылары қырқылып, күмістеткен үзеңгілері үзіліп түскелі тұр* [2,196].

Ұлт өкілдерінің айналысқан негізгі шаруашылық түрлеріне байланысты туған заттық мәдениет лексикасы да шығармаларда жиі кездеседі.

Аңшылыққа байланысты: *садақ оғы; сирақты шиті мылтық; қақпан; садақ; кездік* т.б. лингвомәдени бірліктері, *мал* және *етін шаруашылығына*

қатысты: *шылбыр; қамшы; ауыздық; үзеңгі; арқан; көген; құрық; айыл тартпа; үзеңгі -таралғы; тұсау; шідер; таға; ноқта; оқшантайлары салпылдаған кісе; бақан; қазық; бұғау; божы; тізгін; шарбақ; жабу; қамыт - шылия; қазақы арба; белорақ; соқа; кетпен; тырма; бәшке; темір айыр; балта; орақ; тырнауыш, қора* т.б. сөздер кездеседі.

Жартылай отырықшылыққа айнала бастаған қазақ ауылының өміріне кейінгі уақытта *егін -шөп машинасы, пәуеске* кіргенін көруге болады.

Қазақтың *ас мәзірінен* хабар беретін лексикаға *сорпа-су; ас-су; шай; қант; нан; соғым; бауырсақ; сусын; өрік-мейіз; кәмпит; қымыз; қазы -қарта; құймақ; ұн; май; ет; сүт; сары майға бұлғанған ыстық нан; тұз; көже; күлді көмеш; құрт; жал -жая; бидай; тары; сұлы* жатса, *ортасына ақірімшік салып пісіретін нандар; ашқылтым аққалаштар* да кейіннен пайда болған ас түрлері. Мысалы: *Шай келді.*

— Қатын, бұл бір іздесе таппайтын қонақ екен, қант, майың мен ірімшік, құртыңдң аяма, бәрін сал, — деп Битабар шалқая отырды [3,62]. *Еркектері есесін жіберген жоқ... Бастың бір құлағын кесіп менің алдыма тастады да, Атекең басты өз алдына алып қойды. Жамбастан бір жапырақ етті менің алдыма тастады да, сақалы бар, мұрты жоқ адам о да жамбасты өз алдына қойды. Өзгелері де солай, өздеріне тиісті мүшелерді ұстап-ұстап алып, алдарына қойып жатыр... Қалған ондай-мұндай туралып бір жапырақ табаққа түсе бергенше біреуінің өңешінен өтіп те кетеді.*

Ет жеу ырымы аяқталып, сорпа ішіліп болысымен ақ төре тұқымдары бір-бір сүйекті балаларына ұстатып, тез тарасып кетті. Бізге, әрине, тыныш ұйқы, қайырлы сапар тілеп тарасты... [1, 202].

Ұлттық баспана атаулары мен оның архитектурасы жайлы мәдени танымдық мағлұмат беретін лингвокультуремалардыңда өзіндік орны бар. Мысалы: *Әлім бұл жолы да қонақжай, мырзалығынан танбапты. Арқаның ерке серісі, балуан серісі Шолаққа арнап ауылдан алысырақ көкорай шалғынға тоғыз қанат ақ боз үй тігіп, іргесін түріп тастаған. Айнала нөпір жастар. Ақ боз үйдің табалдырығынан барып бір-ақ шықты. Әйтеуір ешкім елемеген секілді* [3, 40].

Ақ үй; ақорда; қараша үй;қара үй;алты қанат ақ үй; отау; қос; шошала; жер жаппа; сөре мен ұлт дүниетанымында ұлтаралық жақындасу негізінде пайда болған *жер үй, ағаш үй, монша, зал, веранда, қонақ үй, сарай* т.б. бірге *шаңырақ; кереге; уық; түндік; үзік; ортан қазық; қолдан тоқылған терме баулар; ши; киіз; қара белдеу; барқытпен оюланған туырлық; өрнектеп тоқылған ызба баулар* т.б. ұлт тұрмысын көз алдыңызға елестетеді. Олардың қайсысын алып қарасақ та өзіндік мәні бар атаулар.

Ал, *шаңырақ* лингвокультуремасы қазақ дүниетанымында ең қадірлі, қасиетті ұғым. Лексикалық мағынасы бойынша «киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер» немесе «әркімнің тұрған, туған үйі» [1,17] дегенді білдірсе, оған байланысты шаңырақтың қасиетті нәрсе екендігін, үй тіккенде оны ұстап тұру ерлердің

үлесінде екендігін, шаңыраққа, яғни үйге ие болып тек ұл бала саналатындығын мәдени коннотацияға жатқызамыз.

Жоғарыда келтірілген заттық мәдени атаулармен бірігіп қолданылған *ою* линтвокультуремасы ұлттық өнердің көне түрінің біріне жатады. *Ою -өрнектің* киім-кешекті, үй жиһаздарын, ер-тоқым мен кейбір ыдыс-аяқ түрлерін, киіз үйдің туырлық -бауларын, т.б. әсемдеу үшін қолданылғаны белгілі. *Ою - өрнекте* халық тарихы, рухы мен мәдениеті бейнеленген.

Үкі лингвокультуремасының да өзіндік мәні бар. Тіл– көзден, ауру– сырқаудан сақтайды деп сенген қазақтар оны киелі санаған. Аталмыш ырымды дүниенің тілдік бейнесіндегі ұлттық стереотипке жатқызуға болады. Шығармадағы *үкі* лингвомәдени бірлігі қыз баланың бас киіміне тағылған үкінің қауырсынымен байланыстырылған.

Сонымен бірге киім-кешек және басқа тұрмыстық заттарды өндіретін шикізат атаулары да шығармаларда кездесіп отырады. Олардың қатарына: *ситса, барқыт, жібек; бұлғары, қасқыр терісі; түлкі терісі; сары сапиян; шибарқыт; сәтен; илентен елтірі; ақ зонт; қын-қынап* т.б. жатады.

Діни ұғымдағы сал-дәстүрге қарасты заттық мәдениет лексикасына: *тәспих; кәк күмбез; мұнара; көк тас; ақтас; ақ селдір бөз; аққиіз* т.б. жатса, ұлтымыздың саз өнерінен мағлұмат беретін лингвомәдени бірліктерге *домбыра, сыбызғы* жатады. Мысалы: Майра жалындыратын да ,сәнденетін де адам емес екен. Өзінің бөлмесінен домбырасын да, сырнайын да алып келді. Домбырасы сау қарағайдан ойып жасалған кәдуілгі сегіз пернелі екен де, сырнайы пәленше тілді болғанымен баян да емес, аккордеон да емес.

Салалы саусақтары домбыра пернелерін сыдырта тексеріп, ерсілі– қарсылы ойнақтап шықты. Бұл – табиғи түріндегі саусақтар. Тырнақтары сүйірленбеген де, боялмаған. Бұл – өмір бойы домбыра пернелерінде, сырнай тілдерінде миллиондаған қимылдар жасап келген спортсмен саусақтар. Домбыра ішектері, сырнай тілдері бұл саусақтар тиіп кеткенде не шала-жансар үн, не жалған дыбыс бере алмауы керек [2,146].

Көшпелі заманда бүкіл қазақ баласын асыраған, ішкенге – ас, мінгенге – көлік, киім-кешек, тұрмыстық тұтыну заттары, көрпе – төсек, баспана бола білген төрт түліктің заттық мәдениет ұғымында алатын орны ерекше.

Шығармадағы *тезек теру; шоғырмақ теру; іс тігу; етік тігу; қолға су құю, ет турау; табақ тарту; бас тарту; үй тігу; малға ен салу; үй жығу; желі тарту; бие байлау; қонаққа мал сою; сарқыт қалдыру* т.б. тәрізді лингвомәдени бірліктер заттық мәдениетке тікелей байланысты халықтың рухани мәдениеті мен өркениетінен мағлұмат беретін маңызды көрсеткіштер.

Жоғарыда жасалған талдау заттық мәдениет атауларын білдіретін лингвокультуремалардың барлығы да ұлттың материалдық мәдениетінің ажырамас бөлігі екеніне көз жеткізеді. Сондықтан да тіл, мәдениет арасындағы байланыс аталмыш лингвомәдени бірліктерде айрықша көрінеді және оларды өндіру процесі әр ұлттың дүниетанымы, іс-тәжірибесі мен менталитетіне тікелей байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Манкеева Ж. А. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы: Филол.ғыл.докт.дисс.автореф., 1997. – 53б.

2. Мүсірепов Ғ. Көп томдық шығармалар жинағы. Ітом. Әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 2002. – 283 б.

3. Шаймерденов С. Битабар балуан. Повестер. – Алматы: Атамұра, 2004. – 272 б.

Алдашев Н.М
филология ғылымдарының кандидаты, профессор,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР (графикалық шартты қысқартулар)

Қысқарған сөздерді графикалық тұрғыдан игеру ең алдымен басқа тілден енген сөздерді жазбаша түрде,яғни қазақ афавитінің үлгісімен беру болып табылады. Басқа тілден енген сөздер қазақ тілінің өзіне тән белгілерді бойына сақтап,қазақ тілінің графикалық белгілерін бойына жинақтады. Бұл ерекшелік қазақ тіліне XX ғасырдың аяғы менXXI ғасырдың басында қазақ тіліне келіп енген сөздердің үлгілерінен анық байқалады. Алайда мұндай сөздердің кейбіреулері бірден қазақ тілінде игеріліп кете қойғанжоқ. Алғашқы уақытта ондай сөздерсол тілдің немесе орыс тілінің графикасымен таңбаланып келді. Кейін уақыт өте келе ол сөздер қазақ тілінің графикасына түсе бастайды.Графикалық шартты қысқарған сөздер және анықтамалық ақпарат құралдарда кездесетін қысқартулар.

Графикалық шартты қысқарған сөздер қазақ әдеби тілінде толық жан-жақты зерттелген деп айта аламыз. Мұның себебі, қазақ тіл білімдегі зерттеу еңбектерде, жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтарда шартты қысқартулар туралы азды-көпті сөз қылып, оның ішкі жасалу жолы, табиғаты, ерекшеліктері, талапқа сай келе ме, жоқ па ол туралы айтылмайды.

Ал қандай сөздер графикалық шартты қысқартулар бола алады деген сұраққа келсек ең алдымен шартты қысқартуға түсетін сөздердің күрделі болуы міндетті емес. Сонымен бірге графикалық шартты қысқартулардың тағы бір белгісі, олар келе-келе қысқарған сөзге айналады, яғни басынан лексикализациялану процесін өткізеді. Орыс тілші ғылымдарының пікірі бойынша ең алғаш пайда болған және стихиялы түрде дамып қалыптасқан графикалық шартты қысқартуларға – адам аттарының шартты қысқартылуын жатқызады. Әріптер арқылы мұндай шартты қысқартуларды оқығанда, ең алдымен бұл қысқартулардың біртіндеп сөзге айнала бастағандығын көреміз. Бұл дүниежүзілік бүкіл тілдегі графикалық шартты қысқартуларға тән белгі.Графикалық шартты қысқартулар ең алдымен әдеби тілімізде толық сөзге

айналуы үшін әртүрлі лексикалық белгілерді бойына жинақтауы қажет. Ондай лексикалық белгілерге:а) өзіне тән әріптің айтылуы болу қажет; ә) мұндай графикалық-шартты қысқартулар арқылы жаңа сөз жасау мүмкіндігінің болуы б) басқа толық мағынадағы сөз бен сөз тіркестерін қарағанда графикалық шартты қысқартулардың өздеріне тән мағыналық стилистикалық мазмұнының болуы; в) графикалық шартты қысқартуларды жазғанда және оқығанда көбіне көп ішкі форма (толық күші) ескеріле бермейді. Орыс тіліндегі графикалық-шартты қысқартулар туралы ережені 1956 жылы шыққан «Правила русской орфографии и пунктуации» атты еңбекте кездестіреміз [1]. Бұл орфографиялық сөздікте кез келген сөздерді қысқартып жазуға болатындығын көрсетеді.Мысалы: «К., кар, карельс-карельский; н., нар., народн.-народный, с.,стен., стенной және т.б. Сонымен бірге бұл орфографиялық сөздікте орыс тілінде қабылданған шартты қысқартулардың 30-дай түрін тізім бойынша көрсеткен. Мысалы: т.е.-то есть, см-сантиметр, г-грамм, га-гектар, ж.д.-железная дорога, ст-станция және т.б. Орыс тіліндегі қысқарған сөздерге арналған 1963 жылы және 1977 жығы сөздіктерде графикалық шартты қысқартуларды қысқартудың бір түрі санап, сөздікке енгізеді [8.10.12]. Орфографиялық және пунктуациялық ережеде графикалық қысқарған сөздердің шамамен 1000-нан астам түрлерін (метрологиялық және топографиялық шартты қысқартуларды есептемегенде) көрсете келіп, оларды тематикалық топтарға бөледі.Мысалы: Мекемелер мен мекен-жайды білдіретін қысқартулар: а/о-акционерное общество, биб-ка-библиотека, кв-квартал, п/п-полевая почта, п/я-почтовый ящик, шк-школа т.б.-агентивтік атаулар (агентивная названия) акад.-академик; вр.-врач; гр-ка-гражданка; д-р-доктор, к.т.н.-кандидат технических наук; с-д- социал-демократ, т., - товарищ; және т.б.Мысалы: өлшем бірліктері: в-век, г-год, д-день, дол.-доллар, шт.-штука, экз-экземпляр және т.б.Белгілі бір саланың атауы және сала аралық ұғымдар: алг.-алгебра, арт.-артеллерия, бот.-ботаника, с.х.-сельское хозяйство; млн.-миллион, тр-к-треугольник, гл.-глагол, м.в.- малекулярный вес, авг. – август, пн.-понедельник және т.б.Жалпы кітаптарда кездесетін атаулар: б.-бывший, б.ч. –большой частью, в.т.ч.-в том числе, ок-около, т.о-таким образом және т.б.

Орыс тіліндегі қысқарған сөздерді зерттеген Д. И. Алексеев өзінің монографиялық еңбегінде графикалық қысқартулардың даму тарихын, қолданылу аясын толық қамтиды.[8]Графикалық қысқартулар туралы өзбек тіліндегі қысқарған сөдер мәселесін зерттеген ғалым З.А.Аликулов тек жазуда кездесетіндігін айтып, бұл қысқартуларға көбіне-көп жиі қолданылатын сөздер ұшырайтындығын және мұндай қысқартуларға ш.-шахар, доц.-доцент, акад-академик, проф.-профессор, в.,-вольт және т.б. жататындығын көрсетеді. З.А.Аликулов мұндай графикалық шартты қысқартулар өзбек тілінің кез-келгеен сөз табында тұра алатындығын және сөз таптарының ішінде зат есімде 62 %, сын есімде – 29,4, басқаларында 7,7 % кездесетіндігін айтады.[11] Бұл келтірілген дәлелдер орыс тілінде де, түркі тілдерінде де графикалық қысқартулардың қолданылу әдісі кең екендігін көрсетеді. Қазақ тіл білімінде: «Қысқарған сөздердің қатарына шартты таңбалар жатады. Бірақ бұлар күрделі

атаулардай емес, тек жазу жүзінде қолданылатын белгілер ретінде ғана жұмсалады. Мысалы: см-сантиметр, мм-миллиметр, га-гектар, тм-текше метр, т-тонна, т.б. –тағы басқалар, т.с.-тағы сондайлар, т.т.-тағысын тағылар», - деп шолу жасап өтеді [3.4.9].

Бұдан басқа графикалық қысқартулар туралы Т. Жексенбаевтың мақаласынан кездестіреміз [14] басқа зерттеу еңбектерден графикалық шартты қысқартуларға байланысты ой-пікірлерді, тұжырымдарды кездестіре алмадық.Шындығында, графикалық шартты қысқарған сөздердің қазақ тіліндегі қолданылу аясы мен ауқымы өте кең. Себебі, қазақ тіліндегі сөздерді белгілі бір жүйеде шартты таңбалармен қысқартып жазу тәжірибесі бар. Яғни, мұндай графикалық шартты қысқартулар жазуда көрінеді де, оқығанда және айтылғанда толық аталады.Мысалы: «см»-деп жазғанымызбен, «сантиметр» деп оқимыз, сол сияқты «мм» – миллиметр, га-гектар, кг-килограм, г-грамм, т-тонна-в-ватт, кв-киловатт және т.б.Қазақ тіл біліміндегі графикалық шартты қысқартулар көбіне-көп орыс тілінің үлгілері негізінде Қазақ Совет Энциклопедиясында, кейбір сөздіктерде, анықтамалық-ақпарат құралдарында кездеседі.Графикалық шартты қысқартулардың кең қолданысқа түсетін жері— анықтамалық-ақпарат құралдары, әсіресе, Қазақ Совет Энциклопедиясында (ҚСЭ) графикалық шартты қысқартуларды молынан ұшырасады. Мұндай анықтамалық-ақпарат құралдарында көптеп кездесуінің басты себебі — орын үнемдеу, оқырман қауымға, жалпы халыққа мол ақпарат беру және т.б. қажеттіктерден туған.Мысалы, «ҚСЭ»-дан мынаай графикалық шартты қысқартуларды көруге болады: Абадан – Оңт. Бат. Ирандағы қала; Абаев В.И. (3.1.1900 ж) фил. Ғыл. Докторы; АО-автономиялық облыс, А. – поэзиясы түгелімен лирикалық өлеңдерден құралады. Адай окр-ндегі Оймауыт-Желтау деген жерде туған . А.ж.р.м.- (авиа және ракета жасау монополиясы)-басты капит. Елдердің шағын тобының қолына шоғырланған өндіріс саласы.10 ғ. Самани әулеті тұсында қала мейілінше дәуірлеп өркендеді. б.з.б. 3-1 ғ., б.з. 1-5 ғ-нда ғұн өнерінің екінші өркендеу сатысы күшейді [13].

Графикалық шарты қысқартулардың анықтамалық ақпарат құралдарында қолданылуы оның өн бойында берілген ақпараттарды қабылдауға кедергі келтірмейді. Себебі, мұндай графикалық шартты қысқартулар тілдік қолданысқа түскен, жалпыхалықтық тілде түсінікті болып келеді. Графикалық шартты қысқартулардың анықтамалық-ақпарат құралдарында мағлұматтарын мол көлемде жеткізу мақсатында, орын үнемдеу, тілдің жалпы коммуникативтік қызметін арттыруда үлкен роль атқарады. Сонымен бірге графикалық-шартты қысқартулар қазақ тілінде толық, оған жалғанған қосымшалар да бірге оқылады. Мысалы:Оның жапсарын пісіретін машиналар Қ.п.с.-ның (құбыр пісіру станы) ең басты бөлігі болып есептелінеді ҚХАА-ның (Қытай Халық Азаттық Армиясы) негізгі 1924-27 жылдарда Қытай рев. өрлеу кезеңінде қаланды.Кейін Алматыда жұмысшы ф-тің (1936), мұғалімдер ин-тың (1938) бітіріп, ҚазССР ҒА Тарих ин-ның Жамбыл қ-дағы бөлімшесінен қызмет атқарады.Л.т.ф-ның (логикалық талдау философиясы) негізгі идеяларын тұңғыш ұсынған Б. Рассел болды [13].Бұл мысалдардан көріп отырғанымыздай

графикалық шартты қысқартуларға жалғанған қосымшалар жазылуда да, айтып, оқылуында да ажырамай бірге жазылып тұр.Кейбір зерттеу еңбектерде, немесе анықтамалық сипаттама кітаптарда да графикалық шартты қысқартулар кездеседі. Мысалы, Қазақ ССР ҒА-Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының Ғылым академиясы; Қазақ ССР ҒАБ,-Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы. Қазақ ССР ӘӨИ-Қазақ ССР Ғылым Академиясының әдебиет және өнер инст итуты; Қазақ ССР ҒАТЭИ-Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институты; ҚМКӘБ- Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы; ҚМОПБ-Қазақтың мемлекеттік оқу педагогикалық баспасы. ПМК-А.С. Пушкин атындағы мемлекеттік кітапхана және т.б. [5]Кейбір уақыттарда мұндай ғылыми еңбектерде, анықтамалық-ақпарат құралдарында жиі қайталанбайтын жай жеке сөздер де басқы әрпімен немесе басқа буынмен қысқартылып беріледі. Мысалы: Б.-бет, Ж.-жол, инв.-инвентарь, ДУТ – (“Дала уәлейаты” газеті) МФ-микрофильм, МФК-Микрофильм кадры, П.-парақ, ФК.-фотокопия, Ш.-шифр, арх.қолжаз.-архив қолжазбалары, дәп.-дәптер, колл.-коллекция, тіз.-тізім, бөл.-бөлім, кіт.-кітап, тар.-тарау, т.-том, түс.-түсініктер, ф.-фонд, қол.бас. жыл-қолжазбаның басылған жылдары, қол. Зерт.-қолжазбаның зерттеу және т.б. осы сияқты қысқартулар түрінде келеді. [5]. Бұл, әрине, шартты қысқартуларға тән заңдылықтарға сай қысқарған сөздер. Графикалық шартты қысқартулардың қатарына жатқызылып жүрген га-гектар, мм-миллиметр, см-сантиметр-км-километр, куб. м. Кубметр, л. литр және т.б. сол сияқты картографиялық және топографиялық атаулар (р. река, ул.-улица, г.-город, пр.-проспект) орыс тіл білімінде қысқарған сөз деп танылады. Алайда, қазақ тіліне (г, м, см, мм, және т.б.) аударылмайды. Себебі, бұл шартты қысқартулар халықаралық стандартқа сай қолданылады және барлық халықтық тілінде (таңбалануынан басқа бірдей қолданылады. Кейбір шартты қысқартулардың қазақша үлгілерімне беруге болады. Мысалы: орыс тілінде “р”-река, қазақ тілінде-“ө”- өзен, “ул”-улица, көше-к-сі, көшесі, бухта б-бұғаз б-з, о-остров, арал-“а” және т.б.Бұл қазақша балама аудармаларды шартты қысқартулардың қазақ тіліндегі қолданылу өрісін кеңейтумен қатар, оның жалпы халыққа түсініктілігін арттырады.

Қазақ тіліндегі графикалық шартты қысқартулар ең алдымен белгілі бір ұжымда, бір топтың арасында пайда болып, сол адамдарға, сол саланың қызметкерлеріне түсінікті болады. Келе-келе мұндай шартты қысқартулар жалпы халыққа түсінікті болады. Алғашқы уақыттарда графикалық шартты қысқартулар тілдің қолданыстағы қызметіне қарай белгілі бір символикалық белгіге ие болады. Ал мұндай символикалық белгіге ие болған қысқартулар халыққа түсінікті, әртез оқылады. Сондықтан да тіліміздегі графикалық шартты қысқартулардың мынадай жолдары арқылы көрінеді: - өлшем бірлігі.

Мысалы: 0-градус, %- пайыз (процент), кг-килограмм, г-грамм, т-тонна, кв-киловат, м.сек-метр секунд, кмс-километр сағат: ғ. ғасыр, ж.жыл және т.б.Географиялық атаулар;Мысалы: қ-қала, к.т.п.-қала типтес поселка, ө-өзен, а-арал, б-бұғаз, т-теңіз (Арал теңізі) және т.б.Ғылымның әр саласында қолданылатын шартты қысқартулар;Мысалы: физикада – мол. – молекулла;

химияда НО; математикада – cos-косинус, sin-синус, ctg-катангенс, tg-тангенс және т.б.Қоғамның экономиканың, мәдениеттің, өнер-ғылымның қарқындап дамуы тілімізге де әсерін тигізбей қоймайды. Кеңес заманының уақытында графикалық шартты қысқартулардың орысша үлгілері болып келгені белгілі. Бұл – сол кездегі уақыттың талабы еді.

Қазіргі уақытта тіліміздегі мұндай орыс үлгілеріндегі шартты қысқартулардың қазақша баламаларын беру өріс алып келеді. Әрине, бұл көрініс-құптарлық іс. Алайда графикалық шартты қысқартулардың баламалары мен аудармаларын беруде тіліміздің өзіне тән заңдылықтарын ескеріп, эстетикалық принциптерді басшылыққа алуымыз қажет сияқты. Яғни, шартты қысқартуларды жасағанда бір ізділік қажет. Мысалы, орыс тіліндегі үлгілері (ул.-улица, с/х-сельское хозяйства, в/ч-военная часть, ж.д.-железная дорога және т.б.) қазақша балама табу немесе оның қазақша үлгісін беру өте қиын жұмыс. Мұның басты себептерінің бірі = қазақ тілінде графикалық шартты қысқартуларға жете мән берілмеудің салдары. Егер біз орыс тіліндегі үлгі бойынша графикалық шартты қысқартулардың қазақша үлгілерін беретін болсақ, одан біз ұтылмаймыз. Қайта тілімізге жаңа бір, тың леп қосамыз.Мысалы: Д.Қонаев атындағы көше Д.Қонаев көшесі дегенді Д.Қонаев к-сі дегі немесе ауыл шаруашылығы – а/ш, армия бөлімі – а/б, теміржол – т.ж. және т.б. Біздің ойымызша мұндай шарты қысқартулардың қазақша үлгілерінен қашпауымыз қажет. Бұл болашақта жалпы халыққа түсінікті болып, оқуға ыңғайлы, оңай түсінікті болу үшін тілімізге дендеп енгізуіміз қажет. Егер жалпы халыққа түсінікті графикалық шартты қысқартулармен қатар қазақша баламалары тек бір шартты белгі деп қабылданатын болса, онда жазу мен оқудың арасындағы тепе- теңдікке нұқсан келген болар еді. Сондықтан да мұндай шартты қысқартуларды жазған да, оқыған да біз әрқашан толық жазылуы мен айтылуын естен шығармағанымыз жөн. Сонымен графикалық шартты қысқартулар қазақ тілінде әлі де болса толық әрі жан-жақты зерттелмеген қысқарған сөздің бір түрі. Графикалық шартты қысқартулардың көпке белгілі түрлері жалпыхалықтық тілде таныс, түсінікті және оның шешуін әрбір адам оқи алады.

Графикалық шартты қысқартулардың басты бір белгісі ретінде тілден тыс факторлардың әсер етуін жатқызамыз. Бұл факторлар тіліміздегі шартты қысқартулардың қолданылуы әдісін айқындайды, тілдегі икемділігін арттырады. Сол сияқты қазақ тілінде шартты қысқартулардың мынадай топтары бар:а) Нүктелі қысқартулар: бұл шартты қысқартулар көбіне-көп мемлекеттің, ұйымның, облыстың және т.б. аттарын беруде кеңінен қолданылады. Мысалы: Шығ. Қазақстан обл-ның орталығы, қала, т.ж. ст-сы, пристань және автом. мен әуе жолының торабы. мемл. ун-тінің биол. Ф-тін бітірген. Ол а.ш. дақылдарының өсуін тездетіп, өнімділігін арттыру әдістеріне көп еңбек сіңірді. Массасының ауыр болып келуі –т,-б. (темір-бетон) басты кемшілігі.ә) дефистік қысқартулар:мысалы: 1926 жылы Қоқандағы сауда уч-щесін бітірді. 1922-23 ж.Москва сауда ин-нда оқыды. Мұндай баспаналардың қалдықтары Орт. Қазақстандағы Бөрібас сайында Есілдің бір саласы Дамсы ө-

нің бойында сақталған. б) дробтық қысқартулар: мысалы: әрбір заттың белгілі жағдайда белгілі физикалық қасиеттері-түсі, тығыздығы, балқу, қайнау темлары, жылу, электр т.б. болады. в)курсивтік қысқартулар: мысалы: Жері батысынан Шығысына қарай 1600 км-ге, солтүстігімен оңтүстікке 500-600 км, ал, теңіздік жағасы 7 мың км-ге созылған. Жылдық жауын-шашыны 250 мм. Сахараның ішкі жағында кейде 50мм-ге жуық. Графикалық шартты қысқартулардағы берілген ой мен тұжырымдар жалпы халыққа таныс, түсінікті болып, әдеби тілдік нормаға сай болады. Сонымен бірге шартты қысқартуларды ақпараттар мен мағлұматтарды мол беру мақсаты үшін кең түрде тілімізде пайдалануға болады. Сөз болып отырған дәуірде орыс тілінің әсерінен туған тағы бір жаңалық - сөздерді графикалық қысқартып айту амалы болды. Тіліміздегі графикалық шартты қысқартулар осы дәуірде пайда болды. Жалпы, қай тіл болмасын оның әдеби формасының дамуында, қалыптасуында графиканың алатын орны ерекше. Әдеби тіл мен жазу, емле мәселелері бірбірімен тығыз байланысты. Өйткені, көп жағдайларда бірнеше вариантпен айтылып жүрген сөздердің бір ізге, бір қалыпқа түсуі емле тұрақтылығымен байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Правила русской орфографии и пунктуации. –Москва, I956.
2. Ә.Т.Қайдаров. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас.–А., 1993.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. (морфология).–Алматы. 1964.
4. Қазақ грамматикасы.– А,2002 жыл
5. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы А., 1979 ж І.,Балақаев М.,Қайдаров Ә.,Сарыбаев Ш. Қазақ әдеби тілі тарихының зерттелу жайы мен міндеттері. Қазақ әдеби тілі тарихының проблемалары. – Алматы:Ғылым,1987.
6. Д.Э.Розенталь., М.А.Теленкова.,Словарь справочник лингвистических терминов:Пособие для учителейИзд.2-е.–М.:Просвещение,1976. 243 - 258.
7. Прогрессивнее влияние русского языка на казахский, /сб. статьей, ред. колл.: акад. С.Кенесбаев и др./ –Алма- Ата:Наука, 1965, 217 стр.
8. Алексеев Д.И, Сокращенные слова в русаком языке. –Саратов:изд- во Саратовского унив- та, 1979.
9. Қазақ тілінің граматикасы. –Алматы:Ғылым, 1967, І том.
10.Алексеев Д.И. Аббревиация в русском языке. I0.62.0I. автореферат лектора филологических наук, –Воронеж, 1977.
11.Аликулов З.А. Аббревиатуры в современном узбекском языке, автореферат, Ташкент 1976.
12. Санников В.З. 0 русских графических сокращениях. /0 соврем, русс.орфографии/ –Москва, 1964, стр.58- 67.
13. Қазақ Совет энциклопедиясы, VII том, 1975, 315 бет, 2 том, 1973, 98 бет.
14. Жексенбаев Т.Қысқарған сөздер. «Социалистік Қазақстан» газеті 1978 ж.

15. Акуленко В,В, Вопросы интернационализации словарного состава языка Под ред. пдоф.А.В.Федорова, –Харьков:изд.– во Харьковского унив– та, I972,

Алишева Ш.
магистрант,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

ПРОФЕССОР Н. УӘЛИДІҢ СӨЗ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ АНТРОПОӨЗЕКТІЛІК АСПЕКТІСІ

Қазақ лингвистикасы жайлы сөз болғанда, Ахмет Байтұрсынұлы, Құдайберген Жұбанов, Нығмет Сауранбаев, Ісмет Кеңесбаев, Ғайнетдин ғалымдар ойымызға оралады. Осы ғалымдардың ізін ала қазақ тіл біліміне жаңа буын, леп келген еді. Ы.Маманов, Ш.Сарыбай, Ә.Қайдар, С.Мырзабек, А.Айғабылов, Е.Жанпейісов, М.Серғалиев, Р.Әмір, Б.Сағындықұлы т.б. зерттеушілермен қатар Нұргелді Уәли Мақажанұлы ұлттық тіліміздің келелі мәселелерін сөз етіп жүр.

Қазақ тек мал ғана емес, сонымен қатар сөз баққан халық. Әрбір сөзге өң беріп, бейнелеп, әсемдеп, терең мағыналы етіп қолданған. Сондықтан да, қазақтың сөз баққан деген ойымызды өте дұрыс, жүйелі айтылған деп санаймыз. Қазақта «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген сөз бар. Қазақ билер мен шешеннің сөзіне ұйыған, бір мәмілені дұрыс деп тапқан, сөзге тоқтаған ұлт. Осының өзі-ақ қазақтың сөзге деген құрметі мен қастерін, киесін ұғынатындығын білдіреді. Бұл тұрғыдан келгенде, ғалым Н. Уәлидің сөз мәдениетіне, кейінірек өзі тіл мәдениеті деп ауыстырған терминнің беретін мағынасына сәйкестендіріп, тіл мәдениеті деген терминді ұсынды. Бүгінгі күнде ғалым Н. Уәлидің ұсынған тіл мәдениеті деген термині кеңінен қолданыс тауып келеді. Сонымен қатар Тіл мәдениеті ЖОО арнайы пән ретінде жеке оқытылып жүр. Себебі тіл мәдениеті кез келген тіл қолданушының, нақтырақ айтсақ, тіл арқылы коммуникация жасайтын адамның мәдениетінен толық хабар береді. Бұл туралы Н.Уәли өзінің еңбектерінде былай деп жазады: «Қазақ сөз мәдениеті туралы түсінік, ұғым, пайымдаулар ғылыми пән ретінде өмірге кездейсоқ келмегені белгілі. Тілдің қасиеті, сөз құдіреті жөніндегі өмірден түйген түйінді ойларын (тіл туралы мақал-мәтел, фразеологиялық сөз орамдарын т.б.) халықтың метатілдік рефлексиясы деуге болады».

Н.Уәли өз зерттеулерінде қазақ сөз мәдениетін нормативтік, коммуникативтік, прагматикалық және когнитивтік, лингвомәдени, лингвоэкологиялық тұрғыдан қарастырып, оның теориялық пән ретіндегі концептуалдық негіздерін айқындады. Сондай-ақ сөздің коммуникативтік сапаларын объективті түрде бағалаудың және тілдік нормаларды кодификациялаудың ғылыми негіздерін ұсынды. Қазіргі кезде ол когнитивтік

лингвистика, лингвомәдениеттаным салалары бойынша ғылыми мақалалар топтамасын жариялай бастады. Зерттеудің материалдары мен теориялық пайымдауларын жоғары мектеп үшін жазылатын сөз мәдениеті жөнінде оқулықтар мен оқу құралдарын, бағдарламаларын жасауда, сондай-ақ зерттеу жұмысында айтылған тұжырымдары мен ұсыныстары нормативті сөздіктерде кодификациялау тәжірибесінде қолданылып жүр.

Қазіргі таңда «тіл мен мәдениет», «адам және тіл» байланысын когнитивтік тұрғыдан қарастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Когнитивті бағыттың маңыздылығы мен өзектілігі оның тек теориялық лингвистикадағы контексті полипарадигматизміндегі доминанттылығында емес, сонымен бірге ауқымды кең ғылыми бағдар ұсынуында, мәселен, тілдік құбылыстарды экспликациалау, тіл мен мәдениет байланысындағы адамның рөлі, адам және тіл мәселесі, басқа тіл құбылыстарын және аппаратын қарастыру (Е.С.Кубрякова, Ю.Д.Апресян, В.З.Демьянков, В.В.Колесов, Е.В.Рахилина, В.Б.Касевич, Ю.С.Степанов және т.б.). «Когнитивтік лингвистика лингвистикалық зерттеулердің шеңберін маңызды түрде күшейте түсетін қазіргі антропоцентристік парадигмалар шегіндегі когнитивизм негізінде туындайды».

Сонымен қатар тіл мәдениетін сақтай отырып, сөйлеуге қажетті бірден-бір ұлттық дүниетанымның жемісі мақал-мәтелдер екендігін төмендегі сөз өнеріне қатысты тілдік оралымдар дәйектей алады.

Сауатсыздың сөзіне сүрініп құларсың.

Адамның өзі жетпеген жерге сөзі жетеді.

Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады.

Шешілмеген түйінді тырнақ шешпес,- тіл шешер.

Сөз қадірін білмеген өз қадірін білмейді.

Тіл мәдениеті деген сала – қазіргі кезде кеңінен зерттеліп, қарастырылып жүрген сөзтану саласының зерттеу нысаны болмақ. Н.Уәлидің тіл мәдениеті туралы зерттеулері қазақ сөзтану ғылымының бір тармағын толықтырады. «Сөзтану, сөз лингвистикасы – білім саласында енді ғана қалыптасып келе жатқан термин» .

Тіл мәдениеті, стилистика салалары өзара бір-бірімен байланысты. Сол секілді соңғы жылдары ғылымда орын алып жүрген сөзтану ғылымы да осы Тіл мәдениетін қамтитын үлкен сала.

Н.Уәли өзінің зерттеуінің бір тарауын кеңестік және кеңестік кезеңнен кейінгі сөз мәдениетінің қалыптасу, даму кезеңдеріне арнайды. «Сөз мәдениет: советтік және постсоветтік кезең» деп аталатын тараушасында сөз мәдениеті жөнінде ғылыми ұғым, пайымдаулардың дүниеге келуі, сөз мәдениетінің жеке пән ретіндегі нысаны, көтеретін мәселелері, терминологиясы, зерттеу әдістері, бір жағынан, тілдің этос, пафос, логос тәрізді қоғамдық тіршілігімен, екінші жағынан, қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық ойдың өрістеуімен байланысты қарастырған.

«Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» деп аталатын іргелі зерттеуіндегі ғалымның әрбір жекелеген ойлары өте құнды. Мәселен, «...сөздің

коммуникативтік сапасы сөз актісінің аяқталған нәтижесіне қатысы болуға тиіс. Мұндай талап тілдік фактіні тек сөздің құрылымының құрамында қарау жеткіліксіз екенін көрсетеді. Сөз айтылғанға (жазылғанға) дейін де, яғни вербалданғанға дейін адресант-автордың «айтсам», «жазсам» деген діттемі, «нені айтсам» (жазсам), «қалай айтсам» (жазсам), «кімге айтсам» (жазсам) деген мақсаты, қызығушылығы болады. Алдымен, сөйлеушінің/жазушының санасында болашақ сөздің ішкі нобайы жасалады», – дей келе, «белгілі бір мәтіннің сөз сапасын талдап, сипаттау, тексеруді ойдағыдай жүзеге асырып, сенімді нәтижелерге қол жеткізу үшін тілдік құрылымдарды объективті ақиқат, психология, когниция, әлеуметтік, эстетикалық, этикалық т.б. тілдік емес мәнділіктермен байланысты қарауды» қажет деп санайды. Бұлай есептеуіне коммуникация тек вербалды кезеңнен ғана емес, коммуникацияға дейінгі кезеңнен, коммуникациядан кейінгі кезеңнен тұратынын, бұлардың ішінде вербалды кезең формалды тілдік құрылымға, ал коммуникацияға дейінгі және кейінгі кезеңдер тілдік емес құрылымдар екеніне көңіл бөлу қажеттігін айтады. Мұның өзі сөз актісінің нәтижесі, сондықтан мәтінмен ғана шектелмей, коммуникацияға қатысушылар факторына көңіл бөлудің, коммуникативтік ситуацияны мәтінмен байланысты қарау керек деп санайды.

Зерттеуші Н.Уәли осы зерттеуінде жоғарыда айтып отырған сөз мәдениетінің коммуникативтік сапасында коммуниканттардың өзара түсінісуін, қабылдауын екіжақты құбылыс деп санап, қабылдаушы мен айтушының құзыреттіліктері бірдей болған жағдайда ғана олар бір-бірін толық түсініп, толық коммуникация орнайтындығын, сондықтан қабылдаушы *сөз ауанын* байқап, түсінуі керек деп санайды. Автор осы жағдайға қазақта бұрыннан қолданылып келе жатқан сөз ауаны деген тіркесті пайдаланып, оы термин дәрежесіне көтереді. Сөйтіп: «Адресаттың айтылған сөз бен сөйлеушінің нені айтқысы келіп отырғанын салыстырып, сөз ауанын түсінуі адресаттың тілдік, әрі коммуникативтік құзіреттілігіне жатады. Осымен байланысты зерттеуде коммуникациядағы сөз субъектілері (адресант/адресат) түпқазық категория ретінде алынады», – деп түйіндейді.

Н.Уәли сөз мәдениетінің коммуникативтік сапасында коммуниканттардың өзара түсінісуін, қабылдауын екіжақты құбылыс деп санап, қабылдаушы мен айтушының құзыреттіліктері бірдей болған жағдайда ғана олар бір-бірін толық түсініп, толық коммуникация орнайтындығын, сондықтан қабылдаушы *сөз ауанын* байқап, түсінуі керек деп санайды. Автор осы жағдайға қазақта бұрыннан қолданылып келе жатқан сөз ауаны деген тіркесті пайдаланып, оны термин дәрежесіне көтереді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. –Алматы.: Мектеп, -1984.
2. Тіл мәдениеті. Оқу құралы. // (авт. бірл.: З.Бейсембаева, Ж.Исмайлова, М.Қанабекова, Г.Қайдарова). Алматы, 2005. - 112 б.
3. Уәлиев Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филол.ғыл.д-ры автореф... –Алматы, 2007.

Амренова Р.С.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.,
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

ҚОНАҚЖАЙЛЫҚ ЖӘНЕ ТОЙ ҰҒЫМДАРЫНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДАНУЫ

Адамдар қатынастарының нормаларын жүзеге асыру тәсіліне айналған қағидалар мен нормалардың өзіндік үйлестілігі фольклор материалдарында көрініс тапқан. Зерттеу барысында қазақ халқының дүниетаным әлемінің ерекше бір көрінісі ретінде қонақжайлық және той концептісі анықталды.

Н.Д. Оңдасыновтың сөздігінде *қонақжайлық* сөзіне мынадай анықтама берілген: қазақ-парсы тілінен араласа жасалған сөз, *қуанақджай, қонақжай (қуанақ + джай), қонақ + жай).* 1. Қонақтар түсетін, күтілетін орын, жай. 2. Ауыс. қонақ күткіш, қонақуар. *Қунақуар, қонақуар (қунақ + уар, қонақ+уар).* Қонақшыл, меймандос деген анықтама беріледі [1,50].

Қазақ халқы ежелден бір-бірімен араласуға ерекше мән беріп келген. Бұл үдеріс қазақ халқы үшін өмірдің мәні, басты құндылықтарының бірі болып табылады. Араласу үдерісін қазақ халқы тек қана хабар алмасу деп түсінбейді, оның мәні тереңірек, өмір кеңістігінде туысқандарымен, басқа да адамдармен бірге өмір сүру тәсілі деп айтуға болатын сияқты. Араласуды қастерлеу қазақ халқының көшпелі өмірімен тығыз байланысты деп ойлаймыз. Себебі араласу арқылы қарапайым күйбең тірішілік-болмысы өмірмәндік мазмұнға ие болады. Қазақ үшін араласусыз өмір жоқ. Қазақ халқы дүниеге екі келу жоқ, сүйген жарыңмен, достарыңмен, ағайын-бауырмен сыйласып өмір сүру басты мақсат деп есептейді. Бұл – даналықтың ерекше бір көрінісі деп айтуға болады. Себебі даналық, игілік, қайырымдылық, парасаттылықты ұстанудан туындайды. Халық менталитетінде бауырмалдық, сүйіспеншілік болмаған жағдайда араласу өмірмәндік мәселе ретінде ұлттық менталитетте қалыптаспас еді. Қазақ мәдениетінде адамаралық қатынастар фундаментальді сипатқа ие деп айтуға болады. Моральдік қатынастарды адам ойлап таппайды, олар адамдардың объективті реалды қатынастары ретінде болмыстың рухани құрылымында пайда болады. Көшпенді көп уақытын ат үстінде өткізеді, үнемі қозғалыста. Қозғалыс оның өмірінің мәні деп айтуға болады. Көшпендінің менталитетін қозғалыстан тыс қарастыру мүмкін емес. Кездесу, қауышу, танысу, жақындасу, сұхбаттасу қозғалыста іске асырылады. Қозғалыс – көшпендінің тағдыры мен өмірінің өлшемі. Ол өзін қозғалыста ғана шынайы сезінеді, дүниетанымы мен дүниетүсінігінің терең астарларына үңіледі.

"XY-XIX ғасырдағы қазақтардың қоғамдық мұраттарының ең басты өзгешелігі, біздің ойымызша, олар әлеуметтік тегі жағынан көшпелі өмір салтына тікелей байланысты болғандықтан, соған орай психологиясы да арман-мұраты да қазақтың кең даласындай шалқар, асқақ болды. Әлеуметтік және географиялық кеңдікті сезіне қоймаған отырықшы басқа халықтармен салыстырғанда қазақтардың бір ерекшелігі – осында. Оның үстіне туысқандық,

бауырластық қарым-қатынас дәл осы кезеңде айрықша болды. Міне, осындай туысқандық, бауырластық тығыз байланыста болудың арқасында қазақтар жүздеген жылдар бойы өзінің халықтық биік тұлғасын, кең байтақ, шалқар даласын, ұлттық асқақтығы мен мәдениетін сақтай білді" [2,151-152]. Яғни мұрат-мақсатты дұрыс таңдап, оған жету үшін білім мен бірге даналық, көрегендік пен еркіндік, тәуелсіздіктің рухани тұғыры бекем де мығым болуы қажет.

Қазақ ертегілерінде кейіпкерлер кез келген шаңыраққа тоқтап, қонақ болады, үй иесі барын салып күтеді. Бұны мынадай ертегі сюжеттерінен байқауға болады: *Ауылдың ортасындағы үлкен бір қоңыр үйдің тұсына келіп, мейман болатындығын білдіреді* ("Ер Төстік" ертегісі). *Мейман қонақтарды сыйлағаннан кейін, сөзді сөз қыздырып, екі ағасы батырлығын айтады* ("Қара үйрек" ертегісі).

Қазақ халқында "*қонақ* деп кімді түсінеді?" деген сұрақ төңірегінде ертегілерді қарастырсақ, кез келген адам, яғни ол таныс болсын, таныс болмасын, арнайы түрде шақырылсын, я шақырылмасын, өзінің мейман, я қонақ екенін білдіретін болса, қонақ ретінде қабылданып, күтіледі. Осы орайда қазақ тілінде қалыптасқан *құдайы қонақ* тіркесі арнайы түрде емес, түрлі жағдайлар салдарынан амалсыз жолындағы кез келген үйге түсуге мәжбүр адамды білдіреді. *Құдайы қонақ* туралы фразеологиялық сөздікте мынандай түсінік беріледі: "*Жол-жөнекей түскен қонақ, кездейсоқ келіп қалған жолаушы. Мен білмейтін байың жоқ, Қайыры жоқ малыңнан, Зекеті жоқ жаныңнан Байдың несін мақтайсың? Құдайы қонақ келмеген, Бір аяқ ас бермеген, Бөтен түгіл, өздері Мал рақатын көрмеген».Құдайы қонақ* тіркесінің терең семантикалық қабаттарында жоғарыда келтірілген мағынадан бөлек мейманның осы түріне байланысты халықтың таным-түсінігі де жатыр деуімізге болады. Ол таным-түсінік тікелей *құдайы* сөзімен байланысты. Қонақтың аталмыш түрі, біріншіден, өзі түсіп отырған үй иелеріне таныс емес болуы да мүмкін; екіншіден, ол арнайы шақырылмаған; сол немесе басқа үйге қонақ болып келу о бастан ойластырылмаған. Мұнда халық аяқ асты бейтаныс адамның үйге мейман болып түсуін кездейсоқтық я жағдай мәжбүрлігінен деп түсінбеген. Ондай қонақты құдайдың ықтиярымен, құдай айдап келген адам деп түсінген. Сөйтіп, құдайдың ықтиярымен, құдай айдап келген адамды қонақ ретінде қабылдау міндетті саналған. Бұл жайт құдайдың салғанын орындау – парыз, әрі құдай мұны сынақ ретінде жіберуі мүмкін деген түсініктерге негізделсе керек. Өйткені егер ол өзін құдайы қонақ деп таныстырмаса, онда ол төрден орын алмайды. Яғни адам өзінің қонақ, я мейман екенін білдіруі тиіс. Мысалы, *"Ағаларымды осы астан іздеп көрейін", – деп, асқа тігілген қалың үйді жағалай қыдыра бастайды. Арықтаған, азған, киімі жыртық-жыртық Төстікті ешкім ескермейді. Жаяу жүрген адамды кім білсін? Сондай-ақ "Ерназардың сегізін көрейін", – деп, үйге кірмек болса, табақшылар Төстікті кейін қарай сүйреп, қақпалай береді. "Қайыршы неме, әлі етке тоймадың ба?" – деп зекіп ұрсады.*

Келтірілген үзіндіде *арықтаған, азған, киімі жыртық-жыртық Төстік* өзін мейман ретінде таныстырмайды. Сондықтан оны ешкім қонақ ретінде қабылдамайды. Алайда қазақ таным-түсінігінде қонақжайлық келген қонаққа ғана шырай танытып, күту дегенмен шектелмейтінін көреміз. Қонақжайлық өз семантикасында келген қонақтан бөлек жалпы адамшылық қасиетті де білдіреді. Өйткені қазақ халқы адасып, арып-ашып, я қандай да болсын себеппен үйіне жолы түскен адамға шырай білдіру, оның сыртқы кейпіне қарай тілге келместен қолұшын ұсынуды міндет ретінде есептеген және бұл үшін ешкімнен рақмет күтпеген, жай ғана адамшылық көрінісі деп есептеген. Мұны жоғарыда "Ер Төстік" ертегісінен келтірілген үзіндіден де аңғарамыз. "Қайыршы неме, әлі етке тоймадың ба?" деген сөзден *арықтаған, азған, киімі жыртық-жыртық Төстікті* үйге кіргізбей жекіргенімен, оған тиесілі тамақ беріліп, қандай да болсын ілтипаттың болғаны айтылып тұр.

Қазақ ертегілеріндегі сюжеттерге қарағанда, қазақ халқында қонақжайлықты әлеуметтік тұрмысының жоғары/төмендігіне, сондай-ақ ертегі кейіпкерлері кеңістігінің (адам және пері) әртүрлілігіне, өмірлік мұрат-мақсаттарының әртүрлілігіне, я қарама-қайшылығына қарамастан, қонақжайлық таныту қарым-қатынас өрбіту үшін қажет қасиет ретінде көрініс берген. Мысалы, бұл "Ер Төстік" ертегісінде перінің қызы Бекторының сөзінде аңғарылады:

Жар басында демесең,
Жарты лашық демесең,
Біздің үйге түсе кет,
Көбікті саумал іше кет!

Бұл Ер Төстікке ғашық перінің қызы Бекторының қонақжайлық танытып, үйге шақыруының астарында ойластырған бір амалы – қазақ халқы түсінігінде қонақжайлықтың да қандай да бір мақсаттарға бағытталуы мүмкін екенін көрсетеді.

Адам концепті аясында қонақжайлықтың қарастырылуына оның халық танымында адамдардың өзара қарым-қатынасының бір сипаты ретінде ол туралы тұтас білімнің тармақталуы себепкер болады. Қазақ халқында адам және оның өмірі, тіршілігі дегенде міндетті түрде қонақ, той туралы ассоциацияларға жол беріледі. Қонақжайлық концепті қонақ, қонаққа шақыру, қонақ күту, қонақ атқару, құдайы қонақ, қонақасы, қонаққәде сияқты бірнеше тірек сөздердің өзара семантикалық желісі негізінде анықталады.

Қонақжайлықтың бір көрінісі ретінде "той" концептісінің қазақ халық ертегілерінде өзіндік орны бар екендігі анықталып отыр. Бүгінгі күнгі түсінігімізде бұл сөздің мағынасы – қуанышты жайға байланысты ел шақырылып өткізілетін жиын, ойын-тамаша.

Бір себептен "той" сөзінің төркінін іздестіріп, тарихына барудың да онша қажеттілігі жоқ сияқты. Өйткені ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде де "той" тұлғасындағы сөз дәл қазіргі мағынасында қолданылған [3, 572]. Тек қазақ тілінде ғана емес, түркімен, қырғыз, хакас, тува сияқты басқа да түркі тілдерінде осы тұлға мен мағына сақталған.

"Той" сөзін зерттеу барысында мына сияқты мәліметтер де кездесіп, "той" сөзінің төркіні жөнінде ой салады. Біріншіден, көне түркі жазба ескертіштерінде "тойдың" біз білетін – шамадан тыс ішіп-жеу мағынасынан басқа, көңіл тоқтатарлық деректің бірі – оның ("той" сөзінің) "жиын, топ" ұғымында қолданылуы [3, 572]. Екіншіден, тунгус-маньчжур тобына жататын нанай, негидал, орок, орош, ульч, эвен, эвенкі тілдерінде (төй", "туйү" дыбыс құрамындағы сөздер біздің тіліміздегі "қонақ етіп, сыйлау, құрмет көрсету" мағыналарында жұмсалады [4, 206].

Енді осы тілдік деректерді қорыту барысында "тойдың" үш түрлі мағынасы анықталды. Біріншісі – қарынды толтыра тамақ ішу. Бұл мағына түркі тілінде қазір де, ерте заманда да қолданылған [3, 572]. Екіншісі – жоғарыда көрсетілген, "жиын, топ". Үшіншісі – тунгус-маньчжур тілдеріндегі – "қонақ ету, сыйлау, құрмет көрсету". Осы үш түрлі мағынаның бәрі қуанышқа арналған мерекеде кездесетінін түсіндіру артық. Онда жиын, топ та бар, онда құрмет көрсете сыйлау басты қағида, онда жиналған топтың қарын толтыра ішіп-жеуге де еркі мол. Біздің ойымызша, мағына жағынан тығыз байланысты үш "той" тұлғасы бастарын қоса келгенде, қуанышқа арналған мерекенің басты белгілерін құрастырып тұрғандықтан, оның да атауын "той" деп тағайындауға тура келген. Осылайша жиналып, бас қосып, ойын-сауық, ішіп-жеммен өтетін, сый-сыйпат көретін қуаныш "той" атауын алған.

Қазақ халқының ертегілерінде жақсылықтың жамандықты жеңіп, ертегі кейіпкерлерінің алуан түрлі қиындықтардан өтіп, еліне қуанышпен оралуы тоймен аяқталады, баяндаушы "*той жасап, бақытты өмір сүріпті*" деп ертегіні аяқтайды. Тойдың жасалу себептері әртүрлі болады. Мысалы, *"Балалары аман-есен келген соң, Ерназар ел жиып, той қылады"* ("Ер Төстік" ертегісі).*"Бай інісінің өлгеніне жылап, малдарының аман қалғанына қуанып, елін жиып, той жасап, ат шаптырады" ("Ақжан батыр" ертегісі)."Кіші қызын Кендебайға қосып, отыз күн ойын, қырық күн тойын істеп, көп сыйлықтар беріп, Кендебайды еліне аттандырады" ("Керқұла атты Кендебай" ертегісі). "Бір уақытта қатыны босанды. Бір қыз, бір ұл тапты. Олар енді той қылды, он бие сойды..." ("Желкілдек" ертегісі).*

Қазақ ертегілерінде *той* түсінігі тұтас фреймді құрайды. Мұнда тойдың субъектілері – сол тойдың иелері; тойдың міндетті түрде жоғарыда аталып кеткендей жасалу себептері болады; той туралы жалпақ жұртқа түгел хабар айтылады; тойдың анықталған уақыты бар, ол – отыз күн ойын, қырық күн тойы; тойға арнаулы сойыс малдары болады; тойға құр қол келе бермейді; тойда түрлі жарыс өткізіледі, мысалы, мешкей жарысы, ат жарысы, балуан жарысы, жаяу жарыс; тойға келген елдің барлығының разы болып қайтуы шарт. Той түсінігі ас-ауқаттың молшылығымен танылады және тойға арналған сойыс малдары да іріктелінеді: *"Түйеден бура, жылқыдан айғыр, ту бие, қойдан қошқар, құнан қой сойып, қымызын көлдей, етін таудай қылып қояды. Ақсақал, қарасақалын түгел разы қылады".*Сойыс малдарының ішінде түйенің інгені және сиыр малы мен ешкі малы айтылмайды. Ал жылқы мен қойдың еркек және ұрғашылары қатар орын алады. Қазақ ертегілерінде сан-мөлшерлік

сөздердің орнына визуалды салыстыруға негізделген *көлдей, таудай* метафоралары қолданылады. Мұнда қымыз және көлдің сұйықтық ретіндегі қасиеттері жағынан ұқсастығы аталмыш салыстыруды ақылға қонымды көрсетеді.

Қазақ ертегілерінде халық тойды жалпыхалықтық сипатта таниды: *"Олар енді той қылды, жоғарғы елді шақырды, төменгі елді шақырды, аямай малын қырды, жұрт жиылып келгенде, табақ тартып бергенде, келген жұртты сыйлады, мінер атын мінгізді, киер тонын кигізді, аты жоққа ат берді, тоны жоққа тон берді. Сойылған малды жеген соң, жиылған көп тойған соң, келген елі тарқады"* ("Желкілдек" ертегісі).

Бұл келтіріліп отырған контекстен де *тойдың* халық санасындағы фреймдік ұйымдасуын көреміз, яғни *той* стереотиптік жағдаят ретінде құрылып, өз қабатында аталмыш шараның субъектілері, объектілері, кеңістігі, уақыты, сценалары және сценарийі туралы білімді қамтиды. Мұнда тойдың субъектілері – той өткізуші және той қонақтары – көп халық, жиылған жұрт; ет, қымыз молшылығы, я қыруар шығын *(аямай малын қырды);* кеңістігі–*жоғарғы ел, төменгі ел;* тойдың басталу уақыты – *жұрттың жиылып болуы*; сценалар – *табақ тарту, ат мінгізу, киім кигізу;* тойдың аяқталу уақыты – *сойылған малды жеген соң, жиылған көп тойған соң, келген елі тарқады*. Сөйтіп, *той* концепті қазақ ертегілері мазмұнына қарағанда, адам санасында осы көрсетілген тұрғыда фрейм түрінде ұйымдасқан.

Тойдың тілдік санада визуалды қабылдау үдерісінде қалыптасқан сцена-бейнесі қазақ ертегілерінде тілдік формада мына түрде беріледі: "*Жолаушылар бірнеше күн жол жүріп, шаршап келе жатса, өзен бойында будақтап бұлтпен араласып шыққан көк ала түтін, қара құртша қайнап жатқан мал, қалың ел, ерсілі-қарсылы шауып жүрген көп адам көрінеді. Бұл бір үлкен той тойлап жатқан ауыл екен"* ("Әлібек батыр" ертегісі).

Үзіндіде тойдың тілдік бейнесі визуалды қабылданған суреттің – көп малдың психикада екінші бір құбылыспен, я суретпен (*қара құрттың қайнауы)* ұштасуында көрініс берген. Тойдың сыртқы көрінісіне байланысты аталмыш тілдік бейне образдылығымен сипатталады. Бұл орайда, атау сөз бен атрибутивтік, әрі предикативтік мәндерді өз бойында қатар қамтитын, әрі ауыспалы мағынада жұмсалып тұрған есімше формасындағы етістіктің тіркесі (*қайнап жатқан мал*) той бейнесінің санада қабылдану үдерісін танытады. Сондай-ақ тура осындай синтаксистік құрылымдағы *ерсілі-қарсылы шауып жүрген көп адам* тіркесіндегі ауыспалы мағынадағы *шауып жүру* жылқыға тән қимыл-қозғалыстың тойдағы ерсілі-қарсылы жүрген көп адам суретімен бір уақытта санада көрініс пайда болған. Алайда бұл сөз болып отырған екі құбылыстың санадағы ұштасуы, біздің ойымызша, еріктен тыс орын алды деуге келмейді. Өйткені *шауып жүру* бек қуаттылық, көңіл-күйдің көтеріңкілігі, адам тіршілігінің серпінділігі мағыналарын қамтиды.

Тойдың тілдік бейнесінде нақ осы талданылып отырған образды тіркестердің орын алуы кездейсоқтық емес. Тіпті *будақтап бұлтпен араласып шыққан көк ала түтін* суретінде түтіннің аспандағы бұлтпен астасуы, яғни

биікке өрлеу, заңғарлық қасиеті, жанды өмірдің, тіршіліктің белгісі болуына орай той бейнесінің тірек сөзі болып танылады.

Той өтетін кеңістікке төбе – аспан, яғни ашық кеңістік – өзен бойы алынған. Ашық кеңістік – еркіндік символы. Қазіргі қым-ғуыт тіршіліктен шаршағанда, халықтың іздейтін панасы – осындай кеңістік, табиғат аясы.

Сөйтіп, қазақ ертегілеріндегі тойдың тілдік бейнесінің *өзен бойы, будақтап бұлтпен араласып шыққан көк ала түтін, қара құртша қайнап жатқан мал, қалың ел, ерсілі-қарсылы шауып жүрген көп адам* тірек сөздері мен сөз тіркестерінің бек қуаттылық, көңіл-күйдің көтеріңкілігі, адам тіршілігінің серпінділігі; биікке өрлеу, заңғарлық қасиеті, жанды өмірдің, тіршіліктің белгісі; еркіндік символдары сияқты мән-мағыналары өздерінің терең қабаттарында қамтылған деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Оңдасынов Н.Д. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы. – 2011, 350 б.

2. Айтқазин Т.К. Абай мен Шәкәрім философиясындағы адам мұраты // байдың дүние танымы мен философиясы. – Алматы: "Ғылым", 1995. – Б.151-152.

3. ДТС – Древнетюркский словарь. – Л., 1969. – 615 с.

4. 4 ССТМЯ – Сравнительный словарь тунгусо-манчжурских языков. – Спб., 1869-1871. – т.1-2.

Баимбетова А.А.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

ДЫБЫСТАРДЫҢ ЖАСАЛЫМ, АЙТЫЛЫМ ЖӘНЕ ЕСТІЛІМ СИПАТТАМАСЫ

Осы күнге дейінгі қазақ фонетика ғылымының өзінше даму ерекшелігі болды. Қазақ фонетикасы, негізінен, теориялық тілтаным (лингвистика) бағытында, сондай-ақ оқу әдістеме мұқтажына лайық зерттеліп келді. Бұл бағыттағы зерттеу нәтижелерінің, сөз жоқ, жалпы түркологияның құрамындағы қазақ тілтанымы үшін үлкен маңызы болды. Қазақ тілі дыбыстарының құрамын анықтап, жүйесін сипаттап шыққан еңбектер мол. Әрине дыбыс құрамы мен оның жүйесін анықтауда ғалымдар арасында ортақ пікір жоқ.. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың саны жайлы да, олардың жасалымы (артикуляциясы) жайлы да осыны айтуға болады.

Ендігі жерде фонетикасының алдына жаңа міндеттер мен талаптар қойла бастады. Себебі жер-жердегі ел мен елдің, ұжымның, ғалым мен ғалымның, маманмен маманның араласымы күшейді. Өзара мәлімет алмасу кеңейді.

Ендеше кімге болса да (бала мен ересек, оқушы мен маман) жаппай тіл (тілдерді) үйрену бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналды. Осыған орай қазақ тілін оқытудың әдістемесін дамыту, оның мүмкіндігін арттыру, оқулықтар мен оқу-құралдарын дайындау сықылды қозғалыс басталды. Қазақ фонетикасындағы дәстүрлі сипаттама зерттеулердің нәтижесі мұндай үрдіс қозғалыстың талабын қанағаттандыра алмай қалып жатыр. Сондықтан да қазақ тілінің дыбыс құрамы мен оның жүйесін, қазақ тілдегі өзіне тән дыбыстық ерекшеліктерін, тілдегі дыбыс құбылыстарын абстракты түрде сипаттап емес, көрнекті және нақты түрде көзге елестетіндей етіп беру керек болып отыр. Оған тек сызба және құрастырма көрнекті құралдар, сондай-ақ ойын құралдар т.б. арқылы ғана жеткізуге болады. Оқулықтар мен оқу-құралдарының құрамында фонетикалық көрнекті құралдардың тапшылығын да байқауға болады.

Осының бәрі қазақ фонетикасы саласындағы зерттеулердің де бағыт-бағдарын өзгерте бастады, жаңа әдіс-амалдар іздестіруге тура келіп отыр. Сөйтіп әлемдік тілтаным әлдеқашан ден қойған қолданба лингвистикаға қазақ тілтанымның да бет бұруы бүгінгі күннің талабынан туындап отыр. Қазақ тілінің фонетика-фонологиялық абстракты заңдылықтары кесте, сызба сурет және құратырма фигуралар түрінде нақтыланбаса қазақ қолданба лингвистикасының дамуына жағдай жасалмайды. Қазақ фонетикасындағы зерттеулердің осылай ойыса бастағаны да сондықтан.

Қазақ тілі дыбыстарының құрамы (состав) дегенде сол тілімізге тән төл дыбыстардың жиынтығын (санын) айтамыз. Ал қазақ тілі дыбыстарының жүйесі (система) дегенде сол дыбыстарға тән жасалым (артикуляциялық) белгілердің жиынтығын айтамыз. Мысалы, бір дыбыс *дауысты* болса, екінші дыбыс *дауыссыз.* Екеуінің белгісі екі түрлі. Бір дауысты ашық болса, екінші дауысты қысаң. Белгілері тағы да екі түрлі. Бір дауыссыз қатаң болса, екінші дауыссыз ұяң. Бұлардың да белгілері екі басқа. Өзге дыбыстар да дәл осылай бір – бірінен басы ажыратылып отырады.

Сонымен модель дегеніміз белгілі-бір заттың немесе құбылыстың ықшамдалған, қарапайым көрнекті үлгісі. Модельдің құрамында сол түпнұсқаға (оригинал) тән белгілердің бәрі сақтала бермейді. Модельде ең маңызды деген белгілер ғана сақталады. Жоғарыда «в упрощенном виде» деп арнайы ескеріп отыр.

Модель мен фонетикалық ғылыми еңбектердің құрамындағы иллюстратив материалдың (график, схема, сурет т.б.) арасында айырым бар. Модель өте дәл болмайды, фонетикалық құбылыс немесе заңдылықты шамалап көрсетеді, оның басты белгілерін шартты түрде алады, араларында қарапайым ғана ұқсастық болады. Ал иллюстратив график, схема, суреттер өте дәл болу керек. Олардың негізінде сандық өлшемдер жатады. Сондықтан олардың құрамында бірлі-жарым белгілер жетіспей жатса немесе дәл көрсетілмей жатса, ол кемшілік болып саналады.

«Қазақ грамматикасында» дыбыстардың артикуляциясы мен олардың сипаттамасы бір трафарет үлгімен жүйелі берілген. Дыбыстардың формаль белгілері анық көрсетілген. Модель үлгілерге салуға ыңғайлы.

Қазақ тілі дыбыстарын топтастырудың басты белгісі дауыс желбезегінің (дауыс шымылдығы, дауыс жарғағы деп фонетикалық әдебиеттерде әртүрлі атала береді) қатысы болып табылады. Дауыс желбезегінің қатысы арқылы қазақ дыбыстарын алдымен дауысты-дауыссыз деп, сонан соң қатаң-ұяң үнді деп бөліп аламыз. Бұл дәстүр фонетикадағы жіктелім реті.

Сонымен дыбыстарды дауыс желбезегінің қарай жіктеп алайық.

Қазақ дыбыстарының белгілі бір тобын айтқанда дауыс желбезегі тербелмейді (қатыспайды). Дауыс желбезегінің қатысынсыз жасалатын дыбыстар: П, Т, Қ (-К), С, Ш. Ендеше бұл дыбыстар тербеліссіз (немесе қатаң) деп аталады. Дәстүрлі фонетикада «дыбыс тек салдырдан тұрады) деп анықтамаберіледі. Салдыр термині, өзінің атынан көрініп тұрғандай, дыбыстың жасалымына емес, керісінше айтылым –естіліміне қатысты. Ал қазіргі жүргізіліп отырған талдау дыбыстардың жасалымына қатысты, ендеше салдыр терминін бұл тұста пайдалануға болмайды деп есептейміз. Біз болсақ, қазақ фонетикасындағы жаңа үрдістің ізімен тербеліссіз (қатаң) деген жасалымды пайдаланып отырмыз [1]. Сөйтіп дауыс желбезегінің тек қатаңдарға ғана баланысты фонетикалық ұғымды пайдаланған жөн.

Қазақ тілінің дыбыс құрамы (дауысты-дауыссыздар) тербеліссіз (қатаң), тербеліңкі (ұяң), тербелімді (үнді) және тербелмелі (дауысты) болып төрт топқа жіктеледі.

Дауыс желбезегінің тербеліс күші барлық дыбыстар үшін бірдей емес екен. Дауыс желбезегінің тербеліс реті үндемелі немесе кемімелі болып келеді. Үдемелі реті:

- Дауыс желбезегінің тыныш қалпы яғни тербелмейді – тербеліссіз (қатаң);
- Дауыс желбезегі сәл ғана яғни жартылай тербеледі – тербеліңкі (ұяң).
- Дауыс желбезегі едәуір яғни мол тербеледі- тербелімді (үнді)
- Дауыс желбезегі барынша яғни толық тербеледі – тербелмелі (дауысты).


Дауыс желбезегі тербелісінің үндемелі желісі:

Тербеліссіз (қатаң) > тербеліңкі (ұяң) >тербелімді (үнді) > тербелмелі (дауысты).

Үдемелі желіде тербеліс күші бірте-берте өсе бастайды.

Енді алдымен дауыс желбезегінің тербеліс түрлерінің моделін жасап аламыз, сонан соң барып қазақ дыбыстарын дауыс желбезегінің қатысына қарай моделдеуге көшеміз.

Дауыс желбезегінің тербеліс түрлерін көрсететін моделm түрлері төмендегідей болмақ:

- Қатаң (тербеліс)
- Ұян (тербеліңкі) 
- Үнді (тербелімді) 
- Дауысты (тербелмелі) 

Әрбір тербеліс (толқының) қанатының ені әртүрлі. Тербеліссіз түрінің қанаты жиюлы (түзу сызық), тербеліңкі түрінің қанаты сәл ғана жайылыңқы (

жартылай діріл сызық), тербелімді түрінің қанаты мол жайылыңқы (жарты діріл сызық), тербелмелі түрінің қанаты толық жайылыңқы (толық діріл сызық). Тербеліс түрлерінің сызба моделіне қарап-ақ қазақ дыбыстарынң қай түріне тән екенің жазбай тануға болады. Ендеше дауыс желбезегіне қатысты дыбыс топтарын әрқайсысың өзіне тән толқын сызықтармен көмкеріп қоямыз. Сөйтіп әр топтың өзіне тән дауыс желбезегінің қатысына байланысты жасалым моделін аламыз.

Қазақ тілі дауысты дыбыстарының толық жасалым моделі айырым белгілер жүйесін түгел және жан- жақты қамтыған. Моделге қарап қазақ дауыстыларының жасалым сипаттамасының беруге болады. Модельден ең алдымен дауыстылардың жалаң және құранды болып екі топқа бөлінетін көрінеді. Әрі қарай әр топ өзінше талданады[2].

Жалаң дауыстылардың тілдің көлденең, тік және ерін қалпына қарай жіктелімі көрнекі берілген. Ал құранды дауыстылардың құрамындағы тірек дыбыстың қай дауысты екені тұсындағы дауыстыдан көрініп тұр.

Қазақ тілі дауыстыларының осы жасалым моделіне еңбеген дыбыстар төл дыбыстар қатарына жатпайды. Дауыссыздарды созылып , созылмай айтылуына қарап үздікті (п – б, т –д, қ –ғ, к –г) және үздіксіз (с – з, ш –з) деп жіктейді. Үздікті дауыссыздар үздік-үздік шығады да, созылып айтылуға келмейді, үздіксіздер шұбатыла айтылады да, созып айтуға келеді. Садыр дауыссыздар жасалу орнына қарай көмей (қ, к, ғ, г), ерін (п, б) және тіс (т, с, ш,д, ж, з) дауыстары болып үш түрлі артикуляциялық болып үш түрлі артикуляциялық топқа жіктелг ен. Үздікті дыбыстар жасалу түріне қарап жабысыңқы (екі дыбыстау мүшесінің бір-біріне жабысуынан жасалатын) және жуасыңқы (екі дыбыстау мұшесінің бір-біріне жабыспай тек жуысынан туатын) болып аталады.

Дауыссыздардың жасалым белгілернің жұйесі (системасы) жасалу орны мен жасалу амалына байланысты болады. Ендеше алдымен дауыссыздардың осы екі белгісін жеке-жеке саралап аламыз, сонан соң екі айырым белгісінің басын қосып, дауыссыздардың жиынтық моделін жасаймыз. Ол үшін төмендегідей шартты сызықтарды пайдаланамыз:

Жасалым орны (үзік сызық) ----------

Жасалым амалы немесе тәсілі (нүктелі үтір сызық) -.-.-.-.-.-.-.-.-.-

Дауыс қатысына байланысты жасалған модельдің өз ерекшелігі бар екенін айттық. Әр моделдің пайдаланылатын туралы . тағы да басқа-басқа екені жоғарыда белгілі болды. Ендеше қазақ тіліндегі дауыссыздың айырым және ортақ белгілерін бір жерден табатын модель құрастыруға тура келеді. Ондай модельдің құрамында барлық дауыссыздар жинақталады. Соның нәтижесінде қазақ тіліндегі кез-келген дауыссызды кез-келген дауыссызбен байланыстырып, арасындағы фонетикалық белгілерді таба береміз. Ондай моделдің үлгісі жинақы болады

Қазақ тілі дыбыстарының құрамы (саны) мен олардың жүйесі (өзара айырым және ортақ белгілері яғни өзара байланысы) күрделі фонетикалық заңдылықтың нәтижесі екен. Жеке-жеке дыбыстардың басы қалай болса солай,

еркін бірікпейді. Дыбыстар белгілі-бір фонетикалық заңдылыққа бағынады, соның нәтижесінде қазақ тілі дыбыстары болып қалыптасады [3].

Дыбыс құрамының даму жолын (ретін, желісін) қарастырайық:

- Жеке бір дыбыс өзі тектес бір – екі дыбыспен басы бірігіп, кішкентай бір топ құрайды;
- Сонан соң кішкентай топ өзі тектес екінші топпен басы бірігіп, кіші бір топ құрайды;
- Әрі қарай кіші топ өзі тектес екінші топпен басы бірігіп, орташа топ құрайды;
- Ең соңында орташа топ өзі тектес екінші топпен басы бірігіп, үлкен топ құрайды.

Дыбыстардың, дыбыс топтарының өзара бірігіуінің өзіндік заңы (айырым – ортақ белгілер) бар. Сөйтіп қазақ тілінің дыбыс құрамы қалыптасады.

Бұл жерде қазақ тілі дыбыс құрамының қалыптасу ретінің (жолының) қысқа үлгісі (варианты) беріліп отыр. Толық үлгісі Қосымшада беріледі.

Модель ашық А дауысы мен тіл ұшы Т дауыссыз дыбысының негізінде құрылды. Ал, шын мәнінде, ол екеуінің орнына кез-келген басқа дыбысты қойып, моделдей беруге болады. Дыбыстардың сипаттама аты (ашық, тіл ұшы т.б.) орналасқан ұя (шаршы) ішіне дыбыстардың әріп таңбасын жеке немесе атымен қоса орналастыруға болады. Ондай жағдайда моделдің көрнекілігі артады.

- Сонымен жеке дара дыбыс, мысалы тіл ұшы Т, алдымен жасалуына қарай тілшік Қ дыбысымен кішкентай бір топ (тоғысыңқы) құрайды. Сонан соң екеуі жуасыңқы дауыссыздармен (С,Ш) бірігіп, кіші топ (қатаң) құрайды.

Енді барып қатаң дауыссыздар ұяң және үнді топтарымен бірігіп орташа топ (дауыссыздар) құрайды. Ең соңында дауыссыздар тобы дауыстылар тобымен бірігіп үлкен топ (дыбыстар) құрайды.

Қазақ тілі дыбыстарының жүйесі деп отырғанымыз жеке-жеке дыбыстардың өзара бір-бірімен байланысқан реті екен. Мысалы, кішкентай деңгейде дыбыстар жеке-жеке бір-бірімен байланысады:

- *Ашық А* дауысты дыбысы *қысаң Ы* дауысты дыбысыман бірігіп , *езулік* дауыстылар тобын құрайды. Сөйтіп *еріндік* дауыстылардан бөлектенеді;
- *Ашық А* дауысты дыбысы еріндік Ұ дыбысыман бірігіп , *е\тіл арты (немесе жуан)* дауыстылар тобын құрайды. Сөйтіп тіл алды (немесе жіңішке)дауысты дыбыстардан бөлектенеді;
- *П ерін* дауыссыз дыбысы Т тіл ұшы дауыссыз дыбысыман бірігіп, *етоғысыңқы* дауыссыз дыбыстар тобын құрайды. Сөйтіп жуасыңқы дауыссыз дыбыстардан бөлектенеді т.с.с.

Модель белгілі бір дыбысқа қатысты белгілердің бәрін түгел қамтиды және белгілердің ретін көрсетеді. Мысалы (модельдеі белгілердің ретімен жүре береміз):

- А: ашық > тіл арты > езулік > жалаң > дауысты > дыбыс. Сонда ашық, тіл арты, езулік, жалаң дауысты дыбыс болып шығады. Сөйтіп дыбыстың

ашық екені, тіл арты екені, езулік екені, жалаң екені, дауысты екені, дыбысты екені түгел қамтылады.

Т: тіл ұшы > тоғысыңқы > қатаң > дауыссыз > дыбыс. Сонда тіл ұшы, тоғысыңқы, қатаң дауыссыз дыбыс болып шығады. Сөйтіп дыбыстың тіл ұшы екені, тоғысыңқы екені, қатаң екені, дауыссыз екені, дыбыс екені түгел қамтылып тұр.

Қазақ тілі дыбыстарын рет-ретімен осы моделден өткізіп алып, барлық белгілерін көрнекті түрде санамалап шығуға болады.

Зерттеу барысында жеке дыбыстардың жасалым (артикуляциялық) сипаттамасы берілді және модель-сызбасы көрсетілді, дыбыс пен дыбыс өзара жіктеледі және моделі көрсетіледі. Сөйтіп дауысты – дауыссыз топтарының деңгейіне дейін артикуляциялық сипаттамалар беріліп, моделдер жасалды.

Модель қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың екі тобының басын біріктіріп тұр. Дауыстылар мен дауыссыздар өз ішінде айырым белгілеріне қатысты жіктеледі. Сонан соң топталып барып дауысты +дауыссыз болып бірігеді. Қазақ тілі дыбыстарының толық құрамы мен олардың белгілері бір жерден табылып тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аралбаев, Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. –Алматы. 1988.–143 б.

2. Джунисбеков, А. Сингармонизм в казахском языке. –Алматы, 1980. 81-99 б.

3. Кеңесбаев, І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика). – Алматы. 1975. 302 б.

Байтелиева А.М.
магистрант;
Тымболова А.О.
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

КОНЦЕПТ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Когнитивтік лингвистиканың негізгі термині концептіге қатысты зерттеулерге қазіргі кезеңде көп көңіл бөлінуде. Өйткені әлем бейнесін когнитивтік тұрғыдан зерттеуде «концепт» ұғымы аса маңызды рөл атқарады.

Когнитивтік лингвистикада тіл адамның таным әрекетінің бірі ретінде тілдік бірліктердегі ақпаратты қабылдау, жоққа шығару құралы ретінде қарастырылады. Адам таным процесінде қоршаған ортаға қатынасын өзінің шындық әрекеті арқылы концепт түрінде елестетіп, түсіндіреді. Зерттеушілердің пікіріне сүйеніп, концептуалды білім адам білімінің тұрақты

және жеке білімдерінің бір бөлігі екенін ескерсек, шын мәнінде тілде бейнеленген білім, жалпы әлем туралы білімнің бір бөлігі болып табылады [1].

Концепт когнитивтік лингвистика тұрғысынан қарастырылатын болғандықтан, алдымен сол концепт туралы біраз зерттеулерге сүйенуді жөн көрдік.

Сөздік қордағы кез келген сөз концепт бола алмайды. «Концептілік мәнге ие доминант» болу үшін концепт деп танығансөздің бойынан белгілі бір ұлттың мәдени рухани танымдық ерекше белгілері мен бірге ғалам бейнесіне апара алатын қасиеттері болуы қажет. Сондай-ақ концептіден белгілі бір ұлттың рухани мәдени танымдық ерекшелігімен қатар ұлттық менталитетінен ақпарат бере алатын семантикалық өрісі болуы шарт. Сөздердің мәдени концепт тізбегіне енуі олардың прагматикалық семантикалық сипаттарына байланысты болады.

Концепт ұғымы, негізінен, ағылшын тіліндегі Шенк, Чейф, Рассел, Карнап сияқты ғалымдардың еңбектерінде кездесіп, аталмыш ұғымды дұрыс аудару мәселесі туындағандықтан алынған (1970 ж. ортасы). Ол кезде ағылшын тіліндегі concept сөзін «ұғым» деп аудару ұсынылды, алайда қазіргі таңда зерттеушілер «концепт» пен «ұғым» терминдерінің ара-жігін ашуда. Мәселен, Ю.С. Степанов ұғым мен концептің айырмашылығы туралы айтқанда, біріншісін логика мен философиямен байланыстырып, екіншісін математикалық логикаға жатқызса, кейінгі уақытта концепті «мәдениеттің ұйытқысы» ретінде анықтап мәдениеттанумен де байланыстыруда.

Концепт дегеніміз – елестету және ұғымның бірлігі. Демек, концепт шындық өмірдің бейнесі, әрі ұлт санасындағы бейне. Әлемнің пәк бейнесі когнитивтік модельде айқындалатын болса, “ол өз кезегінде ұжымдық санамен, көзқараспен, ұжымдық философиямен байланысты болады. Демек, ғаламның тілдік бейнесі негізінен және толығымен адамдар санасындағы әлемнің логикалық бейнесімен сәйкес келеді.

«Концепт» терминінің теориялық негіздері Д.С.Лихачев, Н.Д.Арутюнова, Е.С.Кубрякова, А.Н.Мороховский, Н.К.Рябцева, В.Айрепетян, В.В.Колесов, В.А.Маслова, А.Я.Гуревич, А.Вежбицкаяның зерттеу еңбектерінде кең көлемде қарастырылады. Концепке қатысты философиялық сөздіктің анықтамасына көз жүгіртсек, «концепт (лат. conceptus-понятие) – содержание понятия в отвлечении от языковой формы его выражения. Концепт актуализирует отраженную в понятии онтологическую его составляющую» - десе, Р.Карнап концепті айтылымдармен оған сәйкес заттарының арасына қойып, әрбір концептің концептуалды схеманың деңгейінде өзінің нақты белгіленген орнын иеленетінін, бір деңгейдің концептері басқа деңгейде элементтермен схемаларды өзгерте отырып қатынасқа түсуі мүмкін екенін айтқан [2]. Сонымен концепт адамның өмірлік тәжірибесін бейнелей отырып, оның өзгеруін белгілі бір динамикалық құрылымға икемделуге әкеледі. Концептің көмегімен сөздің ескі және жаңа мағыналары тиянақты болады.

Н.Д.Арутюнованың мәдени концептілер жөніндегі көзқарасы былайша өрбиді: «Каждое из этих слов обладает своими законами, сочетаемости, своим

лексиконом, фразеологий риторикой и шаблонами, своей областью референций, и поэтому, описывая и анализирую «язык» каждого культурного концептами открываем доступ и соответствующему понятию» [3, 3 б.]. В.А. Маслова мәдени ақпарат тілдің когнитивті бірліктері арқылы төрт тәсілмен: «мәдени семалар», «мәдени ая» «мәдени концептілер», «мәдени коннатациямен» берілетінін айтады. Мәдениеттің басты концептілері негізі тек жеке тілдік тұлға емес, сонымен қатар лингвомәдени таным тұрғысынан жалпы қоғамдағы экзицтенционалды мағыналы әлем бейнесінің арқауы болып табылатын тілдік бірліктерді айта келе мәдениеттің негізгі концептісіне ар, тағдыр, бостандық, азаттық, егемендік т.б. дерексіз атауларды жатқызады. Концептіні В.А.Маслова үш түрлі тәсілмен түсіндіруді ұсынады: бірінші тәсілді жақтаушы Ю.С.Степанов концепті қарастырғанда ең алдымен оның мәдени аспектісіне көп көңіл бөліп, мәдениетті барлық концептердің жиынтығы мен олардың арасындағы қатынас ретінде түсіндіреді. «Концепт – это основная ячейка культуры ментальном мире человека – дейді [2]. Осы ойды сабақтай отырып Н.Д.Арутюнова концепт мазмұнының қалыптасу құралы тілдік белгінің семантикасын көрсетеді дейді [3].

Ал үшінші тәсілді ұсынушы Д.С.Лихачев концептің сөз мағынасынан туындайтынын, адамның өзіндік жеке және халықтық тәжірибесімен сөз мағынасының соқтығысуынан пайда болатынын яғни концепт сөз бен шындықтың арасындағы дәнекер екенін айтады [4]. Концептіге инварианттық белгілер тән екенін баса айтқан В.А.Маслова оны төмендегідей анықтайды: «это минимальная единица человеческого опыта в его идеальном представлении, вербализуюшаяся с помощью слова и имеюшая полевую структуру; 2) это основные единицы обработки, хранения и передачи знаний. 3) концепт имеет подвижные границы и конкретные функции; 4) концепт социален, его ассоциативное поле обусловливает его прагматику; 5) это основная ячейка культуры. Следовательно, концепты представляют мир в голове человека, образуя концептуальную систему, а знаки человеческого языка кодируют в слове содержание этой системы [5, 35-36].

Е.С.Кубрякова когнитивті ғылым туралы былай дейді: «Предмет, который, когнитация т.е. познание, мышление, размышление, которые можно исследовать, изучая «процесс обработки информации», по существу представляет не одну, а комплекс наук обширный области исследований» [6]. Ғалым концепт туралы: «Понятие концепта отвечает представлению о тех смыслах, которыми оперирует человек в процессах мышления и которые отражают содержание опыта и знания, содержание опыта и знания, содержание результатов всей человеческой деятельности и процессов познания мира в виде неких «квантов» «знания», – деп тұжырымдаса [6], А. Вежбицкая концепт ұғымын «адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері бейнеленген және атаулары бар ғаламның тілдік бейнесі ретінде тану», - деп көрсетеді. Бұл терминге В.Н. Телия: «Концепт – біздің сол нысан туралы білетініміздің барлық жиынтығы, соның мағынасының барлық экспрессиясы», - деп өз тұрғысынан анықтама береді [7]. Тілді семантикалық-когнитивті зерттеудің

негізгі мақсаты – тіл семантикасы мен халықтық тұжырым саласының семантикалық және логикалық үдерістердің ара қатысын, байланысын анықтау. Бұл ретте белгілі ғалымдар З.Д.Попова мен И.А.Стернин ұсынған тілді семантикалық-когнитивтік талдау әдісінің мәні зор.

Қазақ тіл білімінде концепт терминінің теориялық негіздері Манкеева Ж., Уәлиев Н., Жаманбаева Қ., Смағұлова Г., Ақбердиев Б., Сәтенова С., Сейілхан А., Снасапова Г., Күштаева М., Сүгірбекова С., Жапақов С., Сыбанбаева А., Ислам А., Елемесова Ш. т.б. секілді зерттеушілердің өз еңбектерінде концепт терминіне әр қырынан келіп қарастырады. Осындай зерттеушілердің еңбектерінің негізінде қазақ тіл білімінде концепт терминінің теориялық қырының жетіле түсуіне негіз болды. Алайда концепт терминінің шешімін таппаған қыр-сыры да баршылық.

Қазақ тіліндегі концептілерді М.А.Күштаева: «концептіні адам дүние танымындағы әлем туралы ақиқат болмысты бейнелейтін когнитивті бірлік ретінде қарастыра келе, адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері бейнелеген жеке атаулары бар ғаламның тілдік бейнесі, концепт терминіне «рухани мәдениеттің тірек сөздері» мағынасында ғана түсінбейміз, себебі тірек сөз концепт сөзіне емес «мәдени концепт» тіркесіне балама ретінде қолданылады» - дегенді айтады [8].

Қазақ тіліндегі концептінің мән мағынасын айқындауға ой салатын пікірлер де баршылық. Мәселен, Г.Смағұлова: фразеологизмдердің мағыналас тізбек құрудағы басты қасиеті – жалпы ұғым, түсінікке бағытталған тіркестер болатынын ескере келе, мағыналас фразеологизмдердің синонимдік тізбектерде ұғымды сөзбен жеткізе алмаған жағдайда мағына ортақтығын танытып тұратын жеке мағыналық ой басым түскен тұрақты тіркес тірек сөз доминант қызметін атқаратынын айта келе, семантикалық синтагмалар аясында фразеологизмдер компоненттерінің қосынды мағыналары соңынан тұратын әрі сол мағынаның толық жұмсалуына себеп болатын бір сөз тұруы шарт. Біз мұндай сөздерді «сүйемел сөз» деп атаймыз – дегенді айтады ғалым [9].

С.Жапақов: «концепт дегеніміз индивидтің, тілдік ұжымның, лингвистикалық қоғамдастықтың ақиқат туралы білім жүйесі болып табылады» - дейді.

Ш.Елемесова концептілерге көркем мәтіннің ассоциативті концептілік құрылымы арқылы келе отырып: «концепт базалық когнитивтік маңыздылық ретінде мәнді пайдаланылатын сөздермен байланыстырушы концептуализация процесінің мазмұнды бірлігі ретінде шындықтың адам миында бейнеленуі» - деп айтады.

Зерттеуші Б.Жумагулова когнитивті тәсілмен концептіні анықтағанда Дж. Лакофф, М.М.Маковскийдің пікірлеріне сүйеніп, когнитивті бағыт бойынша концептінің негізі – прототип сөздің мағыналық мазмұнын білдіретін сөзден шыққанын айтады. Ол концептінің негізгі қызметі – заттарды нақты ауыстыру, ол үшін көптің арасынан бірі таңдап алынады. Оған талдау белгілі тұжырымдар жасалып, ол автоматты түрде көпшілікке өтеді дейді [10].

Сонымен адамзат баласы жасаған базалық рухани құндылықтар мен материалдық мәдениетті білдіретін тілдік модельдерді концепт ретінде тануға болады. Себебі тілдік модельдердің фондық негізінде ойлаудың логикалық моделі жатады. Жалпы логикалық модельге деректі дерексіз ұғымдар мен таным түсініктер топтастырыла келе ақиқаттағы обьектінің сонымен бірге когнитивті санадағы ментальды модусының тілдік обьективтенуі болып табылады. Әрбір ұлттың өзіндік менталитетін, когнитивті түсінігін, сана-сезімін, өзіндік жаратылысы табиғатын яғни бүкіл мәдени болмыс бітімін тілдің негізінде танып білуге болады. Міне, осыдан барып бірде лингвомәдениеттанудың, бірде когнитивті лингвистиканың категориясы болып танылып жүрген концепт терминін когнитивті лингвистиканың басты обьектісі деп тануымызға болады.

Жеке бір сөздің толық концептісі оның семантикалық және ассоциациялық өрісі негізінде айқындала түседі. Сөздің семантикалық және ассоциациялық өрісінің негізінде пайда болған ақпараттың ішкі құрылымына когнитивті және прагматикалық мағыналардың элементтері де енеді. Осыдан барып «мәдени концепт» деп танылатын лексема концепт түзудегі өзінің лексиконы, мағыналас тізбектері ассоциациялық қатынасы бар және семантикалық өрісі қомақты номинацияларды жатқызуға болады.

Концепт термині ақиқат дүниені когнитивті тұрғыда тануға ғалымның тілдік бейнесін түсінуге мүмкіндік береді. Концепт индивид санасында сәулеленген сезімдік-заттық образдың (перцептивті модус) негізінде пайда болады. Концепт негізінде сезімдік тәжірибе жатады. Сезімдік-заттық образ (код) концептің ядросы болып табылады. Осы заттық код белгілі бір обьектіні терең, жан-жақты білген сайын жаңа мәндік белгілермен байи түседі. Осының нәтижесінде концептің мазмұны ұлғаяды, мазмұны кеңи түседі. Әлгі белгілердің қайсыбірінің мәнділігі күшейе түсуі, қайсыбірінің көмескіленуі ықтимал.

Концепт ретсіз нәрсе емес. Оның компоненттері (белгілері) белгілі бір тәртіпте болады. Заттық-образдық ядро нақты болады, ал ядродан алшақтау жатқан белгілер дерексіз, абстрактілі болуы мүмкін. Концептінің әртүрлі қабаттары бір-бірінен туындап жатады. Бұл жайт концепт ұғымының өзгеше сипатын көрсетеді.

Концептінің жасалуына ұғым емес, заттық образдар (заттың бейнесі) негіз болады. Мысалы, *ат жалын тартып мінді* (ержетті) дегенде ат, мән, жал деген (субьект-предикат) ұғымдар емес, ақиқат өмірден алынған сенсорлық-перцептивті образ негіз болып тұр.

Ұғым мен концептінің мағынасы тепе-тең емес. Ұғым белгілі бір обьектінің танылған аса мәнді белгілерінің жиынтығы болса, концепт – мазмұн межесі жағынан обьект туралы барлық білімнің жиынтығы, ал тұрпат меже тұрғысынан тілдік бірліктердің (лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық т.б.), құралдардың жиынтығы болып табылатын ментальды, ұлттық ерекшеліктерді танытатын құрылым.

Ұғымнан концептінің айырмасы, түптеп келгенде, мынаған саяды: концепт – денотат туралы бастапқы түсінік (представление). Денотат туралы осы түсінік жалпыланған инвариант – образ түрінде болады да, ол сөздің тууына түрткі, ұйтқы болады. Бұл – заттық-бейнелік концепт. Тілдік санада концепт форматына түскен бұл құрылым лингвокреативті ойлаудың негізінде әрі қарай өңдеуден өтіп, ұлттық-мәдени концепт пайда болуы мүмкін. Заттық-бейнелік концептіде (перцептивті модуста) этномәдени сипат бола қоймайды. Мысалы, *көк* түс сипатына ие. Бұл – ақпарат. Осы ақпараттың реттелген жүйесінен көк аспан, көк көз, көк (шөп) т.б. заттық-бейнелік концепт жасалып тұр. Бірақ заттық-бейнелік концептісінің ономосиологиялық құрылымы мәдени этностық санада әрі қарай өңдеуден өтеді де, басқа бір таңбаланушының таңбасына айналады. Ендігі жерде қазақ түсінігінде *көк «түс», «аспан», «шөп», «таспа», «долылық», «мұң-зар», «шикілік», «ақылсыз, есуас», «көктем», «көке», «тәңір», «жөтел», «сақал»* болып табылатын ұжымдық санадағы мәдени-ұлттық семантиканың тілдік таңба арқылы жарыққа шығуы *көктің* ұлттық мәдени концептіге айналғанын көрсетеді. Мұндай концептілер (инферентті модус түріндегілер) этномәдениеттің тірек элементі болып, концепт кеңістікке енеді.

Зат-бейнелік концепті (перцевтивті модус) мен мәдени-ұлттық концепт (инферентті модус) когнитивтік әрекеттің екі фазасы болып саналады; бастапқы таңбаланушы мен таңбалаушы әртүрлі модификацияда сөз таңба ретінде қалыптасу кезеңінен өтеді. Аяққы кезде сөз белгілі бір этномәдени кеңістікке енеді де, сол мәдениетті түсінудің (ұғынудың) және түсіндірудің (ұғындырудың) құралына айналады.

Когнитивтік лингвистиканың дамуымен байланысты анықтап алуға тиіс бірнеше ұғымдардың бірі және негізгісі – тілдің қызметіне қатысты «ғаламның тілдік бейнесі» (языковая картина мира). Э. Сепир былай дейді: «... «реальный мир» в значительной мере неосознанностроится на основе языковых привычек той или иной социальной группы. «миры, в которых живут различные общества – это разные мира...» [11].

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие. – Минск.: Тетра Системе, 2004. – 255 – с.

2. Краткий словарь по логике / Под ред. Д.П. Горского. – Москва: Просвещение, 1991. С. 208.

3. Арутюнова Н.Д. Образ (опыт концептуального анализа) // Референция и проблемы тестооброзования. – Москва: Наука, 1998. - С.198.

4. Лихачев Д.С. Концептосфера русского язяка // Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология. М.: Академия, 1997. С.287.

5. Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. Учебное пособие. - Москва, 1992. – с. 206.

6. Кубрякова Е.С. Когнитивная наука. Ростов на Дону. – Москва, 1993.

7. Телия.В.Н. Русская фразеология: Семантические, прагматические, культурологические аспекты. – М., 1996.-284 с.

8. Күштаева М.Т. Мәдени концептінің («тары» концептісінің) когнитивтік негіздері. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №1 (109). 2008.

9. Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы, 1998. -196 б.

10. Жумагулова Б.С. Способы вербализации концептов «дом и долг в русском, казахском и английском языках. Канд.дисс. - 2003.

11. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – Москва,1993. – 656 с.

Бектурганова Ж.М.
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Нархоз Университеті

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІ ТІЛІНДЕГІ "ЖАН" КОНЦЕПТІСІ

Когнитивтік лингвистика ғаламды емес, этностың тілінде немесе идиостилінде бейнеленген ғалам туралы жалпы және субъективті білімдерді зерттейді. Ол білімдер сан алуан болып келеді – тұрмыстық, ғылыми, діни немесе эстетикалық т.б. Когнитивтік зерттеуде осы білімдер зерттеу нысанына алынады. Концептуалдық зерттеу концептуалдық метафорадан бастап (батыс тіл білімінің басты ұстанатын бағыты), концептуалдық құрылымдардың қалпын, сипатын анықтауды қамтиды (ресейлік тіл білімі мен посткеңестік елдер тіл білімінің ұстанатын бағыты). Қазақ ертегілері тіліндегі "жан" концептісін осы екінші бағыт тұрғысынан сипаттап көрейік.

Жан – барлық тілдерде бар, барлық тілде де концепт дәрежесіне жеткен ұғым болса керек. Ол тек тілдің ғана емес, сол халықтың мәдениетінің басты концептісі десек те болады. Орыс тіліндегі «жан» сөзі орыс тілі үшін ең жиі қолданылатын сөз екеніне кезінде М.Горький назар аударған екен. Ол бұл сөз қарапайым адамдардың тілінде ең көп қолданылатын оныншы сөз деп атап көрсеткен.

О.С.Ширяева «жан» сөзін орыс мәдениетіне тірек болған басты сөз ретінде ғылыми тұрғыдан зерттей келе, оның қазіргі орыс тілінің түсінірме сөздіктерінде айтылып жүрген негізгі 10 мағынасы барын айтады. Және бұл лексеманың лексика-семантикалық инварианттарының семалық құрылымын «адам» семасы құрайтындығын, адамның ішкі жан дүниесін сипаттайтын негізгі сөз екендігін көрсетеді. Оның зерттеулеріне сүйенсек, бұл тіл бірлігі «Орыс тілі лексикасының жаңа жиілік сөздігінен» алынған мәлімет бойынша, миллион сөз қолданысында 356,8 рет кездеседі екен [1,4].

Ғалым орыс тіліндегі ғаламның бейнесін берудегі «жан» концептісінің құрылымын былайша көрсетеді:

1. Душа – вместилище (затемненном закоулке душы, излить душу, рвать душу);

2. Душа – орган человек (разбередить душу, зарапнуло душу);
3. Душа – инструмент (душа выструнивается);
4. Душа – почва (засевать в души);
5. Душа – животное (душа перестанет скулить);
6. Душа – огненная стихия (огонь души);
7. Душа – физическое явление (просветленная душа);
8. Душа – весы (душевное равновесие);
9. Душа – предмет (снять с души);
10. Душа – жертва (донимат душу тоскливой пыткой);
11. Душа – внутренний голос человека (душа велит).

Қазақ тіліндегі құрылымы да бұдан кең болмаса, кем түспейтіні анық. «Жан – жай, мекен», ол қандай да бір «құрылыс конструкциясы, орны, мекені» және «қандай да бір материалдан жасалған орын-жай» белгісін мына мысалдардан көруге болады: жанының бір түкпірінде, жаны жай тапты/таппады. Абайдың тілдік әлемінде «жан» «жүрек» концептісінің семантикасында қарастырылады да, жанды «қандай да бір материалдан жасалған орын-жай» ретінде сипаттайтын «жүрегім менің қырық жамау» деген конструкция қалыптастырған. «Жан – адамның ауру мүшесі». Мысалы, «жаны қиналды», «жаны ауырды» (жүрегі сыздады), «жаны күйзелді».

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «жан» сөзінің иран тілінен енген етістік деп беріліп, мынадай 3 ұғымдық мағынасы, әр ұғымның ішкі семантикалық тармақтары көрсетіледі [2,709]:

І. Жан¹ зат.

1. Адам баласына, жан-жануарларға тіршілік беретін рух, қуат.
2. Адамның ішкі сарайы, рухани әлемі.
3. *псих*. Адамның ішкі ой-санасы, рухани, сезімдік қасиеттері.
4. *діни*. Алланың нұрынан пайда болып оның ғана өмірімен адамның тәніне тіршілік бітіретін рух.
5. *филос*. Философияда тәнге қарама-қарсы қойылып, оған тіршілік бітіретін рухқа қатысты түсінік, негізгі философиялық ұғым.
6. *экспр*. Қадір-қасиет тұту ретінде, еркелету, жақсы көру мәнінде айтылатын сөз.

ІІ. Жан² зат.

1. Еңбек үдерісінде құрал-сайман өндіретін күш иесі ретіндегі адам.
2. Адам, кісі.
3. Бірде-бір адам, ешкім.


ІІІ. Жан ет.

1. От алып жалындау, қызулану, тұтану.
2. *физ*. Энергия бөлініп, қоршаған ортамен жылу және масса алмасу процесінің жүруі.
3. Жарық беру, сәуле шашу, жарықтандыру.
4. *ауыс*. Жайнау, құлпыру, жарқырау.
5. *ауыс*. Өсіп-жетілу, адам болу.
6. *ауыс*. Қайғыру, күйзелу, күйіну.

7. *ауыс. поэт*. Ұшқынына, қуатына шыдамау, бір нәрсенің күшті әсеріне түсіп кету.

Адам ішкі жан дүниесін сипаттау үшін оны өзі білетін сыртқы дүниедегі заттармен, құбылыстармен байланыстырады. Оны М.В.Пименова «жан» сөзінің концепт екенін дәлелдеуде топтастыру әдісін қолдана отырып, оның құрылымын нақты белгілеріне қарап топтастырады [3,30].


1-кесте. М.В.Пименова бойынша концептінің топтастырылу белгілері.



Осылайша, адамның ішкі жан дүниесіне қатысты концептіні сыртқы ортадағы заттық әлемнің концептілері арқылы қалыптасқан салыстырулар мен баламаларға талдау жасайды. Оның ойынша, «концепт дегеніміз – бір-біріне ұқсамайтын құбылыстардың салыстыруға мүмкіндік беретін негіз... Олар тек және түр жағынан ассоциативтік белгілеріне қарай топтастырылуы мүмкін» [3,31].

Стихияға қатысты белгілер, әлемнің жаратылуына негіз болған бастапқы элементтерге – отқа, суға, ауаға және жерге байланысты туындаған белгілердің басын біріктіреді дейді (от – жаны күю, жаны өртенді, жанын күйдірді, жанын отқа салды; су – жаны еріді; ауа – жанға жылы тиді, жан ұшырды, жанын қарманды; жер – жаны жай тапты, жаны жайланды, жанын қоярға жер таппады т.б.).

2-кесте. М.В.Пименова бойынша концептінің топтастырылу белгілері.



Кейбір қолданыстарда мифологиялық түсініктер әлі сақталған ғаламның тілдік бейнесінде «жанның» таспен байланысты белгілері де сақталғанын айтылады (душа окаменела).

Заттық түрге қатысты белгілері сан алуан болып келеді. Көбіне кез-келген зат мынадай түрде кездесетінін білеміз: металл, сұйықтық, газ, кристалл түрінде (сұйықтық – жан терге түсті, жаны зәр түбіне кетті; металл – жаны темір, құрыш білекті жан).

3-кесте. М.В.Пименова бойынша концептінің топтастырылу белгілері.

ЗАТТЫҚ ТҮР



Газ Сұйықтық Металл Кристалл

Өсімдіктерде де жанға тән қасиеттер бар екен. Вегетативтілік ғаламды бейнелеп жеткізудің ұтымды жолы ретінде белгілі. «Жан» концептісінің құрылымына негіз болған мынадай вегетативтік белгілерді көрсетуге болады: жанын қиды, жаны жадырады, жан саялады т.б.

4-кесте. М.В.Пименова бойынша концептінің топтастырылу белгілері.

ӨСІМДІКТІҢ ТҮРЛЕРІ ӨСІМДІКТЕР



Гүлдер Ағаштар Дәндер Шөптер Орман Тоғай Бақша Егіндік

Ең көп таралған белгі – жанды тіршілік иелеріне тән белгілер – концептінің мағыналық өрісін барынша кеңейтеді. Мұндай белгілер барлық жанды тіршілік иелеріне тән белгілердің жиынығынан тұрады. Мысалы, өмір/өлім, тыныс алу, ұйықтау, ояну, тамақ ішу, қозғалу, физикалық жағдай және т.б. Осы белгісіне қарай жан мынадай ерекшеліктерге ие болады: жаны шығу, жан біту, жаны кіру, жаны тәтті, шығарда жаны басқа, жаны тойды, жаны шошыды, жаны шыдамады/төзбеді, жанын жұбатты, жанын жеді, жанын жалдады, жаны қиналды, жаны жүдеді, шыбын жаны, жаны сүйді т.б.

«Жан» концептісінің құрылымы зооморфтық және антроморфтық тіршілік иелеріне қарай топтастырылады.

5-кесте. М.В.Пименова бойынша концептінің топтастырылу белгілері.

ЖАНДЫ ТІРШІЛІК ИЕЛЕРІ



Зооморфтық Антроморфтық

ЖАНДЫ ТІРШІЛІК ИЕЛЕРІ (адамнан басқалары)



Жануарлар Жәндіктер Құстар

Ғалым адамға тән антрпоморфтық белгілердің де бірнешеуін көрсетеді:

-гендерлік;

-мінез-құлықтық (жаны жайсаң, жаны жалғыз, жаны қас);

-эмоционалдық (жаны қиналды, жаны құштар/құмар, жаны түршікті, жаны жабырқады);

-менталдық (жанымен түсінді, жанымен тыңдады);

-әлеуметтік – этикалық (жаны қара); ұлттық (ұлттың жаны); сабаққа қатысты (жанын байыту, жан дүниесі бай, жан дүниесі кедей); діни (жанын құрбан ету, жаны жаһанамға кету, жаны садаға, жанын пида ету т.б.).

Концепт құрамында қандай да бір заттарға тән белгілеріне қарай қалыптасқан бөлшектер де болады.

6-кесте. М.В.Пименова бойынша концептінің топтастырылу белгілері.



«Жан» концептісінің құрылымында аталған белгілердің барлығы кездесіп, метафоралар арқылы жасалады. Мысалы, «бесік» артефакті – жанын тербеу, «пышақ» - жанына жара салу, жанын жаралау, жанды жеріне тию, «тамақ» - жанын жеу, жанын жегідей/жебірдей жеді, «мүлік» - жанын далаға тастай алмады, жанын сату, «айна» - жанынан түңілу, эстетикалық белгілеріне қарай «сұлулық» - жаны сұлу, «беріктік» - жаны мықты, «ине» - жаны иненің ұшында т.б.

Бұдан басқа да концептіден **кеңістік пен уақытқа** қатысты белгілерді де кездестіруге болатыны айтылады. «Жан» концептісі арқылы адамның ішкі жан дүниесі сипатталады. Әлемді, дүниені сипаттайтын белгілер алуан түрлі болып келеді. Адамның жаны нұрланады (жанына нұр себу, жанын нұрландыру, жанына жарық беру), кеңістіктегі қашықтыққа қатысты жанға «жақын» дүниелер, адамдар болады. Сол сияқты «жаны бар», «жаны жоқ», «жаны жай тапты» деген метафоралардағы белгілер кеңістікті қамтиды. Кеңістіктегі құрылыстар арқылы «жан» жануарлар мен құстардың үйі, баспанасы белгісінде көрініс алуы мүмкін. Мысалы, «жанына ұялау, «жанына орнығу» т.б. Уақыт белгісіне қатысты қалыптасқан метафоралар да адамның ішкі жан дүниесінің шынайы көрінісін бейнелейді: мәңгілік жан.

«Жан» концептісіне тән келесі белгі – ол символдық белгісі. Қазақ ертегілерінде жанға қатысты жоғарыдағы халық түсінігі қолданыла отырып, негізінен символдық мәні кең көрініс табады.

«Ер Төстік» ертегісінде Төстік Шойынқұлақтың жанының қайда екенін іздейтін, сюжет бар. Ертегіде Шойынқұлақтың жаны «тоғыз балапанға» жасырылады. Шойынқұлақ қайта-қайта жылаған баласына жанының қайда екенін былай деп әңгімелейді:

«Жаным алыста, оны өзіммен бірге сақтаймын, Борықты бұлақтың басында қырық елік жүреді, соның ішінде қайқы қаракер елік бар, қайқы

қаракер еліктің ішінде тоғыз қара сандық бар, сол сандықтың ең кішісінің ішінде тоғыз балапан бар, сол тоғыз – менің жаным болады» [4].

Ертегі кейіпкерлерінің өз жанын басқа жерде сақтауы – әлем халықтары ертегілерінде кең тараған сюжет. Орыс ертегілеріндегі «Кощей Бессмертный» аты да айтып тұрғандай – өлмейтін кейіпкер, ал оны басты кейіпкер өлтіру керек болады. Шын мәнісінде, «кащей» сөзінің түп төркіні – сүйек/кость дегенді білдіреді екен. Ғалымдардың айтуынша, «бессмертный» болуының себебі де оның өлі кейіпкер екендігінде. «Кощей Бессмертный» туралы ертегілердің сыртқы пошымын еске түсіретін болсақ, оның киімі қап-қара және сүйектерден тұрады. Орыс тіліндегі «царь Кащей над златом чахнет» деуі де осы образбен байланысты туған. Кащей байлықтың символы болып саналады, әйтсе де бұл ол туралы көп айтылған болжамдардың тек бірі ғана.

Сонымен, осы кейіпкер туралы орыс ертегілерінің желісіне қарасақ, оның да жаны өзінде емес: «иненің ұшында, ал ине жұмыртқада, жұмыртқа үйректің ішінде, үйрек – қояннның ішінде, қоян сандықтың ішінде». Мұндағы жұмыртқа – өмірдің символы болса, жан – бұл өмір. Оны ғалымдар былайша түсіндіреді: өмір (ине) – бұл жан (жұмыртқа, үйрек, қоян) мен тән (сандық)

Қазақ ертегісінің сюжетінде Шойынқұлақтың жаны иненің ұшында емес, 9 балапанда, демек, қазақ ұғымында өмірдің ассоциациясы инемен емес, балапанмен, құспен байланысты болса керек. Бұл мәселені арнайы әрі кеңірек зерделеген ғалым М.В.Пименова бұл сюжетті антикалық және орта ғасырдағы дәстүрмен байланыстырады. Оның ойынша, осы кезеңдерде адамның жаны аспанда аққу кейпінде ұшып жүреді деген сенім кең тараған дейді. Оның сөзін В.Н.Топоров та растайды: «Душа-лебедь – символ, пришедший из мифологии: «эта символика в своей основе связана и с представлением о способности души странствовать в образе лебедя, выступающего как символ возрождения, чистоты, целомудрия, гордого одиночества, мудрости, пророческих способностей, поэзии и мужества, совершенства, но и смерти» [5,41].

Бұл ретте «ине» сөзіне байланысты қазақ тіліндегі «жаны иненің ұшында», «жаны мұрнының ұшында» деген қолданыстары еріксіз еске келеді. «Ер Төстік» ертегісінде **«шыбын жан», «жаны шығу»,«жаны мұрнының ұшына келу»** деген нұсқасы ұшырасады:

1. «Олай-былай жұлқынып байқап еді, болатын көрінбейді, кемпір қысып әкетіп барады, Ерназардың мойны үзіліп, буынып барады, **шыбын жаны** шығып барады» *(«Ер Төстік» ертегісінен).*

2. «-Ағарған сақал, шашым бар! Қартайып келген жасым бар! Тоғыз келінімді жаңа ғана түсіріп, жаңа ғана қызығын көрейін деп отырмын. Қоя бер мені, шешежан, - дейді.

-Жоқ, - деп кемпір қысып қояды, Ерназардың **жаны шығып** барады». *(«Ер Төстік» ертегісінен).*

3. «-Жоқ, - деп кемпір қысыңқырап жібергенде, Ерназардың **жаны мұрнының ұшына келеді,** өлуге аз-ақ қалады» *(«Ер Төстік» ертегісінен).*

Мұндағы «шыбын» құс болмаса да, ұшатын қасиеті бар жәндік, осыған қарағанда «жан» концептісі құрылымындағы құсқа қатысты белгілердің

ертегілерде көбірек қолданылғанын байқауға болады. 2-мысалдан «жан» концептісінің «дененің мекені, жайы, орны» екенін байқауға болады. Себебі «шығу», «кіру» етістігінің антонимдес сыңары ретінде алып қарайтын болсақ, қандай да бір мекен-жайға, мекенге қатысты екенін көреміз. Және «жаны шығу» элементінің антонимдік сыңары «жаны кіру» екені тағы бар. Ұлы композитор Н.Тілендиевтің «Құстар әнінің» де лейтмотивін еске түсірер болсақ, дәл осы концептіге құрылғанға ұқсайды.

Қазақ ертегілерінде мынадай символдық мәнге ие артефакт заттарды кездестіруге болады: **«белбеу»,«қауырсын», «қыл», «қанат».** Белбеудің сиқырлы күші жоқ. «Ер Төстік» ертегісінде Шойынқұлақ «Шалқұйрыққа тұсау таба алмаған соң, оны өзінің қырық құлаш қайыс белбеуімен тұсайды. Қайыс *белбеудің* бір жағы шешіліп кетеді. Аяғы босаған соң Шалқұйрықшауып отырып, Төстік жатқан құдықтың басына келіп, тұяғымен жер тарпып тұрады. Сөйткенде, белбеу Ер Төстіктің жатқан құдығына кетеді... Төстік Шойынқұлақтың шақпағымен «алып қара құс берген қауырсынды тұтатады. *Қауырсынтұтасымен*-ақ *алып қара құс* жетіп келіп, қанатына мінгізіп құдықтан шығарады, қол-аяғын шешіп береді».

Ал «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде «Кендебай өзеннен өтіп алып, құйрықтың *қылынтұтатқан* кезде *Керқұла ат* жетіп келеді. Құла атты мініп алып, қару-жарақты іліп алып, сайыт-сайманды киіп алып, Кендебай жөнеп береді». «Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісіндегі бала «құмырсқаның *қанатынтүтетіп* жібергенде, *құмырсқа* жетіп келіп, қырық қыз ішіндегі күн астындағы Күнікей қыздың дәл алдына тоқтайды».

Осындағы отпен байланысты қауырсынды, қылды, қанатты тұтату арқылы керекті «жанды» шақыру ежелгі шамандық сенімнің қалдықтары болса керек. Қазіргі қазақ арасында отпен аластау, қылдың иісін иіскетіп ұшықтау сияқты рәсімдерді жасау арқылы жамандық атаулыдан тазару, құтылу арқылы айығу, оңалу, тазаруды білдіреді. Бір ерекшелігі қауырсын да, қыл да, қанат та құстың және жалпы «ұшатын» тіршілік иелерінің «ұшу» қабілетіне қатысты артефактілер.

Қорыта келгенде, «жан» туралы халық түсінігіндегі ұғымдық, символдық, мотивациялық, образдық, функционалдық белгілер оның жеке концепт екендігін көрсетіп, қана қоймай қаза ертегілеріндегі ұлттық-менталдық ерекшеліктерді сипаттайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. ШиряеваО.С. Душа как ключевое слово русской культуры. Автореферат диссертации на соискание ученой степени канд.филол.наук . –Волгоград, 2012. –С.14.

2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том. /Құраст. Б.Әбілқасымов, С.Бизақов, Ә.Жүнісбеков және т.б. –Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. –752б.

3. Язык. Этнос. Картина мира. Серия «Концептуальные исследования». – Вып. 1. –Кемерево: Комплекс «Графика». –185с.

4. Ертегілер. Алматы: Жазушы, 1988. –Т1., –288б.
5. Топоров В.Н. Лебедь // Мифы народов мира: в 2т. – М., 1987. –Т.1. –С. 40-41.

Джусупова Ж.
магистрант,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Ғ.МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІНІҢ БЕЙНЕСІ (ЛИНГВОСТИЛИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ)

Шығарманың көркемдік, өзіндік бітім-болмысын айқындауда жазушы қолданған тілдік құралдың әрқайсысының орны ерекше. Көркем шығарма тілінде кез келген тілдік құрал орынсыз қолданылмайды. Ғ.Мүсірепов қазақ әйелінің болмысы мен табиғатын өз шығармаларында түрлі тілдік амалдар арқылы қазақ халқының танымына сай етіп бере білген жазушыларымыздың бірегейі. Жазушының қазақ әйелінің болмысын ашудағы қолданған авторлық метафоралары, теңеулері мен тұрақты тіркестерінің өзінде автордың өзіндік қолтаңбасы бар десек те болады.

Тілдегі кез-келген метафора, мейлі ол сол тілдегі дәстүрлі метафора болсын, мейлі жеке бір жазушының өзіндік қолданысындағы авторлық метафора болсын – барлығы дерлік белгілі бір құбылысты екінші бір құбылысқа ұқсату негізінде туындайды. Әр халықтың тілінде қолданылатын метафорда сол халықтың тыныс-тіршілігіне етене жақын дүниелер мен сол халықтың ой-өрісіне таныс жағдаяттар көрініс табады. Халық тілінде жиі қолданылатын дәстүрлі метафорада халықтың дүниетанымы, парасат-пайымы айқын көрінетіні тәрізді, өз халқының әдебиеті мен мәдениетімен сусындаған жазушының да қолданысындағы авторлық метафорлардан да осыны аңғарамыз. Ғ.Мүсіреповтың шығармаларында «ана» концептісіне байланысты қолданылған авторлық метафоралар контекстте шебер қолданған. Жазушы шығармаларында ананы *ұя басар бүркіт, дүниеге өмір себуші, өмірге қызмет етуші, өмір шашушы* деп көрсетеді. Оған мына мысалдар дәлел:

У-шу айғайды, күйшілердің күйін, әншілердің әнін қақ жарып, Темірдің құлағына іліккен дауыс әйел дауысы еді. Ұя басар бүркіттің тәкаппар даусы Темірге айқын естілді. Темір өліммен алысқанда, өлім оның бетіне дақ, жүрегіне дық салған ғой, сондықтан мынау дауыс оған таныс көрінді [1] («Өлімді жеңген ана») деген мысалда ананы «ұя басар бүркіт» деп көрсетуі тегін емес, қазақ дүниетанымында ұя мен бүркіт қасиетті ұғымдар. Бүркіт өз ұясына өте сақ құстардың бірі болғандықтан, ол ұясын көбіне биік жартастың, құздың төбесіне салады. Балапандары қанаттанғанша оларға ұшуды, жем аулауды үйретеді. Бұл жағынан келгенде, ана атаулы абзал жандар мен бүркіт атаулы құстардың өз балаларын көз ашқаннан бастап тәрбиелеуі, қанаттандыруы өте ұқсас. Сол себепті автор «ана» концептісіне лайық метафораны жасауда құстардың өзгесін емес, ананың бала тәрбиелеудегі

қызметіне ұқсас әрекет ететін құстардың патшасын бүркітті таңдап алған және автордың бұл метафораны контекстте өз орнымен қолдануы «ана» концептісінің бір қырын ашуға негіз болады.

– Тыңда, өлімнің егіншісі Темір! Сен менің алдымда күнәлысың. Менімен есептеспей тұра алмайсың да. Менің алдымда күнәңды жусын деп келдім. Сенің бағынғаның «Күш әділдікте!» деген ұран дегенді айтты. Мен бұған иланбаймын. Бірақ сен маған еріксіз әділ боласың. Үйткені мен – ана! Сен өлім сепсең, мен дүниеге өмір себем. Сені жеңем! Сондықтан сен маған әділ бола аласың! – деді [1] («Өлімді жеңген ана»).

– Тыңда! - деді әйел. – Сен не істесең де адам ғанасың. Ал енді мен – ана! Сен өлімге қызмет етесің, мен өмірге қызмет етемін. Сен өлім шашасың, мен өмір шашамын. Дүниеге адам әкелем, білдің бе? Сондықтан мен сені адамға санамаймын да [1] («Өлімді жеңген ана).

Кез-келген ананың парызы – дүниеге ұрпақ әкелу болып табылады. Сол себепті де бұл ерекшелік әйел жыныстарының ер жыныстыларынан бірден-бір айырмашылығы. Автор ананың осы қасиетін халық тіліндегі қорды пайдалана отырып, күллі әлемге соғыстың, қантөгістің бейнесі ретінде танылған «өлім себуші» Темірмен салыстыра отырып, ана-дүниеге өмір себуші, өмірге қызмет етуші, дүниеге адам әкелуші, өмір шашуды жан деп бейнелейді.

Қазақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігі төрт-түлік малға, табиғатқа етене жақын болғандықтан оның күнделікті қолданыстағы сөздері де солармен байланысты болған. Тұлымды ұлымен, бұрымды қызын еркелеткенде ботасына, құлынына, қозысына теңеуі де осының айғағы. Қазақ халқының ұлттық танымына жақын мұндай атауларды Ғ.Мүсірепов шығармаларынан көптеп ұшырастырамыз.

– Мен сені бұдан былай Ақнарым дермін!

– Түйеге теңегенің бе?

– Аузыма құдай салған шығар... қазақтың нардан қасиетті, нардан күшті, нардан сұлу, нардан қадірлі несі бар? [1] («Ұлпан») деуі өзге ұлт өкіліне көңілге қонымсыз, қисынсыз, кей жағдайда күлкінішті болып көрінуі мүмкін. Бірақ қазақ халқы төрт-түлік малды қасиетті санағанын осыдан бір байқаймыз. Нар түйенің бойындағы сұлулық, төзімділік әрі қадірлілік Ұлпан бойында бар қасиеттер.

Метафора – ұлттық тілдегі өзіндік күрделілігі бар, әртүрлі ұлттық бояуға қанықкан категория. Метафораның тамыры ұлттың дамуында, қалыптасуында, сонымен қатар, оның өзіндік қалыптасуында жатыр. Метафора жалпы әмбебаптық сипаты бар құбылыс, сонымен қатар ұлттық дүниетанымға, сол тілді игеруші халықтың тұрмыс-тіршілігіне, табиғатына, қоршаған ортасына тән, бір сөзбен айтқанда, мәдениеттің тілдегі көрінісі. Метафораның дамуынан, оның жеке авторлық шеңбердегі қолданысынан ұлттың дамуын, тілдің даму көрінісі аңғаруға болады [2, 120 б].

Ғалым Т.Қоңыров: «Теңеу – көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған, дүниетанымның ұлттық өзгешеліктері бас қосқан категориялардың бірі. Сондықтан да теңеуді таным құралы ретінде

философияда, стильдік әдіс ретінде әдебиеттану ғылымында, тілдің бейнелі конструкциясы ретінде тіл білімінде зерттейді» [3, 4 б], - дейді.

Қазақ халқының дүниетанымында қыз баланың нәзіктігіне, сұлулығына, төзімділігіне, ақылдылығына байланысты оны гүлге, аспан денелеріне, төрт түлік малға теңеу көп кездеседі. Жазушы әйел адамдарға қатысты *бес биенің сабасындай, ботадай, ту биедей т.б* теңеулер қолданған. Ал қыз баланың мүсінінің, дене пішімін, сымбатын сипаттауда халық *талдырмаш, сұңғақ бойлы, кер маралдай керілген, сымға тартқан күмістей, өзеннің құба талындай, құмға шыққан құба тал, талшыбықтай майысқан, шынардай, теректей, Сырдың құба талындай, Жайықтың боз талындай, қамыстай тұлғасы,т.б.* сияқты теңеулерді қолданған. Ғ.Мүсіреповтің шығармаларындағы теңеулерге көз жүгіртсек, әйел адамның портреттік қырларын тануға үлкен септігін тигізеді.

Әйел адамның портреті:

1) бет-әлпеті, жүзі: аққу жұмыртқасындай аппақ, қаз жұмыртқасындай аппақ сопақ жүзді, аққуға ұқсап, иегі ып-ыстық мамықтай, ақ қағаздай.

«Әйел» концептісін ашу мақсатында қолданылатын тұрақты теңеулердің көпшілік бөлігі әйел адамның бет-жүзін, дидарын суреттеуге қолданылған. Әйел адамға қатысты қолданылатын теңеулер көбіне ақ түспен ассоциацияланады. Себебі ақ түс әйелдің дидар сұлулығын және жан сұлулығын суреттеуде ерекше орын алады. Мысалы шығармалардан мынандай мысалдарды кездестіруге болады:

- *Қарақат көздері мөлдіреп қарайды. Ақ жүзінде мұң бар, ақ қағаздай тазалық бар, ой бар [4] («Кездеспей кеткен бір бейне»).*

Екеуі де жалтырдан ұша жөнелген аққуға ұқсап, суды шалпылдатып, сабалай жүгіріп, киімдеріне келгенде, салттарының алды бергі қабаққа шығып қалған еді [5] («Үздіксіз өсу»).

Тілімізде аққу құсты символикалық тәсілмен адамға көбірек теңеу, ұқсатудың төркіні және ауыз әдебиетінде де сұлулар сыны аққудың бейнесі арқылы берілуі оның бір кездері халқымызға жақын тотемдік құс болуымен байланысты. Қазақ халқы аққуға табынып оны киелі санаған. Жақсы көрген адамын «аққуым» деуі, аққуды ұстауға шектеу салуы т.б қазақ халқының түсінігінде аққуды киелі құс деп санауынан туындаған.. Жоғарыдағы мысалдар арқылы Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы әйел адамның портретін жасауда көбіне тілдегі жиі қолданылатын теңеулерді пайдаланғанын байқадық, ал Ғ.Мұстафинның шығармасында бұл өзгеше сипатқа ие болған. Мысалы:

Келіншек болып түскен күні аузынан сақина берерде желегін көтере ол бір қараған. Сарыбала, сонда бұлт арасынан жарқ еткен айға теңеді оны. Қазірге Әсияны, ***майы таусылып өшіп бара жатқан білте шамға*** *теңеп отыр. «Осындай ақыл, көрік, мінез де осы заманда қор болады екен-ау!» - дейді таңданып* [6] («Көз көрген»).

2) көзі: қара көздері тұнық қара судай

Ғ.Мүсірепов шығармасында: *Қара көздері тұнық қара судай тым тұнық еді, енді сол тұнықтың бетін самал лебі сипап өткендей, қара көздер*

жарқырап, жүзіне ыстық қан жүгіріп сала берді («Атақты әнші Майра») деп суреттелсе, Ғ.Мұстафиннің шығармасында: *«Бет ажары айтарлық сұлу болмағанмен, бар сұлулық, бар мінез көзіне біткен. Қарақаттай қара, жалтыраған ала, дариядай көк те емес. Мөлдіреген ботакөз де емес. кәдімгі қазақтың қоңыр көзі* [7] («Шығанақ») деп суреттеледі. Бұл мысалдардан көріп тұрғанымыздай, қыз баланың көзіне қатысты қолданылатын теңеулердің өзі әр халықтың өзіндік ерекшелігіне сай суреттеледі. Қазақ халқының сөздік қорында қыздың көздерін бейнелеу үшін берілген теңеулер мейлінше көркем. Қыздың көзін бейнелеу үшін тілде көбіне қарақаттай қап-қара, жұлдыздай қос жанары, ботаның көзіндей мөлдіреген, тұнық қара судай т.б деген сияқты теңеулер қолданылады. Әрине, қасы-көзі қара қазақ қыздарына қаратылып айтқан бұл теңеулер өзінше жарасымды. Бұл тұрғыда келгенде әр ұлт дәл осындай теңеулерді өзінше қолданады. Оған мысал ретінде орыс халқында қыздың көзін суреттегенде «көк», «жасыл» түсті заттармен ассоциация тудырады. Мысалы: мұздай, мұхиттай, түпсіз көк аспан, меруерттей т.б

3) дене бітімі, тұлғасы, белгілері: денесі сымдай бұралған, құмға шыққан құба тал, жібектей үлбіреп тұру, еліктің баласындай, еліктің лағындай, көйлектің түймесіндей ғана қара меңі бар.

Тас бедерін шымшып басқан елік баласындай, бар денесінде сергек те ширақ сұлулық бар екен!.. [8] («Оянған өлке»).

Қазақ ұғымындағы әйел сұлулығына қатысты теңеулердің саны баршылық.

Өзі бойшаң екен...Байлық жараспайтын адамдар болатыны сияқты, сәндік жараспайтын қыздар да болады. Мына қызға не кигізсең де жараса кетер еді. Құмға шыққан құба тал, қандай есуас сындырып әкетер екен [1] («Ұлпан»).

Құба тал (бот) – сабағы жіңішке, әрі майысқақ боз түсті тал [9, 531 б]. Қыздың сымбатын суреттеуде халық теректей, қарағайдай деп емес, талдың сыртқы бейнесіне, жіңішкелігіне қарап қыз баланың сымбатын суреттеген. Тіл-тілде «әйел» концептісін ашатын көріктеу құралдары баршылық. Алайда олардың қай-қайсысын алмасақ та олардың негізінде сол халықтың мәдени стереотиптік ойлау жүйесі шоғырланған.

Ғ.Мүсірепов шығармалары мәтініндегі «әйел» семантикалық өрісіне қатысты берілген метафорлар, теңеулер қазақ халқының танымын ғана көрсетіп қоймайды, сондай-ақ оның ойлау жүйесінде әйелге қатысты айтылатын тілдік құралдардың ер адамдарға айтылатын тілдік құралдарға қарағанда өзгеше екендігін көрсетеді. «Әйел» концептісіне қатысты халық ұғымында қалыптасқан тілдік құралдар оның табиғатына сай нәзіктігін, жұмсақтығын, сұлулығын, қамқорлығын әспеттеп көрсетеді. Осыған байланысты әйел адам мен ер адамға қатысты қаратылып айтылатын тілдік құралдар, көріктеу құралдарының өзі әр автордың шығармасында әртүрлі қолданыс табатындығын дәлелдейді.

Жазушының бұл тұрғыда келгенде өзіндік қолтаңбасы да жоқ емес. Оған жоғарыда келтірілген мысалдар куә. Тілдің табиғатын терең білетін адам үшін

бұл теңеулер бейтаныс емес, себебі олардың барлығы қазақ халқының танымымен, ойлау жүйесімен, тұрмыс-тіршілігімен астасып жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мүсірепов Ғ. Қазақ әйелі: Роман және әңгімелер. Кітапты баспаға дайындаған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған Ә. Нарымбетов. – Алматы: Жалын, 1982. – 416 б.

2. Өмірбекова Ж. Ұлттық тіл және метафора (Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы бойынша) Монография. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. – 140 б.

3. Қоңыров Т. Теңеулер табиғаты. Оқу құралы. – Алматы: Алаш баспасы, 2005. - 512 б

4. Мүсірепов Ғ. Таңдамалы. 3 томдық. 1-том Повестер мен әңгімелер.- Алматы: Жазушы, 1980. – 542 б

5. Мүсірепов Ғ. Өмір жорығы. – Алматы: Жазушы, 2004. – 256 б.

6. Мұстафин Ғ. Әңгімелер. – Алматы, 2009. – 376 б.

7. Мұстафин Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. Т. І. Шығанақ. Миллионер: Романдар, 1981. – 384 б.

8. Мүсірепов Ғ. Таңдамалы. 3 томдық. 2-том Оянған өлке. Көркем очерктер. -Алматы: Жазушы, 1980.- 503 б.

9. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 677 б

Ербол А.
магистрант,
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

ПРАГМАЛИНГВИСТИКА – ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЖАҢА САЛАСЫ

Қазіргі зерттеулердің басым көпшілігі адам факторы арқылы жүзеге асуда. Адам санасындағы танымдық қорды, рухани құндылықты, ұлттық болмысты, тұрмыс- тіршілігін көрсететін мәселеге адамтанымдық (антропоөзектілік) аяда зерттеулер жүргізілуде және оған тіл білімінде болсын, басқа ғылым салаларында болсын аса қызығушылық танытылып отыр. Лингвистикада тілді функционалдық, прагматикалық жағынан зерттеу арқылы қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді, саяси, демографиялық, тарихи жағдайларды шешу адам факторы сияқты тың факторлармен байланысты болмақ. Осыған орай тіл білімінде этнолингвистика, экологиялық лингвистика, когнитивті лингвистика, пргмалингвистика, психолингвистика, лингвомәдениеттану, коммуникативті лингвистика сынды жаңа тіл білімінің салалары пайда болып, зерттеле бастады. Орыс тіл білімінде прагмалингвистиканы зерттеген ғалымдар: В.Г.Гак, И. А.Федотова, Н. И.Формановсакя, З.И.Комарова, Н.Д.Арутюнова және тағы басқа. Қазақ тіл білімінде де аталған ғылым саласы зерттеу аймағынан тыс

қалып жатқан жоқ. Прагматикалық лингвистиканы зерттеп, әр түрлі аспектіде қарастырып жатқан келесі ғалымдарды атап өтуге болады: Д.Әлкебаева, Қ.Есенова, Ғ.Ж.Тұңғышбаева, К.К.Кенжеқанова, З.Ерназарова, Б.Момынова, Ф.Жақсыбаева.

Лингвист ғалым Дина Әлкебаеваның «Қазақ тілінің прагмастилистикасы» атты еңбегінде қазақ тілі прагмастилистикасының зерттеу әдістемесі, ғылыми– теориялық негіздері, прагмастилистиканың қалыптасу деректері, когнитивті– ассоциациялық, эстетика– стилистикалық, коммуникативті– прагматикалық қызметі, ұлттық тілдік бірліктердің табиғаты, стиль түзуші факторлар мен стилистикалық мүмкіндіктерге қатысты мәселелер қарастырылған [1].

Белгілі ғалым – зерттеуші, филология ғылымдарының докторы Владимир Григорьевич Гак «Прагматика, узус и грамматика речи» деген ғылыми мақаласында «прагматика» ұғымына жан – жақты, терең түсініктеме беріп, прагматиканың зерттелу, қолдану аясы, оның басқа ғылымдармен байланысы туралы ақпарат береді [2].

Зерттеуші Ғ.Ж.Тұңғышбаеваның «Прагматика ұғымының мағынасы мен қолданылу аясы» деген еңбегінде жалпы прагматика ұғымына анықтама беріп, қандай аспектіде, қандай аяда қолданылатынына шолу жасайды. Сонымен бірге басқа да ғалымдардың прагматика туралы анықтамалары мен тұжырымдарын сарапқа салады. Прагматиканың тілдің барлық салаларына қатысты екенідігіне де тоқталып, оның мәнін түсіндіреді [3].

Ғалым К.К.Кенжеқанова «Саяси дискурстың прагмалингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ мерзімді басылымдар материалдары бойынша)» философия (PhD) докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясында тілді адами факторда зерттеу мәселесіне қатты көңіл аударған[4].

Тілші Наталия Михайловна Вахтельдің «Основы прагмалингвистики» деп аталатын ғылыми – әдістемелік жинағында лингвистика пәндерінің ішінде прагмалингвистиканың мәні мен орны туралы сөз қозғайды. Қазіргі таңда прагмалингвистика логика – философия, әлеуметтік – психолингвистика, стилистика және этнография сияқты ғылым салаларымен байланыста қарастырылады[5].

Тілші– ғалымдардың пікірінше, «прагматика» ұғымына байланысты әртүрлі анықтамалар мен тұжырымдар айтылып жүр. Жалпы прагматика сөзі грек тілінен аударғанда «іс-әрекет» деген мағына береді. Қазіргі тіл біліміндегі прагматикалық зерттеулер 1930 жылдардағы Ч. У. Моррис еңбектерімен байланысты. Прагматика – сенмантика мен тіл біліміндегі тілдік таңбалардың қызметін зерттейтін тіл білімінің саласы. Тілдің прагматикалық функциясын тілдің когнитивтік функциясымен байланыстыра зерттеу – тиімді бағыттардың бірі болып табылады[4,16]. Прагматиканың негізгі мәні – тілдік факторларды адам қызметіндегі аспектіде зерттеу. Прагматика – семиотиканың бір бөлімі. Сөздің прагматикасы, сөйлемнің прагматикасы туралы айтқанда, біріншіден, белгілі бір прагматикалық жағдайда тілдің қолданылу ерекшелігі мен оның қызметінің шарттары, екіншіден, контекске әртүрлі прагматикалық тұрғыда

әсер етумен мағыналарды шығару ескеріледі. Егер семантика объектіні танып суреттесе, прагматика сол объектіні адам әрекетінде субъект ретінде қарастырады, яғни прагматика тілдік бірлікті қандай мақсатта қолданғандығын, не айтпақ болғандығын қарастырады [3,3].

Прагматика, жалпы алғанда, үш түрлі ұғымға негізделеді: 1.сөз коммуникациясын түсінудің тірегі болып, әрекеттік аспект саналады; 2.тіл адамға ықпал ету амалы ретінде қарастырылады; 3.тілдік амалдардың функционалдандырылуы қарым– қатынастың жағдаяты мен мәнмәтіні арқылы жүзеге асады. Адресанттың мәтін арқылы көздеген мақсат– ниеті оқырманға, яғни адресатқа әсер етуі мәтіннің прагматикасын көрсетеді. Ал сөйлеу актілерінің теориясының негізі тілдің қызмет ету, яғни функционалдылық тұрғысынан қарастыруды негізге алады. Ал сөйлеу актілерін зерттейтін бірден– бір сала ол – прагматика, яғни қарым– қатынасқа қатысушылардың өзара әрекеті мен адресант тарапынан діттелген мақсат адресатқа сәтті жеткізіліп, көздеген мақсатқа жетуге бағытталуымен түсіндіріледі.

Прагматиканың мән-мағынасын ашатын анықтамалардың бірін Т. А. ван Дейк берген. Оның «Прагматизм – мәнмәтіндегі тілді зерттеу» тұжырымында көрсеткен прагматикалық компоненттің қасиетін келесідей түрде көрсетеді:

1. Прагматика – лингвистикалық теорияның ажырағысыз компоненті, оның мәртебесі синтаксис пен семантика мәртебесімен тең;

2. Прагматика міндеттеріне сөйлесімнің жүйелік қасиеттерін тілдік және иллокутивтік актілер ретінде айқындау жатады;

3. Прагматикалық интерпретация тек синтаксистік тұрғыдан дұрыс, семантикалық қолданысқа ие белгілі бір шарттылыққа негізделген сөйлесімдерде ғана қолданылады;

4. Прагматикалық интерпретациялар прагматикалық мәнмәтіндерде айқындалады, яғни белгілі бір ой когнитивтік және әлеуметтік факторлар жиынтығы ретінде анықталады [4,17].

Аталған көзқарастар прагматиканы адамның қатысымы тұрғысынан қарастырғандықтан, прагматика ұғымы күрделі көпқабатты ұғым болып табылады. Прагматиканың негізгі ұғымдары ол – адресат пен адресант ұғымдары. Бұл екі ұғым өзара үнемі байланыста болады. Адам өз ойын жеткізе отырып, белгілі бір әрекет жасайды. Бұл әрекет айтушының мақсат– ниетімен анықталып, прагмалингвистикада тілдік акт немесе тілдік әрекет деп аталады.

Сонымен, прагмалингвистика деп аталатын тіл білімнің саласында антропоөзектік, яғни адам факторы адресант – мәтін – адресат триадасының шеңберінде қаралып, олардың өзара қатынасы мен байланысы проблема ретінде қарастырылады. Прагматика міндеті – тікелей адресатқа ықпал етуге бағытталған тілдік қатынас коммуникациясын қолданудың заңдылықтарын зерттеу.

Қорыта айтқанда, прагматика сөйлесімді әрекет үстінде зерттейді, яғни айтушы мен тыңдаушының коммуникацияға деген көзқарасын танытады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастилистикасы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 247 б.

2 Гак В.Г. Прагматика, узус и грамматика речи //–Москва. Иностранные языки в школе. Языкознание. 2006. – 4 б.

3 Тұңғышбаева Ғ.Ж. Прагматика ұғымының мағынасы мен қолданылу аясы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. 2010, №6. – 4 б.

4 Кенжеқанова К.К. Саяси дискурстың прагмалингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ мерзімді басылымдар материалдары бойынша)» философия (PhD) докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. –Алматы, 2015. –187 б.

5 Вахтель Н.М. Основы прагмалингвистики. Учебно – метадическое особие. Издательско– полиграфический центр Воронежского государственного университета. 2008. – 34 б.

Ерланова А.
педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы,
Павлодар қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ІРІ ҚАРА МАЛ(СИЫР) АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ

Қазақ – ежелден мал шаруашылығымен айналысқан халық. Ғасырлар бойы қалыптасқан бай тәжірибесі бойынша олар малдың өрісін, тіршілік табиғатын, қадір-қасиетін әбден зерттеп білген. Қазақтың жерін малсыз елестету мүмкін емес. Сәлемдесуінің өзі «Мал-жан аман ба?» деген сауалдан басталуының өзі халық өмірінде малдың шешуші фактор, тіршілік көзі екендігін көрсетсе керек.

Төрт түлік мал көшпенді елдің негізгі тұрмыс көзіне айналған. Қазақтың бүкіл тіршілігіне тірек, өміріне өзек болған негізгі күн көрістің кәсібі – мал шаруашылығы. Қазақтың кең байтақ даласында үйір-үйір жылқы, қора-қора қой, келе-келе түйе, табын-табын сиыр халықтың кисе киімі, ішсе тамағы, жүрсе көлігі болды. Сондықтан халқымыз төрт түлікті аса қадірлеп, қасиет тұтып, оларды барынша дәріптеп сыйлаған.

Қазақтар алдындағы малын екі түрге бөлген: біреуі – ақ мал, екіншісі – қара мал. Ақ малдың қатарына жылқыны жатқызады да, қара малдың қатарына қыстың күні қорада қамалып ұсталатын түйе, сиыр, қой, ешкі жатқызады.

Осындай бөліністің өзі қазақтардың өмірінде төрт түлік малдың алар орны мен қадір-қасиетінің қандай маңыздылығы бар екенін байқатып тұрғандай.

Біз өз кезегімізде ғылыми жұмысымызда осы дәстүрді сақтауға тырыстық. Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларында кездесетін төрт түлік мал атауларына соның ішінде сиыр атауларына қатысты этномәдени лексикаларды қарастырдық.

Түйесі мен жылқысын тең ұстаған халқымыздың шаруашылығында сиыр малының алатын орны ерекше. Қазақтың төрт түлігінің әрқайсысы да мінсе көлік, ішсе тамағы болған.

Халқымыздың көшпелі өмірінде күш көлігі ретінде сонау ерте кезден пайдаланылып келе жатқан сиыр малының басқа қасиеттерін де бабаларымыз тым ерте білген сияқты. Археологиялық қазба материалдарының деректері бақташы елдің сиыр малының сүті мен етін азық етумен бірге оның терісін киім, еңбек құралы ретінде сол көне заманнан-ақ пайдаланып келе жатқанын дәлелдейді. Сиырдың сүтін ішіп қана қоймаған, одан қаймақ, май, ірімшік, құрт секілді тамақтың алуан түрін де дайындай білген. Ал терісін илеп, былғары жасаған. Қайысынан күш көлігін ұстап тұратын, салт мінетін арбаға немесе шанаға жегетін құрал-жабдықтар, әбзелдер әзірлеген.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларында сиыр түлігіне қатысты атаулар молынан кездеседі. Мысалы:

Ел қыстауға қонғанда
***Сиыр** бір жатар шілігім,*
Ат жүре алмас аралдым
Ішінде бұғы, маралдым! [1, 37].
Жаман адам – тақпақшыл,
*Жаман **сиыр** – соқпақшыл* [1, 62].
Жаман – сыйлағанды,
***Сиыр** – сипағанды білмейді* [1, 62].

Енді осы Зеңгі баба тұқымы **сиыр** сөзінің қандай мағына беретінін талдай өтсек. Сиыр сөзі түркі тілдерінде кең тарағандығына қарамастан, кейбір тілдерде өзгеше дыбысталатынын мына төменде келтірілген мысалдардан көруге болады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде **«мүйізді ірі қара мал; төрт түліктің бірі»** деген анықтама берілген (ҚТТС. т. VIII. б. 301).

«Сиыр» сөзі түркі тілдерінде кең тараған: Қарақалпақ, құмық, ноғай, татар тілдерінде – *сиыр*, Қырғызстанның оңтүстік аймағында – *йинек*, қазақтармен көршілес аудандарда – *сиыр*, жалпы қырғыз тілінде – *уй*, ұйғыр тілінде – *сіиір, серә*, кейде кала, түркімендерде – *сығыр,* сахаларда – *ынах*, туваларда – *инек,* башқұртта – *ћыйыр,* т.б. деп аталады. Көне түркі тілінде инек, үй екі атауы болған сияқты. Жалпы інген, инек ұрғашы мал, түбір тұлғасы жоғарыдағы ен болуы әбден мүмкін.

Махмұт Қашқаридың сөздігінде **сығыр, буқа мүңрешүр (сиыр мен бұқалар мөңіреседі)** деген сөз кездеседі. Яғни, сиыр малын ол кезде түріктер сығыр деп атайтын болған. Түркі тілдеріне тән фонетикалық заңдылық бойынша **ғ, г** дыбыстары **й-ге** ауысады немесе түсіп қалады, **сығыр** сөзі **сиыр** немесе **сыыр** тұлғалары қалыптасқан. Сығыр сөзі түркі тілінде бұқа деген мағынаны білдіреді екен.

Б.С. Тоқтағұл өзінің диссертациялық жұмысында сиыр сөзінің этимологиясын былайша талдап көрсетеді: «Түркі жазба ескерткіштеріне көз салсақ, М.Қашқарида – **інәк, сығыр, уй, уд аталса,** (МҚ. ТС. бб. 211, 502, 605,

606), «Түркі-араб» сөздігінде **сығыр, инек** (б. 78), «Аттуһфада» **инек, сығыр** (б. 297, 373) т.б. Жинақтасақ, түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінде бұл түлік атауы үш-төрт түрлі дыбыстық құрамда айтылатындығын байқауға болады.

Сиыр атауының түп төркіні түркі тілдеріндегі **сир, сири - сығу, сығып шығару, сауу** мағыналарымен байланыстыруға болады. Яғни, сауатын мал, сығыр мал. Кейінірек мал сөзі түсіріліп, **сығыр<сиыр** түрінде қолданылған. Ал, инек, ынах, іңек атауларының түбі **ине//ене//ана//ене//**ұрғашы мағыналарын берсе, **к** дыбысы сөз жасамдық көрсеткіш, өнімді жұрнақ» [2 : 91-92]. Яғни, автор **сиыр** сөзі **сығыр** сөзінен шыққан деп қорытындылайды.

Алайда, автор Махмұт Қашқаридың сөздігінде **сығыр** сөзінен басқакездесетін **іңек** деген сөзді *інәк* деп жазады. Мысалы: **ІҢЕК: Сиыр.** Оғыздар тасбақаның ұрғашысын іңек: иңек деп атайды [ТС. т. І. б. 142].

Профессор А.Қ.Тұрышев зерттеу еңбегінде: **Іңгек көлүкін** **Тоғалада оғуз келті* (ЕДӘ*, 29) *Тоғала – өзен аты. Сиыр көлікті оғыздар кездесті* – дейді көне түріктер сиырды да көлік деген. Бұл арада көңіл бөле кететін нәрсе іңгек сөзі. С.Е.Малов: **інек** (у степных уйгуров) корова; **ала інек** «пестрая корова»; **ақ інек** деп анықтайды РСл.; 1.1442 – 1443. (32 б); **Іңгек** қаз. **Інген** (қос өркешті түйенің ұрғашысы: ту інген, бордақы інген, қысыр інген т.б.) о баста ұрғашы мал деген ұғым берген сияқты» деп және: «Қ.Жұбанов: Ата – еркек: «атан» дегендегі соңғы **н** не? **Інген = ене.** Ұйғырлар ұрғашы сиырды **енген** дейді. Сонда **ін+ген** дегендегі «ін» не? «ген» не? Басқа бір ретте (Маррша) «кен» дегендегі **к** түсіп қалып, «ен» қалған дейді (76 б.). Ін о баста **ен** (жыныс мүшесінің енуі болуы мүмкін, себебі ене // енек сөздерінің түбір тұлғасы осы – **ен** – А.Қ.)», - деп, *іңек* сөзінің шығу төркініне байланысты тұжырым жасайды [3 : 29].

Жоғарыда түйе түлігіне байланысты қалыптасқан атаулардың арасында інген сөзінің М.Қашқари сөздігінде **иңен** түрінде қолданылуы және сиыр малының атауына байланысты қалыптасқан **іңек** сөздерінің мағынасы ұқсас яғни аналық, ұрғашы малдарға қатысты қалыптасқан сөз деген ойымыз профессор А.Қ. Тұрышев пен Б.С. Тоқтағұлдың пікірлерімен ұштасып жатыр.

Сөзімізді қорытындылай келе, **сиыр** атауының төркіні сығып шығару, сауу, сығыр мал яғни сауатын мал деген сөзден пайда болды деп тұжырымдай аламыз.

Келесі талдауға түсетін сөз – **бұқа.** Сиыр малының піштірілмеген еркегі, тұқымдығы бұқа деп аталады (ҚТТС. т.1. б. 130). Қырғыздарда – «бука» (б. 156), ұйғырларда – «буқа» (б. 45), түркімендерде – «өкүз» (б. 53), туваларда – «буга» (б. 57), қарақалпақша – «буға», ноғай, татар – «буғай», «Түркі-араб сөздігінде» - «боға» (б. 98), М.Қашқари сөздігінде – «бұқа».

Мысалы:

Бұқаны *малым бар деме,*
Диуананы жаным бар деме [1, 53]
Үй арасын боқ еткен,
Ішсе, айранға тоқ еткен,

Бұзаулардың атасы –

***Бұқа** бассын үйіңді!* [1,110]

« - А, Құдай, бұл малға ие бер! Бермесең, мені ал! – деп, түйеден бура, жылқыдан айғыр, сиырдан **бұқа**, қойдан қошқар, ешкіден теке айтып, - бәрін сойып, қырық үйлі Таманың бір жанын қалдырмай түгел жиып» [1, 281]

Сөз төркіні туралы түркітанушылар жорамалына келсек, бұқа, бугу (бұғы), буғра сөздерінің түбірлестігі туралы айтады. А.М.Щербактың айтуынша «татарский и ногайский буғай по внешней форме является заимствованием из русского языка, который это же слово в форме буга заимствовал несколько раньше из других языков или у монголов и придал ему, в соответствии со значением, конечный й (j)». Сөз соңындағы й дыбысы орыс тілінің емес, түркі тілінің өз дыбысы болуы керек. Мысалы, түркі тілдерінде сөз соңында келетін «й»-ге аяқталатын сөздер баршылық: тиви//тевей, апай, т.б. Еркелету, кішірейту, аялау реңктерін білдіретін көне жұрнақ.

Б.С.Тоқтағұл: «Сөз төркініне келсек, саха, моңғол тілдерінде «күшті, мықты, әлді, берік, ірің мағыналарын беретін «бөгө» (245), «бәк» сөздері кездеседі. тұрпатына қарап солай аталуы мүмкін» дейді [2, 92].

Сиыр малының тағы бір түрі – **өгіз.** Піштірілген еркек малдың бұл түрінің басқа түркі тілдерінде төмендегідей түрде кездеседі: қырғыз тілінде – «өгүз» (б. 587), ұйғыр тілінде – «хөкүз» (б. 261), түркімендерде – «зкүз» (б. 79), қарақалпақ, ноғайларда – «өгіз», өзбектерде – «хүкіз», т.б.

«Өгіз» сөзінің түп-төркіні жөнінде А.М. Щербак «Весьма вероятно, что оғуз (огуз) относится к числу древнейших заимствований из индоевропейских языков» деп жазады [4].

«Оғуз» сөзі о баста малдың піштірілген не болмаса піштірілмегеніне қарамастан, жалпы еркек малға қатысты айтылған болуы керек. Ал орта ғасырлардан бастап бұқа атауының кеңірек қолданылғанына байланысты «өгіз» атауының қолданылу аясы тарылып, қазір тілімізде пайдаланып жүрген мағынасына сәйкес келсе керек. Көне түркі тілінде оғыз, өгіз одан кейін бұқа, бұқашық сөздері қолданылған.

Алты айға толмаған сиырдың жас төлі – бұзау (ҚТТС, т. 2. б. 484). Мәшһүр Жүсіп шығармаларынан мысал келтірсек:

***Бұзау**-тайынша жиылып,*

Бота болған заман-ды.

Жаман-жақсы жиылып,

Адам болған заман-ды [1, 20].

Қазіргі түркі тілдерінде осы мағынадағы қырғыз тілінде – «музоо» (б.536), ұйғырларда – «мозай» (б. 126), түркімендерде – «төле», «тана» (б. 762), өзбектерде – «бузоқ» (б. 88), қарақалпақтарда – «бызав», «бузав», түрікше – «бузағы», т.б.

Махмұт Қашқари сөздігінде – **«бузағу», «бузағ»**[ТС. т. I. б. 505]. Сөз төркінін бузағу-бурағу сөздеріндегі буз-бур түбірінен қараған А.М.Щербак пікірі сенімдірек [4, 100]. Сиыр төлінің туған кездегі жүні түлеп, сұрлануы. «Сұр», «сұрғылт» мағынасын білдіретін бар. Қазақ тіліндегі «бұзау»

атауындағы «бұз» // «боз» мағынасы саха, тува ілдерінлегі «борон», «бора» дыбыстық құрамдағы сөздер мағынасымен мәндес. Демек, «О»>«Ұ»; Р> З алмасулары арқылы сиыр төлінің атауы «бұзау» деп аталған. Бұдан бота мен бұзау лексемасының алыс бір жақындығын көреміз.

Тайынша – бір жасқа толып, екі жасқа жетпеген торпақ (ҚТТС, т. VIII. б. 546) ақын шығармаларында да осы сөз кездеседі. Мысалы:

« Енесі:

- Үйге қайтамын, - дегенде, айтқаны:

- Бір сиырым бар қарала, нанбасаң барып арала. Бір сиырым бар мөшке, өзі келеді кешке. Бір сиырым бар қашар, айдап жүруіңе нашар. Бір ***тайыншам*** *бар алабас, айдауыңа жарамас, - деп, қайтарыпты»* [1, 102].

Тайынша сөзінің этимологиясын Б.С.Тоқтағұл: «Түркі тілдерінің ішінде қазақ тіліне ғана тән атау, «тай» түбіріне «ынша» қосымшасының жалғануы арқылы жасалған», - деп талдайды [2, 96].

Құнажын – екі немесе үш жас аралығындағы жылқы мен сиырдың ұрғашысы (ҚТТС, т. VI. б. 476). Дегенмен, «құнан» атауы жылқыға, «құнажын» атауы сиыр малына қатысты жиірек қолданылады.

Қазіргі түркі тілдерінің ішінде қырғыздарда – «қунажын» - «үш жасқа қараған ұрғашы сиыр төлі (б. 445), туваларда – «хунажын» - екі жастағы ұрғашы төл (б. 578), ұйғырларда – «ғунжун» - үш жастағы бұзау (б. 257).

Сиырдың жас мөлшеріне байланысты атауларды қорытындыласақ, түркі тілдерінде ірі қараға қатысты сиыр, іңек, бұқа, тайынша, бұзау атауларының қолданылу аясы әртүрлі. Ақын шығармаларында осы талданған сөздер де жиі қолданылады.

Қорытындылай келе, төрт түлік атауларын талдау барысында сөздердің шығу тарихына мән беру этимологиясына да баруды қажет ететіні байқалды. Сөз мағынасының тарихи дамуына байланысты төрт түліктің жас мөлшеріне байланысты атаулар құрамын негізгі, түбір, туынды түбір және күрделі сөз түрінде қарауға болатынына көз жеткіздік.

Төрт түлікке қатысты жас мөлшерлік атауларды салыстыра қарағанда түркі тілдерінің көпшілігінде мағынасы да, тұлғасы да толық сәйкес келетін ортақ сөздер, тұлғасы жағынан ішінара фонетикалық өзгеріске түскен атаулар, семантикалық өзгеріске түскен, тұлғасы ұқсағанымен жас мөлшерлік сипаты басқа атаулар ұшырасатындығы анықталды. Бұл тақырыптар бойынша жұмысымызға енбей қалған атаулар да баршылық. Олардың бәрін диссертацияның көлемі көтермейді. Ол болашақта жазылатын жұмыстың еншісінде.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 5 том. Павлодар: «ЭКО» ГӨФ, - 2005 ж. – 410 бет.

2 Тоқтағұл Б.С.Түркі тілдеріндегі төрт түліктің жасына қатысты атаулардың этнолингвистикалық сипаты. Филол., ғыл., ғанд., ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы. – 2005. – 123 б.

3 Тұрышев А. Қ.Мәшһүр-Жүсіп – Асыл жақ. Тарихи-эпикалық монография. 3 томдық. 2 том. – Павлодар: ЭКО,2013. – 460 б.

4 Щербак А.М. Названия домашних и диких животных в тюркских языках. Исторические развитие лексики тюркских языков. – М., 1961, – 461 б.

1 ҚТТС – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі

2 ҚӘТС – Қазақ әдеби тілінің сөздігі

3 МҚ. ТС. – Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы/ Қазақ тілінің аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.ЕГЕУБАЙ. – Алматы: ХАНТ.

Есіркепова К.Қ.
филология ғылымдарының кандидаты,
Қостанай мемлекеттік педагогикалық инсититуты

ПОЭТИКАЛЫҚ МӘТІНДЕГІ МЕТАФОРАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Қазақ тіл білімі ғылымында да көркем әдебиеттің тілі мен стилі, сөз зергерлерінің шеберлігі сөз болғанда көркемдік тәсілдердің бірі метафораға соқпай кетпейді. Көптеген ақын-жазушының шығармашылық мәнерін сөз еткенде метафораның танымдық қасиеті мен ерекшеліктері талданады. Себебі, сөз мағыналарының метафоралық ауысуы тілдік семантиканы дамытудың аса маңызды тәсілі болып табылады.

Суреткердің немесе ақынның тілін зерттеу барысында өз алдына бөлініп шығатын тақырып – ақынның өзіне тән көркемдік қолтаңбасы. Бұл орайда, ақын тіліндегі сөз-символдар, метафора т.б., өзі сүйіп, жиі пайдаланған өзге де тілдік элементтерді эстетикалық қызметте жұмсау принциптерін, стильдік ерекшеліктері арқылы көрінетін автор бейнесін ашып талдау да маңызды.

«Метафораның ең басты стильдік ерекшелігі–бейнелілігі, ойды бейнелі түрде жеткізетіндігі. Ол сондықтан да көркем әдебиет стилінде жиі қолданылады. Ал ғылыми, кеңсе, ресми іс қағаздары стильдерінде метафора дәл мұндай дәрежеде кездеспейді...» [1, 50]

«Сөз шеберлігінде қиыннан қиыстырған асылды саралау заң. Осы бір қасиетті заңды табанды ұстаған зергерлер өзіндік ою-өрнегімен ақындық әуенмен ерекше танылмақ. Бұл ретте ақын-жазушылардың қаламынан туған индивидуалдық метафоралар, яғни сөздердің метафораны қолдануы пайда болған. Әр түрлі стильдік мақсатта метафоралардың тіркеске түсуі арқылы сөздердің сиымдылығы арта түседі», –дейді ғалым Б.Хасанов [2,217].

Метафора – тіл табиғатында терең тамыр жайған, әсіресе поэзия әлемінде көп қырлы құбылыстың заттың түрлі баламалық қасиетін ашатын оқырманның эмоциялық сезіміне әсер етіп қана қоймай сөздің жаңа мағына, жаңа мән алуын көрсететін аса күрделі тілдік құбылыс.

«Сравнение не только подготавливает метафору, но и дает ей возможность раскрыться на фоне широкого контекста, на фоне целого», –дейді Р.А.Будагов [3,301].

Ерекше жеке авторлық метафораларды қабылдау барысында бір топ ассоциациялар пайда болады. Оқырманның санасында, метафоралық мағына тудыратын сөздер семантикасынан тыс, қабылдаушы тұлғаның ерекшеліктеріне, психикалық қалпына, интеллектуалды өмірінің сипатына байланысты таза субъективті, қосымша ассоциациялар туындайды.

Ф.Оңғарсынова өлеңдеріндегі метафора сапалы түрлі бояу бедерге тән тәсіл болғандықтан, сөз зергерінің өзіне ғана тән қолтаңбасын анықтайтын тілдік өрнек деп қарауымыз керек.

Метафоралардың барлық түрі ақын поэзиясында өз ойының көркемдік эстетикалық ерекшелігімен айқындалады. Ақынметафоралар арқылы жаңа бейнелер жасап, қазақ тіл білімі сөзжасамына тың, авторлық қолданыстар әкелді. Өлең жолдарындағы жансыз дүниелердің барлығы жанданып, тіл бітіп, әр түрлі заттық, атауыштық қызметтегі сөздер өлеңнің көркемдік дәрежесін, стильдік жүгін биіктете түсті.

1. Кеңістік. Білмейтіндей жасқауды құр.

*Жер-киіз. Шаңырақ-көк.*Жақсы-ау ғұмыр!(«Туған жер»85б, Ф.О.).

2. Түн.

Аспан-жасыл жайма
Жұлдыз-ақық,
Бұлақ-қыз шолпы таққан сылдыратып.
Көк-заңғар,
Дала-шалқар.
Бұл сұлулық
тұр менің *жүрегімнен жыр құлатып* («Туған жер» 2б, Ф.О.).

Өлең шумағындағы метафоралар қазақ халқының мәдениетінен көрініс беретін сөз-символдар.«Шаңырақ», «Киіз үйдегі кеңістік» — қазақ дүниетанымының тоғысқан жері. «Шаңырақ», «Киіз үй» — ғаламның моделі. Бүкіл ғалам мен адам арасын байланыстырушы, рухани мәдениет символы. Оқырманның жан-дүниесіне ой салу мақсатында қолданған метафораларынан ақынның өн бойынан тұнып тұрған ұлттық дүниетанымдыбайқауға болады. Тілді байытып дамытушы негізгі, маңызды арналардың бірі – ақын-жазушылардың тілі екендігі белгілі.

Кез келген көркем сөз шеберінің метафораны қолдануда өзіндік ерекшелігі мен қолтаңбасы бар.

«Метафора–дүниені, болмысты танудың көзі. Кез келген метафора танымдық қызмет атқарады деуге болады. Оның бейнелілік, көркемдік сияқты қасиеттері мен қызметтерінен гөрі адам ойлауы мен тілінде танымдық қызметінің үлес салмағы басым» [1, 154].

Метафоралық тіркестер қай заманда, қай ақынның қолданылуында болсын, автордың ерекше әсерін, ойын, көзқарасын, қатысын білдіреді және әр ретте де ақынның тұжырымды бағасы ретінде айтылады.

Тағы да ақын өлеңдерінекелер болсақ; Фаризадағы метафоралар: *сана-батыр қапыда кеткелі тұр, өмір-күрес, шаршамаймын сынып денем, үгілді жаным – нұр тұнбай, заман – толқыны үрейлі, әйел-әйел болғанмен шынында ұлы, көміліп көк теңіздей мұңға жаным, достар-айдын, ел-кемем, үкім-арым, салтанат шамын жақты арман, қорғасын жылдар өктем, үміттердің май шамын алаулатып, түйрелесе де уақыттың жақ-садағы, келіп ем - көңіл күреп, арман сүйреп, желбірейді достықтың ақ шатыры, жігерсіздіктің сіргесі, шабытты демдеу, жатқандай адам күнді іреп, жайлы өмірдің міз бақпас сұр қамалы.*

*Келіп ем – **көңіл күйреп, арман сүйреп,***
Өмірде бәрі алдамшы, жалған сый деп.

Үміттердің майшамын алаулатып,
Сенім септің, жанардан таң ұшқында.

Алдырмайды қаншама ұмтылғанмен
Жайлы өмірдің міз қақпас мұз қамалы.

Көңіл-құнан қаншама құйғытқанмен,
Болмас шыдам-жарауды таң асырмай.

Жүрек отым шарпылды мұздар соғып,
Гүл-сезімім солыпты ызғар сорып.

Ф.Оңғарсынова лирикасындағы тілдік қолданыстағы метафоралардан өлеңнің идеясын аша түсуде бағалаушылық сыр, танымдық қасиет анық байқалады. Мұндай метафораларды қолдану арқылы суреттеп отырған оқиғаға, не құбылысқа өзіндік көзқарасын, қарым-қатынасын білдіріп, айқын тұжырым жасайды. Сонымен қатар ақын оқырманына бейнелі, әсерлі ассоциация туғызып, астарлы ойды жеткізуде, өте дәл тауып, экспрессивтік-эмоциялық қызметі күшті, стильдік бояуы айқын тың қолданыстағы метафораларды жасай отырып, ұтымды пайдаланған. Әр жаңа мағынаның туылуы алғашқы таным кезінде ескерусіз, қалтарыста қалған ұғымдардың ойлау арқылы тірілуінде, немесе ерекше қырынан көрінуінде әр деңгейлі, әр сипаттағы, әр семантикалық аймақтардың теңдестірілуінде, адам білімінің жаңа мазмұндық мәннің игерілуінде ғана мүмкін. Ол процесс адамның танымдық ойлау деңгейіне тәуелді.

Ақын жасаған метафоралық мән ұқсастықты көруден ғана емес, ұқсастықты құрудан және шындық әлемінің рухани қашалған әдіптелген бейнесі метафоралық мәнде аралас өмір сүреді. Жаңа мән құру, яғни нәтиже алу мақсаты әрекет етуші санада пайда болып, нәтиже мағына әуелі санада танымдық деңгейде игеріледі. Бұған, әсіресе шығармалар тіліндегі авторлық индивидуалдық қолданыстағы метафоралар дәлел болады. Мұнда адамның, яғни ақынның өзіндік танымы, ғаламды түсінуі өзгеше көрініс береді.

«Благодаря оценочному моменту в метафоре (всегда имеющему место при ее возникновении и становится возможным бесконечное многообразие эмоциональной окраски предметов и явлений)» деген тұжырымдама айтады Б.С.Мейлах [4,210].

Метафора поэтикалық ойлау, қиял, фантазиямен тығыз байланысты. Сөз зергері дүниені ақындық ойлау тұрғысынан, суреткерлік көзбен танып біледі. Сондықтан метафора поэтикалық ойлау мен дүниені көркем танудан туындайды. Метафораның ішінде индивидуалды-авторлық және концептуалдық түрлеріне айрықша көңіл бөліп, жан-жақты зерттеудің маңызы зор. Өйткені аталған метафора түрлері тілде толассыз, үздіксіз туындап отырады, және де олар ең алдымен ой-танымды бейнелеу, ұғымды атаумен тікелей байланысты.

Ақын шығармалары тіліндегі метафораның қолданылу ерекшелігін зерттеу арқылы заман, қоғам, орта өзгерісіне, дамуына байланысты түрленіп, көркемдігі артқандығын, күрделеніп дамығандығын көреміз. Олардың метафоралары жеке өзіндік дүниетанымы, көзқарасы, сезімін танытумен қатар бүкіл бір ұлттың таным ойлауы көрініс береді.

Мұның өзі метафораларды ортақ өмірден алуына байланысты. Өйткені аталған метафоралар түрлері тілде толасыз, үздіксіз туындап отырады, және де олар ең алдымен ой-танымды бейнелеу, ұғымды атаумен тікелей байланысты.

Жоғарыдағы өлең жолдарынан ақынның өмір көріністерін, сан-қилы құбылыстарды табиғаттың тылсым күштерімен қатар алып, сөз өрудегі шеберлігін байқауға болады. Мұндағы метафоралық бейнелер заттық ұғымда жұмсалған ақынның өз қолтаңбасы, контекстте ғана мағынасы ашылатын, терең ойлы окказионал (бірқолданар сөздер) метафоралар болып табылады. Ақын мағына жағынан үйлеспейтін сөздерді үйлестіріп, тосын бейнелер жасап, бір тармақта не болмаса бір шумақта ғана қолданып бейнелілігін арттырған. Ендеше окказионал сөздер туралы зерттеуші Л. Еспекова мынадай сипаттама береді:

«Окказионализмдер дегеніміз – белгілі бір қаламгерге тән, тосыннан пайда болатын, тілдің сөз тудыру тәсілдеріне сәйкес те, сәйкессіз де жасалатын, контекст қалауына қарай қызмет атқаратын, әдеби тілімізге, сөздіктерге кіру қабілеті шектеулі, үнемі жаңашылдығымен, экспрессивтілігімен ерекшеленетін бір қолданар сөздер», – дейді [5, 40].

Жалпы кез келген, суреткердің өзіндік авторлық қолданыстарын қарастырғанда, олардың соны жаңа сөз жасауда сөзжасам мүмкіндіктерін қаншалықты жарата алғанын, соның негізінде тіл мүмкіншілігін көрсетудегі өзіндік ерекшелігін таныту болып табылады. Ендеше, ақын тіліндегі бірқолданар метафоралар бір нәрсені екіншіге балап, мәндес құбылыстарды ұқсатып қана қоймай, танымдық мағынаны береді.

Е.Ханпира окказионал метафоралардың пайда болу себебін былай түсіндіреді: «Метафоричность окказионализма не результат переноса значения самого окказионализма. Переносного значения окказионального слова вообще не может быть, либо не может быть самого переноса; в котором только и

существует. Перенос происходит на стадии образования окказионального слова как перенос значения производящей основы» [6, 224].

Ақын поэзиясында контексте ғана көрінетін окказионал метафоралар тың образдар жасауда олардың ізденімпаздығын, сөз құдіретін танытуда өте ұтымды жұмсалғандығын байқауға болады. Кейбір ойдың метафоралылығы сөз саптаудың қысқалығын емес, жайылымдылығын көрсетеді. Мұндайда метафораның ұлғайған авторлық түрі молынан қолданылады. Бұл ақында көбінесе терең толғаныс кездеріндегі көңіл-күйді суреттеуде көп кездеседі.

Түйрелсе де уақыттың жақ-садағы,
Тынған емес жанымның асқақ әні.

Ілесіп ой мен жел бірге,
Жатқандай адам күнді іреп.

Күншілдіктің сүлігі сананы жеп
Қуанбайды – есінен танады кеп.

Өзімшілдік іземтің жұтып әнін,
Содан жанды *қинауда* ***үкім-арым.***

Метафораның әр түрінен келтірілген мысалдар арқылы ақынның өзіне дейінгі поэтик тілдердің үлгілерін толық меңгеріп, әр түрлі өмір құбылыстарын сурететуде оны өз керегіне жарата алғандығын көреміз. Алайда уақыт, ақын танымы күрделенгеннен кейін ой мен тіл көркемдігі дамыған тұста, жоғарыда келтірілген мысалдардан ақын тілінің ерекшелігін аңғартатыниндивидуалды-авторлық метафораларына куә болып отырмыз.

Бұл метафоралық сөз тіркестерінен ақынның биік талғамы, логикалық ой еркіндігі табиғатпен, жаратылыс әлемімен бірге тоғысып, бірге тебіренісін, жан қиналысын байқауға болады. Сонымен қатар өмірде кездесетін жат қылықтар бейнесін метафоралық тәсіл арқылы оқырманға ой сала жеткізе, кейбір құбылыстардың адамның жан-дүниесіне әсер ететіндігін шебер суреттейді. Жоғарыдағы келтірілген метафоралар ақынның өзі жасаған тосын сөз тіркестері, сөйлемшелер екені анық, айқын көрінеді. Суреткер әр ойды, әр сөзді бейнемен мүсіндейді.

Ақын тікелей өзінің көңіл-күйін ешкім түсіне, сезіне бермейтін ішкі сиқыр әлемінің қыр-сырын соны метафоралық тіркестерменқолдануы суреткердің эстетикалық талғампаздығын, айтайын деген ойын шұрайлы, мағыналы жеткізудің көркемдігін көрсетеді. Метафоралардың семантикасы контексте ғана ашылып, ақынның түйсінуімен сабақтастырылып күрделі дүниелерді бере білген. Бұдан Ф.Оңғарсынова қолданған сөздердің түп төркіні ұлттық тіліміздің негізінде жатқандығын аңғаруға болады.

Қорыта айтқанда, поэтикалық мәтіндердегі метафоралардың қолданысынан жеке адамның ғана емес, сонымен қатар бүкіл бір ұлттың ойлау, әлемді бейнелі тану ерекшеліктерін байқауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. – Алматы. 2002. КазМҰУ.

2. Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы.-Алматы. 1966.-214-б.

3. Будагов Р.А. Человек и его язык. Издательство Московского университета. – Москва. 197б. 301-301с.

4. Мейлах Б.С. Вопросы литературы и эстетики. Л., 1985.-210-б.

5.Еспекова Л. Қ.Мырзалиев поэзиясындағы окказионализмдер. Фил.ғыл.канд...дисс.– Алматы.1998

6.Ханпира Е. Окказиональные элементы в современной речи.Стилистическое исследование.– Москва: Наука. 1972.-224-б.

7. Кеңесбаев І., Ғ.Мұсабаев.Қазіргі қазақ тілі. – Алматы,1962.-236б.

Жанпеисова Н.М.
филология ғылымдарының докторы, профессор;
Султан Ж.И.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент;
Утепберген А.К.
филология ғылымдарының магистрі
С.Баишев атындағы Ақтөбе университеті

БИЛИНГВИЗМ В КАЗАХСТАНЕ КАК ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ ПОЛИЯЗЫЧНОЙ ЛИЧНОСТИ

Аңдатпа. Қазақстанда табиғи түрде пайда болған қостілділік көптілді тұлғаны қалыптастырудың негізі ретінде қарастырылады.

Мақала авторлары ресейлік ғалымдар ұсынған мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға бағытталған екі-және көптілді білім беру жүйесін енгізу туралы пікірлерін қолдайтынын жеткізеді.

При общности происходящих в мире интеграционных процессов языковая ситуация в силу различных условий объективного и субъективного характера складывается в разных странах неодинаково.

Билингвизм в Казахстане является наследием общего советского прошлого. На момент образования Республики Казахстан в стране проживали представители более 120 национальностей, а наиболее распространенными языками являлись казахский и русский. Двуязычие в республике носило массовый характер, а конкретное соотношение языков зависело от таких факторов, как этнический состав населения региона, соседство с другими государствами, принадлежность к городу или селу и т.д. Сегодня при общей численности населения Казахстана более 18 млн. человек [1] большинство

граждан составляют казахи (66%) и русские (21%); остальные 13% приходятся на представителей других этносов: это узбеки (3,11%), украинцы (1,64%), уйгуры (1,45),татары (1,15%), немцы (1,03%), турки (0,61%), корейцы (0,61%) и др. Согласно Закону «О языках в Республике Казахстан» от 11.07.1997 г., государственным является казахский язык, официальным–русский.Вместе с тем языки всех народов Казахстана объявлены национальным достоянием и историко-культурным наследием страны, что поддерживается проводимой в стране языковой политикой.

Характеризуя современный Республику Казахстан как многоязычную, полиэтническую, мультикультурную и поликонфессиональную страну, ученые вместе с тем подчеркивают, что языковая ситуация в Казахстане оказывается «четко центрированной вокруг двух демографически и коммуникативно мощных партнеров–казахского и русского языков» [2, 14].

Разумеется**,** включение казахского языка «в освоение новых жизненных пространств» сопровождается процессом перераспределения сфер коммуникативных практик. К настоящему времени в Казахстане сформировалось множество типов би- и полилингвизма, которые отличаются ареалами распространения, охватом разных сфер функционирования языков, спецификой взаимного влияния языков.

Трехъязычие в основном распространено в местах компактного расселения диаспор (казахский-русский-узбекский; казахский-русский-уйгурский; казахски-русский-дунганский и т.д.).

Казахско-русское двуязычие характеризует преимущественно городское население (около 55% казахстанцев живут в городах), а также население приграничных с Россией регионов РК (север, северо-запад, северо-восток страны).

Двуязычие наблюдается во всех без исключения сферах общественной и личной жизни казахстанцев, начиная с семейно-бытовой и заканчивая сферой государственной и общественно-политической жизни.

При этом двуязычна большая часть современной казахстанской молодежи. По мнению ученых, можно говорить об отчетливой тенденции «к формированию у молодежи паритетности казахско-русского и русско-казахского двуязычия: 69,7% респондентов-русских являются билингвами со вторым казахским языком и 72,6% респондентов-казахов – билингвами со вторым русским языком» [2, 45].

Так, молодое население города Актобе, расположенного в западном регионе РК, является преимущественно двуязычным,-немалую долю двуязычного населения составляют билингвы, с детства усвоившие казахский и русский язык в естественных условиях. Согласно данным, полученным в ходе социолингвистического исследования языковых предпочтений казахской студенческой молодежи города Актобе, преимущественное большинство молодых респондентов (естественных билингвов) примерно одинаково используют в типовых ситуациях оба языка: например, «в процессе учебы» 42% опрошенных показали «всегда казахский» и 45%-«часто русский»; «в

магазине» студенты часто разговаривают на казахском (49%) и на русском (54%), схожие результаты можно увидеть в ситуации «на улице (в транспорте)»: казахский - 44% и русский -53%.

«Дома и с друзьями» большинство респондентов «всегда» говорят на казахском языке (53% - «дома» и 46% «с друзьями»); на русском - «всегда дома»-24% , «всегда с друзьями» - 36%. Указанные данные свидетельствуют о достаточно высоком коммуникативном статусе казахского языка, а также являются показателем высокой этноязыковой самоидентификации носителей казахского языка.

В таких ситуациях, как «просмотр телевизионных передач» и «прослушивание радио», «чтение научной или художественной литературы», «работа на компьютере и в интернете», преимущественное большинство респондентов чаще использует русский язык и иногда – казахский (для сравнения: «для работы на компьютере» - «всегда русский» используют 56% респондентов, «всегда казахский»–10%; «для работы в интернете»-«всегда русский»-58%, «всегда казахский»-12%) [3, с. 76-78].

Эти данные свидетельствуют о сохранении высокого статуса русского языка, обусловленного как возможностью использовать самые разнообразные источники информации на русском языке, так и тем, что русский язык является в современном Казахстане языком межнационального общения и-что немаловажно-лингвистическим капиталом.

О востребованности русского языка в Казахстане свидетельствуют и результаты изучения языковых предпочтений иммигрантов. Так, группой ученых Евразийского национального университета в числе других были опрошены казахи, иммигрировавшие из Китая, Монголии, Таджикистана, Узбекистана и других стран («оралманы»).

Как пишет Ш.К.Жаркынбекова, «для многих из них владение русским языком является важной частью адаптационного и интеграционного процессов в казахстанское общество. В этом плане особенно сложно приходится репатриантам из Китая, Монголии, Таджикистана, Туркменистана, Узбекистана, проживающим в северных областях республики, где русский язык является доминирующим в межнациональном общении населения.

На вопрос о том, испытывали ли они трудности из-за незнания русского языка, почти половина опрошенных репатриантов из Узбекистана (53,5%), Китая (45,7%), около одной трети репатриантов из Монголии (29,8%), Таджикистана (32,8%) дали положительный ответ.

По мнению респондентов-репатриантов, незнание русского языка создает трудности при их трудоустройстве (56%), при получении достоверной и актуальной информации (34%), при получении соответствующих льгот (32%), получении образования (23%) и др. В ответах на вопросы анкет они отмечают такие параметры, как развитость, современность и распространенность русского языка. Так, 44,5 % репатриантов из Китая, 26,9% из Монголии, 22,2% из Узбекистана, 32,4% из Таджикистана и 39,8% респондентов из

Туркменистана считают, что знание русского языка содействует получению хорошей работы и качественного образования» [4, 22-23].

Таким образом, «русским языком владеют все этносы и этнические группы: казахи-билингвы с доминирующим казахским и доминирующим русским языком, монолингвы-русские и билингвы-русские преимущественно с доминирующим русским языком, представители других этнических групп с широким диапазоном владения русским языком от полной смены этнического языка на русский (корейцы, украинцы, белорусы и другие) до низкой степени владения русским языком (узбеки, таджики, уйгуры, курды и др.) [4, 21].

Вместе с тем уровень владения русским языком жителями сельских районов с мононациональным (казахским) составом населения крайне низок. Как показали результаты исследования ученых ЗКГУ им. М.Утемисова (г. Уральск), наблюдается явная тенденция к снижению интереса к овладению русским языком [5, 22]. В последние годы снижается спрос на специальность «Русский язык и литература» в высших учебных заведениях; уровень грамотности населения в области русского языка также обнаруживает тенденцию к снижению (что, по-видимому, характерно, не только для Казахстана).

В противоположность этому среди городских казахов с доминирующим русским языком немало лиц, владеющих родным языком на уровне разговорной речи и даже на уровне понимания.

Все вышеизложенное подтверждает актуальность проблемы формирования сбалансированного двуязычия в Казахстане.

Русский язык был и остается не только важнейшим компонентом лингвистического капитала в РК, но важнейшим объединяющим фактором в странах постсоветского пространства. Именно русский язык, по словам М.В.Пименовой, «помогает всем жителям СНГ понимать друг друга, общаться, учиться и поддерживать связи с друзьями и коллегами [6, 5].

Билингвизм, несомненно, создает благоприятную почву для развития полиязычной личности, владеющей тремя и более языками. Владение международными языками, и, в первую очередь, английским, становится обязательным условием успешной карьеры в условиях современного Казахстана. Неудивительно поэтому, что около 70% молодых респондентов-билингвов языком воспитания своих детей выбрали *казахский, русский и английский*, что свидетельствует о сохранении двуязычия, а также о тенденции к развитию полиязычия.

Владение казахским, русским языком и иностранным языками (в первую очередь – английским) становится в современном Казахстане неотъемлемым компонентом личной и профессиональной деятельности человечества.

В поисках оптимального пути формирования полиязычной личности МОН РК уже разработана и внедряется «Дорожная карта развития трехъязычного образования на 2015-2020 гг.».

Трехъязычное обучение с 2008 года реализуется в 20-и Назарбаев Интеллектуальных школах (НИШ) химико-биологического и физико-

математического направления, функционирующих во всех крупных городах РК. В 2016 году в них обучались более 13 тыс. одаренных детей - представителей 30 национальностей. К трехъязычному обучению привлечены более 2500 казахстанских и около 300 иностранных учителей из США, Великобритании, Канади, Австралии, Финляндии, Германии, КНР, Нидерландов и др. стран.

Согласно модели трехъязычного образования,

- приоритетным остается освоение государственного языка на высоком уровне;
- дисциплины "Казахская литература« "История Казахстана", "География» преподаются на казахском языке;
- в старших классах на английском языке проводится обучение таких предметов, как "Информатика", "Физика", "Химия", "Биология";
- внедряется сквозное изучение терминологии на английском языке по предметам естественнонаучного цикла;
- организуется летняя языковая четверть, к проведению которой привлекаются студенты 3-4 курсов педагогических вузов;
- в 2016-17 учебном году началась трансляция опыта НИШ в 30-и пилотных школах;
- в 2022-2023 учебному году планируется переход на данную модель обучения казахско-турецких лицеев, международных школ, гимназий и лицеев, полиязычных школ; а в 2023-2024 учебном году - всех образовательных школ.

«Отечественное образование до настоящего времени основывалось на фундаментальности знаний на одном языке, казахском или русском. Сегодня приоритеты смещаются в пользу специалистов со знанием иностранного языка, практически готовых пройти зарубежную стажировку, языковую в том числе, способных к быстрой адаптации к профессиональной деятельности. Однако, реалии таковы, что большинство выпускников не могут преодолеть языковой барьер не только в отношении иностранного языка», но и в овладении других компонентов трехъязычия», – констатирует Т.А.Кульгильдинова [7, 15].

Ученый приводит следующие данные: «90% старшеклассников считают, что трехъязычное обучение в школе позволяет им развивать и реализовать свои способности». Вместе с тем «25% утверждают, что трехъязычное обучение не дает реальных ориентиров для жизненного определения, а 20% – говорят, что трехъязычное обучение не дает возможности для профессиональной ориентации. При этом наибольшую неудовлетворённость у опрашиваемых вызывает отсутствие права выбора учебных предметов на иностранном или казахском языке. Предполагается, что устранить эти недостатки поможет переход на так называемое «профильное обучение», суть которого заключается в предоставлении старшеклассникам права изучать химию, биологию, физику на английском языке» [7, 17].

Освоение любого языка означает погружение в другой мир, приобретение способности воспринимать мир по-другому, а это требует серьезных исследований в области психологии, психолингвистики, культурологии,

этнолингвистики, когнитологии, ибо происходит не только знакомство с иной языковой картиной мира, но и усвоение каких-то непривычных концептов, обогащение когнитивной базы.

Поиск альтернативных путей формирования полиязычной личности, в частности таких педагогических технологий, которые бы способствовали формированию *системной межкультурной коммуникативной компетенции*, привел нас к использованию возможностей сетевого взаимодействия в рамках деятельности международных лабораторий с распределенным участием. Пользуясь богатыми ресурсами, которые на данный момент открывает знание русского языка, мы можем осуществлять международное взаимодействие, транслируя и трансформируя применительно к местным условиям наработанный зарубежными (в первую очередь – российскими) коллегами опыт по формированию поликультурной и полиязычной личности.

В частности, нам кажется перспективной идея российских ученых Т.И.Зелениной, Д.А.Салимовой и Е.Л.Кудрявцевой, которые настаивают на необходимости введения би- и полилингвального образования, направленного на формирование системной межкультурной коммуникативной компетенции во всех ее составляющих (я-, социо-, медиа-, этно- и интеркультурная и -лингвальная компетенции как единое целое) [8]; тогда как целеполагание языкового образования находится в сфере чисто языковой компетенции.

Одно из направлений работы международной лаборатории с распределенным участием «Интернационализация образовательного пространства» (Актобе, Казахстан), которая взаимодействует с рядом подобных международных организаций: с головной лабораторией Елабужского института Казанского федерального университета (Елабуга, Россия), сетевыми лабораториями Удмуртского государственного университета (Ижевск, Россия), Башкирского государственного университета (Уфа, Россия), Университета им. Масарика (Чехия); Университета им. Ю. Добрилы (Хорватия) и др., ориентировано именно на решение задач би- и полилингвального образования в Казахстане.

Литература

1. [Электронный ресурс]. - Режим доступа: http://countrymeters.info/ru/Kazakhstan. - Дата доступа: 03.03.2017г.

2. Сулейменова, Э.Д. Языки народов Казахстана: Социолингвистический справочник / Э.Д. Сулейменова, Н.Ж. Шаймерденова, Д.Х. Аканова.- Астана: Арман–ПВ, 2007. – 304 с.

3. Бергер В.П., Жанпеисова Н.М. Естественное двуязычие в Казахстане: коммуникативная компетенция: Монография. - Saarbrücken: LAP Lambert Academic Publishing, 2015. -103с.

4. Жаркынбекова, Ш.К. Современные тенденции в коммуникации на русском языке в условиях полиязычия Казахстана/ Ш.К. Жаркынбекова // Русистика и современность: Сборник научных статей XIX Международной

научной конференции (г. Астана, Казахстан, 22-24 сентября 2016 года). – В 2-х т. – Т. 1. – Астана, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2016. – С.18-23.

5. Утегенова, К.Т. Функционирование русского языка в Западно-Казахстанской области / К.Т. Утегенова // Русский язык как фактор культурно-образовательной интеграции общества / отв. соред. О.Н. Морозова, М.В. Пименова. – Санкт-Петербург: СПбГЭУ, 2016. – С.21 -28.

6. Пименова, М.В. Федеральная целевая программа «Русский язык» Министерства образования Российской Федерации // Русский язык как фактор культурно-образовательной интеграции общества / отв. соред. О.Н. Морозова, М.В. Пименова. – Санкт-Петербург: СПбГЭУ, 2016. – С.4-7.

7. Кульгильдинова, Т.А. Стратегические ориентиры трехъязычия в Республике Казахстан / Т.А. Кульгильдинова // Русский язык как фактор культурно-образовательной интеграции общества / отв. соред. О.Н. Морозова, М.В. Пименова. – Санкт-Петербург: СПбГЭУ, 2016. – С.14-20.

8. Зеленина, Т.И. Использование сказок при освоении родного и изучении иностранных языков в дошкольном и школьном возрасте / Т.И. Зеленина, Д.А. Салимова, Е.Л. Кудрявцева // Интерпретация текста: лингвистический, литературоведческий и методический аспекты VIII Международная науч. конф.: сб. ст.. под ред. Г.Д. Ахметовой. - 2015. - С. 146-149.

Жұбаева О.
филология ғылымының докторы,
ҚР ҰҒА А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

ГРАММАТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРДЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТТАР

Қазіргі кезде тіл білімі тілдің лексикалық, грамматикалық жүйесінде әлемнің концептуалдану ерекшелігін, яғни тілдің әлемді қалай жіктейтінін, оны қалай көрсететінін, бейнелейтінін зерттеп, табиғи тілдің метатілге айналу үрдісін тексеруді мақсат етіп отыр. Бұл орайда әсіресе грамматикалық категорияға интерпретация жасау, семантикалық тұрғыдан сипаттау ерекше маңызды болады. Мұндай талдаулар әлемді тануда когнитивті құбылыс ретіндегі таным ерекшелігін, тілдің қызметін айқындауға жол ашады.

Ғалам туралы, оның құрылымы туралы жалпы түсінік тілдік бірліктердің лексикалық және грамматикалық категорияларында көрінеді. Тілдік тұрғыдан ерекше маңызды болатын мағыналар грамматикада айқын көрініс табады. Адам психикасы үшін ерекше маңызды болатын концептілер грамматикада бейнеленген. Сол себепті грамматикалық категоризация концептуалды қабат түзуін лексикалық бірліктер арқылы көрініс тапқан концептуалды материалды айқындауға мүмкіндік береді. Грамматика концептуалды жүйенің ең маңызды

бөліктерін көрсетеді, грамматикалық категориялар категориалды мәндердің ерекше деңгейлерінің репрезентациялану, объективтену құралы болып табылады. Концептуалды және семантикалық деңгейлердің өзара байланысы нәтижесінде концептуалды жүйеде тілдік бірліктер қолданылады. Концептуалды ақпараттың маңызды бөлігі, тіл үшін маңызды болатын мағыналар тілдің грамматикасында, әсіресе морфологиясында көрініс табады. Бұл табиғи, логикалық сұрыптау негізінде жүзеге асады. Алайда алдымен барлық мағыналар лексика деңгейінде көрініс тауып, кейін олардың ішіндегі ең маңыздылары ғана морфология, грамматика деңгейіне өтеді.

Морфологияның негізгі бірлігі – морфологиялық категория, ол сөз тұлғаларында көрініс тауып, парадигмаға бірігеді. Морфологияны морфема деңгейіне қатысты ғана емес, сөздердің түрлі топтарын репрезентациялайтын тұтас морфологиялық құрылымдар деңгейінде қарастыру қажет. Морфологиялық категориялар мен тұлғалар концептуалды деңгейде, негізгі танымдық үдерістер қатарында сипатталады. Морфологияның ғалам туралы білімді тіркеп, жіктеуі, категорияларға бөлуі осыған байланысты болады. Морфологияның категориялау үдерістерімен байланысы морфологияның ғалам туралы білімді қалай объективтендіріп, топтастыратынын да көрсете алады. Морфологиялық бірліктердің когнитивті қызметі ойлау үдерісімен, адамның интеллектуалды және ментальді қызметімен, ақпаратты өңдеу, сақтау, жіктеуімен байланысты болады. Морфологияда концептуалды жүйенің маңызды бөліктері категорияланады. Сол себепті морфологиялық категориялар мен тұлғалар категориалды мағынаның ерекше деңгейінің жалпылану, репрезентациялану жолы болып табылады. Концептуалды жүйенің категориалды бөлігі морфологиялық жолмен берілетін концептілер түрінде көрініс тауып, морфологияның концептуалды кеңістігін құрайды, морфологиялық репрезентацияның тілдегі когнитивті негізін түзеді.

Морфологиялық репрезентация – жіктелген білімдер жүйесіне енетін, тілдік (вербалды) репрезентацияның бір түрі. Ол конвенционалды сипатта болатындықтан, тілдегі концептуалды мазмұнның берілу жолдарының бірі болып табылады. Морфологиялық репрезентация дегеніміз–морфологиялық категориялар мен көрсеткіштердің көмегімен концептуалды мазмұн құрылымының категориалдану тәсілі. Ол тілдік білімге негізделеді. Морфологиялық репрезентация–өте күрделі үдеріс. Онда тілдік және концептуалды деңгейлер қатысады. Сөйлеушінің тілдік санасында ақиқат болмыстағы нақты құбылыстар туралы түсінікпен қатар тілдің құрылымындағы грамматикалық құбылыстар туралы да жалпыланған түсініктер болады. Болмыстағы категориялар, олардың өзара байланыстары сөз таптары ретінде жүйеленген. Нақты құбылыстар тілдік санада заттың атауы, күйі, қалпы, сапасы түрінде көрініс табады. Яғни грамматикалық ұғымдар концептосфера түзіп, оның ерекше деңгейін құрайды. Сана элементі ретінде грамматика концептілер жүйесін түзеді, ол сөйлесімде, мәтіндерде көрінеді.

Құрылымдық грамматикада морфологиялық категориялар бір сөз табына қатысты морфологиялық тұлғалардың мазмұнмен байланысы тұрғысынан

сипатталады. Мұнда морфологиялық категориялардың екі негізгі ерекшелігі байқалады: өзара қарсы қоюға келетін морфологиялық тұлғалардың болуы; морфологиялық тұлғалардың мазмұндарының өзара сәйкес келуі. Мазмұнының ортақ болуы арқылы морфологиялық категорияның мүшелерін өзара салыстыра отырып, өзіндік ерекшеліктерін айқындауға, соның негізінде категория ішіндегі оппозицияны сипаттауға болады. Ортақ мағына тұтас морфологиялық категорияға негіз болады. Мысалы, шақ категориясының ортақ мағынасы – уақыт семасын білдіру болса, өткен шақ, келер шақ, осы шақ мәндері арқылы категория ішіндегі оппозиция көрінеді. Осыған байланысты дәстүрлі грамматикада морфологиялық категорияның басты белгісі ретінде өз ішінен оппозиция құрауы негізге алынды. Осы ұстанымды басшылыққа ала отырып, бірқатар зерттеушілер категория өз ішінен екі жақты ғана оппозиция құрайтынын айтса, енді бірқатар ғалымдар грамматикалық оппозиция бірнешеу бола беретінін ескертеді.

Функционалды бағыттағы зерттеулер морфологиялық категориялардың тілдің грамматикалық жүйесіндегі қолданысын, олардың негізгі қызметін, категориялар арасындағы байланыстарды, морфологиялық көрсеткіштер мен үдерістердің сөйлесім әрекетіндегі орнын айқындалуға бағытталады. Функционалды бағыттағы зерттеулер нәтижесінде қалыптасқан тұжырымдарға бірқатар маңызды өзгерістер енгізіліп, категориалды құрылымда бейоппозитивті айырмашылықтар да болатынын айқындалды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Шалабай функционалды грамматиканы «қолданым грамматикасы» деп атай отырып, функционалды грамматика мен дәстүрлі грамматиканың зерттеу нысаны бір болғанмен, зерттеу әдістері мен зерттеу мақсаты әртүрлі екенін ескерте келіп, әрқайсысының өзіндік ерекшелігін кесте түрінде былайша айқындайды:

Дәстүрлі грамматика	Қолданым грамматикасы
1. Дәстүрлі грамматика тұлға-бірліктер мен категорияларды сипаттайды. Бұл дәстүрлі грамматиканың статикалық қырын көрсетеді.	1. Қолданым грамматика айтылым кезіндегі тілдің әр түрлі деңгейдегі тұлға-бірліктерін сипаттайды. Бұл қолданым грамматиканың динамикалық қырын көрсетеді.
2. Дәстүрлі грамматика тілдің грамматикалық жүйесіндегі деңгейлерді жеке-жеке алып қарастырады. Мысалы: морфология, жай және құрмалас сөйлем синтаксисі т.б.	2. Қолданым грамматика тілдің қолданымдық-мағыналық бірлігіне сүйене отырып, белгілі бір мағыналық тұтастықты қарайды. Осыған байланысты қолданым грамматиканың принциптері анықталады: форма →мағына, мағына↔форма немесе құрал →қызмет, қызмет → құрал.
3. Дәстүрлі грамматика тілдік тұлға-бірліктердің, грамматикалық категориялардың жалпы тіл жүйесіндегі өзіндік орны зерттеледі.	3. Қолданым грамматика қолданымдық бағыт ұстанады: тілдің әр деңгейіндегі тұлға-бірліктерді сөйлеу қызметіндегі заңдылықтары тұрғысынан қарастырады (яғни кешенді түрде)
4. Дәстүрлі грамматика әр жүйені жеке деңгей ретінде қарастырады. Сондықтан ол деңгейлік және оның әр бөлімі бір жүйе болып табылады.	4. Қолданым грамматика негізінде интергерациялық тұрғыдан келеді. Сондықтан ол түрлі деңгейлі және көпжүйелі болып келеді.

5. Дәстүрлі грамматика белгілі бір форма мен мағынаға олардың жүйесіне сүйенеді.	5. Қолданым грамматикасы семантикалық категорияларға сүйенеді.
6. Дәстүрлі грамматикада парадигматика маңызды қызмет атқарады.	6. Қолданым грамматикада синтагма маңызды қызмет атқарады.

Ғалым дәстүрлі грамматика морфология және синтаксис деген үлкен екі саланы қамтыса, функционалды грамматика ондай қатаң тәртіпке бағынбайтынын, оның ауқымы әлдеқайда кеңірек екенін нақты талдаулар негізінде дәйектейді [1, 56-57]. Б.Шалабай «қолданым грамматиканың нысаны – айтылымда жүзеге асатын қызмет» екенін ескерте келіп, сол арқылы онда абстракциядан нақтылыққа бағытталған тілдің функционалдық сипат көрінетінін айтады. Яғни, «абстракциядан нақтылыққа өту барысында тілдің көптеген заңдылықтары мен ережелері, ерекшеліктері ашылады» [1, 55].

Грамматикалық концепт – ең жоғарғы деңгейдегі жалпылау нәтижесі болып табылады. Грамматикалық концептіде ұғымдық, когнитивті, мәдени, коммуникативті және грамматиканың тұрпаттық параметрлері түйіседі. Грамматикалық абстракциялар адамның бейсаналы сезімінде жүзеге асады, сол себепті грамматикалық мағына актуалды санаға тән емес, оны сипаттау үшін арнайы әдіснамалық негіз қажет. Грамматикалық ұғымдар бейсаналы сезімде болатындықтан, жаңа сөз, лексема тілдің заңдары бойынша түзіледі. Грамматикалық ұғымдар лексикалық концептосфераға үстеледі. Сол себепті қандай да бір сөз табына қатысты болмайтын сөз жоқ. Әр сөз не зат есім, не сын есім, не етістік ретінде танылады. Ендеше, тілдің грамматикалық құрамының концептосферасы адамның тілдік санасының ажырамас бөлшегі болып табылады. Әр тілдің жүйесі грамматикалық ойлаудың ерекше түрімен сәйкес келеді, ол грамматикалық концептілерге байланысты болады.

Грамматикалық категориялауда тілдің онтологиясы көрінеді, яғни тілге тән категорияларға жіктеледі. Бұл тілдің семиологиялық жүйе ретінде қолданылуына негіз болады. Тілдегі категориялар тілді жүйе ретінде және әрекет ретінде сипаттайды. Сол арқылы грамматикалық категориялау динамикалы, процессуалды зерделеу сипатына ие болады. Ол қандай да бір сөздің тілдік категорияға, яғни сөздердің грамматикалық немесе лексика-грамматикалық тобына қатысын айқындап қана қоймайды, сонымен қатар осы категориясына тән, сөздің нақты семиотикалық қызметін де көрсетеді. Бұл – функционалды категориялау ерекшеліктеріне тән.

Функционалды категориялау дегеніміз – таңбаның категориалды мәнінің, таңба мен оған сәйкес келетін оқиғаның арасындағы байланысты бейнелейтін концептуалды (концептуалды категория арқылы) көрінісі. Бұл морфологиядағы категориялау үдерісі туралы динамикалы сипаттағы түсініктердің қалыптасуына негіз болады. *Морфологиядағы функционалды категориялау* дегеніміз – әмбебап сипаттағы негізгі концептілер арқылы морфологиялық категория мен соған сәйкес келетін концептуалды жүйенің арасындағы

байланыстың көрінісі ретіндегі морфологиялық тұлғаның категориалды мәнінің қолданысы.

Морфологиялық репрезентация дегеніміз – морфологиялық категориялар мен тұлғалар арқылы концептуалды мазмұнның құрылымдалуының категориалды тәсілі болып табылады. Мұнда морфологиялық көрсеткіштер арқылы мағынаның негізгі, басты бөліктері кодталады. Морфологиялық репрезентация концептуалды мазмұнның дерексізденуі, жалпылануы, сараланууына негізделіп, морфологиялық категориялар мен тұлғалар арқылы көрініс табады.

Грамматикалық категорияны зерттеуде тілдік мәндер мен категорияларды қалыптастыратын ортақ когнитивті механизмдерді зерттеудің маңызды ерекше. Ол объективті әлемі бейнесін репрезентациялап, адамның қоршаған әлемді тану ерекшеліктерін бейнелейді. Сол себепті С.Исаев: «Айналадағы заттар мен құбылыстардың біздің санамызда бейнелеуінің нәтижесінде пайда болатын ұғым сөздің ішкі мазмұны яғни мағынасы болып табылады. Сөздің осындай әуелдегі (о бастағы) негізгі тура мағынасы лексикалық мағына деп аталады. Сөздің лексикалық мағынасы ол сөздің жеке тұрғандағы қалпынан да (яғни сөйлем ішінде емес) көрініс отырады. Өйткені сөздің бұл (лексикалық) мағынасы талай рет қолданылудың нәтижесінде санамызда әбден қалыптасқан, сол тілдің сөздік құрамына еніп, семантикалық ауқымы анықталған. Сондықтан да ешбір контекссіз-ақ ол (сөз) сөздіктерде (мысалы, түсіндірме сөздік, екі тілді сөздік т.б.) реестр сөз ретінде жеке беріліп, мағынасы көрсетіледі», – дейді [2, 12].

Тілдің лексикалық жүйесінде грамматикалық топтар, яғни сөз таптары, лексика-грамматикалық топтар, жіктер түзіледі. Грамматикада көрініс тапқан категориялар міндетті болатындықтан, морфологияны когнитивті тұрғыдан зерттеуде белгілі бір тіл үшін маңызды болатынын, сөйлеуші назарынан тыс қала алмайтынын, адамзат тәжірибесінің қай бөлшектері ғаламның тілдік бейнесінде көрініс тауып, жіктелгенін анықтауға болады. Морфологиялық репрезентацияда морфологиялық көрсеткіштер арқылы мағынаның негізгі, басты бөліктері кодталады. Морфологиялық репрезентация концептуалды мазмұнның дерексізденуі, жалпылануы, сараланууына негізделіп, морфологиялық категориялар мен тұлғалар арқылы көрініс табады.

Тілдік білім морфологияның концептуалды кеңістігінде сақталып, репрезентацияланады. Онда тілдік мағына, категориялар мен тұлғалар туралы білімдер сақталып, ғаламның тілде қалай концептуалданатыны көрінеді. Тілдік емес бірліктермен қатар болмыс нысандарының бірі ретінде тіл де концептуалданады. Тілдік білімнің концептуалдану жолдарының бірі – морфология. Морфология деңгейіндегі концептуалдау ерекшелігі – ол білімді құрылымдай отырып, лексикалық жолмен берілген концептуалды материал үшін қабат, тор түзіп, белгілі бір деңгейде лексиканың қажетін өтейді.

Тілдің грамматикалық құрылымы туралы концептіні меңгеріп, түсіну арқылы вербалды символдарды түсініп, жүйедегі концептілерді қолдануға болады. Сол арқылы концептуалды жүйеде жаңа концептуалды құрылымдар

түзуге болады. Жаңадан түзілген концептуалды құрылымдар басқа концептілер мен құрылымдар арқылы адамның танымдық тәжірибесін бейнелейтін концептілермен сәйкес келуі де мүмкін. Осылайша, тілдің көмегімен түзілген концептілердің жаңа, ерекше түрі пайда болады. Яғни тілдік және концептуалды жүйелердің байланысы тілдің концептуалдау нәтижесін бейнелеу қызметімен ғана байланысты емес. Тілдің ғалам туралы білімді қалыптастырып, белгілі бір құрылымға түсірудегі орны ерекше. Яғни тіл концептуалды жүйе құрауда маңызды қызмет атқарады.

Тіл мен сөйлесім әрекетін толық түсіну үшін лексикалық және грамматикалық концептілер бірлікте сипатталуы керек. Осыған байланысты профессор Б.Шалабай функционалды грамматика көпжүйелік талдауға негізделетінін атап көрсетіп: «Себебі функционалды грамматиканың ерекшелігі – тілді кешенді тұрғыдан қызметіне негіздей отырып талдайды. Сондықтан функционалды грамматика түрлі деңгейлі грамматика болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде, функционалды грамматика тілді «жүйелердің жүйесі» ретінде қарастырады», – дейді.

Функционалды-семантикалық категориялар А.В.Бондарко еңбектерінде жан-жақты сөз болды. Функционалды-семантикалық категорияларға ұғымдық категориялар немесе тілдің түрлі деңгейлерінде көрініс тапқан ұғымдар негіз болады. Мұндай категорияларды айқындауда өзара байланысты тілдік элементтердің семантикалық қызметтерінің ортақтығы негізге алынады. Бұл орайда А.В. Бондарко: «Функционалды-семантикалық категория – белгілі бір семантикалық қызметті атқара отырып, өзара әрекетке түсетін түрлі тілдік құралдар жүйесі», – дейді [3, 21]. Мұндай қызметтер ретінде ғалым темпоралды және модальді қатынастарды атайды.

Ғалым еңбектерінде морфологиялық категориялар кешенді түрде сипатталған. Ғалым морфологиялық категориялардың жекелеген таксондарын үшке жіктейді: мазмұндық-функционалды, құрылымдық-синтаксистік және арнайы морфологиялық топ. Арнайы морфологиялық жіктеу бір сөздің тұлғасы мен сөзтұлғалар арасындағы қатынастардың корреляттy сипатына қарай сараланады. Корреляттық бір морфологиялық категорияның мүшелері бір сөздің тұлғалары арқылы беріледі. Соған сәйкес ғалым мынадай морфологиялық категорияларды айқындайды: *бірізді коррелятты* (рай, шақ, жақ, сан, септік жүйесі), *бірізді емес коррелятты* (сыпат, етіс, зат есімның көптік тұлғасы, шырай), *коррелятты емес* (тек категориясы).

Құрылымдық-синтаксистік жіктеуде құрылымдық-синтаксистік және синтагмалық мәндерін негізге алынады. А.В.Бондарко құрылымдық-синтаксистік мәнділік ретінде «морфологиялық категория мүшелерінің сөйлем құрылымына қатысын» көрсетеді [3, 63]. Мұнда белгілі бір тілдік бірлік түрінде берілген морфологиялық категория нақты синтаксистік құрылымның маңызды элементі және басты шарты болады. Құрылымдық-синтаксистік мәнділігіне байланысты А.В.Бондарко үш түрлі категорияны көрсетеді: тұрақты синтаксистік мәнділігі бар (етіс), айнымалы синтаксистік мәнділігі бар (септік, шақ, рай, жіктік, шырай) және синтаксистік мәнділігі жоқ, яғни мұндай

категориялардың мүшелері түрлі конструкциялармен (зат есімдердің тек, сан категориялары, сын есімдердің тек, сан, септік жүйесі) байланысты болмайды. Синтагмалық мәнділікте белгілі бір сөзтұлға мағынасының басқа сөзтұлға мағынасымен байланысы негізге алынады. Бұл белгі бойынша синтагмалық жағынан күшті синтагмалық (тек, түрлі сөз таптарының септелуі, көптелуі), әлсіз синтагмалық категориялар (рай, шақ, сыпат) сараланады. Бұл жіктеуде градуалды оппозиция ерекше қызмет атқарады. Морфологиялық категориялар синтагмалық мәнінің болу/болмауына байланысты болмай, мәнділік деңгейіне қарай анықталады. Морфологиялық категориялардың синтагмалық мәнінің деңгейлері градуалды ұстаным негізінде айқындалады. Морфологиялық категориялар синтагмалық ерекшелігі, бірізділігі негізінде өзара ажыратылады [3, 75]. Ғалым категорияларды синтагмалық ерекшелігіне қарай жіктей отырып, екі категорияның арасындағы айқын, нақты айырым белгілері жоқ екенін айтады. Ол – шырай және шақ категориялары. Бұл категорияларды ғалым аралық деңгейдегі категориялар ретінде сипаттайды.

Грамматикалық категория компоненттерінің арасында бейоппозитивті қатынас орнаған жағдайда компоненттердің мағынасы бірін бірі жоққа шығармайды. Сонымен қатар грамматикалық оппозиция мүшелерінің мағыналары біркелкі сипатта болса, бейоппозитивті қатынас мүшелері әркелкі сипатта болады. Бұл бейоппозитивті ерекшеліктердің табиғи жіктелуіне негізделген.

Н.Н.Болдырев тілді функционалды-семиологиялық тұрғыдан зерттеу нәтижесінде тілдік категорияларға, оның ішінде грамматикалық категорияларға оппозициялы қатынас тән емес екенін ескертеді [4]. Бұл орайда ғалым үш түрлі уәж айтады: *біріншіден,* оппозициялы қатынас бастапқыда фонологияда пайда болды, ол сөйлеу аппаратына (мүшелеріне) негізделген әрі фонемалардың акустикалық сипаттарының дискретті болуымен байланысты. Ендеше, тілдік (грамматикалық) бірліктердің оппозициясы да осыған негізделіп, мағыналардың дискретті және градуалды ерекшеліктеріне сүйенуі керек. Алайда семантикада дискретті емес, континуалды тәсіл басымдық алады. *Екіншіден,* морфология семантика мен синтаксистің арасындағы байланысты айқындауды мақсат етеді, алайда оларды санамалап шығу мүмкін емес. Сондықтан олар өз ішінен оппозиция құрауы міндетті емес. *Үшіншіден,* семантика мен синтаксистің арасындағы байланыс алуан түрлі, ол морфологиялық жолмен ғана емес, сонымен қатар басқа да тілдік құралдардың көмегімен (құрылымдық, интонациялық) беріледі. Сол себепті функционалды-семиотикалық тұрғыдан алғанда, морфологиялық категориялар мен олардың категориалды мағыналары оппозиция құрай алмайды [4].

Ғалымдар морфологиялық категорияларды түрлі қырынан сипаттайды. Соның нәтижесінде грамматикалық (морфологиялық) категориялар тілдің онтологиясын көрсете отырып, табиғи нысан ретінде сипатталады. Морфологиялық репрезентация мәселесін айқындауда грамматикалық категориялаудың орны ерекше. *Грамматикалық категориялаудың мақсаты* – функционалды-мақсатты жүйе ретінде тілдегі ортақ ұстанымдарды, мағынаның

(сонымен қатар лексикалық категориялау арқылы айқындалған мағыналардың) тілдегі кодталу ұстанымдарын, олардың тілдегі қолданысын айқындау. Онда тілдік қолданыс ерекшеліктері ескеріліп, сөздер грамматикалық топтарға бөлінеді, ол тілдегі грамматикалық және лексика-грамматикалық категорияларда көрініс табады. Яғни тілдік нысандар категорияларға жіктеліп, тілде көрініс тапқан категориялар негізінде категорияланады. Грамматикалық категориялау – ғаламды танудың категориалды үлгісі ретінде сипаттау, морфологиялық репрезентация концептуалды мазмұнды құрылымдаудың категориалды тәсілі болып табылады.

Функционалды-семантикалық тұрғыдан алғанда, категорияның мазмұн және тұрпат межесі болады. Семантикалық мазмұн морфологиялық категория мәніне тең, ал тұрпат межесінде морфологиялық, синтаксистік, сөзжасамдық, лексикалық т.с.с. тілдің түрлі деңгейлеріндегі тілдік құралдар арқылы көрінеді. Құрылымдық жағынан алғанда, функционалды-семантикалық категориялар өріс түзіп, оның өзегін морфологиялық категория құрайды. Функционалды-семантикалық өріс үшін белгілі бір құрылым түзетін элементтер өзара әрекеттесіп, біркелкі ғана емес, әркелкі тілдік құралдар, грамматикалық және лексикалық құралдар өзара байланыста болуы керек [3, 18].

Профессор Б.Шалабай функционалды бағыттағы зерттеулердің ұстанымын былайша сипаттайды: «Тілді функционалдық-семантикалық тұрғыдан қарастыруда қызметтік-мағыналық өрісті анықтау барысында ең алдымен, қызметі мен мағынасы жағынан бір-бірімен байланысты тілдік құралдарды табу қажет. Тілдік құралдарға грамматикалық категориялар, синтаксистік конструкциялар, лексика-грамматикалық белгілер тобы т.б. жатады. Екіншіден, тілде бұдан басқа осы семантикалық қызметті атқара алатын, қызметі ұқсас тілдік құралдар бар ма деген сұраққа жауап іздейміз. Мысалы: бір мағына бір сөз не синтаксистік конструкция арқылы берілуі мүмкін. Үшіншіден, тілдік құралдардың толық құрамы анықталады, барлығы бірігіп, қызметтік-мағыналық өрістік тұтастықты құрайды. Қолданымдық мағына тұтастығының шекарасы, өріс құрылымы анықталады» [1, 67].

Тілдік бірліктер концептуалды жүйе мен оны түзуші концептілермен тығыз байланыста болады. Кез келген сөйленісті қабылдауда міндетті түрде категорияларға иек артамыз. Категория туралы ұғым ойлау, әлемді түйсіну, дүниетанаммен де тығыз байланысты. Адам категориялау арқылы болмысты белгілі бір топтарға жіктейді. Категориялау – динамикалық сипаттағы танымдық үдеріс, ол – адамның ойлау, танымдық қызметінің негізі. Грамматикалық концептілер тіл туралы, ғалам туралы білімді сақтап, тілдегі қолданысын сипаттаумен қатар тілдік мағына қалыптастыруда да маңызды қызмет атқарады. Әмбебап сипаттағы негізгі концептілер тілмен етене байланысты болады, сол себепті олар вербалды концепт болып табылады.

Әрбір халықты ұлт ретінде ерекшелендіретін, ұлттың дүниетанымын, ойлау жүйесін, дүниетанымдық көзқарастарын көрсету қазіргі тіл дамуында көбінесе лексика-фразеологиялық жүйеге қатысты қарастырылып келе жатқандығы белгілі. Алайда лексика жеке тұрып қарым-қатынас құралы бола

алмайды, ол міндетті түрде тілдің грамматикалық жүйесіне иек артады. Яғни адамның ойын жарыққа шығаратын коммуникативтік жүйесіз тіл өз қызметін атқара алмайды. Олай болса, лексика мен грамматика – бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Сол себепті де лексикада бар жалпыадамзаттық, ұлттық-танымдық жүйе грамматиканың да тілдік құрылымына орнықтырылған. Мұндай тілдің грамматикалық құрылымынан көрінетін ұлттық дүниетанымдық ерекшеліктерді қарастыратын грамматика ілімінің бір саласы – этнограмматика болып табылады.

Қазақ тіл білімінде грамматикалық бірліктерді ұлттың, этностың дүниетанымдық білімдер жүйесімен байланысты қарастыратын ғылыми еңбектер жоқтың қасы деуге болады. Бұл мәселенің қазақ тіл білімінде зерттелмеуін күні бүгінге дейінгі грамматика іліміне қатысты зерттеу жұмыстарында тілдің құрылымдық бағытына көп мән беріліп, оның коммуникативтік-прагматикалық, психолингвистикалық, нейролингвистикалық т.б. антропоөзектік қырларының өз дәрежесінде зерттелмей келе жатқанымен түсіндіруге болады. Ал бұл тілді зерттеудің антропоөзекті парадигмасы, түпкі өзегінде адам факторын көрсетуді мақсат ететіндіктен, мұндай зерттеулерде міндетті түрде әрбір ұлттың дүниетанымы, ұлттық санасы, ұлттық болмысы көрініс табады. Этнограмматиканың мақсаты да осы тілдің коммуникативтік жүйесіндегі кодқа салынған ұлттық дүниетанымдық ерекшеліктерді тауып, осындай этнограмматикалық бірліктердің коммуникативтік-прагматикалық мән-мазмұнын ашып көрсету болып табылады.

Сонымен, бүгінгі таңда когнитивтік, функционалды бағыттағы зерттеулерде тілдегі білімнің көрінісін сипаттауға бағытталған ізденістер жанданып келеді. Морфология теориясының дамуы ондағы когнитивті үдерістерді талдауды қажет етіп отыр. Сол арқылы морфологиялық категориялар мен тұлғалардың тілішілік ерекшеліктері айқындалып, тілде концептуалды мазмұнның репрезентацияландағы морфологиялық бірліктердің орны көрсетіледі. Мұндай зерттеулер тілді құрылымдық немесе функционалды қырынан зерттеумен қатар қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан сипаттауға жол ашады, морфологияның тіл жүйесіндегі орнын айқындап, сөйлеу әрекетіндегі маңызын түсінуге, морфологиялық категориялардың тұрпат және мазмұн межесін тануға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шалабаев Б. Қолданымдық грамматика туралы//Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы, 2007. – 54-74-б.

2. Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 624 б.

3. Бондарко А.В. Теория значения в системе функциональной грамматики: на материале русского языка. – М.: Языки славянской культуры, 2002. – 736 с.

4. Болдырев Н.Н. Языковые категории как формат знания // Вопросы когнитивной лингвистики. – 2006. – № 2. – С. 5-22.

Каирбекова И.С.
гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы;
Жумагулова О.А.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

ТАҒАМ АТАУЛАРЫНЫҢ МЕТАФОРАЛАНУЫ

Қазіргі тіл білімінде тіл бірліктерін когнитивтік аспектіде қарастыру – өзекті мәселелердің бірі. Қазақ халқының ұлттық таным ерекшелігін сөздердің метафоралануынан байқаймыз. Метафора – этностың креативті ойлауын дамытатын, сол үдерістің тілдегі нәтижесін көрсететін құбылыс. Метафораланууда пайдаланатын лексикалық құралдар тілдік,онтологиялық және мәдени факторлармен тығыз байланысты болады. Тілдік бірліктің көптеген белгілерінің бірі белсенділік танытып, жаңа ұғым атауына негіз болады. Мысалы:*Шұжықты сүрлеп көп уақыт сақтауға болады. Ол негізінде жылқы етінен жасалады* (С.Қасиманов, Қаз. ұлт. тағам.). *Өзіміздің торы биенің қамыты үлкен екен. Әйтсе де, желке тұсына шүберек орап, шұжығын көтеріп жегіп алдым* (Ж.Молдағалиев, Тыңдағылар). *Ол қамытының сөгіліп кеткен шұжығын таспалап отыр еді* (Х.Есенжанов, Ақжайық).Келтірілген мысалдарда *шұжық* сөзі екі түрлі мағынада жұмсалып, болмыстағы екі түрлі нысанды метафорлану арқылы таңбалайды:

1.Шикі еттің майлы жерінен турап, тұз, бұрышқосып шекке тығып жасаған тағам.

2.Жегін көліктің мойнын алмас үшін қамыттың астыңғы жағында тұратын жұмыр, жұмсақ зат. Бірінші сөйлемде *шұжық* лексемасы болмыстағы затқа тікелей қатысты болып, тағам атауын білдіреді. Бұл атау тілдік тұлғаға таныс, мәдени тұрғыдан құнды зат атауы болса, келесі сөйлемдердегі бұл аталым метафораланып, сыртқы, пішін ұқсастығы негізінде «қамыттың астына кигізетін тұрпаты шұжыққа ұқсайтын жұмсақ зат» атауының уәждемесіне еніп отыр. Бұл метафоралық мағына тағам атауының ақпараттық құрамындағы экстралингвистикалық факторға, яғни шекке тығып жасалып, екі басы қосылған тағамның сыртқы белгілерінің ұқсастығына негізделген ассоциациялы бейнесінің негізінде құрал атауына ауысады. Бұл жерде этностың тіршілігінде мәдени құнды реалий болмыста жаңадан танылған реалиймен салыстырыла келе, ортақ белгілерін тану арқылы ***шұжық*** лексемасының метафоралану арқылы семантикалық өрісінің кеңеюін көреміз.

Метафора бейнелі сөз тудыру тәсілдерінің бірі болатынын көптеген ғылыми еңбектерден көреміз. Метафоралану туралы А.Байтұрсынұлы былай деп көрсетеді: Сөз көбін өз мағынасында жұмсамай, өзге мағынада жұмсаймыз. Арасында түк ұқастығы жоқ екі нәрсенің ететін әсері бірдей болса, біріне қас ғамалды екіншісіне ауыстырып айтамыз [1, 355]. Ғалым «өз мағынасы» дегенде сөздің тура мағынасын, «ауыстырып айтамыз» деп метафораланған сөздерді көрсетеді. Метафораланууға адамның бейнелі ойлау қабілеті негіз болады. Адам

болмысты тану барысында нысандардың өзара байланыстары, үйлесімдері немесе өзгешеліктеріне сүйенеді. Тілші Б.Қасым тілдік бірліктердің метафоралану құбылысының маңызын: Метафора – тілде әмбебап құбылыс. Оның әмбебаптығы тілдің құрылымында және қызметінде көрінеді. Ол тілдің түрлі аспектісі мен қолданыстық қызметін қамтиды. Тілдегі сөзжасам мен аталымды метафора тұрғысынан зерделеу тілде кенжелеу, назардан тыс қалып келеді. Метафораны зерттеушілер көбінесе бейнелеу, көркемдеу құралы, тәсілі ретінде қарастырады, – деп аталымдағы маңызын айқындайды [2, 255]. Демек, метафора – аталым қажеттілігін өтеудің тиімді тәсілдердің бірі. Тілдік бірліктердің мағыналық өрісін пайдалана отырып, жаңа ұғымға атау беру метафора арқылы жүзеге асады.

Метафораның тілдік қызметі туралы М.Балақаев: Метафора деп заттардың, құбылыстардың ішкі-сыртқы ұқсастығына қарай ауыс мағынада жұмсалуын айтамыз, – деп көрсетеді [3, 259]. Метафораланууда заттардың қасиеттері мен сипаттары жаңа қырынан танылады.

Тілдік метафораларды жеке зерттеу жұмысының нысаны ретінде алып қарастырған профессор Б.Хасанов «Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы» атты еңбегінде: Метафора – екі зат пен құбылысты салыстырудың негізінде ауыс (мағынада) қолданылуы [4, 8]. Ғалым ауыспалы мағына тура мағынаның негізінде туатынын көрсетеді: Тура мағынадағы сөздерге жалпылық қасиет тән болса, метафоралық мағынадағы сөзден алдымен нақтылық пен образдылық байқалады, өйткені тура мағынадағы сөзде зат пен құбылыстың жалпы белгілері сақталса, метафораландырғанда, көбінесе олардың ең қажетті, дәл сол сәтте керекті белгі, қасиеті алынады [4, 168]. Демек, сөздің семантикалық өрісіндегі бір мағынаның өзектілігі жаңа атаудың ішкі мағыналық құрылымындағы бейнені түзуге негіз болады. Зерттеуші метафоралардың атау жасаудағы әмбебаптығын: Метафора тілді байытады, оған бұрын болмаған жаңалықтар енгізеді, бірде-бір нәрсенің атаусыз қалмауына көмектеседі, – деп ой түйіндейді [4, 18]. Тіл тұтынушыболмысты тану барысында өзіне бұрынан таныс заттардың негізінде жаңаны таниды, атау беруде алдымен ұқсатады, жаңа заттың атауы танымдық үрдістердің нәтижесінде пайдаболады.

Профессорлар Ә.Болғанбайұлы мен Ғ.Қалиұлы «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» еңбегінде метафораның тілдегі қызметін көрсетеді: Тілдік (сөздік) метафора сөзге жаңа мағына қосып, оның семантикалық шеңберін кеңейтіп, әрдайым үздіксіз дамытып отырады [5, 90]. Метафораның осы қасиеті сөздің семантикалық жағынан дамуына негіз болады. Сондықтан да, заттар мен құбылыстардың ұқсастығы сөздің семантикалық өрісінің кеңеюіне негіз болады.

Метафораның тілдің сөздік қорын молайтып, жаңа мағыналарды тудыруы жөнінде зерттеуші Ғ.Қ.Резуанова: Шындық болмыстағы белгілі бір сөзбен аталған зат немесе құбылыстың белгілерінің кейбіреулерінің көбінесе басқа бір заттың не құбылыстың не түр, не тұлға, я болмаса қимыл ерекшеліктерімен, тіпті кейде олардың ішкі мазмұнымен де ортақтығына, ұқсастығына қарай бір

зат не құбылыстың атауымен аталуының негізінде сөз мағынасының ауысуы жасалады. Қазақ тілінде көпмағыналылықты туғызуда метафора басты рөл атқарады, – деген пікір айтады [6, 43]. Метафора бір затты екінші бір заттың қасиеті арқылы анықтайды. Мысалы, *Бауыр*лексемасының 2 генетикалық метафорасы мен бес бейнелі мағынасы ұлттық таным ерекшелігін көрсететін ассоциациялық кешеннен тұрады:

1. *Бауыр – адам денесіндегі ең үлкен без. Бауыр адам өмірінде зор роль атқарады. Оның клеткалары үлпілдек, өте нәзік келеді* (Е.Оразақов. Дәрігер).

2. Ұлтуған азар кетті, жылай-жылай, Қаңғырып, өттік пе деп елге сыймай. Бауыры бірге түскен шыдата ма, Егілді Бектас боздап о да қоймай (И.Байзақов, Ақбөпе). *Қу бауырды қия алмай, Қайрылып келді қасына* (Қыз Жібек).

2. Саршұнақтың бауыры ақшыл сары.

3. *Ел бауырға түсіп келе жатқан кез* (М.Әуезов).

4. *Әлде сенің де жауырының қышып тұр ма мынаны көрген соң, -деп, Нұрымға жылан бауыр алты өрме қамшыны көрсетті* (Х.Есенжанов).

5. *Алып машина жалтыраған болат бауырымен балқып жүзіп келе жатқандай* (З. Иманбаев).Қазіргі қазақ тіліндегі *Бауыр* сөзінің метафоралық өрісі бес түрлі парадигмалық үлгінен тұрады:

1) БАУЫР–адамзат, жан-жануардың ас қорыту, қан тарату қызметтерін атқаратын *ішкі мүшесі*⇒БАУЫР– төрт түліктің *ішкі мүшесінің бірі*, тағам ретінде қолданылатын әрі бас табаққа салынатын мүше.

2) БАУЫР–адамзат, жан-жануардың ас қорыту, қан тарату қызметтерін атқаратын *ішкі* мүшесі⇒ БАУЫР–*бірге туған* қандас, ағайындас.

3) БАУЫР–бірге туған қандас, *ағайындас*⇒ БАУЫР– жасы кіші *іні*, *қарындас*, үлкен *аға*.

4) БАУЫР–адамзат, жан-жануардың ас қорыту, қан тарату қызметтерін атқаратын *ішкі мүшесі*⇒ БАУЫР–жан-жануардың бауыр орналасқан *ішкі жағы*⇒ БАУЫР–жүзік, білезік, қамшы сияқты заттардың *ішкі жағы*,бауырдағы⇒ БАУЫР–машина, трактор, комбайн, танк сияқты техникалық құралдардың астыңғы жерге тиер (*ішкі) жағы*.

5) БАУЫР–жан-жануардың бауыр орналасқан *ішкі жағы*⇒ БАУЫР– таулы, жоталы биік жерлердің *ой жағы, етегі, алқымы*.Демек, тілдік тұлғаның әлем туралы танымын қалыптастыруда тура мағынадағы сөздердің белгілі бір ұқсастық пен өзгешелікке құрылған ассоциациялық кешенін құрайтын энциклопедиялық, ұлттық-мәдени, адамның жеке тәжірибесі негізінде қалыптасқан білімін негізінде аталым жасалуы метафора арқылы жүзеге асырылады. Мұндай ассоциациялық кешен күрделі психикалық үрдіс негізінде қалыптасады. Соның нәтижесінде сөздің мағыналық өрісі кеңейеді, оған метафора негіз болады.

Адам ойының метафоралылығы туралы А.Ричардс: Ойлаудың өзі метафоралы, ол ұқсату негізінде дамиды, соның нәтижесінде тілде метафоралар пайда болады,–деген пікір айтады [7,47]. Сондықтан да, бұл құбылыс әмбебаптығымен ерекшеленеді. Қай тілде болмасын бұл құбылыс әлемнің

тілдік бейнесін жасауда өнімділігімен ерекшеленеді. Зертеушілер метафораның табиғатын мағынасы арқылы түсіндіреді. Метафораны жан-жақты зерттеген ғалым Макс Блэк: Біз метафора дегенде сөйлем немесе сөз тіркесінде ерекше мағынада метафоралы қолданылып тұрған сөзді аламыз, ал қалған сөздер өзінің тура мағынасында жұмсалады, – деп, белгілі бір тілдік ортада метафоралы қолданылған сөзді «метафора фокусы» деп атайды [8,153]. Тілші метафоралы қолданылған сөздің семантикалық мағынасы лингвистикалық мәнмәтін арқылы анықталатынын көрсетеді. Бұл пікір орыс тіл білімінде метафораны зерттеуші ғалым В.Г.Гактың еңбектерінде де көрініс табады: Метафора тілдегі әмбебап құбылыс болып табылады. Оның әмбебаптығы уақыт пен кеңістікте, тілдік құрылым мен қолданыста көрінеді. Метафораны зерттеуде оның қызметін екі жақты қарастырған жөн: біріншісі оның нысанға атау болуы, екіншісі көркем сөзді қалыптастыру тәсілі ретінде, – деп метафораның тілдік ерекшелігін көрсетеді [9, 11]. Метафора тілдегі атау қажеттілігін өтеуде де, тілдің бейнелі жүйесін қалыптастыруда да, әмбебап тәсіл екендігін көрсетеді. Мысалы:

МОЙЫН. ТМ. 1.Пештің түтінді сыртқа шығаратын бөлігі. – *Пештің **мойны** желменен Ызыңдайды сарнайды, Балақанын тербетіп Жас келіншек зарлайды* (http://old.infoportal.kz/kaz/adebiet/sken-seyfullin/kelinshek-oyy).

2. Шамның шынысы. – *Шамның **мойнын** тазалап сүрт* (Ауызекі тіл).

3. Шыны ыдыстың мойыны. –*...бұл қылмысты спирт ішімдіктерін ішкеннен кейін онымен бірге ішкен адам бөтелкенің **мойын** жағымен жасағаны белгілі болды* (akmoladvd.kz/crimes).

4. Тісті қызылиекпен байланыстыратын бөлік. – *Тістің сауыты, **мойыны,** түбірі болады. Сауыт пен түбірді қызылиекке жалғасатын мойынша (түп) бөліп тұрады* (http://kk.sciencegraph.net/wiki/). Сөздік мақалада «мойын» негіз фремі арқылы жасалған 4 метафора 3 уәжделген бейнелі парадигмадан тұрады:

1. МОЙЫН–басты кеудемен жалғастыратын адам мен жан-жануарлардың дене мүшесі⇒ төрт түліктің мойын омыртқасы, тағам ретінде пайдаланылатын ет (ұғым ұқсастығы).

2.**МОЙЫН**–басты кеудемен жалғастыратын адам мен жан-жануарлардың дене мүшесі⇒ пештің түтінді сыртқа шығаратын бөлігі⇒ Шамның шынысы⇒шыны ыдыстың мойыны (пішін ұқсастығы).

3.**МОЙЫН**–басты кеудемен жалғастыратын адам мен жан-жануарлардың дене мүшесі⇒ тісті қызылиекпен байланыстыратын бөлік (қызмет ұқсастығы). Бұл аталымдарда нысан ұқсастықтары ассоциацияланып, тілдік бірліктердің жасалуына негіз болады. Тіл бірліктерінің экстралингвистикалық сипаты ұқсастықтың заттар мен құбылыстардың категориялық ауысуы арқылы жүзеге асырылатын дәлелдейді.

Метафораның номинациялық-когнитивтік сипаты туралы ғалымдар пікірлері де жан-жақты. В.Н.Телия: Процесс метафоризаций – это всегда некоторая проблемная когнитивная-номинативная ситуация со многими переменными факторами, – деп дәйектейді [10, 34]. Бұл ретте метафоралану құбылысының ең алдымен когнитивтік – аталымдық қызметіне баса назар аударылып отыр. Аталым процессі адамның қоршаған әлемдітану, оны

бейнелеу ерекшеліктерін сипатайтын әрекет болғандықтан, аталым бірліктерінің туындауында метафоралану міндетті түрде қатысады. В.Н. Телия метафоралану механизмін адамның когнитивтік әрекетінің сынақ алаңына теңейді [11,5]. Кезкелген метафораның ішкі мағыналық құрылымында прототип бейне болады. Бұл бейне ассоциациялы ойлаудың нәтижесінде пайда болады. Болмыстағы заттар мен құбылыстар өздерінің ерекше белгілері арқылы танылып, сол белгілері арқылы аталым әрекетіне қатынасады. Метафораларда да сол белгілер басты назарға ілігіп, өзге заттың немесе құбылыстың ассоциациялы бейнесін туғызады. Болмыстағы кез келген заттар сияқты тағам атаулары да метафораланады. Орыс тіл білімінде тағам атауларына қатысты сан салалы зерттеу жұмыстары бар. Солардың бір парасына ғалым Е.А. Юринаның«Словарь русской кулинарной метафоры» мақаласын жатқызуға болады. Аталған мақала фразеологиялық сөздіктер, мақал-мәтелдер жинақтары, лингвомәдени сөздіктер мен поэтикалық образдар және дискурсивті метафоралық сөздіктері, Томск лексикографтарының орыс әдеби тілінің және диалектілік сөздіктерінің жалғасы ретінде Е.А.Юрина, Е.В.Капелюшниктің жинақтап, құрастырылу үстіндегі «Словарь русской кулинарной метафоры» сөздігін көрсетеді. Мұнда орыс тіліндегі тағам атаулары тілдік метафора және ішкі метафоралық форма арқылы жасалған дериваттар деп жіктеледі [13]. Сол сияқты Е.А.Юринаның «Лексико-фразеологическое 41 поле кулинарных образов в русском и итальянском языках» атты мақаласында тілді антропоцентристік көзқараста зерттеуге байланысты тілді «мәдени код» ретінде қарастырады[14]. Е.В.Капельюшниктің «Кулинарные образы, характеризующие мир человека» мақаласында да метафоралық қолданыстағы тағам атауларына түсініктеме берілген [15]. Аталған еңбектің жалғасы ретінде 2012 жылы Томск қаласында жарық көрген ғалымның «Кулинарный код культуры в семантике образных средств языка» атты филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертациясын атау орынды [16]. Қазақ тіл білімінде тағам атауларының метафораласуын қарастырған іргелі еңбек ретінде А.Д.Жақыпова, О.А.Жумагулова, И.С.Каирбекова, А.О.Мукашева, Ж.О.Сагындыкова, Г.Т.Тлеубердинаның «Тілдік бейнелер аясындағы қазақ халқының тағамдық дәстүрі» атты лингвомәдениеттану сөздігін атауға болады [17]. Тағам атауларының метафораласуы тілдік бірліктің семантикалық құрылымындағы бейнелі ассоциациялық компонентті қалыптастырады. Бейнелі бірлік мазмұнындағы көрнекті прототиптер тілдік бірліктің уәждәмесі болады.

Ұқсастыққа негізделген осы құбылыс адамның нысандар туралы жинақталған білім қорын өз мақсатында пайдалануда жүзеге асырылады. Үрдіс ретінде ұқсастық белгіленеді, соған сәйкес қажетті ассоциациялар сұрыпталып, оның дұрыстығы ой сүзгісінен өткізіледі. Аталым жасауда метафора бір жағынан үрдіс болса, екіншіден сол үрдістің нәтижесі. Ол тілдің аталымдық-когнитивтік сұранысын өтеуші болып табылады. Тағам атауларының метафораласуы тілдегі дайын таңбалардың ассоциациялары арқылы аталым жасайды. Метафораласуға адамның ұқсата білу және ассоциациялы ойлай білу қабілеті негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 463 б.

2 Қасым Б.Қ. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері: Фил. ғыл. док. дисс. – Алматы, 2002. – 313 б.

3 Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі.– Алматы: Ғылым,1987.– 269 б.

4 Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы,1966. – 205 б.

5 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.

6 Резуанова Ғ.Қ. Қазақ тіліндегі көп мағыналы сөздерден жасалған синонимдік, омонимдік, антонимдік қатарлар: Фил. ғыл. канд. дисс. –Алматы, 1999. – 251 б.

7 Ричардс А. Философия риторики //Теория метафоры. – Москва: Прогресс, 1999.– 44-100 с.

8 Блэк М. Метафора //Теория метафоры.– Москва: Прогресс, 1999. –153-171с. 9 Гак В.Г. Метафора: универсальное и специфическое //Метафора в языке и тексте. - М: Наука, 1988. –11-26 с.

10 Телия В.Н. Метафора как модель смыслопроизводства и ее экспрессивно- оценочная функция //Метафора в языке и тексте. – Москва: Наука, 1988. –20-52 с.

11 Телия В.Н. Предисловие //Метафора в языке и тексте. –Москва.1988. –3-10 с.

12 Опарина Е.О. Концептуальная метафора и ее функции в языке: Автореф. дисс. канд . – Москва. 1990. – 28 с.

13 Юрина Е.А. «Словарь русской кулинарной метафоры» Вестник Томского Государственного Университета. Филология. – №3 (15), 2011.

14 Юрина Е.А. Лексико-фразеологическое поле кулинарных образов в русском и итальянском языках (ссылка на журнал) // Язык и культура. Научный периодический журнал. – № 3, 2008. – Томск, 2008. – С. 83–93. (http://www.lib.tsu.ru/mminfo/000349304/03/image/03-083.pdf).

15 Капельюшник Е.В. Кулинарные образы, характеризующие мир человека// Молодой ученый. – 2011. - №2.Т.1. – С.207 – 214.

16 Е.В.Капелюшник. Кулинарный код культуры в семантике образных средств языка// Автореферат диссертации на соискание учёной степени кандидата филологических наук. – Томск, 2012.

17 Юрина Е.А. (бас редактор), Жумагулова О.А. (қосалқы редактор), Жақыпова А.Д., Каирбекова И.С., Мукашева А.О., Сагындыкова Ж.О., Тлеубердина Г.Т.Тілдік бейнелер аясындағы қазақ халқының тағамдық дәстүрі. – Көкшетау, Ш.Уәлиханов ат. КМУ баспасы, 2014. – 195 б.

Карипжанова А.О.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент;
Абдыгалимова Ж.О.
магистрант
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

АВТОРЛЫҚ, ТІЛДІК ЖӘНЕ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ МЕТАФОРАЛАР АРАҚАТЫНАСЫ

Балли метафораларды бейнелілік дәрежесі бойынша аражігін ажыратуды ұсынып, жанды, әлсіз және жансыз бейнелер деп бөлген. Жанды бейнелер реципиент санасында нақты сезім бейнесінің тууын белсенділендіреді. Әлсіз бейнелер эмоцияны сақтайды, бірақ нақты елестетуді жоғалтады. Ш. Балли метафоралардың іштей жіктелуіндегі шектеулер мен өзара ауысуларды есепке ала отырып, метафораны сезінетін, немесе метафоралықты әрең сезінетін метафораны қабылдаушы адамның да қатысының маңызды екенін атап көрсетеді. «Жансыз бейнелер кез-келген сезімдік пен эмоционалдықты жоғалта отырып, тілдің ұғымдық-логикалық жүйесімен байланыста болады» дейді [1, 227-229].

Метафоралар теориясына байланысты арнайы зерттеулердегі Ш. Балли ұсынған неғұрлым егжей-тегжейлі жіктеу түрлеріне қарамастан, көркем (бейнелі, авторлық) және тілдік метафоралар сияқты дәстүрлі және жалпы қабылданған түрлері ұсынылады [2].

«Тіл иесі халықтың (этностың) күллі ғалам-дүние жайлы ұғым-түсініктерінің, өзін қоршаған шындық болмысты қабылдауының, мүшелей тануының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты тіл-тілде өзгеше болып өрілетін ғаламның тілдік бейнесін жасауға қатысатын әсем де әсерлі сөз өрнектері, тілдік метафоралық композициялар» [3,86] өзінің бейнелілігімен, экспрессивтілігімен ерекше әсер қалдыратын дүниелер болып табылады.

Г.Н.Скляревская екі типтегі метафоралардың пайда болу тәсілі, баламаларымен алмасушылығы, тілдің ұғымдық жүйесін көрсете алуы, әлем бейнесінің көрінісі, мәнмәтінмен байланыстылығы, семантикалық құрылымы сияқты дифференциялық белгілерін ажыратып береді. Тілдік және көркем метафоралар барлық қарастырылатын параметрлері жағынан бір-бірінен ерекшеленеді. Көркем метафора мақсатты эстетикалық ізденістер нәтижесі болса, тілдік метафоралар тілдік санада дайын күйінде беріледі. Тілдік метафора баламаларымен оңай ауыстырылады, бұл көркем метафораларға қатысты бола алмайды.

Көркем метафора объектілердің үйреншікті жүйеленуін бұзады, ал тілдік метафора тілдегі логикалық-ұғымдық жүйені вербалдайды. Демек, көркем метафора өзінің жасаушысының жеке әлем бейнесін көрсететін болса, тілдік метафора жалпы ұлттық әлем бейнесін дәйектейді. Көркем метафора мәнмәтіндері өзіндік семантикалық субстанцияға байланысты болса, тілдік метафоралар мәнмәтіннен тәуелсіз болады.

Скляревскаяның пікірі бойынша, тілдік метафора семантикалық тұрғыдан құрылымға түсе алады, ал көркем метафораның шегі жоқ. «Тілдік метафора жүйелі сипатта болады, объективті (ұжымдық заттық-логикалық байланысты көрсетеді), коммуникативтік қызметті орындайды, өнімді. Көркем метафора жүйеден тыс, субъектілі (қоршаған ортаға жеке көзқарасты көрсетеді), эстетикалық қызметті атқарады, «авторлықты» сақтайды, синтагматикалық шарттылықта болады, бірегей, өнімді емес» [4, 34-44].

Тіл біліміндегі когнитивистік идеялардың белсенді дамуы, сондай-ақ метафоралардың когнитивтік қызметін маңызды деп қарау, сапалық тұрғыдан көркем метафоралармен де, тілдік метафоралармен де сәйкестендірілмейтін когнитивтік/концептуалдық метафоралар деген жаңа типін ажыратып беруге уәждеді.

Метафоралардың когнитивтік теориясы идеяларына сәйкес қарастыратын болсақ, олардың негізгі айырмашылығы мынада: концептуалдық метафора лингвистикалық туынды болып табылмайды, ол адамның ойлау аясын білдіреді де, ойлау үдерістері мен тілдік/сөйлеу әрекеттерін байланыстырады. Концептуалды метафоралар идеясының негізін қалаушылар Дж. Лакофф, М. Джонсон: «Метафоралар біздің күнделікті өмірімізде, тек тілімізде ғана емес, сондай-ақ ойымызда, әрбір әрекетімізде мықтап орын алады. Біз ойлап, әрекет жасайтын кәдуілгі ұғымдық жүйеміз өзінің мәні тұрғысынан метафоралы болып келеді» деп метафоралардың қасиетіне назар аудартады [5, 25].

Демек, концептуалдық метафоралардың абстрактілік (дерексіздік) дәрежесі жоғары болады, нақты тілдік және бейнелі метафоралармен жүзеге асады, яғни концептуалдық метафоралар мәдени-тілдік кеңістік аясында ажыратылады. Мысалы, «адам-табиғат» дерексіз концептуалдық метафорасы «ішім тас боп қатты», «тас жүрек» сияқты метафоралық бейнелерде өз үлгісін табады. Тіл иесі аталмыш метафораларды қолдану барысында оның дерексіздік негізін ойламайды да.

Айта кету керек, концептуалдық метафоралар ақиқаттағы жеке заттарға сәйкестендірілмейді, ол тұтас мағыналық кеңістікті тұжырымдайды, мұндайда концептуалдық метафоралау үдерісінің нәтижесін вербалдау тілдік және авторлық метафоралар деңгейінде жүзеге асырылады. Когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігінде бұл үдеріс төмендегідей сипатталады: «Метафора обычно относится не к отдельным изолированным объектам, а к сложным мыслительным пространствам (областям чувственного или социального опыта). В процессах познания эти сложные непосредственно ненаблюдаемые мыслительные пространства соотносятся через метафору с более простыми или с конкретно наблюдаемыми мыслительными пространствами» [6, 55]. Сондықтан біз қарастырып отырған «табиғат-адам» концептуалдық метафорасындағы «адам» ұғымдық саласы неғұрлым бөлшектеніп тұжырымдалады, сонымен қатар жан-жағын танушы субъектіге жақын болады да, табиғи объектілер мен үдерістерді сипаттау барысында осы салаға жүгінетін болады. Аталмыш үдеріс концептуалдық метафоралардың антропоөлшемдігін анықтайды.

Келесі айырмашылығы мынада: концептуалдық метафоралар жалпылама сипатта болады, тілдік және көркемдік метафоралар бірегей болып табылады. Көптеген концептуалдық метафоралар әлемге көзқарастың көрінісі ретінде әмбебап сипатта болады және барлық ұқсас мәдениеттерге тән, алайда олар тілдік жүзеге асыру деңгейінде байқалатын дифференциялдық белгілерге ие болады. Сондықтан концептуалдық метафоралардың саны шектеулі, ал бейнелі метафоралардың саны шексіз. «Табиғат-адам» концептуалдық метафораларды қарастыру барысында көркем дискурста қолданылған тұрақты метафоралық модельдердің біршама мөлшерін таптық. Мысалы Мәшһүр Жүсіп қолданысындағы метафоралар: ***Ішім – от, сыртым – жалын****, қайнаганым* (М-Ж.); *Сөйлеуден тиылмаған* ***қызыл тілім*** (М-Ж); ***Кем емес кейбірсөзім жанған шоқтан*** (М-Ж); ***Айналасынан көңілдің кетір шаңды*** (М-Ж); *Нашарға жаның ашып,* ***ішің күйсе***(М-Ж); *Кем-кетік, жоқ-жітікке қайырылысып, Кәріп пенен қасерді* ***көзіңе іл*** (М-Ж); ***Көз тігіп*** *қараганмен,* ***көңіл бермес*** (М-Ж).

Түспеген тұғырынан ***ақ сұңқарым,***

Тілінен гауһар тамған, ғақылы дана [7, 368].

Бәйге алған тұлпарымсың *шабысқанда* [7, 370], -деген сияқты өлең жолдарындағы *ақ сұңқар, бәйге алған тұлпарымсың* тіркестері ауыспалы мағынада қолданылып, осы тіркестердегі сұңқар, тұлпар секілді құс, жануардың атауларын білдіретін сөздердің номинативтік мағынасының бір семалық элементі ретіндегі – күштілігі, айбаттылығы, биіктігі, алдына жан салмас жүйріктігі ескеріледі.

Ассоциация сияқты маңызды категорияның да метафора түрлеріне қатыстылығын айта кету керек. Біздің ойымызша, концептуалдық метафоралар адамның ассоциативтік қабылдауына әсер етеді, себебі түйсіну дәрежесінде адамның әлемге көзқарасын нақтылайды. Мысалы, тамшылар, жауын адам санасында неліктен көз жасымен ассоциацияланады. Өйткені оның ұқсастығы бар.

Мысалы, Мәшһүр Жүсіптегі:

Ақ сұңқар *аспандағы түсер торға,*

Өрлеген өнерпаздар жығылды орға [7, 348], - деген өлең жолдарына тоқталар болсақ, ақын осы өлең жолдарында қазақтан шыққан зиялы қауымның жазықсыздан-жазықсыз жапа шегіп, қуғын-сүргінге ұшырағандары жайлы айтқысы келеді. *Ақ сұңқар* атауы жағымды образдың көрсеткіші болып табылады. Биік, таулы жерді мекендейтін бұл қыран құстың атауы – еркіндікті көксейтін, алғыр, мықты, биік мұрат иесі бейнелерін сомдайтын сөзқолданыс болып табылады. Сондықтан ассоциация сананың терең түбінде жатқан концептуалдық метафораларды қозғайды да, жаңа метафоралардың тууына негіз болады.

Концептуалды метафоралар тұрақты болып табылады, тілдік және бейнелі метафоралар – өзгергіш және дәуірдің әлеуметтік-мәдени факторларына негізделеді. Концептуалды метафоралар өзінің бойына мәдени элементтер жүйесін қамти отырып, ұзақ уақыт бойында қалыптасады; тілдік және бейнелі метафора осы үдерістің нәтижесін көрсетеді. Осы тұрғыда концептуалдық

метафоралар мен олардың тілдік көрініс арасындағы «делдалды» түрлі терминдермен атау үрдісі бар. Олар: бейнелі аталымдар, фрейм, инвариант/ бейнелі парадигма, тақырыптық код.

Бұл модельдердің концептуалдық және тілдік, бейнелі метафораларға қатынасы әртүрлі. Объектілік дерексіз модельдер концептуалдық метафораның қаңқасы болады және оның құрылымын анықтайды. Осы модельдер арқылы тұтас мағыналық аяның концептуалданатыны туралы айтуға болады. Ал тілдік және бейнелі метафораларға қатысын айтар болсақ, тілдік санада жасырын сақталатын метафоралық модельдер олардың қалыптасуына негіз болады. Сондықтан тілдік материалды неғұрлым молынан сипаттау метафоралардың әр түрінің арасындағы өзара қатынасты анықтауға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Балли Ш. Французская стилистика. М.: УРСС, 2001. 393 с.

2. Москвин В.П. Русская метафора: Очерк семиотической теории. М.: ЛЕНАНД, 2006. 184 с.

3. Қасым Б.Қ.Сөзжасам: семантика, уәждеме / Оқу құралы. - Алматы, 2003. - 167 б.

4. Скляревская Г.Н. Метафора в системе языка. СПб.: Филологический факультет СПбГУ, 2004. 166 с.

5. Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем. М.: Едиториал УРСС, 2004. 256 с.

6. Лузина Л. Г. Когнитивная метафора // Краткий словарь когнитивных терминов / Под ред. Е. С. Кубряковой. М., 1996. 245 с.

7. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы өлеңдері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 1 т. – 425 б.

Кенжеболатова С.К.
магистрант,
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

А.АЛТАЙДЫҢ "ҚАРА БУРА" ПОВЕСІНДЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕРДІҢ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕГІ ИІРІМДЕРІ

Егемендік жылдары қазақ жазушылары әңгіме жанрында қалыптасқан дәстүрмен сабақтастыра отырып, мазмұндық, түрлік ізденістерге барды. Қазіргі қазақ прозалық шығармаларында модернистік, постмодернистік ағымдар байқала бастады. С.У.Такиров, Ж.Н.Шәмшиеваның ғылыми мақаласына сілтеме жасар болсақ, "Қазақ әдебиетінің кейінгі толқынының сюжет құру ерекшеліктерін дәстүрлі прозаға қарағанда өзгеше екені мәлім. Бұл ерекшелік авторлық ұстанымына, уақыт пен кеңістік рөлімен түсіндіріледі. Ұлттық әдебиеттегі ашыла жазуға, көсіле жазуға заманы мүмкіндік бермеген модерндік

әңгіме үлгісі заманауи прозашыларымыз тарапынан қазіргі дәуірде постмодерндік әңгіме үлгісіне айналды. Атап айтар болсақ, Жүсіпбек Қорғасбек, Нұрғали Ораз, Асқар Алтай, Дидар Амантай, Роза Мұқанова тағы басқа жазушылардың әңгімелерін ұғыну үшін олардың постмодерндік бағытының тереңіне үңілуіміз керек",–дейді[1].Постмодернисттік прозаиктердің туындылары оқу барысында оқиға оқыс аяқталады. Әрі оқиғаның шешімін шығару оқырманның өзіне қалады. Байқағанымыздай, біздің зерттеуіміздің негізі–Асқар Алтай да постмодернисттік жазушылар қатарынан. Ендеше постмодернизм дегеніміз не?

"Қазақ әдеби тілінің сөздігін" негізге алар болсақ, постмодернизм [лат. postmodernisme] зат. Өнердегі модернизмнен кейінгі, қазіргі заманғы бағыт. Жаңа дәуір рационализмі, ағартушылық дәуірінің ағымы, сондай-ақ XIX ғ. екінші жартысы әдебиет, XX ғасырдың басындағы авангардтық бағытта қазіргі заман ретінде қаралуы мүмкін, сол себепті осы дәуірлерден кейінгінің бәрін *постмодернизм*деп атайды (ҚҰЭ) [2, 387-388]

Постмодернизм (ағылш. postmodernism) дегеніміз – әуелде сәулет өнері саласында қолданылған атау болып, тура мағынасы – "модерннен кейінгі", яғни "осы заманнан кейінгі","соңғы", "жаңа заман" деген мағынаны білдіреді. Бұл сөздің қазақша баламасы тұрақтанбаған, кейде оны "соңғы осы заманшылдық" деп те атап жүр[3]. Демек, Асқар Алтайды "жаңа заман" жазушысы, "заманауи прозаик" деуге толық негіз бар.

Қазіргі тәуелсіз қазақ әдебиетінде Асқар Алтай – өз бағытын айқындап, стилін танытқан жазушы. Оның шығармаларынан кезінде З.Қабдолов жазушыдан талап ететін сегіз қасиетті толық көруге болады. Оның «Қара бура» повесі, «Қараштың қарасы» әңгімесі қазақ басынан өткерген небір тарихи оқиғалардан сыр шертеді. Асқар Алтай шығармаларындағы бір ерекшелік– шығарма ішіне тағы бір шығармаға сюжет боларлық бір оқиғаны сыйғызып жіберуі. Мұндай тәсіл көбіне О.Бөкей шығармаларына тән болатын. «Қара бурадағы» ботасын іздеген ақ түйе туралы аңыз, «Қараштың қарасындағы» Қараш батыр туралы әңгіме мен «Ереуілтөбе» жайындағы тарихи оқиғалар шығарма құрылысына нұқсан келтірмей, негізгі оқиғамен жымын білдірмей кірігіп кеткен. Асқар Алтай көбіне қазақ елінің өткенін безбендеп, елдігін танытатындай тақырыпта жазады [4]. Қазақтың бай ұлттық танымынан терең хабар береді. Ол – әдебиет пен этнографияны сабақтастыра отырып, этностың өміршең бейнесін көркем бейнелей білген суреткер жазушы. Сонымен да болар, талғампаз оқырман жазушының туындыларын тағатсыздана күтеді.

Ал біздің зерттеуіміздегі негізгі объект – "Қара бура" повесі, ондағы кейіпкерлердің ауызекі сөйлеу тіліндегі иірімдері. Повестің өн бойында кездесетін кейіпкерлердің монологы, диолог, полилог сынды сөйлеу тіліне, стильдік ерекшелігіне ден қоя қарастыру – мақсатымыз. "Қара бура" повесінің ең бір жүректі тебірентіп, түршіктіретін тұсы – Нар маяның Ақ ботасынан айырылуы. Бұл тұсты жазушының шебер бергені соншалықты, оқырман бей-жай қала алмайды. Әрі ауыл ақсақалының монолог сөзі де повесті одан сайын аша түскендей.

... – Алда-ай, аруана-ай, ақ сүтің жерге сіңіп, ақ мамаң тартылатын болды-ау! Алда-ай, аруана-ай, ақ ботаң опат болып, ақ жүрегің солатын болды-ау!... Сүтіңді жерге сауып боздадың ғой... Жүрегіңді көкірегіңе сыйдыра алмай сорладың ғой.... Ауылыңның ардақтысы едің, аруана! Ақ ботаңды аңсап, айдалада зарладың Ақ мая! Нар ботаңды іздеп, маңайыңды барладың Нар мая! Қайғы-шерге қамалып, қу медиенді шарладың мая! Қасірет күйі кетпеді зая... Ақ ботаңа жолықтың Ақ мая! Нар ботаңнан қорықтың Нар мая! Қу толақ болған ботаңды ая! Ая да жоқта... [5, 78].

"Қазақ әдеби тілінің сөздігінде" монолог терминіне төмендегідей анықтама берілген:

Монолог –[грек. monologos, monos –жалғыз, logos-сөз]зат. 1. әдеб. Әдеби шығармадағы кейіпкердің жеке сөзі. Жазушы Ағарыстың ішкі монологы арқылы қазақ елінің өксігін, мұң-наласын сыртқа шығарады («ҚАЗАҚ ӘДЕБ.»). 2. театр. Драматургиялық шығармадағы кейіпкердің өзімен-өзі сырласа айтқан сөзі монолог түрінде беріледі («Қазақ әдебиеті»). Сахналық монологта кейіпкер өзімен-өзі сырласқандай болып, тыңдаушы не көрерменнен жауап күтпейді (ҚҰЭ)[6,282].

Асқар Алтайдың «Қара бура» повесінде диалог пен полилог та кездеседі. Төмендегі келтірілген мысалда қарт Ескендірдің баласыніздеген жолаушымен диалогы баяндалады.

Осы бір өткен өмірін тез ойлап өткен шал ауыл шетіне тақап қалғанында салт атпен шапқылаған біреу қуып жетті. Жеткен бойда үрейлі асығыс дауыспен:

–Жолда жас бала кездестірмедіңіз бе? Жас бала... – деді аман-саулықсыз.

– Жоқ,–деп қалып, Ескендірдің жүрегі зырқ ете түсті. Тоңазыған тұла бойы шіміркеніп кетті.

– Апырай-ә!... Сізден үміттеніп ем?! Балам жоқ. Бүгін кештетіп, осы "Бесіншіден" шыққан екен, мектепте оқушы еді. Астындағы аты ер-тұрманымен бос келді. Жас құнан еді, бір жерде жығып кетті ме, білмеймін... Енді қайттім?

Шалдың ентігі күшейе түсті. Бірақ жамандыққа қиғысы жоқ.

– Қарағым, қорықпа!... Көп уақыт өткен жоқ қой. Табылады, табамыз! – деді жұбатқан болып.

– Тұңғышым еді... Өзіміз биыл ғана "Бесіншіге" Қойтас жағынан көшіп келіп едік. Жер жағдайын да білмейтін. Адасып кетті ме, кім білсін? .. О, құдайым-ай!.. Енді не амал істеймін?! [5, 82-83].

Мұндағы диалогтың ерекшелігі–Ескендір мен жолаушының диалогымен қатар, Ескендірдің ішкі ойы, ішкі сөзі бірге берілген. "Менің Қара бурам баланы шайнап тастамаса екен" деген ой–оның ішкі сөзі. "Ішкі сөз" термині "Қазақ тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде" былай деп анықталады:

"Ішкі сөз орыс. внутренняя речь –субъектінің (сөйлеушінің) өзіне арналған, дыбысталып, ашық айтылмайтын сөзі (ойы). Тіл білімінде *ішкі сөз* әртүрлі тұрғыда қаралады" [7, 401]. Яғни, мысалда берілгендей, Ескендірдің үрейін автор диалогтың ішіне "ішкі сөз" ретінде ұтымды берген.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде диалог терминінің анықтамасы төмендегідей:

«Диалог – [грек. dialogos]. зат. 1. лингв. Ауызекі сөйлеу түрі, екі ия одан да көп адамдардың пікір алысуы. Диалог –ауызекі әңгімелесу пішімі екі, одан да көп адамдардың пікір алысуы (ҚҰЭ). 2. әдеб.көркем шығармада қолданылатын тәсіл, кейіпкерлердің өзара әңгімесі. Көркем әдебиетті кейіпкерлер атынан айтылатын төл сөздиалог және монолог түрінде келеді. Диалог–екі адамның белгілі біртақырып шеңберінде сөйлеуі (Х. Кәрімов, Қанатты тіл). 3. ресми. Екі немесе бірнеше елдер арасындағы қақтығыстарды реттеу үшін жүргізілетін келіссөздер. 4. инф.<ағыл. dialog> адам мен компьютердің арасындағы сұрақ және жауап түрінде екіжақты ақпарат алмасу [8,665].

Ал мына мысалда автор қазақ халқының өмірінде төрт түліктің қаншалықты орын алатынын ұтымды баяндаған.

–Есеке, мұныңыз міне, дұрыс. Алғашқы құрбандықты өзіңіз қандадыңыз, – деп, түйешілердің бригадирі сөйлей келді.– Өкімет айтқан екен, көнген жөн. Олар біледі. Ақылға келгенің жақсы болды...

– Әй, не былшылдап тұрсың, Есқазы?! Кімге ақыл үйретпексің сен? Өз ақылың – өзіңе, – деп Ескендір атып тұрған. Қолындағы кездік ұшынан ақ қарға қан тамшылайды.

– Тағы өз әніңе бастың ба? – Есқазы ат үстінен қамшы сабын тізесіне тірей шірене қалды. – Айдалып кеткенің аз ба саған... Түйе мен жылқы деп жүрген сенен басқа да жұрт бар. Суыққа қатып жүрген оларды да ойлау керек.

Қаны басына шауып тұрған Ескендір әлі де өзін сабырмен ұстап:

–Олар үшін жаның ауырмай-ақ қойсын. Мал үшін атам қазақ жанын жалдай алады. Сенікі белгілі байбалам ғой... – дей бергенінде, ауданнан келген уәкіл араласты[5, 64-65].

Диалогта екі сөйлеушінің арасында түйе түлігіне қатысты мәселе баяндалған. Қазақ халқының кәсібі –ертеден төрт түлік малмен байланысты. Шығарманың басты қаһармандарының бірі –Ескендірдің "мал үшін атам қазақ жанын жалдай алады" деген сөйленісі арқылы автор төрт түлік малдың қазақ өміріндегі елеулі орнын дәл жеткізе білген.

Повесте кездесетін ауызекі сөйлеу тілінің тағы бір көрінісі –полилог. Полилог терминіне ғылымда мынадай анықтама берілген: "Полилог (грек. polys– көп, logos–сөз, әңгіме)–бірнеше адамның арасында болатын әңгіме. "Полилог" термині тілдің қарым-қатынастық қасиетін зерттеуде "диалог" терминіне қосымша қабылданған. Сөйлесушілердің саны екеу немесе одан көп болуы диалогтің сипатына қайшы келмейді, қайта олардың монологқа қарама-қарсы ортақ қасиетін аша түседі. Полилог сөйлеу тілінің формасы мен жанрына жатады [9].

Бағана қара бура шөккеннен кейін-ақ, әркім әртүрлі ой айтқан, әркім әртүрлі сөзге келіп, ортақ шешімге тоқтай алмаған. Ешкім де тиянақты пікір білдірмеді. Осы кезде:

– Кімде қант бар? деген нәзік дауыс естілген. Бәрі бұрыла қараған. – Қант керек. Бұл бура, менің бурам. Қант беріңіздерші? – Терезе "көзінен" нәркес жанарымен қара бураны алғаш көрген қыз екен.

– Қайдағы сенікі?... Сен кімсің, өзің? ... – деп қалды біреулер.

– Мен Ескендір қарттың немересімін. Бесінші класқа дейін сіздердің ауылда оқыған едім. Бура бота кезінде іңген екеуіне мен жем беріп асырап едім, – дей берген қыз сөзін:

– Сен – Ұлболсынсың ғой, – деп жүргізушімен сөзге келісіп қалған қызба жігіт бөліп жіберді.

– Тыныш тұр, жүгермек! Бұрын танысаң қайда қалдың, – деді ақ кимешекті кемпір зілсіз сөйлеп: – Қызым, менде бар. Бірақ оны қайтесің, оған мына дию алданбайды ғой, – деп, қос уыс қант алып берді.

– Апа, үш-төрт жыл өтіп кетсе детануға тиіс... Басыңыздағы ақ кимешекті беріңізші, бұл мал ақ түсті сүйеді, – деді Ұлболсын. – Ол мені таниды.

– Қой, қарағым, мерт боласың!.. – деп кемпір келісім бермеді.

– Ұлболсын, ол атышулы патшағар!.. Сен ешқайда шықпайың; жібермейміз!.. – деп, еркектер үзілді-кесілді қарсы болды. Сонда да қыз жүргізуші отыратын орынға өтіп, шофер есігінің терезесін ашып, қолымен қантты ұсына дауыстай шақыра бастады [5,54-55].

"Полилог" терминінің ғылми анықтамасына сәйкес, берілген үзіндіде бірнеше сөйлеуші, субъект қатысқан. Олар:

- Ұлболсын – Ескендірдің немересі, Қара бураны кішкентайынан асыраған қыз;
- автобустың шопыры;
- ақ кимешекті жолаушы апай;
- автобус ішіндегі басқа да жолаушылар.

Автор бұл полилог арқылы оқырманға повестт жайлы кіріспе хабар береді. Тағы бір ерекшелік – бураның мінезі мен жыл мезгілінің бірі қақаған, ысқырған аязды, боранды-шашынды қысты параллель сипаттайды. Ғылымда мұндай құбылысты параллелизм деп атаймыз. Оқиға кезіндегі қыс мезгілінің қаттылығымен бураның ашулы мінезі бірін-бірі толықтырғандай.

Академик М. Серғалиев: "Параллелизм – екі немесе одан да көп заттың, құбылыстың негізгі белгілерінің ұқсастығы. Соған байланысты синтаксистік құрылымның жарыспалы келуі параллелизмнің тілдік көрінісі ретінде танылады",–деген анықтама береді[10, 249].

Ал "Қазақ әдеби тілінің сөздігінде", "Параллелизм [грек. parallelismos] зат. әдеб. Екі құбылысты қаз-қатар алып, салғастыра сөйлейтін поэтикалық тілдің тәсілі. Қазақ поэзиясында параллелизм эпостық жырларда айрықша орын алады (Әдеб. термин. сөздігі). Параллелизм құрылымдары бірдей оралымдар немесе сөйлемдерді, бір типті сөздерді симметрия арқылы қайталанудан тұрған ерекше бір синтаксистік құрылым (Қаз. тілі. энцик.) [12, 303].

Ғ.Қалиевтің "Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде" "Параллелизм (грек. parallelismos> parallelos қатар жүруші, симметрия) – бір-

біріне ұқсас құрылымды сөйлемдер мен сөз тіркестерінің, формалас сөйлем мүшелерінің қабаттаса қатар қолданылуы" деген анықтама беріліп, келесідей мысалмен дәйектеледі: Алдыңғы кезек менікі, соңғы кезек сенікі (Ауыз әдебиет) [7, 246].

Байқағанымыздай, зерттеліп отырған повесте кейіпкерлердің ауызекі сөйлеу түрлерінің барлық түрі кездеседі. Олар: монолог, полилог, диалог. Автор кейіпкерлерді сөйлету барысында диалогпен қатар қаһарманның ішкі сөзін беруі, табиғаттың тылсымымен бураның жойқын мінезін параллелизм арқылы суреттеуі –повестің әсерлі тұстарының бірі. Кейіпкерлердің сөз қолданысындағы қазақ ұлтына ғана тән этнолингвистикалық сипаттағы сөздер –повестің ұлттық бояуын қанықтыра түскен.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. https://articlekz.com/kk/article/16155
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. (XII том). –Алматы, 2011. –752б.
3. https://kk.wikipedia.org/wiki
4. http://anatili.kazgazeta.kz/?p=12202
5. Алтай А. Киллер сауысқан. Повестер мен әңгімелер.–Алматы: Арда+7, 2013.–400 б.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. (XI том). –Алматы: Арыс, 2009. –752б.
7. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь", 2005. – 440 б.
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. (IV том). –Алматы: Арыс, 2007. –752б.
9. https://kk.wikipedia.org/wiki
10. Серғалиев М. Стилистика негіздері. –Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. –273 б.

Қазанбаева А.З.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ АТАУЛАР

Тілдің негізгі тірегі сөз болып табылады. Сөз- халқымыздың өткен тұрмыс-тіршілігінің, ой- сезімінің, елдігі мен ерлігінің куәсі екені белгілі. Тіліміздегі сөздер, сөз тіркестері, фразеологизмдер- тілдік бірліктердің ішіндегі куммулятивтік қызметі ерекше байқалатын, бірнеше мыңжылдықтар бойында пайда болып, дамып қалыптасқан, әдеби тіл дамуы кезеңдерінің өзіндік ерекшелігін айқындайтын тілдің ажырамас бір бөлігі.

Ұлт тіліндегі этномәдени лексика ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, оның мәдени мұрасы ретінде сақталып, этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының негізгі көрсеткіші болып табылады. Кез келген тілдің көрінісі халықтың тарихына,

мәдениетіне, әдебиетіне, салт- дәстүріне, әдет- ғұрпына, дүниетанымына, жалпы тұрмыс- тіршілігіне байланысты болып, сол тілден мол деректер беріп, рухани және материалдық мәдениетін айқындай түседі.Тілді мәдениетпен байланыстыра зерттейтін, сонымен бірге тілдің қызметіндегі және қалыптасуындағы, дамуындағы лингвистикалық, этномәдени және этнопсихологиялық факторлардың өзара әсерін, бір-бірімен байланысын қарастыратын тіл біліміндегі жаңа бағыттардың бірі этнолингвистика болып табылады.

Ғалым Е.Жанпейісов: «Этнолингвистика өзінің бітім-болмысы, табиғаты жөнінен жалпы тарихи категория болып табылады. Себебі ол этностың қазіргісін ғана емес, көбінесе өткенін зерттейді. Ал этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқынырақ көрінеді»,– дейді [1, 4].

Ғалым Ж. А. Манкеева: «Қазіргі тіл білімінде ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретіндегі тілді зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Оның себебі: әр тіл өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол жай таңбалық жүйе емес, ол- мәдениет айнасы. Олай болса, ондай жүйені зерттеуде дәстүрлі құрылымдық лингвистиканың мүмкіншілігі шектеулі екені байқалады. Себебі бұл арада тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, ол (тіл) – этномәдени ақпаратты жинап, сақтаушы, жеткізуші, келесі ұрпаққа жалғастырушы, сайып келгенде ұлтты бір бүтін етіп тұтастырушы»,- деген пікірі тіл мен мәдениеттің сабақтастығын, тілдің бойындағы ұлттық сипатты айқындай түседі [2, 15].

Бірақ этностың көне дәуіріндегі тарихынан, мәдени өмірінен хабардар ететін этнографизмдер, тіліміздегі мағынасы ұмыт болған әртүрлі этноатаулар олардың сырын ашуды, танытуды қажет етеді. Осы орайда қазақтың қара сөзін бағзы мәдениеттің жетегінде тіл арқылы анықтап, келер ұрпақтың санасына зор мақтанышпен жеткізу-ұлт болмысын, ұлт мәдениетің танытудың бір жолы. Осыған орай, қазақ лексикасындағы лингвокультуремалар ретіндегі этнографизмдер, ескіліктер т.б. этнодеректер мәдени-рухани байлықтың бір көзін құрайды. Қазірде бұл этноатаулар қоғамдық қарым-қатынас кезінде белсенді қолданылмаса да, бұл сөздердің дені диалектілік лексикада, тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдердің құрамында, тарихи көркем шығарма тілінде, ауыз әдебиеті, фольклор мен эпос тілінде сақталған.

Қазіргі этнолингвистиканың теориялық және практикалық қажеттіліктерінің негізінде этномәдени лексика қарастырылып, линвистикалық талдаулар жүзеге аса бастады. Сөздердің белгілі бір ұлтқа қатысты қолданыстық сипаты осы этнолексика аясында қарастырылады.

Қазақ тіл біліміндегі этнолексика этнографиялық, тарихи, лексика-семантикалық, этимологиялық, танымдық тұрғыдан қарастырылып келеді. Қолданыстағы сөздің этноқызметі, мағынасы оның тілдік қатынастағы жұмсалу ерекшеліктерін айқындаумен маңыздырақ. Мәтін құрамындағы сөздің, сөз тіркесінің этнолингвистикалық қолданылу ерекшеліктерінің айқындалуы тілдің әлеуметтік ортадағы қызметі туралы жан-жақты хабар беруге бағытталады.

Тіліміздегі сөздердің мәтін ішіндегі қолданысы этнолексика арқылы көрініс беріп, тұтастай бір ұлттың этномәдени, тарихи, ұлттық бітім- болмысын таныта түседі.

Этнолексикалық қолданыстар тек атауыштық қызмет атқарып қана қоймайды, сонымен қатар олардың қарым-қатынастық ролі де айқын көрінеді. Этнолексика арқылы қазақ халқының дүниетанымы, ұлттық ерекшелігі көрініс беріп, этнолексикаға қатысты атаулар қолданыс барысында әр түрлі мағыналық реңктерді кеңінен қамтиды. Қазақ тіліндегі этнолексика, этноатаулар ауыз әдебиетімізде, көркем шығармаларда кеңінен қолданылып, сол ұлттың табиғатын айқын көрсетіп бере алады. Тіліміздегі этнолексикаға жатқызылатын атаулар этностың тілінен, сол этнос туралы жазылған көркем әдебиеттен орын алады және ұрпақтан- ұрпаққа ұлттық әрі рухани байлығымыз іспетті жеткізіліп отырады.

Этнолексика, мәдени лексика жайлы құнды пікірлер ғалым Ж.А.Манкеева еңбектерінде қарастырылып, дәлелді тұжырымдар берілген. Ғалым этнолексикаға былайша баға береді: «Сонымен көне тамырлы этнолексика халықтың этномәдени тарихы және тілдік шығармашылығы туралы баға жетпес «ақпарат» көзі болып табылады. Оның негізін құрайтын тұрмыстық лексиканың дені- ұлттық материалдық мәдениеттің реликті әрі рухани байлығымыздың түбірі. Себебі бұл жүйедегі сөздер тек атауыштық қызмет қана атқармайды. Қазақ тіліндегі заттық мәдениетке қатысты атаулар немесе тұрмыстық лексика қазақ халқының материалдық өндірісінің деңгейін, сипатын, түрлерін және шаруашылық пен тұрғын үй мүліктері, киім мен тұрмыс бұйымдарын әшекейлеуге қажет мұқтаждықты қамтамасыз етуге бағытталған қазақтың халықтық қолөнер бұйымдарын бейнелейді. Ал олар – қазақ халқының материалдық қана емес, рухани да байлығының көрсеткіші» [3, 7]. Ғалымның пікірінде келтірілгендей, тіліміздегі этнолексиканы құрайтын атаулар сан-салалы болып келеді.

Міржақып Дулатовтың “Бақытсыз Жамал” романынан мысал келтірер болсақ. Мысалы: Қыстай бір-біріне араласпаған ағайындар сағынысып, қашаннан астас, тойлас болған ғадеттерінше бір ауылды бір ауыл **ерулікке шақыра** бастады. Бозбалалар араласып “қымыз ішеміз” деген болып, тәуір киімдерін киіп, жақсы аттарын мініп, қызды ауылды қырындап жүрулері көрініп, балалар да сау тайларын үйретпекте еді [5,6].

Бекжан начальниктен тағы естігенін сөйлей бастағанда, әлгі топтағып отырған халыққа бір жігіт шауып келіп:

– Сүйінші, Сәрсеке! Шолпан жеңге аман-есен босанып, тақия тігіп беретін тапты,– деді. Сол уақытта жастар “Сәрсеке” деп, үлкендер:

– Сәрсенбай, қуаныш қайырлы болсын, Алла ұзағынан сүйіндірсін, әйел бала демеңіз!– десті. Сәрсенбай:

–Жоқ, олай демеңіздер, мен қайбір ұл-қыз таңдайын деп жүрген кісі,- деп орнынан тұрып, атына мініп үйіне қайтты [5, 7].

Мұнан кейін көп уақыт өткізбей, Сәрсенбай **бір қыз айттырды**. Өздеріне қырық шақырым жерде Сайболат деген елде Жарас деген молланың бір ұл, бір

қызы бар екен. Молла опат болған соң болған соң, қатынын бір жақын кедей **әмеңгері алып**, әлгі екі жетім бала соның қолына шыққан еді.

Сәрсенбай зор қуанышта болып, **шілдеханаға** қанша қызбозбала жиып, ойын ойнап, қыз бала демей, көл басын шақырып той қылып, баланың есімін Жамал қойып еді [5, 8].

– Жай, басым ауырады,– деп қоюшы еді. Жамал осындай уайымдарда болып жүргенде, бір күні Байжаннан Сәрсенбайға: "Биыл баламды **ұрын жіберемін**", – деп сәлем келді [5,18].

Жамал мен Ғали аз күні ойын-күлкінің қызығымен өздерін дүниедегі бақытты адамдардан санап жүргенде, бір күні бұларға үлкен қасіретті хабар естілді: "Байжан мен Сәрсенбайдың арасындағы уағдалары болып, енді бір айда Жұман **күйеу ұрын келіп, қалыңдық ойнайды** " деген өсек расқа шықты [5, 27].

Бастан-аяқ оқиғаны Ғали Фатихолла байға айтқаннан кейін, Фатихолла бай әуелінде осындай қазақтың **қызды жастай құда болып**, біреуге беріп қоятын жаман ғадетін жек көргендігі себепті және де Ғалиды һәм тәуір көретіндігінен, бұл екі мүсәпірді қабыл алды [5, 34].

"Жамал Сәрсенбай қызына ешкім қиянат, жәбір қылмасын! Сүйген күйеуіне баруға өзіне ерік берілді. **Қалың мал** хақында дау болса, волостной съезге салынсын",– деп [5, 35].

Байжанның **барымтаға** аттандырған жігіттері ат, айғыр, ту биеден он екі жылқы алып һәм жолдан Сәрсенбайдың бір қысырағының үйірін қоса айдап барып та қалды [5, 36].

Ерулікке шақырады, қыз айттырды, әмеңгері алып, шілдехана, ұрын жіберемін, күйеу ұрын келіп, қалыңдық ойнайды, қалың мал, барымта және т.б. мысалдарда ұлттың салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына қатысты этнолексика беріліп, ұлттың таным- түсінігінен, болмысынан түсінік береді.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» повесінде де қазақ халқының өмірін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, болмысын, танымдық көрінісін бейнелейтін этномәдени лексика молынан кездесіп, ұлт тарихын айқындайтын ақпарат көзі болып табылады. Этномәдени лексиканың қолданысынан этноақпарат көрініс береді. Көркем шығармада қолданылатын этноатаулардың ұлттық бояу жасаудың бірден-бір құралы, негізі болатындығына көз жеткізу үшін, осы повестен алынған төмендегі үзінділерді келтіруге болады.

Қазақтың тұрмысынан хабардар ететін этнолексика үй-ішіндегі тұрмыстық заттарды атап қана қоймай, сол ұлттың өмірінен, тұрмысынан, тыныс-тіршілігінен, күнделікті тұрмыста қолданған материалдық мәдениетінен толықтай түсінік беретініне көз жеткізіп, танымдық табиғаты айқын көрінеді.

1. Жалғыз-жарым мал көздеген қоңылтақ кедей шалдар бұзау көздеген, **ұршық иірген** кемпірлер немесе **тізе қап** байлаған, бір балағы салпылдаған биешілер болмаса, өзгенің бәрі біраздан соң **қымызға қанып**, күр-күр кекіріп, қарнын сипап, **итарқа, шаңырақ салма, жүк күрке, арба күркелерінің** астына кіріп, манаурады.

2. Жалғыз әйнек жаман үй**, төсеніші- жалаң ши. Жаман шидің төр жағы-ала сырмақ, текемет, текеметте**- Күнікей, жалғыз әйнек түбінде. Алты көзден үшеу жоқ , лақтар ойнап сындырған. Қалғаны аман қалсын деп, әйнекті жүдә жұлдырған. Күн жылыды не керек? Бала- шаға, қозы- лақ жол қып алды әйнекті. Лақ ойнақтап көрпеге, жығып кетеді шәйнекті [4, 235].

3. Әйтеуір көктің көлемі ғой, бір жағынан, Құлтума мен Жұматайдың еңбегін еміп, бір жағынан, қызымен екеуі байлардың **жібін иіріп, алашасын, бауын тоқып, сырмағын сырып, кестесін тігіп,** ұрттап- жалап жаз бойы тамақтан кенде болған жоқ [4, 260].

4. Құдалардың келу қарсаңында бозбалалар да дәмелі аттарын таң асырып, **ер- тоқымын, айыл- тұрманын** түзеп, қам қылысты. Анадай жерге **сегіз қанат ақ отау тігіліп, іші кілем, киіз, алаша, көрпе, жастық, түс киізбен безелді** [4, 233-305].

5. Өз әлінше Шекер де үйінің ішін мырсындай қылып қойыпты. Атасы өлсе, атамайтын жалғыз **қара ала сырмағын** төрінің алдына төсепті. **Ноқталы кебісін, тот әбдіре, шалжақ ауыз сандығын, шоқпыт төсегін, тон-мон, жүн-жұрқаларын текшелеп жинап, ескі алашамен** бүркеген болыпты. Бұрын жадағай-жайдақ жататын **қазан-аяқ жаққа шыпта құрыпты,** жалғыз-ақ от басында тұратын **қара құман** жылжып барып, **босағадан** орын алыпты [4, 299].

Жоғарыда берілген мысалдардан қазақ тұрмысының суреті бейнеленіп, материалдық мәдениет айқындала түседі. **«Тізе қап, итарқа, шаңырақ салма, жүк күрке, арба күрке, жалаң ши, қара ала сырмақ, текемет, алаша, кілем, түс киіз, әбдіре, сандық, ұршық, қазан-аяқ, қара құман»** секілді қазақ тұрмысында дайындалатын дәстүрлі бұйымдар ерекшелігіне қарай негізгі қолданған шикізаттары төрт түлік малдың жүні мен терісі, аң терілері, құстың мамығы және әр түрлі өсімдіктер болған. Тілдік жүйедегі қазақ қолөнеріне байланысты атауларды олардың экстралингвистикалық мәнділіктерімен тығыз байланыстыра отырып этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу белгілі бір тақырыптық топтарға жататын атаулар жүйесінің құрылымын, олардың тілдегі көрінісін, қалыптасу заңдылықтарын айқындауға мүмкіндік береді. Қазақ қолөнеріне байланысты атаулардың рухани мәдениетпен астасып жатуы этнолингвистикалық зерттеуді қажет етеді.

Тіл мен мәдениет негізінде қалыптасқан қолөнерге байланысты туындаған этнолексика, этноатаулар белгілі бір уәжділігі бар сөзқолданыстар. Қазақ қолөнеріне байланысты туындаған атаулар сол ұлттың эстетикалық талғамының деңгейін, рухани танымының жетістігін және шығармашылық еңбегін әрі табиғатты игерудегі өмірлік тәжірибесін байқатады. Қолөнерге қатысты бұйым атаулары қазақ халқының тұрмысындағы рухани, мәдени, әлеуметтік ролін айқындап ғана қоймайды, сонымен қатар олар ұлт мәдениетінің қалыптасқан тұтас бір бөлшегі ретінде саналады. Этнолексика ұлттық- тарихи колорит жасауда таптырмас тілдік құрал болып табылады. Мына төмендегі үзіндіні мысалға келтіруімізге болады.

Күнікейге **камзол, көйлек, өзіне кебіс, шапан,** Жұматайға **күпі** керек. Құлтуманы қойшы, о түгілі Күнікейге жаңа көрпе, жастыққа тыс,

кестеліорамал, ақ шымылдық, сары қол сандық, қызыл сал керек. Тұяқ: **«Есіккөрсет, малыңды алып, қалыңдығымды бер»**- деп қыңқылдағалы қашан. Қысқы азығы, **соғымы** тағы келеді. **Үш қанат** желкөз баспананың **туырлығы** жұлдыз- жұлдыз: бүктеумен, жазумен, артумен, тігумен, сұрғылданып, өзі үлдіреп тозығы жеткен **құрымға қой сүйкеніп,** лақ секіріп, сиыр мүйіздеп, сау тамтығын тастамады. Бір жағынан бозбаласы түскір іргенің сиқын кетіріп бітті: **шиде қирамаған аяқ, үзілмеген бау** қалған жоқ [4,267]. Суреттеліп отырған этномәдени лексиканың маңыздылығы оқырманға жетуі және оның санасынан орын алып ұлт менталитетіндегі алатын орнының айрықша көрінетінінде.

Шәмшидің күйеуі келгенге жұрт масайрап, Күнікейдің құрбы-құрдастары **атлас, торғын, жібек, бәтес, мақпал, барқыт киіп, күміс баулы, сандық шомбал шолпылары** күнге шағылысып, құйымшағын соғып, қызылды-жасылды, **оқалы, зерлі тақиялардың шоқпардай үкілері үлпілдеп, күлтелі қос етектері күлкілдеп**, он кез бәтесті аяғымен теуіп, бұлғаңдап, сәнденіп жүргенін көргенде, Шекердің іші қазандай қайнайды, оларды көргенде Шекердің көзі мұзға тайғандай, сырғанап өте шығады да, көрмегенсіп, қырын қарап кетеді [4,267]. Мысалда берілген матаның түрлері де қазақтың қыз-келіншектері талғаммен киініп, ұлттық салт-дәстүрді сақтағанын байқатады. Зергерлік бұйымдарды да орнымен қолданып, материалдық мәдениет ұлт тілінде көрініс берген. Ұлттық мәдениетімізді танытатын киім атаулары, зергерлік бұйымдардың қолданысынан тілдік атаулардың этномәдени фоны анық көрініс береді.

Сонымен қатар шығармада қазақтың салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына қатысты этноатаулар да қолданылып, ұлттық болмысты аша түседі. Мысалы: Қатындар қалыңдықты ортаға алып, оң жаққа шымылдық құрып: **«Шымылдық құрар», «қол ұстатар», «шаш сипар», «төсек салар», «етік шешер», «ірге тебер», «көрпе қимылдатар» кәделерін,** «жол менікі, сенің жолың анау, жолы біткен» десіп, керілдесіп, керісіп, таласа-тармаса бір жапырақтан жырымдап алысуға, оның артын ала жаздай өсекке, пыш-пышқа, араздыққа айналдыруға байдың үйіне қарай ентелесті [4, 281]. Жоғарыда берілген сөйлемде қазақ әдет-ғұрпындағы жөн-жоралғылардың түрлері беріліп, ұлттың мәдениетінен ақпарат береді. Тағы да мысал келтіретін болсақ: Мұсатай, Әйтікен сияқты бозбалалар да керіліп, ырғалаңдап, көзін ашып-жұмып, айғайды салып, бүгінгі көшті ойын-сауық қылып жіберді. Сауықтың арты **«ұйқы ашарға», «аударысқа», «көкпарға»** айналып, жұрт дырду-думанмен қонар жерге келіп қалғанын да білмей қалды [4, 281]. Ұлттық ойын түрлері де кездесіп, ойындарды да барынша талғаммен ойнағанын байқатады және ұлттың танымын аңғарамыз.

Тілдегі этнолексика ұлттың материалдық және рухани мәдениетінің негізін құрайды. Көркем шығармада қолданылған этнолексика, этномәдени атаулар тарихи- мәдени және этнолингвистикалық мазмұн мен мәнді тудыратын категория, ұлттық болмысымыз бен ұлттық танымымызды айқындай түсетін, этноақпаратты көрсететін тілдік материалдар болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жанпейісов Е. Этнолингвистика \\ Ана тілі. –№ 3. 1994,–4 б.
2. Манкеева Ж. М. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2008. –356 б.
3. Манкеева Ж. М. Этнос тілі табиғатының ерекшеліктері \\ Тіл тарихы және сөз табиғаты. Ғылыми мақалалар жинағы.–Алматы, 1997. –235 б.
4. Аймауытов. Ж. Ақбілек (роман, повесть, әңгіме). – Астана, 1998.–325 б.
5. Қазақтың 100 романы. – Алматы, 2009.

Қайыров А.Б.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ РУХАНИ-МӘДЕНИ КОНЦЕПТІЛЕР (Б.МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАСЫ БОЙЫНША)

Қазіргі кезде тілді адам болмысымен біртұтастықта, яғни адамға тән таным, ойлау, сана, сөйлеу әрекеттерімен бірлікте алып қарау қолға алына бастады. Осыған орай қазіргі тіл біліміндегі зерттеулердің негізгі өзегі - адам баласының қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды ақыл-ой, сана арқылы таныпбілуі болып отыр. Сондықтан бүгінгі лингвистикалық зерттеулерде дүниетанымдық концептілерүлкен маңызға ие.Осымен байланысты Б.Момышұлы шығармаларындағы рухани-мәдени концептілер туралы айтпас бұрын «концепт» терминінің мәнін түсініп алған жөн. Когнитивтік тіл білімінің басты категориясы болып табылатын «концепт»термині Ю.С.Степанов, С.Аскольдов, В.А.Маслова, Д.С.Лихачев, Е.С.Кубрякова т.б. орыс ғалымдарының еңбектерінде әр қырынан түсіндіріледі.Мысалы, В.А.Маслова «концепт окружен эмоциональным, экспрессивным, оценочным ореолом; это тот «пучок» представлений, понятий, знаний, ассоциаций, переживаний, который сопровождает слово и выражаемое им понятие. Концепты – предмет эмоций, симпатий, антипатий, а иногда столкновений различных мнений», - деп жазады. Ғалым әрі қарай «ұғым – танылатын обьектінің мәнді, мазмұнды қасиеттерінің жиынтығы болса, ал концепт – мазмұны тілдік құралдардың (лексикалық, фразеологиялық, пареомеологиялық, т.б.) барлығын жинақтайтын өзіндік ерекше ұлттық болмысқа негізделген білімдер жиынтығы» деп, ұғым мен концептінің ерекшелігін ашып көрсетеді.

Отандық тіл білімінде де «концепт» терминіне қатысты мәселелерді Ж.Манкеева, Н.Уәлиев, Қ.Жаманбаева, Г.Снасапова, М.Күштаева, С.Жапақов, А.Ислам, Э.Оразалиева, Г.Мұратова, Ж.Жампейісова, Б.Тілеубердиева т.б. ғалымдар өз еңбектерінде жан-жақты қарастырады. Мысалы, А.Ислам «концепт дегеніміз – белгілі бір ұлттың шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары

туралы сан ғасырлық түсінігін білдіретін және этномәдени санада сақталып ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы құрылым» деген анықтама береді. Демек, концепт дегеніміз – тілдің танымдық қасиеті арқылы дүниені тану, қабылдау, сол дүниенің адам бойындағы көркем бейнесінің ұлттық, шығармашылық деңгейде көрінуі дегенді білдіреді. Сонда концепт термині көне де, жаңа да сөз мағыналарымен пайда болатын ақпараттарды сақтап таратушы деген мәнде жұмсалады. Осыған орай тілді этникалық тұрғыдан қарастыру арқылы көптеген мәдени-танымдық ақпараттармен танысуға болады.

Жалпы, тіл–ұлттың мәдени құндылықтарын, тарихи даму жолын, өзіндік менталитетіне тән дүниетанымдық әлемін, салт-санасын бейнелейді. Ал адам күнделікті өмірде тілдік тұлға ретінде сол тілді тұтынады, қолданады. Бұл жерде тілдік тұлға дегеніміз–ұлттық әдеби тілді толық меңгерген, ұлттық мәдени құндылықтарды бойына сіңірген, ұлттық рухы бар жеке тұлға деген мәнде қолданылады. Осымен байланысты жеке тілдік тұлға ретінде батыр Б.Момышұлы шығармаларындағы афоризмдердің тілтанымдық табиғатын тану маңызды мәселенің бірі болып табылады. Өйткені Бауыржан афоризмдерінің рухани мазмұнына, танымдық болмысына, тілдік ерекшеліктеріне назар аудару арқылы батырдың ұлттық болмыс-бітімін, дүниетанымдық, тілтанымдық тереңдігін түсінуге мүмкіндік аламыз.

Тілдегі афоризмдердің пайда болуы тілдік тұлғаның дүниетанымдық әлеміне, ұшқыр ой мен ұтымды сөзді қолдана білуіне негізделеді. Сонымен қатар афоризмдердің тууына белгілі бір жағдай мен уақыт та себеп болуы мүмкін. Ал афоризмдердің тілдік қолданысқа енуі мен көпшілікке таралуына олардың халықтық сипаты негіз болады. Осы тұжырым тұрғысынан алғанда, Б.Момышұлы афоризмдерінің көпшілігі ел басына күн туған қиын кезеңде айтылып, сол қиын кезеңнің шындығын, сол қиындыққа байланысты адам бойындағы адамдық, адамгершілік қасиеттердің сыналар тұсын дәл де айқын танытады. Б.Момышұлы – өзінің жеке басының қадір-қасиеті арқылы өзгеге үлгі бола білген жан. Сондықтан оның соғыс кезіндегі ерен ерлігі, қайтпас қайсарлығы, өжет өршіл мінезі, бірбеткейлігі, мақсаттылығы, жоғары ұйымдастырушылық қабілеті, әскери тәртібі мен жинақылығы, қаталдығы мен жігерлілігі, ізеттілігі мен сыпайылығы, барлық ізгі қасиеттері оның қанатты сөздері арқылы көрініс тауып жатты. Сол себепті Б.Момышұлы афоризмдерінің тақырып ауқымы өте кең, мағынасы аса терең. Енді Б.Момышұлы шығармалары мен афоризмдеріндегі жекелеген концептілердің мағынасына назар аударайық.

Соғыс концептісі. Бұл концептіге талдау жасау үшін оның түсіндірме сөздіктердегі мағынасына назар аударайық. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде соғыс сөзінің екі түрлі мағынасы көрсетілген. 1.Мемлекеттердің және бір-біріне қайшы таптардың арасында болатын қарулы күрес, ұрыс. *Мысалы, Ұлы Отан соғысы, азамат соғысы*. 2. Ұрысу, шекісу, түйісу мағынасында. *Мысалы: Екеуінің басы соғысып қалды* [1, 573].

С.И.Ожегов құрастырған орыс тілінің түсіндірме сөздігінде де соғыс сөзінің екі түрлі мағынасы берілген. 1. Вооруженная борьба между государствами. напр. Великая Отечественная борьба. 2. перен.: о войне, враждебных отношениях с кем-н., чем-н. [2, 116].

Жалпы, орыс тіл білімінде В.И.Даль құрастырған сөздіктен бастап кейінгі әр жылдарда жарық көрген түрлі сөздіктерінде соғыс сөзінің сан алуан мағынасы, ол туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халықтық ұғымдар,соғыстың түрлері, сипаты жайында жан-жақты зерттеліп талданған.

Негізінен, соғыс сөзі қазақ халқының тілдік санасында адамдардың зор қайғы-қасіреті, бақытсыздық, көз жасы ұғымдарымен байланысты қаралады. Бұл сөздің халықтың өміріндегі барлық қайғылы, қасіретті мән-мағынасын «Соғыс психологиясы» еңбегінде Б.Момышұлы терең ашып береді. Мысалы: «Соғыс–жеке және уақытша, бірақ адам өміріндегі ең қысылтаяң құбылыс. Соғыс ұзақ жылдарға отанның тағдырын, соғысып жатқан халықтың тағдырын шешеді. Соғыс–халықтың күш-қуаты мен ерік-жігерін сынайтын ұлы емтихан. Қаншама жылға созылса да соғыс адам өмірінде жан түршігерлік қасіретті уақиға болып қалады, ол халық жадында терең із қалдырады» деп, соғыстың жеке адам ғана емес, тұтас бір халықтың тағдырындағы қасіретін терең ашып көрсетеді [3, 108].

Қазақ тілінде соғыс сөзінің лингвомәдени мазмұнына оған тікелей не жанама қатысы бар ұрыс, шайқас, майдан секілді тілдік бірліктер де енеді. Лингвокогнитивтік тұрғыдан алғанда, олар соғыс концептісінің мазмұнын аша түсетін, толықтыра түсетін ұғымдар. Аталмыш ұғымдардың мән-мағынасы қазақтың халық ауыз әдебиетінде, соның ішінде, эпостық жырларда, мақал-мәтелдерде, нақыл сөздерде кеңінен көрініс тапқан.

Ұрыс концептісі. Қазақ тіліндегі бұл сөздің негізгі мағынасы керісу, егесу, жанжалдасу, айқайласу дегенді білдіреді. Сонымен қатар ұрыс сөзі көркем әдебиетте соғыс, шайқас, майдан деген сөздердің синонимі ретінде де қолданылады. Ұрыс сөзінің концепт ретіндегі мән-мағынасын бұл сөз қолданылған нақты мысал мен жағдайға талдау жасау арқылы аңғара аламыз. Мысалы: Жеті күн кіріп ұрысқа, Өлімге басың байладың (Бұхар жырау).

Б.Момышұлы шығармалары мен афоризмдерінде де ұрыс сөзінің концепт ретіндегі мағынасын саралауға үлкен мән берілген. Ең алдымен, «Соғыс психологиясында» жазушы «Ұрыс – соғысушы жақтардың ұйымдасқан түрдегі қарулы шайқасы, ұрыста әскерлердің қимылдары мақсаты мен уақыты жағынан бірлікте болады, әрі шайқас онша үлкен емес атыс және тактикалық кеңістікте өрістейді»деп ұрыс сөзінің әскери термин ретіндегі анықтамасын жасайды.

Екіншіден, «Ұрыс дегеніміз – бұл дұшпанға ұйымдасқан түрде әсер ету. Адамға, топқа, дұшпанға әсер ету әр түрлі: ақылмен, психикамен, техникамен, қару-жарақ күшімен. Бірақ ең алдымен ақылмен ықпал ете білу қажет, басқа сөзбен айтқанда, ұрыс дегеніміз - ақыл мен ақылдың шайқасы. Ұрыстың басты, негізгі мақсаты – дұшпанның адам күші мен қару-жарағын жою, құрту, қарсылық көрсете алмайтындай етіп сағын сындырып моральдік күші мен қабілетін басып-жаншу» деп ұрыстың психологиялық сипатын анықтайды [3,

102]. Соғыс, ұрыс сөздерінің концепт түріндегі мазмұны жазушы афоризмдерінде анық бейнеленген. Мысалы:

- *Соғыс – күш жұмсау жолымен жүргізілетін саясаттың жалғасы.*
- *Соғыс жорығы саяхат емес, ұрыс даласы – курорт емес.*
- *Ұрыс даласы – адам кіретін көр де, адам самғайтын өр де.*
- *Ұрыс өнері – ұрыста барынша аз шығынмен жеңіп шығу.*
- *Ұрыс идеалы – бұл ұрыста шығынсыз жеңіп шығу.*
- *Ұрыс бетпердені, өтірікті, жалған батылдықты жұлып тастайды.*
- *Ұрыста өмір ешкімге сыйға берілмейді, жеңіп алынады.*
- *Ұрыста бәрі тексеріледі, адамның барлық жеке қасиеттері сыналады.*
- *Ұрыста ерлік не мүлдем жоғалады, не барынша толық ашылады.*

Үшіншіден, жазушы афоризмдерінде ұрыс, соғыс сөздері адам бойындағы ақыл, ерік, жігер, парыз, ар, ұят, патриотизм, ержүректілік, ерлік, батырлық, батылдық, қаһармандық, т.б. сан алуан көңіл-күй, эмоциялық сезімдермен сабақтаса өріліп отырады. Себебі, бір жағынан, ұрыс, соғыс адам бойында аталған жағымды қасиеттердің қалыптасып күшеюіне мүмкіндік береді. Жазушы «Тек ұрыста ғана адамның барлық қасиеті сынға түседі. Ұрыс психологиясы сан қырлы. Жеке және қоғамдық өмірдегі адам қасиеттеріне соғыс әсер етпей қоймайды. Ұрыста зәреңнің зәр түбіне кеткенін жасыра алмайсың. Ұрыс жалған батырлықтың бетпердесін сыпырып тастайды. Жалған нәрсе оқтың астында шыдас бермейді. Сондықтан ұрыста – соғыста – адамға тән барлық жоғары және төменгі қасиеттер барынша ашылып көрінеді. Бұл сезімдерді екі топқа бөлуге болады: жоғары сезімдер: парыз, адамгершілік, ержүректілік, ерлік, батырлық, қаһармандық, т.б. төменгі сезімдер: үрей, шошу, қорқыныш, опасыздық, ұждансыздық, т.б.» [3, 23]. деп жаза отырып, аталған концептілерге қосымша психологиялық түсіндірме береді және афоризмдер түрінде халыққа кең таралған даналық қорытынды жасайды. Олардың бір парасы төмендегідей.

Парыз концептісі. Парыз – бұл орындалуға тиіс міндет пен әрекет. Парыз алға қойылған міндеттен туады, яғни міндет адамға парызды жүктейді, сондықтан парыз бен міндет адамның қызмет әрекетінде әртүрлі. Парыз дегеніміз - өзінің мағыналық аясына ақыл-ой, сезім, ерік-жігер, ар-ождан, абырой, әділдік, шындық, сүйіспеншілік, сияқты қасиеттерді қамтып, оларды адам өміріндегі қайшы құбылыстарға қарама-қарсы қоятын жоғары интеллектуалды ұғым. Өз парызын саналы түрде түсіну ғана солдатты бәрінен жоғары қояды, оның мәртебесін көтере түседі, қорқақтық пен опасыздықтан сақтандырады. Парызды саналы түрде түсіну ғана жауынгердің қажыр-қайратын, моральдік күші мен қабілетін екі есе арттырып, шабыттандыра, жігерлендіре түседі.Парызды саналы түрде түсіну ғана жеңістерге серпін береді, ерлік адам бойындағы қуатты тасқындатып, творчестволық күш қайнарын ашады. Парызды саналы түрде түсіну ғана барлық игілікті істерге аспандағы бағдар сілтер жұлдыз сияқты, адамның барлық ұлы және тамаша нәрселерге қабілетін арттыра түседі[3, 110].

- *Парыздан мықты күш жоқ.*
- *Парыздан берік сауыт жоқ.*
- *Парыздан нәзік сезім жоқ.*
- *Парыздан қатал қазы жоқ.*
- *Парыз – жан рухы, жүректердің жүрегі.*
- *Парыз – арман мен даңқ шыңы.*
- *Парыз – сүйіспеншілікке шабыттандырушы.*
- *Парыз – сенімділік тірегі.*
- *Парыз – ерліктің жүрегі.*
- *Парыз – ерлік рухы.*
- *Парыз – ар-ождан іргетасы.*
- *Парыз – абырой қорғаны.*
- *Парыз – өмірді ғана мойындайды.*
- *Парызға өлім жат.*

Парыз ерлікке бастайды.

Ерлік дегеніміз - ширыққан ішкі күрестің, ең алдымен, адамның өзін жеңе білген күресінің нәтижесі. Ерлік – бұл табиғат сыйы емес, әскери тәрбиенің жемісі, ең алдымен, өзіңнің ар-намысыңды және азаматтың қасиетті абыройын опасыздық, масқара болу, ұят сезімінен қорғай отырып, отан алдындағы парызды орындау үшін өзіңді саналы түрде қауіп-қатерге бас тігуге мәжбүр етудің нәтижесі[3, 258].

- *Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті.*
- *Ерлік елеусіз қалмайды.*
- *Ептілік те – ерлік.*
- *Ұрыста тәуекел ету де - ерлік.*
- *Ел үшін аянба, ерлігіңе сын.*
- *Ел қорғау жолында ерлікпен өлген ерлердің жазығы жоқ.*
- *Өжеттіктен не пайда, ерлігі мен ақылы, көпті батыр етпесе*.

Жазушы «ерліктің анасы – мақтаныш» деп санап, адамның мақтаныш сезімін екіге бөледі: жеке мақтаныш сезімі және ұлттық мақтаныш сезімі.

«Жеке мақтаныш сезімі ерлікті тудырады. Жасық жан ержүрек бола алмайды. Жасық жан жанқиярлық ерлік жасауға да қабілетсіз.

Ұлттық мақтаныш сезімі – дегеніміз белгілі бір ұлт адамының немесе басқа бір ұлт адамының көптеген жеке мақтаныш сезімінің жиынтығы болып табылады, ұлттық мақтаныш сезімі әрбір ұлт адамдары үшін бұзылмас заң. Кімде-кім өз ұлтын сыйламаса, ол барып тұрған арамза. Өзін сыйлай алған адам өзгені де сыйлай алады, белгілі бір ұлттың толық азаматы болып әрі өз ұлтыңды мақтан ете отырып, сен басқа халыққа да лайықты қарай аласың». [3, 39]. Ерлікпен егіз ұғым – батылдық пен батырлық.

«Батылдық – қимыл әрекет есебін тәуекел етумен үйлестіре алушылық. Тәуекелді есеп ақтайды. Есепсіз тәуекел – тұл».

«Батырлық – ептілікті батылдықпен ұштастыра білушілік. Ойланбай жасалған батырлық - есерсоқтық» [3, 28].

- *Батыр батыр емес, батырларды бастаған батыр.*

- *Батылдық пен ержүректілік жүректен шығуы тиіс.*
- *Байыппен істелген батылдық - әскери таланттың туысы.*
- *Табандылық – батылдықтың қалқаны.*

Жазушы аталған концептілермен мағыналық байланысты ар, ұят, абырой, ерік, жігер, тәртіп, шындық, патриотизм, ержүректілік, қаһармандық, опасыздық, ұждансыздық, т.б. көптеген адамгершілік ұғымдарға терең концептілік талдаулар жасаған. Бір мақала көлемінде оларды тегіс қамтып баяндау мүмкін емес, сондықтан жазушы афоризмдерінің өзегі болып табылатын негізгі концептілер турасында ғана сөз қозғадық.

Қорыта айтқанда, Б.Момышұлы афоризмдері терең логикалық жүйеге, құнарлы ойға негізделген, жалпыхалықтық қолданысқа айналған, образды, поэтикалық көркем, жазушының тілдік танымдық әлемі мен тұлғалық болмысын танытатын даналық ойлар болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы, 1999ж.
2. С.И.Ожегов. Словарь русского языка, –М. 2005г.
3. Б.Момышұлы. Қанмен жазылған кітап. –Алматы, 1991ж.

Қалиев Б.А.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Морфонология ғылымының зерттелу тарихы

Морфонология ғылымы тіл білімінің ең жас саласы ретінде XX ғасырдың 1920-30 жылдарында қалыптасты. Ал түркі тілдері морфонологиясы бойынша алғашқы зерттеулер XX ғасырдың 1870 жылдарынан бастап жазыла бастады.

Қазақ тіліндегі морфонологиялық құбылыстарды танып-білуге кіріспес бұрын морфонология бойынша жазылған ғылыми әдебиеттерге қысқаша шолу жасау керек.

Әрбір заттың, құбылыстың пайда болуы және даму, қалыптасу тарихы болатыны секілді тіл білімінде де тілдік құбылыстардың ғалымдар тарапынан айқындалып, әр кезеңде сөз болып, зерттелу тарихы болады. Тілдік құбылыстардың осындай пайда болу, даму, қалыптасу тарихын білмей тұрып, оның қазіргі жай-күйін білу, олар жөнінде теориялық байламдар жасау мүмкін емес.

Ешбір ғылымның бірден пайда болмайтыны секілді морфонология да бірден пайда бола қойған жоқ. Морфонология мәселелері сөз етілген ерекшеліктер лингвистикалық әдебиеттерде қазіргі тіл білімі көзқарасынан

морфонологияның зерттеу нысанына жататын бірқатар мәселе ерте кездегі еңбектерде сөз болған.

Қазіргі тіл білімінде морфонология ғылымының алғаш негізін салушы поляк ғалымы И.А.Бодуэн де Куртенэ деп есептеледі. Ол XIX ғасырдың 1870 жылдарында дыбыстық алмасуларды екі түрге бөледі: *1) басқа дыбыстардың әсерінсіз болатын дыбыстық алмасулар; 2) басқа дыбыстардың әсерімен болатын дыбыстық алмасулар*. Кейіннен ол осы бойынша зерттеулерін тағы да толықтыра отырып, 1895 жылы жазған «Опыт теории фонетических альтернации» деген еңбегінде дыбыстық алмасуларды мынадай түрге бөледі: 1) *неофонетикалық альтернация* немесе *дивергенция;* 2) *неофонетикалық емес* немесе *палеофонетикалық альтернация*[1, 83].

Яғни мұнда ғалымның дыбыстық алмасуларды алғаш бөлуде дыбыстардың өзара фонетикалық ықпалын, ал соңғы бөлуде олардың даму тарихын негізге алғанын көреміз. Алайда И.А.Бодуэн де Куртенэ дыбыстар алмасуының қайсысының фонетикаға немесе морфонологияға тиесілі екенін көрсетпеді.

Ол жалпы морфонология терминін қолданған жоқ. Сонда да оның дыбыстардың алмасуы жөніндегі пікірлері морфонология ғылымының пайда болуына күшті ықпал етті. Басқа дыбыстардың *әсерінсіз болатын неофонетикалық емес дыбыстық алмасулардыпсихофонетикалық альтернация* деп атады. Демек, бұл оның дыбыстық алмасулардың бұл түрін морфологияға қатысты деп көрсетуі болып саналады.

Тіл маманы Н.С.Трубецкой И.А.Бодуэн де Куртенэнің дыбыстардың алмасуы жөніндегі пікірлеріне сүйене отырып, морфонология ғылымының қалыптасуына күш салды. Морфонология термині, оның зерттеу нысандары мен мақсат-міндеттерін де Н.С.Трубецкойдың өзі белгілеп берді. Оның пікірінше, морфонология морфология мен фонологияны байланыстырушы сала ретінде әрбір тілдің грамматикасынан белгілі орын алуы тиіс. Тек морфологиясы жоқ тілдерде ғана (осы сөздің тура мағынасында – Б.Қ.) морфонологиялық құбылыс болмауы мүмкін.

Н.С.Трубецкой морфонологияның теориясын жасады. Оның толық морфонологиялық теориясы 3 бөлімнен тұрады: *1) морфеманың фонологиялық құрылымы туралы теория; 2) кейбір морфемалардың бірігуінен пайда болатын комбинаторлық дыбыстық өзгерістер теориясы; 3) морфологиялық қызмет атқаратын дыбыстардың алмасу теориясы*[2, 115].

Осы 3 саланың тек біріншісі ғана барлық тілде маңыздылыққа ие Сондықтан морфонология бойынша жазылған көп еңбекте морфемалардың фонологиялық құрылымы сөз болады. Н.С.Трубецкойдың пікірінше, екінші теория жалғамалы (агглютинативті) тілдер морфонологиясының негізгі бөлігін құрайды. Ғалымның морфонологияға қосқан тағы бір жаңалығы *морфонема* жайындағы теория болып табылады.

Морфонема терминін тіл білімі ғылымына ең алғаш енгізген поляк ғалымы Генрих Улашин болып есептеледі. Ол: «... дыбыс терминітабиғаттағы дыбыстарды білдіреді; фонема термині сөйлеу (тіл) дыбыстарын білдіреді; морфонема термині болса мағына ажыратушылық қызмет атқаратын

сөйлеу(тіл) дыбыстарын білдіреді» [3, 210],– деп жазады. Бұл, әрине, тіл білімінде орныққан түсініктерге толық сәйкес келмейді. Яғни морфонема терминін ажыратуда кей шетел фонологтарыоны жоғарыда айтылғандай мәнде түсініп қабылдап жүр.

Ал Н.С.Трубецкой морфонема терминин тіл білімінде басқа мәнде қолданады және бұл жайында былай дейді: «...орыс тіліндегі *рука* және *ручной* сөздерінде *рук* және *руч* бір морфеманың екі түрлі фонетикалық формасы түрінде көрінеді. Бұл екі*РУ* фонетикалық формада –кешенді бейне (*комплексный образ*)болып табылады. Мұндай бір морфема құрамындағы сөздердің морфологиялық құрылымының жағдайына байланысты бір-бірін алмастыра алатын екі немесе бірнеше фонеманың кешенді бейнесі *морфофонема* немесе *морфонема* деп аталады».

1960 жылдардан бастап орыс тіл білімінде морфонология мәселелеріне арналған О.С.Ахманова, В.А.Редькин, А.В.Десницкая, Э.А.Макаев және Е.С.Кубрякова, С.Б.Бернштейннің еңбектері жарияланды. О.С.Ахмановаың пікірінше, морфонология – морфологиялық бірліктердің жасалуы үшін әртүрлі фонеманың қолданылу қағидаларын зерттейтін ғылым. Ол морфонеманы айрықша тіл бірлігі түрінде қарамайды және морфологиялық дыбыстық алмасуларды «морфонологиялық дыбыстық алмасулар» [4, 52], – деп атайды.

1973 жылы жарық көрген орыс тілінің морфонологиясына арналған тұңғыш монографиялық зерттеудің авторы В.Г.Чурганованың пікірінше, морфонология – сөз бен морфемалардағы фонемалардың морфологиялық заңдылықтар бойынша алмасуын зерттейтін ғылым, оның қарастыратыны:

1) түбір, суффикс, префикс, жалғау секілді тұлғаларды жасауға қатысатын фонемалардың құрамы мен реті;

2) осы тұлғалардың сөздерге жалғану өзгерістеріндегі фонемалардың құрамы мен реті;

3) мұндай өзгерістердің тұрақты үлгілері және олардың сөз жасау мен сөз өзгерту жүйесіндегі орны;

4) морфологиялық элементтердің фонемалық құрамы мен қалыптасқан заңдылығын үйрету екенін атап көрсетеді.

Монография авторы морфонема – морфонологияның негізгі бірлігі, ол күшті позициядағы фонемалар қатары болып, бір немесе бірнеше архифонеманы өз ішіне қамтиды [5, 124],– деп есептейді.

Дыбыстардың алмасуы жайында Л.Р.Зиндер өзгеше пікір білдіреді. Ол: «...дыбыстардың фонетикалық және тарихи алмасулары арасында үлкен айырмашылық жоқ, оған бірдей екі дыбыстың алмасуы мен фонетикалық және тарихи дыбыстық алмасу енуі мүмкін. Тілдің құрылысында табиғи дыбыстық алмасу да, тарихи дыбыстық алмасу да белгілі бір рөл атқарады. Бұл жағдай фонетика мен морфология салаларынан аралық морфонология саласының бөлінуіне негіз болып қызмет атқарады» [6, 78], – деп жазады.

Демек, Л.Р.Зиндер морфонология саласының тіл білімі жүйесінен орын алу қажеттілігін, онда дыбыстардың алмасуы орныуы керектігін айтады.

Фонетикалық және тарихи дыбыстық алмасулардың негізі бір екеніне нақты дәлелді мысалдар келтіреді.

1980 жылы Н.Е.Ильинаның орыс тіліндегі етістіктердің морфонологиясына арналған монографиясы жарық көрді. Ол морфонологиялық құбылыстарды фонетикалық құбылыстардан ажыратып қарауда позицияны негізгі өлшем сипатында алады және морфонемаға «... әрқилы грамматикалық позициядағы бір-бірін алмастыра алатын фонемалар жиынтығы»[7, 56], – деген анықтама береді. Монографияның негізгі бөлімінде етістіктердің жақтық (жіктелу) жүйесінде дыбыстардың морфонологиялық алмасулары, морфонемалардың құрамы мен жүйесі зерттелген.

Орыс тіл білімінде морфонология саласы біршама сөз болғанымен, оның зерттеу нысандары, морфонологиялық құбылыстардың табиғаты, өзіне тән өзгешеліктері толық ашылып берілмейді. Кейбір мәселе бойынша лингвистердің пікірлері әрқилы, кейде бір-біріне қарама-қарсы болып келеді.

Морфонологиялық құбылыстардың өзіне тән өзгешеліктерін ашып беру қажеттілігінен, осы мақсатты көздеген Е.С.Кубрякова мен Ю.Г.Панкрацтың морфонологияға арнап бірігіп жазған монографиясы 1983 басылып шықты. Монография авторлары морфонологиялық құбылыстарға функционалдық-динамикалық көзқарас тұрғысынан баға береді. Морфонологиялық құбылыстарға сипаттама береді және морфонологиялық қағидаларды ұсынды [8, 146]. Бірақ морфонологиялық талдауларға орыс тілінен материал алмады, оған қазіргі герман тілдеріндегі атауыш сөздердің және етістіктердің жақтық парадигмасын нысан етіп алған. Авторлар морфонеманы морфонологияның бірлігі деп санамайды, морфонология – фонетика мен морфология саласының аралығындағы тіл білімінің өз алдына саласы, – деп атап көрсетеді.

1986 жылы В.Б.Касевичтің «Морфонология» деген монографиясы жарық көрді [9, 68]. Мұнда морфонология мәселелеріне алғаш рет кең көлемде талдау жасалып, тек еуропа тілдерінің морфонологиясы емес, сингармониялықтілдердің морфонологиясы мәселелері де қарастырылған. Монографияда назар аударылған негізгі мәселелердің бірі – дыбыс алмасулары.

Назар аударылған тағы бір мәселе – морфеманың негізгі вариантын анықтау. Мұны морфонологияның негізгі міндеттерінің бірі деп көрсетеді және морфеманың негізгі вариантын анықтаудың өлшемдерін қарастырған.

Монографияның бұдан кейінгі бөлімдерінде морфонологиялық қағида, морфтың ұлғаюы, субморф, морфонема, интерфикс мәселелері қарастырылған. Автор морфонологияға фонологиялық құбылыстар мен үдерістердің морфологиялық заңдылықтары мен қалыптасуын кіргізеді. Морфемалардың бірігуінен оларда морфонологиялық өзгерістер болады. Осындай өзгерістерге ұшыраған морфемаларды В.Б.Касевич субморф атауымен атауға болатынын, субморф – морфтың бөлшегі екенін, бірақ олардың негізгі өзгешеліктерін әлі де қарастыру қажеттілігін айтады.

Монографияда морфонология мен сингармонизм заңы арасындағы байланысқа да айрықша мән берілген. Онда сингармонизм морфонологиямен тікелей байланысты екені, сингармонизм морфонологияның үш саласына да

қатысты екені көрсетілген. Біріншіден, сингармонизм морфемалардың фонологиялық сипатын белгілейді, яғни қандай фонемалардан басталатын морфемалар бір-бірімен алмасатынын анықтайды. Екіншіден, аффикстердің фонемалары сингармониялық тілдерде түбір сөздің фонологиялық сипатына тәуелді болады. Үшіншіден, сингармонизм заңы жалпы сөздің (сөз формасының) фонологиялық сипатын белгілейді.

Жалпы және орыс тіл білімінде морфонология саласы бойынша бірқатар зерттеу жұмысы жүргізілді, монографиялық еңбектер жазылды. Осыған қарамастан, орыс тіл білімінде де морфонологияның бірлігі, зерттеу нысандары жайлы әртүрлі көзқарас, пікірлер бар.

1980 жылы жарық көрген орыс тілінің грамматикасында морфонологияның зерттеу нысанына тек тарихи дыбыстық алмасулар, сөз тұлғаларының ықшамдалуы мен ұлғаюы енгізілген. Морфонеманы морфонологияның бірлігі деп қарамайды.

Морфонологиялық құбылыстардың сипаты әлем тілдерінде бірдей емес. Түркі тілдері, соның ішінде қазақ тілі де типологиялық жағынан жалғамалы (агглютинативті) тілдер тобына кіретіні белгілі. Агглютинативті тілдерді флективті тілдермен салыстырғанда фонемалардың алмасуында өзіне тән өзгешеліктері бар. Екі түрлі типтегі тілде морфонологиялық құбылыстардың пайда болу жолдары, табиғаты, формасы арасында айырмашылықтар бар. Флективті тілдерде агглютинативті тілдерге қарағанда морфонологиялық құбылыстар көбірек ұшырасады. Бірақ бұдан түркі тілдері морфонологиясын зерттеудің қажеттілігі жоқ деген пікір тумауы керек. Бұл – салыстырмалы түрде айтылған пікір. Зерттеу нысандарының көлемі ғылымның өзектілігіне айрықша ықпал етпейді. Оның үстіне морфонология аралық сала болғандықтан, ол – тіл білімінің барлық саласымен тығыз байланысты.

Түркологияда морфонологияға арналған алғашқы еңбекті И.П.Павлов чуваш тілінің материалдары негізінде жазды [10, 25]. Автордың көрсетуінше, морфонологияда мынадай мәселелер сөз болуы тиіс: а) морфемалардың (түбір және аффикс) фонетикалық құрылымы; ә) сөздерге морфемалардың жалғану қағидалары (фонемалар алмасуы, интерфонема, морфтың ұлғаюы, тұлғалардың ықшамдалуы). Ол осы сипатта чуваш тіліндегі түбір және аффиксті морфемалардың фонетикалық құрылымын, фонемалардың алмасуын, морфтың ұлғаюы мен ықшамдалуын қарастырған. Морфонеманы морфонологияның негізгі бірлігі деп санады. Фонемалардың алмасуын фонетикалық және тарихи түрлерге ажыратпады.

Түрколог Э.Р.Тенишев сары ұйғыр және салар тілдері бойынша жазған грамматикаларында морфонологияға айрықша назар аударып, оны тіл білімінің айрықша бір саласы сипатында қараған (ол морфонология атауын емес, фономорфология атауын қолданған). Оның пікірінше, фономорфология – фонетикалық және фонологиялық құралдардың морфологиялық құбылыстарды тудыруы. Морфонологияның зерттеу нысанына дауысты және дауыссыз фонемалардың үндестігі, ассимиляция және дыбыстардың алмасуы енеді.

Автор дыбыстардың алмасуын позициялық және тарихи деген түрлерге бөлмейді [11, 39].

Орыс тіл білімінде де, түркологияда да морфонология терминімен қатар фономорфология термині де қолданылады. Кейбір еңбекте олар синоним ретінде қолданылса, ал кей еңбектерде бір-бірінен ажыратылып жұмсалады. Мәселен, Н.А.Баскаков еңбектерінде морфонологияны фономорфологиядан ажыратып қарастырады. Фонемалардың бірігуі мен оларға сәйкес дыбыстардың пайда болу заңдылықтарымен белгіленетін морфемадағы фонемалар санын және олардың байланысын зерттейтін сала – морфонология[12, 17], – дейді.

Фономорфология – морфемалардың және бір морфема құрамындағы морфтардың түзіліміндегі фонологиялық айырмашылықтарды және олардың функционалды мақсатта қолданылуын зерттейтін фонология мен морфология арасындағы сала, – дейді.

Ол морфонология бойынша арнайы еңбек жазбағанмен, түркі тілдерінің фонетика және морфологиясына арналған еңбектерінде оған жалпылама тоқталып өтеді және бұл саланың әлі терең зерттелмей жатқанын ескертеді.

Қазіргі кезде Н.А.Баскаковтың еңбегінде қолданылған морфонема ұғымына сингармема немесе буын-фонема түсінігі сәйкес келеді. Бір буынның құрылысындағы дауысты және дауыссыздар бір-бірімен үндесіп, олар бір фонема сипатында көрінеді.

Түрколог-ғалым М.З.Закиевтің орыс және түркі тілдеріндегі морфонологиялық құбылыстардың зерттелуі жайы сөз болған мақаласында түркі тілдерінде позициялық дыбыстық алмасулар фонетикада артикуляциялық өзгешелігі бойынша, ал морфонологияда олар морфемалар құрамында қолданылуы бойынша қалыптасуы керек [13, 32],– деген пікірін қостауға болады. Автор морфема ішінде алмасатын фонемаларды морфонема сипатында қарайды. Біз де бұл пікірді қуаттаймыз.

1984 жылы жарық көрген түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасында морфонология (грамматикада «фономорфология» термині қолданылған) мәселелері өз алдына қарастырылып, оның зерттеу нысанына сөз және буындардың құрылымы, сөз тіркестеріндегі сингармонизм заңының көріністері енгізілген.

Қазақ тіл білімінде морфонология мәселелерімен кеңінен айналысқан ғалым Айтбай Айғабылұлы болды. Ол 1997 жылы қазақ тілінің морфонологиясы саласы бойынша докторлық диссертация қорғады. Ғалымның пікірінше, морфонологиялық құбылыстар мен фонетикалық құбылыстарды бір-бірінен ажыратын критерийлер (өлшемдер) болуы керек. «Фонетикалық заңдар негізінен қай тілде болсын сөйлеуші ұлттың артикуляциялық мүмкіндігіне байланысты қалыптасады да, басқаша ауытқу болмайды. Ал морфонологиялық құбылыстар – артикуляциялық шекке, мүмкіндікке негізделмеген, тек сөйлеу дағдысында туындаған өзгерістердің бірте-бірте тілдік дәстүрге айналуынан барып қалыптасқан өзгерістер» [14, 6],– дейді. Осымен байланысты ол тек тарихи дыбыстық алмасуларды ғана морфонологиялық құбылысқа жатқызады. Бірақ оның еңбектерінде талданған

мысалдардың көбі фонетикалық заңдылықтар негізінде пайда болған өзгерістерден тұрады. Шындығында, фонетикалық құбылыстар мен морфонологиялық құбылыстарды бір-бірінен ажыратып, олардың арасына шегара белгілеу жайындағы автордың пікірі көңілге қонады.

Алайда бүгінге дейін бұларды ажырататын нақты шегаралық белгі жасалмады. А.Айғабылұлы морфонеманы морфонологияның негізгі бірлігі деп санайды. Дауыстылардың алмасуынан басқа дауыссыз дыбыстардың алмасуы, диссимиляция, метатеза, қыстырма дыбыстар (интерфикс), гемината дауыссыздарын морфонологияның зерттеу пәні ретінде қарап, оларды жан-жақты түсіндіруге мән берді.

Ал М.Жүсіпұлы еңбегінде дыбыстардың алмасуына тоқтап, позициялық дыбыс алмасулары (фонологиялық) мен позициялық емес дыбыс алмасуларын (морфологиялық) бір-бірінен ажыратады[15, 112]. Оның пікірінше, позициялық дыбыс алмасулары өздерінің өзгешелікке ие болмауы арқылы және белгілі бір позициямен анықталады, ал позициялық емес дыбыс алмасуларының айырмашылықтары бар және олар белгілі позициямен анықталмайды.

Қорыта айтқанда, лингвистердің морфонология жайында сөз қозғаған еңбектеріне қысқаша шолу жасауда орыс тіл білімінде болсын, түркі, соның ішінде қазақ тіл білімінде болсын морфонологияның кейбір мәселелеріне әлі де терең үңіліп, жан-жақты зерттей түсуіміз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. 1-том. –М.: АН СССР, 1963. с.83.

2. Трубецкой Н.С. Некоторые соображения относительно морфонологии. В кн: Пражский лингвистический кружок. –М.: АН СССР, 1967. с.115-119.

3. Реформатский А.А. Проблема фонемы в американской лингвистике. В кн: Из истории отечественной фонологии. –М.: Наука, 1970. с. 204-248.

4. Ахманова О.С. Фонология, морфонология, морфология. –М.: МГУ, 1966. с. 52.

5. Чурганова В.Г. Очерк русской морфонологии. –М.: Наука. 1973. – 239 с.

6. Зиндер Л.Р. Общая фонетика. – М., 1980. – 312 с.

7. Ильина Н.Е. Морфология глагола в современном русском языке. –М.: Наука. 1980.

8. Кубрякова Е.С., Панкрац Ю.Г. Морфонология в описании языков. –М.: Наука. 1983.

9. Касевич В.Б. Морфонология. – Л.: Издательство Ленинградского университета, 1986. – 169 с.

10. Павлов И.П. Краткий очерк морфонологии современного чувашского языка. В кн: Чувашский язык, литература и фольклор. Вып.4. ЧНИИ. 1974. с.3-44.

11. Тенишев Э.Р. Строй сарыг-уйгурского языка. –М.: Наука, 1976. с.39-46.

12. Баскаков Н.А. Историко-типологическая морфология тюркских языков. –М.: Наука, 1979. с.17.

13. Закиев М.З. О тюркской морфонологии// Советская тюркология, 1984. №1. с. 35-43.
14. Айғабылұлы А. Қазақ тілі морфонологиясы мен лексикологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 272 б.
15. Джусупов М.Фонемография А. Байтурсынова и фонология сингармонизма. – Ташкент: Узбекистон, 1995. – 176с.

Мажитаева Ш.М.
филология ғылымдарының докторы, профессор;
Каскатаева Ж.А.
магистрант
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ТІЛ БІЛІМІНДЕ ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫН ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі жаһандану үдерісі кезеңінде барлық саладағы халықаралық ынтымақтастық пен байланыстардың нығаюы әртүрлі халықтың, тіл және мәдениет өкілдерінің әлемді қабылдау, сезіну ерекшеліктерін тану және түсіну қажеттілігін алға тартады.

Ғылым мен техниканың дамуы ғылымның барлық салаларына, соның ішінде тіл білімінің дамуына да өз әсерін тигізуде, лингвистикада жаңа бағыттар мен түрлі салалардың негізі қаланып дамып, тіл білімінің зерттеу нысанының саны артуда. Этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, паралингвистика, прагмалингвистика, лингвопсихология сияқты лингвистика салалары тілді әр деңгейде, ғылыми тұрғыда зерттеуге мүмкіндік туғызды. Қазақ тіл білімі де жаңа бағыттардағы зерттеулермен толығу, даму үстінде.

Әр халықтың этникалық болмысының шынайы нышаны тіл екені белгілі. Қазіргі таңда тілдің теориялық-танымдық тұрғыдан зерттелу қажеттілігі туындап отыр. Бұл тұрғыда тіл мен адам санасының тұтастығы қарастырылып, адам санасының жемісі тілдік білім, күрделі ассоциативті-вербалды құрылым, болмысты рух және ой бірлесуіндегі таратушы жүйе болып кешенді түрде сипаттауға негізін табады.

В. фон Гумбольдтың «салыстырмалы антропологиясы» әр түрлі мәдени топтардың рухани ұйымдастырылу маңыздылығын айқындап зерттеуге жол ашады. Яғни, салыстырмалы антропология адамның ойлау, сезіну, эмоциялық тұрғыдан қабылдау түрлері, әр түрлі мәдениетте әрқалай болу сияқты мәселелерді қамтып қарастырады. Осыған байланысты «адамзат рухының» тілдегі, әдет-ғұрыптағы, дәстүрдегі, мифтегі көрінісін зерттеу, яғни қабылдау, тану, ойлау мен адамның әлемге эмоционалдық қатынасын талдау тіл білімінің өзекті мәселелеріне жатады. Тіл «халық рухының әрекеті» тұрғысынан салыстырмалы антропологияда әлемді ұлттық тұрғыдан реттеу құралы ретінде

қарастырылған. Себебі әрбір тілде «халықтың өзіне тән мінезі бейнеленетін дербес бейнелер» бар [1, 85].

«Ғаламның тілдік бейнесі» теориясы тілдік зерттеулерге негіз болып, тілдің дамуына зор үлесін қосуда. Кез келген этнос түсінігінде әлем жан-жақты, алуан түрлі көрініс табады. Бұны айқындайтын тіл болып табылады. Сонымен тілдегі әлем бейнесі адамның әлемді тануының негізі. Б.Уорф пен Э.Сепирдің пайымдауынша, әр халық, әр ұлт осы ғаламды өзінше танып, өзінше ұғынады. Осымен тіл арқылы ежелдегі ата-бабаларымыздың «ғалам бейнесін» қалпына келтіріп, елестете аламыз. Тілдегі ғалам бейнесі, біріншіден, адамның әлемге көзқарасымен сипатталатын болса, екіншіден, әрбір жеке тілдегі әлем моделіне қоғамдағы ұлттық әлем бейнесіне ұласады. Бұл жеке тілдің арнайы сипатқа ие болуына ықпал етеді. Себебі әр тілдің өзіне ғана тән концептуализациялық әдістері бар. Яғни әрбір жеке тіл ғаламды өзінше таниды, әрбір концептуальды тілдің негізінде ғалам бейнесі кескінделген.

Адам өмірінде түстің үлкен маңызы бар. Түс адамдардың көңіл-күйіне, эмоциясына әсер етеді. Сондықтан да түстерді әр түрлі ғылым салаларының мамандары зерттеп-зерделеуге тырысады. Дегенмен түстердің әр қырын (аспектілерін) зерттегенде мамандар тарапынан адамзаттың қоршаған ортадағы заттар мен құбылысты атауда қолданатын тереңде жатқан тарихи-мәдени тәжірибесі толығымен ескерілмейді. Дүниенің түр-түс бейнесі де толығымен жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Тілшілер де түр-түс атауларын негізгі лексикалық топтардың қатарына жатқызады. Лингвистер, этнолингвистер, тіл тарихын зерттеушілер он шақты тілді зерттей келе, түр-түс атауларының жүйесінде кейбір әмбебап ұқсастықтар кездеседі деген тұжырымға келеді. Сондай-ақ белгілі бір түстің әртүрлі реңкіне қатысты тіл-тілде бейнелі тіркестер, идиомалар және мақал-мәтелдер қолданылады. Олар әрбір ұлттың өткен өмірінен әлеуметтік-тарихи, эмоционалдық-ментальдық ақпарат бере алады [2, 65].

Лингвистикада және жалпы гуманитарлық ғылымдарда таным мен білімнің қалыптасуы, ұлттық танымның халықаралық қатынастағы орнын анықтау негізгі мәселелердің біріне жатады. Қоршаған ортадағы неше алуан түр-түстер мен олардың реңктерін адам баласы екі түрлі жолмен танып, біле алады. Олардың бірі – ғылыми жолмен тану, яғни колориметрия, физика, физиология, психология т.б. осы құбылысты зерттеуге қатысты ғылым салаларының дамуына байланысты болса, дәстүрлік тану, яғни белгілі бір халықтың өміріндегі тәжірибесіне сүйенеді [3, 5].

Түр-түсті әрбір халық өзінше анықтап, таниды. Әр тілде түс атауларының жасалуы әрқилы. Бұл таным дәстүрлік таным деп аталады, өйткені ол ұзақ дәуірдің, халық болып жаралғаннан бергі дүниетанымының, өзін айнала қоршаған дүниенің, заттың түр-түсін меңгеруіне және оларды өз тілінде қалыптастыруына байланысты.

Түр-түс атауларының көпшілігі – ерте замандардан бері өмір сүріп келе жатқан түркі тілдеріне ортақ дүние. Түр-түс атаулары – тіл білімінде біраз

зерттелген категория (І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, А.Ысқақов, М.Балақаев, С.Аманжолов, Ғ.Мұсабаев, Ә.Қайдаров, т.б.).

Зерттеушілердің тұжырымдауына қарағанда, түр-түс атауларын тас мүсіндерге сыналап жазған V-VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей ескерткіштерінен, көне ұйғыр, араб жазуларымен жазылған бай тарихи-әдеби мұраларымыздан көптеп кездестіруге болады. Мысалы: Орхон, Енисей, Талас өзендерінің бойынан табылған ескерткіштер тіліндегі *сарығ алтун, қызыл қан, ақ ат, қара бұдун, қара тер, көк оңуғ* сияқты түр-түс атаулары бүгінгі қазақ тілінде де, басқа түркі тілдерінде де көптеп кездеседі. Демек, түр-түс табиғатын танып, тіл арқылы белгілеу атам заманнан келе жатқан дәстүр. Бұл дәстүр, әрине, әрбір халықтың рухани, мәдени өмірімен, тілімен бірге дамып, кемелденіп отырады. Осының нәтижесінде әрбір түркі тілінде, соның бірі – қазақ тілінде де, жүздеген түр-түс атаулары қалыптасып, мәдени өміріміздің әр саласында қолданыс тауып отыр [3, 33].

Түр-түс атаулары тамыры алыста жатқан, халықтың ұзақ тарихымен байланысты, оның мәдени, рухани өмірімен астарласып, ұлттық психологиясымен, салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен ұласатын қоғамдық, философиялық, этнолингвистикалық мәні зор мәселелер болып саналады.

Адамдар түр-түстің жалпы табиғатымен бірге оның өмір-тіршілігімізде атқаратын сан алуан қызметін, орнын, қолдану аясын да білуі керек. Мәселен, тіліміздегі түр-түс атауларының ылғи бір затты, құбылысты анықтап, сипаттап, суреттеп, әсерлеп тұратын қызметі белгілі. Ауызекі тілде болсын, көркем шығармада болсын, түр-түс атаулары қалай болса солай ретсіз, қолданыла бермейді.

Келешекте орындайтын зерттеу жұмыстың мақсаты – қазақ, неміс, ағылшын тілдеріндегі түр-түс атаулары бар ұғымдардың қалыптасу және қолданылу ерекшелігін қарастыру.

Зерттеу жұмыста түр-түс атауларының мағыналық-мәндік өрісі әр халықтың ұғым-түсініктеріне, қоғамда болып тұратын экстралингвистикалық факторларға байланысты қалыптасқанын тілдердегі тұрақты тіркестерден көруге болатындығы сөз болады.

Түр-түс компонентті атаулар тура мәнімен қатар басқа мағынада қолданылуымен ерекшеленеді. Бұлар аңыз-әңгімелерде, жыр-дастандарда, салт-дәстүрлерде және басқа дүниетанымға байланысты қолданылатын тұрақты тіркестерде кездеседі. Сонымен бірге бұл құбылыстың тарихы да арыда жатқаны анық.

Зерттеу барысында кейбір түр-түстердің тұрақты тіркес жасаудағы деңгейлері бірдей емес екені байқалды. Тұрақты тіркес құрамында түр-түстің бәрі бірдей қолданылмайтындығы, жиі қолданылатын түр-түс атаулары қатарына «ақ», «қара», «көк», «қызыл», «қоңыр», «сары» т.б. түстерді жатқызуға болатындығын анықтау қолға алынады.

Диссертациялық жұмыста*ақ, қара, көк, сары, қоңыр,қызыл* түстері қатысуымен жасалған сан алуан тіркестердің тілдегі дәстүрлі, қалыпты және ауыс мағынада қолданылуы, символикалық, кәделі және қасиетті мәнге ие болу

ерекшеліктері мен уәжділігін(мотивация) айқындау да міндеттеріміздің біріне жатады.

Сондай-ақ түр-түс атауларының салғастырылып отырған үш тілде, әсіресе көркем шығарма тілінде мағыналық, тақырыптық жүйесіне қарай, образ жасаушы, бейнелеуші тәсіл ретінде, экспрессивті-эмоциональды тілдік құрал ретінде қолданылуын қарастырмақпыз.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздеріне ғылыми әдебиеттердегі түр-түске қатысты Ә.Қайдаров, З.Ахтамбердиева, Б.Өмірбеков, Ф.Ахметжанова, Қ.Қайырбаева т.б. зерттеушілердің еңбектері, ғалымдардың ғылыми тұжырымдары мен қағида, ой-пікірлері басшылыққа алынады.

Зерттеудің дереккөздері ретіндеүш тілдегі түсіндірме сөздіктерден, фразеологиялық сөздіктерден,мақал-мәтелдерден тілдік деректер жинастырылады. Сондай-ақ қазақ, неміс, ағылшын тілдерінің әр кезеңдегі көркем әдебиет туындыларынан мысалдар жинастырылады.

Зерттеуде синхронды және диахронды сипаттау, семантикалық, этнолингвистикалық, компоненттік талдау, жүйелеу, салыстыру, салғастыру әдістері қолданылмақ.

Қазақ тілінде түске байланысты қолданылатын ақ, қара, көк, қызыл, сары, қоңыр сөздерінің ауыспалы мағыналарын анықтау, осы түстердің қатысуымен жасалған фразеологизмдердің қолданылу ерекшеліктерін, мағынасын, қызметін анықтау арқылы тақырыптық жағынан топтастыру.

Түр-түс атауларының тілімізде сан жағынан біршама екендігі белгілі. Бірақ олардың барлығы бірдей ауыс мағынада қолданыла бермейді. Зерттеу жұмысының бірінші бөлімінде ақ, қара, көк, қызыл, қоңыр сөздерінің шығу төркіні, тұрақты тіркестер құрамында қолданылу ерекшелігі мен олардың ауыспалы мағыналары қарастырылады.

Тілдердегі тұрақты сөз тіркестерінің бір бөлігі түр-түс атауларының қатысуымен жасалғаны даусыз. Күнделікті қарым-қатынасымызда біз жүздеген тұрақты сөз тіркестерін қолданамыз. Солардың ішінде түр-түс компонентті атаулар да кездеседі. Құрамында түр-түс атаулары бар фразеологизмдердің жасалуы, тұрақты тіркес ретінде көркем сөз құралына айналғаны сөз болады. Түр-түс атаулары фразеологизм құрамында негізгі түстік мағынасынан гөрі ауыспалы мағынада да қолданылатыны айқындалды.

Зерттеу жұмысында негізгі деп танылатын ақ, қара, көк, сары, қызыл, қосымша түстерге жатқызылатын қоңыр, сұр, боз, ала түстерінің қатысуымен жасалған тұрақты тіркестердің, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің семантикалық табиғаты қарастырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1Гумбольдт В. Фон. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1984. – 396 с.

2 Қайдаров Ә.Т., Өмірбеков Б., Ахтамбердиева З.Т. Сырға толы түр мен түс. – Алматы: Қазақстан, 1986. –95 б.

3 Қайдаров А., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.; Кононов А.Н. Семантика цветообозначений в тюркских языках. – М., 1978. – 367 б.; Қоңыров Т. Теңеу және түс атаулары. // Қаз ССР ҒА «Хабарлары», №1, 1984. – Б.17-23.

Мейірманова Г.С.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

ДИСКУРСТЫҚ СӨЗ ҚОЛДАНЫСТАРЫ

Функциональды грамматика аясында белгілі бір семантикалық қызметті атқару, яғни сілтеу қызметін (жақтық, темпоральды қатынастарды белгілеу қызметін) іске асыру үшін жіктеу және сілтеу есімдіктерінің өз антецеденттерімен өзара әрекет жасауы анықталады. Функциональды грамматика қызметтен құралға деген бағытпен жүреді десек, сілтеу қызметін көрсететін құралдар ретінде біз жіктеу және сілтеу есімдіктерін қарастыруды жөн көрдік.

Сілтеудің түрлі бірліктері қазіргі лингвистикада дейксис пен эгоцентризм, анафора теорияларының негізінде қарастырылуда. Ал осы сілтеу ұғымы есімдіктердің ішінде, әсіресе, жіктеу және сілтеу есімдіктеріне тән болып келеді. Лингвистикада теориялық лингвистика мен типологиялық зерттеулердің негізгі объектісі ретінде көбіне есімдіктер қарастырылады. Бұл кездейсоқтық емес. Есімдіктер атқаратын сілтеу, орынбасу коммуникативтік актіні іске асыруда, мәтін құрауда, тілдің когнитивтік жүйесінде маңызды қызмет атқарады, яғни бұл олардың дискурстық қолданысын негіздейді. Есімдіктер субъектімен байланыста анықталады және субъектінің субстанцияларға, құбылыстарға және олардың сапалары мен қасиеттеріне қатынасын көрсетеді. Мұның бәрі есімдіктерді дискурс аясында қараудың қажеттілігін белгілейді.

Дейксистік есімдіктері сөйлемдердегі сілтеу қызметін іске асыра отыра, коммуникативтік актінің жүзеге асуы барысындағы дейксистік, эгоцентристік, анафоралық байланыс құралының қызметін атқарып, сөз үнемдеуге септігін тигізуі тұрғысынан зерттеу қажеттігі туындап отыр. Синтаксистік жүйедегі анафоралық (айтылғанды сілтеу) байланыс пен дейксистік (тура сілтеу) сілтеуді қарастырудағы негізгі тәсілдердің бірі – сілтеу есімдіктері.

Сілтеу есімдіктері өздерінің семантикасы жағынан теңестіруші көрсеткіш болып табылады, саралаушы, даралаушы қызметінде де жұмсала алады. Тілдік ситуацияның міндетті компоненттерінің құрамына сөйлеуші мен тыңдаушы, сөйлеу орны мен уақыты және де сөйлеу актісінің басқа сөйлеу актісімен сәйкес немесе сәйкес еместігі енеді. Тілдік ситуацияның бұл ерекшеліктеріне есімдіктің негізгі екі қызметі негізделген: дейксис және анафора.

Дейксис ретінде, әдетте, ситуацияның сөйлеуші, пікірлесуші, уақыт пен орын, сөйлеу актісіне тікелей қатысы бар тұлғалар мен заттар сияқты элементтеріне сілтеу түсініледі, ал анафора ретінде контекстің элементтеріне сілтеу, яғни бір сөйлеу актісінің элементтерінің екінші бір сөйлеу актісінің элементтерімен сәйкестігіне сілтеу түсініледі. Дискурс туралы сөз еткенде біз көбіне сілтеу есімдіктерінің анафоралық қызметіне тоқталамыз.

Дейксистік есімдіктері дискурсивті анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданыста кеңінен жұмсалып, мәтін, сөйлем элементтерін байланыстырады және де мәтіндегі керексіз қайталауларды ауыстырады. Бұл қызметінде олар өзіндік анафоралық (айтылғанды сілтеу) та, катафоралық (алдын алушы) та қолданыстарда жұмсалады. Есімдіктердің бұл қызметі мәтін синтаксисінде кеңінен орын алады. Мысалы, *Бұл кітап қызық.* ***Осыны*** *тауысып тастасақ қайтеді (Ә. Нұршайықов); (анафора). Сен* ***мынаны*** *ұқ: біз бұл жерден қалайда көшуіміз керек (Д. Исабеков) (катафора).*

Бүгінгі күнде мәтін кең мағынасында дискурс құбылысы болып, ал пән ретінде дискурсивті талдау болып қарастырылуда. Дискурс термині мәтін, диалог, стиль салаларында қолданылуда. Дискурс коммуникативті ситуацияға негізделген сөйлеу дегенге де саяды. Сонымен бірге ол диалог пен реплика түрінде де танылатын кездері бар.

Сөйлеу актілерінің күнделікті қолданысында анафора мен оның антецеденті дискурспен енгізіліп отырады, сондықтан да анафора дискурстағы екі белгінің – анафоралық (айтылғанды сілтеу) көрініс пен антецеденттің арасындағы байланыстарды көрсетеді, сондай-ақ сілтеу есімдіктері лексикалық бірліктер арасындағы семантикалық қатынас жеткіліксіз болған кезде дискурстағы ішкі байланысты іске асыру үшін қолданылады. Мысалы, *Біздің пір тұтатын ағамызбен жүздесуімізге ол тиым салды. Біз* ***соның*** *өлеңдерін оқып, шапағаты мол әңгімелерін тыңдап өмірге құлшынамыз.* ***Осы*** *мейірімді жанның рухани көмегі болмағанда, біздің киномыз не болары да белгісіз еді.* «Осы мейірімді жан» мен «ағамыз» деген сөздердің бір тұлғаға қатысты екенін «соның» есімдігі білдіріп тұр.

Дейксистік есімдіктері анафоралық (айтылғанды сілтеу) көрсеткіш ретінде жұмсалғанда, контекстік байланысқа сүйене отырып, дискурстағы референтті теңестіреді. Олар алдыңғы мәтіннің бір элементін сілтей отыра, барлық үзіндіні қамтып алады.

Мысалы, Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романында Сәлиманың шешесінің майдандағы Ерболға жолдаған хатында мынадай үзінді бар:*«Қымбатты Ербол балам! Дүние тыныштық болса, сені шын балам болар деп ойлаушы едім. Сұм соғыс килікті де, бәріңді көгендеген қозыдай алысқа алып кетті. Сәлимам сені сарғайып көп күтті. Оның енді отыруының орны жоқ. Ерге шығуы керек... Егер сенің оны шын жақсы көргенің рас болса, бағын байламай, рұқсатыңды бер. Оған кінә қойма, өз күнін көрсін, обалдарың сұм Гитлерге болсын. Ал, қарағым Ербол!* ***Осыны*** *сенен аналық тілек етемін» (Ә. Нұршайықов).*

Бұл үзіндінің соңғы сөйлеміндегі «осыны» деген анафоралық (айтылғанды сілтеу) сілтеу есімдігі бүкіл бір үзіндінің бәріне қатысты ойды сілтеп, дискурстық қолданыста жұмсалып тұр.

Дейксистік есімдіктерден жасалатын қайталаулар екіжақты мағынада болады. Өйткені номинативтілік пен коммуникацияның қосылуы көптеген сөйлесімдерге тән. Бірақ коммуникация актісімен тікелей байланысты есімдіктік қайталаулар да бар. Бұл көбіне біреудің сөзінен «цитата» алу жағдайларында кездеседі. Сілтеу есімдіктері цитаталарды қолдану кезінде, контекстегі бірдей атауларды қайталауда ерекше роль атқарады. Мысалы, *Абай ақын айтқан ғой «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан», - деп.* ***Бұл*** *арқылы көп жасқа ой тастаған ғой (Ә. Кекілбаев).*

Анафоралық (айтылғанды сілтеу) дискурстың прагматикалық аспектісіне қатысты түрлерін көрсетуде сілтеу есімдіктері кеңінен қолданылады. Сөйлеушілердің өздерін белгілейтін предикаттарды сілтеуді де осы анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданыстағы сілтеу есімдіктері іске асырады. Мысалы, *Мен өзім сақ емес, сенгішпін.* ***Осыным*** *жаман-ау, тегі, - деді өзіне-өзі ұрысқандай; Аюдың табанындай ауыр алақанымен Сәлиманы беттен салып қалғанда, орнымнан атып тұрдым:*

- ***Мұныңыз*** *дұрыс емес, қой, ақсақал, - дедім мен бұл сәтте бар қолымнан келгені осы болып (Ә. Нұршайықов).* Бұл мысалдардағы алғашқы «осыным» деген анафоралық (айтылғанды сілтеу) есімдік сөйлеушінің өз әрекетін көрсетсе, екінші «мұныңыз» деген сілтеу есімдігі келесі бір тұлғаның іс-әрекетін сілтейді.

Дейксистік есімдіктері анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданыста дискурспен тығыз байланыста болады. Олар анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданыстарында тек сөйлемнің жалпы мағынасымен байланыста ғана ерекшеленіп, түсіндіріледі. Дискурстағы есімдіктердің рөлін оның өзі құрамына енетін құрылымдардағы қызметімен, өзіндік ерекшеліктерімен байланыста қарау керек.

Дейксистік есімдіктердің барлығы дерлік анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданыста жұмсала алады. Анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданыстан сілтеу есімдіктерінің ерекшеліктерін, олардың сол қолданыстарының, қажеттіліктерінің шама-шарқын байқау үшін оларды дискурстық қолданудан бас тартып көру қажет. Егер біз мәтінді сілтеу есімдіктерінің қайталауларынсыз жазып көрсек, олардың қаншалықты қажет екенін, олардың анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданысынсыз оқиға, жағдайларды сөз ету мүмкін еместігін байқаймыз.

Дейксистік есімдіктері мен жасырын есімді топтың мәтін құрылымында пайдаланылуына әсер ететін факторлардың бірі – құрамында антецеденті мен анафорасы бар – сөйлемдер арасындағы тоғысу сипаты. Бұл тоғысу екі түрлі болып келеді:

1) Қатаң тоғысу, мұнда есімді топты пайдалануға болады, онда бір мезгілде немесе бірінен кейін бірі болған қимылдар көрсетіледі, не болмаса бір

объектінің жай-күйін көрсететін сөйлемдер қолданылады. Мысалы, *Өзеннің ар жағында жайылым бар. Жайылымда сиырлар жайылып жатыр.*

2) Еркін тоғысу, мұнда сілтеу есімдіктерінің қолданылуы талап етіледі және де баяндауды өткен, келер шаққа ауыстыру үзіп жібереді де, олар міндетті түрде анафоралы сілтеу есімдіктерінің қолданасын қажет етеді. Мысалы, *Өзеннің ар жағында жайылым бар. **Сол** жайылымда өткен жылы сиырлар жайылушы еді, келесі жылы **бұл** жер шабындыққа берілмек.*

Мұнда «бұл» есімдігі болмаса, «оқушыларым Пифагор теоремасын білмейді деген ой» деген үзінді мен «сұмдық» деген сөздің арасында сәйкестік те болмас еді, бұл байланыс анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданыстағы есімдікті қолданыс арқылы ғана беріледі.

Міне, осылайша сілтеу есімдіктері антецеденттердің тепе-теңдіктерін сілтей отыра, контекстке қосымша сәйкестікті енгізеді. Анафорадағы сілтеу есімдіктерін қолдану қайталау құралымының сәйкестігіне байланысты, өйткені реті әртүрлі бір референтке сілтеу ретіндегі белгінің мағынасы әртүрлі болып келеді.

Дейксистік есімдіктердің анафоралық қолданыстығы контескпен байланысы өзара байланысты көптеген факторлармен, яғни қайталау енетін үзіндінің дискурстық құрылымында да, антецеденті бар үзіндіге де байланысты болады, солармен анықталады. Дейксистік есімдіктердің қолданысына антецедент пен қайталаудың қатынастары әсер етеді, сондай-ақ сілтеу есімдіктері бар анафоралық сөйлемдер дискурстан тыс айтыла алмайды.

Дискурстық қолданыста өзара байланысқа түскен тілдік элементтердің арасында кейде мағыналық байланыс жеткіліксіздеу болып жатады. Осындай жағдайларда сілтеу есімдіктері байланыс құралының қызметін атқара отыра, семантикалық алмастырушы ретінде синтаксистік байланысты ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, *Бұның бәріне қосымша – қаладағы достарды сағындым. Қаланы көргім келеді. **Сонымен** кеп қалдым (М. Әуезов); Қыз сорлылардың шалға телініп жат босағаны жастанғанымен өздерінің сол жігіттеріне деген сүйіспеншіліктерін жүректерінің түпкіріне түйіп өмір бойы жадында сақтап қалғанын білсін. Қаншама бармын, бақыттымын десе де, сол алғаш сүйген жігіттерінің төбесін көргенде шексіз қуанатындарын, оңашада соларды ойлап өксіп алатындарын, **осылардың бәрін** білсін (Ә. Нұршайықов).*

Мұндағы *сонымен, осылардың бәрі* есімдіктері семантикалық алмастырушы ретінде ұзыннан ұзақ дискурстық байланысты ұйымдастыруға мүмкіндік береді, бұл сілтеу есімдіктерінің анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданысының көпқырлылығын дәлелдей алады.

Дейксистік есімдіктердің анафоралық қолданыстарына көз жүгіртіп қарап отырсақ, анафоралық сілтеу есімдіктері бар тұтастық мынадай құрылымнан тұрады: есімдіктермен берілген референт, оны ауыстыратын сілтеу есімдіктері немесе онымен мағыналық байланыстағы жағдай немесе дискурста алдын ала айтылған үзінді.

Дейксистік есімдіктер дискурс элементерінің байланысын көрсетеді. Дейксистік есімдіктер үшін сөйлесіп отырған кезде сөйлеушілерге белгілі, бірақ дискурста көрінбеген объектіні көрсету тән емес. Дейксистік есімдіктердің сілтейтін атауы дискурста болуы керек. Мынадай жағдайларда сілтеу есімдіктерінің анафоралық қолданыстары міндетті болмақ:

1. Бір референтке қатысты мәтіннің үзінделерін сәйкестендіру арқылы өздігінен тығыз байланысқа түспейтін тілдік элементтер арасындағы байланысты көрсету қажет болғанда. Мысалы, *Ұялшақтық – ұлтымызға тән қасиет қой. Әсіресе, ауыл балалары ұяң келетін әдеті емес пе? Жасында мен де* ***сондай*** *болдым (Ә. Нұршайықов).*

2. Семантикалық байланыстардың әлсізденуі синтаксистік факторларға байланысты болғанда сілтеу есімдіктерінің анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданыстары міндетті болады. Мысалы, *Кімнің сатушы, кімнің алушы екенін де ажырату қиын.* ***Мұнда*** *бәрі де сатылады: байдың ары да, жарлының малы да (І. Есенберлин);*

3. Сөйлесім жалпы пікір ретінде түсініліп оны жекелеген сөз ретінде қолдану қажеттілігі туындағанда анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданыстағы сілтеу есімдіктерінің жұмсалуы міндетті. Бұл ретте предикаттың да, есімнің белгілі-белгісіздігінің де семантикалық маңызы зор. Мысалы, *Кімнің құсы бұрын борып дуадақ ілсе, Еңлік-Кебек жыры* ***соныкі*** *болсын (М. Әуезов).*

Жалпы дейксистік есімдіктердің дискурстағы қолданыс аясы кеңінен сөз болатын мәселе, біз оның тек бір қырын ғана әңгіме еттік.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Ибатов А. Қазақ тіліндегі есімдіктер тарихынан. – Алматы: Ғылым, 1966. – 22-37 бб.

2 Ибатов А. Қазақ тіліндегі есімдіктер. – Алматы: ҚМПИ, 1961. – 3-27 бб.

3 Жұбанов А. Основные принципы формализации содержания казахского текста. – Алматы, 2001.

4 Смағұлова Г. Мәтін және дискурс. Мәдениетаралық қатысым мен қазақ, орыс филологиясының өзекті мәселелері / Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. 1 том. Алматы, 2004

5 Ашнин Ф.Д. Принципы дифференциации турецких указательных местоимений //Вопросы языкознания. – 1958. – № 2. – С. 101-108.

6 Левицкий Ю., Шамова Г.А. Указатели ситуации. – Пермь: Пермьский университет, 1985. – С. 15-37.

7.Салқынбай А. Функциональды грамматика очерктері. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 17 бб.

Мұратова А.Н.
оқытушы
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚҰПИЯ ТҮСІНІС ТӘСІЛДЕРІНІҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

Ғасырлар бойы жер бетінде тіршілік етіп келе жатқан қай халықтың да күнделікті өмір-тұрмысында жекелеген адамдардың не өзіндік әртүрлі ерекшелігі бар шағын топ мүшелерінің арасында жалпыдан құпиялап, тек өзара ғана пікір алысуында ертеден-ақ пайдаланған шартты сан алуан амал-тәсілдері болғаны болып отырғаны – тарихи шындық. Бұлай болуы заңды да, себебі құпиялық құрылысы табиғаттың да адам өмірінің де өзіндік бір маңызды тілі екені сөзсіз. Сондықтан да біз табиғат тылсымдарының, адамның жан дүниесі сырының жұмбақтарын философияның осы құпиялық категориясында қарастырылатындай көреміз. Демек, қоғам мүшелерінің кейбірі арасында болып жататын құпия түсініс үдерісі (процесі) көбіне тек жеке адамдарға ғана қатысты жай құбылыс болуымен бірге кей тұстарда мемлекеттік те сипаты бар проблема болып есептеледі.

Қазақ тіліндегі құпия түсініс сан түрлі амалдармен беріледі. Себебі, адамдар өз араларындағы құпия, жасырын әрекеттерін дыбыстық тіл арқылы ғана жеткізіп қоймайды, кей жағдайларда түрлі таңбалар мен ишараттар арқылы да түсініседі. Яғни, сөйлеу актісіне мимика мен түрлі таңбалар қатысады. Мысалы: 1. -Апаспақар, сепін мепініпі кепешіпір. Мепін сепініпі жапықсыпы көпере тұпұрсапам да сепініпің шепешепеңніпің апайтқапан сөпөздеперіпі жүпүрепегіпімдіпі тіпіліпіп өпеткепендепей бополдыпы. Бұл туралы қазақ тілі энциклопедиясында еже тіл «қазақ жұртының өзара құпияласып сөйлейтін сөзі, жастар жаргонының бір түрі» деген анықтама беріліп, «Секін мақығақын кекіл (сен маған кел)» деген мысал келтірілген. Яғни, бұл сөйлемдегі әрбір сөзді буынға бөліп, сол бөлінген буынның алдына сынама «-кі», «-қы», «-кы», «-кі» буындарын қосып, жалпыға түсініксіздік туғызып тұр [1, 36]. Бұл тәсілді қолданушылар арасында қатынас құралы қызыметін атқарып, жай ғана қызық үшін қолданылмағанын күнделікті тұрмыстан да байқауға болады, яғни, өзгеден жасырмақ болған хабарын жеткізу мақсатында қолданады. Зерттеу барысында мұндай амалдар басқа да тілдерде кездесетіндігін байқадық. Мәселен, орыстың тілші-ғалымдары құпия түсіністің осы түріне байланысты: «От остальных условных языков отличается наличием только общеиспользуемых слов. Особенно часто использовался способ, когда слова расчленялись на слога, к которым добавлялся одинаковый маскировочный элемент, например: «-фер» (вофердафер –вода)» [2, 22]. Демек, қай тілде болсын сөз құрамындағы буындар арасына өздерінің қалауына сай, яғни, жоғарыда келтіргендерден басқа да буындарды қосып сөйлеу арқылы құпия хабарларын жеткізіп отырады. Осы тұста этнограф Е.Р.Романовтың: «Большинство понятий выражались общеупотребляемыми белорусскими

словами, затемненными специфическими вставками, приставками: «-ку»»,[3, 12] –деген пікірі еже тілдің құпиялылығын нақтылай түседі. Осыған ұқсас пікірді басқа да зерттеушілердің еңбектерінен кездестірдік: «Самый общеупотребительный и самый относительно старинный язык этого рода есть так называемый разговор по херам, когда слог хер или какой другой, что все равно, вставляется между каждым слогом произносимого слова, причем к началу, а иногда ик окончанию слова также приставляется избранный слог» [4, 234], – деп ертеректе дыбыс арасына буын қосып пікірлесу болғанын пайымдайды.

Демек, еже тіл – ерте кездегі қазақ жұртының өзара құпия түсініс үшін пайдаланған сөз қолданысы, жастар жаргонының бір түрі. Бұл тәсіл бойынша екі жақтың сөзін бөгде адам түсінбеуі үшін сөз ішіндегі буын аралығына қосымша дыбыстар сыналанып айтылады. Олар тілдесуші жастарға белгілі код болуға тиіс. Код кілтін таба алмаған адресат үшін бұл қатынас құралы бола алмайды.

Ерте кездегі жастардың осындай сөз қолданысын қазақ әдебиетінің классигі Ғ. Мүсіреповтің өткен ғасырдағы қазақ даласындағы әлеуметтік тартыстарды суреттейтін «Оянған өлке»романындағы Назыкеш пен Сейіт сияқты жастардың құпияласып тілдесуінен айқын байқауға болады.

- Нафа-зыфы-кефеш, мефен сефеніфің тіфі-ліфің-діфі-дефе афа-лафа-сафаңкефе-лефе-жафат-қафанқұфыл-қыфын сафа-сыфы-рыфы-ныфы-қыфы мыфыз-біфіт-тіфі дефеп қафай-тафар-шыфы,-дейді Сейіт.
- Өфе-тіфі-ріфік афайт дефей-сіфіз бефе!-дейді Назыкеш.
- Өфе-тіфі-ріфік ефе-мефес афал-дафай сафал.
- Афал-дафау мефен өфе-тіфі-ріфік ефе-гіфіз-дефе-мефей-тіфін-бефе ефе-діфі.
- Офо-сыфы-ныфың сафа-ғафан қофа-жафайыфынсыфы-ғафа-ныфы-нафа жыфы-ныфым кефе-лефе-діфі!
- Қыфы-мыфыз нефе-гефе жыфы-лыфып кефет-кефен. Сафа-пыфыр-сафаң-шыфы дефе-гефен дафа сыфын ефес-тіфі-гефін-дефе-гефен-дефе қафай-да қафа-шафа-рыфым-дыфы біфі-лефе афал мафай кефе тефем.

Сейіт пен Назыкештің әрбір әріп пен буын арасына «-фа», «-фе» сияқты бір буын қосып жат-жаладан нені жасырғанына көңіл аударайық:

- Назыкеш, мен сенің тіліңді ала жүрсін десең, мына келе жатқан құлқын сарыны қымыз бітті деп қайтаршы...- деген ғана сөзі еді.
- Өтірік айт дейсіз бе?
- Өтірік емес. Алдай сал,- дейді Сейіт қалжыңдап.
- Алдау мен өтірік егіз дейтін бе еді?- деді Назыкеш.
- Оның саған қожайынсығанына жыным келеді.
- Қымыз неге жылып кеткен?
- Қорқып кетесіз бе?
- Жоқ, естігім келмейді.

Осы үзіндіде Назыкеш пен Сейіт еже тілді не үшін қолданған? Сөз жоқ, мұндағы мақсат- екеуінің құлқын сары түсінбесін деген ниеттерінен туған. Осы

секілді сөз арасына буын қосып сөйлеу жастар арасында өте жиі қолданылған тәсіл болғаны байқалады.Еже тілден басқа да құпия хабарды жеткізуші амалдың бар екенін төмендегі мысалдан байқаймыз: Кіші жүздің биі мен Бекболат шешеннің арасындағы ишара: Кіші жүздің биі екі қолын айқастырыпты. –Бекболат «құп болады» депті. Би: Алақанын жұмып-ашыпты. –Бекболат «құп болады» депті. Би: Қолын сермеп-сермеп қояды. –Бекболат «құп болады» депті. Би қолын түйістіріпті. –Бекболат «құп болады» деп он саусағын көрсетіпті. –Би «құп болады» депті. Осындағы бір ғана «құп болады» деген сөз тіркесінен басқа ешқандай артық сөз жоқ. Бірақ екі адам арасындағы түсініс дыбыстық тілсіз-ақ тек қол, алақан, саусақ сияқты дене мүшелерін түрлі қимылға келтіру арқылы толық орындалған. Мұндағы амалдар контекстік жағдаятқа негізделген, себебі, қолды айқастыру контекске байланысты түрлі мағынада жұмсалуы мүмкін. Айталық, жұмысымды аяқтадым, боспын дегенді білдіруі мүмкін. Сол сияқты, адамның тоңғаны да осы ишарат арқылы беріледі. Бірақ дәл осы контекстік жағдаятқа байланысты «алысуға жараймын» дегенді білдіреді. Ал осы бейвербалды амалдар тек қарым-қатынасқа түсуші адресант пен адресат арасында ғана толық түсінісу қызметін атқарады. Әрине тілімізде таза бейвербалды амалдар арқылы айтайын деген ойын тұтастай, толық жеткізуге болатын тұстар да кездеседі. Мұны Т.Аяпова «прототіл» терминімен түсіндіреді [4,104].

Дыбыстық тіл - адам баласының бір-бірімен пікір алысу, қарым-қатынас жасаудағы ең басты құралы болғанымен, олар тек сөз арқылы ғана емес, сонымен қатар дененің түрлі қимыл-қозғалысы арқылы да түсінісе алады. Тіліміздегі осындай бейвербалды амалдар сөйлеу барысында адамның қобалжу, қуану, толқу иірімдерін білдіріп қана қоймай, құпия, жасырын ақпаратты жеткізу мақсатында да қолданылады.

Адам баласының қарым-қатынас жасау қажеттігінен пайда болған дене тілі туралы түрлі пікірлер бар. Мәселен, тілші-ғалым Қ.Жұбанов: «Дыбыстап сөйленген сөздің олқысы, көбінесе ыммен толады. Тіпті бірінің тілін бірі білмеген я болмаса бірінің тілі мүлде жоқ болған уақытта да, ыммен ылаждап түсінуге болады» [5, 148]. Бұл пікірден сөйлеу әрекеті кезінде айтылмай қалған немесе түсіп қалған сөйлемді тыңдаушыға бейвербалды құрылымдар арқылы толықтыруға болатындығын аңғарамыз. Бұл пікірді басқа да ғалымдар құптайды: «Ым-ишара – санамен ұғынылатын көнеден келе жатқан әмбебап сигнал. Ол ақпараттың дұрыс қабылдануына көмектеседі», - деген [6, 26] тұжырымды қазіргі зерттеушілер еңбегінен кездестіреміз.Бірақ бұл амалдардың өзі көпмағыналыққа ие болғандықтан, кей тұстарда ақпарат алмасушылардың арасында түсініспеушілік туғызады. Сонымен қатар құпия хабарды жеткізуде олардың жалпыхалыққа таныс мағынасынан ауытқушылық байқалады. Б.Момынова мен С.Бейсенбаевалар «Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігінде «бас шайқау» ишаратының үш түрлі мағынасын көрсетеді: «ренжуді, көңілі толмағандықты аңғарту», «таң қалу, таң-тамаша болу, таңырқау», «біреудің ойымен, пікірімен үзілді-кесілді келіспеуді» [7,4]. Зерттеушілердің еңбегінде айтылмағанмен, шағын топ

мүшелерінің арасында келісімге келу ишаратын білдіру мақсатында қолданылады. Мысалы: *«Ербол төреші болғандықтан, енді жұрттың бәрі жаттап алған төрелікті өзі тағы бір айтып, өзі ойланып,* ***бас шайқады****» (М.Әуезов). Жұмекен «әй, балам, балам! –деп* ***басын шайқап*** *аз тұрды да –Ал, жолың болсын, ендеше! –деп қолын ұсынды»(*С.Ерубаев). *Айдын теріс бұрылғанда, Алма Асанға басын шайқады* (С.Ерубаев). Мұнысы келістік дегені еді. Келтірілген мысалдың алғашқысында «бас шайқау» ишараты арқылы отырғандармен келіспегендікті білдірсе, екіншісінде «реніш пен көңілі толмағандық», үшінші сөйлемде екі адамның келісімге келу ишараты байқалады.

Адам баласының ақпаратты жеткізу үшін қолданатын материалдық объектісі – таңба. Қарым-қатынас құралы ретінде жұмсалатын таңбалардың тілдегі қандай да бір семантикамен алмастырылып, белгілі бір мағынамен қабылданатыны белгілі. Мысалы, жол бойындағы бағдаршамның қызыл, түсінен «жүріңіз», жасылы арқылы «тоқтаңыз», сарысынан «дайындалыңыз» дегенді түсінеміз. Бұл жердегі әрбір таңбаның тілде қабылданған мағынасы болғандықтан біз осындай әрекеттерге барамыз. Таңба мағыналық мазмұнға ие категория. Егер адресант пен адресат арасындағы код дұрыс декодталмаса ол коммуникативтік қызметті атқара алмайды. Мысалы, детективті шығармаларда келісімнің бұзылғанын «терезенің алдына гүл қою» арқылы жеткізсе, қарапайым тұрмыста көбірек күн сәулесі түсіп, гүліміз жақсы өссін деген тілекпен терезенің алдына қоямыз. Демек, таңба құпия хабарды жеткізуде де маңызды қызметке ие. кез келген жасанды таңба алдын ала белгілеп қойылған бір ғана ақпаратты жеткізеді, коммуникативтік қызметте пайдалану үшін адресат пен адресанттың арасында оның мағынасы жайында келісім болуы шарт.

Осы сияқты түрлі шартты белгілер соғыс уақытында жиі кездесіп отыратындығын соғыс жайлы жазылған шығармалардан аңғаруға болады. Мысалы: *Парашютты тез жиып үш рет сигнал береді. Біз де сол сигналды беріп орнымыздан тұрып, үлкен жерден келгендерді қарсы алдық* (Қ. Қайсенов.). Осы сөйлемдегі «фонардың қызыл түсті жарығы» солдаттардың табысу белгісі. Бұл жерде де солдаттар өздерінің межелі жерге келгендіктерін жолдастарына хабарлап тұр.

Мысалы: *Бір ағашты керосинге малып тұтатып алды да, терезенің форточкасынан үш рет жарқ еткізді* (Б. Майлин).

Сөйлемдегі «үш рет жарық жағу» белгілік сипатқа ие. Бұл жерде де солдаттар өздерінің тұрған жерін басқаларға «үш рет жағылған жарық» арқылы жеткізіп отыр.

Осы сияқты, бір күні өрістен қайтқан малды жайғап болып, кешкі асты алдымызға енді ала бергенде электр шамы жалп-жалп етіп, сөніп жана бастады.

-Кино! –деп, үйдегілер қуана шу ете қалды.

-Қайдағы кино? - деп шамға таңдана қарап ем, бәрі ду күледі. Үзіндідегі электр шамының жалп-жалп етіп, сөніп-жануды киномеханиктің: «Ауылға кино

әкелдім, соны көруге келіңдер!» - деп шақырған белгісі екендігін шығарма контексінен аңғаруға болады.

Аталған мысалдар белгінің қарым-қатынас құралы екендігін дәлелдей түседі.

Ғалымдар таңбаларды бірнеше түрлерге бөлген, соның бірі – дыбыстық таңбалар. Ысқырықтың таңбалық қасиеті туралы Г.Қамашева былай дейді: «Барабан арқылы тілдесу Батыс, Шығыс және Орталық Африка халықтары кеңінен қолданады. Алайда, «барабан тілі», «ысқырық тілі» деген ерекше дербес термин жоқ, осындай айрықша тәсіл арқылы белгілі бір халық немесе тайпа өкілдері өз ойын ерекше өздері ғана білетін белгімен жеткізеді. Қазақ халқы барабан мен ысқырықты арнайы қолданбаса да, мал қайырғанда бос кәуектерді даңғырлату, әлдекімді шақырғанда, әлденеге таңғалғанда ысқырып жіберу, халық назарын аудару үшін керней (немесе басқа үрмелі-соқпалы музыкалық аспаптарды) қолдану, қауіпті жағдайды ескерту үшін (мәселен, жаудың келе жатқаны жайлы) немесе жорыққа аттануды, сонымен бірге ұрыстың аяқталғаны жөнінде ескерту мақсатында дабыл қағу да кездеседі» [8,89].

Мысалы: *Тамақ жеп ел аяғы басылғанда, Жүсіп мұның үйінің алдындағы қос теректің түбіне келіп жылқышы құс сияқты ысқыратын* (Е.Қ.). *Осындағы «ысқырық» Салтанат пен Жүсіптің табысу белгісі болса, ал халықтың түсінігінде «жылқышы ысқырса, су тасиды» деп деген мағынаға ие. Аз уақыт өткен соң, біздің барлаушыларымыз көкек болып белгі бере бастады* (Ә.Шәріпов). Осындағы «көкек болып белгі беру» келісілген жерге жеттік дегенді хабарлап отыр. Осы сияқты сабақтың басталғаны немесе аяқталғаны немесе жұмыс уақытының аяқталғаны жөнінен хабар беруде де дыбыс белгілері қолданылады.

Адамдар арасында бұл сияқты дыбыс тілінен өзге хабар, пікір алысу құралы жеке адам не, ел басына күн туған тұстарда орын алған. Мақаламызда сол ата-бабаларымыздың, күнделікті қатынаста қолданған жасырын түсінісу амалына талдау жасадық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ тілі энциклопедиясы. – Алматы, 1992.
2. Б.Н.Головин. Вопросы социальной дифференциации языка \\ Вопросы социальной лингвистики. - Ленинград: Наука, 1969. – 345.
3. О.С.Ахманова. Словарь лингвистических терминов. – Москва: Советская энциклопедия, - 1966. – 444.
4. Т.Аяпова. Сөйлеу онтогенезі. – Алматы: Раритет, 2003. -280
5. В.М.Жирмунский. Марксизм и социальная лингвистика\\ Вопросы социальной лингвистики. - Ленинград: Наука, 1969. – 14.
6. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. - 581

Полатова А.С.
Магистрант;
Абитжанова Ж.А.
филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

КОГНИТИВТІ ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ КОНЦЕПТ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Когнитивтік лингвистиканың негізгі термині концептіге қатысты зерттеулерге қазіргі кезеңде көп көңіл бөлінуде. Өйткені әлем бейнесін когнитивтік тұрғыдан зерттеуде «концепт» ұғымы аса маңызды рөл атқарады.

Когнитивтік лингвистикада тіл адамның таным әрекетінің бірі ретінде тілдік бірліктердегі ақпаратты қабылдау, жоққа шығару құралы ретінде қарастырылады. Адам таным процесінде қоршаған ортаға қатынасын өзінің шындық әрекеті арқылы концепт түрінде елестетіп, түсіндіреді. Зерттеушілердің пікіріне сүйеніп, концептуалды білім адам білімінің тұрақты және жеке білімдерінің бір бөлігі екенін ескерсек, шын мәнінде тілде бейнеленген білім, жалпы әлем туралы білімнің бір бөлігі болып табылады [1].

Концепт – белгілі бір құбылыстарға бір-бірінен шығып отыратын өзара байланысты көзқарастар жүйесі немесе бір нәрсеге деген негізгі жалпы ой. Ожиков бойынша «Концепция – белгілі бір затқа деген негізгі ой, көзқарастар жүйесі».

Энциклопедиялық сөздікте концепция (латынның «conceptio» - түсіну, жүйе дегенді білдіреді) іс-әрекеттің түрлі бағыттарын, белгілі бір құбылыстарды түсіну тәсілі. Концепциялық көзқарас түрлі құбылыстарға, ал педагогикада педагогиканың негізгі категорияларын түсіндіруде қолданылуы мүмкін және бір құбылысқа немесе затқа бірнеше бағыттағы концепциялар қалыптасуы мүмкін. Концепция ғылымның кез-келген саласында қолданылатын тәсіл болып табылады

Концепт когнитивтік лингвистика тұрғысынан қарастырылатын болғандықтан, алдымен сол концепт туралы біраз зерттеулерге сүйенуді жөн көрдік.

Сөздік қордағы кез келген сөз концепт бола алмайды. «Концептілік мәнге ие доминант» болу үшін концепт деп танығансөздің бойынан белгілі бір ұлттың мәдени рухани танымдық ерекше белгілері мен бірге ғалам бейнесіне апара алатын қасиеттері болуы қажет. Сондай-ақ концептіден белгілі бір ұлттың рухани мәдени танымдық ерекшелігімен қатар ұлттық менталитетінен ақпарат бере алатын семантикалық өрісі болуы шарт. Сөздердің мәдени концепт тізбегіне енуі олардың прагматикалық семантикалық сипаттарына байланысты болады.

Концепт ұғымы, негізінен, ағылшын тіліндегі Шенк, Чейф, Рассел, Карнап сияқты ғалымдардың еңбектерінде кездесіп, аталмыш ұғымды дұрыс аудару мәселесі туындағандықтан алынған (1970 ж. ортасы). Ол кезде ағылшын

тіліндегі concept сөзін «ұғым» деп аудару ұсынылды, алайда қазіргі таңда зерттеушілер «концепт» пен «ұғым» терминдерінің ара-жігін ашуда. Мәселен, Ю.С.Степанов ұғым мен концептің айырмашылығы туралы айтқанда, біріншісін логика мен философиямен байланыстырып, екіншісін математикалық логикаға жатқызса, кейінгі уақытта концепті «мәдениеттің ұйытқысы» ретінде анықтап мәдениеттанумен де байланыстыруда.

Концепт дегеніміз – елестету және ұғымның бірлігі. Демек, концепт шындық өмірдің бейнесі, әрі ұлт санасындағы бейне. Әлемнің пәк бейнесі когнитивтік модельде айқындалатын болса, "ол өз кезегінде ұжымдық санамен, көзқараспен, ұжымдық философиямен байланысты болады. Демек, ғаламның тілдік бейнесі негізінен және толығымен адамдар санасындағы әлемнің логикалық бейнесімен сәйкес келеді.

«Концепт» терминінің теориялық негіздері Д.С.Лихачев, Н.Д.Арутюнова, Е.С.Кубрякова, А.Н.Мороховский, Н.К.Рябцева, В.Айрепетян, В.В.Колесов, В.А.Маслова зерттеу еңбектерінде кең көлемде қарастырылады. Концепке қатысты философиялық сөздіктің анықтамасына көз жүгіртсек, «концепт (лат. conceptus-понятие) – содержание понятия в отвлечении от языковой формы его выражения. Концепт актуализирует отраженную в понятии онтологическую его составляющую» – десе, Р.Карнап концепті айтылымдармен оған сәйкес заттарының арасына қойып, әрбір концептің концептуалды схеманың деңгейінде өзінің нақты белгіленген орнын иеленетінін, бір деңгейдің концептері басқа деңгейде элементтермен схемаларды өзгерте отырып қатынасқа түсуі мүмкін екенін айтқан [4].

Сонымен концепт адамның өмірлік тәжірибесін бейнелей отырып, оның өзгеруін белгілі бір динамикалық құрылымға икемделуге әкеледі. Концептің көмегімен сөздің ескі және жаңа мағыналары тиянақты болады.

Н.Д.Арутюнованың мәдени концептілер жөніндегі көзқарасы былайша өрбиді: «Каждое из этих слов обладает своими законами, сочетаемости, своим лексиконом, фразеологий риторикой и шаблонами, своей областью референций, и поэтому, описывая и анализирую «язык» каждого культурного концептами открываем доступ и соответствующему понятию» [5, 3]. В.А.Маслова мәдени ақпарат тілдің когнитивті бірліктері арқылы төрт тәсілмен: «мәдени семалар», «мәдени ая» «мәдени концептілер», «мәдени коннатациямен» берілетінін айтады. Мәдениеттің басты концептілері негізі тек жеке тілдік тұлға емес, сонымен қатар лингвомәдени таным тұрғысынан жалпы қоғамдағы экзицтенционалды мағыналы әлем бейнесінің арқауы болып табылатын тілдік бірліктерді айта келе мәдениеттің негізгі концептісіне ар, тағдыр, бостандық, азаттық, егемендік т.б. дерексіз атауларды жатқызады. Концептіні В.А.Маслова үш түрлі тәсілмен түсіндіруді ұсынады: бірінші тәсілді жақтаушы Ю.С.Степанов концепті қарастырғанда ең алдымен оның мәдени аспектісіне көп көңіл бөліп, мәдениетті барлық концептердің жиынтығы мен олардың арасындағы қатынас ретінде түсіндіреді. «Концепт – это основная ячейка культурыв ментальном мире человека – дейді [4]. Осы ойды сабақтай

отырып Н.Д. Арутюнова концепт мазмұнының қалыптасу құралы тілдік белгінің семантикасын көрсетеді дейді [5].

Қазақ тіл білімінде концепт терминінің теориялық негіздері Манкеева Ж., Уәлиев Н., Жаманбаева Қ., Смағұлова Г., Ақбердиев Б., Сәтенова С., Сейілхан А., Снасапова Г., Күштаева М., Сүгірбекова С., Жапақов С., Сыбанбаева А., Ислам А., Елемесова Ш. т.б. секілді зерттеушілердің өз еңбектерінде концепт терминіне әр қырынан келіп қарастырады. Осындай зерттеушілердің еңбектерінің негізінде қазақ тіл білімінде концепт терминінің теориялық қырының жетіле түсуіне негіз болды. Алайда концепт терминінің шешімін таппаған қыр-сыры да баршылық.

Қазақ тіліндегі концептілерді М.А.Күштаева: «концептіні адам дүние танымындағы әлем туралы ақиқат болмысты бейнелейтін когнитивті бірлік ретінде қарастыра келе, адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері бейнелеген жеке атаулары бар ғаламның тілдік бейнесі, концепт терминіне «рухани мәдениеттің тірек сөздері» мағынасында ғана түсінбейміз, себебі тірек сөз концепт сөзіне емес «мәдени концепт» тіркесіне балама ретінде қолданылады» – дегенді айтады [2].

Қазақ тіліндегі концептінің мән мағынасын айқындауға ой салатын пікірлер де баршылық. Мәселен, Г.Смағұлова: фразеологизмдердің мағыналас тізбек құрудағы басты қасиеті – жалпы ұғым, түсінікке бағытталған тіркестер болатынын ескере келе, мағыналас фразеологизмдердің синонимдік тізбектерде ұғымды сөзбен жеткізе алмаған жағдайда мағына ортақтығын танытып тұратын жеке мағыналық ой басым түскен тұрақты тіркес тірек сөз доминант қызметін атқаратынын айта келе, семантикалық синтагмалар аясында фразеологизмдер компоненттерінің қосынды мағыналары соңынан тұратын әрі сол мағынаның толық жұмсалуына себеп болатын бір сөз тұруы шарт. Біз мұндай сөздерді «сүйемел сөз» деп атаймыз – дегенді айтады ғалым [3].

С.Жапақов: «концепт дегеніміз индивидтің, тілдік ұжымның, лингвистикалық қоғамдастықтың ақиқат туралы білім жүйесі болып табылады» – дейді.

Ш.Елемесова концептілерге көркем мәтіннің ассоциативті концептілік құрылымы арқылы келе отырып: «концепт базалық когнитивтік маңыздылық ретінде мәнді пайдаланылатын сөздермен байланыстырушы концептуализация процесінің мазмұнды бірлігі ретінде щындықтың адам миында бейнеленуі» - деп айтады.

Жеке бір сөздің толық толық концептісі оның семантикалық және ассоциациялық өрісі негізінде айқындала түседі. Сөздің семантикалық және ассоциациялық өрісінің негізінде пайда болған ақпараттың ішкі құрылымына когнитивті және прагматикалық мағыналардың элементтері де енеді. Осыдан барып «мәдени концепт» деп танылатын лексема концепт түзудегі өзінің лексиконы, мағыналас тізбектері ассоциациялық қатынасы бар және семантикалық өрісі қомақты номинацияларды жатқызуға болады.

Концепт термині ақиқат дүниені когнитивті тұрғыда тануға ғалымның тілдік бейнесін түсінуге мүмкіндік береді. Концепт индивид санасында

сәулеленген сезімдік-заттық образдың (перцептивті модус) негізінде пайда болады. Концепт негізінде сезімдік тәжірибе жатады. Сезімдік-заттық образ (код) концептің ядросы болып табылады. Осы заттық код белгілі бір обьектіні терең, жан-жақты білген сайын жаңа мәндік белгілермен байи түседі. Осының нәтижесінде концептің мазмұны ұлғаяды, мазмұны кеңи түседі. Әлгі белгілердің қайсыбірінің мәнділігі күшейе түсуі, қайсыбірінің көмескіленуі ықтимал.

Концепт ретсіз нәрсе емес. Оның компоненттері (белгілері) белгілі бір тәртіпте болады. Заттық-образдық ядро нақты болады, ал ядродан алшақтау жатқан белгілер дерексіз, абстрактілі болуы мүмкін. Концептінің әртүрлі қабаттары бір-бірінен туындап жатады. Бұл жайт концепт ұғымының өзгеше сипатын көрсетеді.

Концептінің жасалуына ұғым емес, заттық образдар (заттың бейнесі) негіз болады. Мысалы, *ат жалын тартып мінді* (ержетті) дегенде ат, мән, жал деген (субьект-предикат) ұғымдар емес, ақиқат өмірден алынған сенсорлық-перцептивті образ негіз болып тұр.

Ұғым мен концептінің мағынасы тепе-тең емес. Ұғым белгілі бір обьектінің танылған аса мәнді белгілерінің жиынтығы болса, концепт – мазмұн межесі жағынан обьект туралы барлық білімнің жиынтығы, ал тұрпат меже тұрғысынан тілдік бірліктердің (лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық т.б.), құралдардың жиынтығы болып табылатын ментальды, ұлттық ерекшеліктерді танытатын құрылым.

Ұғымнан концептінің айырмасы, түптеп келгенде, мынаған саяды: концепт – денотат туралы бастапқы түсінік (представление). Денотат туралы осы түсінік жалпыланған инвариант – образ түрінде болады да, ол сөздің тууына түрткі, ұйтқы болады. Бұл – заттық-бейнелік концепт. Тілдік санада концепт форматына түскен бұл құрылым лингвокреативті ойлаудың негізінде әрі қарай өңдеуден өтіп, ұлттық-мәдени концепт пайда болуы мүмкін. Заттық-бейнелік концептіде (перцептивті модуста) этномәдени сипат бола қоймайды. Мысалы, *көк* түс сипатына ие. Бұл – ақпарат. Осы ақпараттың реттелген жүйесінен көк аспан, көк көз, көк (шөп) т.б. заттық-бейнелік концепт жасалып тұр. Бірақ заттық-бейнелік концептісінің ономосиологиялық құрылымы мәдени этностық санада әрі қарай өңдеуден өтеді де, басқа бір таңбаланушының таңбасына айналады. Ендігі жерде қазақ түсінігінде *көк «түс», «аспан», «шөп», «таспа», «долылық», «мұң-зар», «шикілік», «ақылсыз, есуас», «көктем», «көке», «тәңір», «жөтел», «сақал»* болып табылатын ұжымдық санадағы мәдени-ұлттық семантиканың тілдік таңба арқылы жарыққа шығуы *көктің* ұлттық мәдени концептіге айналғанын көрсетеді. Мұндай концептілер (инферентті модус түріндегілер) этномәдениеттің тірек элементі болып, концепт кеңістікке енеді.

Этностың ерекшелігін, таным түсінігін, сана-сезімін, ой өрісін, болмыс-бітімін, яғни бір сөзбен айтқанда, этно-мәдени-танымдық болмысын білдіретін тілдік модельдердің жиынтығын «концептілік мәнге ие доминант» ретінде қарау керек.

Когнитивтік лингвистиканың басты категориясы концепт – этностың аялық білімін жүйелейтін, реттейтін, жіктейтін логикалық модельдердің жиынтығынан пайда болатын өзара синонимдік, ассоциативтік, бинарлық, т.б. қарым-қатынастағы тілдік модельдердің біртұтастығын көрсететін тілдік құбылыс. Концепт – когнитивті лингвистиканың басты нысаны.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие. – Минск.: Тетра Системе, 2004. – 255 –с.

2.Күштаева М.Т. Мәдени концептінің («тары» концептісінің) когнитивтік негіздері. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №1 (109). 2008.

3. Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы, 1998. -196 б.

4. Краткий словарь по логике / Под ред. Д.П. Горского. – Москва: Просвещение, 1991. С. 208.

5. Арутюнова Н.Д. Образ (опыт концептуального анализа) // Референция и проблемы тестооброзования. – Москва: Наука, 1998. - С.198.

Рахымберлина С.Ә.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ЕСІМДЕРДЕГІ КӨРІНІСІ

Тілдің өзін пайдаланушы адамнан/ұлттан, оның жан-дүниесінен, ой-санасынан, талап-талғамынан, арман-мақсатынан бөлек болуы мүмкін емес. Тіл білімінде соңғы кезде соны бағыт алған антропоцентризм осы мүддеге қызмет етеді. Психолингвистика адамдар арасындағы қарым-қатынас, осы қатынастан туатын түрлі көңіл-күй, сезім, бағалау т.б. адами мінез ерекшеліктерін тілде бедерлейді. Басқаша айтқанда, халқымыздың жүріп өткен тарихын, ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан салт-санасы мен мәдениетін, өзіне ғана тән ойлау жүйесі мен дүниетанымын, шаруашылығы мен іс-тәжірибесін «әлемнің көрінісі» десек, сол барлық «көріністердің» тілде психологиялық құбылыстар түрінде (түйсік пен қабылдау, елес пен ой, сезім мен тілек, қабілет және мінез ерекшеліктері) бейнеленуі. «Тіл ойлаумен тығыз байланысты болғандықтан, тіл білімінің ойлау процестері және олардың тілде көрінуі туралы ғылым – психологиямен байланысы келіп туады» [1,11].

Тіл білімі сөздігінде психолингвистикаға (грек.psuhe/жан/ және lingua/тіл/) «сөйлеу механизмдерін (сөздің тууы мен оны қабылдау) психикалық үдерістермен байланысты зерттейтін, олардың тіл жүйесіне қатысын қарастыратын ғылым» деген анықтама беріледі [2,125].

Психолингвистика ғылымының негізін қалаушы В.фон Гумбольдт болса, теориялық-практикалық жағынан тұжырымдаған ғалымдар Г.Пауль, К.Бругман, А.А.Леонтьев, Е.Л.Березович, И.С.Карабулатова, В.И.Супрун т.б. Р.А.Амренова, З.К.Ахметжанова, Э.Дүйсенова т.б. қазақстандық ғалымдар қазақ тіл біліміндегі психолингвистика бағытының дамуына өз үлестерін қосуда.

Қоғами-әлеуметтік қатынастар адамдар арасында сыйлау, құрметтеу, ардақтау, ұнату, еркелету сияқты т.б. жоғары сезімдерді де, бұларға қарама-қарсы көңіл-күйлерді де туғызуы мүмкін. Ал, олардың әрқайсысы есімнің түрлі формаларын, түрлерін қолдануға әкеледі. Қазақ тіліндегі сыйлау-құрметтеу, еркелету мәндегі тұлғалардың көптігі, олардың ресми/бейресми жағдайларда қолданылу мүмкіндігі, ең бастысы, олардағы ұлттық сипаты айқын эмоционалды-экспрессивтік мағына үлкен мен кіші, басшы мен қызметкер, аға мен бауыр арасындағы қарым-қатынастың мәдениетті де жақын болуының кепілі. Әбеке, Сәке, Аске, Базеке, аға, апай, бауырым, інішек т.б. антропонимиялық «аталымдармен» қатар лақап және бүркеншік есімдерден де есімді атаушы мен қабылдаушы арасындағы әр түрлі психологиялық көңіл-күйлерді байқауға болады.

Ғалымдардың айтуынша, кісінің өз есімі құрмет, ал лақап ат реніш туғызады (Л.В.Успенский). Тіліміздегі лақап есімдерді зерделеу барысында лақап есімдердің бәрінің бірдей жағымсыз сипатта емес екендігі, қайта құрметтеу, асыра мадақтау арқылы туған есімдердің көптігі байқалды. Соңғы есімдер тарихи тұлға есімдерімен байланысты туған *«Көмекей әулие»*/Бұқар жырау/, *«Абылай аспас сары бел»*/Байдалы би,*Қаз дауысты Қазыбек, Қу дауысты Құттыбай, «Ақжол би», «Бала би»* т.б. би-шешендердің есімдерінен көрінеді.

Байдалы би Бекшеұлы Абылай ханның қасындағы сегіз бидің ең беделді бас биі болады. Абылай хан оның асқан шешен ақылды кеңесіне дән риза болып «сегіз биім, сегіз бидің ішінде семіз биім» деп атағанда оның дене бітіміне емес, ақыл, парасатына, шешендік тапқырлығына қарап айтса керек. Бірде немере інісі Бәйтелі батыр төре тұқымынан кісі өлтіріп, Абылайдың екі кісінің құны дегеніне келіспей отырып алып, ақырында жарты адамның құнын төлеуге тоқтасады. Сол даудан кейін Байдалы *«Абылай аспас сары бел»* атанып кеткен екен [3]. Би-шешендердің есімдеріне уәж, ең алдымен, олардың әділ де тапқыр шешімдері, екіншіден, халықтың сөзіне құлақ асқан даналықтары болғаны көрінеді. «Тура биде туған жоқ» дейтін халық әрқашан әділ де тура сөзге тұра білген. Әрбір есімде даналықты құрметтеу, әділдікке бас ию, халықтың сүйіспеншілігі анық көрініс тапқан.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақ елінің тарихи жадында *Еңсегей бойлы Ер Есім хан, Салқам Жәңгір, Ұзын оқты Ондан сұлтан, Көкжал Барақ* т.б. аттары мәңгілікке қалды. Елі мен жерін қорғаған батырларына халқы ескерткішті есімдерінен тұрғызды, ол есімдер ұрпақтан-ұрпаққа аңыз болып жете бермек.

Бабалардың ерлік ісі жөнінде жазушы әрі тарихшы М.Мағауин: «...Тоғым ханның туған інісі Шығай ханның ұлы *Еңсегей бойлы Ер Есім хан* алаштың

қаншама мың арысы қазаға ұшыраған Сан-Таш аңғарында ұлан-асыр ас беріп, биік қорым үйгізеді. Сол Есім ханның ағасы *Ұзын оқты Ондан сұлтанның* ұрпағы, кешегі Алаш Орда көсемі Әлихан Бөкейханның бабасы атақты Барақ сұлтан, кәдімгі Әбілқайыр ханды өз қолымен жаһаннамға аттандырған *Көкжал Барақ*өзінің сөзінде: «Мен – шынжырбалақ-шұбартөс Тоғым-Шығай әулетімін»,-дейді кеудесін керіп» <> «Өз заманында-ақ *Салқам Жәңгір,* яғни, Айбынды Жәңгір атанған Ұлы Қазақ бастаған қалың қолдың Еуропалық от-қарумен жарақтанған екпінді тобы. Салқам Жәңгір жасағында мылтықпен қаруланған алты жүз атарман бар екен» <> «...арғы тарихымызда Тәуекел бахадұр-ханмен, Еңсегей бойлы Ер Есім ханмен, бергі тарихымызда Абылай ханмен ғана теңдесер сайыпқыран қолбасы - Салқам Жәңгір» деп жазады [4].

Еңсегей бойлы Ер Есім, Қаз дауысты Қазыбек, Қу дауысты Құттыбай, Ұзын оқты Ондан сұлтан есімдеріндегі дыбыстардың қайталанып келуі құрмет-марапат сезімін одан сайын күшейтіп, экспрессивтік мән дарытады. Ата-бабаларымыздың ерлік ісіне бас ию, құрметтеу және мақтану сезімдері бойды билейді. Қазақ шежірелеріндегі өткен дәуірдегі тарихи тұлғалардың бейнелері туралы айта келіп, тарихшы-этнограф М.Алпысбес былайша ой қорытады: «...батырлардың ерлігі (батырлар жырында, тарихи әңгімелерде), билердің шешендігі (билер сөзінде), қариялардың шежірешілігі, даналығы (қария сөзде), хандардың рахымдылығы (төрелер туралы әңгімелерде), байлардың дархандығы, әулиелердің кереметтері (агиологиялық мифтерде), сыншылардың сыншылығы, бектердің бектігі, мырзалардың мырзалығы, сондай-ақ әншілердің, ақындардың, жыраулардың өнері, қасиеттері – осылардың барлығы бір жағынан ұлттың тарихи-мәдени мұрасы болғанымен, екінші жағынан, ең бастысы, негізінен, өскелең ұрпақтың қалыптасуына тәрбиелік қызмет еткен. Тарихта өткен әрбір әйгілі тұлғаның әрекеттерін оңтайлы түрде оның жарқын жағынан да, көлеңкелі тұстарынан да көрсетіп, олардың мінезінен жақсы-жаман өнегесін көрсетіп тәрбиелей білген» [5,287].

Тұрмыстық-отбасылық лақап есімдер тобында, әсіресе құрбы-құрдастар мен балалар арасында кекетіп-мұқату, мазақ ету, дене бітімі мен бет-пішініндегі кемшілікті жария ету мақсатындағы жағымсыз сипаттағы есімдер жиі кездеседі. Әдетте, лақап есім түрлі ассоциациялар арқылы жаңа мен ескінің арсындағы ұқсастыққа (алғаш көргенде алған әсермен) байланысты бір сәтте тілге үйіріліп, пайда болады. Психологиялық жағынан «қорлық көріп, азапқа түсуші» осы есімнің «иегері», яғни, аталушы. Өмірді неғұрлым шынайы көрсетуге ұмтылған суреткердің мұндай құбылысты айналып өтуі мүмкін емес. Балалар әдебиетінде кездесетін лақап есімдер, әдетте, иесінің сыртқы келбеті мен түр-тұлғасындағы кемшілікті көрсетуге бағытталады. Еркінен тыс таңылған лақап есімнен қашып құтылудың айласын таппақшы болған балалардың тірлігіне назар аударайық:«...Біздің Мейрам осындай әңгімешіл. Біз оны ылғи да *«Жыртық бет»* деп атаймыз. Әлімді *«Саржалақ»* дейміз. Әсіресе жаз болды дегенше дүрдік ерні тілім-тілім жарылып, кейін қызылшақаланып кетеді. Басынан қара шляпасын мыжырайта тастамайды, онымен істемейтіні жоқ. Керек кезінде ішіне құм толтырып машина етсе, зәуде ішіне арыстан

ойнай қалса, аспанға әуелете лақтырып, самолет те етеді. Саржалақ Айнакөлдің суын көсіп ала мөлтілдете бас қойғанда, сірә да, қызықпайтынымыз жоқ. Телегей Айнакөлдің суы жетпегендей таласа-тармаса шляпіден су ішуге құмармыз-ақ. «Секпілің жұғады деймін, *Секпілбет*!» - деп Саржалақ кәдімгідей-ақ шыж-быж болатынын қайтерсің. *«Секпілбеті*», әрине, мен. Дөп-дөңгелек бетімнің үсті толған тарыдай-тарыдай секпілдер. Әлбетте, бұларды кетіру үшін істемеген айлам жоқ. Күміс апамның тракторының айнасына қарап, талай-талай әйнекпен қырдым. Кетпеді. Айнакөлдің шеге құмы да тырналаған бұл бетті. Бәрібір кетпеген. Сонсоң амал нешік, Секпілбет атты жамау есімге мойын ұсынуға тура келген [6,287].

Осынша әуреге салған лақап есім кейіпкер үшін – көрген сайын мінін бетіне басар айна тәріздес, естіген сайын жанды жеріне бір тиіп кетеді. Осы жағдай Б.Соқпақпаевтың талай ұрпақтың сүйікті шығармасына айналған «Менің атым Қожа» повесіндегі басты кейіпкер Қожаның да басында бар. Азан шақырып қойылған Қожаберген есімінің Қожаға қысқартылуы, аттас Қожамен шатастырмау үшін «қара» айқындауышының тіркесуі, келе-келе Қожаның *«Көжеге»* ауысуы - кейіпкер үшін трагедия. «Менің атым... Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады да тұрады. Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін. Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттарды алып қараңдаршы. Айтуға да ықшам, естір құлаққа да жағымды. ... Әттең қолдан келсе, табанда өзгертіп, әдемі аттардың бірін иемденіп алар едің»дейді кейіпкер» [7,10].

Лақап есімге Қожадай күйіп-піспей, жайбарақат қарайтын кейіпкер Қ.Ысқақовтың «Қоңыр күз еді» повесінде кездеседі. *«Жарықжұлдыз»* /Қомшабай/ есімді баланың «...неге екенін кім білсін, жастайынан еті үйреніп кеткендіктен бе, әлі күнге дейін танауының суы жиылмайтын көрінеді. Балалар ажуалап «жұлдыз ақты, жұлдыз ақты» десе болды, мұрнын қос-қостап тартып, сұқ саусақтың сыртымен оңды-солды шеміршектете жөнеледі. Осылар маған күлді-ау, мазақтап жатыр-ау деп не қымсынғанды не шамданғанды білмейді. Жүрген бір сабазың» [8,10]. Шығарманы оқу барысында кездесетін *«Бүкір»* /Қыдырхан/, *«Маймұрын»* /Қалматай/, *«Беликов»* /Зейнолла/, *«Тыртық»* /Алматай/ сияқты лақап есімдер сырт бейненің ұқсастығы не мінінен басқа иеленушілерінің ішкі жан дүниелерінен де хабар береді. «...*«Бүкірі»* біздің қосқанымыз ғой, - деп бір қойды. – Оның үстіне тәрбиеші, мұғалім, аспаз дегендерге жағынып, бірді-бірге шатыстырып қойып, майға батырған ыстық қасықша жылпылдап сумаң етіп әр жерден сүңгіп шығып жүргені». Бойын тік ұстап, адал жүріп, адал тұратындардай емес, бойында табиғи кемістігінен де асып тұрған қулық-сұмдығы бар «Бүкірдің» сұғанақ, жарамсақ келбеті жағымсыз ассоциация туғызып, эмоцияны күшейтеді.

Өкіметтің есебінен бір, балалардың есебінен екі жырымдап жеп отырған, онысымен қоймай, оқытып білім берудің орнына жұмысқа салып қойған директорға деген наразылық балалардың берген лақап есімінде көрініс тапқан: «–Ойбай сен білмейсің ғой,- деп Жарықжұлдыз әлдебір байсалды адамдарша күрсініп қойды. – Бұл түкпірде әй дейтін әже, қой дейтін қожа болмаған соң

*Маймұрын*өзін құдай емеспін, құдайдан былай да емеспін деп санайды. Аты - Қалматай. Осы интернатта бар болғаны төрт ат, үш-төрт сиыр, бір ала тайынша бар. Өзгенің бәрі сонікі. Қойдың басы отыз-қырыққа жетеді, бір тайлы биесі, бір аты және тұр, сиыр малы бесеу-алтау шығар. Ала жаздай интернат болып шөп шабамыз – соның малы жейді, саржан кесеміз – сол қызығын көреді. Артығы болса колхозға, ауданға сатады. Қолы ұзын неме. Бар жұмысын біз істеп береміз. Қылаяғы міне, суына дейін біз тасып жатырмыз».

Орыс әдебиетінен таныс кейіпкердің түр-тұлғасына еліктеп қойған, шілденің шіліңгір ыстығында мысық жағалы көнетоз қыстық пальтосын үстінен тастамайтын, «... жақтырмаған кісіге бір көзін аса қарап, бір көзін баса қарайтын ежелден әдеті бар», балалар көзінше «Ағай» десе де, сыртынан*«Беликов»* деп айдар тағып алған завхоздың психологиясы бар кескін-келбетімен көз алдыға келеді. Балаларға өкіметтің берген киім-кешегінің өзін өз қалтасынан шығарғандай сызданып, үлкен-кішісіне қарамай үлестіруі, ертең ол баланың әкесіне шақ жұмыс бәтеңкесімен қалай жүретініне мән берместен «алдына торс еткізіп тастай салатын» адамның мінез-құлқы Беликовтан алыс кетпеген. Алматыдан институт бітіріп келген, мектепте жоғары кластарға әдебиет пәнінен сабақ беретін, «алқымында балық желбезегіндей қатпар-қатпар боп сыңсып жататын ескі жарадан қалған қызылшақа тыртығы бар» жігітті үлкен-кішінің бірдей *«Тыртық»* атап кетулері *«Маймұрындай»* директордың інісі болғандығынан да болар» [8,21]. Көріп отырғанымыздай, адам мен оның есімінің арасындағы, сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы күрделі психологиялық қарым-қатынастар әр қырынан көрінеді.

Заманның, уақыттың өзгеруімен ғылымның алдына қойылар талаптың да өзгеруі заңды. Әр түрлі тілдік құбылыстардың себебін тілдің өз ішінен ғана іздемей, оны сыртқы факторлардан, атап айтқанда, тіл мен ұлт, тіл мен қоғам, тіл мен логика,тіл мен психология, тіл мен философия, сөйлеуші мен тыңдаушы арақатынастарынан іздеудің жемісті болары сөзсіз. Кез-келген қоғамның, ұлттың менталитетінің көрсеткіші есепті жалқы есімдер жүйесі мұндай қажеттілікті бірінші болып сезінері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993.

2. Словарь по языкознанию. Тіл білімі сөздігі. Под.ред.Э.Д.Сулейменовой. –Алматы, 1998.

3. «Ана тілі» 25 сәуір, 1991

4. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Қазақстан, 1995. -208 бет.

5. Алпысбес М. Қазақ шежірелері – тарихи дерек ретінде. Тарих ғыл.докт. автореф. –Алматы, 2007.

6. Айғалиұлы Е. Мен сені сағындым, әпке! // Бастау. –Алматы: Балауса,1993. -268 б.

7. Соқпақбаев Б. Менің атым Қожа. – Алматы: Жалын, 1976. - 485б.

8. Ысқақов Қ. Қоңыр күз еді. Повесть. – Алматы: Жазушы, 1980. - 400б.

Садыков Т. Қ.
филология ғылымдарының докторы, профессор;
Артыкова Ж. Қ.
филология ғылымдарының докторы, профессор
Қарасаев атындағы Бішкек гуманитарлық университеті


«МАНАС» ЭПОСУНДАГЫ БЕЙВЕРБАЛДЫК КИНЕСИКАЛЫК КАРАЖАТТАР

Түйіндеме: Мақалада «Манас» эпосундағы эмоциялардың кинесикалық бейвербалдық құралдар аркылы көрінетін ерекшеліктері, кинесикалық құралдардың жіктелімі қаралады.

Түйін сөздер: кинесика, бейвербалдық құралдар, эмоция, семантика, мимика, жест, пантомимика, кинема, физиогномикалық стереотиптер.

Пикир алышуудагы бейвербалдык каражаттарды иликтөөдө буга чейин топтолгон илимий тажрыйбага таянуу менен «Манас» эпосунун [1] негизинде кинесикалык каражаттарды изилдеп, айрымдарына сереп салып көрөлү.

Биздин жашообуздагы дене мүчөлөрүнүн кыймылдарынын тилин аткараган функциялардын ичинен адамдын эмоциялык абалынын индикациясы маанилүү болуп саналат. Бул бейвербалдык коммуникацияда системалуу изилдөөгө алынган биринчи компонент болуп саналат. Ошол эмоцияны туюнтуп турган кыймыл - аракеттердин негизги бөлүгүн кинесика - *кыймыл, дененин кыймыл - аракети, ымдоо - жаңсоолору, б.а. баш, кол, бут, тулку бой, көз, кабак, каш, ооз, мурун, беттин ар түрдүү кыймыл - аракеттери. Мисалы: мурдун тырыштыруу, көзү алаюу, денеси калтыроо*) түзүп турат. Кинесика: ымдоо, жа-соо, дененин кыймылынан турат.



1. Оттук, курдан айрылып, Ошпурду көздөй сумсайып, Чалдын жөнөп кеткени, Балдардан көргүл нет кени.

2. Шаңкылдап күлүп эр Манас, Санын чаап алганы: «Ырас айтат Серегим, Ыгы менен ар качан Тийип калат керегиң».

3. Айза менен сайгандай, Ыргып туруп ордунан, Кылыч алып колуна, Кыйкырып турду кан Манас.

Адамдын кинесикалык жүрүм-турумундагы эң негизгиси – анын бет түзүлүшү. Коммуникацияда сүйлөшүү үчүл өрдүн жүзү дайыма көңүл чордонунда турат. Анткени адамдын көзү эч качан алдабайт.

Бет түзүл үшүн үнар бир кыймылы бир гана эмоцияны туюндурат деген

калпыс пикир. Себеби бир эле кыймыл бир канча эмоцияны чагылдырышы мүмкүн.

Батыш изилдө өчүсү Дж.Ф.Витманн[2] өткөн кылымдын 20 –жылдары

Ч.Дарвиндин[3] адам жүзүндөгү универсалдуу негизги эмоциялар тууралуу айткандарын негиз кылып изилдөө жүргүзүп, адамды нар кандай эмоциядагы 72 сүрөтүн тарткан. Изилдө өнүн жыйынтыгында бир канча эмоция же эмоциялы кабал болору көрсөтүлгөн. Ошондой элеалардын бир тобун эчкандай кыйынчылыксыз эле аныктаса болот. Мисалы: бир жер иооруганы, таңкалуу, көңүл буруу, уялуу, кубануу. Алэмикээ бир эмоцияны так ажыратып берүүгө мүмкүн эмес. Алсак, ачууланууу, жеккөрүү, көңүлкалуу, капалануу, жаман көрүүж.б. [Frois – Wittmann 1930: 86].

Дж.Витмандын изилдөөсү боюнча, адамдын жүзү анын эмоциялык абалын чагылдырып турарын түшүнүүдө зор мааниге ээ. Чындыгында, Дж.Витманн адамдын жүзү кээ бир эмоцияны чагылдырып бере албастыгын далилдеген. Бирок адамдын жүзү эмоциянын кластерлерин оңой чагылдырат жана адамдар аны дароо эле аныктай алышат. Ошентсе да, Дж.Витманн өзүнүн эмгегинде адамдын жүзү эмоциянын канча кластерин чагылдырышы тууралуу айткан эмес. Жарым кылым кийин бул маселенин жообун П.Экман[4] менен анын жообун табууга аракет кылышкан[Ekman, Friesen 2010: 98].

П.Экман жана анын шакирттери тарабынан дене кыймылынын 24 дискреттүү жана 20 аралаш бирдиги бар экендиги аныкталган.


Адам жүзүндөгү эмоцияны туюндуруу менен байланышкан маанилүү маселелердин бири – маданиятка тиешелүү универсалдуулук. Бул жерден эки көз карашты көрсөтүүгө болот. Биринчисине адам жүзүндөгү эмоциялар универсалдуу деген Ч.Дарвиндин көзкарашы кирсе, экинчисине ага карама-каршы келген Клинебергдин[5] көзкарашы кирет. Клинеберг кытай көркөм адабиятындагы эмоциянын чагылдырылышын изилдеп, мындай деген жыйынтыкка келет. Дүйнө адам жүзүндөгү кыймылдардын окшоштугуна карабастан, ачууланууу жана таң калуу сыяктуу негизги эмоциялар европалыктар үчүн такыр башка көрүнүш. Демек, ар бир улуттун маданиятында тигил же бул эмоцияны туюндурган кандайдыр бир мимикалык компоненттер бар. Ал эми кээ бир эмоциялардын ар кайсы улуттун маданиятында окшошоштугу жөн гана – кокустук [Клинеберг 1940: 278].

О.Клинебергден кийин Р.Л.Бердвистелл [6] дене кыймылдарын жана мимиканы оозеки тил сыяктуу бирдиктерге жана өзүнчө түзүлүшкө ээ болгон өзгөчө тил катары карайт. Дүйнө тилдеринин бардыгын мүнөздүү болгон универсалдуу сөз, тыбыштык комплекстер жок жана болбойт деп белгилеп, изилдөөчү мындай жыйынтыкка келет. Дүйнөдө бир дагы дене кыймылы, ымдоо - жаңсоолор пикир алышуу учурунда бирдей реакцияны туудурбайт [Бердвистелл 1955: 53].

Албетте, бул көз караш адам жүзүндөгү универсалдуу компоненттер тууралуу Ч.Дарвиндин көз карашына карама - каршы келет. Мындай карама - каршылыктын башын ачуу үчүн П.Экман тарабынан эмоциянын нейромаданияттык модели сунушталат. Бул программа алты эмоцияга карата

адам жүзүндөгү булчуңдардын активдүүлүгүн көрсөтөт.

Көптөгөн эмпирикалык фактылар боюнча бир маданияттан экинчи маданиятка өткөн эмоцияны чагылдырган мимиканын тили жок. Башка маданияттын өкүлүнө түшүнүктүү болгон кандайдыр бир эмоцияны туюнтуу үчүн бет булчу-дарынын кыймылын үйрөнүү зарылдыгы жок.



1. Жапак жүрөт күүлөнүп, Жаалданып сүйлөнүп, Ачууланып эр Манас, Аларга кабак түйүптүр.
2. Кара көзү чачырап, Кайраса тишин качырап, Муруту шаптай сайылып, Жүзүнүн заары жайылып, Бетинен чыгып заары, Беш байпактык жүн болуп, Турган экен баатыры.

Ошентип, жогорудагылардын негизинде төмөнкүдөй жыйынтык чыгарууга болот:

1. Адамдын жүзүн чагылдырган өзөк эмоциянын катарына жаман көрүү – ачууланууу - жек көрүү эмоциялары кирет.

2. Бул эмоциялар адам жүзүндөгү булчуң кыймылдарынын жыйындысы болот.

Бет түзүлүшүндөгү булчу-дардын кыймылы менен белгилүү бир эмоциянын ортосундагы катыш бардык улуттук маданият үчүн инварианттуу деп табылат. Бирок ар башка маданиятта адам жүзүндөгү эмоциянын өзүнчө эрежелери болот.

Белгилүү болгондой, бардык мимикалык компоненттердин ичинен адамдын көзү эч кандай жасалмалуулукка жол бербейт.

Кинесикалык кыймылдарды, өзгөчө мимиканы интерпретациялоодо жагдай - шарттын жалпы контекстин жана сүйлөөчүнүн социалдык жана маданий өзгөчөлүгүн эске алуу керек.


Адамзат жашоосундагы физиогномикалык тарыхын сактоочу, чагылдыруучу база - көркөм адабият. Бирок көркөм адабиятта көпчүлүк учурда эмоциянын мимикалык туюндурмасы толугу менен бериле бербейт. Буга «Манас» эпосунан төмөнкүдөй мисалдарды келтирүүгө болот: *Кара көзү чачырап, Кайраса тишин качырап, Муруту шаптай сайылып, Жүзүнүн заары жайылып, Күркүрөшү күн болуп, Бетинен чыгып заары, Беш байпактык жүн болуп, Турган экен баатыры* [СО: 818]. Көрүнүп тургандай, ачууланууу эмоциясынын мимикалык жактан туюндурулушу келтирилген мисалдар аркылуу кадиксиз тастыкталган.

Көркөм текстте көбүнчө бир гана эмоция чагылдырылса, кээде бир же эки

мимикалык компоненттер сүрөттөлөт: *Жапак жүрөт күүлөнүп, Жаалданып сүйлөнүп, Ачууланып эр Манас, Аларга кабак түйүптүр.Түйүп алып муштумун, Көп өткөргөн билегин, Байжигитке кеп айтып* [СО: 1257]*. Үтүрөйүп калмактар, Үшкүрүшүп алыптыр* [СО: 1229].

Ушул сыяктуу толук эмоциялык мимикалык туюнтманы берүүдө автор окурмандын көз алдына физиогномикалык стереотипти түзүүгө түрткү берет. Эмоциянын физиогномикалык стереотиптери, биздин пикирибизче, улуттук - маданий өзгөчөлүккө ээ.

Кинесиканын эң негизги түшүнүктөрүнүн бири – *жа-соо (жестика)* түшүнүгү. Бул түшүнүктүн чечмелениши илимий адабияттарда ар кандай көз карашта берилген. Мисалы, америкалык психолог Д.Моррис [7] жестти (жаңсоону) кеңири түшүнүк катары карап ага мындай аныктама берет: Реципиентке (угуучуга, окурманга) визуалдык сигнал болгон бардык кыймылдар жест болуп саналат. Ошондой эле мимика жана пантомимика да ушул түшүнүккө тиешелүү көрүнүш. Мындай аныктама берүү менен бирге Д.Моррис жесттин коммуникативдик багытын да баса көрсөтөт. Бул аныктаманы Л.А.Капанадзе, Е.В.Красильников [8] сыяктуу окумуштуулар колдошот [Капанадзе, Красильников 1975: 464].



1. Атаңар сөзү акыл – деп, Көзүн кысып күлүптүр.
2. Аттан түшүп эр Чубак Алманды көздөй жүгүрүп: Кечкин, берен, күнөөм-деп, Тизеси жерге бүгүлүп.
3. Жандын баары күңгүрөп, «Жакшы кеп!»-деп, дүңгүрөп, Жалпы аламан баарысы, кол куушурду бооруна.
4. Кочкул кечил баланын алаканын көрүп, башын ийкейт да, тулку боюн көрүп башын чайкайт.

Ошентсе да, тил илиминде А.В.Филипповдун [9] жестке берген аныктамасы толук жана так деп эсептөөгө болот: «Жест - знаковая единица общения и сообщения, которая имеет мануальную, мимическую или пантомимическую форму выражения, выполняя коммуникативную функцию, характеризующаяся воспроизводимостью и смысловой ясностью для представителей какой - либо нации или для членов какой - либо социальной группы» [Филиппов 1975: 185].

Жестти бөлүштүрүүдө психологдор, социологдор, лингвисттер тарабынан жасалган көптөгөн классификациясы бар. Биз иштин изилдөө максатына ылайык жесттин функционалдык типологиясына токтолобуз жана ошол көптөгөн классификациялардын ичинен э- алгылыктуусу катары окумуштуу Н.И.Смирнованын[10] классификациясына токтолдук.Анткени «Манас» эпосунун негизинде топтолгон мисалдарды классификациялап бөлүштүрүп келгенде, биздин көз карашыбызга туура келди.

Жесттин тилдик функциясына карата Н.И.Смирнова бул классификацияда бардык коммуникативдик жестти төмөнкүдөй топторго бөлүштүрөт:

1. Кепте тилдик элементтердин ордуна колдонулган жесттер: саламдашуу, коштошуу, тыюу салуу, коркутуу, шылды-доо, тактоо, тануу, суроо ж.б.

2. Кепте тилдик элементтерди коштоп жүргөн жесттер: көрсөтүү, сүрөттөө ж.б.

3. Модалдык жесттер: колдоо - колдобоо, ишенүү - ишенбөө, ыраазы болуу - ыраазы болбоо ж.б.

4. Эмоциялык жесттер: адамдын ар кандай сезим - абалдарын туюндурган жаңсоолор, мимикалар жана дене кыймылдары.


Жест колдонулуш өзгөчөлүгүнө карай сөзгө карата комплементардык (толуктоочу) элемент катары келет. Бул функцияны «Манас» эпосунда кездешкен жесттер да толугу менен аткаргандыгына күбө болобуз.

А) Айтымды коштоп жүргөн жесттер: *Аттан түшүп эр Чубак Алмаңды көздөй жүгүрүп: Кечкин, берен, күнөөм - деп, Тизеси жерге бүгүлүп. Эки колу боорунда, Эр жабдыгы жанында*[11: 585]. *Баарын айтып берген соң, тизеси жерге бүгүлүп, Таластагы алты арамдан түңүлүп. Чиркин, көп кетирип санааны, Бооруна кысып кучактап, Манастан калган Семетей* [СК: 41]. Мисалдардан көрүнүп тургандай, Чубак Алмамбетти көздөй жүгүрүшү жана тизесинин бүгүлүшү аркылуу Алмамбеттен айбыгып, кечирим сурап тургандык белгиси болуу менен катар, аны сөз менен параллелдүү түрдө коштолуп турат. Ал эми экинчи мисалдагы тизе бүгүү жана баланы бооруна кысуу жесттери аркылуу каармандын мү-күрөп тургандыгынан кабар берет.

Жандын баары күңгүр-п, «Жакшы кеп!» - деп, дүңгүр-п, Жалпы аламан баарысы, кол куушурду бооруна [СО: 134]. Бул жерде бооруна колун куушуруп алуусу аркылуу урмат - сыйды, айтылган кепти колдоп, макул экендигин тастыктап тургандыгы көрүнүп жатат.

В) Сөздүн ордуна колдонулган жесттер: *Кой дээр киши жок болду. Акылмандын баары бар, Ак сакал Жакып дагы бар. "Манастын сөзү макул" — деп, Баш ийкеген чагы бар* [СК: 419]. *Акбалтанын Чубагы Алаканын койгулап, Арман кылып көп ыйлап*[СК: 721]. Бул мисалдарда каармандардын кеби катышпай, алардын кыймыл - аракеттери аркылуу болуп жаткан окуяга мамилеси туюндурулуп жатат.

Кинесикалык коммуникациянын үчүнчү маанилүү компоненти - пантомимика, башкача айтканда, адамдын дене кыймылдары жана турган турпаты.



Атырылып, булкунуп, ачууланып, жулкунуп, Көтөрүлгөн Көбөшүң: «Көкчөкөздөр экен» - деп, Көңүлү жаман шашыптыр.

Кээде адамдын турган турпаты менен жесттерди ажыратуу кыйынчылыкты туудурат. Биздин көз карашыбыз боюнча, окумуштуу В.Ламб бул түшүнүктөрдү так ажыратат. Анын аныктамасы боюнча, адамдын турган турпаты (позасы) жагдайдын өзгөрүүсүнө жараша ар бир дене мүчөлөрүнө ылайыкталган кыймыл. Ал эми жест бир же эки дене мүчөлөрүнө гана тиешелүү болгон кыймыл - аракет [Ламб 1976: 35]. Мындай көз караш жест түшүнүгүнүн кең маанисине карама- каршы келбейт. Кыскасы, бул түшүнүктөрдүн чегин ажыратууга маанилүү фактор - убакыт. Демейде адам бир жесттен экинчи бир жестке тез убакыттын ичинде өтсө, турган турпатты өзгөртүү үчүн узагыраак убакыт талап кылынат.

Пикир алышуу учурунда адамдар кыска убакыттын ичинде көптөгөн жесттерди колдонот жана алар аркылуу бир катар маанилерди бере алат. Ал эми турган турпаты аркылуу маанилердин туюнтулушу чектелүү.

Пикир алышуунун бейвербалдык каражаттары боюнча изилдөөлөр көрсөткөндөй, адам баласы турган турпаты аркылуу төрт типтеги: жоопкерчилик, чечкиндүүлүк, макул болуу, бийлик же социалдык статус ө-дүү маанилерди бере алат.

Ал эми ушул эле ө-үттөн эмоциянын берилишине токтолсок, ал мимика-жестке караганда айырмаланып турат. П.Экман, В.Фризендин изилдөөлөрү боюнча, турган турпат мимика-жестке караганда адамдын эмоциялык абалын анчейин чагылдыра албайт. Деген менен адамдын турган турпаты конкретүү бир эмоцияны канчалык деңгээлде жеткиликтүү бериши азырынча белгисиз. Алсак, ачууланганды билдиргенде муштум өзүнөн - өзү түйүлөт, дене түзөлөт, таарынткан адамды көздөй кыймыл пайда болот.

Мындай бейвербалдык каражатты «Манас» эпосунун төмөнкү саптарынан көрө алабыз: *Кырмуз шаанын сарайга, Кыраан Манас барганы. Карап алып катыны, Кара бою калтырап, Коркуу кирди акыры* [СО: 230]. *Көрөөрбүз ушул! - деп, Оозун ачып эр Бакай, Отурган бойдон калганы* [СО: 230].Биринчи мисалда *кара бою калтыроо* тиркеши– коркуу маанисин билдирсе, *отурган бойдон калуу* тиркеши – таң калуу маанисин туюндуруп турат.

Ошентип, психологдордун берген маалыматы боюнча, мимика жестке караганда турган турпат жөнүндө аз мааламыт берсе, анда көркөм адабиятта да

ошол өзгөчөлүк сакталат.

Бирок текстте каармандын турган турпаты сүрөттөлбөсө, эмоция анын аң-сезимине терең таасир бере элек же ал эмоция башка паралингвистикалык каражаттары менен туюнтулган болот.

Ошондой болсо да, ачууланууунун физиологиялык симптому агрессиялык абалдын эң негизгиси болуп, каарман ачууланган адамды көздөй аң - сезимдүү түрдө эмес жүткүнөт. Ал эми физикалык агрессияга өткөн ачууланууу сөзсүз түрдө адамдын турган турпатына таасир этет. Мисалы: *Кылыч менен чабышып, Чукул кирип келгенде жакасынан алышып, Ат үстүнөн тартышып* [СК: 815].*Чоң камчысын колго алып, Ачууланып Көкчөкөз, Токолдой көздөй октолду*[СО: 1422]. *Атырылып, булкунуп, ачууланып, жулкунуп, Көтөрүлгөн Көбөшүң: «Көкчөкөздөр экен» - деп, Көңүлү жаман шашыптыр* [СО: 1442].

Биздин пикирибизче, көркөм чыгармада каарман ашыкча ачууланган болсо, анын турган турпатынын өзгөргөнү да башка эмоциялык абалдарга караганда текстте көбүрөөк берилет. Ошондуктан биз кинесиканын маанилүү функционалдык компоненттеринин ичинен мимика - жест, пантомимика жана адамдын агрессивдүү абалын карайбыз.

Жыйынтыктап айтканда, эмоцияларды туюндурууда көрсөтүлгөн бардык компоненттер: адамдын жүзү, колу информативдүү жана маанилүү булак болуп саналат да мындай жагдай көркөм чыгармада эмоциялык абалды сүрөттөөдө даана байкалат, биринчи орунда эмоциялык мимика, жест, соңунан пантомимика келет.

Кинесикалык коммуникациянын бул каралаган компоненттеринен башка *дене мүчөлөрүнүн тили* түшүнүгүнө кирген адамдын аралыктык кыймыл - аракети да коммуникативдик мааниге ээ.

Булак

1. СО: Манас: Кыргыз элинин баатырдык эпосу. С.Орозбаковдун варианты боюнча. Бишкек: Хан - Теңир, 2010. – 1840 б.

2. Витманн Дж.Ф. Выражение эмоциональных явлений и методы их изучения. Пер. с англ. М.: 1960.

3. Дарвин, Ч. О выражении эмоций человека и животных / Ч.Дарвин. – СПб.: Питер, 2001. – 384 с.

4. Экман П. Психология эмоций. Я знаю, что ты чувствуешь: пер. с англ. – СПб.: Питер, 2010. – 334 с.

5. Klineberg, O. Social Psychology / O.Klineberg. – NY.: Henry Holt, 1940. – 265 p.

6. Birdwhistell, R. L., Background to Kinesics, ETC: A Review of General Semantics, Vol. 13, No. I, Autumn 1955.

7. Моррис Д. Голая обезьяна: пер. с англ. М.: 2001.

8. Капанадзе, Л.А. Жест в разговорной речи / Л.А.Капанадзе, Е.В.Красильникова // Русская разговорная речь. – М.: Наука, 1973. – С.464 - 481.

9. Филиппов, А.В. Фразеологизмы и жесты / А.В.Филиппов, В.Д.Кутловская // Русский язык в школе. – 1975. - №3.

10. Смирнова, Н.И. Сопоставительное описание элементов русской и английской кинетической коммуникации / Н.И.Смирнова // в кн.: Национально - культурная специфика речевого поведения. – М.: Наука, 1977.
11. Манас: С.Каралаевдин варианты б - ча / Түз.: А.Жайнакова, А.Акматалиев. - Б.: «Турар», 2010. - 1008 б.

Салимова А.Т.
магистрант
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫН КОГНИТИВТІК ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ

Ақпараттық заманның ағысында жүрген постмодерндік қоғам бүгінгі күні ғылым салалары арасындағы нақты шекараларды бұзып, әлеуметтік орталықсыздандырылуға алып келді. Постиндустриалдық қоғамның ақпараттық сипат алуы нәтижесінде ғылым мен білімнің күрт дамуы ғылыми тілдің тіл біліміндегі зерттелуі мәселесіне жаңаша тұрғыдан келудің қажеттілігін тудырды. Ақпараттық ғасырда тілдің маңызы мен рөлі артты, себебі тіл адамдар арасындағы коммуникациялық құрал және кодталған ақпаратты тасымалдаушы қызметін атқарады. Осының нәтижесінде тілді зерттейтін лингвистика ғылымы да сан-алуан өзгерістерді басынан өткеріп, дамудың жаңа сатыларын бағындырды. Ақпараттық ғасыр талабына сәйкес тіл біліміне кодталған ақпаратты зерттеу міндеті қойылды, соңғы кездерде дамудың жаңа бағытына бет алған ғылым тілін зерттеудің когнитивтік аспектісін қарастыру өзектілігі де осыған байланысты артты. Ғылыми тіл шындықты тануда мынадай үш түрлі қызмет атқарады: 1) когнитивтік (ойлау); 2) аккумулятивтік (білімнің қорлануы); 3) коммуникативтік (мамандардың қарым-қатынасы, жаңа білім алу мен қалыптастыру).Демек, жалпы ғылым тілінің мәртебесін білдіретін маңызды буындар білімді жинақтау, сақтау, тарату қызметімен байланысты болады [1, 279]

Қазақ тіл білімінде XX ғасырдың аяқ кезінен бастап тілдік бірліктерді (бұл терминдерге де қатысты) когнитивтік бағытта зерттеу ісі жүзеге аса бастады.

Ғалым Н.Уәли қазақ тіл білімінде когнитивтік бағыттың дамуына үлес қоса отырып, «экстралингвистикалық мотив» ұғымын енгізеді. Бұл терминжасамда сөздік құрамдағы «ескі» мен «жаңаның» арақатынасын қоғамдық, психологиялық, ұлттық-мәдени тұрғыдан келіп, талдап түсіндіруді мақсат етті. «Келелі ой, кең мазмұнды сөз орамдарының астарында халықтың өмірден түйген терең мағыналы пайымдауы жататындығын» [2, 41] ескеріп, ұғым мазмұнын ашып, термин мағынасын дәйектеуге мүмкіндік беретін уәжді шарттарды лингвистикалық ізденістердің тілтаным теориясында терминдерді когнитивтік лингвистика қағидаларына сүйеніп, «концепт» тұрғысынан

зерттеле бастауымен айғақтады. «Сөзді белгілі бір концептінің атауы ретінде ала отырып, сол сөздің тілдегі мағынасына, ақиқат дүниемен байланысына, ақиқат дүниенің санадағы бейнесіне (образына) және ол жөнінде санада жинақталған ақпараттардың қайта «өңделіп», қайта атауға ие болуына талдау жасау арқылы аталмыш сөз-концептінің мазмұн құрылымындағы лингво-этно-мәдени ақпараттарды айқындау, сөйтіп, санадағы дүниенің тілдік бейнесін ашу жөнінде зерттеулер қолға алына бастады»,– дейді Н.Уәлиев [2, 26].

Қазіргі тілтанымдық зерттеулердің ерекшелігін екі арнаның ұтымды тоғысуы айғақтай алады, олар: *қазақ тілінің төл танымдық қоры, тұжырымдамалық жүйесі және жалпы тіл білімінде қалыптасып дамып келе жатқан ғылыми ұстанымдар, нақты теориялар*. Термин табиғатын, оның қолдану аясын, ұғымның атау жасам процесіне негіз болар белгісінің адам танымымен сабақтастықта қарастырылуы бұл жұмыстардың өзектілігін де, жаңалығын да, теориялық-практикалық маңызын да танымдық бірліктер дәлелдейді, сондықтан ұсынылып отырылған тұжырымдар да когнитивтік бағыттың өміршең арнасын толықтырып, дәстүрлі жолын жалғастырар қасиетке ие болады. Ж.Манкеева «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері» атты мақаласында танымның «тілдегі номинация, таңба, уәж, грамматикалық құрылым т.б.мәселелермен» байланысар табиғатын зерделей отырып, «Адам дүниені жалпы адамзаттық және ұлттық қоғамдық-тарихи тәжірибе негізінде бейнеленген тіл арқылы таниды. Сонда ұлттық тәжірибе тілдің ерекшелігін анықтап, соның негізінде, сол тілде сөйлеушінің санасында, соған сай өзіндік дүниенің тілдік бейнесін жасайды» деген тұжырым жасайды [3: 42]. Тілшінің осы пайымдауларын терминдерді саралауда қарастырып көрелік. Мысалы, Буын. Анат. «Адам я жан-жануарлар мен сүйектердің бір-бірімен өзара қозғалмалы түрде жалғасқан (байланысқан) аралығы» деген негізгі лексикалық мағынасы бірқатар терминдік мағынаның қалыптасуына негіз болған: 1.Буын. Бот. Өсімдік сабақтарының жапырақ немесе бүршік орналасқан, яғни буылтықтанған жер. 2. Буын зат. әдеб.линг. Сөздерді үзіп айту кезіндегі ауаның қарқынымен, кілт үзіліп шыққан бір немесе бірнеше дыбыстар тізбегі. 3. Буын жазу орыс. слоговое письмо – буынға негізделген жазу. Онда дыбыстық таңба буынды білдіреді. Ср. Идеографиялық жазу. Пиктографиялық жазу. 4. Буын тілдер орыс. т. слоговые языки – фонологиялық жүйесіндегі негізгі тіл бірлігі буын болып табылатын тілдер [6, 62]. Сөздікте берілген анықтамалардан байқағанымыздай, бір ғана «буын» атауы бірнеше ғылым саласында терминдік қызмет атқарады. Атап айтқанда: анатомия, лингвистика, ботаника ғылымдарында ұшырасады. Бұл құбылыстың негізі бір нысанның екінші нысан туралы мәлімет беруінде жатыр. Терминде мұндай мәлімет «сөйлеушінің» немесе терминнің «уәжделген» ішкі формасы және атау беруге негіз болған нақты белгі туралы сәйкес терминологиялық ақпаратты білдіретін элементтер арқылы бекітіледі. «Буын» сөзінің бірнеше салада термин ретінде қалыптасуына негіз сөздің мағынасындағы «бір-бірімен өзара қозғалмалы түрде жалғасқан (байланысқан) аралық» деген мағыналық бөлшегі бұрыннан таныс зат пен жаңа танылған заттың ұқсастығы негізінде ассоциациялық байланысқа

түсіп, уәждік белгі ретінде метафораланауға негіз болады. Болмыстағы заттардың ортақ белгілерінің атаудағы көрінісі – метафора арқылы көрініс тапқан.

Метафораларда таңдалынатын уәждемелік белгі атау жасауға қатысып тұрған нысандар ұқсастығына байланысты. Осы ортақ белгі, негіз ең әуелі көз алдымызға адамның қаңқасы сүйектерін байланыстыратын бөлшек-бөлшек буындары негізінде елестеп, оның дене мүшесінің қозғалуында маңызды функция атқаратындығын еске түсіреді. Яғни белгілі бір маңызды бөлік, бөлшек. Осыдан барып лингвистика саласындағы ауаның қарқынымен шыққан сөздердің кілт үзіліп шыққан бір немесе бірнеше дыбыстар тізбегі (бөлшек) пайда болады. Сол сияқты ботаника саласындағы буын терминінің басты функция атқаратындығы, негізгі өзегі (бөлшегі) екендігін көреміз. Қорыта айтқанда, терминжасамда сөз мағынасы мен объективті шындық мәселесі зерделенеді. «Сөздердің лексикалық мағынасында адам санасындағы сол зат не құбылыс туралы негізгі түсінік еніп, сол затты басқа зат не құбылыстардан ажыратып, тани алатындай мүмкіндігі болады» [4, 29], – деп есептеген М.Оразов сөз мағынасын ашуда объективті факторлардың әсерін, оны тануға бағытталған субъективті қабылдау амалдарын нысанаға ала отырып, екеуінің арасалмағы мен даму өзгешеліктерін анықтау үшін олардың қоршаған әлеммен түйісу табиғатына мән берді. Сөйтіп, ол алғашқысын «объективті дүниедегі заттардың, іс-процестердің не ұғымдардың атауы ретінде қоланылатын» мағына деп, соңғысын «ондай нақтылық» жоқ, «өздігінен өмір сүрмейтін, лексикалық мағынаға негізделіп, соған жалғасып қана өмір сүретін...абстрактты болатын» мағына ретінде анықтады, сол себепті олардың «объективті дүниені сәулелендіру дәрежелерін»де теңестіруге болмайды деп қорытындылады. Осы бағытта автор сөз мағынасын анықтаудың екі жолын атап көрсетті: 1) онома сиологиялық жол арқылы, яғни «сөздер мағынасының объективті дүниедегі заттармен, құбылыстармен ара қатынасын сол заттарға берілетін аттың берілу принциптерін анықтай» отырып; 2) семасиологиялық жолмен немесе «сол мағынаның қалыптасуын және сөз не сөз тіркестерінің ішкі әлемінде қалыптасатын (таным процесі негізінде) ұғымның қалыптасу механизмін анықтауды» ұсынады [4: 66].

Терминжасамды танымдық заңдылықтарға негізделген әрекет ретінде танимыз Г.В.Колшанскийдің пікірін қолдай отырып, термижасамда «ат беру» процесін «коммуникация мен дүние тану» әрекеттерінің бірлігі тұрғысынан, яғни «информациялардың тілдік формалар арқылы берілу тиімділігі, сонымен бірге қоршаған дүниенің дұрыс бейнеленуі» назарда болуы тиіс. Мысалы, қазақ тіліндегі «өріс» сөзі де бірнеше терминдік атауға негіз болған. Бұл сөздің терминдік мағынасының қалыптасуына негіз болған таным элементін анықтау үшін сөздіктерге назар аударуымыз керек:

Өріс зат. 1. Ауыл маңында шалғайлау оты мол, мал жайылымдық жер. 2. Ауыс. Білім дәрежесі, дүние танымы. 3. Ауыс. Үрім-бұтақ, жегжат. Өріс. зат. кәсіб.1. Құрылған өрмек жібінің ұзындығы [5, 577].

Қазақ тіліндегі «магниттік өріс» физика ғылымында «магнитное поле» термині деп аталыды. «Поле, -я, мн. -я, -ей, ср. 1. Безлесная равнина, пространство. 2.Большая ровная площадка, пространство, специально оборудованное, предназначенное для чего-н» [8, 577]. Қолданыстағы «өріс» пен «поле» терминінде екі халықтың тұрмыс-тіршілігі бейнеленген. «Өріс» термині мал бағатын жайылым туралы ассоциативті ой беріп, көшпелі халық тұрмысын көрсетеді. Қазақ халқының ұлттық танымы санада кең дала, жайылым ұғымдарынан көрініс тапқан болса, физика ғылымында қолданылатын «магнитное поле» термині орыс халқының отырықшы екенін, егін шаруашылығымен айналысқанын бейнелейді. Көшпелі халқымыздың күнделікті тұрмыс-тіршілікте қолданған «өріс» сөзі термин ретінде қолданылуына «кеңістік» деген мағына бөлшегі болмыстың басқа заттарымен байланысқа түсіп, сол мағыналарды бір-бірімен ортақтастыратын ұлттық танымдық мотив, ортақ мән-мағына ретінде танылады.

Енді осы «өріс» сөзінің тіл біліміндегі «семантикалық өріс», физикадағы «өріс табалдырығы» деген терминдерге негіз сөз ретінде жұмсалуын талдап көрейік. «*Өріс табалдырығы*», «семантикалық өріс», термині аналитикалық тәсіл арқылы, екі сөздің тіркесуі нәтижесінде жасалған. Берілген терминді жан-жақты сипаттап, талдау үшін «*өріс табалдырығы*», «*семантикалық өріс*» терминін жеке-жеке талдау қажет.

Ол үшін осы құбылыстың ғылыми анықтамасын зерделейік: «*Өріс табалдырығы*» дегеніміз – электр немесе магнит өрісінің басталу нүктесі». Бұл терминнің қалыптасуына екі негіз сөз қатысады: өріс, табалдырық; ТАБАЛДЫРЫҚ зат. 1.Есіктің маңдайшасына қарама-қарсы, төменгі жағындағы жерге, еденге тиіп тұратын көлденең ағашы. 2. кен. Металлургиялық пештердің әртүрлі шалаөнімдерді шығаруға арналған арнаулы бөлігі. 3. кен. Шөктіру машинасында тор бетіндегі заттың үстіңгі қабатындағы жеңіл фракцияны келесі камераға немесе қалдық науқаға белгілі мөлшермен түсіру үшін орнатылған тетік **[**7,582].

Берілген анықтаманы тілдік таңба ретіндегі терминде бейнеленетін ұлттық-мәдени компонент пен қарым-қатынастың стандартты түріндегі қолданысын талдауға арналған тілдік-мәдени аспект тұрғысынан қарастыра отырып, мынадай тұжырым жасалынды. Қазақ халқы *табалдырықты* қастерлеп, қадір тұтқан.«Табалдырықтан биік тау жоқ», «Табалдырықты баспа» деп, оның қадір қасиетіне жоғары мән берген. *Табалдырық* негізгі баспалдақ, саты. Яғни «*өріс табалдырығы*» терминінің когнитивтік аспектісі «*бастапқы этап»* мәнін білдіреді. Ал «*семантикалық өріс дегеніміз* – тілдік бірліктің семантикасының таралу кеңістігі, ақпарат көлемі». Демек, бұл күрделі терминдік ұғым атаулардың қалыптасуына ат қоюдың когнитивтік теориясының астарындағы адамның қоршаған әлемді тануға негізделген әрекеті көрініс табады. Бұл терминдердің жасалымында терминдердің когнитивтік семантикасын «...тіл (түсінік, сөз) арқылы құрылатын берілетін адам санасындағы концептуалды білімді таным моделі арқылы зерттеледі» [2, 27], – деп қарастыруға болады. Термин атау болған ұғым мазмұнында когнитивтік

бағытта зерделенетін пропозициялық, прототиптік, концептік өріс, ассоциативті тезаурус мәселелері зейінде болады. Ол болмыстағы бұрыннан таныс зат пен жаңа танылған зат арасындағы ортақ белгілерге негізделіп, тілдік бірліктердің қалыптасуының уәждемесімен астасып жатады.

Терминдік аталымдарының уәждемесі сөздің ішкі мағыналық құрылымымен тығыз байланысты болады. Ол туралы Б.Қасым былай дейді: «Ішкі мағыналық құрылымның басты тәсілі – ұғымды белгілеу және ол сөздің ішкі мағынасы мен сыртқы тұрпаты арасындағы бірліктерді байланыстырады» [9,125]. Яғни, ішкі мағыналық құрылым – уәждемеде таңдалған белгінің тілдегі бейнесі. Демек, терминжасамның когнитивтік негізі, фондық мәліметтерге, яғни тіл туралы білім аясына тәуелділігі түрінде көрінеді. Себебі тіл – адамның сөйлеу, оны қабылдау әрекеті кезіндегі когнитивтік жүйесінің көрінісі.

Когнитология теориясы бойынша атау жасауда қабылдау, еске түсіріп қайта қолдану адамның жалпы және жалпы ұлттық ойлаудың сипатын көрсетеді. Жеке адамның ойлау қабілеті, ой ісінің өнімділігі оның тілдік бірлігіне тәуелді болса, ұлттық ойлау ұлттық тіл негізінде жүзеге асып, соның мүмкіндігімен анықталады.

Когнитивтік терминтаным теориясы тілдік құралды таңба ретінде сипаттайды. Ғалымдардың пайымдауынша, таңбаны түсіндіре отырып, біз ол таңбада не туралы айтылады деген мәселені ғана емес, коммуникация субъектілерінің тілдік тұлғасы мен санасы туралы мәлімет аламыз. Терминтанымдағы жаңа бағыт туралы айтқанда, оның терминді адам факторын есепке ала отырып әр түрлі қырынан қарастыруға ұмтылатыны байқалады. Бұл когнитивтік терминтанымның көппарадигмалы сипатын анықтайды және оның әдіснамалық негізіне көппарадигмалы талдауды алуға негіз болады. Терминді көппарадигмалы талдау дегеніміз оны бірін бірі толықтыратын бірнеше зерттеу аспектілерінде қарастыруды айтамыз, бұл терминді толық талдауға және ол туралы толық мағлұмат алуға көмектеседі. Әр түрлі зерттеу үлгілеріндегі әдіснамалық көзқарастар терминді талдауда оның қоғам және жеке адам өміріндегі рөлін анықтауда бірін-бірі толықтырады.

Демек, терминді осындай зерттеу төмендегідей аспектілерді қамтиды:

- терминдік таңбаның мазмұнындағы мағыналық компоненттерін талдайтын когнитивтік-семантикалық аспект;
- тілдік формада бекітілген терминдік мағынаны анықтауға бағытталған когнитивтік-грамматикалық аспект;
- тілдік таңба ретіндегі терминде бейнеленетін ұлттық-мәдени компонент пен қарым-қатынастың стандартты түріндегі қолданысын талдауға арналған тілдік-мәдени аспект.

Термин арқылы берілетін ақпарат арнайы ұғымдарды білдіре отырып айрықша сипатқа ие болғандығынан, термин ерекше ұғымдық жүйеде өзіндік құндылыққа ие ақпараттың сақтаушысы мен тасымалдаушысы болып табылады. Міне, дәл осы мағынада ғана термин өз бойында адамзат баласының пайда болғанынан бастап санасында жинақталып, сақталып келе жатқан кәсіби-ғылыми білімдері нақты тілдік формада аккумуляцияланатын айрықша

когнитивтік құрылым ретінде қарастырыла алады. Мұның барлығы тек жеке индивидтің ғана емес, тұтас халықтың сана түкпірінде не жатқанын байқауға көмек береді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Әлісжанов С.Қ. Ғылыми прозаның синтаксисі. – Алматы: «Арыс», 2007. – 304 б.
2. Уәлиұлы Н. Сөз мәдениеті – Алматы: Мектеп, 1984.-117 б.
3. Манкеева Ж.А. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным. 2001, -№4.
4. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы – Алматы: Рауан, 1991. - 211 б.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы: Қазақ ССР-нің Ғылым, 1976.
6. Тіл білімі терминдерінің түсіндірмен сөздігі – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 440 б.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14- том/Құраст.: М. Балақов, Қ. Есенова, Б. Хинаят және т.б. – Алматы: Арыс, 2013.
8. Воробьев В.В. О русской национальной личности в языке и культуре // Язык и культура. М., 1998.№ 10-15, -С.52-57.

Қасым Б.Қ. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері: Фил. ғыл. док. дисс. – Алматы, 2002. -313

Сапарова Д.
магистрант**;**
Ибраймова Л.Ә.
филология ғылымдарының кандидаты, қауым.проф.м.а.,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

ТІЛДІК АРЕАЛДАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ

Тілдік ареалдардың пайда болу себептері мен тарихи немесе әлем тілдерінің картасында түрлі тілде сөйлейтін халықтардың көшіп-қонған орындары белгіленген. Бұл тарихи талдауды қажет етеді. Бір халықтар өмір бойы бір жерде, өз атамекенінде өмір сүрсе, бір халықтар бір орыннан бір орынға көшіп-қонып жүреді. Ол сол халықтың тіліне кері әсерін тигізбей қоймайды. Бір тілдер өлі тілге айналады, енді бір тілдердің екінші бір тілдің әсерінен ішкі даму заңдылықтары өзгеріске ұшырайды. Осыдан келіп ареалдық лингвистиканың зерттеу нысаны айқындалады. Түркілік қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани кемелденуіне, мәдени дамуына басты ықпал жасаған тірегі де, түп қазығы да – тіл.

Ежелден-ақ тілдердің бір-біріне ықпал еткендігі белгілі. Дәл қазіргі уақытта тілдік жанұялардың өзара әсері қатты байқалады. Ол әсіресе көрші отырған елдердің территориялық шектесуі себебінен болып отыр. Мысалы,

Қазақстанға өзбек тілі мен орыс тілінің әсері басым. Өзбек тілі тек оңтүстік аймақтарда болса, орыс тілі солтүстік шығысқа ғана емес, бүтін тілге қатты әсер етуде. Ауызекі тілдегі сөздердің айтылуындағы екпіннің түсірілуі өзгешеленгені анық білінеді.

Белгілі бір ұлттың өз мекені мен тілі болмаса, онда ол ұлт түбінде жоғалуға айналады. Ал өз территориясы мен тілі бар ұлт оны өркендетуге тырысатын анық. Солай болғанда С.Арутюновтың тұжырымдағанындай «ұлт болсын, тіл болсын ареал ретінде санала отырып, я кездейсоқ, я болмаса аз немесе көбірек жиілікте таралатын белгілі бір территориямен байланысты. Өте сирек жағдайда тілдің ареалынан ұлттың ареалы кеңірек болатынын немесе тілдің ареалы ұлттың территориясынан кең болатындығын кездестіруге болады. Сонымен қатар қазіргі уақыттағы этникалық үдерістер үшін ұлттар мен тілдердің ареалы ареалдардың үшінші түрі – мемлекетпен өзара әрекеті маңызды мәнге ие». Түпнұсқасында былай: «Являясь явлением ареальным, как этнос, так и язык связаны с определенными территориями, на которых он распространяется либо спорадически, либо с большей или меньшей частотой встречаемости. В относительно редких случаях «можно наблюдать ситуацию, когда ареал этноса шире ареала языка», или ареал языка шире этнической территории. Вместе с тем, для этнических процессов современности особое важное значение имеет то обстоятельство, что ареалы этносов и языков взаимодействуют с третьим типом ареалов – государствами [1].

Ареалды тіл білімі лингвистикалық географияны өз әдісі ретінде қолданады. Географиялық картаға изоглоссаларды зерттеуден алынған, дыбыстық, лексикалық, грамматикалық сипатқа ие, тұтастай немесе ішінара тексерілген нәтижелер түсіріледі. Лингвистер түрлі карталарды құрастырып, талдай келе тілдік жаңалықтар қай жерде пайда болғанын және оның қаншалықты таралғандығын, оған не әсер ететіндігі немесе оның ары қарай жылжуына не кедергі жасайтындығы туралы өз шешімін шығарады. Сонымен бірге тілдік құбылыстарды ғана емес, экономикалық, саяси, этнографиялық, мәдени шекараларға да назар аудару қажет. Белгілі бір тілдің тарихи мәліметтерін дәлірек тануға, ал территориялық көрші тілдерді қарастырғанда тілдердің дивергенция (алшақтық) және конвергенция (жуықтасу) заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік туады.

Бір тілдің территориясындағы диалектілер немесе географиялық шектес топтар (туыс және туыс емес) тілдер (тілдік жанұя мен тілдік одақ) ареалдары изоглосстардың көрсеткіші бойынша ішкі кеңістіктік шекараны белгілейді және сәйкес диалектілер мен тілдердің қатынасын зерттейтін саланы, қалыптастырады.

Тілдік ареалдарды типологиялық ұқсастығы мен генетикалық жақындығы бойынша да қарастырады. Салыстыру да ареалдық зерттеуге тән әдіс.

Тарихи-салыстырмалы әдіс кез келген ғылым саласында қолданылатын, ареалдық зерттеулерге аса қажет әдістің бірі болып саналады. Бұл әдіс тілдер мен диалектілердің шығу тегі мен таралу сипатын тарихи, уақыт кеңістігінде талдауымен маңызды. Тілдің шығу тарихын білмей, оларға типологиялық,

генетикалық, ареалдық талдау жасау мүмкін емес. Тілдердің түрлі тарихи кезеңдерде болған өзгерістерін, субстратты-суперстратты құбылыстарын, тілдік элементтердің таралу, сөну шекараларын анықтау – тарихи-салыстырмалы әдістің негізгі нысаны. Бұл әдісті пайдалануда көне жазба деректер, мұрағаттар мен жәдігерлер қолданылады. Тілдерді тарихи-салыстыруда олардың генетикалық, типологиялық түрін негізге ала отырып, ататіл таралған ареалдары анықталады.

Зерттеушілер ареалдарды әр түрлі жіктейді. Мысалы, Н.С.Шарафутдинова кіші ареалдар мен үлкен ареалдарға бөлуге болатынын айтады. Американдық лингвист Дж.Николе созылыңқы (spread) және тұйықталған (residual) аймақтар деп бөледі. Созылыңқы аймақтар салыстырмалы түрде алғанда аздаған генетикалық сипатта жазық далада орналасады. Тұйықталған аймақтар географиялық шектескен ареалдарда (таулармен, мұхиттармен т.б. шектескен) пайда болып, генетикалық жоғары деңгейлілігемен айрықшаланады. Шарафутдинова созылыңқы аймаққа Евразия даласын, тұйықталған аймаққа Кавказды жатқызады [3, 85]. Осы ұғымды ұсынған Р.Аустерлиц тілдік жанұялардың Евразияға қарағанда Америкада едәуір көптігін байқаған. Мысалы генетикалық тығыздығы жағынан Жаңа Гвинеяда ең көп көрсеткіш белгіленген.

Дж.Николенің пікірі бойынша ареалдардың генетикалық тығыздығы ол – көлем бірлігімен есептегендегі белгілі бір аумақтағы жанұялардың саны. Тау, су сияқты бөгеттер кішігірім тілдік топтардың пайда болуына ықпал етеді екен. Егер Дж.Николенің болжамын дұрыс түсінер болсақ, неғұрлым халықтар тығыз орналасса, соғұрлым тілдік өзгерістер мен жаңа диалектілердің пайда болуы мүмкін. Егер кең далада, халықтардың аз мөлшерде өмір сүретін жерлерінде тілдік өзгерістерге ұшырау ықтималдылығы төмен болады. Географиялық факторлардың белгілі бір тілге екінші тілдің ықпалынсыз, таза сақталуына арқау болады. Мысалы, шалғайдағы аралдар, биік тау, теңіздердің ортасындағы елдің тілінде айтарлықтай диалектілік, говорлық өзгешелік болмайды.

Тілдік ареалдардың таралу шекарасы мәдени-этнографиялық құндылықтардың таралуымен де анықталады. Көрші отырған халықтардың мәдениеті, салт-дәстүрі араласа келе тілдік құбылыстардың туындауына арқау болады. Мәдени ықпал шекаралас елдердің барлық территориясын қамтымай, тек шеткі аймақтарда ғана орын алады. Егер қатар өмір сүрген халықтар генетикалық жағынан туыс болса, тілдік және мәдени байланысы да басым келеді [4,250].

Қазіргі уақытта тілдерді ақпарат құралдары арқылы тарату басым. Әсіресе ғаламтор желілері арқылы тілдердің қолданылу аясы кеңеюде.

Тіл атаулының бәрі грамматикалық-лексикалық жүйесі өзгеріске ұшырап, бір сөздері көнеріп, қолданыстан шығып жатса, екінші бір сөздер қарқынды қолданыста болады. Тілдік қарым-қатынас қажеттілігінен адамның өзі ойлап тапқан тілдері де аса көп. Олар түрлі мақсатта және түрлі сипатта дүниеге келеді. Біреулері ойдан, қиялдан туса, біреулері қолданыста бар тілдерден

«жұлмалап» алынып жасалады. Әлемдегі жасанды тілдерді қызметі мен қолданысына қарай бірнеше түрге бөлуге болады:

- Математикалық, кибернетикалық символдар тілі (HTML тілі т.б.);
- Тілдік қатынастарға арналып жасалған жоспарлы тілдер (идо, воляпюк, эсперанто, лансмол т.б.);
- Белгілі бір шеңберде ғана қолданылатын жасырын тілдер (түрмеде қамаудағылардың тілі);
- Интернет желісі арқылы байланыс жасауға арналған тілдер (логлан, ложбан, токи пона);
- Қиял-ғажайып кинофильмдердің тіліне арналып жасалған жасанды тілдер (ағылшын филологы Дж. Р.Р.Толкин жасаған, «Сақиналар әміршісі» фильмінің тілі – квенья, лингвист Марк Окрандтың «Жұлдызды жол» фильміне арнайы жасаған клингон тілі);
- Денсаулығында ақауы бар адамдардың тілі (жест тілі).

Бір күндері осы аталған жасанды тілдердің кейбірі бір халықтың ана тіліне айналып кетуі әбден мүмкін. Халықтары тығыз орналасқан географиялық аймақтардағы тілдер өзгеріске бейім келеді.

Тілдік қатынастың бір белгісі – субстрат (лат. Sub – төмен және stratum – қабат). Белгілі бір тілдік-географиялық кеңістіктегі бөгде тілден қалған және нақты тілдің ішкі даму заңдылығына жат тілдік жүйе жиынтығын субстрат деп атайды. «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» субстрат ұғымы былай делінеді: «екі тілдің тоғысуы кезінде жеңген тілдің құрамында сақталып қалған жеңілген тілдің іздері. Субстрат жергілікті байырғы тұрғындардың келімсектермен этникалық араласуы нәтижесінде қостілділік арқылы туған тілдік ықпалды білдіреді. Субстратты тудыратын тіл жеңілген тілге туыс болуы да, туыс болмауы да мүмкін. Субстрат тіл жүйесінің барлық деңгейінде кездеседі» [2, 315].

Көптеген тілдік құбылыстарды түсіндіруде географиялық факторлар аса маңызды орынға ие. Тілдер таралатын географиялық ортаның түрлері қалыптасып келе жатқан тілдер немесе диалектілердің арасындағы генетикалық байланыстарының сипатына айтарлықтай әсер етеді. Шекаралармен (теңіздер мен таулар) анық белгіленген географиялық орта тілдер арасында да нақты шекараларды қалыптастырады. Керісінше шекаралары айқын емес (жазықтар мен жағалаулар) географиялық ортада диалектілік байланыс пайда болады. Ондайда көршілес тілдер бір-бірін жақсы түсінеді. Географиялық факторлар өзгерістің сипаты мен жылдамдығын түсіндіріп бере алады. Мысалы, үндіевропа жанұясы бойынша туысқандарымен салыстырғанда литва тілінің грамматикалық сақталуын бірнеше ғасыр бойы литвалықтар басқа тілдермен байланыс жасауды шектеген, географиялық оқшауланған аймақта тұрғандығымен түсіндіріледі. Бір жағынан тілдік жаңалықтар географиялық жағдайлардан да болуы мүмкін. Мысалы, түркі тобынан шыққан гагауз тілі қоршаған тілдердің (славян, роман) әсерінен түркі тіліндегі «бастауыш – толықтауыш – бандауыш» болатын сөздердің орын тәртібінен өзгешеленіп, «бастауыш – баяндауыш – толықтауыш» болған [3, 86].

Тілдік қатынастың енді бір белгісі – суперстрат (лат.super – үстінде және stratum – қабат). Бұл – келімсек этникалық топ тілінен енген, жергілікті халық тіліне жат тіл жүйесінің элементтері. «Суперстрат ұғымын антоним ретінде В.фон Вартбург енгізген. Субстрат сияқты суперстрат тілдің ең алдымен фонетикасы мен грамматикасында, аз дәрежеде лексикасында кездеседі. Тілдік ықпалдың бұл екі түрін ауысқан кірме элементтерден айыру қиын. Субстрат ұғымына қарағанда суперстрат тіл білімінде сирек қолданылады» [2, 315]. Тілдік қатынастың тағы бір белгісі – адстрат (лат.ad – жанында және stratum – қабат). Нақты кеңістікте халықтардың ұзақ уақыт өзара байланысқа түсуі арқылы бірінің тілінің екіншісінің тіліне әсері нәтижесінде пайда болған тілдік жүйе жиынтығын адстрат деп атайды. Осы құбылыстар тілдік ареалдардың пайда болуына ықпал ететін бірден-бір факторлар болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Арутюнов С. Этнические процессы и язык // общественные науки. – 1986. – С.147

2 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі.

3 Шарафутдинова, Н. С. Ш 25 Лингвистическая типология и языковые ареалы : учебное пособие / Н. С. Шарафутдинова. – Ульяновск : УлГТУ, 2009. – 128 с.

4 Ареальные исследования в языкознании и этнографиии (язык и этнос). Сб. науч.трудов. Отв редактор Н.И.Толстой. – Ленинград, 1983. – 250с.

http://iskernews.kz/turky-filologiasy/

Сарсембаева М.К.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

СЛОЖНЫЕ СЛОВА В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКОЗНАНИИ

В тюркологии в настоящее время сложилась традиция изучения образования сложных слов по лексико-грамматическому характеру их компонентов. Этот метод изучения дает возможность получить правильную картину лишь внешней структуры сложных слов, однако при этом остается в тени внутреннее содержание, условия возникновения значений сложных слов. Исследование образования сложных слов по взаимоотношению их компонентов раскрывает их внутреннюю структуру, степень спаянности (слитности), семантические особенности.

Сложные слова имеют свои особенности, которые в абсолютном большинстве случаев дают возможность отличить их от свободных

словосочетаний и фразеологических единиц. Возможны, правда, и переходные случаи.

В казахском языке есть два основных способа образования сложных слов: 1) сложение основ, 2) переход словосочетаний в сложные слова. Во многих исследованиях на переход словосочетания в сложные слова, как правило, не обращают внимания. Лексикализация словосочетания рассматривается как сложение основ, из-за чего полностью искажается картина образования сложного слова. Исследователь языка вместо того, чтобы заниматься изучением условий перехода словосочетания в сложные слова, особенностей изменения семантики, характера изменений взаимоотношений компонентов, направляет свое внимание по совершенно неправильному пути. Исключение в этом вопросе составляют лишь отдельные работы [1, 2, 3]. Иногда в сложные слова могут переходить и устойчивые словосочетания, теряя при этом свою образность и экспрессивно-эмоциональную окраску [4].

В современном казахском языке наблюдаются два вида сложения основ: 1) сложение с сочинительным отношением компонентов, 2) сложение с подчинительным отношением компонентов. Сложение с подчинительным отношением компонентов, в свою очередь, подразделяется на 1) сложение с атрибутивным отношением компонентов, 2) сложение с комплетивным отношением компонентов.

В исследовании образования сложных слов весьма трудным является определение характера их возникновения. Бывает довольно непросто установить, как возникло изучаемое сложное слово – лексикализацией словосочетания или сложением основ.

Если в языке существует соотносительное со сложным словом словосочетание, то данная комбинация нами рассматривается как образование, полученное лексикализацией словосочетания. Если же нет соотносительного со сложным словом свободного словосочетания или нет реального предмета или действия, обозначаемого возможным словосочетанием, то данное сложное слово не могло возникнуть на основе словосочетания. Даже теоретически допускаемые словосочетания, поскольку они не являются реально существующими, не могут составить соотносительные пары.

Связь компонентов внутри сложного слова отнюдь не непроизвольна. Она обусловлена значением входящих в композит частей, их лексической сочетаемостью и грамматической структурой. Когда эта связь теряется, тускнеет значение слова, и оно становится непонятным или приобретает новое значение.

Продуктивность словообразовательных моделей обычно очень устойчива и изменяется крайне медленно. Типы образования сложных слов представляют собой формально-семантические схемы построения слов, абстрагированные от конкретных лексических единиц, различающиеся лексико-грамматическим характером одного из компонентов. Типы образования составных глаголов представляют собой также формально-семантические схемы построения слов, абстрагированные от конкретных лексических единиц, различающиеся вторыми компонентами – модифицирующими глаголами [5].

Сложение с сочинительным отношением компонентов имеет ряд типов. Этим способом образуется значительное число существительных, прилагательных, наречий, звуко- и образоподражательных слов. Весьма оригинальными и интересными являются, лексико-семантические взаимоотношения их компонентов.

Сложение с подчинительным отношением компонентов имеет два вида: сложение с атрибутивным отношением и сложение с комплетивным отношением компонентов. Сложение с комплетивным отношением компонентов представляется высокопродуктивным у глаголов, малопродуктивен он у существительных и наречий. По этому способу образуется большинство сложных глаголов типа «неглагол + глагол» [6]. Первыми компонентами таких сложных глаголов выступают существительные, местоимения, числительные, наречия, междометия, звуко- и образоподражательные слова. Вторые компоненты данного вида сложных глаголов выполняют все функции финитного глагола.

Составные глаголы в казахском языке образуются сложением двух глаголов, первый глагол принимает форму деепричастия на *-п, -ып, -ін* или на *-а, -е, -й* второй глагол, являясь финитной формой, превращается в модифицирующий глагол с ослабленным лексическим значением. Составные глаголы являются не аналитическими грамматическими формами, выражающими какое-либо грамматическое значение, а сложными лексическими единицами, отличающимися от своих первых компонентов каким-либо дополнительным лексическим оттенком.

В тюркологии в абсолютном большинстве исследований, посвященных сложным словам, лексикализация словосочетаний упускается из виду, не рассматривается вообще. Лексикализация словосочетания в современном казахском языке представлена тремя видами: 1) простой переход словосочетания в сложное слово; 2) переход словосочетания в сложное слово с одновременной его аффиксацией; 3) переход устойчивого словосочетания в сложное слово. В сложные слова переходят предикативные словосочетания. Большинство сложных слов, образованных лексикализацией предикативных словосочетаний, представляют собою имена собственные (антропонимы), нарицательные имена среди них встречаются редко [7].

Трансформация отдельных устойчивых словосочетании в сложные слова часто наблюдается у терминов. Отдельные виды сложных слов по характеру образования могут быть переходными, т.е. полусвободными.

При образовании сложного слова по моделям, существующим в языке, достаточно двух условий: 1) наличие моделей в языке и 2) потребности в новом сложном слове [8].

При образовании же сложного слова из словосочетания причин, влияющих на возникновение сложного слова, будет гораздо больше. Во-первых, не обязательно наличие модели. Во-вторых, необходимо установление постоянного, устойчивого лексического состава в системе словосочетания. В-третьих, нужна стабилизация порядка слов. В-четвертых, важно наличие частей

повторяемости данного словосочетания. В-пятых, необходима потребность в создании сложного слова, то есть потребность в более экономных средствах выражения, поскольку в ряде случаев сложное слово всегда сильнее, выразительнее и более эмоционально. Известно, что в семантической структуре слова содержится богатейшая информация о системе ценностей человека. Эта информация нередко бывает выражена имплицитно, и в таком случае «расшифровывается» лишь путем этимологической реконструкции слова. Однако чаще всего она представлена эксплицитно, как, например, в сложном слове, которое всегда постулирует наличие связи между обозначенными сущностями, вернее, между стоящими за этими обозначениями объектами действительности.

Образование сложных слов является той областью тюркского и общего языкознания, в которой как в фокусе, скрещиваются, взаимодействуют и развиваются словосочетания, собственно, словосложение и словопроизводство. После аффиксации словосложение является наиболее продуктивным способом словообразования, а если учесть, что между словосочетанием и словосложением, с одной стороны, и словосложением и аффиксацией, с другой стороны, существует генетическая связь, то ясно, что от правильного разрешения коренных вопросов словосложения зависит правильное и глубокое изучение вопросов словообразования.

Изучению сложных слов в общетюркологических исследованиях уделяется определенное внимание. Исследователи казахского языка также обращались к данной теме. Однако проблема композитных слов в казахском языкознании в достаточной мере не изучена. Так, например, вопросы правописания, типов, моделей, критериев различия сложных слов с другими языковыми единицами остаются спорными, а некоторые из них - даже нерешенными.

В казахском языкознании проблемы сложных слов затрагиваются в работах Б.Касым [1], Н.Оралбаевой [2], С.Кенесбаева [3], Н.Сауранбаева [4], А.Ыскакова [5], С.Исаева [6] и др. В работах названных казахских языковедов имеются интересные наблюдения по проблемам словообразования, особенностям образования отдельных частей речи, однако семантические особенности сложных слов еще не были предметом специального описания, так что их изучение остается одной из актуальных проблем казахского языкознания.

Образование сложных слов осуществляется тремя способами: а) словосложением; б) переходом словосочетания в сложное слово, т.е. лексикализацией; в) переходом словосочетания в сложное слово при одновременной его суффиксации.

В разработке теории словосложения в казахском языкознании есть и недостатки, обусловленные отсутствием достаточного внимания к проблемам словообразования вообще.

1. До сих пор не проведена четкая линия между отдельными видами сложных слов, вследствие чего сложные и составные слова некоторыми исследователями смешиваются.

2. Окончательно не выяснены критерии различения сложных слов и сходных с ними языковых единиц - свободных синтаксических словосочетаний и фразеологических выражений.

3. Недостаточно исследовано образование сложных слов путем лексикализации словосочетаний.

4. Не определен статус асиндетических форм глаголов типа *арымай-талмай* «безустали».

5. Сложные деепричастные формы типа к*еле-келе* "придя-придя", *оки-оки* "читая-читая" не относятся к словосложению. Указанная форма является грамматическим, обозначающим способ глагольного действия, не относящийся к словосложению.

Переход словосочетания в разряд сложных слов, т.е. конверсия словосочетания в сложное слово, как правило, рассматривается как результат словосложения *(үшбұрыш* «треугольник» - *үш бұрыш* «три угла» и т.д.)

Исследователи всегда отмечали агглютинативный характер тюркских языков. Другое свойство тюркских языков - их аналитизм, не учитывался абсолютным большинством языковедов. Однако, аналитизм, как показывают факты, в системе и структуре языка играет не меньшую роль, чем агглютинативность. Аналитизм тюркских языков пронизывает всю их грамматическую и словообразовательную систему. Без учета аналитичности строя тюркских языков выводимая грамматическая и словообразовательная схема языков была бы весьма неполной, и многое в их строе невозможно было бы понять [7, 11].

Во-вторых, в тюркологии, как в общем языкознании, нет стройной теории слова. Многие аспекты учения о слове, его структуре спорны, теоретически не решены границы словообразования и словоизменения. Все это привело к тому, что в центре внимания исследователей структуры тюркских слов оказались в основном синтетические слова [8]. Но в казахском языке, как и в других тюркских языках, значительную часть словарного богатства составляют аналитические (сложные) слова.

Лингвисты, рассматривающие единицы языка в единстве материальной формы и ее значения, исходят из того, что, во-первых, в языке могут иметь место не только простые, но и сложные, обусловленные развитием языка формы, во-вторых, формально установленные отрезки речи и материальные единицы самого языка, представляющие единство формы и содержания, не во всех случаях могут совпадать [9].

В тюркологии имеется немалое количество работ об образовании сложных слов. А.А.Юлдашев, говоря об изучении сложных слов в тюркских языках, пишет, что, «сложные слова, которыми изобилуют тюркские языки, особенно их терминология, до сих пор не получили удовлетворительной разработки ни в словарях, ни в грамматических описаниях» [10, 68].

Как видно, разработка теории словосложения и сложных слов в языкознании имеет давнюю историю. Несмотря на это, до сих пор нет стройной теории словосложения, все еще окончательно не установлены единые

принципы исследования словосложения и единые критерии классификации сложных слов в казахском языкознании.

Список использованных источников

1. Қасым Б.Қ. Сөзжасам: семантика, уәждеме: оқу құралы. – Алматы: КИЦОО. 2007. – 166 б.

2. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілі: сөзжасам. – Алматы: Рауан. 1989. – 236 б.

3. Кенесбаев С. Исследования по казахскому языкознанию. – Алматы: Ғылым. 1986. – 146 б.

4. Сауранбаев Н. Семантика и функции деепричастий в казахском языке //Проблемы казахского языкознания. Алма-Ата, 1982

5. Ыскаков А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ғылым. 1991. – 189 б.

6. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. – 140 б.

7. Ганиев Ф.А. Образование сложных слов в татарском языке. М., 1982.

8. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 362 б.

9. Салқынбай А.Б. Функционалды грамматика очерктері. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 119 б.

10. Юлдашев А.А. К характеристике тюркских сложных слов // ВЯ,1969, №5

Тагаева Г.А.
магистрант;
Сұлтанова Б.М.
филология ғылымдарының кандидаты, қауым.проф.м.а,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалықуниверситеті

ТРОПТАРДЫҢ КОГНИТИВТІК ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАЛАРДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Троптар – көркемдік танымның мәнді де мазмұнды, бағалы нәтижесі болумен қатар, белгілі дәрежеде оның дамуы мен өзгеруінің индикаторы болып табылады. Себебі ол қалыптағы көркемдік құралдар шеңберінен асып, таным формасына, өміртану моделіне, әлемді символикалық жолмен тану-игеру жолына айналады десек артық айтпаймыз. Бұл пікірімізді көптеген троп табиғатын зерттеуші ғалымдардың тұжырымдарымен дәйектеуге болады. Шындығында көркем сөз зергерлері үшін жалпы «таным мен шығармашылықтың мәні – бейнелілікте». Көркем, образды сөздердің

осындай айрықша бағалы әрі күрделі табиғаты оны зерттеп-зерделеуде үнемі есте болуы қажет екені түсінікті.

Бейнелі сөздердің басым көпшілігі – теңеу, метафора, метонимия, аллегория, символ, эпитеттің ауыспалы мағынасы бар мол тобы – екі нәрсені, екі құбылысты бірімен-бірін салыстыруға, бірінің сипатын біріне алмастыруға негізделеді.

Мысалы,

Көңілдің тот торлаған кілті жүрмей,

Түндерде дөңбекшіген*, кірпік ілмей;*

Күй көрмей қыр арқасы жыртық үйдей

Жүйріктің шала жансар бүлкіліндей. («Кенен тойындағы толғаныс») немесе

Өрлері де *қыраттай,*

Көлдері де *сынаптай*,

Шыңдары да шаншылып,

Өзеніне құлапты ай.

Селеуі де *құрақтай,*

Құлындары құр *аттай,*

Наба *нандай* Күні де

Күйдіреді шыдатпай. *(«Мынау біздің даланы-ай»)*

Ақын осы келтірілген мысалдарда қолданған теңеулері, метафоралары оқырманға ерекше әсерлі. Сондай-ақ, басқа ақындар тәрізді Ф.Оңғарсынова мен К.Ахметова поэзиясында жиі кездесетін көркем образ бейнесі ол – метафора. Метафора тілдің «өрнекті» рөлін барлық стиль түрінде толық қамти алатын әмбебап стильдік сөз ретінде бағаланады.Метафора тілді безендіруші таңба ретінде номалардан ауытқу тудырады, соған қарамастан эстетикалық мәнерлі әрі экспрессивтілігі өте жоғары стильдік құрал. Метафора ауыспалы мағынада жұмсалады. Соның өзінде кемінде екі мағына болуы мүмкін. Бірі белгілі бір затқа, құбылысқа, адамға сипаттама беру болса, екіншісі сол заттың, құбылыстың немесе адамның алдын алу.

Тағы бір көркемдік құрал – эпитет туралы белгілі ғалым жазушы З.Қабдолов: «Айқындау, яғни эпитет – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз. Эпитетсіз тіпті айтарыңды анықтау, суреттеп отырған нәрсеңді нақтылау қиын» -дейді. Эпитет ұғымға, нәрсеге бейнелілік, нақтылық сипат береді. Осындай түрлі құбылысты айрықша етіп көрсету ақиық ақынның да өлеңдерінде жиі кездеседі. Мысалы,

Атыңдар, *ақ таңдарым*, арайларым,

Арайдан үміт тұнған тарайды ағын.

(«Атыңдар, ақ таңдарым, арайларым»)

Міне, осындай түрлі бейнелі сөз образдарына толы ақын поэзиясы тілге жеңіл, жүрекке ерекше әсер қалдыратын лирика болып табылады. Ақындарымыздың қай тақырыпта жазылған шығармасын алып қарамасаң да әр бір сөзі, тіркесі қазақтың төл тарихымен, астарлы бейнелі сөз образдарымен тікелей байланысып жатады. Осы тұрғыдан келгенде Ф.Оңғарсынова мен

К.Ахметова поэзиясы прагматика шарттарына толық сай келетін, оқырманды түрлі ақыл ой таразысына салатын, сезімдік, эмоциялық күйге түсіретін интелектуалды әрі сезімдік поэзия. Сондықтан да ақын өлеңдерінің прагматикалық сипатын ғана емес, когнитивтілігіне де назар аудару уақыт талабы.

Когнитивизм – адам санасын, ойлау қабілетін, сонымен байланысты ментальды процесс пен құрылымын зерттеп-зерделейтін ғылыми бағыт. Ал интерпретация деп отырғанымыз-ақпаратты қабылдау, түйсіну, түсіну, зерттеу, зерделеу, өңдеу т.б. сияқты қызметтерімен ерекшеленетін әдеби құбылыс.



Қазіргі лингвистикалық зерттеулер объективтік шындықты идеалды түрде бейнелеудің адамға ғана тән ең жоғарғы формасы оның ақыл-ойы, санасы ойлауы, рухани ішкі дүниесімен тығыз байланысты зерттеуге бағытталады. Әлемдік және отандық тіл білімінің қазіргі тандағы дамуы лингвистикалық зерттеулердің антропоцентристік бағытталуымен сипатталады, тілді құрылымдық талдаудан антропоцентристік талдауға көшу XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы тіл білімінің басты ерекшеліктерінің бірі болып табылады, өйткені тілдік құбылыстарды зерттеуде лингвистика тек қана тілдік, атап айтқанда адамдардың бір-бірімен қатынас жасауы, пікір алысып өзара түсінісуі, дыбыстық, сөз құрамы және грамматикалық тәсіл жүйесімен шектеліп қала алмайды.Қазіргі лингвистика тілді адаммен, объективтік шыңдықты идеалды түрде бейнелеудің адамға ғана тән ең жоғарғы формасы оның ақыл-ой, санасымен ойлауы, рухани ішкі дүниесімен тығыз байланысты зерттеуге бағытталады.

Поэзиядағы тұтас көркем ойдың жасалып шығуын, З.Қабдоловтың сөзімен айтқанда, «мидың мың градустық домнасында құрыштай қорытылып шыққан сөздердің» үйлесімділікпен беретін ерекше әсері деп танимыз. Поэзияда әрбір сөз - көркем сөз, ал әрбір көркем сөз - көрікті ойдың көрінісі. Жазушылар, ақындар шығарманы көркем түрде оқырманға жеткізу үшін метафораларды шеберлікпен қолданады. Қаламгерлер тіліндегі метафоралар көркемдігімен, бейнелілігімен, терең мазмұнымен ерекшеленеді. Көпшілікке таныс сөздер мен сөз тіркестерін өзге қырынан танытып, сөздерді ажарлап айшықтауда авторлар талғампаздық танытады. Ана тіліміздің дамуы, толысуы

тіл қорымыздағы сөз санын молайтумен ғана емес, бұрыннан бар сөздердің мағынасын, мәндік иірімдерін кеңейту арқылы да байитыны белгілі. Бұл салада метафораның да үлесі зор. Оның өзі тілдің көркемдігін, әсерлілігін арттыра түседі. Троптар оның ішінде метафоралардың образдылығы, ұқсастыққа негізделетін қасиеті – метафоралардың тілдік құбылыс ретіндегі түрлі қыр сырын, табиғатын ашуды қажет етеді. Тілдік бірліктердің метафора арқылы жасалуын зерттеу, адамның қоршаған орта нысандарын таңбалау, тілдік материалдармен берудегі танымдық әрекеттердің тілдегі көрінісін қарастыруға бағыттайды. Когнитивтік метафоралардың жасалуына ассоциациялы ойлау себепші болатыны, дерексіз ұғымдардың негізінде жасалған аталымдар (номитавтілік) жатқызылады. Бұл мәселеге назар аудару – қазіргі ғылымның ең бір маңызды мәселелерді қозғауы деп түсінуге болады. Ғылым адамды қоршаған болмысты игеруде белгілі бір жетістікке қол жеткізді, бірақ соған қарамастан адамның ішкі әлемін толық біле алмады. Мұны зерттеушілердің көбі «шын мәнінде бүгінгі күні адамның ішкі әлемін зерттеу» маңызды және қажетті дегенді айтады.

Қазақ әдебиетіндегі көптеген ақындардың туындыларындағы троптар жүйесі аса өміршең де өзекті образды сөздерден құралады. Олардың бар болмысымен тіршіліктегі, табиғаттағы құбылыстарды бақылап, тереңдік пен көркемдік жолында үздіксіз ізденіс үстінде болған хас таланттар. Ақындардың шығармашылық ізденісі табысты болғанын осы зерттеу еңбекті жазу үстінде тағы бір көз жеткіздік. Троптардың когнитивтік интерпретациясы ұғымына тоқталып, қаламгерлердің объективті шындық болмысты қабылдауындағы сезімдік және танымдық іс-әрекетінен туындай келіп, өмір тіршілігінің барлық саласымен ұштасып жататыны анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003.

2 ӘлкебаеваД.А. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы. Алматы, 2005.

3ИскаковаС.С. Қазақ терминтанымының когнитивтік-прагматикалық аспектісі: филол. Ғыл. Док. –Алматы, 2008

4 Сусов И.П. Коммуникативно-прагматическая лингвистика и ее единицы. // Прагматика и семантика синтаксических единиц. –Калинин, 1984. –С.

5 Нұрдәулетова Ж. Когнитивтік лингвистика. – Алматы, 2011.

6Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы. — Алматы, 1966.

Тасполатов Б.Т.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент;
Омаров Н.Қ.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ

КӨНЕ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ҰҒЫМДАР МЕН ТҮСІНІКТЕРДІҢ ҚАЗЫҒҰРТ ТОПОНИМИЯСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Көне мифиологиялық ұғымдар мен түсініктерге қатысты Қазығұрт топонимиясында тағы бір географиялық атаулар тобы «әулие ағаштармен» байланысты қойылған. «Ағаш мифологиясы» өте көне «ғаламдық ағаш» культімен байланысты. «Ғаламдық ағаш – аса маңызды мифтік культ нысандарының бірі. Осы культтің сарқыншақтары мен белгілері барлық дерлік мифологиялық дәстүрлерде бар. Қазақ дәстүрінде де осы культтің сарқыншақтары аз емес» [1,486].

«Ғаламдық ағаш» культінің сарқыншақтары мен белгілері қазақтың кейбір әдет-ғұрыптарында, лексикасында, топонимиясында, фольклорлық мәтіндерде және таным-сенімдерінде байқалады. Қазақ сенімінде ағаш – киелі нысан, соған байланысты белгілі бір ырым-жоралғылар жасалып тұрған. Ш.Уәлихановтың дерегі бойынша: «Дерево одиноко растущее в степи, или уродливое растение с необыкновенно кривыми ветвями служат предметом поклонения и местом ночевок. Каждой, проезжая, навязывает на это дерево куски от платья, тряпки, бросает чашки, приносит в жертву животных или же навязывает гриву лошадей» [1, 486].

«Әулие ағаштарға» табыну (мата-шүберек байлау, құран оқу, садақа беру, мал сою т.б.) күні бүгінге дейін қазақ жерінде сақталған деп айтуымызға болады. Осындай сенімдерді растайтын көптеген деректер бар. Қазақ сенімінде орын алған күні бүгінде де «киелі ағаш» ұғымы мен соған қатысты рәсімдер жөнінде төмендегідей мысал келтірейік: «Сондай ағаштардың бірі – Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданындағы Қамысты елді мекенінде де бар. Оны біреулер «Әулие тал» десе, енді біреулер «Әулие ағаш» дейді. Ел ішінде осыған байланысты аңыздардың бірінде, сол жерге Мәметек деген рубасының сүйегі жерленген, әуелде қабірінің басына тек белгі үшін шаншылған жалғыз тал кейін бұтақ жайып жайқалып өседі. Ата-бабаларымыздың көне нанымына илансақ, «қабірінің басынан ағаш өсіп шықса, ол адам қасиетті болып саналады». Ал Мәметектен тарағандар сол ағаштай кең қанат жайған, бүгінде жеті ата аралап кеткендіктен, қыз алып, қыз беретін болған. Ал әулие тал күні бүгінге дейін бар. Оның басына машинамен баратындар машинасын, атпен барғандар астарындағы аттарын қалдырып, жуынып, тазаланып қасына жаяулап барады. Қалтасында ақшасы барлары, Әулие талдың иесін риза ету үшін судың ішіне ақша тастайды, болмаса талдың басына «ақтық» ақ шүберек байлайды, шүберегі болмағандары аттың қылын байлайды. О дүниедегі ата-бабаларына құрмет көрсетіп, құрбандық беріп, басына қой соятындары да бар. Біздіңше, талдың басына байланатын ақ шүберек «о дүниедегі өмірлеріңіз

осындай аппақ, күннің сәулесіндей нұрлы, төңірегіне шапағаты болсын!» деген игі тілектерін де білдіреді, өзге тарауларымызда айтып өткендей, Баба Түктінің моласына барып түнегендей, әулие талдың басына да барып түнейді. Баласы болмай жүрген әйел басына ақ жаулық салып, таза киініп «әулие талды» үш айланып шығып, іштей өздеріне рақым етіп, нәресте беруін сұрайды. Әулие талдың басына түнеу кезінде айғайлап сөйлеп, қарқылдап күлмейді» [2, 127-128]

Қазығұрт өңірінде де «киелі ағаштар» культіне қатысты жергілікті географиялық атаулар да, сол нанымға қатысты аңыз-әңгімелер де сақталған. Мәселен, *Көктерек әулие* деп аталатын жерде биік жуан терек және одан кішілеу көптеген көк теректер бір гектардай жерді алып жатыр. Жергілікті халықтың сенімінше, ілгеріде бала көтермеген әйелдер Көктерекке барып сиынып, тілектері қабыл болған. Ал енді терегін әлдекім кессе, бір жағдайларға ұшыраған немесе көктеректің өзінен қан аққан.

Жергілікті халықтың нанымындағы осындай көріністердің арғы түп-төркіні «ғаламдық ағаш» символдық табиғатына барып тіреледі. «Ғалымдық ағаш» культінде ағаш (ғаламдық ағаш) бүкіл ғаламның өзін тұрпаттаушы символ және сол ағашқа қатысты мифологиялық танымдарды былай етіп те топтастыруға болады:

1. Ағаш – адамның ұрығының орналасатын жері. Бұл жағдайда ағаш – ана функциясына ие болады.

2. Ағаш – адам жанының тұлғалануы, оның жанының сақталатын жері [1, 488]. Міне, *Көктерек әулиеге* қатысты нанымдар аталған екі мифтік функцияларға да сәйкес келеді: 1) перзент сұраған әйелдер – ағаш-анадан сұрайды, себебі ол – өмір беруші; 2) ағаш кескен адам – ағаштан қасірет шегеді, себебі ағаш та жанды (адам жанының сақталатын жері) – жанды қиюға болмайды – қиса қиюшы жамандыққа ұшырайды; ағаш та тірі жан, сол себептен кесілген ағаштан (бұтақтан) қан шығады.

Арғықазақ танымындағы ағаш мифологиясын реконструкциялаған С.Қондыбай былай деп жазады: «Өсіп тұрған ағаш – тек қана «ғаламдық ағаш» деп атала бермейді; ағашқа қатысты мифологиялық таным берген басқа да мифтік функциялар, тиісінше – басқа атаулар да бар. Солардың бірі – «ғұмыр ағашы, яғни өмірді, тіршілікті сақтайтын, өмірді беретін немесе жарататын ағаш. Бұл да – ғаламдық ағаш, тек басты назар оның «өмір беру» функциясына түсірілген. Сонымен, өмір ағашына мынадай қасиеттер мен функциялар берілген.

1. Ол – жаратушы құрсақ, Ұлы ана. Яғни ағаш ұрғашы әйел кейпіне ие болады.

2. Ол – өмір қоймасы, яғни осы ағашты (бұтағында, жапырағында, т.б.) адамның (жалпы тірі пенделердің) жаны, оларға тіршілік беруші алғы жан (ұрық) сақталады. Ағаш ұрықты (жанды) белгілі бір әдіспен таратады.

3. Ол – өмір уақытының (жалпы уақыттың) тіркеушісі (фиксаторы). Ол кімге қанша уақыттық ғұмыр бергендігін, қандай тіршілік берілгенін белгілейді, қадағалайды, болған істі тіркеп отырады.

4. Ол – адамның арғы бабасы» [1, 505-506].

Ағашқа байланысты осы мифтік танымдардың көріністерін қазақ фольклорларынан көптеп таба аламыз. Сонымен бірге жалпы қазақ топонимиясында және де Қазығұрт өңірі топонимдерінде «ғаламдық ағаш культіне» қатысты мәліметтерді деректі түрде кездестіреміз. Мәселен, Қақпақ ауылындағы Заңғар тауының қарсы бетіндегі *Кәтіреңкі әулиеге* – үлкен үңгір тас үстінде өсіп тұрған кәтіреңкі ағашқа күні бүгінге дейін зиярат жасаған адамдар нан пісіріп, садақа арнап, құран оқып, Алладан денсаулығына шипа беруін сұрайды. Киелі ағаштың бір бұтағын кесіп алған адамның бірер ұрпағы зардап шеккені жөнінде жергілікті тұрғындар аңыз етіп айтады.

Өте көне мифологиялық танымдардан көрініс беретін аймақтық топонимдердің бір тобы үңгір атауларымен байланысты. Қазығұрт өңірінде *Жеті үңгір,Қос үңгір, Жалтыр үңгір, Бір ауызды, Үш ауызды* үңгірлер сынды спелеонимдер бар. Осы микротопонимдік атауларға және аталған нысандарға қатысты ақпараттарда мифологиялық сипаттағы танымдық деректер бар. Әрине, бір кездерде киелі орындар саналған үңгірлердің сакральді мәні уақыт өте бәсеңдей берген, сол себепті үңгірлерге қатысты кейбір мифологиялық ақпараттар ұмыт болған. Егер көне замандарда үңгірлер зиярат ететін, белгілі бір ырым-жоралар (ритуалдар) өткеретін киелі орындар қызметін атқарған болса, кейінгі дәуірлерде олар киелі функцияларынан айрылған. Мәселен, «Қорқыт Ата кітабындағы» «Басаттың Төбекөзді өлтірген әңгімесінің баяны» атты тарауында Қазығұрт тауының үңгірінде болған оқиға баяндалған. Қазығұрттың үстіндегі қос үңгірдің бірі – аса үлкен, екіншісі – шағындау. Бұл үңгірлер бұрынғы замандарда қасиетті саналған. Қазан төңкерісінен бұрын үңгірдің аузына әшекейлі есік орнатылған екен, олар Ұлы Отан соғысына дейін сақталған. Ал өткен ғасырдың отызыншы-елуінші жылдары бұл үңгірлерде қой қамап, үңгірлер қораға айналған.

Ал үңгірлердің мифологиялық кеңістіктер ретінде танылуы жөнінде С.Қондыбай былай деп жазады: «Тас ғасырының адамдары үшін үңгірдің маңызы қандай болғанын айту, сірә, артық болар. Үңгірдің функционалдық сипаты – басқа адамдар тобырынан, жыртқыш аңдардан қорғану, қыста суықтан қорғану болған, міне, осы екі сипат жаудан және суықтан қорғану кейінгі замандарда ұмытылған жоқ, қайта адам танымының тұрақты көрсеткішіне айналған. «Шахнамада» алғашқы патша (Авестада-Иима) Каюмарстың, Көктүрік аңызындағы Асянь-шадтың арийларды, көктүріктерді үңгірден шығаруы, иран мифологиясындағы Митраның жартастан тууы және оған үңгірлерде табынуы, оның түркілік «баламасы» – Төбекөздің тұрағы үңгір болуы, міне, осының барлығы ұзақ уақыт ұмытылмағандығын көрсетеді.

Үңгір мифологиясы – іші қуыс, басқа кеңістікпен (сыртпен) тек бір коридор арқылы байланысатын оқшау, іс жүзінде жабық кеңістік, оның осы формасы әр мифологиялық қабаттың кеңістігінің форма-моделіне айналған» [3, 184].

Көне нанымдардың [арғы (прото-) қазақ) мифологиясына қатысты] сарқыншақтары Қазығұрт өңірінің бұлақ атауларына байланысты да сақталуы

мүмкін. Арғықазақ мифологиясының қисындары мен келтірімдері бойынша, су (су көзі, қайнар, құдық, өзен, т.б.) Нұрдың көресіндері (эмонациялары), сол себептен су нысандары өмір беруші (шипалық), жасару т.б. қасиеттерге ие. Осындай танымдарды «тірі су», «өлі су», «ант-су ішу», «ант ішу», «неке суы», «Нұрбұлақ» ұғымдарынан байқауға болатынын С.Қондыбай көрсеткен.

Ал Қазығұрт аймақтық топонимиясында сумен байланысты мифологиялық танымдардың мейлінше қарабайырланған сарқыншақтарын кейбір гидронимдік атаулардан байқауымызға болады. Өте көне замандарда бұлақ, су атауларында имплицитті (жасырын) түрде «толыққанды» мифологиялық ұғымдар кешенді түрде болған шығар, ал талай дәуір өткен соң сол атауларда (су нысандарында) тек «қасиетті», «әулиелі», «емдік шипасы» бар деген қарабайырланған ұғымдар ғана сақталған. Мысалы, *Көктөбе бұлағы* қасиетті, емдік шипасы бар су көзі болып саналады. *Көктөбе* бұлағы төңірегінде *Ана бұлақ, Ата бұлақ, Бала бұлақ, Қыз бұлақ* сынды бұлақтардың орналасуында да мифологиялық астарлар бар.

Қазығұрт аймақтық топонимиясындағы этнодүниетанымдық сипаты бар географиялық атаулардың бір бөлігі ислам дінімен (мұсылмандық мифологиямен) байланысты болып келеді. Осындай типтегі мифологиялық топонимдер мен микротопонимдердің пайда болуы, әрине, Оңтүстік өңірінде ислам дінінің орнығуымен байланысты деп айта аламыз. Исламнан бұрынғы (арғықазақтық, тәңірлік т.б.) наным-сенімдерге қатысты туындаған жер-су аттары кейде діни (исламдық) сипаттағы топонимдермен сабақтасып, белгілі бір діни-мифологиялық топонимдік кешендерді құрайды.

Мәселен, Қазығұрт тауының солтүстік жағында бес-алты шақырымдай жерде *Ғайып ерен – қырық шілтен* деп аталатын киелі (кешенді) әулие орналасқан. Қазығұрт энциклопедиясында бұл әулиелі жер жөнінде былай деп айтылған: «Жұрт қасиетті санайтын орын. Көпшілік жұрт бұл жерді «ШілтерАта» деп те атайды. Осы бір онша биік емес төбешіктің айналасында табиғаттың ерекше құбылыстары бар. Жіңішке сайдың табанында үш бұлақ бастау алып, сонан соң бірігеді. Жергілікті тұрғындар да, зияратқа келгендер де осы үш бұлақтың дәмі үш түрлі дейді. Одан ары жартастар. Соның бірі арасынан адам қырынан ғана өте алатындай саңлау қалдырған найзадай болып тұрған екі тас – «Ата тас» пен «Ана тас». Одан соң «Шілде тас», «Емдік тас», «Түсік тас», «Бесік тас». Бұлардың бәрі туралы да аңыздар мен қасиетіне байланысты түсініктер бар. Соңғы жылдары бұл жер қасиетті жерге айналып, Қазақстанның түкпір-түкпірінен зияратшылар келіп жатады» [4, 82].

Халықтың түсінігінше, *Ғайып ерен – қырық шілтен* топан суға дейін жер бетіне аспаннан адам кейпінде түскен қырық періште. Олар ақ киім киіп жүреді, бойлары ұзын, Алла тағаланың ақ жолына түсірмек болып адасқан пенделерге уағыз айтып, таратқан екен.

Ғайып ерен – қырық шілтен қырық қария-баба түрінде де бейнеленеді. Олар бейкүнә адамдарға көмекке келеді, аян береді, тіл қатады. Ал *Шілтер ата* – сол қырық бабаның басшысы болса керек.

Ғайып ерен – қырық шілтендегіғайып – араб тіліндегі *ғайыф* – ұшқан құсқа қарап алдын ала болжайтын әулие, ал *ерен – йаран* сөзінің түбірі парсы тіліндегі «дос, жолдас», *йари* – «көмек», «жәрдем» [5, 65]. Осы этимологияларға қарағанда *ғайып ерен* «дос», «жәрдем беруші», «көмекші» ұғымдарын береді.

С.Қондыбайдың пікірі бойынша: «Ерен ғайып (қырық шілтен) бейнесін қалыптастырған мұсылман сопылар (суфийлер) ортасы, мұны ерен ғайып шілтендердің кейде «пірлер» деп аталып, пірлер категориясына жатқызылуынан да аңғаруға болады. Бұл жайт, өз кезегінде, қарастырылып отырған бейненің бастауында тек парсылық қана емес, көне түркілік мифтік келтірімдердің жатуын ықтимал етеді; өйткені сопылар, көне иран келтірімдерін де, көне түркі келтірімдерін де пайдаланып, жаңа діннің (исламның) талаптарына сай өңделген құрама бейнелерді жасаған. Міне, осы тұста бейне атауын құраушы компонент – «ерен» сөзінің этимологиясына байыпты үңілу қажеттілігі туындайды» [6, 385].

Ғайып ерен – қырық шілтенге қатысты жоғарыда келтірілген деректер мен дәйектемелерге қарағанда, қазақ жерінде, соның ішінде Оңтүстіктегі Қазығұрт аймағында сопылық исламның өткен замандарда кең етек жаюы орын алған сияқты. Сопылық дүниетанымның кейбір көріністерін жанама түрде болса да топонимикалық материалдардан да аңғаруымызға болады.

Сопылық дүниетанымының бір көрінісі әулиелерге сиыну салтынан байқалады. Ал әулиелерді құрметтеу, кейбір адамдарды әулие санау қазақ халқында көне түркі (мүмкін, одан да бұрынғы) заманда қалыптасқан көрінеді. Қазіргі қазақ жеріне ислам сіңе бастаған кездерде әулиелік культі сопылық исламның жолымен ұштасып кетті. «Қазақтың мұсылмандығының бастауы осы сопылықта (суфизмде) жатқандығы. Яғни қазақ халқы – мұсылман халық, осы аксиоманы нақтылай түссек, қазақтардың мұсылмандығы – суфистік ағымдағы ислам діні. Қазақтың бас пірі деп есептелінетін Қожа Ахмет Ясауидің де, одан анағұрлым кейін өмір сүрген қазақтың үлкен пірлерінің бірі болған Бекет Атаның ұстанған жолы – осы сопылық исламның жолы» [7, 147].

Қожалардың шежіресі «Насаб-нама» нұсқалары мен түркі тарихын зерттеген ғалым З.Жандарбек Оңтүстік Қазақстандағы кейбір әулиелі жерлерді ортағасырлық сопы қайраткерлердің есімдерімен байланыстырады: «Насаб-нама» нұсқаларында аты аталған әрі аты аңызға айналған әулиенің бірі – Исхақ-баб. Ол халық арасында Баб Ата деп аталады. Кесенесі қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Жартытөбе Кеңшарының аумағында. Халық арасында Баб Ата мен Исхақ-бабтың бір кісі екендігі жөнінде «Насаб-намада» баяндалған сюжет желісіне ұқсас аңыз әңгімелер тараған» [8, 66].

Ясауи тариқатының пірлері (әулиелері) өз есімдерін Қазығұрт аймағының топонимиясында (микротопонимиясында) азды-көпті болса да қалдырды. Әдетте, ондай агитопонимдер (агиомикротопонимдер) сопы қайраткерлерінің жерленген орындарымен байланысты болып келеді. Сопы-пірлердің жерленген орындары киелі болып саналған және де сол сопылардың өмірі мен жасаған кереметтері аңыз-әпсана түрінде халық арасында кеңінен таралған.

Мәселен, Қожа Ахмет Ясауидің шәкірті болып саналатын Ақбура әулие Қазығұрт баурайынан Түркістандағы намазға қас қағым сәтте жетіп, сол намазға қатысып тұрады екен. Ақбура әулие Қазығұрттың етегіндегі бұлақтың басында жерленген, күні бүгінге дейін осы жер қасиетті болып саналады. «Ақбура әулие» деп аталатын киелі орынға баратын зияраттшылардың қатары азаймайды.

Қазығұрт өңіріндегі сопылар культімен байланысты тағы бір микротопоним Қазығұрт тауының оңтүстігіндегі Тұрбат ауылында жерленген Ысмайыл атамен байланысты.

«Қазығұрт» энциклопедиясында Ысмайыл ата жөнінде мынадай деректер келтірілген: «Ол кісі де үлкен ғұлама болған. Өзінің Ахмет Ясауиге туыстығы бар. Үлкен ұлы Ысқақ Ата да қасиетті жан болса керек, Тұрбатта ол кісінің де мавзолейі бар.

Ал кіші ұлы Хусаин кезінде Балх қаласындағы ел басқарушылардың оң қолы болған, ал әдебиет тарихында тұңғыш рет түркі тілінде шығарма жазып, түркі әдебиетінің ана тілінде жасалған нұсқасының қабырғасын қалаушылардың бірі Әлішер Науаи бұл кісіні Лутфи, Саккикилермен қатар атап, аса жоғары бағалаған. Әдеби лақабы – Атоий, ал сол кездегі лауазымын түгел келтірсек – Мавлона Шеих Хусаин Атоий» [4, 408].

Оңтүстік Қазақстан өңірінде орныққан ислам дінінің уағыздаушылары мен сопылық ордендердің пірлерін жергілікті халық танымы бойынша «әулие» деп түсінген. Сондай пірлердің бірі Ысмайыл Ата және оның «шырақшылары» мен «халифалары» қаңлы руының «Омыртқа» мен «Мандуд» тармақтарына Ясауи тариқатын таратқан, яғни Қазығұрт өңіріндегі халықтың рухани, діни-философиялық өміріне үлкен ықпал еткен. Осы жайттарды Ә.Диваев жазып алған «Қазірет Ысмайыл Ата туралы аңыздан» байқауымызға болады: «Ибрагим Атаның ұлы Қазірет Ысмайыл Ата «қазақтармен» бірге «Қос мола» деген үлкен таудың батыс жағында, қазіргі Ташкент уезінің Ақжар болысында өмір сүрді.

«Ибрагим Ата» деп аталатын әулиелердің бейіттерін көп кездестіруге болғанымен, біз бұл жерде «Тұрбат» деп аталып жүрген Ибрагим Ата туралы айтамыз, өйткені ол Тұрбат деген жерде тұрған.

Қазірет Ибрагим Ата маңайдағы қазақтарға «пір» болғасын жоғар діни кемелденуге жеткен. Оның шырақшылары мен халифалары «Қаңлы» руы, «Омыртқа» және «Мандуд» бөлімдерінің қазақтары болған.

Біздің пікірімізше, Ибрагим Атаның екі ұлы болған: оның біреуін Жәбірейіл Ата, ал екіншісін Ысмайыл Ата деп атаған. Бұл – бұдан төрт жүз жылдан астам бұрын болған» [9, 227].

Тұрбатты халықтың қасиетті орын санайтын бір себебі – Ысмайыл Ата бейітінің осында жатқаны. Ә.Диваевтің пікірінше, Тұрбат арабша «мазар, мавзолей» деген сөз.

Елі мен жерін қастерлеген халықтың әулиесі де, киелі жерлері де көп. Салыстырмалы түрде Оңтүстік Қазақстанның өзге өңірлеріне қарағанда

Қазығұрт аймағы киелі, қасиетті жерлерге, тарихи ескерткіштерге бай. Олардың көпшілігіне халық зиярат етіп, жәрдем тілейді.

Әулиелік, көріпкелдік қасиет дарыған кісілердің есімдерімен байланысты топонимдер мен микротопонимдер: *Ақ ата, Қызыл ата, Кісен ата, Жүрек ата, Жанкел әулие, Нау ата, Салиха ана, Мейрам ана, Көктен ата, Жалаулы ата, Қыз әулие, Шоқы ата, Көзді ата, Қазығұрт ата* т.б. болып келеді. Бұл келтірілген атаулардың бәрінің де түрлі нұсқада айтылатын аңыздары бар.

Халықтық топонимияда, соның бір бөлігі аймақтық жер-су атауларының жүйесінде осы және де басқа этнотанымдық топонимиялық қабаттар жүйелі түрде ғасырлар бойы сақталып, өз көріністерін берген. Қазақ тарихының соңғы дәуірлерінде этнотанымдық құндылықтар жүйесі қирай бастады –оның өзіндік тарихи-экономикалық, саяси себептері болды. Олардың бірегейлерін атап өтсек, қазақ жеріне капиталистік формация орныға бастады, бұрынғы халықтық топонимиялық жүйе бұзылды, көне танымдық топонимдер орнына орыс (отаршылдық) топонимдер орнықты, кеңес заманында саясиланған географиялық атаулар қаптап кетті т.б. Осы үрдістер Қазығұрт өңірінің тарихы мен топонимиясында да орын алған бұл мәселе, әрине, арнайы сөз етуді және зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. Арғы қазақ мифологиясы. – Алматы: Арыс, 2008. – 12 т., 4 кіт. – 533 б.

2 Қонарбаева Б. Қазақтың наным-сенімдерінің фольклордағы көрінісі. Зерттеу. – Алматы: Жазушы, 2004. – 288 б.

3 Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы // Қазақ мифологиясына кіріспе. – Алматы: Арыс, 2008. 1-т. – 374 б.

4 Қазығұрт. Энциклопедия. – Алматы: Тоғанай Т, 2002. – 543 б.

5 Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі.–Алматы, 1966. – 65 б.

6 Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. Арғы қазақ мифологиясы. – Алматы: Арыс, 2008. 9 т., 1 кіт. –521 б.

7 Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. Маңғыстау географиясы. Маңғыстау менҮстірттің киелі орындары. – Алматы: Арыс, 2008. – 3 т.–280 б.

8 Жандарбек З.З. «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 168 б.

9 Диваев Ә. Тарту / құрастырған, алғы сөзін және түсініктемелерін жазған Флора Оразаева. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 256 б.

Тұрышев А.Қ.
филология ғылымдарының докторы, профессор,
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

АЛАШ ЛИНГВИСТЕРІНІҢ МҮДДЕСІ

Түбінде баланы әмрикеше оқытатын боламыз...
Сійез материалынан.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш сіиезі 1924 жылы 12-18 күндері Орынбор қаласында өткенін білеміз. Сійездің қарауына 6 - ты мәселе ұсынылды. Үшінші мәселе «Қазақша пән сөздер». «Қазақша пән сөздер» тақырыбына Елдес Омарұлы баяндама жасады. «Пән сөз» - деп, қазіргі кітаптарда, журнал, газет, пән (қазақ тілі, алгебра, физика т.б.) қолданыстағы ғылыми терминдерді, «жат сөз» - деп, кірме сөздерді (шет тілдерінен енген сөздер) атағаны көрінеді. Әрине, қаралып отырған пән сөздерін қазіргі пәндердің пән сөздерімен салыстыруға келмейді. Тіпті, ол уақытта қолданыста жоқ, қазіргі «диссертация», «монография», «оқу құралы», «әдістемлік» т.б. ғылым сөзі (ғылыми терминдер) қалыптасты.

Шерубай Құрманбайұлы: «Термин» атауының өзі әр кезеңде ұлт тілінің түрліше аударылып, оның бірнеше балама нұсқасы ұсынылды. О баста қазақ терминологиясы дамуының Байтұрсынұлы кезеңінде «пән сөз» деп аталды. Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары жарық көрген алаш оқығандарының еңбектерінде, сол жылдардың мерзімді басылымдарында осы термин жиі қолданыла бастаған еді. ... Білім ордасы бекіткен терминдер сөздігі 1927 жылы Н. Қаратышқанұлының құрастыруымен «Пән сөздері» деген атпен жарық көрді» - дейді [1, 11]; [2].

Ахмет Байтұрсынұлы, Қалел Досмұқаметұлы, Міржақып Дулатұлы т.б. еңбектерінде пән сөздердің жасалуының негізгі принциптерін олардың заңдылықтарын, сингармонизм заңына сүйеніп жасау керектігін баса айтып, жазып кетті. «Сөзжасам жұрнақтары» ол уақытта бұл - пән термині қалыптаспаған, тұрлаулы, тұрлаусыз сөз тудыратын жұрнақтар деп аталды.

Елдес Омарұлы баяндамасында пән сөздерді қазақ тіліне алғанда түбірге (тұқылға-Е.О.) жұрнақтарды жалғағанда тұрлаулы және тұрлаусыз деп, дыбыс жүйесі жағынан екі түрге: түбірмен үндесіп, үндестік заңына бағынбайтын жұрнақтар деп бөледі. Нақты мысалдар келтіреді. Қазақша түбір сөзге жұрнақ жалғап жаңа сөз шығарғанда - тұрлаулы жұрнақтарды пайдаланған жөн дейді. Үндестік заңына бағынбайтын жұрнақтар қазақ тіліне сіңіп кеткен жат жұрнақтар; олармен мәнілес түбірмен үндесіп жалғанатын қазақтың өз жұрнағы бар. Жаңа сөзді, түбірге жат жұрнақ жалғап шығарғаннан өз жұрнағымызбен шығарған артық. Пән сөзді өзі тіліміздің таба алмаған күнде, иаурыпа қолданған латынша пән сөздерін алуға болады. Бірақ ондай жат сөздерді алғанда, - оны тіліміздің заңына келтіріп өзгертіп алу керек. Өйткені, жат сөздің асыл түрін бұзбай алсақ: Ондай сөзге қазақтың тілі келмейтұғын болады; Жаңа

қазақ тілінің заңына келмеген сөзді, оған қазақша жұрнақ, жалғаулар жалғап өзгеруге де болмайды. Ондай сөз қазақ тіліне қазақтың өз сөзіндей болып сіңісе де алмайды, – бір түрлі ерсі сөз болып қалады деп жазды [3, 96-97]. Сөйтіп, барып Елдес Омарұлы жат сөздің қазақтың өз сөзі сияқты сіңіп кетуінің 9 түрлі принциптерін көрсетті. Қысқаша айтып өттетін болсақ:

1. Қазақ тіліне кіргізген жат сөздердің бәрін де сол заңға келтіріп алу керек, - сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрін де бірыңғай жіңішкертіп, я бәрін де жуандатып алу керек;
2. Бас буыннан басқа буындарында жұмсақ «ә»-сі бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, «ә»-ні өзгертіп я «е», я жуан «а» алу керек («адабыиат» - «әдебиет»). «Кәміилә» барыс септігі жалғанғанда «Кәміиләге» емес, «Кәміилаға» болады;
3. Бас буыннан басқа буындарда «о», «ұ»-сы бар жат сөздерді кіргізгенде «о», «ұ» - ларды басқа бір дауысты дыбыстарға айналдырып алу керек (покров-боқырау);
4. Я болмаса сөз аяғындағы «ғ», «г», «д» - ларды мүлде жоғалтып жіберу керек (Оренбург-Орынбор);
5. Үздіксіздік заңына келмейтін жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, өзгертіп үздіксіз қылып алу керек (мәсле-мәселе, мұмін - момын);
6. Екпіні соңғы буыннан басқа буындарында болған жат сөздерді қазақшаландыруында тілін соңғы буынға келтіріп алу керек (Смара - Смар, Пуховыий-Бокебай);
7. Қазақша сөзде бір дыбыс қосарланып келмейді. Сондықтан дыбысы қосарланған жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде қатарынан екі қайтара айтылатын дыбыстың біреуін я мүлде жоғалтып жіберу керек, я болмаса орнына басқа бір дыбыс кіргізіп алу керек;
8. Тілінде жат дыбыстары бар жат сөздерді пән сөз қылып алғанда, оның жат дыбыстарын шығарып тастап орнына қазақша дыбыс кіргізіп алу керек;
9. Қазақ тіліне кірген жат сөздер түбір сөз есебінде алынып, қазақ тілінің заңдарынша өзгеретін болу керек. Жат сөздерді жат жұрағымен алуға болмайтынын, жұрнағымен кірген сөз болса, оның сол жұрнақты түрін түбірге балап алу керектігін айтқан.

Жарыс сөзде Нәзір Төреқұлы пән сөздерін қазақ тіліне алғанды теріс көрмейді. Пән сөздерді қазақ тілінен алу үшін, - оның осы «сөз жүйесі» сықылды мағына жағынан да қолайсыз, айтқанда құлаққа ерсі естіліп тұратын сөздерді пән сөз қылып алудың жөні жоқ: Қазақ тілінен лайық сөз табылмайтын болғанда, пән сөзді асыл түбірінен алу керек. Жана: Барлық қалықтардың бәріне ортақ, «Ыинтернатсионал», «домокыратиа» сықылды пән сөздерді өзгертпей, жалпы иаурыпаның айтып отырған түрінде алу керек. «Абтомобил», «телеграп» сықылды текінике сөздерін де сол жалпы иаурыпаның қолданған түрінде алу керек. Ондай сөздерді қазақшаға аударып иаурыпадан алыстатудың пайдасы болмайды. Нәзір сөзінің соңында ұмытылып кеткен ескі сөздерге қызығудың, қазақтың өз тілінде жоқ басқа түріктердің сөзіне де қызығудың қажеттігі жоқтығын, қазақтың ескі сөзінен, түріктердің қазаққа түсініксіз

сөзінен иаурыпаның сөзін алған артық дейді [3, 101]. Әрине, бұл - арада қазақтың ескіліктерін (лексикасын), түркі тілдес халықтардың сөздерін алмау керек дегендік емес, ескі пән сөздері ретінде, пән сөзге қатысты кейбір көне сөздерді алмайық деп айтып отырғанын аңғару қиын емес. Нәзір Төреқұлов заманның ағысына, ыңғайына байланысты айтқанын аңғарамыз. Ескі сөз дегенде, Сұлтанмахмұттың да заманның ығына қарай күйінгеннен «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайында» - айтқаны, осындайда еске түседі екен. Қайта бұрынғыларымыз «хикаят» болса да тілі қазақша, рухы қазақ рухына қарай бейім келгендіктен өзін сүйіндіруші еді - тілдің бұзылғанына, қайда қазақ тілі? Құр «қатын ойбай» – деп жаны күйінді [4, 202].

Манан Тұрғанбайұлы баяндаманың толық еместігіне көңіл бөлді. Ол Елдостан пән сөздерін қайдан аламыз, не түрлі етіп аламыз, жат сөздерді алғанда кімнен аламыз, тіл іздегенде кімнен іздейміз, жат сөзді алғанда қалайша етіп аламыз? - деген сұрақтарға жауап күтіп едік. Елдостың айтқаны бұрыннан баспасөзде жазылып жүрген, Түркістанда дау болған мәселелер. Баяндама толық емес, қайта толықтырып жасауын сұрау керек деп, мынандай жоба ұсынған. Пән сөзін әуелі қазақтың өз тілінен іздеу керек. Одан табылмаған күнде басқа түрік қауымға кіріп кеткен сөздерден іздеу керек. Қазақтың өз тілінен да басқа түріктерден де табылмаған сөзді ғылымның шыққан елінен алуымыз керек - дейді [3, 101-102].

Қалел Досмағамбетұлы өзінің сөзінде: Елдос жат сөздерді асылын өзгертпей алу керек дегені қате. Біз тілімізге жат сөз кіргізгенде, оның түбірін ғана кіргізуіміз керек, жаңа түбірі қазақ тілінің заңдылығына келтіріп, өзгертіп алуымыз қажет дейді. Жат тілдің жұрнақтарын алмай, жат тілінің түбіріне, қазақ тілінің жұрнақтарын жалғап сөз жасау керектігін айтады. Әр пәннің мамандарынан сайланған кемесіиелер болу керек деген ұсыныс енгізеді. Қалел Досмағамбетұлы өзі де «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» - туралы жазған болатын. Бұған сәл кейінірек тоқталамыз.

Ишанғали Арабайұлы Пән сөзін қазақ тілінен, онан табылмаса жалпы түрік тілінен алуды қолдайды. Қазақ тілінде «лұғат» кітабын, біздің ұғымда «сөздік» шығару керектігін айтты. Соңынан Манан Тұрғанбайұлы баяндама толық емес, жаңадан баяндама жасасын десе, Ишанғали баяндама толық жасалды, Манан қанағаттанбаса оны Елдос қорытынды сөзінде айтуы мүмкін дейді.

Қорытынды сөзінде Елдос Омарұлы Мананның сұрақтарына жауап беріп, қазақ тіліне жаңа сөздер кіргізгенде, ең әуелі ол жаңа сөздің қазаққа жат болмау, бұқараның тіліне ауыр болмау, құлағына ерсі болмау жағынан қарастыру керек. Түрік халықтарының бәріне ортақ жалпы түрік сөзі болмаса, түрік халқының кез келген біреуінде ғана бар сөзді алудың қисыны жоқ. Барлық халықтарға ортақ сөзді «жат сөзді» алған дұрыс, бірақ та қазақ тілінің заңдылығына келтіріп, қазақтың өз сөздеріне ұқсатып алу керектігіне тоқталды. Сіиез мынандай қаулы қабылдады:

1. Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынсын. Қазақ тіліне кірген жат сөздер түбір сөз есебінде алынып, қазақ тілінің заңдарынша өзгеретін болу керек. Жат сөздерді жат жұрнағымен алуға болмайтынын, жұрнағымен кірген

сөз болса, оның сол жұрнақты түрін түбірге балап алу керектігін айтқан. Негізінен жоғарыда айтылған соңғы 9 - шы ұсыныс түгелімен қабылданды.

2. Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түрік халықтарынан ізделсін, жалпы түрік сөзі жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздерді жатырқамай алу керектігін;

3. Еуропа халықтарына сіңіп кеткен жалпы ортақ пән сөздер, қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп пән сөз ретінде алынып, жат сөзге мағынасы дәл келетін қазақтың сөзімен, еуропа тілінен енген сөз екеуі қатар қолданылып, қай қолайлысы алынуы керек;

4. Қазақтың тілінен басқа тілден енген пән сөздер қазақ тілінің заңдылығына байланысты алынуы керек деп, өзі талқылаған заңдылықтарға сүйенеді;

5. Қазақ тіліне қабылдаған пән сөздерді әр пән мамандары тексеріп, әр пәннің өзі дербес комиссияда қаралуы керек;

6. Қазақша сөздер әлібби ретімен тізіліп, лұғат кітабы етіп шығару керек деген.

Қаулыға қосымша Әлихан Бөкейханұлының қағаз бетіне кісінің аты-жөнін жазғанда, орысшаға еліктеп, әкесінің атына «оп» деп қосып жазу қалсын - деген ұсынысын қабылдап, кісінің аты-жөнін жазғанда, оның өз аты ғана жазылып, үкімет орындарының қағазында, кісінің өз атын аттас кісілердің атымен шатастырып алмау үшін, әуелі әкесінің аты жазылып, оған «ұлы» деген сөз қосылып, сонан соң өз аты жазылатын болсын - делінген. Күндізгі мәжіліс осымен жабылады [3, 105-106].

Қалел Досмағамбетұлы сөз жасайтын жұрнақтың екі түрін: шын жұрнақ, шала жұрнақ деп бөліп, Шын жұрнақты сөзге қосып жазу керек, ал шала жұрнақты түбір сөзге жалғаспай сызықшамен жазу керектігін айтады. Қалел Ауропа сөздері соңғы заманда әдебиет тілімізге жапа-тармағай кіріп жатыр. Сондықтан бұлар туралы да біраз ғана сөз айтпақшымыз. Сондықтан Ауропа сөздерін орыстың айтуынша қолданып жүрміз. Бұл дұрыс емес. Ауропа сөздерін ала алсақ, біздің білуімізше мынандай жолмен алу керек. Қысқартып беретін боламыз.

1) Ауропа сөздерін алғанда, сөзді қазақ-қырғыз тілінің заңымен өзгертіп, сіңуге қолайлап алу керек. Ауропа тілінен бізге әсері көп тиетін тіл орыс тілі, орыс сөздері ықтиярсыз қолдануға керек болатын дәуірде тұрмыз. Сондықтан орыс сөздерін қолданғанда өте сақтық керек;

2) Күнбатыс Ауропа сөздерін алғанда түбін тексеріп, шамадан келгенше сөзді түпкі иесінің сөйлеуіне жақындатып алу керек т.б.

3) Роман, герман сөздері жалпы айтқанда жуан айтудан гөрі жіңішке айтуды сүйеді. «Л» деген дыбыс бүтілдері де өнемейін жіңішке айтылады. Сондықтан ішінде «л» дыбысы бар Ауроап сөздерін жіңішкертіп айтқан сөздің түбіне жақын, қолайлырақ болады т.б.

4) Франсоз тілінде сөздің басуы (ударение) соңғы буынның ішіндегі дауысты дыбыстарда болады. Қазақ-қырғыз тілінде де осындай қасиет бар. Сондықтан Ауропа сөздерін өзгерткенде франсоз тілін үлгіге алсақ көп

жеңілдік көреміз. Мәселен, латынша механійкус деген сөз орысша механический, фрасозша механик болады. Бұл сөзді қазақша механік деп алуға болады;

5) Ауропа сөзін алғанда түбірін сингармонизмге көндіріп алған соң, жалғаулардың да бәрін сингармонизм заңымен жалғау керек. Алған түбірден туынды сөздерді өз тіліміздің заңымен тудыру керек дейді [5, 94-96].

1924 жылы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш сіиезінің «Жат сөз қазақтың өз сөзіне ұсап қазақ тіліне сіңіп кететұн болуы үшін, - оны қазақ тілінің мынандай заңдарына келтіріп алу керек» - деген 9 принциптерінің 4-уін А. Байтұрсынұлы 1926 жылы Бакуде өткен Бірінші Түрікшілер құрылтайында жасаған баяндамасында орысша жалпы келтіріп, атап өткен. Және терминология саласындағы толғандырып жүрген мәселелер туралы кеңінен шолу жасаған. Термин алуда әсер ететін факторлардың бірі - елдердің рухани мәдениеті, қарым-қатынасы екендігін сөз етеді [6, 417-425].

1924 жылғы съезде Міржақып Дулатұлы сөз сөйледі. Онда ол - «Қазақ жұрты өнерлі, мәдениетті болуына біз қарсы емеспіз. Жаңалыққа да, өзгеріске де қарсы емеспіз. Бірақ өзгерістің де өзгерісі бар. Күндердің күнінде латын әрпін қоладнатын болармыз. Латын түгіл, жұрт біткеннің бәрі шапшаң жазуға (стенография) түсуіне де сенемін» - деген еді [7, 323].

Еліміз Латын әлібиіне негізделген «Қазақ әліпбиіне» ауысқалы жатқанда Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде баяндама жасаған Нәзір Төреқұлұлының баяндамасы бүгінгі күні де өзінің өзектілігін, маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Нәзір Төреқұлұлы Жаңа нәрсені халық жатырқайды екен деп тоқталудың да жөні жоқ. От арба мен от кеменің шығуына да қара халық бір кезде қарсы болған, бірақ осы кезде соларға өздері мініп жүр, осы кезде Ташкент пен Орынбор арасында отарбаға мінбей түйеге мініп келіп жүрген адам жоқ. Мәдениеттің жаңалығы, бет алысы халықтың пікіріне қарап жолынан тоқталмайды. Бұрын жұдырықтасып төбелесетұн жұрт қазір аспанда ұшып жүріп кимиенің ғазымен соғысатұн болды. Мен: латын жазуы күні бүгін алынбағанда да немістерше қабылдауымыз керек деймін. Немістер латын әрпін өз әліпбиіне бірте-бірте кіргізген, тым болмаса, біз де соны істелік сөйтіп бара-бара біраз жылдардан кейін латын әліпбиін қолданып кететін боларлық, бұл қиын емес. ...Латын жазуы бізге әрі жеңіл, әрі арзанға түседі; оңай нәрседен пайдалы нәрседен, арзанға түсетін нәрседен қашпау керек, мәдениет жолында бір адым да болса ілгері басатын жаққа ұмтылу керек- дейді [3, 82-85].

Жарыс сөзде сөйлеген Міржақып латын мәселесін көтеру әлі ерте екенін, түрік әріптерін жеңілдетіп қолдана берейік десе, Елдес қазіргі түрік әліпбиін қолдана беруге, Қазанғапұлы Қанаш латын әріпін жақтайды, Қалел латын әліпбиіне қарсы бола тұра латын әліпбиінің жобасын жасағандығын айтады. Манан Тұрғанбайұлы әзірбайжандар латын әрпін жүзеге асыра алмай қайтадан түрік әліпбиіне түсіп отырғанын, Ишанғали Арабайұлы мен Ерғали Алданғарұлы да латын мәселесін қолдаған.

Съезде тіл білімінің реформаторы Ахмет Байтұрсынұлы араб әліпбиі (түркі әліпбиі) деп алып отыр. Баяндамасында «Түрік әліббиінің түбі арабтан

шықанымен, түрік тіліне икемделіп, өзгеріс кіріп, таза күйінде тұрмағандықтан, мен оны араб әліббиі демей түрік әліббиі деймін» – деген.

Қазақ-қырғыз білімпаздарының съезінде Ахмет Байтұрсынұлының жобасы қабылданды. Ал латын әліббиін алу деген сөзді орынсыз деп таныды. Съезд басталғанда Әлихан Бөкейханов жазу ережелерінің жалпы жобасы жайында таныстыруға Николай Иванович Бутковскиге берген болатын, ол орыс тілі жайында айтып өтіп, сөз арасында латын әліббиін алу керектігіне баса назар аударды. Жалпы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әлібиінің күні-бүгінге дейін қолданылып жүрген ережесін жасады. Дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп бөліп, араб әліббиіне лайықтап, зерттеп шықты. Қай әріпті алу керек, қай әріпті алмау керектігін де айтып кеткен. Қазақ тілінің заңдылығын араб әліббиіне заңдастырып, үйлестіріп әріп тауып, жоқ әріптерді дәйекше, ноқаттар арқылы жасады, емілесін қайыра жаңадан жасап шықты. Сондықтан да біз латын әліббиіне көшсек те қазақтың тілдік дыбыстық жүйесін, үндестік заңын А. Байтұрсынұлы жазып кеткендей бұзбай сақталуы керек деп ойлаймыз. «Латын әліббиінің» үлгісін қабылдаған да Ахмет Байтұрсынұлының тәжірибесін ескеру қажет, және де латын әріптеріне негізделген қазақ тіліндегі оқулықтар жазғанда Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін оқып, пайдалану қажет.

1926 жылы 26 ақпан мен 6 наурыз айында Баку қаласында Бүкілодақтық түркітанушылардың бірінші съезі өтті. Съезге Қалмақтар, қиыр күн шығыстағы Жақыт, анатол Түрік елінен, Неміс, Мажар профессорлары қатысып сөз сөйледі. Құрылтай қарауына 14 мәселе ұсынылды. 8-9 баяндама жасалды. Құрылтайдың негізгі көздегені латын әліббиіне негізделген латын әрпіне көшу мәселесі болды. Съезге атақты түркологтар Бартольд, Самойлович, Малов, Щерба т.б. қатысып кейбірі баяндама жасады. Түрік мәдениетінен баяндама жасап, сөз сөйлегендер Ольденбург, Крымский, Меньсел, Майсереш, Баруздин, Убайдуллин Әзиз, Шобан-зада, Кинко, Ибрайымұлы Әлжан, Аға-зада т.б. Түрік әліббиі туралы баяндаманы Мамед-заде, Шарапұлы Әлімжан, Алпарұлы, Төреқұлұлы, Бердіұлы, Омарұлы, пән сөздерінің жүйесі туралы Шобан-заде, Зиенат, Түрік тілі пән сөздері туралы Зайналы, Одабаш, Байтұрсынұлы жасады. Латын қарпын қолдаушы 7 баяндаманың екеуін ілім пәтуасы түрінде екі профессор жасады. Яковлев деген профессор латын қарпын не үшін қолдайтынын айтты. Арабпен латын қарпын салыстырып сөйлеген Шарапұлы Әлімжан болды. Латынға қарсы баяндама біреу-ақ болды. Тоқ етері латын әліббиінің артықшылығына құрылтайдың көзі жетті [8, 411-416]. Бұл - съезд латын қарпына көшудің бастамасы іспетті болды. Қазақ өкіметінің «Қазақ жаңа емлесі туралы декреті» (латын) тек 1929 жылы ғана жарияланды.

Қорыта келгенде. Қазақ, ағылшын, орыс тілді және компьютер тілін білетін лингвист мамандарды тартып, жобасын ұсынған мықты тілшілерге баяндама жасату қажет. Олардың жасаған баяндамасы қазақ тілі заңдылығанан қаншалықты алшақ кетпеді, біздің көзімізді жеткізуі керек. Бұл арада әрине, латын әріптерін алғанда, компьютердің ішкі мүмкіншілігін ескеру керек сияқты. Қазақстан республикасы білімпаздарының съезін өткізіп, «латын әліббиінің» қазақша нұсқасының қай нұсқасы тиімді екендігін баяндамашылар

тілдік заңдылығын Ахмет Байтұрсынша, Нәзір Төреғұлша т.б. алашшыл зиялылардың талдауындай талдап, дыбыс ерекшеліктерін, жүйесін зерттеп, сингармонизм заңдылығына сүйеніп, дыбысқа әріп таңдағанда қазақ тілінің барлық заңдылықтарын ескеріп, нақты мысалдармен дәлелдеп шығулары керек. Қысқасы қазақтың дыбыстарын қабылданатын латын әліббиінің үлгісіне, қалпына салып тексеру қажет. Одан кейін отандық лингвистерден, түркологтардан құралған комиссия жасалған баяндамаларды қабылдап, тілдік тұрғыда сипаттама жасап, қайыра бір зерттеп, қазақ дыбыстарына таңдап алған латын әріптері дәл келе ме? келмей ме? - тағы да бір тілдік талдау жасап әріптерді қабылдаудың тілдік негіздемесін жасап, қаулы қабылдап, одан кейін барып нақты бір жобаны Елбасының бекітуіне ұсыну керек сияқты. Жалпы, Екі әліббиді «араб» және «латын» талдаған қазақ білімпаздарының тұңғыш сіиезінің үлгісі, жобасын негізге алған да артық етпейді деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ш.Құрманбайұлы. Терминтанушы құралы (сөздік оқулық). «Ер-Дәулет» – Астана-2007. -11 б.
2. Е.Әбдірәсілов. Қазақ терминографиясының жүйесі.– Астана, 2005. - 141 б.
3. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сіиезі. Қырғыз мемлекеттік баспасы. - Орынбор, 1925. -96-97, 101, 101-102, 105-106, 82-85 б.
4. С. Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Екінші кітап. – Алматы, «Жазушы», 1987. -202 б.
5. Халел Досмұхаметұлы. Аламан. – Алматы:Ана тілі, 1991.– 94-96 б.
6. Ахмет Байтұрсынов. Тіл тағылымы. – Алматы:Ана тілі, 1992. - 417-425 б.
7. Міржақып Дулатов. Шығармалары,– Алматы:Жазушы, 1991.– 323 б.
8. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы:Ана тілі, 1992.– 411-416

Тілеулиева М.Қ.
магистрант
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ- АНТРОПОЛИНГВИСТИКАНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Адамзат баласының ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік төл мәдениетімен ұштасып, ұлт болмысының тікелей көрінісі болып табылатын қымбат дүниесі - оның тілі. Тіл – мәдениеттің өмір сүру формасы болса, мәдениет - оның ішкі мазмұны. Сол себепті, тіл мен мәдениетті бір-бірінен бөліп қарауға болмайды.Тіл қоғамдық үдеріс болғандықтан, антропонимия саласындағы

сөздер де қоғамның өсу, дамуымен байланысты өзгеріп, мағыналық тұрғыдан жаңарып отырады. Антропонимдердің құрамында көне дәуірден келе жатқан ескі атаулармен бірге жаңа кезеңде пайда болғандары да басым болып келеді. Антропонимдер бойында жеке сөздер тарихы ғана емес, халық тарихы, халық этнографиясының қат-қабат іздері, ұлттық мәдениет жатыр. Тілдің ішкі жүйелік талдауынан антропоцентристік талдауға көшу XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы тіл білімінің есте қаларлықтай ерекшеліктерінің бірі болып табылады, өйткені тілдік құбылыстарды зерттеуде лингвистика тек қана тілдік, атап айтқанда, адамдардың бір-бірімен пікір алысып өзара түсінісуі, дыбыстық, сөз құрамы және грамматикалық тәсіл жүйесімен шектеліп қала алмайды. Қазіргі лингвистикалық зерттеулер объективтік шындықты идеалды түрде бейнелеудің адамға тән ең жоғарғы формасы оның ақыл-ойы, санасы, ойлауы, рухани ішкі дүниесі және мәдениетімен тығыз байланыста зерттеуге бағытталады. Осыған орай, әрбір атаудың мән-мағынасында халқымыздың тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, ырымы, наным-сенімі жатқандығын көреміз. Мұның өзі қазақ халқының «ғаламның тілдік бейнесін» жасаудағы танымдық ой-пікірін, дүниеге көзқарасын, болмыс-бітімін танытады. Тілдің таңбалық сипаты таңба, белгі ұғымдарын нақтылау арқылы ашылады. Сонымен, тіл арқылы жүзеге асатын аударма мәселесінің лингвомәдениеттанулық тұрғыдан қарастырылуының орындылығы танылады.

Тіл білімі мен оның салалары бірнеше ғасырдан бері құрылымдық тіл білімінің негізінде қарастырылып келді, яғни таза тілдік, тілдің өз ішіндегі қызметтері аясында ғана зерттелінді. Алайда, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басынан бастап, зерттеуші ғалымдар тілдік құбылыстарды адамның танымы арқылы, ұрпақтан ұрпаққа сақталып келе жатқан ұлттық таным ақпараты арқылы санада қалыптасқан ұғымдардың мән-мазмұнын, қызметін анықтауға арналған, сол ұғымды тану және таныту барысындағы субъектінің психикалық және когнициялық қабілеттеріне сүйенетін зерттеулер жүргізіп, соған сәйкес әдіс-тәсілдерді қолдана бастады. Осы ғылыми тұжырымдарды дәлелдеу үшін адамның тікелей танымдық ойлау қабілетімен байланыстыра қарастыратын антропоцентристік бағыт аясындағы салалар – этнолингвистика, психолингвистика, когнитивтік лингвистика және лингвомәдениеттану салалары дүниеге келді. Қазіргі таңда қазақ тіл білімінің мәселелері осы бағыттардың негізінде зерттеліп, қазақ тілінің құрылымдық қызметінен басқа танымдық қызметтерінің шеңбері кеңейе түсті. Антропоцентристік парадигмадағы лингвистиканың алға қойған мақсаты тілдік субъектінің дүниетаным ерекшеліктерінің семиотикалық жүйе ретінде тілдің барлық деңгейлерінде көрініс беруін зерттеп, анықтау болып табылады. Бұл бағыттар жалпы тіл біліміне үлкен өзгерістер әкелді: тіл біліміндегі басты құндылықтар ауысып, зерттеу шеңбері кеңейе түсті. Адамның әлеуметтік әрекеті мен ойлау әрекеті, олардың арасындағы байланыс туралы терең зерттеулер жүргізіле бастады.

Адамзат үшін ақиқат дүние біреу болса, оны түсіну, тану, сол дүниенің біртұтас бейнесін санада қалыптастыру әрекеттері әр адамда, әр ұлтта әр

деңгейде сан алуан интерпретацияда беріледі. Сондықтан, тіл иесінің ой-өрісіне, концептілік әлеміне байланысты дүниенің танымдық бөлшектері тілде өзінше көрініс табады, өзінше бейнелеп суреттейді, ал тіл иесі танымдық ойын өз тілінде сақталған дүние бейнесіне сәйкес танытуға тырысады. Тілдегі ұлттың мәдени көрінісін анықтауда тиімді тәсілдердің бірі типологиясы әртүрлі тілдердегі (қазақ, орыс, ағылшын) дүниенің ақиқат бейнесін бейнелеудегі ұқсастықтар мен ерекшеліктерді айқындау болып саналады. Бұл салыстырулардың терең танымдық құрылым деңгейі кең тілдік білім аясында жүргізілуі «тіл мен таным», «тіл мен мәдениет» сабақтастығын айқындауда және оның қазіргі заманға сай өзгеріп, дамуының үрдісін тануда маңызы ерекше.

ХХғасырдың соңғы он жылдығында тіл білімінде антропоцентристік бағытта қалыптасқан лингвомәдениеттану мен когнитивті лингвистика салалары дүниеге келгендігін жоғарыда айтып өттік. Осы бағытқа тереңірек үңіліп қарастырсақ, негізінен, антропоцентристік бағыт тұрғысынанадам дүниені өзін-өзі тану арқылы біледі.Тілдің антропоцентристік құрылымы антропологиялық негізде тілдің өзін ішінара зерттемейді, мұнда тіл адамның рухани бір бөлігі іспеттес қарастырылады. Олай болса, адамның адамдық қасиетін танытатын да, оның өмірінің барлық саласын қамтитын, заттық, рухани мәдениетін келер ұрпаққа жеткізетін детіл болмақ. Бұл бағыт халықтың мәдени, экономикалық байланыстарының дамуы арқасында тіл, мәдениет және жеке тұлға мәселелеріне барған сайын өзектілік сипатала бастады. Бұл саланың негізгі мақсаты– бұрынғы ата-бабаларымыздың қалдырған дүниесінің кейінгі ұрпақ тілінде қаншалықты дәрежеде көрініс тапқанын айқындау.

Лингвомәдениеттану-лингвистика мен мәдениеттану пәндерінің тоғысуында пайда болып, халық мәдениетінің тілдегі әсерін, ерекшелігін, жаңаша көзқараспен салыстыра зерттейтін сала. Осы орайда атаулы бағыттың орыс тіл біліміндегі негізін қалаушы ғалым В.Н.Телия: «Лингвомәдениеттану - тілдің корреспонденциясы мен мәдениеттің өзара қатынасының синхронды түрін зерттейтін және сипаттайтын этнолигвистиканың бір бөлшегі»,- деп көрсетеді[1, 217]

Тіл білімінде тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мәселесін алғаш рет ғылыми теориялық деңгейде В.Гумбольдт зерттеді.Оның материалды және рухани мәдениеттің ұлттық сипатының тілде көрініс табатыны, тілдік белгіге ішкі форманың тән екендігі және тілдің адам мен қоршаған орта арасын байланыстыратын дәнекерші қызметі туралы басты ғылыми негіздемелері мен ұстанымдары және «Тіл –халық рухы, халық рухы тіл арқылы көрініс табады» деген тұжырымы – жаңа ғылыми жолдың концепциясының алғашқы нышаны. [2, 83] Қазіргі тіл білімінің даму бағыты қоғамдық-экономикалық қатынастар жүйесіндегі жаһандану үдерісіне төтеп берудің негізінде ұлттық тілдің табиғаты мен асыл қазынасын сақтау үшін, тілдік бірліктерді тіл мен таным тұтастығы, тіл мен мәдениет сабақтастығы, лингвофилософиялық құндылықтар жүйесінен зерделеуді қажет етіп отыр. Осы тұрғыдан қарағанда, лингвомәдениеттанудың алар орны ерекше екендігін атап өту керек.

Лингвомәдениеттану нысаны – тіл мен мәдениеттің өзара әсері мен арақатынасы, тілдегі рухани және материалдық құндылықтардың көрінісі. Тілді мәдениеттің негізгі бір категориясы ретінде танып, қазақ лексикасындағы заттық мәдениет атауының сипатын сөз еткен ғалым Ж.Манкеева:"Мәдениетті тілден бөліп алып қарамаймыз. Тіл -мәдениеттің бір көрінісі. Ол екеуінің арақатынасы ерекше де маңызды. Кез келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, кумулятивтік қызмет арқылы көрінетіні, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілетіні белгілі",- деп көрсетеді. [3,12]

Лингвистикалық мәдениеттанудың ең негізгі мақсаты – ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін, тіл фактілерімен халықтың танымдық этикалық, эстетикалық категориялары арқылы рухани мәдениетін танытып, олардың қызметі мен орнын анықтау деп түйіндеуге болады. В.Маслованың: «Лингвомәдениеттану– лингвистика мен мәдениеттану түйісуінен пайда болған тілде бейнеленген және бекіген халық мәдениетінің көріністерін зерттейтін ғылым»,- деуі мәдениетті тілмен байланыстыра зерттеудің маңыздылығын аша түседі. Ғалым лингвомәдениеттану ғылымының зерттеу нысанын, қалыптасу кезеңдерін, әдістемелік, лингвомәдени бірліктердің түрлерін арнайы зерттей отырып, динамикалық даму кезеңдерін төмендегідей белгілейді:

1.Тіл мен мәдениеттің арақатынасы, астарластығын бағамдайтын лингвомәдени көзқарастардың, лингвомәдениеттанымдық ізденістердің бастау алу кезеңі;

2.Лингвомәдениеттанудың жеке сала ретінде қалыптасу кезеңі;

3.Зерттеу нысаны, ғылыми ұстанымдары мен межелері, теориялық тұжырымдары нақтыланған лингвомәдениеттану ғылымының пайда болу кезеңі [4,28].

Бүгінгі қазақ тіл білімінде лингвомәдениеттану ғылымы пән ретінде жаңа қадам басып жатқанымен, ұлттық мәдениет пен болмыстық ерекшеліктерді танытуда, соңғы жылдарда лингвомәдениеттану пәніне қатысты біраз зерттеулер қолға алынды. «Тіл-ұлт-мәдениет» дейтін үштік-лингвомәдениеттану пәнінің зерттеу нысаны. Қазақ тіл біліміндегі лингвомәдениеттану пәні басқа халықтардың өмірінен де мәдени ақпарат береді. Бір ұлттың көршілес ұлтпен туыстығын немесе дәстүр ұқсастығын салыстыруды да мақсат етеді. Сол себепті лингвомәдениеттану өзінің зерттеу базасының кеңдігімен тіл білімінің басқа бағыттарынан ерекшеленеді. Ұлт мәдениетінің бір біріне ұқсамайтын өзгешілігін А.А.Леонтьев былай түсіндіреді:«Әрбір халықтың әлемді тануы мен әлемді қабылдауы негізінде өз мағыналары, әлеуметтік стереотүрлері, когнитивтік сызбалар жүйелері жатыр. Сондықтан да адам саналы этникалық жағынан шартты, бір халықтың әлемге көзқарасын жәй ғана «қайта белгілер арқылы ауыстырумен» басқа халықтың мәдениет тіліне аударуға болмайды» [5,55б.] Сонымен, лингвомәдениеттану - тіл мен мәдениеттану мәселелерінің ұштасуынан қалыптасқан, тіл арқылы көрініс беретін мәдени құндылықтарды, олардың қолданылу жүйесін зерттейтін, өзіндік мақсат-мүддесімен, әдіс-тәсілдерімен ерекшеленетін тіл білімінің үлкен саласы. Ол ұлттық тіл мен ұлттық мәдениеттің бір-біріне

ықпалы, адам дүниені қалай көреді, мәдениеттегі тілдік бейненің рөлі, ғасырдан-ғасырға жетіп, ұлт тілінде сақталған халық қазынасы фразеологизмдердің, нақыл сөздер, мақал-мәтелдердің рөлі қандай, олардың адам баласына қажеттілігі неде деген сияқты мәселелерді қарастырады.[6,22] Екі саланың тоғысуынан пайда болғандықтан, халықтың мәдени қазынасын, олардың қолданылу жүйесін зерттейтін тіл білімінің саласы ретінде зерделенеді. Оны зерттеуді көп қажет ететін жас ғылым саласына жатқызамыз.Мәдениеттің ұрпақтан-ұрпаққа тілсіз жетуі мүмкін емес. Демек, мәдениеттің қай түрін алсақ та, оның түрі мен мазмұны тек тіл арқылы ғасырдан-ғасырға сақталып, беріліп отырған. Ендеше, тіл арқылы мәдениеттану–ұлттың, халықтың кешегісі мен бүгінгісін тану деп айтуымызға әбден болады.Қорытындылай келе, лингвомәдениеттану – тіл мен мәдениеттің өзара байланысының тілдегі бейнесін сипаттайды. Лингвомәдениеттану тіл мен мәдениет туралы ғылыми-мәдени ой қозғалысының жаңа зерттеу парадигмасы болғандықтан, бұл сала зерттеу идеяларының қатарын кеңейтіп қана қоймай, сонымен бірге оның мүмкіндіктерін жан-жақты танытуға мүмкіндік беріп, қандай да болмасын ұлт мәдениетінің тілдегі көрінісін тереңінен зерттейді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Телия В.Н. Метафоризация и ее роль в создании языковой картины мира // Роль человеческого фактора в языке. Язык и картина мира. – М.: Наука, 1988 г.

2. В.В.Гумбольдт Язык и философия культуры. – Москва, 1985 г.

3. Ж.А.Манкеева Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы. Док.дисс. автореф. 1997 г.

4. В.А.Маслова Лингвокультурология. – М.: Academia, 2001 г.

5. А.А.Леонтьев Взаимодействие культуры и языков. Языковое сонание и образ мира // Язык и сознание: парадоксальная рациональность. – М., 1993г.

6. Әмірбекова А. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа бағыттар. – Алматы, 2011 ж.

Халелова Р.Т.
магистрант
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

ӨСІМДІК ДҮНИЕСІ ҰЛТ ТАНЫМЫНДА

Табиғатпен етене араласып ғұмыр кешкен біздің халқымыз үшін оның әрбір бөлшегі қымбат болып табылады. Соның ішінде өсімдік дүниесінің алар орны ерекше. Бабаларымыз өсімдіктің қай мезгілде, қай жерде өсетіндігінен бастап, оның өзіне тән қадір-қасиетіне дейін хабардар болып, оларды өз қажетіне жарата білген.

Фитонимдер халқымыздың қарапайым тұрмысымен қатар салт-дәстүрінде, мифологиясында, діни танымында да ерекше орын алған. Мұндай фитонимдердің бірі – бәйтерек.

«Өсімдік» концептісінің көп қабатты бір деңгейі – мифологиялық (мифтік) деңгейі немесе қабаты. Осы деңгейде, қабатта екі мифофитоним бар – *Бәйтерек* және *Шоқтерек»,*– дей келе,– «қазақ халқындағы әлемдік ағаш – Бәйтерек. Мифтік таным бойынша Бәйтерек ерекше қасиетке, символдық мәнге ие. Оны байырғы кездегі қазақтың жоқтау, естірту өлеңдерінде асқар тауым құлады, бәйтерегім сұлады, терек түптен жығылды деген образды тіркестерімен түсіндіруге болады [1,184]»,– дейді ғалым Б.Тілеубердиев.

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлер жүйесі» атты энциклопедияда былай делінеді: «Бәйтерек – ежелгі таным бойынша тылсым қасиетке ие алып ағаш. Бәйтерек байырғы орта түсінігінде жердің дәл кіндігінде өсетін, тамыры жерасты, діңі адам әлемі, басы рухтар мекені болып табылатын көк тіреген алып ағаш. Мұндай ағаш дәстүрлі қауымда мықан ағашы, мырзатерек, әулие ағаш, сетер тал делініп, пішіні мен мәніне қарай әртүрлі аталған. Бәйтерек ежелгі түркі сөзі, бәй «үлкен» деген сөз, «бай» сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі (бәйбіше, бәйшешек), үлкен, алғашқы деген ұғымдарды, ал терек (парсы тілінде – дарақ) «ағаш» деген ұғымды білдіреді. Демек, Бәйтерек екі сөздің бірігуінен жасалып, «зәулім ағаш» дегенді танытады» [2, 452].

Ол туралы мынадай миф бар:

Рух адамның тәнін өлерден қырық күн бұрын тастайды. Сөйтіп, құсқа (көгершінге) айналып, ұшып барып бәйтеректің жапырағында өз адамының есімі жазылған бұтаға қонады. Мұнда адамның аты жазылған қисапсыз жапырақтар көктеп-солып, алма-кезек ауысып тұрады. Жан адам өлгенде шыбын бейнесінде денеден шығып, үй ішінде ұшып жүреді. Тек қырық күннен кейін барып, үйді біржолата тастайды. Бәйтеректің діңгегі арқылы әлгі жан жерге түсіп, не жерге шығып жүреді де, мезгілі болғанда әйелдің құрсағына қонады, сөйтіп, жаңа өмір пайда болады. Жануарлар да, өсімдіктер де дәл осылай өмірге қайта келеді.

Жапырағына жан орналасқан осынау киелі терек туралы миф түркі халықтарына кең таралған. Қазақта басқаша бір нұсқасы тағы бар. Онда*«Жер мен көктің кіндігінде жападан жалғыз өскен киелі бәйтерек бар. Бұл теректің басы аспанмен, түп тамыры жер астымен жалғасқан. Ол көзге көрінбейтін киелі ағаш. Бұл бәйтеректе жайқалып өскен әрбір жапырақ жер жүзінде жасаған әрбір адамның өмір тіршілігінің нышаны, жер жүзінде тіршілік етіп отырған әрбір адам киелі теректің жапырағы жарылғанда өмірге келеді, жапырағы жайқалып өскенде өсіп, үлкейіп, кемеліне келеді, жапырағы мезгілсіз сарғайса, қайғы-қасіретке тап болады, жапырағы солса, қартаяды, жапырағы үзіліп, жерге түссе, қазаға ұшырайды*[2]*»– дейді.* Бұл сюжеттерде әлем ағашы, яғни ғаламның вегетативті моделі көрініс тапқан.

Аталған ғалымдардың пікірлерін саралай отырып У.Г.Әнесова пікірімен: «Сөйтіп, бәйтерек – киелі ағаш, жерасты әлемі мен рухтар мекенін адам

әлемімен байланыстырушы зәулім ағаш, мифологиялық образ. Ол мықтылық пен ескілік, киелілік символы болып отыр. Бұндай сипат бәйтеректің өзіне тән табиғи қасиеттерінің, табиғат факторларының нәтижесінде пайда болды деуге болады», – деп қорытынды шығаруға болады [3, 55].

С.А.Қасқабасов қазақ бақсыларының қолына ұстайтын асатаяғын осы космостық ағаштың, бәйтеректің кейінгі көрінісі деп тұжырым жасайды.

Сонда бәйтерек атауы қазақ ұғымында биіктігімен пана болған, аспан мен жерді, жер асты әлемін жалғастырған киелі ағаш есебінде қалыптасақандығын байқауға болады.

Қазақ рухани дүниетанымындағы келесі бір фитоним – Шоқтерек. Шоқтерекке қатысты Б.Тілеубердиев: «Жалғыз өсіп тұрған немесе үш-төрт, бес-алты шоқ болып өскен Шоқтерек қасиетті деп есептелген. Түркі халықтарында мұндай наным-сенім ежелгі заманнан келе жатыр. Қазақ халқы да жалғыз ағашқа табынған», – дейді де, Ш.Уәлихановтың мынандай сөзін келтіріп өтеді: «Жапанда өсіп тұратын жалғыз ағаш немесе бұта қадірленіп, оның басына қонады. Ағаштың маңынан өтіп бара жатып, адамдар оның бұтақтарына шүберек байлайды, ыдыс тастайды, тіпті құрбандыққа мал шалады, я болмаса аттың жалын түйіп тастайды» [1,187]. Ал «Қазақ этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлер жүйесі» энциклопедиясында жалғыз ағашқа қатысты: «Жапанда өскен жалғыз ағашты киелі ағаш, шығыс қазақтары сетер ағаш немесе көбіне тал ұшырасатындықтан сетер тал деп атайды. Қазақ наным-сенімі бойынша әулие адамның табаны тиген жерде өскен немесе әулиенің көлеңкесі түскен ағаш қасиетті ағашқа айналады екен. Қазақ иен далада жалғыз өскен ағашты қасиетті ағаш немесе әулие ағаш деп септеп, оны кеспейді, зиян келтірмейді, тіпті саясына барып ұйықтамайды. Әйтпесе сол ағаштай сопиып жалғыз қаласың, ал дүниеде жалғыздықтан өткен жамандық жоқ, жанның құлазуынан асқан қорлық жоқ деседі. Жалғыз ағашты жалғыз қалудың нышаны деп қарайды. Топырақ үйілген төбешіктер, құла түздегі жалғыз ағаш, шөл мекен далада бұтақтары тарбиып өскен бұғалар да қасиетті делінеді. Сол жерлерде түнейді, шүберек байлайды. Әулие жатқан жер деп танып, мал сойып, тілеу тілейді [2, 46]», – делінеді.

Қазақ дәстүрінде жаңа шыққан көкті жұлмайды, ағаш бүрлерін үзбейді. Көк шыбықты, көк өркенді сындырмайды. Өйткені жас өркеннің бәрі бақыттың бастамасы, барлық тірліктің қайнар көзі деп біледі. Көк жұлсақ көктей соласың деп ырымдалады. Сондай-ақ қазақ дәстүрінде қосарланып өскен, қатар біткен ағашты кеспейді. Себебі қосағыңнан айырыласың, қанатыңнан қырқыласың деп тыйым еткен. Яғни, дүние түгел егізден жаралған, ал егіздің сыңарын құлатқан оңбайды, көңілі қапаланып, зарығып өтеді деп қатты ырымдайды.

Қазақ халқының тұрмысында жиі қолданылып, «қасиетке» ие болған өсімдіктердің енді бірі – адыраспан мен арша. Ол жайлы Ш.Б.Сейітова: «Адыраспан да, арша да қазақ халқы үшін қасиетті шөп, сол себептен бәле-жаладан сақтайды деп, үйдің ішіне көрнекілеу жерге іліп қояды. Бұл өсімдіктерді иесіз үйді иесі жоқ кезде жайлап алған беймәлім жын-шайтандардан тазарту үшін отпен аластағанда және нәрестенің бесігін, ауру

адамды, ыдыс-аяқты, т.б. аршаның бір бұтағын немесе адыраспанның бір түбін отқа тамызып, аластаған уақытта пайдаланған. Адыраспан қасиетті саналғандықтан, киесі ұрады деп дәрет алып, иіліп сәлем етіп барып қана алған. «Адыраспан, адыраспан шыққан жерді, сірә, баспан» тіркесі осы ырымға сәйкес қалыптасқан. Ондай ырымды *«Ассалаумағалейкум, Адыраспан! Жіберді ем болсын деп, Омар, Оспан!»* деп бастау әдеті бар (бұл жердегі Омар, Оспан пайғамбар шадиярлардың аты). Бұл өсімдіктермен аластау:1.Өсімдіктердің антисептік қасиетіне байланысты, микробтарды өлтіру үшін; 2. Иіс-қоңысты кетіріп, тазалық сақтау үшін; 3. Жын-шайтан оттан қорқады деген діни ұғымға байланысты көп жерде жасалатын дәстүр. Ата-бабаларымыздың тиісті өсімдіктердің ерекшеліктерін тани білуі, оның табиғатын аша білуі өсімдікке қатысты тұрақты тіркестерін қалыптастырған»,– дегенді айтады [4,15].

Адыраспанды тек ер адам ғана жинайды, қапқа салып жинап алып, кептіріп қояды. Ертеде әйел босана алмай қиналып жатқанда, зиянды күштерді Адыраспан түтінімен қуатын болған. Адыраспанмен баланың бесігін және сырқат адамды да аластайды. Тіл мен көз тигендерді емдегенде Адыраспан түтетіп, тұзды басынан айналдырып, отқа тастайды [2,64].

Адыраспан өсімдігінің мұндай қасиетке ие болып, қадірленуінің сырын мына бір аңыздан іздеген жөн сияқты:

Төрт шадиярдың бірі әзірете Оспан әскер бастап жорыққа шығады. Жол-жөнекей бір жерге түнеуге тотайды. Түнде жаулары тыңшысын жібертіп, байланып тұрған аттарын шешіп, жан-жаққа айдап қуады. Оспанның атының шылбыры бір түп адыраспанға байланып қалады. Оның кісінеген даусын естіген басқа аттардың барлығы сол жерге жиналады. Оспан да жолдастарын ертіп жылқының дауысы шыққан жаққа келеді. Қараса барлық жылқы бір жерге үйіріліп тұр екен. Оспан ***адыраспанды*** *дорбасына салып алып кетеді. Сол жорықта жолы оңғарылып, жеңіспен қайтады. Елге келгеннен кейін, Мұхаммет пайғамбарға болған жағдайды айтып береді. Пайғамбар:*

– Мына шөптің аты не? – деп сұрайды. Оспан:

– Бұған адыраспан деп ат қойдым, – деді. Пайғамбар:

– Ұлық Алла мына шөпті сеп етіп, бір бәледен аман алып қалыпты. Осыдан кейін де ***адыраспан*** *менің қол астымдағыларға игілікті қызмет жасасын,* – деп, ият оқып, шөпке дем салған көрінеді. Осыдан кейін адыраспанда емдік қасиет пайда болыпты. Бұған қатысты халық арасында:

Ассалаумағалейкум, ***адыраспан,***
Атыңды қойған екен Әзіретті Оспан.
Пайғамбар дұғасынан нәр алған соң,
Өзіңе келіп тұрмын жол алыстан, – деген сөз тараған.

Адыраспанның қасиетін жақсы таныған бабаларымыз оның осы сипатын түрлі аңыздарға негіз етіп, ұрпақтарына жеткізе білген.

Қазақ халқы өзінің өмір-салтын, тұрмыс-тіршілігін, кейбір іс-әрекетін ағашқа теліп, ағаштарды адам бейнесіне енгізіп, алуан түрлі аңыз-әңгіме құрастырған. Бұл да болса өсімдік дүниесі мен халқықтық танымның

сабақтастығынан туса керек. Мәселен, мынадай бір мифке жесір дауы негіз болғанға ұқсайды:*«Бір-екі үйлі жан бір-біріне жақын қонып, көрші болыпты. Бірі– **Сексеуіл**, оның ұлы – **Баялыш**, енді бірі – **Қарағай**, оның қызы **Арша** екен. Алғашқыда олар көрші болып, тату тұрыпты. **БаялышАршаға** қалың беруді ойластырғанша, **Арша** **Баялышты** мүлде ұнатпапты, түрі қара болғандықтан келісімін бермепті. Сонда әкелері ұрысып, **Тобылғы** келіп достастырмақ та болады. Сол кезде **Сексеуіл** мен **Баялыш** бірге тұрудың қиын екенін көріп, **Тобылғыға** еріп оңтүстікке кетуді шешеді. Олар кеткеннен кейін **Қарағай** тәкаппарланып, басын жоғары созып, мейлінше биіктей беріпті. **Сексеуілқайғыдан** бүкірейіп кетіп, **тобылғы сексеуіл** мен **қарағайды** достастыра алмағанына қысылып, қызыл болған екен. Содан кейін біршама уақытқа дейін **Қарағайдың** қызынан хабар болмаған екен. Сол себептен де **Арша** тасқа ғашық болып, шешесінен қашып барып, осы кезге дейін таспенен бірге өмір сүретін көрінеді.*

Мұндай мифтік танымнан туған ағаштардың жайлығы мен достығы, құдаласу сарыны «Ағаш өлең» дейтін кейбір халық өлеңдері мен жұмбақ айтыстарына да жиі негіз болады. Мысалы,

***Тобылғы қарағанның** қызын алып,*
Ұялғаннан қалыпты қызыл болып.
***Тобылғы** шегіршіннің қызы екен ғой,*
Сондықтан да бұралып түзге біткен.

Бұл мифтік сюжеттер қазақтың байырғы өмір салтының метафоралық образы іспеттес. Расында да, ағаштардың сыртқы түр-түрпаты, өсетін мекенінің ерекшелігі қазақтың ежелгі тіршілігін еске түсіреді. Ұзын қарағай тәкаппар адам, мықшиған сексеуіл жазықсыз жапа шегуші, таста өсетін арша тасбауыр, қызыл тобылғы ұялшақ кейіпкерлер ретінде сомдалып, халқымыздың қалыңмал төлеп неке салтының көріністері айқын бейнеленеді. Осындай мифтік түсініктен туған ағаштардың араздығы мен татулығы, құдаласу сарыны *«Ағаш өлең»* сынды кейбір халық өлеңдері мен жұмбақ айтысқа да жиі арқау болады.

Халық санасында жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен тағы бір аңыз Әулиекөлге жақын орналасқан «Биші қайыңдар орманы» жайлы.

Жалпы мұндай «бишіағаштар» әлемнің көптеген елдерінде кездеседі. Олардың ішіндегі ең танымалы Данияда Тролл орманы және Ресейдегі «Курш мүйісі» ұлттық саябағы.

Бұл туралы аңыздар көп. Соның бірі ерте замандарда бұл маңайда сиқырлы арфасы бар сұлу бойжеткен өмір сүрген екен. Арфаның дыбысының әсерлі болғандығы соншалықты, адам түгілі орманда өсетін ағаштар да билейтін болған көрінеді.

Ал біздің халқымыздың аңызына сүйенсек:*«Бурабай маңындағы ауыл жастары шеттерінен әнші, биші, күйші өнерпаздар болыпты. Жігіттер мен қыздар ойын ойнап, ән шырқап, би ұйымдастырады екен. Хан жастардың талантын естіп, бұл нәрсені өз көзімен көргісі келеді. Бірақ ол жаққа бара алмайды да, жасырын түрде бармақ болады. Қарапайым жігіттің кейпінде хан ойынға келіпе, қалың жұрттың арасына сіңісіп кетеді. Бір ойын екінші*

ойынға жалғасып, жиналғандарға би өнерін көрсететін уақытта келіп жетеді. Алаңқайдың ортасына толған айдың сәулесімен шағылысып, қайыңдай болып қыздар шығады да, билей бастайды. Айналған ақ көйлектер желбірі, бас киімдегі үкі қанаттары өз үйлесімін тауып, бәрі керемет билеп жатты, осы уақытта шыдамаған хан: – О, тамаша, мың жыл жасаңдар!– деп айқайлап жібереді. – Мынау, хан иеміз ғой, – деп, көптің арасынан біреу танып қояды. Сол кезде жиналғандардың бәрі хан аяғына жығылуға жүгіреді. Биші қыздар ұялғаннан қайда тығыларын білмей, бұралған күйлерінде ***биші қайыңдарға*** *айналыпты. Көк Тәңірі бұл тамаша сәтті мәңгі сақтау үшін, биші қыздарды* ***қайың*** *қалпында қалдырған деседі».*[5.47]

Байқағанымыздай, өсімдіктер дүниесі халық танымынан орын алып, кейбір салт-дәстүрлері мен наным-сенімдеріне негіз, арқау болған. Бұл да өз кезегінде өсімдіктер әлемінің халық өміріндегі орнын айқындауға мүмкіндік беретін ақпараттар қатарын толықтыра түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. – Алматы: Арыс. 2007, - 280 б.

2 Қазақ этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлер жүйесі. Энциклопедия. 1 том. А-Д – Алматы: DPS6 2011.

3 Анесова У.Г. Әлемнің тілдік бейнесіндегі символдар жүйесі. Философия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферат. – Алматы, 2014.

4 Сейітова Ш.Б. Өсімдікке байланысты тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаттамасы. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферат. – Алматы, 1999.

Биші қайыңдар. Билейтін орман туралы аңыз. munara.k

Шәрібжанова Ғ.Ғ.
Алматы энергетика және байланыс университеті

ҚОЛДАНБАЛЫ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ПӘНІ МЕН НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Тіл білімінің қолданбалы саласы бұрыннан әртүрлілігімен ерекшеленетін. Олардың ежелгілері – жазу (графика), ана тілі мен басқа тілге оқыту әдістемесі, лексикография. Содан кейін аударма, шифрын анықтау (дешифровка), орфография, транслитерация, терминологияны жете зерттеу пайда болды. Қолданбалы тіл білімінің дәстүрлі бағыттарының бірі – мемелекеттің тіл саясатына қатысу. Тіл саясатына мыналар кіреді:

1) әліпби әзірлеу, орфография принциптері, сауатсыздықты жою;

2) мемлекеттік тілді таңдау мен заң күшін беру;

3) басқа тілдердің меклекеттік тілге қатысы бойынша ережесін белгілеу;

4) ұлттық терминологияны әзірлеу, біріздендіру және стандарттау;

5) ат беру және атын өзгерту (қалалар, көшелер, алаңдар) [1].

ХХ ғасырдың екінші жартысында тіл білімінің классикалық қолданбалы саласында жаңа бағыттар сараланды және тұрақтанды. Бұл бағыттар қоғамдық, жаратылыстану және техника ғылымдарының өзара байланысының нығаюын сипаттайтын заманауи ғылыми-техникалық төңкеріспен шартталған қолданбалы тіл білімінің жаңа кезеңдегі тарихи дамуының қисынды жалғасын көрсетеді. Тіл білімінің қолданбалы аспектілерімен қамтамасыз ету тұтастай алғанда адамзат әрекетінің түрлі саласында бәрінен бұрын бір жалпы мәселеге келіп саяды – қоғамда жұмыс істеп тұрған - ақпаратты өңдеу мәселесі. Бұның өзі мәтіндік ақпараттың жазба түрі және ауызекі сөйлеу тілі коммуникацияның айрықша үйреншікті тәсілі болып табылады. Қоғамның іс жүзіндегі мәселелері мен талап-тілегін шешуде тіл білімінің маңызды рөлі ақпаратты сақтау мен таратудың бірегей құралы болып табылатын кәдімгі адамзат тілінің мәнімен анықталады [2].

Қоғамның іс жүзіндегі өзекті мәселелері мен мұқтаждықтары – бұл оператор даусымен басқарылатын станоктар мен аспаптарды өндіріске енгізу, әртүрлі тілдерде ақпаратты автоматты іздеу мен өңдеу жүйесі, байланыс ұйымдарын жетілдіру (телефон, радиобайланыс және т.б.), адамның сөйлеу және құлағының есту қабілеті бұзылғанды емдеу кезінде фонетикалық деректерді пайдалану. Аталған мәселелер ЭЭМ-ді кең пайдалана отырып, мәтінді (сөзді) автоматты өңдеумен байланысты ақпараттық жүйелердің әртүрлі типтерін лингвистикалық қамтамасыз ету, машиналық аударма, оқытуды компьютерлендіру, табиғи тілдерді түсінетін (жасанды интеллект жүйелеріндегі лингвистикалық тапсырмалар) жүйелерді әзірлеу, дыбыстық сөйлеу сигналында ақпаратты пайдалану жүйесін әзірлеу сияқты қолданбалы тіл білімінің жаңа бағыттарын қосады [3].

Ақпараттық жүйелерді қамтамасыз етудің әртүрлі типтерін әзірлеумен байланысты соңғы жылдары терминологияны унификациялау мен стандарттау мәселесі айрықша өзекті болды. Бұл білімнің әртүрлі салаларына қызмет ететін ғылыми және техникалық терминдердің күрт өсуімен байланысты. Дәстүрлі лексикографиядан ЭЭМ-нің кеңінен пайдаланылуымен байланысты біртіндеп лексикографияның арнайы саласы – автоматты лексикография бөлініп шықты.

Тәжірибелік міндеттерді шешуде табиғи тілдегі диалог барысында адамның ЭЭМ-мен тиімді өзара әрекеті талап етіледі. Сұрақ-жауап жүйелерін әзірлеу, роботты басқару, басқару жүйесінде шешім қабылдаған кезде диалогты қамтамасыз етудің міндеттері осындай [4].

Бұл жердегі негізгі мәселе жазбаша мәтінді немесе естілген сөзді автоматты қондырғылармен қамтамасыз етуде болып тұр. Әрбір жаңа қолданбалы міндеттерді шешу бос сөз емес. Қолданбалы тілдік мақсаттардың саны мен түрлерін болжап болмайды. Қолданбалы тіл білімінің қойнауында жүргізілетін іргелі зерттеулердің негізгі тұрқы ғылыми, техникалық және ұйымдық-өкімдік ауызша және жазбаша құжаттардың фонетикалық, грамматикалық, семантикалық және статистикалық құрылымдарының

сипаттамасы мен үлгісін, сөздіктер жасау мен семантикалық ұғымын құрастырады.

Теориялық лингвистика тілді айрықша қалпындағы, жүйедегі күйінде зерттегендіктен, қолданбалы тіл білімі коммуникациядағы тіл дегеніміз не дегенді білу үшін өткір қажеттілік нәтижесінде пайда болды. Сондықтан ол көп уақыт бойы ғылыми-техникалық және іскерлік прозадан жат болды және шеттетілді. Ақыры, XX ғ. 70-жылдары көптеген қолданбалы мәселелерді шешу таза лингвистикалық болуы мүмкін емес деген тұжырымға келді. Өйткені ол мүлдем басқа жол ұстанған. Яғни адам мінез-құлқын, ойлауын, тілдің семантикалық, формалды синтездеу және семантикалық құралдарын модельдеу жолы. Осылайша қолданбалы бағыттың ең маңызды салааралық іргелі мәселесінің бірі – білімді модельдеу мәселесі пайда болды [5].

Білімді модельдеу соңғы уақытта әртүрлі ғылымды (логика, тіл білімі, маетматика, психология, кибернетика) қолдану саласы болып қалды. Бұндай мәселеге жалпыға бірдей көңіл аударудың себебі біреу – жасанды зерденің автоматты жүйесін құру. Сонда білім бізге тіл арқылы беріледі. Білімдер жүйесі кенеттен сөйлеу мәтіндерінде (монолог, диалог, әртүрлі жағдаяттағы ілікпе сөз), сондай-ақ жазбаша мәтіндерде (ежелгі жазба ескерткіштері, көркем әдебиет, ғылыми және техникалық әдебиет) де бар. Тіл арқылы біз өз білімдерімізді ұрпақтан-ұрпаққа жеткіземіз. Тіл, осылайша, білімді сақтау формасы ретінде және оны таратудың құралы мен тәсілі ретінде де қызмет етеді. Ғылым мен техникада мәтіннен тыс білім мүлде болмайды, ал ғылыми-техникалық мәтіндердің семантикасын модельдеу – осы саладағы білімдер жүйесін модельдеу. Осылайша білімді модельдеу мәселесі біртіндеп мәтін мағынасын модельдеу мәселесімен түйісіп кетті. Бұл жерде орталық мәселе мәтіннің семантикалық көрінісін жасау [6].

Сонымен бірге осы және басқа нақты қолданбалы міндеттерді техникалық және іскерлік коммуникацияда қалай шешу мәселесі тұр. Бұл құжаттардағы мәтіндер қаншалықты егжей-тегжейлі сипатталғандығы, олардың құрылымы, грамматикасы, лексикасы, семантикасы, терминологиялық сөздігі бар ма, мәтіннің статистикалық құрылымы айқындалған ба, бұл типтегі мәтіндер үшін семантикалық ұғымы құрастырылған ба, дәл осылармен анықталады. Соңғы 20–30-шы жылдары пайда болған қолданбалы тіл білімінің барлық жаңа аспектілері бір жалпы мәселемен – тілді ауызекі және жазбаша формасында автоматты өңдеумен байланысты. Бұл мәселенің пайда болуы тілді талдаудың жаңа әдістерінің пайда болуына, оны сипаттаудың жаңа тәсілдеріне алып келді. Тіл табиғатына және тіл білімінің құрылымына деген тұтастай жаңа көзқарастың тууына мүмкіндік жасады [7].

XX ғасырдың 50-70-ші жылдары тілдік материалды автоматты қайта өңдеудің күрделі мәселесін шешу тіл білімі ғылымы теориясының ары қарай дамуын ілгері жылжытты.

Қолданбалы тіл білімінің жаңа аспектілері теориялық тіл біліміне жаңадан еніп келе жатқан математика әдісінің, әсіресе теориялық-жиындық, формалды-логикалық, статистика-ықтималдық әдістерін тездетті.

Классикалық тіл білімі, классикалық логика, психология, семиотика және математика әдістерінің түйісуінде тіл біліміндегі модельдеудің әдістері туралы тұтастай ғылым ретінде заманауи құрылымдық тіл білімі ғылымы өсіп шықты. Тіл білімі ғылымында жаңа дербес теориялық бөлім – тіл моделі теориясы пайда болды және қалыптасты. Тіл білімі ғылымы мен математиканың арасында жаңа пән – математикалық тіл білімі ғылымы көрінді. XX ғасырдың 50-60-шы жылдары оның басталуы және қалыптасуы тіл білімінің барлық ішкі дамуымен бұрыннан дайындықтан өткен болатын.

Дәл осы екі пәннің – құрылымдық тіл білімі ғылымы мен математикалық тіл білімі ғылымы заманауы теориялық тіл білімінің дамуына үлкен әсер етті. Бәрінен де бұл әсер синтаксис пен семантикада көрініс тапты.

Құрылымдық тіл білімі ғылымында лексикалық семантиканы модельдеуде лексиканың семантикалық өріс, құрамдық талдау, тезаурустық сипаттау теориясы туды. Синтаксистік семантикада сөйлемнің семантикалық құрылымы тұжырымдамасының көбі жетілдірілді.

Гуманитарлық ғылымдар арасында алғаш рет құрылымдық, математикалық және қолданбалы тіл білімі ғылымында пайда болған көптеген теориялық ұғым және зерттеу мен талдау әдістері бүгінде әдебиеттануға, кітапхана ісі туралы ғылымға, тарих, этнография, психология, құжаттануға әлдеқайда белсенді түрде еніп келеді. Әртүрлі гуманитарлық ғылымдардың зерттеуді автоматтандыру бағытымен де көп ортақ ұқсастықтары бар.

Гуманитарлық ғылымдарда ғылыми-зерттеу жұмыстарын автоматтандыру бойынша төмендегілерді оңтайландыру керек:

а) әртүрлі тілдердегі әдебиеттерді іздеу;

б) ақпарат көздері мен материал қорларын іздеу;

в) ақпарат деректеріне сүйену;

г) материалдың көп аспектілі, терең жіктелуі;

д) алдын-ала берілген параметрлер бойынша сипаттамалар, картографиялар, каталогтардың жинағын жасау;

е) статистика, картография, жіктеу теориясы мен жүйелік талдаудың әдістерін қолдану;

ж) деректердің сұлба, сурет, карта түріндегі графиктік көрсетілімі [8].

Осылайша ғылыми жұмыстарды автоматтандыру үдерісінде жүйе маманға барынша толық тарихи деңгейде нысан туралы энциклопедиялық мағлұмат пен библиографиялық мәлімет беру керек.

Заманауи қолданбалы тіл білімінің өзегі құрылымдық және математикалық тіл білімі ғылымы олардың әдістері мен жетістіктерінің барлық жағынан алуан түрлі болып табылады.

Құрылымдық және математикалық тіл білімі ғылымының негізгі мәні – тілдің құрылымдық және формалдық талдау және сипаттау әдістерін әзірлеу және жетілдіру.

Қолданбалы тіл білімі ғылымы тұтастай алғанда, ең алдымен, өзінің мақсат, бағыт, әдіс және тәсілдерімен – философия, психология, физиология, математика, логика, социология, информатикамен үнемі түйісетін кешенді пән.

Төменде берілетін математикалық және қолданбалы тіл білімі ғылымының негізгі терминдері (ұғымдары) бүгінгі күні бұл ғылымның мәні, бағыттары, әдістері туралы белгілі бір түсінік береді. Солардың кейбіреуін келтіре кеткенді жөн көрдік.

Алгоритм – нақты мақсатқа жету үшін орындалуы қажет әрекеттердің бірізділігі.

Деректер қоры – нысандандырылған түрде автоматты таратуға, түсіндіруге немесе өңдеуге ыңғайлы деректер жиынтығы.

Байланыстылық грамматикасы – араларында тәуелділікке қатысы бар, компоненттері иерархиялы түрде құрылған сөйлемнің көрінісі.

Түсінік (ұғым; көрініс) грамматикасы – әр сөздің төңірегінде есепке алуға негізделген ережелер жүйесі.

Сөйлем ағашы, тәуелділік ағашы – түйіні тәуелділік құрылымы компоненттеріне сәйкес келетін бағдарланған кескін түріндегі сөйлем құрылымының көрінісі.

Квазиреферат – компьютермен құрастырылған реферат.

Кескіндемелік талдау – аударылатын тілдегі (кескіндеме, формула) алдын-ала бөлінген синтаксистік құрылымдар жиынымен салыстыру арқылы кіріс мәтінді талдау.

Лингвистикалық процессор – автоматты жүйенің кіріс ақпараты болып табылатын табиғи тілдегі мәтіндерді өңдеуге арналған рәсім жиынтығы.

Деректердің семантикалық көрінісі – семантикалық сипаттаудың қандай да бір моделін пайдаланып, ақпараттың мәнін түсіндірудің формалды жазбасы.

Конкорданс-сөздік – барлық контекстегі әрбір сөзформа үшін көрсетілген мәтіндік сөзформалардың арнайы сөздігі.

Тезаурус – семантикалық қатынастары оның бірліктері арасында көрсетілген идеографиялық сөздік. Тезаурустың құрылымдық негізі нақты пән саласындағы түсініктердің иерархиялық жүйесі болып табылады.

Файл – бір бүтін ретінде қарастырылатын ЭЕМ жадындағы байланысқан жазбалардың жиынтығы [9].

Деректерді көрсету тілі – негізінде сипаттаудың қандай да бір формалды (математикалық) моделі жататын ақпарат жазбасын құрылымдаудың формалды тәсілі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бектаев К. Б, Пиотровский Р. Г. Математические методы в языкознании. // Ч. I. Алма-Ата, 1973; ч. II. Алма-Ата, 1974.

2. Беляева Л. Н. Применение ЭВМ в лингвистических исследованиях и лингводидактике. // Л., 1986.

3. Звегинцев В. А. 1) История языкознания XIX–XX веков в очерках и извлечениях. // Ч. II. М, 1965; 2) Теоретическая и прикладная лингвистика. // М, 1968.

4. Знание языка и языкознание. // М., 1991.

5. Зубов А. В. Основы лингвистической информатики: Учеб пособие. // Ч. I. Минск, 1991; ч. II. 1992; ч. III. 1993.

6. Зубов А. В., Лихтарович А. А. ЭВМ анализирует текст. // Минск, 1989.
7. Использование ЭВМ в лингвистических исследованиях // Под ред. В. И. Перебейнос. Киев, 1990.
8. Лингвистический энциклопедический словарь. // М., 1990.
9. Пиотровский Р. Г. 1) Текст, машина, человек. // Л., 1978; 2) Инженерная лингвистика и теория языка. // Л., 1979.

Шәрібжанова Ғ.Ғ.
Алматы энергетика және байланыс университеті

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тіл білімінің басты бағыттарының бірі – өзіндік зерттеу нысаны мен әдістері бар әлеуметтік лингвистика болып табылады. Дегенмен жоғары оқу орындарында жалпы лингвистикалық пәндердің бағыттары немесе аспектісі ретінде қаралатыны шындық. Сонымен бірге зерттеу мәселелері толық ашылмай қалып жатады. Кейде бастаушы мамандықтардың оқу-әдістемелік кешенінде тілдік материалдарды әлеуметтік линвистика тұрғысынан талдаудың жолы келмеген. Тілді пайдалану мен тұтыну коммуниканттың әлеуметтік сипаттамасы мен тілдік жағдаятына тікелей байланысты. Олай болса, тілді оқыту кезінде дәстүрлі лингвистикалық ережелер жинағы мен ұсынымдардан басқа әртүрлі мазмұндағы «сыртқы» факторларды да ескеру қажет. Тілдің «сыртқы» факторларымен, тілдің қоғамдық болмысы, дамуы және функциясымен шұғылданатын негізгі пән әлеуметтік лингвистика болып табылады. Әрбір ғылымда шындықты әділ қарастыратын түсініктемелер мен анықтамалар жиыны болады. Мысалы, тіл білімі тілдің дыбыстық жүйесін, сөздік құрамын және грамматикалық құрылысын зерттейді. Тілдің берілген шектері фонетика, лексикология және грамматиканы зерттейді. Әрқайсысының өздеріне қатысты ұғымдары мен терминдері де болады. Көкейге әлеуметтік тіл білімінің мәні неде, тілдің қандай аспектілері оны зерттеудің тақырыбы болып табылады деген сұрақ келеді. Адам тілінің қалыптасуына әлеуметтік ортаның әсері әлеуметтік лингвистиканың зерттеу нысаны болып табылады. Егер дәстүрлі лингвистика тілдік бірліктер (дыбыс, сөз, морфема, қосымша, сөз тіркесі, сөйлем), олардың сөйлеудің коммуникативтік түрлеріне қатысы бойынша (айтылым, жазылым) маңызын, өзгерісін және дамуын қарастырса, ал әлеуметтік лингвистика тілдік бірліктерді коммуниканттың жасына, әлеуметтік жағдайына және ортасына, білім деңгейіне, мәдени қағидаларына қатысты қарастырады, сондай-ақ тілдік бірліктердің әртүрлі қолданысын зерттейді.

Әлеуметтік лингвистиканың нысаны әртүрлі тілдердің стильдері мен элементтерін араластырып, қоғамда және тілдік ортада немесе жеке адамдарда қалыптасқан тілдік норманы бұзатын нақтылы адам болып табылады. Тілдің

функционалдық аспектісі тұтастай зерттеудің негізгі нысаны болатындықтан, тілдің ішкі құрылымы әлеуметтік лингвистика үшін жалпы ақпарат ретінде қабылданады. Әлемде бір мезгілде екі немесе бірнеше тілді пайдаланатын қауымдастық (мемлекет, ел, аймақ) бар. Бұл жағдайда әлеуметтік лингвистика бірнеше тілдің қызмет етуі мен өзара қатынасын зерттейді.

Әлеуметтік лингвистиканың ғылым ретінде негізін салушылар Женева мектебі мен Париж структурализмінің өкілдері (А.Сеше, Ш.Балли, А.Мартине, С.Д.Кацевский, Р.Р.Едаль т.б.), және әлеуметтік бағыт өкілдері (Е.Д.Поливанов, Р.Д.Шор, В.М.Жирмунский т.б.) болды. Ал Қазақстандағы әлеуметтік лингвистика КСРО-дағы әлеуметтік лингвистиканың бағыттарының бірі болып қалыптасты. Тәуелсіздік жылдары елімізде тілдік жағдаят пен оны іске асыру, тілдік саясат пен оның негізгі бағыттары жеткілікті дәрежеде зерттелді, ғылыми негізделген шешімін тапты. Бұл бағытта еңбек еткен ғалымдар қатарында Б.Хасанұлы, М.М.Копыленко, А.Е.Карлинский, М.К.Исаев, Э.Д.Сүлейменова, З.К.Ахметжанова, С.Т.Сайн, Н.Ж.Шаймерденова т.б., сондай-ақ кейінгі толқындағы ғалымдар қатарында К.М.Байбосынова, А.М.Құмарова, А.Абасилов, Г.С.Сүйінова, С.А.Асанбаева, Д.Ж.Қасымова, Г.Д.Алдабергенова, Г.М.Алимжанова және басқаларды атауға болады.

Қазақстандағы тілдік жағдаят пен оны іске асыру зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектерінде әлеуметтік лингвистиканың өзекті мәселесі кеңінен талқыланды. Олардың кейбіреулеріне тоқалып өткенді жөн көрдік.

Қазақстанда осы салада көп тер төккен Б.Хасанұлының бірнеше еңбегін айтуға болады. Олар: 1976 жылы жарық көрген «Қазақстан халықтарының тілдері және олардың өзара әсері», 1987-1989 жылдары жазылған «Казақша-орысша екітілділік (әлеуметтік лингвистикалық аспект)», «Ұлттық тілдер: іздестірулер мен үміттер» атты ғылыми еңбектері [1]. Б. Хасанұлы өз еңбегінде қазақ тілін қолданылуы, дамуы және қызметтік аясы бойынша талдау жасай отырып, мемлекеттік тілдің дамуының келесі қағидаларын бөліп алады: бірінші қағида - мемлекеттік тілдің қызметтік және іскери қарым-қатынас үшін барлық ұйымдар, кәсіпорындар мен мекемелерде қолданылуы және аталған мәселені шешу мақсатында барлық жағдайды жасау; екінші қағида – мемлекеттік тілді барлық ұйымдарда, кәсіпорындарда және мекемелерде іс жүргізу мен құжат айналымында пайдалану және аталған мәселені шешу мақсатында барлық жағдайды жасау; үшінші қағида – мемлекеттік тілдің дамуына байланысты барлық қаржылық мәселелерді шешу; төртінші қағида – мемлекеттік тілге оқытуда кадрлармен және оқу-әдістемелік құралдармен толық қамтамасыз ету; бесінші қағида – орыс және басқа тілдерде мемлекеттік тілді насихаттау жүйесін құру; алтыншы қағида – жоғары тұрған органдар мен жұртшылық алдында Тілдер туралы заңның орындалу ережесі туралы жыл сайынғы есеп беруді енгізу [2].

1990-шы жылдары қазақстандық әлеуметтік лингвистикада екі-көптілділік және диглоссия мен ғылыми еңбектер қатарын кеңінен талдау мәселелері басталды. Мысалы, А.Е.Карлинскийдің «Тілдердің өзара әрекеттестігінің негізгі теориялары» атты жұмысында тілдердің өзара әрекеттестігінің

мәселелері, билингвизмнің пайда болуы және оның қоғамдағы орны, табиғи және жасанды билингвизм т.б. туралы түсінік береді [3].

1990 жылы Қазақстанның тіл саясаты мәселелеріне арналған «Қазақстандағы тіл саясаты және оны жүзеге асыру жолдары» атты жинақ басылып шықты. М.М.Копыленко мен З.К.Ахметжанованың «Екітілділіктің психолингвистикалық аспекті» атты зерттеуі билингвизм теориясының дамуына қомақты үлес қосты [4].

Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша аталған бағытта еліміздегі тілдік жағдаят бойынша әлеуметтік және зерттеу жұмыстары жыл сайын жүргізіледі. Олардың нәтижелері «Қазақстандағы тіл саясаты», «Қазақстанның шекаралас аймақтарындағы және оралмандар ортасындағы тілдік жағдаят», «Қазақстанның шекаралас аймақтарындағы және шағын елді мекендердегі этникалық топтардағы тілдік жағдаят» сияқты басылымдарда жарық көреді. Оларда Қазақстан Республикасы тұрғындарының мемлекеттік тілді, орыс тілін білу деңгейі мен иеленуіне талдау мен бақылау қойылады; қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік-коммуникативтік жүйеде мемлекеттің тілдің алатын орны туралы; мемлекеттік тіл мәртебесін іске асырудағы қоғамдық бағалау шаралары; қоғамдағы тіл функциясының сипаты мен басымдық дәрежесі; әртүрлі салада тілдерді пайдалануға қатысты әлеуметтік артықшылық берудің деңгейі мен сипаты; ересек тұрғындардың әлеуметтік-тілдік артықшылық сипаты; күнделікті тілдік тәжірибеде мемлекеттік тілді қоғамның қалай қабылдайтыны, Қазақстан азаматтарының конституциялық құқын ана тілін пайдаланып іске асыруы т.б. көрсетіледі.

Бұл пәнді оқу студенттерге ана тілінде заманауи әлемдік тіл білімінің өзекті де болашағы бар бағыттарының бірі – әлеуметтік лингвистика туралы мағлұмат алуға мүмкіндік береді. Пәнді оқу барысында студенттер еліміздің этнолингвистикалық және тілдік жағдаятымен, біздің жас мемлекетімізді нығайтуға, тілдік құрылыстың тұрақты жұмыс істеуі, этносаралық және тіларалық қатынастардың нық дамуына бағытталған демократиялық тілдік саясатпен танысады. Сонымен бірге әлеуметтік лингвистиканың пәндік және теориялық мәселелері, әдістері мен жолдары бойынша да мағлұмат алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Хасанов, Б.Х. Язык межнационального общения Текст. / Б.Х.Хасанов, Ю.Д.Дешериев.– Алма-Ата: Казахстан, 1976. 96 с. Хасанов, Б.Х. Казахско-русское двуязычие (социально-лингвистический аспект) Текст. / Б.Х.Хасанов. – Алма-Ата: Наука, 1987. 196 с.

2. Хасанов, Б.Х. Национальные языки, двуязычие и многоязычие:поиски и перспективы.(Двуязычие возрастающая социальная потребность нашего времени)Текст. / Б.Х.Хасанов.– Алма-Ата «Казахстан» 1989.– 136 с.

3. Карлинский А.Е. Основы теории взаимодействия языков. Алма-Ата: Гылым, 1990. – С. 99– 100.

4. Копыленко М.М., Ахметжанова З.К. Психолингвистический аспект двуязычия. – Алматы: Наука, 2007. – 120 б.

5. Хасанов, Б.Х. Языки народов Казахстана и их взаимодействие Текст. / Б.Х.Хасанов. – Алма-Ата: Наука, 1976. -216 с.

Шоқым Г.Т.
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

ПОЭТИКАЛЫҚ ТІЛДІК ОБРАЗДАРДЫҢ ГЕНДЕРЛІК СИПАТЫ

Тілдің гендерлік жіктелу факторы − әйел тілі мен ер тілі дамуының қозғаушы күші. Тілге құрылымдық талдаулар жасау арқылы гендердің әлемдік тілдер мен мәдениеттерде алатын орнын белгілеп, әйелдер мен ерлердің түрлі қарым-қатынастағы мінез ерекшелігін, гендерлік нормалардың уақыт пен кеңістік шеңберінде өзгеріп отыруын, әйел мен ер жынысын даралайтын тілдік, стильдік белгілер, тілді игерудегі гендердің рөлін т.б. зерделеуге болады [1].

Тіл ғылымында гендерлік бағытты қалыптастыру ауызша, жазбаша тараған мұралар негізінде іске асары хақ. т.б. Соның ішінде көркем мәтіндердегі гендер көрінісін стильдік қырынан зерттеудің де өзіндік мәні бар.Әйел мен ер адам тілінің ұлттық-этникалық деңгейдегі гендерлік айырмасы кез келген дәуір ақындарына (жазушыларына) тән.Халық ауыз әдебиетінде гендерлік сипат анық бейнеленген. Мысалы, қазақтың *батырлар жыры* қаншама, сондай-ақ қыздарға арналған *"Қыз Жібек", "Айман-Шолпан"* сияқты жырлар да баршылық. Қыз-келіншектер бейнесін сомдаған көркем шығармалар санатында С-М. Торайғыровтың *"Қамар сұлу"*, М. Дулатовтың *"Бақытсыз Жамал"*, Б. Майлиннің *"Шұғаның белгісі"*, *"Талақ"*, М. Әуезовтің *"Қаралы сұлу"*, М.Жұмабаевтың *"Шолпанның күнәсі"*, С. Мұқановтың *"Ботагөз"* т.б. туындыларды атап айтуға болады. *"Қыз Жібекте"* сұлу қыздардың көшінің, М-Ж. Көпеевте ұнамсыз келіншектердің тізбекті "көші" әсерлі суреттелгенін де айтпақ керек. Сондай-ақ ер-азаматтар тақырыбына арналған Ж. Аймауытовтың *"Батыр Баян"* поэмасын, М. Әуезовтің *"Абай жолы"* роман-эпопеясын, С. Мұқановтың *"Балуан Шолақ"*, Ғ. Мүсреповтің *"Қазақ солдаты"*, Ғ. Мұстафиннің *"Шығанақ"* атты көркем шығармаларын атауға болар еді. Біз тек сондай көркем туындылардың бірқатарын ғана талдаумен шектелдік.

Ақын-жыраулар шығармалары тілінде ***ерлер бейнесі***әсіресе *жігіттің* (*ер жігіт, батыр*) гендерлік образы басым бейнеленген. Ел басына қиындық түскенде сыналар және елі үшін жанын отқа салуға даяр жігіт ер атанбақ. Ақындар заманы мұқтаж етіп отырған ер-азаматты үлгі етіп, әр тұста елі үшін ерлік көрсете білуге үндейді. Мысал келтірелік [2]:

Ер жігітке жарасар
Қолына алған найзасы... (Бұхар).
Шәйі сиса, асыл қылыш *ердің* көркі,

Ер жігіт жауға аттанған елдің көркі (Шал).

Ақын-жыраулар тіліндегі ***жігітке***(*ер жігіт, батыр*) тән сөздер мен сөз өрнектерін яғни гендерлект түрлерін былайша топтастыруға болады:

1) Жігіттің ерлік қасиеттері мен қимыл-әрекеттерін сипаттайтын гендерлік лексика: *қол қашыру, темір жұмсап оқ ату, даңқынан батыр шығу, найзасының ұшына жау мінгізу, беліне садақ асыну* т.б.

2) Жігіт (батыр) асынатын қару-жарақ, сауыт-сайман атауларын білдіретін гендерлік лексика: *сауыт, кіреуке, дабыл, жебе, дулыға, күдері берен, оқ, найза, семсер, қылыш* т.б. Мәселен, бір ғана Махамбеттің өзінде *"найза"* сөзі *егеулі найза, жалаулы найза, алты құлаш ақ найза, толғамалы найза, қималы найза, қоңыраулы найза* деген эпитетті түрлерінде қолданылған. *Сары жебе, сұр жебе, балдағы алтын ақ болат, қарқыны күшті көк семсер* дегендер де осы қатардан табылады [3].

3) Ер қанаты есепті, сенімді серік болар *арғымақ сыны* өзінше бөлек бейнелі, кестелі сөздермен өрнектеліп, ер жігіттің батырлық қимылдармен айшықталып, гендерлік образын дараландыра түскен. Мысалы:

*Қабағы қалың **ер жігіт** −*
Жалғыз оққа жолығып,
Жолықса көңілі торығып,
Астындағы наз бедеу −
Аясы толмай зорығып (Базар).

4) Жігіттің мінез-көркін, талғам-талабын т.б. суреттейтін гендерлік поэтизмдер: *қызғыштай болған есіл ер, қас бәйтерек, тауда ойнаған қарт марал, қырқарланып өткен ер, таудан мұнартып ұшқан марал, шамданса шалқасынан түсер асау, ақсұңқар құстың сойы* т.б. Мысалы:

Таудан мұнартып ұшқан тарланым!
Кермиығым, кербезім!
Керіскедей шандозым.
Құландай ащы дауыстым!
Құлжадай айбар мүйіздім!
Қырмызыдай ажарлым!
Хиуадай базарлым!
Теңіздей терең ақылдым!
Тебіренбес ауыр мінездім! (Махамбет).

5) Жырлардағы жігіттерге қарата айтылатын ақыл-өсиет түріндегі гендерлект. Мысалы:

Майда бол, ***жігіт*** болсаң тал жібектей
Жарамайды қатты болу тікенектей (Шал).

Жігітке ең керекті іс − білім деген,
Білімсіз ілтипақа ілінбеген... (Ақан сері).

Сонымен қатар ақын-жыраулар жігіттердің *жақсы жар* таңдауына да ерекше мән беріп, ақыл-өсиет негіздеген:

Жаман қатын алғанның дауы үйінде,

Жақсы қатын алғанның тойы үйінде... (Шал).

Шолпан жұлдыз **жар** алсаң,
Кіргізеді көркіңді-ай,
Қызықтықпен өткен күн
Болмай кетер бір күндей (Майлықожа).

Әйелдер образы (*қыз, қарындас, жар, ана, келін, бәйбіше, қатын*) ақын-жыраулар поэзиясы тілінде өмір көркін (*бойжеткен − ару, сүйген сұлу*), отбасы сәнін (*адал жар, жақсы әйел*) келтіретін гендерлік бейне ретінде көрініс тапқан. С. Негимовше айтсақ: "Әлмисақтан бері, аңыз-ертегілер мен хикая-әңгімелер, халық жырлары мен лиро-эпостық шығармаларында әйел образы терең, таза сезіммен, ынтазарлықпен жырланып келеді. Асылы, арғы-бергі дәуірлерде туған халық шығармаларының үзілмес арқауы болған әрі көне, әрі мәңгі жас сұлу бейнесі арқылы ұлтымыздың ұлылық, имандылық, кісілік, инабаттылық, адамгершілік асыл сипаттары, сұлулыққа, көркемдікке қатысты көзқарастары, тұрмысқа, табиғатқа деген философиялық ой-түсініктері, дүниетанымы, даналығы, біліктілік-зиялылығы жарқырап көрінеді. Сондықтан да әйел образының көркемдік әлемінің қыртыс-қабаттары, ағыс-толқындары, құпия астарлары мейлінше мол" [4: 101].

Ақын-жыраулар ***қыздың***(*сұлу қыздың*) жібектей үлбіреген ақ денесін, тал шыбықтай бұралған қыпша белін, лапылдаған демін, назды қимылын, сыңғырлаған күлкісін, майдай еріген мінезін, ақ сәуледен құйылған болмысын гендерлік тұрғыдан даралай көрсетіп шебер суреттеген. Мысалы:

Қасың қиғаш қаламдай
Тісің меруерт маржандай
Сиқыңды сұлу жаратқан,
Майда шуақ самалдай (Нұрым).
Сөйлесең сүт шығады тіліңнен қыз,
Құрбыңа салтанатың білінген қыз...
Қамқа бөрік, кәмзол бешпет, алтын ілгек,
Ақ көйлек зер шашақтан киінген қыз... (Мұрат Мөңкеұлы).

Осындай сұлулыққа ғашық болып, сол өзі таныған әдемілікті өмір бойы талмай жырлап өткен таланттың бірі − Ақан сері. Ақын суреттеген сан *сұлу арулар*, қазақтың *әдемі қыздарының* образы, сол асқақ сезімнің поэзиядағы гендерлік көрінісі:

Жайықтың ақ түлкісі аралдағы,
Алдымнан сен бір қашқан марал-дағы...
Көзіме мұнарланып көрінесің,
Түлкідей тұра қашқан тұмандағы.
Сен болсаң ал қызыл гүл, асыл еркем,
Мен бұлбұл сайрап тұрған Иран бағы...
Қалқыған дариядағы сен бір кеме,
Ішінде бір шам-шырақ бұрандалы...
Жайықтың сіз қоңыр қаз қырындағы.
Біз сұңқар сізге тиген ұрымдағы...

Сен болсаң адамзаттың асылысың,
Біз қанжар алтындаған қыныңдағы...

Ақан сері жырларының басым көпшілігі аруларға арналған. Айталық, *"Ұзатылғалы жатқан қызға", "Ғашық жарға", "Қызға жазған хаты", "Қыз сипаты", "Қыздарға", "Жайықтың ақ түлкісі", "Ақ көйлек", "Ой қалқа", "Ақмарал", "Қыз сипаты", "Сүмбіл шаш", "Еркем-ай", "Айжан қыз", "Сұлу қызға", "Сұлу қыз жаңа піскен алма-дағы", "Көңіл сыры"* т.б. туындылары сұлулар бейнесін мүсіндеген. Сұлудың сыртқы сымбаты ғана емес, оның ішкі сыры, сезімі, дүниетанымы, ақылы, елге қадірі, абыройы − түгел табиғаты танылады.

Әйелдің жақсылығы тек көркінде ғана емес ісінде, адамгершілігінде, ақылы мен өнерінде. Жақсы әйел жігітке шын серік, сарқылмас ырыс деп көрсетеді ақындар. Сонымен, ақын-жыраулар тілінде әйелдің гендерлік бейнесі тек үй-ішінің құты, сүйген жар шеңберінде ғана сипатталады.

Ал Абай поэзиясында жұмсалған бейнелі сөздер мен образды тіркестер әйел мен ер бейнесін гендерлік дараландырып, әлеуметтік рөлін күшейте көрсеткен. Абайды толғандыратын мәселе − алдымен, қазақ әйелдерінің жайы. Ол әйелді біреуге қарындас, қыз, біреудің қорғаны, ақылшысы, жанашыр қымбаты, сүйген жары деп жоғары бағалаған, қазақ қоғамындағы әйелдің гендерлік рөліне ерекше мән берген. Солардың бірі − әйел теңдігі тақырыбы Абай поэзиясында кең қамтылған. Ақын тілінің ерекшелігі де сол − сүйгеніне қосыла алмай, теңсіздікте езіліп күн кешкен қазақ әйелінің гендерлік көркем бейнесін ашып көрсеткен [5]. Мәселен, "*Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында*" өлеңінде:

Бай қартайса, малына берер шылбыр,
Мал өмірді жаңғыртпас, құдай ұрғыр.
Біреудің қызын алып малға сатып,
Баяғыны іздеген қандай құрғыр? −

деп қалың мал салтына наразылық білдіреді.

Абай − сұлулықты, көркемдікті бағалай білген эстетикалық талғамы жоғары ақын. Оның өлеңдерінде жаны таза, ақылға дана, сырт пішіні көркем, салтанатты, салмақты қыздың гендерлік бейнесі ерекше шабытпен суреттелген. Мысал келтірелік:

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, алқызыл бет тіл байлайды.
Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды.
Сөйлесе сөзі әдепті әм мағыналы
Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды.

Ақын шығармаларында қазақ жігіттерінің гендерлік бейнесі де айтарлықтай дәрежеде суреттеледі. Абай ер азаматқа тән адамгершілікті, жайдары-жайсаң мінезді, терең білімділік, ақыл-парасаттылықты еліне, халқына деген адал ниет, ақ пейіл, қажыр-қайратты дәріптейді, ақыл-өсиет айтып, "бос селтеңнен", мәнсіздіктен, жағымсыз мінез-құлықтан сақтандырады. Мысалы:

Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат,
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік
Ер табылса жарайды, қылса сұхбат.
Керек іс бозбалаға − талаптылық,
Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық.
Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп,
Сыртқа пысық келеді, көзге сынық.

Шын берілген дос, замандас, құрбы-құрдас, ғашық жар − жігіттің ең қымбаты, өмірдегі бақыты, жаратқанның оған берген сыйы. Сондықтан оған мұқият болу лазым. Ақын тіліндегі жігіттерге қарата айтылатын өсиет түріндегі гендерлект мазмұны да осыған саяды.

Жолдастық, сұхбаттастық − бір үлкен іс,
Оның қадірін жетесіз адам білмес.
Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,
Артыңнан бір ауыз сөз айтып күлмес.

Жалпы алғанда, Абай поэзиясында ер мен әйел жынысының гендерлік бейнесін көркемдеген поэтикалық тілдік образдар мол.

Қысқасы, көркем әдебиет туындылары негізінде еркек, әйел бейнелерінің гендерлік тілдік көрінісін зерделеу тілдің гендерлік жіктелімін дәйектейтін ғылыми-теориялық ұстанымдар, маңызды тұжырымдар жасауға, гендерлік стилистика аясындағы өзекті мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Хасанулы Б. Проблемы развития гендерных исследований в казахском языкознании и вопросы женского языка // Язык и культура: функционирование и взаимодействие: материалы международной конференции. – Шымкент, 2003. – С. 47-58.

2. Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жыраулarының шығармалары. Екі томдық. / Құрастыр. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – 1 том. - 384 б., - 2 том. – 496 б.

3. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы: Арыс, 2004. – 288 б.

4. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы: Генезис, Стилистика. Поэтика. – Алматы: Ғылым, 2001. – 280 б.

5. Абай. Қалың елім қазағым... Өлеңдер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 224 б.

МАЗМҰНЫ

ТІЛТАНЫМ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР

Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А.Ә. *Профессор Б.Шалабай – Синтаксис, стилистика, функционалды грамматика салаларын сабақтас зерттейтін әмбебап ғалым* 5

Жақыпов Ж.А. *Тілтанудағы тың ізденістер* 8

Оразбаева Ф. Ш. *Көркем шығарма тілі–ұлт мәдениетінің көрінісі* 14

Қосымова Г.С. *Б.Шалабай–жоғары филология мектебіне еңбек сіңірген ғалым* 20

Момынова Б.Қ. *Мәтінтану және мәтін талдаудағы стилистиканың алатын орны (Проф.Б.Шалабаев зерттеулері негізінде)* 23

Балтабаева Ж. Молдасанов Е.М. *Профессор Бердібай Шалабайдың көркем шығарма тілін зерттеуге қатысты көзқарастары* 26

Мұратова Г.Ә. *Профессор Б.Шалабай– мәтінтану ғылымының белді өкілі* 31

Оразбек М.С. *Көркем шығарма тілін зерттеудің білгірі* 35

Әбікенова Г.Т. *Б.Шалабайдың ғылыми зерттеулері* 40

Есмағұлов А.Ы. *Білгір ғалымның мерейтойы асқақталды...* 43

Қапалбек Б.С. *Бердібай Шалабайдың күрделі құрылымдар жөніндегі ұстанымдары* 47

Ахметова М.К. *Мәтін кеңістігіндегі Б.Шалабай көзқарастары* 52

Саткенова Ж.Б. *Көркем мәтін тілін танудағы профессор Б.Шалабай тұжырымдары* 58

Қияқова Р.Ж., Искакова Г.Ж. *Ғалым Б.Шалабайдың мәтіндеріне интерпретация* 61

Карипжанова Г.Т. *Көркем әдебиет тілі және Б.Шалабай* 66

Өтелбай Г.Т., Найманбай А.Р. *Профессор Б.Шалабай зерттеулеріндегі көркем шығарма тілі туралы* 70

Тілешова Қ.Е. *Қазақ стилистикасының білікті зерттеушісі* 74

Қайыров А.Б. *Профессор Б.Шалабай және қазақ тіл білімінің мәселелері* 77

Қадырова Б.М. *Ғалым-ұстаз Бердібай Шалабайдың лингвистикалық еңбектері* 81

Кажибаева Д.К. *Профессор Б.Шалабайдың «Көркем проза тілі» еңбегі туралы* 83

Букаева А.А. *Профессор Бердібай Шалабай еңбектеріндегі келтірінді сөйлемдердің (дәйексөздердің) қолданылуы* 86

ГРАММАТИКА, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ МӘТІН ТЕОРИЯСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Адилова А.С. *«Автор бейнесі» және көркем мәтін модальдігі* 91

Ажарбекова Э.Н. *Сөжасамдық мағынаның негізділігі турасында* 96

Ажгалиев М.Қ. *Синтаксистік параллелизм және оның тіл білімінде зерттелуі* 100
Әліскан С.Қ. *Ғылыми мәтіннің мағыналық құрылымы* 105
Бекбосынова А.Х., Қанапина С.Ғ. *Мақал-мәтелдердің автор бейнесін берудегі тілдік-стильдік көрінісі (Ғ.Мұстафин шығармалары негізінде)* 109
Бибеков Қ.Т. *Қазақ тіліндегі шақ көрсеткіштерінің аспектуальдық мағыналары* 116
Данияр Ә. А. *Мәтін теориясының кейбір қырлары* 122
Досова А.Т., Найманбаева Ж.Б. *Көркем мәтіндегі психологиялық параллелизм құрылысының тілдік көрінісі* 127
Есенғазина Б.Б., Абдрашева А.Қ. *Диалог пен монологтың зерттелуі* 133
Журсиналина Г.Қ. *Ойталқының мәтін құрылымындағы орны және оның мәтін жасаушылық қызметтері* 136
Жұмабай А. А., Сәтбекова А. А. *Саяси мәтіндегі метафоралық құрылымдар* 141
Ибраймова Л.Е. *Мәтін лингвистикасы- дербес тіл білімінің бір саласы* 144
Искакова Ш.К. *Говорлардағы сыңарлы комплективтік қатынастағы күрделі сөздердің жасалу үлгілері* 149
Қанапина Б.Т., Искакова Ш.К., Раисова Ж.Ж. *Ақын Т.Айбергенов өлеңдеріндегі ұлттық дүниетанымды білдіретін сөздердің стильдік қызметі* 154
Мақұлова Л.Т. *Көркем шығармадағы әңгімелеудің тілдік-стилистикалық сипаты* 159
Маретбаева М.А. *Көркем мәтіннің стилистикалық-эмоционалық сипаты* 164
Мейірманова Г.С. *Дискурстық сөз қолданыстары* 169
Оразгалиева Л.М. *Көркем әдебиет тілі және көркем мәтін түзу мәселелері* 174
Саттарова А., Ерғалиев Қ.С. *Сот дискурсының мәні мен қызметтік белгілері* 179
Сәдуақасұлы Ж. *Тілдік бірліктердің мәтін құрастырушылық қызметі* 183
Таласпаева Ж. *Газет тілінің прагматикалық әлеуетін танытудағы тілдік бірліктердің алатын орны* 188
Тұрдалиева Р.С., Ырсымбетова Н.А. *Көріктеу тәсілдерінің көркем мәтінде гендерлік сипата қолданылуы* 193

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЗЕРТТЕУДІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

Anessova U. G. *Kazakh mythology as a part of national code and its symbolic* 200
Zhunissova M.A. *The problem of linguistic personality in anthropomorphic* 206
Абдыханова Ғ.Т., Мырзабаева Б.Ж. *Алаш зиялылары және ұлт мәселесі* 212
Ақмағамбетова Б.Е. *Көркем шығармалардағы заттық лингвокультуремалардың мәні* 216

Алдашев Н.М. *Қазақ тіліндегі қысқарған сөздер (графикалық шартты қысқартулар)* 221
Алишева Ш. *Профессор Н.Уәлидің сөз мәдениетіндегі антропоөзектілік аспектісі* 227
Амренова Р.С. *Қонақжайлық және той ұғымдарының концептуалдануы* 230
Баимбетова А.А. *Дыбыстардың жасалым, айтылым және естілім сипаттамасы* 235
Байтелиева А.М., Тымболова А.О. *Концепт мәселесінің теориялық негіздері* 240
Бектурганова Ж.М. *Қазақ ертегілері тіліндегі "жан" концептісі* 246
Джусупова Ж. *Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы қазақ әйелінің бейнесі (лингвостилистикалық талдау)* 253
Ербол А. *Прагмалингвистика – тіл білімінің жаңа саласы* 257
Ерланова А. *Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларындағы ірі қара мал (сиыр) атауларының этимологиясы* 260
Есіркепова К.Қ. *Поэтикалық мәтіндегі метафоралардың танымдық қызметі* 265
Жанпеисова Н.М., Султан Ж.И., Утепберген А.К. *Билингвизм в казахстане как основа формирования полиязычной личности* 270
Жұбаева О. *Грамматикалық категорияларды зерттеудегі жаңа бағыттар* 276
Каирбекова И.С., Жумагулова О.А. *Тағам атауларының метафоралануы* 285
Карипжанова А.О., Абдыгалимова Ж.О. *Авторлық, тілдік және концептуалдық метафоралар арақатынасы* 291
Кенжеболатова С.К. *А.Алтайдың "Қара бура" повесіндегі кейіпкерлердің ауызекі сөйлеу тіліндегі иірімдері* 294
Қазанбаева А.З. *Көркем шығармадағы этномәдени атаулар* 299
Қайыров А.Б. *Қазақ тіліндегі рухани-мәдени концептілер (Б.Момышұлы шығармасы бойынша)* 305
Қалиев Б.А. *Морфонология ғылымының зерттелу тарихы* 310
Мажитаева Ш., Каскатаева Ж.А. *Тіл білімінде түр-түс атауларын зерттеудің маңызы* 317
Мейірманова Г.С. *Дискурстық сөз қолданыстары* 321
Мұратова А.Н. *Қазақ тіліндегі құпия түсініс тәсілдерінің берілу жолдары* 326
Полатова А.С., Абитжанова Ж.А. *Когнитивті лингвистикадағы концепт мәселесінің теориялық негіздері* 331
Рахымберлина С.Ә. *Ұлттық психологияның есімдердегі көрінісі* 335
Садыков Т., Артыкова Ж. **«***Манас» эпосындағы бейвербалдық кинесикалық каражаттар* 340
Салимова А.Т. *Қазақ терминологиясын когнитивтік тұрғыдан зерттеу* 347
Сапарова Д., Ибраймова Л.Ә. *Тілдік ареалдардың пайда болу себептері* 352
Сарсембаева М.К. *Сложные слова в казахском языкознании* 356

Тагаева Г.А., Сұлтанова Б.М. *Троптардың когнитивтік интерпретациясы және олардың шығармаларда қолданылуы* 361
Тасполатов Б.Т., Омаров Н.Қ. *Көне мифологиялық ұғымдар мен түсініктердің Қазығұрт топонимиясындағы көрінісі* 365
Тұрышев А.Қ. *Алаш лингвистерінің мүддесі* 372
Тілеулиева М.Қ. *Лингвомәдениеттану- антрополингвистиканың жаңа бағыты* 378
Халелова Р.Т. *Өсімдік дүниесі ұлт танымында* 382
Шәрібжанова Ғ.Ғ. *Қолданбалы тіл білімінің пәні мен негізгі бағыттары* 387
Шәрібжанова Ғ.Ғ. *Қазақстандағы әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу мәселелері* 392
Шоқым Г.Т. *Поэтикалық тілдік образдардың гендерлік сипаты* 395

Белгілі тілтанушы ғалым, ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Бердібай Шалабайдың 70 жасқа толуына және ғылыми-педагогикалық қызметінің 45 жылдығына арналған
«Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
1 том
3 қараша 2017 жыл

МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-методической конференции «Актуальные проблемы казахского языкознания», посвященной 70-летию известного языковеда, ученого, педагога, доктора филологических наук, профессора
Бердибай Шалабая и 45-летию его педагогической деятельности
1 том
3 ноября 2017 года

MATERIALS
of the International scientific-methodical conference «Actual problems of Kazakh linguistics», dedicated to the 70th anniversary of the outstanding linguist, scientist, teacher, doctor of philology, professor Berdibay Shalabay and the 45th anniversary of his pedagogical activity
Volume 1
3 November 2017 yeas

Редакционно-издательский отдел
Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова
Подписано в печать 30.10.17 г. Объем 25,25 п.л. Тираж 50 экз.
Заказ №148
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің
баспаханасында басылған
Отпечатано в типографии
Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова
Наш адрес: Казахстан, Акмолинская обл., г. Кокшетау,
ул. Ақан-сері, 24 РИО КГУ им. Ш. Уалиханова
e-mail: www.kgu.kz